ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі **Сейілбек Мұхамеджаруұлы Исаевтың** туғанына 85 жыл толуына орай «Тілтанымдық мектеп» аясында өткен

«ОТАНДЫҚ ТІЛТАНЫМ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ, КОММУНИКАТИВТІК, АНТРОПООӨЗЕКТІК МОДУСТАРЫ»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

Алматы, 2023

УДК 80/81
ББК 81.2
А 94

Жалпы редакциясын басқарған:
Анар Мұратқызы Фазылжанова – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Пікір жазғандар:
Ж.Манкеева – ф.ғ.д., профессор
Қ.Күдеринова – ф.ғ.д., профессор

Редакция алқасы:
Б.Момынова – ф.ғ.д., профессор
А.Солтанбекова – ф.ғ.к.
Ж.Отарбекова – ф.ғ.к

ISBN 978-601-7293-98-7

Жауапты шығарушылар:
А.Аманбаева, М.Иманғазина, Т.Рамазанов, Қ.Слямбеков

А 94 «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропөзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары /Жауапты редактор – А.М. Фазылжанова. – Алматы: 2023. – 515 бет.

Жинаққа аса көрнекті тіл маманы, қазақ тілінің грамматикасы, қазақ әдеби тілі т.б. тақырыптарда терең зерттеулер жасаған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Исаевтың ғылыми мұрасына және жалпы қазақ тіл білімінің өзекті мәселелеріне қатысты зерттеулерді қамтитын халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр. Бұл еңбек тіл мамандарына, филология факультетінің докторанттары, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ISBN 978-601-7293-98-7

А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты, 2023

Алғы сөз

Қазақстан Республикасы ҰҒА–ның корреспондент мүшесі, профессор Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаев 1938 жылы наурыз айының 13-і күні Омбы облысы Назыбай ауданының Күреңайғыр ауылында («Еңбекші қазақ колхозында») дүниеге келіп, 1999 жылдың 9 маусымында Алматы қаласында дүниеден өтті.

С.М.Исаевтың ғылыми шығармашылығы қазақ тілінің тарихы, қазақ әдеби тілінің мәселелері, тілдегі жеке сөздер мен грамматикалық тұлғалардың шығу, қалыптасу, даму тарихын ашу талпыныстарынан бастау алды. Алғаш рет «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» жасаудан бастап, әдеби тіліміздің тарихы, кезеңдік нормалану үдерісі, көне түркі дәуірімен байланысына арналған монографиялық зерттеулер: “Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы” (1973), “Қазақ әдеби тілінің қалыптасып, даму кезеңдері” (1976), “Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы”(1983), “Қазақ әдеби тілінің тарихы” (1989,1996) оқулығын т.б. жазды.

Ғалым қазақ әдеби тілінің тарихын хандық дәуірден басталатынын 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында жарияланған зерттеулерінде айтып дәлелдеуге тырысқан. Бұл қазақ тілі біліміндегі соны пікір болатын.

Ғалымның жемісті еңбек еткен тағы бір үлкен саласы - қазақ тілінің грамматикалық құрылысы мен қазақ тілінің тарихи грамматика мәселелері. Ол морфологияның көлемді мәселелері туралы дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, өз көзқарасын батыл айтты, қазіргі кезде ғалымдар мойындайтын тың тұжырымдар жасады. Нәтижесінде «Грамматикалық талдаудың тәсілдері» (1985, Ш.Бектұровпен бірге), «Қазіргі қазақ тілі» («Морфология» курсы бойынша теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны) (1991), «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» (1992), «Қазақ тілі» (практикалық курс, 1993,1996), «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (1997), «Қазақ тілінде сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі» (1976, Ә. Әбілақов, Е.Ағмановпен бірге) жазылды.

Бұл еңбектерінде ғалым сөз мағынасы, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның ара қатынасы, сөздің дыбыстық комплексі мен ішкі мағыналық байланысы, грамматикалық мағынаның түрлері мен берілу жолдары, грамматикалық категорияның мәні мен шеңбері сияқты мәселелерге байланысты жаңа көзқарастарын айтты. Мысалы, грамматикалық мағыналар сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына, әр түрлі грамматикалық тұлғалардың (формалардың) жалғануы арқылы үстелетін категориялық грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына болып үшке бөлінетінін, тұлғалық, парадигмалық жүйе құрып, екінші жағынан, біртектес, бірыңғай әрі бір-біріне қарама-қайшы оппозициялық қайшылықта тұратынын, грамматикалық мағыналар жиынтығының грамматикалық категория жасайтынын айтуы қазақ тіл біліміндегі ілгерілу еді, тілдің грамматикалық құрылысындағы үлкен теориялық жаңалық еді.

Қосымшалардың өзі семантикалық ерекшеліктері мен сөзге үстейтін мағыналарына, мағына өзгертуіне, абстракция жасау дәрежесіне, сөз табына қатыстылығына қарай, атқаратын қызметіне (сөздерді байланыстыра алу-алмауына), сөйлемде қолданылу орнына т.б. сипаттарына қарай жіктеп, сөзтүрленім қосымшаларымен сөзжасам қосымшаларының арасында бірінен екіншісіне қарай ауыса бастаған, бірақ әлі ауысып болмаған, мысалы, реңдік мәнді қосымшалар, функциялы қосымшалар сияқты түрлері барын айтуы дағалымдардың қолдауына ие болды.

Ғалым сөзжасам мәселесіне байланысты терең талдаулар жасады. «Сөзжасам курсы бойынша практикалық және лабораториялық сабақтардың мазмұны» (1996, бірнеше автор) атты әдістемелік құрал жазуға қатысты. Сөзжасамның сөз таптарын жасау емес, жаңа сөз тудыру, жаңа сөзжасамдық (деривациялық) мағына жасайтынын, ол семантикалық (грамматикалық емес) үдеріс екенін сөзжасам тәсілдері тек грамматикалық сипатта (синтетикалық, аналитикалық) ғана емес, лексикалық, семантикалық, конверсиялық сипатта да болатынын, соның нәтижесінде грамматиканың шеңберінен шығып кететінін дәлелдей алды. Сонымен қатар сөзжасам үлгілерінің өнімділік-өнімсіздік және құнарлылық-құнарсыздық сипатын аша білді.

Ғалымның тың ойлары қазақ тілі мен орыс тілін типологиялық жағынан салыстыра зерттеген еңбектерінде де орын алды: «Сопоставительная типология фонетической системы казахского и русского языков в таблицах» (1991), «Сборник упражнений по сопоставительной типологии русского и казахского языков» (1996, Г.Нуркинамен бірге) т.б.

Проф.С.М.Исаев лексикографиялық жұмыстармен де айналысты. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінен» бастап, әр түрлі көлемдегі екі тілді сөздік құрастыру жұмыстарына қатысты. «Қазақ және орысша және орысша-қазақша сөздік» (1992), Х.Махмудов пен Ғ.Мұсабаевтың «Қазақша-орысша сөздігін» (1954) профессор С.Қасқабасовпен бірлесе отырып, қайта редакциялап, жаңартып, қосымша қосып, 1987,1988,1996 жылдары баспадан шығарды.

Ғалымның мектеп оқулықтары мен әдістемелік құралдары – өз алдына бір төбе. Кешкі мектептің 9-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқулығы (1989, авторлар ұжымы), 1989 жылы жарияланған конкурстан жүлде алған 7 сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы (К.Назарғалиевамен бірге), 6 сынып «Қазақ тілі» оқулығы (К.Назарғалиевамен бірге). 7 сыныптың «Қазақ тіліне» әдістемелік оқу құралын (1995), «Қазақ әдеби тілінің нормалары» (1987), «Сөйлеу мәдениетінің негіздерінен бағдарлама» (1989), «Сөзжасам курсы бойынша практикалық және лабораториялық сабақтардың мазмұны» т.б. әдістемелік құралдары жарық көрді.

Профессор С.М.Исаев - әдіскер ғалым, қоғам қайраткері. Оның жас ұрпақты тәрбиелеп, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтына сіңірген еңбегі, ректорлық қызметі де ерекше айтуға тұрады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі ғылымының көрнекті өкілі, озық ойлы, зерделі ғалым С.М.Исаев 200-ге тарта ғылыми, ғылыми- әдістемелік, көпшілікке арналған еңбектердің авторы, мол ғылыми мұраның иесі. Бүгінде оның қаламынан туған еңбектері қазақ тіл білімі үшін де, білім беру саласы үшін де

құнды мұра саналады. Ғалымға қандай құрмет көрсететілсе де лайық. Сондықтан ғалымның туғанына 85 жыл толу құрметіне арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция жұмысына сәттілік тілейміз.

Бағдан Момынова
Филология ғылымдарының докторы, профессор

ОБРАЗОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ, ЗАФИКСИРОВАННЫХ В ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ XI-XIV ВВ

Х.Дадабаев
доктор филологических наук, профессор Ташкентского государственного университета узбекского языка и литературы им. Алишера Навои

Аннотация: В данной статье рассмотрены морфологические и синтаксические способы образования общественно-политических (ОП) и социально-экономических (СЭ) терминов, зафиксированных в тюркоязычных письменных памятниках XI-XIVвв.
Ключевые слова: аффиксация, композиция, продуктивный, термины-существительные, отглагольные имена, парные имена, сложные слова.

Аңдатпа: Бұл мақалада XI-XIV ғасырлардағы түркітілдес жазбаша ескерткіштерде жазылған қоғамдық-саяси (ҚС) және әлеуметтік-экономикалық (ӘЭ) терминдердің қалыптасуының морфологиялық және синтаксистік тәсілдері қарастырылған.
Түйін сөздер: аффиксация, композиция, өнімді, терминдер-зат есімдер, ауызша атаулар, жұптасқан атаулар, күрделі сөздер.

Abstract: This article discusses the morphological and syntactic ways of forming socio-political (OP) and socio-economic (SE) terms recorded in the Turkic-language written monuments of the XI-XIV centuries.
Keywords: affixation, composition, productive, noun terms, verbal names, paired names, compound words.

Основная масса обще и межтюркских ОП и СЭ терминов-слов, употребленных в тюркоязычных письменных памятниках XI-XIV вв. состоит из односложных производных основ, образованных по известным в тюркологии словообразовательным моделям.

Главными способами терминообразования в языке памятников исследуемого периода являются морфологический (аффиксация) и синтаксический (композиция)

Аффиксальный способ образования имен представлен продуктивными и непродуктивными формами. Наиболее распространенными оказались:

1) термины-существительные, образования от именных основ посредством аффикса **-чы/-чи** и обозначающие носителей профессии, должности, а также лиц по их склонностям, привычкам: *алчы* «хитрый» < *ал* «хитрость, уловка»; *озунчы* «ябедник» <*озун* «наговор»; *умдучы* «вымогатель» <*умду* «алчность, жадность»; *ағычы* «казначей» < *ағы* «драгоценности, сокровища»; *туғчы* «барабанщик» < *туғ* «барабан*»; оқчы йачы* «мастер, изготовляющий стрелы и луки» < *оқ*

«стрела»; *йа* «лук»; *сырчы* «художник» <*сыр* «краска; глазурь»; *йичи* «портной» <*йи* «шов, сцепление»; *игдишчи* «скотовод» <*игдиш* «домашнее животное»; *қарақчы* «разбойник» <*қарақ* «глаз, глазное яблоко»; *йығаччы* «плотник» <*йығач* «дерево»; *тончы* «портной» <*тон* «халат, одежда»; *бöркчи* «шапочник» < *бöрк* «головной убор, шапка»; *айақчы* «горшечник» <*айақ* «чаша, чашка» и т.д.;

2) отглагольные имена, образованные при помощи аффикса **–чы/ -чи** со значением носителя профессии, должности: *сэкäрчи* «грабитель» < *сэкри=* «прыгать, скакать» <*сэк=* «прыгать, быстро ехать»; *оқычы* «вестник, глашатай» <*оқы=* «читать»; *оқытчы* «вестник, глашатай» <*оқыт=* «заставить читать» <*оқы* = «читать*»; тикчи* «портной» <*тик=* «шить»; *тоқучы* «ткач» < *тоқу=* «стучать, ударять, бить»; *йапчы* «строитель» <*йап=* «строить, сооружать»; *отачы* «лекарь» < *ота=* «лечить» и т.п.;

3) термины-имена, образованные посредством аффикса **-лық / -лик // -луқ / -лӱк**, со значением занятия, должности, положение лица: *йалавачлық* «миссия посла, посольство» <*йалавач* «посол»; *йағылық* «вражда» <*йағы* «враг»; *зинданлығ* «узник» <*зиндан* «темница»; *давлатлығ* «богатый» < *давлат* «богатство»; *алтунчылығ* «профессия золотых дел мастера» < *алтунчы* «золотых дел мастер»; *чығайлық* «бедность» <*чығай* «бедный»; бэримлиг «должник» <*бэрим* «одалживание в долг»; *алымлығ* «заимодавец» < *алым* «взимание дани»; *барлығ* «богатый, имущий» < *бар* «есть, имеется»; *оғрылық* «воровство, грабёж» < *оғры* «вор, грабитель» и т.п.;

4) отглагольные имена на **-қ // -уғ / -уқ / -ӱк // -ақ / -ағ // -ық / -ығ // -иг / -ик**, со значениями:

а) носитель профессии: *буйруқ* «приказный» <*буйур=* «приказывать, повелевать»; *қыруқ* «погромщик» <*қыр=* «уничтожать, разрушать»; *қунуқ* «похититель, мошенник» <*қун=* «грабить, похищать»; *йулуғ* «жертва, выкуп» <*йул=* «выкупать, вызволять»; *ынаг/ынақ* «советник» <*ына=* «желать, хотеть» (ЭСС, I, 656);

б) результат действия*: йазуқ* «грех, заблуждение» <*йаз=* «грешить»; *ачығ* «награда, вознаграждение» <*ач=* «открывать»; *тануқ* «свидетельство» <*тану=* «передавать, сообщать»; *тануқ* «подарок, дар, подношение» <*тан=* «повязывать, отвязывать»; *сачығ* «пожертвование» <*сач=*«сыпать, посыпать» и др.;

5) отглагольные имена на **-ш//-уш/-ӱш//-ыш/-иш//-аш/-äш**, со значением названия или результата процесса: *кэŋäш* «совет, совешание» < кэŋä= «советоваться»; *кэлиш* «посещение, прибытие» <*кэл=* «приходить»; *барыш* «посещение» < *бар=* «итди, отправляться»; *кэтиш* «уход, отбытие» < *кэт=* «уходить, отправляться»; *кириш* «доход» <*кир=* «входить»; *чықыш* «расход» <*чық=* “выходить”; *алыш* “взимание дани” < *ал=* «брать*»; бэриш* «давание в долг» <*бэр=* «давать»; *уруш* «битва, сражение» < *ур=* «бить, ударять» и т.п.;

6) отглагольные имена на **-ғу/-гӱ**, со значением названия, результата действия: *йарашғу* «мир» <*йараш=* «ладить»; *бэргӱ* «дарь, дань» <*бэр=* «давать, даровать»; *урушғу* «сражение» <*уруш=* «сражаться»; *тоқушғу* «битва, сражение» <*тоқы=* «бить, разбить»; *йарғу* «приговор, решение» <йар= «рассекать, расшеплять»; *тайаңу* «опора правителя» <*тайан=* «опираться, прислоняться» и т.д.;

7) отглагольные имена на **-ғучы/-гӱчи**, со значением лица: *сатғучы* «продавец» <*сат=* «продавать»; *алғучы* «покупатель» <*ал=* «брать, покупать»; *битигӱчи* «писарь» <*бит(и)=* «писать»; *йығач йонғучы* «ваятель, обтесыватель» <*йон=* «строгать, тесать»; *йасағучы* «изготовливающий, мастер» <*йаса=* «строить, делать, готовить» и т.д.

Менее распространенными являются:

1) термины-имена, образованные от глагольных основ при помощи аффиксов:

а) **-қун/-ғун//-қын/-ғын//-ын/-ин**, со значением процесса, результата действия: *қачғын* «беглый» <*қач=* «убегать, бежать»; *тутғун* «пленник» <*тут=* «брать, хватать»; *сатғын* «покупка» <*сат=* «продавать»; *сатын* «покупка» <*сат=* «продавать» и т.д.;

б) **-қақ/-ғақ,** со значением имени деятеля: *басқақ* «наместник, баскак» <*бас=* «давить»; *қачқақ/қачғақ* «беглец» <*қач=* «бежать, убегать» и т.д.;

в) **-ма/-мä,** со значением названия действия: *йағма* «грабеж» <*йағ=* «идти, падать»; *қарма* «грабеж» <*қар=* «переливаться через край, разливаться»;

г) **-мақ/-мäк,** со значением имени действия: *йарлықамақ* «помиловать, милость» <*йарлықа=* «соизволить, соблаговолить»; *кэлмäк* «приход» <*кэл=* «приходить»; *кэтмäк* «уход, отбытие» <*кэт=* «уходить»; *йарашмақ* «мир, примирение» <*йараш=* «ладить»; *алмақ сатмақ* “купля-продажа, торговля” <*ал=* «брать, покупать», <*сат=* «продавать»; *йармақ* «монета, деньги» <*йар=* «рассекать, расщеплять» и т.д.

Синтаксическим способом образуется парные имена, сложные слова и составные глаголы.

Парные имена, состоящие из двух именных основ, часто встречаются и ОП и СЭ терминологии письменных памятников XI-XIV вв. компоненты парного имени могут быть:

а) равнозначными словами: *қул қарабаш* «рабы, невольники» (ЮГ, 298); *öч кэк* «месть, злова, ненависть» (МК, I, 79); *қарақчы сэкäрчи* «грабители и разбойники» (КБ, 201а1); *улус эл* «весь народ» (ХШ, 27б10) и т.д.;

б) антитезами: *алым барим* «расчеты по долговым платежам, платежы» (МК, III, 302); *алмақ сатмақ* «торговля» (КБ, 116а12*); қул күн* «невольники» (Рабгузи, 238р14; ХШ, 115а15); *ағыр учуз* «стоимость, цена» (КБ, 104б12) и т.п.

Составные глаголы аналитического типа широко употребляются в ОП и СЭ терминологии. Они образованы как от исконных, так и заимствованных слов+глаголы *айла=* «делать», *бол=* «быть, становиться», *эт=* «делать», *қыл=*

«делать» и т.д. Например: *йарлығ йӱрит=* «распространять указы, повелевать» (ХШ, 46а6); *ачығ бэр=* «давать награду, оказывать благодеяние» (МК, 1, 94); *сатығ қыл=* «заниматься торговлей» (Рабгузи, 164р7); *эл ал=* «захватить страну» (МК, I, 168) и др.

В письменных памятниках XI-XIV вв. имеется большое количество произносительных или фонетических вариантов терминов. Типы и виды зафиксированных фонетических вариантов весьма разнообразны, это:

а) различие в гласной: *эл* (КБ, МК, ЮГ, Тефсир, МА, ЛОК, Г, ХШ, НФ, МН, Рабгузи) – *ил* (Абу-Хаййан, Таржуман, Ат-тухфа) «народ, люди, страна»; *төрӱ* (МК, КБ) – *төрä* (КБ, Тефсир, НФ, Рабгузи, Ат-тухфа) «закон, обычай»; *орду* (КБ, МК) – *орда* (СС, ХШ) «ставка, резиденция хана, дворец»; *жарлығ* (ЛОК) – *жарлуғ* (ЛОК) «приказ, указ*»; қаршы* (МК) – *қаршу* (ЛОК) «враждебный»; *оғры* (МК, КБ, МА, Тефсир, ХШ, НФ, Рабгузи, Таржуман, Ат-тухфа, Абу-Хаййан) – *оғру* (СС, Ат-тухфа) «вор» и т.д.;

б) различие в согласной*: қумару* (КБ) – *хумару* (МК) «наследство»; *ынағ* (Рабгузи, Ат-тухфа) – *ынақ* (МА, Таржуман) «советник»; *бэг* (КБ, МН, МА, Тефсир, Г, ХШ, Абу-Хаййан) – *бäй* (Таржуман) “правитель”, *қатун* (МК,Таржуман, Абу-хаййан) – *хатун* (Тефсир, ХШ, Г, НФ, Рабгузи, Ат-тухфа) «ханша, знатная дама»; *йавғу* (КБ) – *йафғу* (МК) «ябгу»; *чығай (*МК, КБ, Тефсир, НФ, Рабгузи) – *чыған* (МК) «бедный, нищий» и др.;

в) наличие или отсутствие звука: *йазуқлуғ* (МК, КБ, ХШ) – *йазуқлуқ* (ЮГ, Тефсир) – *йазуқлы* (Г, ХШ, СС) «грешный, виновный»; *ӧлӱмлӱк* (ХШ) – *ӧлӱмли* (Г) «смертник*»; билиглиг* (КБ, ЮГ, МК) – *билигли* (Ат-тухфа, Г); «просвещенный, сведущий»; *оғру* (Ат-тухфа, СС) – *ору* (Ат-тухфа) «вор» и т.д.;

г) цепи из трех и более слов-вариантов: *сатығ* (МК, КБ, Тефсир, Рабгузи) – *сатлық* (НФ, Ат-тухфа) – *сату* (Ат-тухфа) – *сатуқ* (СС) – *сатух* (СС) «торговля»; *кӱчäк* (КБ, МК) – *кӱчämчи* (МК) – *кӱчкäй* (КБ) «насильник»; *қачғын* (МК, Тефсир) – *қачығай* (МК) – *қачған* (МА) – *қачғақ* (Рабгузи) – *қачқақ* (Ат-тухфа) «беглец» и др.

Приведенные примеры свидетельствуют о параллельном употреблении разнодиалектных производных слов, образованных при помощи аффиксов, как и ранних, так и в более поздних старотюркских памятниках.

В группе исконных слов многие термины сочетаются с другими словами, пополняя ОП и СЭ терминологию, посредством аффиксации также образуются новые термины. Например: *ав* «охота»: *ав авла=* «охотиться» (ЛОК); *авла=* «охотиться» (МК, Г, ХШ, Абу-Хаййан, Таржуман, Ат-тухфа); *авлал=* «быть пойманным» (МК); *авлат=* «заставлять охотиться» (МК*); авчы* «охотник» (МК); *авчы ит* «охотничья собака» (ХШ); *сатығ* «торговля»: *сатығчы* «купец, торговец» (МК); *сатығла=* «продавать» (МК); *сатығлан=* «нести совместную торговлю» (МК); *сатығсақ* «желающий продавать» (МК); *сатғын ал=* «покупать» (НФ); *сатығлық нäң* «вещь, предназначенная для подажи» (МК); *йармақ* «монета, деньги»: *йармақлан=* «обзаводиться деньгами» (МК); *йармақ соқар эв* «монетный двор» (МА); *йармақ соқ=* «чеканить монеты» (МА); *тавар*

1) «имущество, богатство»; 2) товар: *таварлыг* «богатый, имущий» (МК); *таварлыг* «имеющий имущество» (Тефсир); *таварлық* «склад для тканей, казна» (МК); *таварсақ* «любящий имушество» (МК); *таварсыз* «неимущий» (ЮГ); *күч* «сила, мощь, насилие»: *күчä=* «употреблять силу» (МК, КБ, Тефсир); *күчäйлык* «зло, вред, беда» (Тефсир), «трудность» (МА, НФ, ХШ); *күчäк* «насильник» (КБ); *күчämчи* «насильник» (МК, КБ); *күчämлä=* «насиловать, причинять зло» (ХШ); *күчän=* «употреблять силу» (МК, КБ); *күчлän=* «укрепиться, усилиться» (МК, Тефсир, ХШ, Ат-тухфа); *күчкäй* «насильник» (КБ); *күчлүг* «сильный, могущественный» (МК, Тефсир, НФ, ХШ); *күчländүр=* «усиливать, укреплять» (Тефсир); *күчлиг* «сильный» (Тефсир) и т.д.

Некоторые исконные термины не участвуют в образовании новых слов посредством аффиксации. К ним относятся: *алымчы* «заимодавец, кредитор»; *алымлыг* «заимодавец»; *айақчы* «горшечник»; *қонуқчы* «гость, купец»; *қачғын* «бегство»; бағышламақ «отдаривание»; *қырмачы* «столяр»; *қырнақ* «невольница, служанка, наложница»; *қырқын* «невольница»; *қына* «заложница»; *қолачы* «медник»; *итчи* «псарь»; *кэшчи* «колчанщик»; *күн* «рабыня»; *йағчы* «маслодел» и т.п.

Среди исконных терминов есть обладающие высокой частотностью употребления, пассивные и окказиональные.

К первой категории можно отнести*: эл* «народ, государство»; *йурт* «страна, жилище»; *бодун/бозун* «народ»; *төрү/төрä* «закон, обычай»; *кэңäш* «совет, совещание»; *той* «пир, пиршество»; *йарлыг* «предписание, распоряжение»; *буйруқ* «приказ»; *тамға* «печать, знак»; *ав* «охота»; *авчы* «охотник»; *йазуқ* «грех, вина»; *қарақчы* «разбойник»; *оғры* «вор»; *битигчи* «секретарь канцелярий»; *бэг* «бек, правитель»; *маллыг* «богатый»; *бай* «богач, состоятельный»; *чығай* “бедный, нищий”; *тапуғчы* «слуга, служитель»; *қарабаш* «слуга, раб».

Эта категория слов является одним из основных показателей древнетюркской общности; будучи единым для всех или большинства тюркских языков в лексико-семантическом плане, они (слова) обнаруживают ареальные различия главным образом в фонетике[1]. Большинство высокочастотных терминов просуществовало с древнего периода до наших дней почти без изменения семантики.

Ко второй категории относятся: *балық* «город»; *эл күн* «народ»; *йасақ* «право, закон»; *йасавул* «уставщик»; *орду* «ставка, резиденция, дворец»; *қушла=* «охотиться на птиц»; *йағма* «грабеж»; *қачғын* «беглый, беглец»; *өлүмли//өлүмлүк* «смертник»; *йулуғ* «жертва, выкуп»; *ору* «темница»; *тамғачы* «хранитель печати»; *басқақ* «баскак, наместник»; *барлыг* «богатый»; *йоқсуз//йоқсыз* «бедный, неимущий»; *малсыз* «несостоятельный, бедный»; *йонғучы//йонгүчи* «обтесыватель»; *тончы* «портной»; *бöзчи* «ткач»; *тоқучы//тоқырчы* «ткач»; *қойчы* «пастух, чабан» и т.п.

К третьей категории относятся: *бошуғ ашы* «угошение перед дорогой» (МК); *тартық* «подарок» (Ат-тухфа); *туғрағ* «монограмма, печать хана» (МК); *йарғычы* «судья» (СС); *сэкäрчи* «разбойник» (КБ); *алчы* «хитрый» (КБ); *озунчы*

[1] Мусаев К. Лексикология тюркских языков.-М.: Наука, 1984.-С.17.

«ябедник, клеветник» (КБ); *қыруқ* «погромщик, разрещитель» (КБ); *түксин* «человек, занимающий третью после хана иерархическу ступень»; *орду башы* «дворецкий» (МК); *тäркäн қатун* «вельможная дама» (МК); *алтун тарым* «ханша» (МК); *илти* «госпожа, знатная дама» (Таржуман); *öкä тägит* «младшие дети кагана» (МК) и др.

Среди рассмотренных значительное количество составляют слова, относящиеся к периоду тюрко-монгольской общности. Они ведут свое начало от единого праязыка-основы, из которого развились средневековые и современные тюркские, монгольские, тунгусо-маньчжурские языки.

К тюрко-монгольским параллелям причисляются не только слова, восходящие к более раннему периоду, но и те, которые были заимствованы тюркскими языками у монголов и наоборот[2]. так как сравнение исконных терминов с монгольскими историческими словарями и лексикой монгольских памятников раннего периода должно стать темой специального исследования, мы ограничимся приведением списка некоторых терминов: *ав* «охота» - м. *аба* «охота»; *авчы* «охотник» - м. *абачы* «охотник»; *анд//ант* «клятва» - м. *анда* «побратим, побратимство»; *асыг* «польза, выгода, прибыль» - м. *асыг* «прибыль, доход»; *эр* «муж, герой, богатырь» - м. *ере* «муж, сильный, отважный»; *элчи* «посол» - м. *елчин* «посол», *елчи* «посланник»; *улус* «народ, страна» - м. *улус* «люди, народ; государство»; *орду//орда* «двор, резиденция правителя» - м. *орду//орда* «ставка, дворец, стан»; *öч* «месть, мщение; вражда» - м. *öч* «месть, ненависть»; *улаг* «почтовый транспорт на перегонах между станциями» - м. *улақа* «почтовая лошадь»; *ынақ* «верный друг; советник» - м. *ынақ* «верный» и др.

Литература

1. Абу-Хаййан – Расулова Н. А. Исследования языка «Китаб ал-идрак ли-лисан атрак» Абу Хаййана. Морфологии, лексика и глоссарий: Дисс. канд. филол. наук. –Ташкент, 1969. –158 с.
2. Ат-тухфа – Изысканный дар тюркскому языку: Грамматический трактак XIV в. на арабском языке. Введение, лексико-грамматический очерк, перевод, глоссарий, грамматический указатель Э.И.Фазылова и Т. Зияевой. –Ташкент, 1978. –450 с.
3. Г – Сайфи Сарайи. Гулистан би-т-турки. Фазылов Э. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. I-II. –Ташкент: Фан, 1966, 1971. – Т.I –649 с. Т. II – 777 с.
4. КБ – I) «Кутадгу билиг» Юсуфа Баласагунского. Наманганский список, Институт востоковедения им. Абу Райхана Беруни АН РУз, инв. №1809 (фотокопия).

[2] Наджип Э. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. Кн.I –М.: Наука, 1979.-С.81

5. ЛОК – Легенда об Огуз-кагане. Щербак А. М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. Памятники древнеуйгурской и староузбекской письменности. –М.: Восточная литература, 1959. –171 с.

6. МА – Поппе Н. Н. Монгольский словарь Мукаддимат ал-адаб. Ч. I-П. – М. –Л.: АН СССР, 1938. –451 с.

7. МК – Маҳмуд Қошғарий. Девону луғотит турк. Таржимон ва нашрга тайёрловки С. М. Муталлибов. I-III. –Тошкент: Фан, 1960, 1961, 1963. –Т. I – 499 б., Т. II – 427 б., Т. III – 461 б.

8. МН – Хорезми. Мухаббат-наме. Фазылов Э. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. I-П. –Ташкент: Фан, 1966, 1971. – Т.I –649 с. Т. II – 777 с.

9. НФ – Нахджул-фарадис. Фазылов Э. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. I-П. –Ташкент: Фан, 1966, 1971. – Т.I –649 с. Т. II – 777 с.

10. Рабгузи – Rabghuzi Narrationes de Prophetis. Reproduced in Facsimile. Wirt an Introduction by K. Gronbech. –Copenhagen, 1948. –252 p.

11. СС – Gronbech K. Romaniches Wortenbuch. Türkischer Wortindex in Codex Cumanicus. –Kopenhagen, 1942.

12. Таржуман – 1) Ein türkisch-arabiches Glossar. Nach der Leidener Handschrift herausgegeben und erläutert von M. Th. Houtsma. –Leiden – E. Y. Erill, 1894. 2) Куришжанов А. К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата: Наука, 1970. –234 с. 3) «Таржумон» - XIV аср ёзма обидаси. Нашрга тайёрловчи А. Юнусов. –Тошкент: Фан, 1980. –127 б.

13. Тефсир – Боровков А. К. Лексика среднеазиатского тефсира XII-XIII вв. –М: Восточная литература, 1963. –367 с.

14. ХШ – Кутб. Хосров и Ширин Фазылов Э. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. –I-II. –Ташкент, Фан, 1966, 1971.

15. ЭСС – 1) Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и мэжтюркские основы на гласные. –М.: Наука, 1974. –767 с. 2) Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и мэжтюркские основы на букву «Б». –М.: Наука, 1978. –349 с. 3) Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и мэжтюркские основы на буквы «В», «Г», «Д». –М.: Наука, 1980. –388 с.

16. ЮГ – Ахмед Югнаки. Хибат ал-хакаик. Самаркандский список. Древнетюркский словарь. –Л.: Наука, 1969. –676 с.

С. ИСАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Қ.Момынова
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Қазақ тіл білімінің іргелі ғылым саласы атануы үшін бірнеше ұрпақ өкілдері тер төгіп келеді. Өз алдына үркердей боп бөлек тұрған бір шоғыр А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаевтар сынды алыптардың соңын ала келесі ұрпақтың бетке ұстарлары өздерінің қазақ тіл білімін теориялық, практикалық жақтан кенелткен ой-пікірлерін айта келді. Қазақ тілі осы ұрпақ тұсында теориялық мәселелердің денімен толысып, толығып үлгерді. Олардың көрнекті өкілдерінің бірі Н.Сауранбаев айтқандай: «Шешілмеген, шешілуге тиісті мәселе жайында пікір тудыру үшін өз ойларын айтуды дұрыс көреді» [1,119]. Бұл шоғыр сепкен ғұламалық дәнінің құнарлы топыраққа түскені көп ұзамай-ақ байқалды. Алдыңғы ұрпақ салған сара жолмен І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов т.б. бастаған ғалымдар көші сәнін түзей берді. «Ел іші – алтын бесік» дегендей, ел аман болса, ұлттың ұлттығының бірден бір белгісі тіл тағдыры толғантпай қоймайтын зерделі жастардың әлі талай легінің аға буын бастап берген көш-керуенді тоқтатпайтындығына біздің сеніміміз кәміл.

Әр заман өзінің дарынды өкіліне өзіндік үнімен айрықшалануына мүмкіндік беріп отырады. Сондай заманының дара өкілдерінің бірі – тілшілер қауымында өз үні, өз пікірі, өз ұстанымымен өзгелерден алабөтен айрықшаланып тұрған профессор Сейілбек Мұхамеджаруұлы Исаев, менің ұстазым, докторлық диссертацияма тікелей ғылыми кеңестерін берген адам. Өзі айтқандай, өзгелер ол туралы айтып жүргендей, Сейілбек аға «тіл деп өмір сүрген» ерекше тұлға еді.

***

Ғалымның қаншама монографиясы бар, оның қанша әдістемелік еңбектері мен қанша оқулықтар авторы екенін қайталап жатудың қажеті шамалы. Өйткені, мұндай мәліметтерді ғалымның ғылыми ғұмырын тәптіштеген «Библиографиялық көрсеткішінен» (2000 ж.) алуға болады. Проф. С.Исаевтың артында қалдырған мұрасы салмақты. Ал ғалымның көзі тірісінде ғылыми айналыста еркін қолданылған еңбектері оның ғылымдағы ғұмырын ұзарта береді.

***

Ғалымның зерттеулері қазақ тілі тарихы және қазақ тілінің грамматикасы мәселелерін қамтып екі бағытта жазылған, атап айтқанда, грамматикасының (синтаксис пен морфологиядағы) түйткілді мәселелері жөнінде. Бұлардың қатарына оқу-әдістемелік еңбектерін де қосуды ұмытпағанымыз абзал.

С. Исаев ғылымның қасиетті босағасын қазақ газеттерінің тілін зерттеумен аттады. Алғашқы еңбегі – «**1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілі**» деп аталады. Озық интеллекті иесі, терең білім адамының газет тілін зерттеуі кездейсоқтық па деген сұрақ, адам ретінде, шәкірті ретінде мені біраз мазалады десем, жалған айтқандық болмас. Бірақ, барлап қарап, еңбектерін байыптап оқыған сайын, кездейсоқтықтан гөрі мақсатты түрде осы бағытты таңдағанына көзім жете түсті. Себебі, қазақ газеттерінің тілін зерттеу қазақ әдеби тілін зерттеу деген ұғыммен тепе-тең түсіп жатады. Өйткені қазақ газеттері бірнеше кезеңге (ғасырларға) созылған ұзақ уақыт бойына қазақ әдеби тілінің барлық стильдік тармақтарын төрт аяғынан тең бастырудың нағыз құралы болған. Осыны жіті аңғарған ғалым әдеби тілді меңгеру дегеніміз лексиканың барлық қат-қабаттары мен грамматикасын, өзге де тілдік заңдылықтарын терең білу екенін жақсы ұғынған; әдеби тілдің қаңқасын құрайтын стиль атаулының әрқайсысының жиыны болғанына әбден көзі жеткен; әдеби тіл деген категорияның тіл дамуының ерекше бір сатысы екенін, ұлт тағдыры соның жетегіне телулі екенін де көрегендікпен сезген. Сондықтан ғалым басылымдар тіліне арнаған алғашқы еңбектерінде-ақ кешенді зерттеуге ден қояды. Мысалы, «**Қазақ мерзімді басылымдарының тілі**» атты монографиясы – «Әдеби тіл және баспасөз тілі»; «Баспасөз тілі лексикалық құрамының дамуы және жаңа сөз жасау процесі»; «Баспасөз тілінің синтаксистік құрылысы» деген тарауларға бөлуі тегін емес. Көріп отырғанымыздай, тіл теориясының кейбір мәселелеріне тоқталып, лексика мен синтаксиске (Қабыса байланысқан сөз тіркестері; Айқындауыш мүше және оның қолданылу ерекшеліктері; меңгеріле байланысқан жаңа сөз тіркестері; Сөйлем құрамындағы кейбір ерекшеліктер) байланысты сүбелі пікірлерін де айта алған. Осы еңбегінің екінші тарауын монографиясы жарыққа шыққан кезде енді-енді қолға алына бастаған сөз жасау проблемасына арнаған. Кейінгі еңбегінде, атап айтқанда, 1998 жылғы «**Қазақ сөздерінің грамматикалық сипатында**» сөз жасау *грамматикадан гөрі лексиканың мәселесі* деуінің астарында тілдегі осы бір құбылыстың табиғатын терең түсінетін адамның пікірі сол кезде-ақ қалыптасып үлгергендігін байқатты. Айтып өткеніміздей, кешенді зерттеу деуіміздің бір себебі осында болса, екіншіден, лексикаға қатысты сөз қозғағанда, жекелеген сөздердің тарихына дейін дендеп бара алған. Жекелеген атаулардың этимологиясын

ашуға тырысқан. Ондай әрекетке бару, әрине, ескерткіштердіжақсы білген, мән-мағынасын еркін түсінген, тіл тарихына қатысты мол деректермен қаруланған адамдардың ғана қолынан келетін үлкен шаруа.

Ондаған жылдар бойы, тіпті өмірінің ақырына дейін алғашқы кездерде жазылған еңбектерінен бастап, газет тілінің грамматикалық ерекшеліктерін жіліктеуі кейіннен грамматиканың келелі мәселелеріне тереңдеп барып, тосын ой тастауына ұласқанын ғалым шығармашылығымен танысқан адам бірден бағамдайды. Грамматикаға байланысты өзіндік көзқарастары бұрынғы айтылғандарды, алдыңғы әріптестерінің ойын қайталау емес, керісінше, тіл табиғатын терең түсінуден өзіне дейін айтылғандарға сын көзбен қараудан туындаған. Ол өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрлі пікірлердің сірін бұзатын тың ойларын мектеп қабырғасынан бастап ұрпақ құлағына құю керектігін өте жақсы түсінген. Соның нәтижесі болар, мектеп оқулықтарының байқауына қатысып, 7-кластың қазақ тілі оқулығын жазу құқығын жеңіп алады. Ал ғылыми ойдың бағы жанатын, көпшілік игілігіне айналатын жері жоғарғы мектеп пен салиқалы да сабырлы академиялық ғылыми орта екені белгілі, сондықтан да филолог-мамандар, ғалымдар мен студенттер таныс бола берсін деген оймен ғалым грамматикаға байланысты ой-пікірлерін жинастырып, «Қазақ тілі жайлы ойлар», «Қазақ сөзінің грамматикалық сипаты» атты екі қомақты кітабын оқырман қолына табыстайды. Бұл – 1998 жыл еді.

Әдеби тіл ұғымы ұлт ұғымымен ұштасып жатыр. Ал әдеби тілді қалыптастырушы арналар туралы әрқилы көзқарастар бар. Ғалымдар айтып жүрген арналардан (фольклор, ауызекі тіл, жалпыхалықтық тіл, т.б.) әдеби тілдің айырмасы қандай? Ол жөнінде проф. С.Исаев былай деп ой тұжырады: «Тілдің әдебилігінің бірден бір көрсеткіші – халықтың белгілі кезеңдегі қоғамдық рухани мәдениет өмірінің құралы бола алу, халықтың рухани байлығын, сөз өнерін жеткізудің мәдени талап-тілектің қоғамдық көрінісі, мәдениет туындыларының құралы мен оны іске асырудың амалы бола алуы. Сонда ғана ол жалпыхалықтық тіл деген ұғымнан өзінің жүйелілігімен, тұрақты нормалылығымен, сұрыпталып, өнделген қасиеттерімен, даму сатысының жоғары дәрежесімен, қоғамдық қызметінің айқындығымен, сан алуандығымен ерекшелене алады. Өзі қызмет ететін халықтың қоғамдық тарихымен, саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени ерекшеліктерімен байланысты әр түрлі формада өмір сүруге икемделеді» [2].

Ал баспасөз тіліне арналған еңбегінің баспасөз тілі мен әдеби тілдің қарым-қатынасын ашып алудан бастады. Оның себебін былайша түсіндіреді: «Ол жұмыстардың (*өзіне дейінгі ғылыми еңбектер – Б.М.*) қай-қайсысы да қазақ баспасөзі тілінің белгілі кезеңдегі статикалық күйін сипаттауға арналған көлемді еңбектер. Бірақ бұларда баспасөз тілі әдеби тілдің қалыптасып, дамуы

жағдайында қаралмайды», – дейді (2,4). Ал жұмыс жазудағы мақсатын түсіндіруі де көңіл тоқтатарлық: «Бұл жұмыстың мақсаты – революциядан бұрынғы, совет дәуіріндегі мерзімді баспасөз тілін бір-бірімен байланыста зерттеу арқылы оның әр кезеңдегі лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысының өзіндік ерекшеліктерін, кейбір тілдік үлгілердің мерзімді баспасөз тілінде тұрақтану процесін көрсету, сол арқылы публицистика тілінің кейбір заңдылықтарын ашу, даму қарқынын көрсету, газет-журнал материалдары негізінде жазба әдеби тілімізде болған жаңалықтар мен өзгерістердің, кейбір көне тұлғалардың жандауының сырын түсіндіру» [2,5]. Түсінген жанға, бұл пікірдің астарында жеке стиль түрі ретіндегі публицистикалық стильдің сипатты ерекшеліктерін қалай, қандай әдіс-тәсілдермен анықтау керегін нұсқаған қысқа ғана тезистер жатыр. Бұл еңбектегі әдеби тіл мен стильдерге қатысты теориялық тұжырымдары – маңызын жоймаған, тіл зерттеушілері әлі де ұстана беретін түйіндеулер. Ал баспасөз тілін зерттеушілер қазір жаңа, прагматикалық бағыт бойынша да жемісті жұмыс істеуде. Баспасөз тіліне арналған зерттеулердің өзге тіл салаларының біразына қарағанда алда келе жатуы, оның бастауында бүгінгі таңдағы айтулы ғалымдарымыз Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Ө.Айтбаевтардың іргелі еңбектері тұруына, олардың өзгеше қарқынына, ғылыми қарымдылығына байланысты деп ойлаймыз.

Ғалым ретінде проф. С.Исаев ғылымдағы лебі сезіле бастаған жаңалық атаулының желін тез аңғаруымен ерекшеленеді. Ғалымның баспасөздің лексикалық құрамын анықтаудағы әдіс-тәсіліне қатысты осыны айтар едік. Айталық, ол байырғы сөздер, неологизмдер, кірме сөздердің қолданыс аясы мен мөлшерін анықтауы үшін статистикалық талдауларға арқа сүйейді, машинаның еңбегін пайдаланады. Ал мынау ұшқыр ғасырда статистикалық талдаулар тіл тазалығының деңгейін анықтаудың лакмус қағазы екені сөзсіз. Өйткені нақты тілдік жағдай бар болмысымен көз алдымызға жайылып сала береді. Дегенмен де, орайы келгенде айта кету жөн, күні бүгінге дейін күнде дерлік жаңарып, толып, толысып, өзгеріп, құбылып бара жатқан мерзімді басылымдар тіліне нағыз жан-жақты ғылыми статистикалық талдаулар жүргізу әлі де зәру, қат күйінде қалып отыр.

Сондай-ақ қосымша морфемалардың, сөз таптарының қолданыс жиілігін анықтауда математикалық тәсілді еркін пайдаланады, тіпті формулалар ұсынған. Өйткені сонау өткен ғасырдың 70-жылдарының өзінде көреген ғалым тіл біліміне зерттеудің жаңа бағыттарын енгізу қажеттігін анық сезінген, себебі ғалым – жаңалық жаршысы, оның бар болмысы жаңалықтан тұрады. Әрі ғылымда шекара жоқ, өзгелердің тозығынан емес, озығын ала білу де өнер екенін анық ұғынған, сөйтіп ғалым дүниежүзілік үрдістің жақсысы мен

жағымдысын қазақ тілін зерттеуде пайдаланудың әбестігі жоқтығын, ондай әрекеттердің қазақ тілшілерінің қолынан келетінін дәлелдей алған.

Қазақ әдеби тілінің проблемалары аса ауқымды. Сондай-ақ кереғар, қайшылықты көзқарастар жетіп артылатын әдеби тіл мәселелерімен кез келген адам емес, теориялық білімі жан-жақты адамдар ғана айналыса алады. Өйткені, қазақтың **әдеби тілінің тарихы – қазақ тілінің кешегісі, бүгіні, болашағы.** Ғалым қазақ әдеби тілінің тарихына арнап екі монографиялық еңбек жазған. Олар – «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1989) және «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» (1973).

Ғалым аталмыш еңбектерінде әдеби тіл нормаларына байланысты келелі ой қозғайды. Ол ой-пікірлерінің жалпы сарыны мынаған саяды: *нормалар – бір күннің, тіпті бір жылдың ғана жемісі емес, тілдің даму барысындағы көптеген ғасырлардың жемісі; сондай-ақ, тілдік құрылымның деңгейлері (қабаттары) тіл білімінде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтиксистік болып бөлінеді де, әрқайсысының өзіне тән тілдік элементтерінің жүйесі болады және ол тілдік элементтер сол жүйенің мүшелері ретінде ойға қатысты белгілі жүк көтеріп, өз ішінде әр алуан қызмет атқарады да, келесі жоғары дәрежедегі деңгейдің жүйесін құрауға ұйтқы болып отыратындығы* [2].

Оның әдеби тіл теориясында өзгеше үнмен танылуына – стильдік тармақтарға байланысты және әдеби тілдің диалектімен арақатынасына байланысты ойлары әсер еткен деп ойлаймыз.

Әдеби тілдің дамуы оның әлеуметтік-қоғамдық қызметінің, қолданыс аясының кеңуінен байқалады. Қолданыс аясының кеңуі жанрлық-стильдік тармақтарының саны артуына келіп тіреледі. Осы жерде әдеби тілдің стильдік тармақтары жөнінде ой айту қажеттілігі туындайды. Стильдік тармақтар туралы қазақ әдеби тілі теориясында қалыптасқан пікір болғанымен, проф. С.Исаевтың өзіндік көзқарасы бар. Ол: «Стильдердің түрлері сөз етілгенде, олардың бір-бірінен айырмашылығын көрсететін негізгі және басты айырым белгілер мен кездейсоқ немесе негізгі емес ерекшеліктер ажыратылып, сараланбай жүр. Сондай-ақ, әрбір стильдің тілдік ерекшелігі лексика, әсіресе терминдер шеңберінен әрі аспай қалады», – деген-ді [2,20]. Ондағы ойы терминдердің стильдерді топтастырудағы ролінің болмашы екенін айту еді. Оның пікірінше, стильдерді белгілейтін грамматикалық категориялар мен тұлғалар және олардың қолданыс өрісі. Әрине, бұл тұжырымның салмағы стильді таптастыруға байланысты көзқарастардың көбінен басым түсіп жатыр. Ғалым – жанр мен стильдің бір нәрсе емес екенін баса айтады. Расында да, кейде жанр санының өсуіне орай стильдік тармақтардың санын онға, тоғызға жеткізіп жүргеніміз рас. Ал ғалым С.Исаев үш стильді көрсетумен шектеледі,

олар: көркем стиль, ресми стиль, бейтарап стиль. Бұлай бөлуінің мәнісін тағы да былайша аша түседі. «Әдеби тілдегі стильдерді жоғарыдағыдай үш түрге бөлгенде, стиль түрлерінің осындай әдебиет жанрларымен тығыз қарым-қатынаста бола тұрып, ол екеуі бір емес екендігін, сондай-ақ стильдік тармақтарды ажыратуда өзіндік ерекшеліктері бар тілдік элементтер жүйесінің қолданылу шеңберінен басқа тілдің жалпы қоғамдық қызметімен тікелей байланысты болатынын да ескеріледі» [2,20]. Тағы бір себебі, «белгілі бір стильде жазылған жанрлық тексте стильдердің элементтері қолданылып отыруы мүмкін». Ғалымның пікіріне ілтипатпен қарай отырып, оның бұл көзқарасы негізінен публицистика және көркем әдебиет стиліне қатысты айтылғаны орынды болар еді деп білеміз.

Өзгелерге ұқсамайтын, бірақ дәлелі мықты ойының бір ұшығы әдеби тіл және диалектілердің арақатынасына тіреледі: «Әрине, Қазақстанның орталық, солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарында тұратын қазақтардың тілі әдеби тіл нормасына әлдеқайда жақын. С.Аманжоловтың әдеби тілдің қалыптасуы жөнінде негізгі теориясына өзек болған да осындай факторлар... Дегенмен қазақ әдеби тілінің негізгі бір диалект болды дегеннің бүгінде дәлелдеуге болмайтынын қанша назарға алсақ та, қазақ әдеби тілін қалыптастыруда белгілі бір тілдік диалектілердің әсері болғандығын мойындамасқа болмайды», – дейді.

Ғалымның әдеби тілге қатысты айтылған түйін-тұжырымдарының ғылыми ортада құны жоғары болса, газет тілінің ерекшеліктерін саралаған кейбір ойларында тезистік сарын басым, ал олардың көбі әлі толық қолға алына қоймаған. Оларды іліп алып, кеңейтіп әкетер жастар да табылатынына күмән жоқ.

***

С.Исаев қазақ тілі грамматикасына қатысты мәселелермен нағыз шығармышылығының апогейіне жетіп, толысқан шағынан өмірінің соңына дейін айналысты, артында қадау-қадау айрықша тұжырымдар қалдырды, жаңа түйіндер жасады, сондықтан бұл салаға байланысты қалдырған мұралары өз алдына жеке зерттеулердің нысанына айналады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. – Алматы, 2000. – 400 бет, III том.
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым,1978.

ÇAĞDAŞ TÜRK YAZI DILLERININ FONETIK VE FONOLOJIK ÖZELLIKLERI

Mustafa ÖNER
Ege Üniversitesi Edebiyat Fakültesi,
Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü,
Yeni Türk Dili ABD,
İzmir, Türkiye

Özet. Türklerin tarih boyunca yayıldığı Orta Asya, Doğu Avrupa ve Yakın Doğu alanındaki geniş topraklar,ana dilin tabii bir ayrımlaşma süreciyle diyalektler hâlinde ortaya çıkmasına yol açmıştır. Dolayısıyla çağdaş Türk diyalektlerinin ve yazı dillerinin fonetik yapısının tam tasviri bir bulanıklık ve tutarsızlık izlenimi verir, oysa bu kadar geniş alanda yayılan Türk yazı dillerinin fonolojik tahlili, yani fonemler düzeninin incelenmesi ise basit ve açık bir yapıyı yakalama imkânı sağlar. Biz bu kısa tasvirde, ilkin kişisel veya bölgesel fonetik değişmeler olarak başlayan fakat zamanla toplumsal veya millî karakter kazanan, kalıcı sonuçları olan değişme yönlerine dikkat çekerek çağdaş Türk yazı dillerinin ses yapısına odaklanmak istiyoruz. Burada dikkat çektiğimiz tarihî düzenli ses değişmelerinin yanı sıra, söz varlığında kalıcı sonuçları olmayan, gramerlik ses değişmeleri de vardır. Bu gramerlik değişmelerin bizim ele aldığımız tarihî ses değişmeleri gibi kalıcı fonolojik sonuçları olmadığını, dilde her an yaşanan geçici değişmeler sunduğunu görüyoruz.

Anahtar Keli meler: Türkçe fonetik; Çağdaş Türk yazı dilleri; düzenli ses değişmeleri

Аңдатпа. Түркілердің тарих бойына таралған Орталық Азиядағы, Шығыс Еуропадағы және Таяу Шығыстағы кең жерлері табиғи дифференциация процесінің нәтижесінде диалектілер түрінде пролингвистің (Ensprache) пайда болуына әкелді. Осылайша, қазіргі түркі диалектілері мен тілдерінің фонетикалық құрылымының толық сипаттамасы бұлыңғыр әсер қалдырады және сәйкессіздікті көрсетеді, ал мұндай кең аумақта кең таралған түркі тілдерінің фонологиялық талдауы, яғни фонемалардың ретін зерттеу қарапайым және айқын құрылымды тануға мүмкіндік береді. Бұл қысқаша сипаттамада біз бастапқыда жеке немесе аймақтық фонетикалық өзгерістер ретінде басталған, бірақ біртіндеп әлеуметтік немесе ұлттық сипатқа ие болған және қайтымсыз салдары бар өзгерістердің аспектілеріне назар аудара отырып, қазіргі түркі жазба тілдерінің дыбыстық құрылымына назар аударғымыз келеді. Мұнда біз атап өткен дыбыстардың Тарихи тұрақты өзгерістерінен басқа, тұрақты нәтиже бермейтін дыбыстардың грамматикалық өзгерістері де бар. Бұл грамматикалық өзгерістердің біз талқылаған Тарихи дыбыстық өзгерістер сияқты тұрақты фонологиялық нәтижелері жоқ деп санауға болады, бірақ уақыттың әр сәтінде тілдегі уақытша өзгерістерді көрсетеді.

Түйін сөздер: түркі фонетикасы; қазіргі түркі тілдері; тұрақты дыбыстық өзгерістер.

Abstract. The vast lands in Central Asia, Eastern Europe and the Near East, where the Turks have spread throughout the history, had led to the emergence of the proto-language (Ursprache) as dialects through a natural differentiation process. Therefore, the full description of the phonetic structure of contemporary Turkic dialects and languages makes a blur impression and shows incosistency, whereas the phonological analysis of Turkic languages wich spread over such a wide area, that is, the examination of the phoneme order, provides the opportunity to recognize a simple and clear structure. In this short description, we would like to focus on the sound structure of contemporary Turkic written languages by drawing attention to the aspects of changes that initially started as personal or regional phonetic changes, but gradually gained social or national character and had permanent consequences. In addition to the historical regular sound changes we have noted here, there also grammatical sound changes that do not have permanent results. One can consider that these

grammatical changes do not have permanent phonological results like the historical sound changes that we have discussed, but display temporary changes in the language at every moment.
Keywords: Turkic phonetics; Modern Turkic languages; regular sound changes.

Türklerin tarih boyunca yayıldığı Orta Asya, Doğu Avrupa ve Yakın Doğu alanındaki geniş topraklar, ana dilin tabii bir ayrımlaşma süreciyle diyalektler hâlinde ortaya çıkmasına yol açmıştır. Türkçenin VIII. yüzyıl başlarından itibaren var olan ilk yazılı belgelerinde bile bazı diyalekt farkları vardır: Eski Türk yazıtlarında ve bazı Eski Uygurca yazmalarda; ünlüler için /ı/ > /a/ (bolayın > bolayan "olayım", kañgımız > kañgamaz "babamız", atlıġ > atlaġ "meşhur") /i/ > /e/ (temirin > temiren "demirden, demirle"; keltimiz > keltemez "geldik") ve ünsüzler için /ń/ > /n/ ~ /y/ (ańıġ > anıġ ~ ayıġ "kötü", könür- > köyür- "yakmak").1 /ñ/ > /ġ/ (bardıñ > bardıġ "gittin", öltüñ > öltüg "öldün" vb.) gibi fonetik değişmeler veya farklar bulunduğunu bu eski dil döneminin uzmanı olan filologlar belirtmektedir.2

Ancak Türklerin konuşma dillerindeki bu fonetik değişmelerden, XI. yüzyılın üçüncü çeyreği itibarıyla Dîvânu Lugâti't-Türk adlı eldeki biricik eserinde bilinçli ve kapsamlı biçimde ilk söz eden Mahmud Kâşgarî olmuştur. Onun eserinde bir devlet dili olarak tespit edip adını da Hâkâniye "hükümdarlık dili" diye koyduğu ve devlet dili olarak öne çıkardığı Karahanlı Türkçesinin yanı sıra, özellikle nüfus yoğunluğu ve siyasi başarıları dolayısıyla odaklandığı Oğuz ve Kıpçak kavimlerinin diyalekt özellikleri (tebe > teve ~ deve, tamġaḳ > tamaḳ "damak") Türk dili tarihindeki ilk fonetik kayıtlar olarak çok değer taşır.3 Türkolojinin kurucularının başında yer alan V. V. Radloff (1837-1918) ise öncü eseri "Vergleichende Grammatik der nördlichen Türksprachen, I. Theil. Phonetik der nördlichen Türksprachen"de (Leipzig 1882) XIX. Yüzyıl sonlarında oluşan çağdaş Türk Dünyasının dil varlığına dair çok değerli kayıtlar vermiş ve dolayısıyla çağdaş Türk fonetik ekolünü de başlatmıştır.4,5

Çağdaş Türk diyalektlerinin ve yazı dillerinin fonetik yapısının tam bir tasviri, L. Bazin'in belirttiği üzere bir bulanıklık ve tutarsızlık izlenimi verir, oysa bu kadar geniş alanda yayılan Türk ağızlarının fonolojik tahlili, yani fonemler düzeninin incelenmesi ise basit ve açık bir yapıyı yakalama imkânı sağlar.

Günay Karaağaç'ın çok net belirttiği üzere; ses birimi (fonem) sözün anlamını, sözün sınırını ve biçim birimleri (morfemleri) ayıran sestir ve anlam taşıyıcı değil, anlam değiştirici en küçük dil birimidir; fonem, anlam değişikliğine yol açtığı sürece var olabilir; anlam değişikliğine yol açmayan ses birimi değişmeleri, aynı ses biriminin alanı içindeki dal sesler (alofonlar) hâlindedir.7 Biz de bu kısa tasvirde, ilkin kişisel veya bölgesel fonetik değişmeler olarak başlayan fakat zamanla toplumsal veya millî karakter kazanan, kalıcı sonuçları olan değişme yönlerine dikkat çekerek çağdaş Türk yazı dillerinin ses yapısına odaklanmak istiyoruz. XIX. yüzyılda, M. A. Castrén, O. Böhtling, A. Vámbéry gibi öncülerle başlayan ve V. Thomsen, V. Radloff, W. Bang-Kaup gibiler elinde modern bir bilim disiplini olarak kurulan ve tarihî-karşılaştırmalı bir yöntem üzerinde gelişen Türk dili araştırmalarında, fonemleri ilk yazılı metinlerin görüldüğü Eski Türkçe (M.S. VIII. yy. başları) döneminden itibaren takip edilen ses yapısı içinde ele alma geleneği vardır.

Türkçedeki her heceyi taşıyan direk olan ünlüler, birbiriyle tam bir simetrik düzen gösteren sekiz asli fonem şöyle bir tabloya bağlanabilir (Tablo 1). Bu sekiz ünlü

tablosuna, sekiz uzun fonem daha eklenir, yani burada gösterilen ünlülerin aynı özelliklerde uzun türleri de vardır.8,9 Türkolojide çok tartışılan e-i arası bir değeri olan orta açıklıktaki /é/ sesinin ise fonolojik değeri yoktur ve yukarıdaki simetriyi bozduğu açıktır. Orhun Yazıtlarını çözerek yayımlayan V. Thomsen'in

1896'da tespit ettiği éki "iki", él "halk", éş "arkadaş", ét- "düzenlemek" gibi sözlerdeki kapalı /é/ ünlüsüne L. Bazin'in 1959'da PhTF-I'de yer verdiği eleştirisinden sonra da dikkat edilmiştir. K. H. Menges'ten E. R. Tenişev'e kadar çağdaş Türk yazı dillerine dair tasvirî incelemelerde bu dokuzuncu ünlü ancak fonetik bir varlık hâlinde alofon olarak gösterilmiştir. Bu ünlü hakkında böyle düşünen uzmanlardan biri olan Talât Tekin, Orhon Türkçesinde sadece ilk hecede var olan kapalı /é/ ünlüsünün kısa türünü éki "iki", kérü "geri", kéyik "vahşi hayvan", yégirmi "yirmi" vb. sözlerde tespit ederken uzun türünü de Yakutça ve Türkmence ile karşılaştırmalı biçimde bér- "vermek" (> Yak. bier-), béş "beş" (> Yak.bieş) , yé- "yemek" (Yak. sie-) , yéti "yedi" (Yak. sette) vb. göstermiştir.11 Sadece ilk heceye ait tarihî bir ses olan bu kapalı /é/ ile çağdaş Tatarca ve Başkurtçada /i/ > /é/ değişmesiyle söz içinde her hecede oluşan ikincil fonem hiç karıştırılmamalıdır:

чего-либо’ [3, с. 1142]. ‘*На роду написано кому что* или с неопред. (разг.) такая судьба, так предопределено’ [8].

31. ‘примерно’. Этот признак найден посредством сочетания: *В некотором роде*. В известной степени, несколько [16, с. 1372; 18, с. 601]. *В некотором роде* – в некоторой степени, несколько [17, с. 723]. В некотором ро́де, в зн. нареч. В некоторой степени, несколько (обычно при желании скрыть истинное положение вещей) [6, с. 1125]. Фраза *в некотором роде* употребляется в том случае, если кто-либо отвечает на чей-либо вопрос уклончиво, не хочет показывать истинного положения вещей [3, с. 1142]. В некотором роде (разг.) до известной степени, отчасти [8].

32. ‘мнение/ точка зрения’. Этот признак выявлен через сочетание: *В своем роде*. С известной точки зрения, в том или ином отношении [16, с. 1372]. *В своем роде* – с известной точки зрения [17, с. 723; 6, с. 1125; 18, с. 601]. *В своём роде* 1) с известной точки зрения. Он в своём роде талантлив; 2) своеобразен [8].

33. ‘такой’. Данный признак объективируется в сочетании: *Такого рода* (разг.) такой [8]. *Такого рода* – такой (такая, такое) [17, с. 723; 18, с. 601].

34. ‘люди/ человечество’. Этот признак обнаружен в сочетании: *Род людской, род человеческий*. Люди, человечество [16, с. 1374; 17, с. 723]. *Род людской* (или *человеческий*) – люди [18, с. 601]. *Род людской, человеческий* (о всех людях, всём человечестве) [6, с. 1125]. ‘*Родом людским*, *человеческим* называют всех людей’ [3, с. 1142]. ‘Род людской (устар. и ирон.) люди, человечество’ [8].

35. ‘мужчины/ женщины’. На этот понятийный признак указывает сочетание: *Мужской род; женский род*. Мужчины; женщины [16, с. 1374]. *Женский род* – женщины. *Мужской род* и (устар.) *мужеский род* – мужчины [17, с. 723]. *Женский род* (разг.; о всех женщинах). *Мужской род* (разг.; о всех мужчинах) [6, с. 1125].

36. ‘издавна/ с давних пор’. Этот признак определяется через сочетания: *От рода* «с давних пор, всё время» [7, с. 541]; *От роду родов* «с давних пор, никогда ещё» [7, с. 541].

37. ‘наследство/ наследственная черта’. Этот признак реализуется в сочетаниях: *Это у нас в роду* (разг.; передаётся по наследству) [6, с. 1125]; *Не дурак, а родом так* (прост. шутл.) погов. о дураке [8].

38. ‘всякий/ разный’. На этот признак указывает сочетание: *Всякого* (*разного*) *рода* всякие, разные [8].

39. ‘год’. Этот понятийный признак помогло отыскать сочетание: *Годом да родом* год [7, с. 541].

40. ‘никогда’. Этот признак помогло отыскать сочетание: *От родов рода* Никогда [15, с. 130].

41. ‘мать’. Этот признак актуализируется словом: *Родима* «мать» [7, с. 541], корень которого общий с *род*.

42. ‘неизвестно’. Этот понятийный признак реализуется в сочетании: *Каким-то родом* Каким-то образом, неизвестно как [15, с. 542].

В «Словаре русских народных говоров» был найден еще один репрезентант изучаемого макроконцепта: *Ро́да*. Анализ значений этого слова и устойчивых

сочетаний с ним позволил подтвердить уже выявленные понятийные признаки (*Рóда* Вид, образ [15, с. 131].) и обнаружить дополнительные понятийные признаки макроконцепта *Род*.

43. ‘родня/ близкие’: *Рóда* Родня, близкие [15, с. 131]. *Кто-л. кому-л рóда* [15, с. 131].

44. ‘порода’: *Пойти в батькину рóду* [15, с. 131].

45. ‘привидение/ призрак’: *Рóда* Привидение, призрак [15, с. 131].

46. ‘остров (на болоте)’: *Рóда* Низкий остров на болоте, поросший нестроевым лесом [15, с. 131].

В «Словаре русских народных говоров» приводится еще одно однокоренное слово, посредством которого реализуется дополнительный понятийный признак:

47. ‘родная/ желанная/ любимая девушка’: *Рододуха* Ласк. Родная, желанная, любимая девушка [15, с. 131].

Заключение. Анализ основного репрезентанта макроконцепта *Род* в соответствующих словарных статьях позволил отыскать 43 понятийных признака. Изучение дополнительных репрезентантов помогло найти еще пять понятийных признаков. Общее количество понятийных признаков в структуре макроконцепта *Род* составило 47 единиц. Таким образом, эволюция базовой части структуры макроконцепта *Род* представляет собой поэтапное его развитие: от 23 мотивирующих, 42 понятийных признаков до конца XIX в. и 47 понятийных признаков периода XX – XXI вв. Мотивирующий признак ‘название божества древних славян’ в словарях современного периода не обнаружен. Причина этому – смена религии.

Литература

1. Бабенко Л.Г. Большой толковый словарь русских существительных: Идеографическое описание. Синонимы. Антонимы. М.: АСТ-ПРЕСС КНИГА, 2005. 864 с. (Фундаментальные словари). [Электронный ресурс]. URL: http://rus-yaz.niv.ru/doc/dictionary/noun/fc/slovar-208-4.htm#zag-8718 (дата обращения: 06.06.2022).

2. Багишаева З.У. Концепт “ Тыуған ил” («Родина») в башкирской языковой картине мира (на примере творчества М. Карима) // Вестник Башкирского университета. – 2016. – Т. 21. – №1. – С. 176–180.

3. Дмитриев Д.В. Толковый словарь русского языка. М.: АСТ, Астрель, 2003. 1582 с. С. 1141-1142.

4. Колесов В.В. Концепты «Природа», «Родина», «Народ» в русском языковом сознании // Политическая лингвистика. – 2019. – № 2 (74). – С. 12–23.

5. Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. М.: Эксмо, 2008. 944 с. [Электронный ресурс]. URL: https://herzena.ru/index.php/words/show/14365 (дата обращения: 06.06.2022).

6. Кузнецов С.А. Большой толковый словарь русского языка. СПб.: Норинт, 2000. 1536 с. С. 1125.

7. Малеча Н.М. Словарь говоров уральских казаков. Т. III (О – Р), 2002. С. 541.

8. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. М.: Оникс, 2013. 736 с. [Электронный ресурс]. URL: https://dic.academic.ru/dic.nsf/ogegova/27862 (дата обращения: 06.06.2022).

9. Пименова М.В. Концепты внутреннего мира человека (русско-английские соответствия): дис. … д-ра филол. наук: 10.02.01 / Марина Владимировна Пименова. СПб, 2001. 497 с.

10. Пименова М.В. Особенности структуры символического макроконцепта *РОД* // Вестник Кокшетауского университета им. Ш. Уалиханова. 2021. № 2. Серия Филология. С. 37-44.

11. Попов В.А. Концепты «Род» и «родовая организация»: опыт переосмысления дефиниций // Сибирские исторические исследования. – 2020. – № 3. – С. 230–242.

12. Сошникова В.А. Концепт “род” как часть русской языковой картины мира // Фундаментальная и прикладная наука: проблемно-ориентированные, комплексные и междисциплинарные исследования: сборник научных трудов по материалам I Международного междисциплинарного форума. – М.: НОО Профессиональная наука, 2018. – С. 82–91.

13. Словарь русских народных говоров. Ленинград: Наука, 1977. Т. XIII (Калун – Кобза). 358 с. С. 335.

14. Словарь русских народных говоров. СПб.: Наука, 1992. Т. XXVII (Печенки – Поделывать). 400 с. С. 144.

15. Словарь русских народных говоров. СПб.: Наука, 2001. Т. XXXV (Реветь – Рящик). 360 с. С. 130-131.

16. Словарь русского литературного языка: в 17 т. М.: Русский язык, 1981. Т. XII. С. 1371-1374. (БАС).

17. Словарь русского языка: в 4 т. / Под ред. Евгеньевой. М.: Русский язык, 1971. Т. III. С. 722-723. (МАС).

18. Ушаков Д.Н. Толковый словарь современного русского языка. М.: Аделант, 2013. 800 с. С. 600-601.

ҚАРУ-ЖАРАҚ АТАУЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Диас Айғали
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада көне және заманауи қару-жарақ атауларын оқытуда этномәдени ерекшелікті ескеру мәселесі талқыланады. Мектеп оқушыларына қазақ тілі пәнінен, кейде алғашқы әскери дайындық сабақтарында, сондай-ақ әскери оқу орындарында қазақ тілінен сабақ беруде қару-жарақ атауларын оқытудың өзектілігі туады. Мақала осы мәселені шешудің жолдарын, этномәдени оқытудың бағыты турасында сөз қозғайды.

Түйін сөздер: қару-жарақ, этномәдени оқыту, этнолингвистика, бес қару, лингвомәдениеттану

Annotation. The article discusses the issue of taking into account ethnocultural specifics when teaching ancient and modern names of weapons. The relevance of studying the names of weapons for schoolchildren in the Kazakh language, sometimes in the lessons of initial military training, as well as when teaching the Kazakh language in military educational institutions. The article touches upon the ways of solving this problem, the directions of ethno-cultural education.

Keywords: weapons, ethno-cultural training, ethnolinguistics, five types of weapons, linguoculturology

Тарих бетінен жоғалып кету қаупі бір сәт толастамаған қиын-қыстау кезеңдерде ата-бабаларымыздың күнделікті қарекеті де, тұрмыс салты да Отанын, елін, жерін қорғауға бағындырылған. Жауынгерлік және ерлік тәлім-тәрбие мұрасының тарихы алыс ғасырлар қойнауынан басталатыны сөзсіз. Халқымыз жауынгерлік қаруларға, әскери атауларға аса құрметпен қараған. Мұздай қару құрсанып, бес қаруын бойына асынған ерлердің есімдерін ұранға айналдырып, олар ұстаған қару-жарақты ұрпағына мұраға қалдырып отырған. «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» деген мақалдар жеңістің қалай келгенін түсіндіреді. Жігіттің қан майданда жеңіске жетуі, көп жағдайда, екі нәрсеге: астындағы тұлпары мен үстіндегі сауыты, қару-жарағына байланысты екені белгілі. Халқымыз бұл ойды «ер қанаты – ат», «ер қуаты – қаруы» деп тұжырымдаған.

Қару-жарақ – тарихтың аса құнды жәдігері. Жауынгер халықтың қару-жарағы оның ерлікке толы өмірінен мәлімет беріп, еркіндікке ұмтылған мақсат-мүддесін танытады. Қазақ халқы қару-жарақты аса қадірлеп, жеті қазынаның біріне жатқызған. Мәселен, жеті қазынаға *жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, өткір кездік, ау-жылым, қақпан* болса, осының ішінде екеуі – мылтық пен кездік – қару-жарақ қа жатады.

Көне түсінік бойынша жауынгерлік қару аспаннан түскен киелі заттардың бірі саналады. Көне заманда пайда болған қаруға табыну дәстүрі, біраз өзгерген түрде кейін де сақталып, соғыс қаруларына қатысты түрлі ғұрыптар мен ырымдарды қалыптастырды. Қарудың жаны болады деген сенім бойынша қару-жарақ қа жеке есім беріліп, айқас алдында жауынгерлер өз қаруларымен серттесетін болған. Қару-жарақ – дербестіктің, биліктің, жеңістің нышаны. Халық түсінігі бойынша қарудың бойына бірнеше функция сыйдырылған:

- Үкім шығарушы
- Қорғаушы
- Зиянкестерді қуушы
- Тыйымды бұзушы
- Емдік зат
- Соғыс құралы
- Сенімді дос
- Бағалы сыйлық

Академик Ә.Қайдардың жазуынша, қару-жарақ атаулары қазір архаикалық лексика, пассивті қолданыстағы тілдік бірліктерге айналғандықтан, оның этнографиялық уәжі мен тілдік табиғаты біршама ұмытылып кетті. Сондықтан

этимологиялық мағынасы да көмескіленіп кеткен. Ғалым батырлар жырындағы қару-жарақтарды 5 топқа жіктеп, бөліп көрсетеді.

1. Батырдың, жауынгердің жеке қаруы: *қылыш, найза, қанжар, садақ, шоқпар, мылтық, айбалта,* т.б. Бұлар өз ішінде сыртқы формасы мен қолданыс функциясына, жасалу материалына, ерекше қасиетіне қарай түрлі атаулары бар. Мәселен, найза – *қарағай найза, емен сапты найза, толғамалы ақ найза, қоңыраулы найза, жалаулы найза, шашақты найза, күмбезді найза, қималы найза, алты құлаш ақ найза, сырлы найза, тағы егеулі найза, жебелі найза*, басқа түрлері бар.

Қылыш – *семсер, ақ семсер, ақ қылыш, алмас қылыш, ақ алмас, көк семсер, наркескен, наркеспе, алдаспан, алдаспан қылыш, селебе, алты құлашты ақ семсер, алмас қылыш, жалаң қылыш, болат қылыш, алтын балдақ алдаспан, берен, ақ берен, балдағы алтын ақ берен, алтын сапты ақ берен, алтын құндақ ақ берен, ақ болат, алтын аршын ақ болат, құрыш болат, алты қарыс ақ болат, балдағы алтын шар болат, балдағы алтын құрыш болат,* т.б.

Қанжар – *ақ қанжар, қара қанжар, пышақ, қара пышақ, базары пышақ, кездік, құс кездік, болат кездік, қара кездік,* т.б.

Садақ – *қарағай садақ, бұлғары садақ, адырна, бұқаржай садақ, көн садақ,* т.б.

Мылтық – *сыр мылтық, ақ мылтық, ақ сырық мылтық, берен мылтық, алты қырлы ақ мылтық, білтелі мылтық, күміс мылтық, орама мылтық, мысық құлақ мылтық, он екі құрсау жез айыр мылтық,* т.б.

Шоқпар – *ағаш шоқпар, тас шоқпар, қорғасын шоқпар, сойыл, күрзі, отыз батпан гүрзі, алмас гүрзі*, т.б.

Балта – *айбалта, ақ балта, ала балта, толғамалы ақ балта, алты қарыс ақ балта, қара балта, тарақ балта, ырғай сапты балта, келте шот, айыпшот балта,* т.б.

2. Батырдың қару-жарағына қосымша құрал-сайман: *оқ (сары жүн оқ, сай кез оқ, орта белін сырлаған оқ, доғал оқ, қарға жүнді қамыс оқ, ала білік оқ, нәрсіз оқ, бұршақ оқ, егеулі оқ, қол оқ, күшіген жүнді оқ, қайың оқ, сұр жебелі оқ, доғал оқ), жебе (қозы жауырын, құ жебе, көбебұзар жебе, қызыл сарлы жебе, сары жебе, сай жебе, теміркен), адырна (сайы жібек адырна, жай жібек адырна), оқшантай, қорамсақ, қылшан, кіріс, масақ, арқан (ала арқан, қыл арқан), шынжыр, тор (темір тор, тоғыз қабат тор),* т.б.

3. Батырдың сауыт сайманы: *сауыт (ақ сауыт, алтын сауыт, алтынды сауыт кебе, бадана көзді ақ сауыт, бадана көзді берік сауыт, бадана көзді кіреуке, тоғыз қабат ақ сауыт, тоғыз қабат көк сауыт), берен (жеңсіз берен, жалаңқат), кебе/кебене/кебенек, тон (кіреуке тон, берен тон, қамқа тон, қаптама, оқ өтпес тон, тайжайқы, шолақ тон, бөрі ішік), бас киім (алтын қалпақ, жел телпек, бөрік, кәмшат бөрік, қамшат бөрік, сусар бөрік, дулыға, құндыз бөрік, оқалы бөрік, алтын қалпақ дулыға, ақ дулыға, құрама болат дулыға, айдары алтын дулыға), қалқан (кіреуке көзді қалқан, шарасы алтын ақ қалқан),* т.б.

4. Жауынгердің туы: *ақ ту, сары ту, көк ту, ала ту, алтын ту, айқышты ала ту, жасыл ту, айқышты ту, шұбар ту, байрақ, ақ қара бас ту, алтынды ту, байсасы ту, қара жалау, қыл жалау, шашақ,* т.б.

5. Жауынгерлік аспаптар: *дабыл, дауылпаз, даңғара (піл терісі даңғара), керней, сырнай, сыбызғы, шын,* т.б. [1, 506].

Қазақ тіл білімінде заманауи қару-жарақ атауларын зерттеген, оның лингвомәдени және этномәдени қырына үңілген зерттеулер жоқтың қасы. Әскери лексиканы зерттеуге қадам жасалғанымен, оның ішінде заманауи Қазақстан Қарулы Күштерінің лексикасына, қазіргі артиллериялық, зымыран, авиация, кеме техникасы, танкі, байланыс қарулары, ату қару-жарақтарына талдау жасаған зерттеулер жоқ.

Есесіне Ресей лингвистикасында заманауи әскери лексиканы зерделеуге, жүйелеуге және жіктеуге Ю.Караулов, Л.Кутина, С.Ледяева, Ф.Сороколетов, Ф.Филин және т. б. сынды тілші-ғалымдардың еңбегі сіңді.

Лингвист С.Михайлова «Ресей мен АҚШ-тың қару-жарақтары мен әскери техникалары атауының лингвомәдени ерекшеліктері» атты мақаласында әскери қару-жарақтардың лингвомәдени белгілері мен сипатының қандай болатынын біршама талдап көрсеткен [2, 50]. Әскери терминологияда қолданылып жүрген ақпараттарды жинаудың арқасында зерттеуші әскери техника мен қару-жарақ атауларының мынандай типтік семантикалық шығу тектерін көрсетеді (1-кесте).

1) Фитоним текті атаулар;
2) Зооним текті атаулар;
3) Топоним текті атаулар;
4) Антропоним текті атаулар;
5) Мамандық текті атаулар;
6) Теоним текті атаулар;
7) Басқа текті атаулар (спецификалық атаулар).

Әскери техника мен ару-жарақ атауының шығу егі	**Ресей**	**АҚШ**
Зооним текті атаулар	Орлан-10 ұшу аппараты, А-4К«Альбатрос» ұшу ппараты, 2К4 «Филин» зымыран ешені, «Снегирь» ұшу аппараты, АРС-70 «Ласточка» активті снаряд РСЗО «Грач» оқ борау ұралы, «Кит» торпеда, «Карп» атом кемесі, «Акула» десант катері, «Скат» ұшу аппараты,	LockheedF-117 Nighthawk үнгі қаршыға), McDonnellDouglasF-15 agle (Бүркіт), S-70iBlackHawk (Қара ршыға), RQ-11 Raven (Қарға), C-9 Nightingale (Бұлбұл) F-105G Wild Weasel Қабайы аққұлақ), A-10 Warthog (Қабан) F/A-18Hornet (Ара), BellAH-1ZViper (Жылан), BellAH-1 SeaCobra (Теңіз брасы), SuperCobra (Суперкобра),

	«Леопард», «Тигр», Зепрь», «Волк», «Гепард» ұасты атом кемелері, «Медведь» артиллерия ысушы, «Оса» зенит зымыран ешені, Н010«Жук» радиолокация екеті, ПС-01«Комар», «Пчела-Г» ұшу аппараты, МРК-2 «Кузнечик» оботтық техника кешені, «Полоз» мен «Удав» паншасы	«Swarms»(Ұя ара)
Фитоним текті атаулар	«Пион» артиллериясы, «Гиацинт-С» қаруы, 2Б9 «Василек» мен С4«Тюльпан» минометі, «Кактус» баллистика ымыраны, 15Ж65«Тополь-М» ымыраны, «Бук» зенит кешені	АҚШ-тың әскери ехникалары мен қару-арақтарында фитоним текті аулар кездеспеді.

Зерттеушінің айтуынша, Ресей мен АҚШ қару-жарақтарының ішінде жануар атымен аталған қарулар көп болып шыққан. Қару-жарақ пен әскери техниканы жануар әлемімен байланыстырып, оны метафораға айналдырған. Әскери техника мен қару-жарақ атауына зоонимдерді қою – белсенді әдіс әрі метафоризацияның тиімді жолы болып отыр.

Бұған қатысты тағы бір ресей зерттеушісі Е. Яковлева «Метафоризация активно применяется при наименовании вооружения и военной техники, основной механизмкоторой заключается в ассоциативной близости двух предметов. Когнитивно-семантическая соотнесённость с производящим словом является одной из основных функций военно-технической номинации, которая несёт в себе высокий коннотативный и эмоциональный компоненты. Двусоставность метафоры как приёма проявляется в её действии культурного и когнитивного процессов. Происходит тесное сочетание основных свойств оружия в его названии и его семантического «ореола», когда само слово подстраивается под его должное восприятие рядовым носителем языка» деп уәж айтады [3, 135].

Қазақстандық баспасөз мәліметтерін қарастыра келе, отандық қару-жарақ пен әскери техникалардың мынандай атауларын кезіктіре алдық:

- «Арлан» минадан қорғана алатын броньдалған автомобиль
- «Қазақстан» атты отандық тұңғыш зымырандық-артиллериялық катер
- «Кобра» машинасы

- «Номад» оқ өткізбейтін көлік
- «Алан» брондалған техника
- «Барыс» броньдалған көлігі
- «Қарағай» қысқатолқынды диапазон радиостансасы
- «Барыс-ҚМ» жобасының зымыранды-артиллериялық кемесі
- «Айбар» жобасының жоғарғы жылдамдықта жүретін торуылдау катері
- «Нұр» деп аталатын төрт жаңа радиолокациялық станция
- «Найза» зымыран жүйесі
- «Семсер» артиллериялық жүйелері
- «Айбат» артиллериялық жүйелері
- «САРП» жауынгерлік модулі

Бұл атаулардың біршама зоониммен – *барыс, арлан, кобра, алан*; дәстүрлі қару-жарақ атауларымен – *семсер, найза*; жоғары эмоционалды сөздер – *айбат, айбар*; фитониммен – *қарағай*; Қазақстан реалийімен – *номад, қазақстан, нұр, сарп* байланысты атаулар екенін аңғарамыз.

Яғни, бұдан байқайтынымыз – әскери қару-жарақ атауларына келгенде, халықтың лингвомәдени танымы мен әлемді бағалауын ерекше дүниетаным көрінісіне айналдыратыны. Осы арқылы халық әскери өнерге, қару-жарақ деген танымын, сана-сезімі мен әлемді түйсіну ерекшелігін мағынаға салады.

Этностың тәжірибелік өмірі, мәдени, рухани құндылықтары, айнала қоршаған орта туралы таным-түсінігі, ақиқат дүниені тану қасиеттері мен қабілеттері байқалатын сөздерді, яғни этнографизмдерді анықтау саласы этнолингвистика деп саналады. Жоғарыда айтылған тұжырымдар мен пікірлерді сараптай келе түйгеніміз, этнографизмдер күнделікті ауызекі тілде қолданыла бермейді және олар ұлттық паремиологиялық қор құрамында, яғни мақал-мәтел, нақыл сөз, афоризмдер, ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттердегі стильдік қолданыстарда кездесіп отырады.

Ал этномәдени оқытудың міндеті қазақ тіліндегі осындай бірліктерді білім алушыларға берудің жолдарын ұйымдастыру, мұндай спецификалы тілдік бірліктерді қазақ тілі сабағында оқытуды қолға алуды көздейді.

Этномәдени бірліктер – этнолингвистика ғылымының негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Этномәдени бірліктер – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, бір этносқа ғана тән мәдени, рухани құндылықтардың тілдік (вербалды), бейвербалды (ым-ишара), менталды (наным-сенім), символдық көрінісіндегі қолданыстар. Этномәдени бірліктер жанры мен формасына қарай ажыратылады. Жанрына қарай: ұлттық діл (менталитет), халықтық дүниетаным (ұжымдық сана), жалпыадамзаттық рухани таным (философиялық таным). Ал формасына қарай: тілдегі (вербалды) көрінісі, бейвербалды көрінісі, менталды (наным-сенім) көрінісі, символдық көрінісі болып жіктеледі. Демек, лингвистикалық тұрғыдан этномәдени бірліктер құрамына сөзден бастап, тұтас мәтін де енеді. Этномәдени бірліктердің басты ерекшелігі – мазмұн межесінде – ұлттың мәдениеті мен құндылығын таныту, тұрпат межесінде – эквивалентсіз болуы [4].

Этномәдени атауларды оқытуда мағыналық ажыратылымын талдау, лексика-семантикалық топтарын жасау, одан тарайтын тіркестерді анықтау

әрқайсысының мағынасын аша отырып, ортақ белгісін табу, этномәдени атауларды жаңғыртуға септігін тигізеді. Әрине, зат пен ұғым қолданыстан шыққаннан кейін, ұмытылып, жойылатыны хақ. Қолданыста жоқ екен деп, көне ескіліктерді ұмытуға болмайды. Осы тұста, қолданыстағы белсенді сөздердің мағыналық дифференциациясын талдай отырып, ескіліктерді қайта жаңғыртуға мүмкіндік туады.

Біздің жағдайымызда, этномәдени атау ретінде қару-жарақ атаулары алынып отыр: бес қарудың түрі – *қылыш, найза, садақ, шоқпар, айбалта*. Осы қару түрлері мен басқа да әскери атауларға енген, ұрыс кезінде қолданылған қорғаныс (сауыт, кебене) қарулары, әскери форма мен ұлттық киімдері де осы қару-жарақ атауларына енгізіп отырмыз.

Қорыта келгенде, этномәдени бірліктердің лингвистикалық ерекшелігі – өзге мәдениетте баламасының болмауы. Бір ұлттың төл мәдениетін танытушы ұғымдар мен категориялар ғана этномәдени бірліктер деп танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр: монография. 1-т. : Мақалалар, баяндамалар. – Алматы : Сардар, 2014. – 519 б.

2. Михайлова С. Лингвокультурные особенности наименований военной техники и вооруженияв России и США. Вестник ТвГУ. Серия "Филология". 2020. No 4 (67). С. 50-56.

3. Яковлева Е.А., Ирназаров Э.Н. Особенности именования образцов оружия и воен-ной техники в актуальном информационном дискурсе// Российский гуманитарный журнал. 2018. Т. 7. №2. С. 132-138

4. Назарбекова А.А. Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9 сыныптар бойынша). PhD докторлығын қорғау мақс. дайын. дисс. 2023 ж. Тараз

THE LINGUOPOETIC ACTUALIZATION OF UNUSUAL COMBINATIONS IN THE LITERARY TEXT

M.Sh. Akbarova

Teacher of the primary education department of QDPI

Abstract. In this article, some of the unusual combinations, phrases, and figurative words used by the writer in artistic texts are identified, and the main role of these combinations and words in expressing the content of the work and their linguopoetic properties are analyzed. In addition to revealing the writer's creativity, the authors have discussed the unique advantages of using such unusual combinations and the effective use of language to increase the artistic-aesthetic content and color of the work.

Key words: linguopoetics, artistic text, unusual combinations, literature, word, aesthetic effect, emotional coloring, words with opposite meanings, polysemy, lexical dialectics, stable combinations.

The fact that literature is the art of words has been repeated since ancient times. So, the main element of literature is the word, in general, the language. There is no doubt that the ability of a literary work to rise to the level of an eternal work depends on its linguistic composition and the maturity of the author's artistic expression. Therefore, in order to objectively assess the essence of any literary work, first of all, it is necessary to analyze the uniqueness of its linguistic composition.

In order to assess whether the use of words is at the level of art or not at the level of art, first of all, it is necessary to clearly imagine the word, its meaning and the structure of this meaning. Of course, additional nuances of meaning and differences in content that appear in connection with the use of the word can be realized through various image methods and tools. But it should be noted that in most cases, such additional subtleties of meaning exist as a possibility in the construction of the meaning of the word itself, they are already noted in the construction of the meaning of the word.

In the process of analyzing the lexical features of the work of art, it is required to identify the lexical units that show the writer's skill in using the language, the emotional-expressive expression schemes are realized in a bubble, and to think about the extent to which they served the artistic-aesthetic purpose of the writer. For this purpose, synonyms, synonyms, antonyms, polysemous, historical and archaic words, new creations, dialectal words, foreign and vulgar words in the language of the artistic work are distinguished and the purpose of which they were introduced into the work is explained.

The existence of words with opposite meanings in the language is one of the convenient tools for ensuring expressiveness, expressiveness, and effectiveness of artistic speech. Eastern literature has widely used this possibility of expression in the language since ancient times. "One of the arts that is very necessary for a poet is tazad. This art is also called mutabaqa, tibaq, tatbiq, muttazad, ittizad and takofu. In this art, art experts say, words with contradictory meanings are used [3, 64-b].

Concepts, signs, situations, images are contradicted by using opposite words side by side. Usually, linguistic and contextual or colloquial antonyms are distinguished.

When determining the skill of using the language, attention is paid to the extent to which he was able to provide the expressiveness of artistic speech. This can be determined from the fact that he can use ambiguous words in their place, with a certain aesthetic purpose. Polysemous words are a linguistic tool that helps to expand the expressive possibilities of speech.

Ambiguity is basically a characteristic of words, meaning that one word has more than one meaning. Multiple meanings can also be observed in expressions. For example, the expression "to break out of one's heart" is used to express joy and intense fear. As soon as he saw the girl's burqa, the young man's heart leapt out of his sheath (Oybek). I can't say I'm not afraid, son. At this time, a person's heart comes out of its sheath (A. Qahhor).

Heading - to enter for a short time, to receive news; to mingle, join people. As if falling from the roof - unexpectedly, out of nowhere; rudely.

In the works of art, the types of words according to their own and figurative meaning, form and meaning relationship, possessive aspects of symbols such as

possessive words, colorful words are used instead, so that these words are helps to increase students' speech skills and ensure language skills.

The option used by the writer in order to realistically describe the reality of the past in the artistic text is the highest level in expressing the spirit of the time, the representation of reality, it shows his creativity.

The Lingvopoetist method expresses the students' creative research, ensures their language alertness, and develops a sense of feeling the artistic work.

It is known that the words in the Uzbek language dictionary express different feelings and experiences of the speaker, and they are of two types according to this feature: a) words without emotional coloring; b) emotional words.

Non-emotional words express a lexical meaning by informing about a certain object, action, sign, and do not have an additional value. In addition to expressing lexical meaning, emotional words also express additional positive or negative attitude of the speaker to the object, action, sign:

But there are also words that do not acquire a positive or negative meaning outside of the context, and in the speech situation, they receive a negative or positive meaning.

Writers use dialect-specific words based on the need to portray their characters as believably and vividly as in real life, without separating them from the area and environment they live in. Dialect words, while clearly reflecting local color and territorial affiliation, "perform a certain aesthetic function in artistic speech. However, the aesthetic value of dialectisms is related to their norm in artistic speech, how they are used, and at the same time, what dialectisms are used" [1, 24-b]. In the literature on linguistics, it can be observed that dialectal units are classified as phonetic, lexical and grammatical dialectisms.

Lexical dialectics. Dialect is also present in expressions and serves to emphasize the belonging of the characters of the artistic text to a certain region and the place where the events are taking place. For example, in the works of Togay Murad, phraseology typical of the Surkhandarya dialect is often used: Eson's servant's son, Batir, came from the neighboring district. He walked slowly. Shahadat pointed his finger over his head.

Stable compounds. "Language units consisting of a stable relationship between two or more words, which are ready to be brought into the speech process, and which exist as a possibility in the memory of the speakers, are called stable compounds" [2, 103-b]. Phrases, proverbs and wise sayings are stable compounds. The role and importance of phraseological expressions is incomparable in pictorial representation of reality, in its clear and full embodiment before the eyes of the reader. Phrases are unique figurative expressions of conclusions drawn by the people based on observation of events in life, evaluation of acceptable and unacceptable actions in society, summarization of life experiences. Writers usually do not content themselves with choosing and using phrases to suit the purpose of the image. Perhaps, characters change and rework according to their nature, mental state, lifestyle. In this way, folk expressions are polished and saturated with new subtleties of meaning. There are many different ways of processing folk expressions, giving them a new color and tone, a new interpretation of meaning. This can include methods such as "opening a new interpretation of the meaning of the general phrase, changing the lexical structure of

the phrase and expanding its semantic-stylistic functions, adding new metaphorical and figurative meanings to the phrase" [5, 70-b].

Various methods of processing phraseological expressions were widely studied by B. Yoldoshev. The most common ones in the literary text are as follows: 1. Replacing some words in the phrase: If you stay silent for three more days, you will become as weak as a mullah riding a bicycle. (S.Ahmad) We didn't even report that Mingboshi's so-and-so will catch our eye. Why are you silent? Have you stuffed cotton in your mouth? Is there a fool in the world who will throw an ax in his own foot? (Shepherd)

In the study of compounds used in a work of art, determining the amount (fund) of compounds within a work and classifying them according to their characteristic features, describing them structurally and semantically, and checking their function in the text are considered requirements of linguopoetic analysis. In such an analysis, the writer's ability to use available language units is also revealed.

When creating an artistic text, talented creators and writers skillfully use words, phrases, various combinations and syntactic units in such a way that by assigning them additional meaning, they increase the content of the text, enrich the text aesthetically, and at the same time, the reader has a high level of understanding of the text. they succeed in making an impression.

From this point of view, unusual combinations are one of the syntactic tools with a great potential for poetic actualization as an important unit of expressive syntax in artistic texts. Such unusual combinations found in the literary text acquire significant linguopoetic value, increase the colorfulness and meaningfulness of the text, complicate the semantic and artistic structure of the text to a certain extent, and increase its effectiveness. The author examines the existing ways of depicting reality in the artistic text, and he always directly or in different ways expresses his reaction to the depicted events. However, he does not simply tell the story, but consciously chooses the means of artistic impact on the reader. In this situation, the author feels the need for unusual combinations. Among them, the bitter wind, the brave beauty, the harsh speech, the restless century, the wind says (Said Ahmed); such as twisted speech, dead silence, cold light, faded eyelashes, the light of honesty, the eyes of the heart (Tahir Malik).

Unusual combinations are not always equal to all the words in the text in terms of linguopoetic value in the artistic text, the linguopoetic value of unusual combinations is significantly higher. In his work, the writer creates such combinations every time to express different meanings in accordance with his artistic intention. That is why the linguopoetics of such unusual combinations is of particular importance in the assessment of the writer's artistic skills.

References

1. Abdurahmonov H., Mahmudov N. Aesthetics of words, - Tashkent: Fan, 1981.

2. Nurmonov A., Sobirov A., Yusupova Sh. Modern Uzbek literary language. (Textbook for students of the second stage of academic lyceums) - Tashkent: Sharq, 2002.

3. Rustamov A. Navoi's artistic skills. - Tashkent: G`. Ghulam Literature and Art Publishing House, 1976.
4. Yoldoshev B. Fundamentals of phraseological methodology. - Samarkand, 1999.
5. Shomaksudov A. et al. Stylistics of the Uzbek language. - Tashkent, 1974

1960-1970 ЖЫЛДАРЫ ЖАЗЫЛҒАН ӘҢГІМЕЛЕРДЕГІ АДАМ МЕН ЖАНУАР ДОСТЫҒЫНЫҢ КОНЦЕПТ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Ж.О. Есениязова
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы қаласы

Аннотация. Бұл зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі достық концептісінің адам мен жануар арасындағы көрінісі, қолданылу аясы көрсетілді. Достық концептісіне байланысты шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, қандай концептілік анализ жүргізгендері жайында берілді. Аталмыш концептісінің репрезенттеуші лексемасының семаларына талдау жасалды, концепт құраушы формалар мысалдармен дәйектелді. Достық концептісінің мәнін ашуда әңгімелерде қолданылған мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, бата-тілек сөздер, нақыл сөздер көрсетілді.
Кілт сөздер: достық, жануар және адам, тілсіз байланыс, доместикация.

Annotation. In this research work, the concept of friendship in the Kazakh language between a person and an animal and the scope of its application were shown. A review of the work of foreign and domestic scientists related to the concept of friendship is given, and what kind of conceptual analysis they carried out. The schemes of representative lexemes of the specified concept were analyzed, the forms forming the concept were illustrated with examples. In revealing the meaning of the concept of friendship, proverbs, phrases, words of blessing, proverbs used in stories are shown.
Keywords: friendship, animal and human, non-verbal communication, domestication.

Адам мен жануар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты «доместикация» ілімі қалыптасқан. Доместикация (латын – үйдікі, қолға үйрету) – адамдар жануарларды қолға үйретіп, оның жаңа тұқымын алу, жабайы өсімдіктерді қолдан өсіру [1, б. 301]. Тас дәуірінде (б.з.б. 2,6 млн - б.з.б. 3 мыңжылдық) адамзаттың ең алғаш қолға үйреткен жануары қасқыр болған, одан ит тұқымы қалыптасқан. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, адам мен жануар байланысы тас дәуірінен бастау алады. Адам мен жануардың бұл қарым-қатынасы тарихта түрлі деректердің ашылуына және әдебиетте сан түрлі туындыларға арқау болған.

Орыс филологы О.В.Тарбеева «достық» концептісін зерттеу барысында Ф.И.Буслаев пен Э.Дик сынды зерттеуші-ғалымдардың еңбегіне сілтеме жасайды. Қос ғалымның анықтауынша, «достық» сөзі көне ағылшын тілінің «dryht» сөзінен шыққан [2, б. 26]. Бұл сөз «туысқандай жақын» деген ұғымға сай келеді. Әрі қарай зерттеу нәтижесінде «достық» сөзінің түп төркіні көне герман тілінің «dreug» сөзінен шыққан дегенге дәйекті дәлел айтылады. Аталмыш сөз «бірге болу, берік қатынас» дегенді білдіреді. «Dreug» сөзінің екінші мағынасы – ағаш, тоғай. Ғалымдар бұл сөзді ағаш тамырындай берік болу деген ұғыммен байланыстырған. Аталмыш сөзден орыстың друг, дружба, дружина, друзья

сөздері өрбіген. Орыс тіліндегі «друг» сөзі екі түрлі семаға ие: біріншіден, «өзге жан, басқа (другой)» дегенді білдірсе, екіншіден, «екінші мен (другой я)» деген мағынаны береді. Осы теорияға байланысты Д.Н.Ушаков «серік», «жолдас» пен «дос» ұғымын іштей ажыратқан болатын. О.В.Тарбееваның зерттеуінше, ағылшын, неміс, француз сынды тілдерде «дос» сөзі «өзге» дегенді білдіретін «other, another» сөздеріне қатысы жоқ, бұл теория тікелей орыс және қазақ тілдеріне байланысты. Және О.В.Тарбеева мұндай берік қатынас тек адамдардың ғана арасында болмайды (адам мен жануар арасында да болады) және бұл өмірде де, әдебиетте де молынан көрініс береді деп көрсетеді.

«Дос» сөзінің шығуын түркі тілдерінде араб, парсы-иран тілдерімен байланыста қарайды. Парсы тілінде «дуст» сөзі «дос» мағынасына ие. Осы ізбен өзбек тілінде «дуст, дустлик» сөздері қалыптасқан. Мысалы, Дустин коп бөлса, душманиң ёқ бөладі. Минг сомиң бөлганша, юз достиң булсин. Дуст - дустсиз умир бош. Ахили копни дау олмайди, дусти копни доу олмайди. Дәл осы мақал-мәтелдерді қазақ тілінен де кездестіреміз. Түркі тілдерінде «Күнічүк» есімі кездеседі. Н.Баскаковтың зерттеуінше, бұл сөздің түп төркіні көне түркі тіліндегі «күнеш, гүнеш» сөздерінен шыққан. Егер де көне түркі тілдерінде аталмыш мағыналарды білдіретін «күн» сөзі болмаған болса, онда К. Гренбичтің «күн» сөзіне еркелету формасындағы «чүк» аффиксінің жалғануы нәтижесінде «досым» немесе «достым» мағынасындағы күнічүк сөзі пайда болған дейтін пікірі бар. Яғни, түркі халқы жанындағы серігін күнге, жарыққа теңеген. Бұл тұста да адам мен табиғат арасындағы байланысқа куә боламыз.

Қазақ танымында дос сөзі тек адамға қарата қолданылмайды, сонымен қатар жан-жануарларға, жансыз заттарға да жұмсалады. Оған төмендегідей тілдік бірліктер дәлел бола алады: Ит – адамның досы, Саған пейілі жаманды ит қабады, Ниеті жаманды Құдай табады, Иттің дос болғаны жақсы, ал досыңның ит болғаны жаман, Арғымақ жылқы адамға дос, Жылқы қияға тартады, Сиыр жыраға тартады және т.б. Бұл зерттеулерге сүйенсек, достық туралы тұжырым жасау, жазу және оның тек адамдар арасында болуымен шектелмейтіндігі туралы ойлау мифтік сана кезеңінен бастау алады.

А.Вежбицкаяның зерттеуі бойынша, адам мен адамды, адам мен жануарды көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын ерекше рухани сезім байланыстырады [3, б. 114]. Ғалымның анықтауынша, кіммен дос болса да, бірі екіншісінен көмек күтеді, адал болғандығын талап етеді, жағымды-жағымсыз эмоциясын ашық білдіреді және толықтай сенеді. Бұл аталмыш ерекшеліктерді әдебиеттегі кейіпкерлердің бойынан анық байқай аламыз. Мысалы, орыс әдебиетінде И.Тургеневтің «Муму» әңгімесі, А.Чеховтың «Каштанка», Л.Андреева «Кусака» шығармалары адам мен ит арасындағы, Д.Пеннак «Глаз Волка» шығармасында адам мен қасқыр арасындағы достықты анық көрсетеді.

Қазір антропоөзектік парадигма кезеңінде түрлі тоғыспалы ғылымдар пайда болғаны белгілі. Ол қатарда теолингвистика, когнитивті лингвистика, этнолингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б ғылымдарды атай аламыз. Бірақ доместикация ілімі мен лингвистика арасындағы байланыс толық зерттеу нысанына айналмаған. Е.В.Шелестюк «Доместикацияға

лингвистикалық бағалау» атты еңбегінде екі ғылымның байланысына тоқталып өтеді. Ғалымның пікірінше, доместикация ілімі бойынша адамдар жануарларды қолға үйретеді, ал лингвистиканың оған бір қатысы ретінде адамдардың жануарларды шақыруда түрлі одағайларды, басқа да тілдік бірліктерді молынан қолдануын айтамыз [4, б. 78].

Қазақ әдебиетінде жылқы мен адам арасындағы байланысты көрсету мифтік аңыздардан бастау алады. С.Қондыбай арғымақ сөзіне төмендегідей ақпарат береді. «Арғымақ – жылқының таңдаулысы. Этимологиялық талдау жасасақ, арғымақ – арғы түпкі ана, яғни адам жаратушы арғы ана. Мифологияда жылқы малынан адам жаратылуы туралы мотивтер кездеседі. Екеуінің арасында ажырамас байланыс бар» [5, б. 62]. Бағзыдан келе жатқан көшпенділер танымына зер салсақ, адамға ең жақын төрт түлік мал түрлеріне, соның ішінде жылқы малына көбірек ат берген. Бұл ең әуелі – адам мен жан-жануар арасындағы достық сезімге қазақ халқының ерекше ықыласы, құрметі еді. Өйткені қазақ халқы, түркілер тек адам нәсілін, яғни саналы, рухы бар тіршілік иесін басқалардан жоғары санап, оларды «кім?» деп, өзге жан-жануарлар мен тіршілік иелерін «не?» деп тіл арқылы да ажыратқан. Қазақы танымда ат қою – рухы, санасы бар адамзат баласына тиесілі ерекше құбылыс. Ал жан-жануардан өздеріне ең жақын төрт түлік мал мен итке, солардың ішінде айрықша есті, ерекше қасиетті, тектілігімен бітімі бөлек түрлеріне ғана ат беріп, оны адам деңгейіне көтеріп, өзінің досы санаған. Міне, бұл – достықтың жоғары сападағы қасиеттен туып, оның адамдар арасында ғана емес, адам мен жан-жануар арасында да болатынына нанымды дәйек.

1960-1970 жылдар аралығындағы қазақ әңгімелерінде де адам мен жануар арасындағы достық байланысты анық байқай аламыз. Бұл тақырып көптеген тың туындыларды тудырды. Бұл туралы Н.Халикова төмендегідей ғылыми пікірін білдіреді: «60-80-жылдары өмір құбылыстарын суреттеу барысында халықтың дәстүрлі мәдениет үлгілерін әр қырынан таныта білген қаламгерлер аз болмады. Соның бірі тұлпар тағдырына байланысты көріністер, атбегілік, бәйге атын ұстау, тұлпарды баптау мен сынау, оны бәйгеге қосу сияқты қазақ халқының дәстүрлі кәсібіне айналған өнер түрлерін баяндайтын қаламгерлер туындыларының әдебиетте алатын орны ерекше. Жазушылар адам тағдырының қыр-сырын терең зерттеп, оны көркем туындыға айналдырумен қатар тұлпар тағдырына да көп мән береді [6, б. 108]. Соның ішінде қазақ үшін жеті қазынаның бірі болып саналатын асыл тұқымды жылқы мен адам арасындағы достық бірнеше әңгімелерге арқау болды.

Жылқы мен адам арасындағы байланысқа құрылған Қалдарбек Найманбаевтың шығармасы – «Таңертеңнен түске дейін» әңгімесі. Әңгіме басында Найзабайдың ынжық інісіне өзінің көзіне түскен қызды алып беруі – ескі салттың бір көрінісі екенін байқатады. Шығармада Найзабай бірінші әйелі Аппаққыз қаза болған соң, Бәйгеторыны ғана жанына серік етті. Дегенмен, Найзабай әйелінің қабірін суытпай, қосағы көкпарда қаза болған Оразбике деген әйелді алғанын көреміз. Бұл – ұлттық әдет-ғұрыптың тоза бастауын көрсетеді. Әрі қарай алпыстан асқан шағында тұңғышы өмірге келген Найзабай қуанғаннан

көкпарға өзі қатысады. Оны бұлай желіктірген, біріншіден, баласының өмірге келуі болса, екіншіден, жылқысына деген адал сезімі, көкпарға деген құмарлығы еді. Жылқыны суреттеуде автордың Абай келтірген эпиттерді қолданғанын байқаймыз. Мәселен: қамыс құлақ, ой желке, кең сауыр. Бірақ басты кейіпкер Найзабайдың өлімі сол Бәйгеторыдан болады. Әңгіменің соңында: «Ертеңіне шалды шығарып бара жатқанда Бәйгеторының көзіндегі мөлтілдеген тамшыны ешкім көрген жоқ» [7, б. 48] деп беріледі. Сол түні Бәйгеторы Қозыкөш деген жердегі қорымға барып, жас қабірдің басында ұзақ тұрғанын автор штрихтармен нақ береді. Және сол түні жарық дүниеге жаңа келген сәби де тыншу көрмей, көп жылайды. Бұл аталмыш үш сөйлем арқылы автор философиялық ойды меңзейді. Жылқы малының сезімталдығын, адамзатқа адал екендігін автор ұтымды жеткізген. Көшпелі кезеңде иесі қайтыс болған жылқыны басқа жаққа байлап қоятын да болған. Тұлпардың иесін соңғы сапарға қимайтындығын, осы нәзік сезімге автордың екпін (акцент) түсіруі – жазушының жетістігі. «Қ.Найманбаев «Таңертеңнен түске дейін» әңгімесі адам мен жылқы арасындағы нәзік сезімге құралған, сол арқылы табиғат заңының өмірдегі көрінісін көрсеткен. Астарында ұлттық мүдде, әлеуметтік, таптық көзқарас жатыр» [8, б. 8]. Ерекше қатынастағы достық концептісінің фреймі «жануардың иесі үшін жас төгуі», «иесінің тек жылқыны жанына серік етуі», «жылқы – жолдас» сынды бірліктермен толыға түскен. Сонымен қатар әңгімеде мақал-мәтелдер молынан қолданылған. Мысалы, «Ат мұратқа жеткізер», «Жақсы ат ажалға ара тұрмаса да, жаудан құтқарар», «Ат – ердің қанаты». Және бас кейіпкер бәйгеге қосатын жүйрік жылқысын «арғымақ, сәйгүлік, ақ тұлпар» деп үнемі мадақтап отырғанын көреміз. Әңгімеде «Бәйгеторым бойтұмарым сияқты. Қайда да, қашан да қасымда» [7, б. 30] деген үзіндіден достық концептісін айқындаудағы схема формасын байқаймыз. Себебі автор жылқысымен жолдас, дос болуды көзбен көріп, қолмен ұстай алатын бойтұмарға теңеп тұр.

Қазақ халқының ертегілерінде де, әңгімелерінде де адамның мақсатқа жету жолында ең басты көмекшісі, жақсы жолдасы ретінде тұлпар ат бейнеленіп, адам кейпінде, яғни антропоморфыланған кейіпкер ретінде беріліп отырады. Жазушы бұл тың туындысы арқылы жылқы түлігінің адам, ел, халық, ұлт тағдырымен тікелей байланысын ашқан, адам және жылқы байланысымен қазақ халқының психологиясын айқын көрсетеді.

Бұл әңгімелерге қоса, Тәкен Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры», «Көкпар», А.Сүлейменовтың «Қара шал», Ш.Құмарова «Тұлпарлар», Д.Досжановтың «Шабандоз» шығармаларында да бәйгеге ат қосып, көкпар тартып, ат құлағында ойнаған қазақтың атқа, бәйгеге деген құштарлықтарына куә боламыз. Тұлпарлар тағдырымен қатар, адам өмірінің шындықтарын да авторлар нақ берген.

Жазушылар адам мен жылқы арасындағы достықты, нәзік сезімді көрсетіп, сол арқылы үлкен әлеуметтік, ұлттық мүдделерді көтере білді. Адам мен жылқының қатынасынан «жылқы мінез» тіркесі де қалыптасқан. «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі» бойынша, «жылқы мінез дегеніміз – төзімді, шыдамды, қажыр-қайратын бойына жиған адам» [9, б. 64]. Әңгімелерге анализ жасағанымыздан байқағанымыздай, жеті қазынаның бірі саналатын

жылқы түлігі мен адамның достығы арқылы қазақ халқының психологиясы анық көрінеді.

Адам мен жануар арасындағы рухани байланысқа құрылған шығарма – Хамза Есенжановтың 1966 жылы жарық көрген «Ажалы жоқ» әңгімесі. Әңгімеде жігіт пен қозының достығы баяндалады. Жігіттің қозысына деген достығы бақыт ұғымымен байланыстырылады: «Адам бақыттың шалғайына жабысып қала алмайды. Бақты да, сорды да таңдамайсың ғой» [10, б. 127]. Яғни, достық концептісінің фрейм формасы «достық – бақыт», «жанашыр болу», «өзге үшін уайымдау, қайғыру» сынды бірліктермен толыға түседі.

Шығармада жігіт пен қозы арасындағы достықты көрсететін арнайы автор теңеулері қолданылған: ынтымақ пен бірліктің ұясындай, ажырамас тауы мен тасындай. Және детальдармен өте жеңіл тілде жазылып шыққан шығарма. Сонымен қатар достық концептісінің мәнінің ашыла түсуін жігіттің «кей құрбы бүгін – тату, ертең – қату деген, ал сен мені сөзсіз түсінесің, қозым» [10, б. 126] деген сөзінен көре аламыз.

Зерттеуші Марта Уильямстың анықтауынша: «В каждом из нас заложена способность интуитивно общаться с природой – по-настоящему разговаривать с другими живыми существами, обмениваясь на расстоянии мыслями, эмоциями и образами. Интуитивное общение – не то же самое, что считывание языка тела, это ощущения другую чувственную информацию без помощи голоса или жестов» [11, б. 33]. Осы анықтаманы тәжірибе жүзінде іске асқанын жігіттің қозысына деген достығынан көре аламыз. Ызғарлы түндерде қасына алып жататыны, оны соғымға қимауы, сүзеген Зорьканың өзі де оған тиіспеуі, қарттың да оған деген оң көзқарасы арқылы арадағы достыққа ерекше екпін (акцент) түсіріледі.

Зерттеу жұмысымызда аты аталған қаламгерлер адам мен жануар достығын дәріптей отырып, кеңестік жүйеге деген, оның салт пен сенім, жасанды қағидалар мен моральдық-этикалық нормаларға, гуманистік принциптерге жақындамайтын тұстарына деген үлкен келіспеушілігін батыл танытып отырды. Бұл кезеңдегі қазақ әңгімелері туралы филология ғылымдарының кандидаты Н.Смағұлова төмендегідей ғылыми пікір білдіреді: «1960-80 жылдар аралығында қазақ жазушылары өз шығармаларында тоталитарлық қоғамда өмір сүріп жатырған адамның ішкі жан дүниесі, өзін қоршаған ортаға деген көзқарасы, оны қабылдаудағы дүниетанымының көкжиегі қандай деген мәселені көтерді. Осы тұрғыдан келгенде олар адам мен адам, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты көріп, тани білді» [12, б. 115] – деп көрсетеді.

Қазақ халқына тән қасиет (қонақжайлылық, достық), ұлттық сипат шағын жанрда шынайы бейнеленіп, лиризм мен психологизм дами түсті. Қазақты ұлт ретінде танытуда, болмысын ашуда достық концептісі айрықша рөл атқарды және әңгіме жанры үшін 1960-1970 жылдар табысты болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Иорданский Н. Большая российская энциклопедия. – Москва: Зева, 2004. - 786 с.

2. Тарбеева О.В. Сопоставительный анализ концептов друг/friend в английском и русском языках: канд. дис. – Москва, 2005. - 163 с.
3. Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов: канд. дис. – Москва: Языки славянской культуры, 2001. - 287 с.
4. Шелестюк Е.В. Доместикацияға лингвистикалық бағалау. – Челябинск, 2016. - 180 с.
5. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Зерде, 1999. - 303 б.
6. Халикова Н. Қазақ прозасындағы кейіпкер даралығы және көркемдік шешім (1960-1980жж): канд. дис. – Алматы, 2007. - 128 б.
7. Найманбаев Қ. Таңертеңнен түске дейін // Жамбыл, 2008. – 20-21 маусым (№4). - 22-48 б.
8. Найманбаев Қ. (1939-2004) шығармашылығына шолу // Егемен Қазақстан, 2011. – 24 қыркүйек (№38). - 8 б.
9. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь. 1997. - 368 б.
10. Есенжанов Х. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мереке, 2014. -390 б.
11. Уильямс М. По ту сторону слов. – Санк-Петербург: Весь, 2010. - 160 с.
12. Смағұлова Н. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты (1960-2000): канд. дис. – Астана, 2007. - 117 б.

ӘДЕБИЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ, ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

А.Қ.Алдиярова
А.Жубанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Ұлттық характер - көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат-ерекшеліктері. Әдеби характер адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет ерекшеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан да оны жекелеген қасиет-сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік-тұтастығы, синтезі деп қараған жөн.
Түйін сөздер: ұлттық характер, этнопсихология, поэзия, ерекшеліктер, қазақ.

Аннотация. Национальный характер - психологические, нравственные характеристики и особенности поведения, мыслей и чувств персонажа в художественном произведении. Литературный характер создается путем суммирования особенностей поведения и поступков человека в жизни, выделения их, возведения на типичный уровень, изображения в форме. Вот почему его следует рассматривать не как совокупность отдельных свойств, а как их единство и синтез.
Ключевые слова: национальный характер, этнопсихология, поэзия, этносы, казахи.

Annotation. National character - psychological, moral characteristics and peculiarities of the character's behavior, thoughts and feelings in the work of art. Literary character is created by summing up the characteristics of a person's behavior and actions in life, highlighting them, raising

them to a typical level, and depicting them in a form. That is why it should not be considered as a combination of individual properties, but as their unity and synthesis.

Keywords: national character, ethnopsychology, poetry, ethnicities, Kazakh.

Қазақстанда этнопсихология XX ғасырдың 90-жылдарының басында ұлттық сана-сезімнің өсуіне байланысты мемлекеттің егемендігін жариялау арқасында үлкен серпіліске ие болды. Бұл кезеңде Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің дербес даму жолына түсті. Мұндағы басты ерекшелік – ел экономикасының нарықтық қатынастарға өтуі болды. Этнопсихологиялық ілім-білімге ден қою ерте кезден бастап-ақ пайда болғанын жоғарыда айтып кеттік. Кейбір мәселелер күні бүгінге дейін психологтарды ойландырып, қазақ психологиясының тарихында әлі де шешуін таппаған «ақтаңдақ» болып келген мәселелер баршылық, бұл мәселелер өзіне көңіл аударуды қажет етіп отыр.

Этнопсихологиялық мәселелер еліміз егемендігін жариялап, тәуелсіз мемлекет болуға қадам басқаннан кейін, бұрынғы ұлт республикасында, соның ішінде, Қазақстанда кең өріс ала бастады. Бұрынырақ этнопсихология ұғымы ғылыми әдебиеттерде өте сирек қолданылатын. Мәселен, Ресейде 1927 жылы Г.Г. Шпеттің «Этнопсихологияға кіріспе» атты монографиясында бұл термин алғаш рет аталды [40,13б.]. Қазақстандағы этнопсихологияға арналған алғашқы еңбек *Н.Жанділдиннің* «Ұлттық психологияның табиғаты» (1971) деуге болады. Мұнда, негізінен, әлемдік этнопсихологияның жалпы мәселелері сөз болады. Автор ұлттық және этникалық сана-сезімнің арасындағы айырмашылық, ұлттық сана-сезім, этникалық сананың жоғарғы нысаны, әртүрлі халық өкілдерінің сана-сезімі сияқты мәселелерге көңіл бөледі. Ғалым мынадай тұжырым жасайды: «ұлттар бір-бірінен олардың жалпы психологиясының сипаты бойынша ажыратылмайды, әрқайсысына тән ұлттық ерекшеліктердің формасы арқылы ерекшеленеді» [41, 9б.].

Белгілі ұлттың халықтың өмір тануы, оны қабылдауы өзі тұратын ортаға, қоғамдық хал жағдайға, географиялық, климаттық тұрақтылыққа байланысты. Туып, қалыптасып жататыны сияқты оның образды ойы да көркемдік түсініктері де әлгімен тығыз байланысты ұлтқа халыққа тән өзгешеліктер, айырым белгілер алдымен мазмұн, мән мағына ретінде қаралуы тиіс. Өйткені басқалық, өзгелік сол мазмұнға байланысты ғана байқалып танылмақ.

Поэзияның фольклорлық түрінен бастап, негізін Абай қалаған жазба поэзияға дейінгі, онан соң бүгінгі дәуірдің поэзиясына дейінгі ұзақ творчестволық жол дәстүрлі жаңашылдыққа бай. Көне заманнан бері бар сөздік өнерін поэзия түрінде сақтап келген халықтың қалыптасқан ұлттық дәстүрі мол. Ұлттық дәстүрлердің көріну, байқалу жайлары сан алуан. Ең алдымен көзге түсетіні тұрақты ұлттық психикаға, мінезге байланысты. Туған белгілер. Ал психика да, мінез де белгілі бір халықтың, ұлттың белгілі бір мекенде, белгілі бір мезгілде белгілі қалыппен өмір сүруіне байланысты түзіледі. Психика дегенде өмір тану, өмір білу, тіршілік қамына, табиғат жайына байланысты орныққан мінез құлықты, түсінікті айтамыз.

Поэзиядағы ұлттық дәстүр боп ұзақ жылдар бойы қалыптасқан сарын, мотив, тұрақтанған бейнелеу құралдары да осыдан таралмақ. Бейнелеу құралдарының

бар арсеналы-қазақтың кең даласы, ондағы табиғат көрінісі, жан-жануарлардың өмір тіршілігі, күн сәулесі, айлы түн келбеті, қамысты көлдің айдыны секілділер. Қазақ ұғымының маңызды факторлары болған табиғат пен қоғамдағы типтік көріністер. Өлең мен жырдың, халықтық поэмалардың түр формаларына байланысты ерекшеліктер өз алдына бір сала. Жыр, толғау, желдірме, қара өлең, айтыстың сан алуан түрлері, тақпақ, жаңылтпаш т.б формалар өзінің бағыт мақсатына қарай қазақ поэзиясында белгілі ұлттық ерекшеліктер қалдырған.

Ұлттық характер – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат-ерекшеліктері. Әдеби характер адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет ерекшеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады.

Кейіпкердің бір-бірімен қарым-қатынасы олардың характерлерін барынша толық аша түседі. Әдеби кейіпкердің характері шығармада оның іс-әрекеттерін суреттеу арқылы, психологиясы, жан дүниесі тікелей бейнеленуі, яғни мінез арқылы айқындалып, сондай-ақ сыр-сымбатын, бой-тұласын, бет-әлпетін, сөйлеу ерекшелігін көрсету, яғни жанама мінездеу арқылы жан-жақты ашыла түседі.

«Ақын өлеңдеріне қарап отырсақ, мұңаю, уайымға салыну да кезігіп қалып жатады алайда мұңаю, жабығудың бәрі зиянды, мәні аз деуге болмайды. Күйзелу арқылы да адамдардың өсу мүмкіндігі бар, адамды жамандық арқылы сынап тексеру, оның егілген тұстарындағы адамгершілігіне үңіле білу, адам өмірін жан-жақты, терең зерттеуге бағыттайтын бір жол осында. Т.Молдағалиевтің жетістігі де осы – ол адамды шаттану ғана емес, қапаланған сәтінен де кең алып, жан-жақты қарастырады» [3,16 б.].

М.М. Әуезов айтқандай: «Халықтың тілі мен психологиясында дүниені қабылдауы мен оны көркем бейнелеуінде әрқашан ұлттық сипат, нышан басым болады».

Сол секілді С.Негимов: «Ақын міндеті – сөзге қанат бітіруінде, сөз бен сөзді жалғастырып, кару қайратын қосып, ойды тербейтін, бойды билейтін поэзиялық образ жасауында. Ақын дыбыстардың үніне зейін зейін салмаса, бояу-суреттер тағдырын жіті үңілмесе, өлең өрімдей сұлу болып шықпақ емес. Халықтың ұшан-теңіз бай тілін, рухани өмірі мен қазынасын, тұрмыс- алатындай көркемдік қабылеті мен эстетикалық өткір талғамы болуы қажет», - деп жазады.

Ақынның жеке басының сезім күйлері тек бір адамның тіршілігін күйттемей, жалпы адамға тән сипаттарды кеңінен бейнелей алғанда ғана қоғамдық мәнге ие болады. Ақынды жеке адам деп қарау аз, ол қоғам өкілі, адамзат өкілі. Ол өзін, өзінің басынан кешкенін, қуаныш сүйінішін көрсете отырып, халықтық сезімді бейнелейді. Оның өлеңдерін оқи отырып, сен де суреттелген жайларды бірге сезінесің, бірге қуанып, қайғырасың.

Тұманбай өлеңдерінің баршаға ортақ сипаты да осында. Ол суреттеген сезімдер біздің бәріміз басымыздан өткізген, өткізетін дүниелер. Ең бастысы Тұманбай өлеңдерінде осының бәрі қарапайым көрініс табады, төгіліп тұрған өлеңге айналады.

Тұманбай шығармашылығының сабақтастығы тек оның бұрыңғы соңғы жазғандарының өзара іштей байланысынан ғана емес, ұрпақтар жалғастығын бейнелеуінен де анық көрінеді. Ол өзін екі ұрпақтың жалғастырушысы сезінеді. «Мөлт еткен көздің жасымен, Арманның ауылдасымен, кейінгілердің басымын, бұрынғылардың жасымын» дейді.

Ақынның жаңа өлеңдерінің лирикалық қаһарманы баяғыдай бақ ішінде сайрандаушы, құштар сезімнің адамы емес, сол бақта ойға батып жалғыз қыдырып жүрген ой дүниесінің иесі. Көңілі сергек, жүрегі адал, жаны ақ қалпында.

Ақындықтың құпия сыры да осы тектес оқыс мінездермен ерекшеленеді. «Бойыма ас батпайды, ауырамын. Егер де жазбай кетсем үш күн өлең» дейді Тұманбай. Бұл шындық. Ол шындықты творчество адамдары ғана түсінеді. Ақындық сөз буып, мезгілінде жазылмаса, сыртқа шықпаса, ауыртатыны да нанымды. Сондықтан ақын үшін өлеңнен биік нәрсе жоқ, ол әкімдікке құмартпайды. Өзін биік тұрғыда отырмын деп ұғынады, кіммен де болса, биіктікке таласады.

Осы тұрғыдан алғанда, Т.Молдағалиев нағыз көркемдік қабілеті жоғары, эстетикалық талғамы биік қаламгер. Т.Молдағалиевттің поэзиядағы кейіпкердің санасында жеке бастық, тұлғалық, эпикалық, лирикалық, романтикалық таным элементтері бір арнаға тоғысады. Сонымен қатар ақын өлеңдерінде фольклорлық таным элементтері, фольклорлық мифологиялық әуендер де айқын айқын көрініс тауып отырады.

Сондай-ақ, ақын көненің көзінен бастау алған жырларында өткеннің өнегелі сабақтарын бүгінге жеткізуді басты мақсат тұтады.

Ақынның жан сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктері поэзия тіліне айнымай көшеді. Оның өлеңдеріне үңілсек, ақын жасаған образдар мен тіл кестесінде сөз еткен өмірлік мәселелерде қаламгердің танымы мен білім дәрежесі, сусындаған поэзия мектептері аңғарылады.

Қазақ әдебиеті қазіргі таңда поэтикалық жағынан алғанда әлемдік әдебиет жаһарларына қойылатын талаптардың барлығына жауап береді. Әдеби жанрларды игеру, олардың көркемдік әлемін ашу, кейіпкерлерді даралау, психологиялық талдаулар жасау жағынан алғанда әдебиетіміздегі көркемдік көкжиектері жылдан жылға кеңейіп өзінің поэтикалық жағынан жетілгенін айқындап келеді. Поэзиялық туындылар қазіргі таңда ағым-бағыты, стилі, жанрдың сипатын ашуы жағынан ерекше бір көркемдік құбылысқа айналған. Лирикалық туындылардың көркем әдебиет жанрлары ішінде өзіндік маңызды орны бар.

Лирикалық туындыларды зерттеу жағынан алғанда қазақ әдебиеттану ғылымы ауыз толтырып айтарлық жетістіктерге жетті. XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымының дамуы көкжиегі лирикалық шығармаларды зерттеуде, оның «су астындағы бөлігін» талқылап тануда, туындылардың тереңіне бойлап көркемдік ерекшелігін ашуда табыстарға жетті

Ол елімен ғана емес, жерімең туған даланың табиғатымен туысып кеткен. Кейде қайың бой түзеп жел болып еркін өседі. Отаншылдық деген де осы. Туған елі мен Отанының патриоты болу сезімі оған ана сүтімен, даласымен дарыған. Келген көктем де көркімен оны туған өлкесімен жақындатып кетеді. Сондықтан да ақын рухы табиғаттай биік. Оның Алатауды, Көкшені, Абай елі мен жерін сүюінде де ақындық рухтың асқақтығы көрінеді. Қорыта келгенде, махаббат әлемінде өзіндік орны бар ақын. *Т.Молдағалиев* лирикалық қаһарман мен лирикалық бейне арасындағы сезім қылын шертуде жоғарыда келтірілген мысалдар әрі көркемдігімен, әрі бір-бірімен жымдаса келіп, махаббат тақырыбына назар аударуға, оны қорғау идеясын ашуға қызмет еткен.

Бұл – қазақ поэзиясында ақынның өзіндік шоқтығы бар тұлға екендігінің дәлелі. Ойды жай жеткізудің арасындағы ара салмақты өлшеп жатудың өзі артық. Бейнелі сөз жағымды, әсерлі естілумен қатар, сөйлеушінің көңіл-күйін, көзқарасын, талғамын, бағасын байқататындығы анық. Белгілі ғалым

Т.Қоңыров өте орынды аңғартады: «Ол – әдебиет өсіп-өнетін топырақ, ол – әдебиет тыныстайтын ауа»деген. Ендеше, махаббат лирикасы тақырыбын қарастырғанда да тіл бейнелілігі мәселесіне көңіл бөлген жөн.

Қазақ халқының ұлттық мінезін қалыптастыруға әлеуметтік экономикалық, географиялық жағдайлар көп ықпал етті. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттық психология Н. Елікбаев қазақ ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән берді. Қазақтардың ұлттық психологиясы қалыптасуына көз жібере отырып, оның компоненттерін былай деп жіктейді: *ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім, ұлттық талғам, ұлттық қызығушылық, ұлттық салт-дәстүр.* Сонымен қатар оның көзқарасы таптық категорияны қолданумен ерекшеленеді. Сол көзқарас тұрғысынан адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқы түсіндіріледі. Автордың пікірінше, ұлттық психология таптар психологиясының көрінісі болып табылады [4,44б.].

К. Жүкеш те қазақтың ұлттық психологиялық құрылымы туралы зерттеулер жүргізді. Оның пікірінше, *психологиялық құрылым ұлттық мінез, өзіндік сана, сезімдік қызығушылықтардан* тұрады. Ғалым ұлттық психологияның негізгі компоненттерін талдай отыра, оның толық мазмұны қоғам дамуының деңгейіне тәуелді екенін атап өткен. Автордың пайымдауынша, ***этнопсихологиялық зерттеулердің тағы бір ерекшелігі – екі әлеуметтік топтың пайда болуы*** (ұлттық зиялы қауым және кадрлар) халықтың кейбір мінездері қалыптасуына ықпал етеді. Сол себепті де бұл екі топта қазақтың ұлттық психологиясын толық сақтайтын қадір-қасиеттер болмайды.

Қазақ халқының ұлттық психологиясы жайлы сындарлы еңбектердің авторы Д. Кішібеков. Ол өз зерттеулерінде қазақ менталитетінің ұлттық ерекшеліктерін зерттейді. *«Менталитет» ұғымы* өзіне – ойлау қалпын, ұлттық мінез-құлықты, өмір салтын, дәстүрлерді, әдеп-ғұрыптарды қосады», – дейді автор. Өзге сөзбен айтқанда, бұл қазақ халқының руханилығы. Осы қасиеттер негізінде ұлт, халық бейнесі жасалынады. Нақты іс-әрекетсіз, салт-дәстүрсіз, ұлттық мінезсіз – менталитет жоқ. Менталитет халықтық дәстүрлерден көрініс табады. Оның

көмегімен қазақтар әлемді таниды. Ал дәстүрге дін, халық, наным-сенімі, тыйым сөздер, астрономиялық көзқарастар, халықтың қолданбалы еңбегі жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ.Б. Этнопсихология ұлт тәрбиесінің өзегі. – Алматы, 2005ж.
2. Жарикбаев К.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996ж.
3. Налчаджян А.М. Этнопсихология // Учебное пособие. Питер., 2004 г.
4. Шпет Г.Г. Введение в этническую психологию. – М.,1998 г.

ӘЗІЛ ДИСКУРСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.А. Рысмагамбетова
Гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты,
Ақтөбе қаласы,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада әзіл дискурсының жанрлық кеңістігі қарастырылады, жанр түсінігі мен жанрларды жіктеуге қатысты әртүрлі тәсілдер талданады. Әзіл дискурсы ішіндегі жанрларды іріктеу көптеген жанрлардың бұлыңғырлығынан қиынға соғатыны көрсетілген. Әзіл дискурсын өріс ретінде көрсете отырып, автор жанрлардың орталықтан шетке қарай орналасуын ерекше көрсетеді.

Сөйлесушілердің бейресми тілдік тұтастығы мен сөйлеу жанрының таныс болуы, тілдің әртүрлі күрделі, кешенді өзара байланысы сөйлеу және коммуникативтік бірліктері арқылы қалыптасады.

Жанрлар жүйесі сол әлеуметтік құндылықтар жүйесін бекітеді: бір жағынан әрбір жанрда оның мақсаты мен мәнін анықтайтын өз құндылықтар жүйесі тұр, екінші жағынан жанрдың өзі жалпы коммуникация үшін құндылық болып табылады. Сөйлеу жанрын (речевой жанр) сөйлеу әрекеттерімен емес, мәтінмен байланыстыру мақсатқа сай, себебі мәтінде тақырыптық немесе логикалық-прагматикалық аяқталу бар.

Әзіл дискурсы түсінігін зерттеу барысында дискурс ұғымына кіретін сөйлеу жанрын қарастыру қажеттілігі туындайды. Кез-келген дискурс түрін қабылдауда жанрлық күтілім үлкен мағынаға ие, тыңдаушыны қандай да бір типтік коммуникативтік жағдайға ыңғайлайды.

Түйін сөздер: жанр, әзіл дискурсы, коммуникация, жіктеу, күлкі, әзіл, қағытпа, сықақ, қалжың, сатира

Abstract. The article discusses the genre space of humorous discourse, analyse various approaches to the concept of genre and classification of genres. The selection of genres within humorous discourse has been shown to be difficult due to the blurring of many genres. Presenting humorous discourse as a field, the author emphasizes the arrangement of genres from the center to the periphery.

The informal linguistic integrity of the interlocutors and the familiarity of the genre of speech, various complex, complex interrelationships of the language are formed through speech and communicative units.

The system of genres establishes the same system of social values: on the one hand, each genre has its own system of values that determine its purpose and essence, on the other hand, the genre itself is a value for communication in general. It is expedient to associate the genre of speech with the text, and not with speech actions, because the text has a thematic or logical-pragmatic ending.

In the process of studying the concept of humorous discourse, there is a need to consider the genre of speech included in the concept of discourse. In the perception of any type of discourse, genre expectations are of great importance, setting the listener in some typical communicative situation.

Keywords: genre, humorous discourse, communication, classification, laughter, humor, knock, joke, satire.

Көптеген зерттеушілер, тілшілер, лингвист ғалымдар әзіл дискурсын зерттеп келеді, оған қарамастан әзіл дискурсының нақты ережесі әлі күнге дейін жоқ. Әзіл дискурсына әртүрлі көзқарастарды өзімізге икемдеп зерттеуді жөн санадық. В.И. Карасиктің пікірінше «әзіл дискурсы күлкі қарым-қатынасы жағдайындағы мәтін болып табылады» [18]

Кез келген дискурстың жанрлық ерекшелігі туралы мәселе жанрлардың жалпы типологиясын жасау және дискурстың осы түрінің толық жанрлық картинасын құрастыру үшін қажет. А.Вежбицкаяның пікірінше, тілмен ерекшеленетін сөйлеу жанрлары қоғам мәдениетінің кілті болып табылады [4]. Сөйлеуде грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдар қалай ұйымдастырылса, сөйлеу жанрлары да солай ұйымдастырылады. М.М.Бахтин сөйлеу жанрын айтылымның өзі емес, айтылымның типтік түрі деп түсінеді [1]. Осылайша, жанрлар жеке тіл ерекшеліктерінен абстракцияланған кейбір дерексіз сызбаларды елестетеді [7].

Лингвистика ғылымында жанр ұғымының өзін анықтауға бірнеше көзқарастарды ұсынуға болады. Әдебиеттануда жанр деп ортақ мақсат қоюмен, ұқсас композициялық формалармен және тақырыптық бір өлшемділікпен біріктірілген мәтіндік шығармалар түрі түсініледі [12]. Функционалды-стилистикалық әдіс аясында, оның мәні сөйлеуді (мәтінді) ұйымдастырудың заңды белгілерін және қоғамдық сананың нысаны мен әлеуметтік-мәдени қызмет түрі ретінде мәтіндік әрекетті жүзеге асыру әдісін, функционалдық адамның сана-сезімі мен іс-әрекетінің маңызды салаларымен байланысқан стильдер анықталады. Функционалды-стилистикалық тәсіл сөйлеу шығармасын талдаудың бағытын, оның стильдік ерекшеліктерін – ең жалпы сипаттамалардан бастап типтік ерекшеліктерге дейін анықтайды.

Бірқатар авторлар сөйлеу жанрына анықтама бергенде мәтін ұғымынан шығып, сөйлеу жанрларын сөйлеу әрекетіне қарағанда үлкен бірлік деп есептейді. Олар күрделі құрылыммен сипатталады және бірнеше иллокациялық күштерді қамтуы мүмкін. Сөйлеу жанрлары мәлімдеме емес, мәтіндердің тақырыптық, композициялық және тұрақты стильдік түрлері ретінде қарастырылады [11]. Демек, сөйлеу жанры ұғымы сөйлеу әрекетімен емес, тақырыптық немесе логикалық-прагматикалық толықтығымен сипатталатын мәтіндермен байланысты болуы керек. М.Ю. Федосюк жанрлар мен оның атауларының семантикасында мәдени құндылықтардың жалпы жүйесімен күрделі қарым-қатынасқа түсіретін белгілі бір компонент бар, сол коммуникативті бірліктерді қарама-қарсы қояды [11]. Сөйлеу мәдениеттерін

типтеу кезінде бір мәдениетте қолдау тауып, екінші мәдениетте қолдау таппайтын жанрларды зерттеудің орны ерекше.

Дискурстың кез келген түрін қабылдау кезінде тыңдаушыны сол немесе басқа типтік коммуникативті жағдаятқа баптайтын жанрлық күтудің маңызы зор. Қарым-қатынасқа қатысушылардың сөйлеу жанрының формальды тілдік тұтастығы мен танылуы әртүрлі тілдік, сөйлеу және коммуникативті бірліктердің күрделі, өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады. Жанрлар жүйесі белгілі бір қоғамның құндылықтар жүйесін нығайтады: бір жағынан, әрбір жанрда оның мақсаттары мен міндетін анықтайтын өзіндік құндылықтар жүйесі бар, ал екінші жағынан, жанрлардың өзі жалпы қарым-қатынас үшін құнды. А.Вежбицкаяның пікірінше, бұл белгілі бір қоғамның мәдениетін түсінуге көмектесетін сөйлеу жанрлары [3].

Жанрлар әртүрлі аспектілерде қарастырылады: жалпы филологиялық (М. Ю. Федосюк, Т. В. Шмелева), дискурсивтік (И. Н. Борисова, М. Л. Макаров), стилистикалық (М. Н. Кожина, Т. В. Матвеева), психолингвистикалық (К. Ф. Седов), мәдениеттану (А. Вежбицкая, В. И. Карасик), риторикалық (О. Б. Сиротинина), социопрагматикалық (В. Дементьев, К. А. Долинин), коммуникативті-белсенділік (В. Е. Голдин), когнитивтік (А. Г. Баранов). Біз жанрды адамдар арасындағы қарым-қатынастың типтік жағдайының ауызша, типтік коммуникативті жағдайда жүзеге асырылатын, бір мақсатпен біріктірілген және белгілі бір дәрежеде бірдей жалпы тақырыптағы ұқсас композициялық формалары бар мәтіндік шығармалардың табиғаты тұжырымы ретінде анықтаймыз.

Жанрларды алғашқы және қосымша, ақпараттық және фатикалық, риторикалық және риторикалық емес, шартты және дәстүрлі емес, қарапайым және күрделі деп жіктеуге болады. Т.В.Шмелева барлық жанрларға байланысты үш негізгі критерий бойынша топтастырады.

Жанрдың коммуникативтік мақсаты «қандай әлеммен» – ақпарат әлемімен, нақты оқиғалар мен бағалаулар әлемімен немесе әлеуметтік қарым-қатынастар әлемімен байланысты [13] және ақпараттық, императивті, бағалаушы және этикеттік сөйлеу жанрларын анықтайды. К.Бринкер функционалдылық критерийін ескере отырып, ақпараттық, аппеляциялық, міндетті, фатикалық және декларативті жанрларды ажыратуды ұсынады [16].

Қарым-қатынастың әзіл түріне, әзіл дискурсна келер болсақ, зерттеушілер әзіл құбылысының жүзеге асуының әртүрлі аспектілерін көрсететін көптеген терминдерге тап болады. Бұл ұғымдарды ажырату өте қиын. Күлкі, тапқырлық, ирония, қалжың, әзіл, сатира т.б. - карнавалдық мәдениеттің бір бөлігі, карнавалдық сананың іске асуы ретінде күлкі жағдайы мен күлкі туындыларымен тікелей байланысты ұғымдар [1].

Комикс – ең кең ұғым, ол әлеуметтік мәні бар ерекше эстетикалық категория. В.Я. Пропп күлкі тудыратын немесе езу тарттыратын барлық нәрселерді комикс саласына жатқызады [9]. А.Бергсон комиксті мағынасы бар ойын ретінде қарастырады; Біздің реакцияларымыз бен эмоцияларымызды реттейтін

тыйымдар мен нормалар іске қосылмаса, ойнауға және келемеж етуге болатын әрекеттердің барлығын комикске жатқызуға болады [2].

Комиксті қарастыру «күлкі» және «күлкілі» ұғымдарына жүгіну қажеттілігін тудырады. Күлкі – бұл комикстің ең көп тараған сигналы және оның көрінетін нәтижесі. Бірақ комикс әрқашан күлкі тудырмайды, ал керісінше күлкі әрқашан комикстің белгісі бола бермейді. Бір жағынан, күлкі мен күлімсіреу - бұл ұмтылысты қанағаттандыруға физиологиялық реакция; екінші жағынан, күлкі де әлеуметтік рөл атқарады, әлеуметтік қарым-қатынас құралдарының бірі болып табылады. Күлкінің дәл осы соңғы қызметі комикспен байланысты. Күлкілі нәрселердің бәрі комикс емес. Комикске мән беру қабілеті әзіл-оспақтың болуы мен көрсету қабілетінен көрінеді [4].

С.Ликок әзілді өмірдегі қайшылықтарға ізгі ниетпен қарау және осы қатынасты өнер арқылы көрсету немесе осы қатынасты білдіруге мүмкіндік беретін сезім деп анықтайды [17]. В.И.Карасик әзіл-оспақ өмірдің күлкілі жақтарын қабылдай білу, адамның іргелі қасиеті деп есептейді [5]. Кулиничтің пікірінше, әзіл шындықтың жеке фрагменттерін түсінудің ерекше тәсілі, адамдардың жетілгендігінің бірегей көрсеткіші [6]. Біз күлкі тудыратын шындықтың жекелеген фрагменттеріне оң көзқараспен сипатталатын күлкіні тұтастай өмірді түсіну және бейнелеу тәсілі ретінде түсіндіреміз. Ирония мен сатира, біздің ойымызша, әзілдің алуан түрі. Әзілден айырмашылығы, сатира экспозициялық сипатқа ие және әрқашан онсыз да жағымсыз құбылысты кемсітуге, оны абсурдтық, ұсқынсыз түрде көрсетуге тырысады. Иронияның мәні мынада: тиістілікті шындықта бар тәрізді етіп көрсетеді. Әзіл барды заңдылық ретінде сипаттайды [2].

Әзіл дискурсындағы, сондай-ақ кез келген басқа дискурстағы жанрларды таңдау көптеген жанрлардың шекараларының бұлыңғыр болуына байланысты қиын болып көрінеді. Д.Боксер мен Ф.Кортес-Конд жіктеу қағидаларына сүйене отырып, тұрмыстық әзілдің үш түрін анықтайды.

1) келеке ету (мазақтау), 2) жоқ туралы әзіл (жоқ нәрсе туралы әзіл), 3) өзін-өзі кемсіту (өзін-өзі жамандау) [15]. Осы негізде әзілді жіктелу өте орынды, бірақ ол мүмкін болатын түрлердің барлық спектрін қамтымайды.

Сондай-ақ негізгі сөйлеу жанрын бөліп алып, соның негізінде күлдіргі әңгіменің қалған, қосалқы, жанрларын қалыптастыратын тәсілді қолдану орынды. Бұл, ең алдымен, әзіл-оспақ дискурсының өзіне тән қасиеттеріне байланысты, С.Н.Плотников атап өткендей, күрделі дискурсты қалыптастыру болып табылады [8]. Бір жағынан әзіл дискурсы идеалды мәтіндердің белгілі бір жиынтығында жүзеге асады, бұл оны дискурстың функционалды-прагматикалық сорттарына жақындатады. Екінші жағынан, берілген дискурс ерекше ментальділікті білдіруге бағытталған, кез- келген басқа дискурсивті формацияның құрамдас бөлігі ретінде біріктіру мүмкіндігіне ие дискурстарға жақындатады [8].

Әзіл әртүрлі мәтін түрлерінің бөлігі болуы мүмкін. Объектіге күлкілі қатынасты газет мақалаларында, публицистикада кездестіруге болады, тіпті айтарлықтай салмақты лирикалық шығармаларға әзіл-оспақпен жазылған

үзінділер де жатады. Ю.В. Щурина комикстің сөйлеу жанрларын қарастырып, әзіл, қағытпа - ойнақы афоризм, велеризм, фраг, диалогтық миниатюра, эпиграмма және т.б. тұрмыстық салаға жатқызады. Сонымен қатар күнделікті әзілдердің сөйлеу жанры негізгі күлкілі сөйлеу жанры ретінде қарастырылады. Әдеби-көркем коммуникация саласында қызмет ететін барлық әзіл дискурсының сөйлеу жанрлары сөзсіз екінші дәрежелі болып саналады. Қалжың – әдеби шығарма кейіпкерінің көшірмесі күнделікті әзіл-қалжыңның сөйлеу жанрына ұқсастығын білдіретін мәтіннің өзіндік құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді [14].

В.З. Санников дұрыс атап өткендей, әрбір қалжыңда әзілдік, ирониялық немесе сатиралық бағыт бар, бірақ әзіл-оспақ, ирония және сатирадан айырмашылығы, олар мәтін бойына төгіліп тұратын сияқты, әзіл шығарма құрылымында даралықты сақтайды.

Сонымен қатар тілдік әзіл – бұл күлкілі мазмұны бар көлемі шектеулі тұтас мәтін (немесе автономды мәтін элементі) [10]. Қарым-қатынасқа қатысушылар күлкіге сәйкес келетін ерекше реңкті береді.

Көптеген зерттеушілер әзіл жанрын әзіл-оспақ дискурстың орталық жанры ретінде бөліп көрсетеді. Әзіл жанрларын жіктеуде біртұтастық құру өте қиын, әзіл-оспақ класына жатқызуға болатын үлгілердің әркелкілігіне байланысты өте қиын. Дегенмен, жанрлардың ішкі сараланuын түсіну, олардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын түсіну қалжыңның табиғатын түсінуге, сондай-ақ әзіл табиғаттын түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – М., 1986.
2. Бергсон А. Смех. – М., 1992.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1997.
4. Вулис А.З. Метаморфозы комического. – М., 1976
5. Карасик В.И. Анекдот как предмет лингвистического изучения // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. – Саратов: Колледж, 1997. Вып.1.
6. Кулинич М.А. Лингвокультурология юмора (на материале английского языка). – Самара: Изд-во Самар. гос. пед. ун-та, 1999.
7. Москвин В. П. К соотношению понятий «речевой жанр», «текст» и «речевой акт» // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. – Саратов, 2005. – Вып. 4. – С. 63 – 76.
8. Плотникова С. Н. Комический дискурс // Языковая личность: культурные концепты. Сб. науч. трудов. / ВГПУ, ПМПУ – Волгоград; Архангельск: Перемена, 1996.
9. Пропп В. Я. Морфология волшебной сказки. – Л., 1982.
10. Санников В. З. Русский язык в зеркале языковой игры. – М.: Языки русской культуры, 1999.
11. Федосюк М. Ю. Нерешенные вопросы речевых жанров // Вопросы языкознания. – 1997. – № 5. – С. 102 – 121.
12. Чернявская В. Е. Тип текста в социокультурной перспективе // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. – Саратов, 2005. – Вып. 4. – С. 102 – 112.

13. Шмелева Т. В. Модель речевого акта // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. Саратов, 1997. – Вып. 1. – С. 68 – 79.

14. Щурина Ю. В. Шутка как речевой жанр: автореф. дис... канд. филол. наук. –Н. Новгород, 1997.

15. Boxer Diana, Cortés-Conde. Florencia from bonding to biting: Conversational joking and identity display // Journal of pragmatics. – 1997. – № 27.

16. Brinker K. Linguistische Texanalyse. Eine Einfuhrung in Grundbegriffe und Methoden. – Aufl. 3. – Berlin, 1992.

17. Leacock Stephen. Humour and Humanity: An Introduction to the Study of Humour. – New York, Henry Holt and Company, 1938.

18. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В. И. Карасик. - М.: Гнозис, 2004. -390с.

АҚ – ҚАРА ТІЛДІК БІРЛІКТЕРІНІҢ «УАҚЫТ» - «КЕҢІСТІК» КОНЦЕПТІЛЕРІН ЖАСАУҒА ҚАТЫСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.М. Жампейсова
филол.ғ.к., доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қаласы

Аңдатпа. Мақалада «Ақ» – «қара» тілдік бірліктерінің «уақыт» - «кеңістік» концептілерін жасауға қатысу жолдары қарастырылған. «Ақ» – «қара лексикалық бірліктері уақыттық-кеңістіктік континуумды бейнелейтін алғашқы концептуалды құрылымды құрайды. Қазақ халқының дүниетанымында уақыттық-кеңістіктік кейбір оппозициялар «ақ» – «қара» антонимдік бірліктері арқылы көріністенеді. Соның негізінде «Басы – соңы», «Таң ↔ кеш»; «күн ↔ түн», «Жоғарғы әлем ↔ төменгі әлем» ұғымдарының ақ – қара тілдік бірліктері арқылы жасалып, «уақыт» - «кеңістік» концептілерін жасауға қатысу жолдарына талдау жасалған.

Түйін сөздер: концепт, антонимдік бірліктер, когниция, когнитивтік лингвистика, концептуалдық талдау

Abstract. The article discusses the ways of participation of "white" – "black" Language units in the development of the concepts of "time" - "space". The lexical units" white " – " black form the first conceptual structure that reflects the temporal-spatial continuum. In the worldview of the Kazakh people, some temporal-spatial oppositions are expressed through the antonym units "white" – "black". On the basis of this, the black – and – white linguistic units of the concepts of "beginning - end", "Morning кеш evening"; "day - night", "Upper World - lower world" were developed and the analysis of the ways of participation in the development of the concepts of "time" - "space" was carried out.

Keywords: concept, antonymic units, cognition, cognitive linguistics, conceptual analysis

Уақыт пен кеңістік туралы түсінік – адамның әлем туралы танымының ажырамас бөлігі, сол себепті олар белгілі бір ұлттың дүниетанымын сипаттайтын маңызды категориялар. Уақыттық-кеңістіктік оппозициялар – адам өмірі үшін қажетті шарттардың бірі. Әлем моделіндегі уақыттық-кеңістіктік оппозициялар антропоцентристік жіктеліске енеді, демек әлемдегі уақыттық-кеңістіктік

оппозициялар адамның кеңістік пен уақыттағы орнына қарай анықталады. Адам кеңістікте уақыт ағымымен өмір сүреді, алайда уақыттық-кеңістіктік ұғымдар әр халық танымында әртүрлі қабылданып, өзінше көріністенеді. Қазақ халқының дүниетанымында уақыттық-кеңістіктік кейбір оппозициялар «ақ» – «қара» антонимдік бірліктері арқылы көріністенеді.

«Кеңістік» концепті – жалпы адамзат тарихының, ұлттық мәдениеттің негізгі категорияларының бірі. Әлем бейнесінде кеңістік категориясы неғұрлым маңызды орынды иеленеді, өйткені бұл категория адам мен шындық өмір арасындағы қатынастарда дүниенің ауқымын, оның байланыстылығын, үздіксіздігін, құрылымдылығын, көпөлшемділігін сипаттайтын негізгі, іргелі категория болып саналады. Кеңістік онтологиялық болмыспен қатар ұлттық болмысқа да ие. Ал ұлттық болмыс адам санасында бейнеленіп, адам санасында өмір сүреді. Кеңістіктің ұлттық болмысы оның концептілігін анықтайды. Мәдени кеңістіктік код кеңістіктің бөлшектелуімен байланысты. Әлем бейнесінде «кеңістік» концепті маңызды роль атқарады. Адам кеңістікте өмір сүреді. Сол себепті кеңістік категориясы бізді қоршаған әлем туралы тәжірибе арқылы жинақталған білімді бейнелеуге, жіктеуге көмектеседі.

«Ақ» – «қара лексикалық бірліктері уақыттық-кеңістіктік континуумды бейнелейтін алғашқы концептуалды құрылымды құрайды. Әлем бейнесіндегі негізгі оппозициялардың біріне *ішкі – сыртқы* оппозициясы жатады. Ол *ашық – жабық, жақын – алыс, осында – ана жақта, жоғары – төмен, тігінен – көлденеңінен, осы әлем – о дүние* сияқты басқа оппозицияларда бейнеленген. Бұл жұптарға *жарық – қараңғылық, күн – түн, тәулік бөліктерінің* оппозициялары қосылады. Қазақ халқының төл шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығы. Сол себепті халқымыз жазда жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға, көктемде көктеуге шығып отырған. Олай болса, көшпелі халық үшін уақыт бағыттық сипатта емес, шеңбер бойынша өтіп отыратын циклдік мәнге ие. Адам санасында тізбектік уақыт өмірлік құбылыстарды циклдік қабылдауға құрылған. Циклділікке негізделген уақыттың бөлінісі кеңістікке бірлік пен мәңгілік белгісін бере отырып, оның жіктелуіне өз әсерін тигізеді. Екінші жағынан, кеңістікті кеңейту, онда жүру бір бағытты оқиғаларды жүзеге асыратын уақыттың тізбектік ағымын қамтамасыз етеді.

Басы ↔ соңы

Әлем айналмалы, әлемдегі құбылыстар үнемі бір күйден екінші қарама-қарсы күйге ауысып, қайталанып отырады. Мысалы, күн мен түннің, жыл мезгілдерінің т.б. ауысуы. Дәлірек айтсақ, әр заттың, құбылыстың басы мен аяғы болады. Адамға қатысты туылу мен өлу процесі өмірдің басы мен аяғы концептін құрайды. Бұл – «адам – уақыт» макроконцептілеріне ортақ микроконцептілер, яғни адам өмірінің мифтік-салттық көрінісі әлемдік кеңістіктік кодта бейнеленеді.

Кейбір оппозиция жұптарының ассоциативтік өрісі кең болады да, басқа оппозиция бөліктерін өзіне қосып алады. «Басы – соңы» сондай оппозициялық

концептілерге жатады. «Басы – соңы» концептілері «өмір – өлім», «туылу –өлу» оппозициялық концептілерін де көріністейді. Тілімізде өмірдің басы мен соңы концептілерін «ақ» – «қара» лексикалық бірліктері арқылы бейнелеу орын алған. Туылу – өмірдің бастауы. Жаңа туылған балаға қатысты нәрселердің бәрін халқымыз «ақ» атауы арқылы ардақтап отырған. Мысалы, *ақ бесік, ақ бөпе.* Өмірдің басталуы «ақ» арқылы көріністенуі ақтың жарықпен, тазалықпен, күнәсіздікпен ассоциациялануына байланысты. «Ақ» лексикалық бірлігі арқылы жаңа өмірге жол ашатын *ақ босаға, ақ неке, ақ жол* тіркестерінде жаңа істің бастауы концепті көріністенген.

Ақ босаға – жаңа түскен келінге қатысты, таза, қадірлі, игіліктің, жақсылықтың нышаны ретінде жұмсалатын тіркес. Ақ босағаны аттау арқылы келін жаңа өмірді бастайды. Мысалы, *Ол ана жылғы елдегі «ұрысқақ қатын» атанған Нұрила емес сияқты, ол «Көбекеңнің тұңғыш қызы» ақ босағасынан енді аттап шығып, оқу ізделп, арман қуып Алматыға келген Нұрила сияқты* (С. Досымов).

Ақ неке – адал жар некесі. Тіркесте «ақ» лексикалық бірлігі «адалдық», «тазалық» концептілерімен қатар «жаңа өмір бастауы» концептін де береді. Себебі отау құрып некелесу – екі жастың бірге бастаған жаңа өмірі.

Ақ жол әділ, ақиқат жол деген мағынамен қатар жақсылықтың басы, бастауы концептін де береді. Қазір Қазақстанның кейбір аймақтарында келіннің бетін ашқаннан кейін, келінді ақ мата төселген ақ жолмен жүргізеді. Бұл, бір жағынан, келін жақсы игілікті, құтты болсын деген ырым-жоралғыны білдірсе, екінші жағынан, келін болып түскен қыздың бастаған отбасылық өмірі жақсылыққа, қуанышқа толы болсын деген ниетті білдіреді. Сонымен қатар мектеп бітіруші түлектерге де *ақ жол* салтанатты кеші ұйымдастырылады. Бұл жас түлектердің өмірдің келесі белесіне жолдама алып, енді осы болашақ өмірлері жақсы, табысты өтсін деген мақсатта өткізіледі. Қалай дегенмен де, *ақ босаға, ақ неке, ақ жол* тіркестерінің бойынан қадірлі, қасиетті, таза концептілерімен қатар, жаңа өмірдің бастамасы концептін де аңғару қиын емес.

Бастау концептіне пайда болу, туылу ұғымдары жатады. Жалпы түркі халықтарында жылдың басы наурыз айынан басталады. Сондықтан жылдың басы ретінде наурыз айын *«ақ наурыз»* деп атайды. Наурыз айының жиырма екісінде күн мен түн теңеледі, әлемдегі тіршілік оянып, мал төлдейді. Елдер бір-біріне *«Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!»* деп тілек айтады, яғни жаңа жылда істеген істерің оңға басып, мал-жаның аман болсын, жақсылық, малдың ақ өнімі мол болсын деген тілекті білдіреді.

Бастау концептуализациясы өмірдің пайда болуы туралы мифологиялық түсінікпен байланысты. Ж.К. Каракузованың пікірінше, «ақ пен қараның қарым-қатынасы тарихи парсы аңыздарында нақты көріністенген. Аккадийліктерде «ак – ад» «тамұқтың ұлы» деген мағынаны, сириялықтар үшін «ад – ад» «бірінші, бір» мәнін берген. Ассириялықтарда «ақ» «жаратушы» деген мағынаны білдіреді. Ведада «Ад-ити» «бастапқы жарық», ал «ади», «ад» «бірінші» деген мәнді береді. Арамейлерде «ақ» «бір» дегенді, ассириялықтарда «әке» дегенді білдіреді. Көріп отырғанымыздай, «ақ» – әлемдегі көптеген халықтар үшін

алғашқы бастаудың символы, яғни жердегі барлық тіршілікке өмір берген бастау, «Ақ» – иерархия бойынша жер құдайларынан жоғары тұрған жоғары әлем символы» [1, 68 б.]. «Ақ» – мифтік түсінік бойынша да өмірдің, тіршіліктің бастауы. Алайда «ақ» лексикалық бірлігі өлім сөзімен тіркесу арқылы өмірдің аяқталғандығын білдіреді. *Ақ өлім, Алланың ақ бұйрығы, Алланың ақ ажалы* – өмір қызығын көріп, асарын асап, жасарын жасап, иман суын ішіп, жақындарымен араздасып, ел-жұртының алдында, бала-шағасының ортасында өткен өлім. Көріп отырғанымыздай, бұл тіркестегі «ақ» атауы жағымды мағынада жұмсалған. *Ақ өлім* оқыстан, аяқ астынан кездейсоқ жағдайдан қайтыс болу мағынасындағы *қара өлім* тіркесімен оппозициялық қатынас жасайды.

«Қара» лексикалық бірлігі өмірдің соңғы шегін, өлімді, қайғы-қасіретті көріністейді. Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша, өлімге қатысты ұғымдар «қара» тілдік бірлігі арқылы объективтенеді. Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында пайда болған *қара қағаз* тіркесі «өлім-жітім, қаза жайындағы хабар» деген мағына бергені белгілі. Мысалы, *Ал Бақытжанның майданнан* ***қара қағаз*** *келген әкесі осы ауылда тірі жүр деген лақап сөз бар* (О. Бөкей). *Қара уайымға салыну* тіркесі «қатты қайғыру, қасіреттену» мағынасын білдіреді. Көбінесе адам бәрі бітті, құрыды деп ойлағанда қатты қасіреттеніп, қара уайымға салынады.

Екіншіден, қазақ халқының салтында ері қайтыс болған әйел бір жылға дейін басына қара түсті орамал, желең жамылатын болған, яғни бұл өлікті аза тұтудың белгісі ретінде киетін киім, себебі мұндай орамалды тек күйеуі өлген әйелдер ғана жамылуға тиісті болған. Осыған орай, дәстүрімізде *қара жамылу* салты орын алған. Мысалы, ***Қара жамылып отырған*** *Кәкештің дауысы әрі ащы, әрі анық естіліп, бәрінің денесі дір ете қалды* (С. Адамбеков). *Былайғы, бейбіт кезде бір адам әлдеқалай ажалы жетіп өлсе де, бүткіл ауыл боп жылап, қатындар* ***басынан қарасын алмай****, бір жыл бойына жоқтайтыны қайда* (Ә. Нұрпейісов).

Ертеректе қадірлі, құрметті адамдар дүниеден өткенде шаңырақтан *қара ала шашақты қара жалау* көтеріп, жақындары қара жамылып, аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ер-тұрманына *қара жабу* жауып, көшкен кезде жетелеп алып жүру салты болған. Демек, «қара» атауында өлім-жітім, өмірдің соңы деген сияқты концептуалдық ұғымдардың пайда болуына халық танымы мен салт-дәстүрі әсер еткен.

«Қара» атауының өлім-жітімді білдіріп, «аза тұту» семасында қолданылуы әмбебаптық сипатқа ие, себебі әлемдегі көптеген ұлттарда жақыны өлген адамдар қара киім киеді.

Стереотиптік ситуация негіз болған концептілік құрылымдар арқылы «өлім» концепті жасалады: *қара жер, қара жерге кіру, қара жер қойнына алу.* Мысалы, *Дегенмен «Обал-ақ болдыны» бұдан былай* ***қара жер қойнына алғанш****а естіп өтерін ол шақта Аспан қайдан білсін жазған* (О. Бөкей). *Айқай шыққан алысқа, түпсіз тұңғиыққа, мәңгі жұмбақ аспанға, содан соң... содан соң –* ***қара жердің қойнына****...* (О. Бөкей). *Аналық құрбымның жақсылығын* ***қара жерге кіргенше*** *неге ұмытайын* (О. Бөкей). *Кешіріңіз, әкені* ***қара жерге бергеміз*** (О. Бөкей).

Таң ↔ кеш; күн ↔ түн

Таңның атуы мен батуы, күн мен түн «ақ» -– «қара» тілдік бірліктері арқылы тіліміздe көріністенеді. Бұл ақтың жарықпен, қараның қараңғылықпен ассоциациялануымен байланысты. «Ақ» таңның атуымен байланыстырылса, «қара» түннің батуымен байланыстырылады. Олар *ақ таң, таңның ағарып атуы – қара кеш, қара көбең, қара көлеңке тарту, қара түн, қара түнек* т.б. тілдік бірліктер арқылы көріністенеді. Мысалы, *Ертеден **қас қарайғанша** созылған осына әбігерлі жұмыс әбден титықтатты білем, үшеуі бірдей тамақ ішуге шамалары жетпей тырапай асты* (О. Бөкей). *Хатиралар отырған москвич жарығы алыстай-алыстай **түннің қара бояуымен** араласып кетті* (С. Адамбеков).

Жоғарғы әлем ↔ төменгі әлем

Мифологиялық таным бойынша, әлем үш қабаттан тұрады: жоғарғы қабат (әлем), ортаңғы қабат, төменгі қабат. Жоғарғы қабат – қасиетті кейіпкерлер әлемі. Мұнда адам тағдыры шешіледі. Ортаңғы қабатта адамдар өмір сүреді. Ал төменгі қабат – өлілер әлемі. Әлемді бұлай тану тілімізде «ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы көріністенген.

«Ақ» категориясы кеңістіктің жоғарғы, сыртқы, ашық нысандары негізінде құрылған алғашқы концептуалдық сызбаны бейнелейді. Ал «қара» категориясының алғашқы концептуалдық сызбасы кеңістіктің төменгі, ішкі, жабық нысандары негізінде құрылған. «Ақ» категориясының орталық мүшелеріне кеңістіктің жақсы көрінетін табиғи нысандары, «қара» категориясының орталық мүшелеріне төменде, іште, жабықта орналасқан кеңістіктің көрінбейтін табиғи нысандары енеді. Осы негізде «ақ» лексикалық бірлігін мифтік қисынға сәйкес рухани өмір, о дүние, жұмақ, періште концептілерімен байланыстыруға болады. Ал ортаңғы әлем – жерлік әлем. Әлемнің ортаңғы қабатын Б.Қ. Ақбердиева «ала» атауымен сипаттайды [2]. Ортаңғы әлемнің *ала* тілдік бірлігі арқылы сипатталуы жерде ақ та, қара да, жақсылық та, жамандық та болатындығымен сипатталады. Ал Ш.К. Жарқынбекова ортаңғы әлемді *ал (қызыл)* тілдік бірлігі арқылы көріністейді [3]. Ортаңғы қабат *ал (қызыл)* атауына қызылдың өмірді, тіршілікті, қозғалысты бейнелеуіне қатысты ие болған.



Сурет 1 – Мифтік таным бойынша әлемнің үш қабаты

«Ақ» туралы танымның концептуалдық бейнесін оның кеңістіктегі орны мен сипаттары құрады. Мұны «ақ» концептінің әлеуметтік және діни мазмұнынан көруге болады. «Ақ» лексикалық бірлігі билік концептін береді. Қазақ халқы ертеде ханды ақ киізге көтеріп сайлайтын болған. *Ақ киізге көтеру* тіркесінен кеңістік пен билік концептілерінің бірлігін көруге болады. «Ақ» концепті *жоғары – ашық – билік* тізбегін құрады. Бұл – ақ киізге салып, ақ сүтке шомылдырып, хан етіп сайлағанда жасалатын дәстүрдің атауы.

Қорыта келгенде «Ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы көріністенген концептілер ұлттың рухани құндылықтарын сан ғасырлар бойы бойына жинақтаған оппозициялық концептілерге жатады. Когнитивтік тіл біліміне қатысты тұжырымдар негізінде «ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы

көріністенген ұлттың рухани құндылықтарын сан ғасырлар бойы бойына жинақтаған оппозициялық концептілер анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 80 с.

2. Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2000. – 146 б.

3. Жаркынбекова Ш.К. Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках: Автореф. дис. д-ра филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2004. – 49 с.

Б. САРЫБАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

А.Илимхан
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
Университетінің 4-курс студенті
Павлодар қаласы

Аңдатпа. Мақалада лингвомәдениеттанудың тілдегі көрінісі анықталады. Лингвомәдениеттану – тіл біліміндегі жаңа салалардың бірі болып танылып келе жатқан тіл білімінің бағыты. Ұлттың болмысын тілдік бірліктер арқылы зерттеу өз нәтижесін беріп келе жатыр. Тарих та, дін де, діл де, салт-дәстүр, әдет-ғұрып та тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Лингвомәдениет – сол ұлттың болмысының тілдегі бейнесі. Мақалада Шетел ғалымдары мен қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың зерттеулері сараланып, талданған. Аталмыш саланың өзектілігі анықталған. Лингвомәдениеттанудың жаңа дамып келе жатқан сала екенін ескеріп, ғалымдардың тұжырымдарына тоқталып, лингвомәдениеттанудың бейнесі ашылған. Тұжырымдарды басты назарға ала отырып Б.Сарыбай шығармаларындағы лингвомәдени бірліктер теріліп, жіті талданған. Жаңа дәуір әдебиетіндегі жазушының әңгілмелеріндегі тілдік болмысты талдаудағы мақсатымыз – бүгінгі таңда тілдік бірліктер арқылы ұлттық болмыс қаншалықты танылып жатқанын анықтау. Жоғарыда айтылып өткен жазушының әңгімесінен теріліп алынған лингвомәдени бірліктердің ұлттық санада қалай берілгендігін көрсету арқылы біз өскелең ұрпақтың санасына ұлттық кодты сіңіре аламыз және жазушыларымыздың еңбектеріндегі ұлттық болмысты жеткізу ерекшелігін анықтай аламыз. Бұл мәселенің тіл білімінде әлі де болса қыр-сыры толық ашыла қоймаған. Ғылыми зерттеулер ағымдағы ғасырдың бас кезінде айтылып, зерттеле бастаған.

Түйін сөздер: Мәдениет, лингвистика, рухани мәдениет, материалдық мәдениет, ұрпақтар сабақтастығы, дәстүр жалғастығы, лингвомідени бірліктер.

Abstract. The article defines the reflection of linguoculturology in language. Linguoculturology is a direction of linguistics that is recognized as one of the new branches of linguistics. The study of the essence of the nation through linguistic units has been paying off. History, religion, mentality, traditions and Customs have been passed down from generation to generation through the language. Linguoculture is a linguistic representation of the essence of the same nation. The article analyzes and analyzes the research of foreign scientists and scientists in Kazakh linguistics. The relevance of this area is determined. Considering that linguoculturology is a new emerging field, focusing on the

conclusions of scientists, the image of linguoculturology is revealed. With the main attention to the conclusions, linguocultural units in the works of B. Sarybay were typed and analyzed. Our goal in the analysis of linguistic existence in the writer's poems in the literature of the new age is to determine how national existence is recognized today through linguistic units. By showing how linguocultural units, typed from the above writer's story, are presented in the national consciousness, we can instill in the minds of the younger generation the national code and determine the specifics of conveying national identity in the works of our writers. The intricacies of this issue in linguistics have not yet been fully disclosed. Scientific research began to be mentioned and studied at the beginning of the current century.

Keywords: culture, linguistics, spiritual culture, material culture, continuity of generations, continuity of traditions, linguistic units.

Тіл мен мәдениет – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Мәдениет ұлттың болмысын көрсетсе, тіл сол ұлттың болмысын анықтап, жылдар бойғы өмір сүру тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Әр ұлтта дүниенің тілдік бейнесі түрліше қалыптасады. Ұлттық тілде алдыңғы буынның рухани, материалдық мәдениетінің шыққан шыңы мен тәжірибесі, өркениет белгілері көрініс табады. Міне, осы себепті тіл мен мәдениетті, өркениетті біртұтас ұғым аясына сыйғызып қарау керек.

«Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, яғни біздің өмір сүру образымыздан хабар беретін тәжірибеміз бен идеямызға тәуелді» [1, 19]. Мәдениет дегеніміз – белгілі бір қауымның өмір сүру барысында қалыптасқан әдеттері мен жоралғылары. Сөздіктерде оған мынадай анықтама берілген:

1) мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

2) мәдениет – адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеонит мәдениеті, қазақ мәдениеті т.б.);

3) мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.) [2, 6]. Олай болса, мәдениет арқылы өрнектелген ұлт болмысы тек тіл арқылы танылады.

Мәдениет өз ішінен екіге бөлінеді: материалдық және рухани. «Материалдық пен рухани мәдениетті бір-бірімен өзектес, бүтіннің екі жағы деп қарауға болады. Өйткені адамды қоршаған табиғат пен өмір сүруші субъектінің қатынасы барысында айналасындағы дүниені танып, өз ақыл-ойының елегінен өткізіп, табиғаттың затын өз затына өңдеп айналдыру – зор еңбектің көрінісі. Бұл, түптеп келгенде, заттық мәдениеттің дүниеге келуінің негізгі шарты» [3, 56]. Рухани мәдениет туралы Н.И. Толстой: «Халықтың рухани мәдениеті оның ана тілінде, говорларында, салт-дәстүрінде материалдық мәдениет атаулары арқылы да танылады. Оларды біртұтас деп қарау қажет», – деп көрсетеді [4, 21]. Э. Сепир мәдениет пен тілдің біртұтастығын көрсететін әдіснамалық пікір ұсына отырып: «Мәдениет – белгілі бір қоғамның әрекеті мен ойлауының нәтижесі, ал тіл – қалай ойланатынының көрінісі. Ендеше, тіл мазмұны – мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі», – деген қорытындыға келеді [4, 21].

«Лингвомәдениеттану» деген атаудың құрамынан тіл мен мәдениеттің сабақтастығы айқын көрініс табады. Жаңа ғасыр лигвистикасы «тілді мәдениет феномені, ұлттың мәдени коды» ретінде танып, зерттеу жүргізуде. Тілдің

көрінісін басқа да өмір құбылыстары арқылы ашу, тілдік болмыс пен басқа пән арасындағы байланысты орнату лингвомәдениеттанудың басты мәселесі болып табылады.

Лингвомәдениеттану – тіл біліміндегі ұлттық дүниетанымның тілдегі бейнесін көрсететін жаңа салалардың бірі. Лингвомәдениеттану лингвистика мен мәдениет салаларының түйісу нүктесінде XX ғасырдың екінші жартысында В.Н.Шаклейн, В.А.Маслова т.б. ғалымдардың тұжырымдары негізінде пайда болды. Плотон, И. Гердер, Э. Кант сынды философтардан басталған тіл білімі мен мәдениеттің байланысы В. фон Гумбольдт, Б. Уорф, Кассирер, Э. Сепир зерттеулерінде ғылыми сипат алғаны белгілі. Кеңес дәуірінде Н. Топоров, В.В. Иванов, А. Толстой т.б. зерттеушілер тарапынан дамытылады.

Еліміздің әр замандағы материалдық және рухани мұрасын, өз болмысына сіңірген лингвомәдениеттің әртүрлі қырларын (этнографиялық, археологиялық, өнертану, тарихи, әдеби т.б.) зерттеу, жинақтау Ш. Уәлиханов жазбаларынан басталып, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, С. Мұқанов, Х. Арғынбаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ө. Жәнібеков, С. Қасиманов т.б. еңбектерінде өз жалғасын тауып, әртүрлі бағытта өрбіп отырды. Ә. Қайдар тілді араластық құрал немесе «құжаттық» қызметі тұрғысынан қарастырады: «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» [5, 3]. Ж.Манкеева: «Қазақ мәдениетінің өміршең сипаттарын санаға сіңіру, әрі жаңғырту – қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарын белгілейтін өзекті мәселелердің бірі. Осы әлеуметтік үрдісті нақты түрде іске асыру тіл білімінің лингвомәдениеттану деп аталатын саласының еншісіне тиіп отыр», – деген анықтама берсе [6, 47], Б.Карагулова мен А.Кушкенбаева «Лингвомәденеттану саласының ғылыми және практикалық мәселелері» атты кітабында былай делінген: «Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатынастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құрал арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты» [7, 53].

Тілдің бойындағы лингвомәдени қазыналарды жинақтаушылық қызметі туралы пікір сабақтастығын Н. Уәлиден де көре аламыз: «Тіл – өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді. Сондай іздің сорабын асыл мұрамыздың тілінен де кездестіреміз» [8, 6].

Н. Уали айтқандай, тілден қоғамдағы саяси, экономикалық, мәдени, ағартушылық, моральдық, идеологиялық бағыттарындағы өзгерістердің ізін көре аламыз. Сол іздердің көрінісін әдеби шығармалардан талдап, лингвомәдени бірліктер арқылы мәнін ашып көрелік. Оны жүзеге асыру үшін Б. Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді» атты әңгімелер жинағы алынды.

*«**Ұяттан өлім күшті** деген осы да, әке-шеше аталары келген сайын бұл олардың бетіне қарай алмай, құтылудың ең оңай жолы осы болғандықтан,*

қайта-қайта есінен танып қалып жүрді» [9, 32]. «Ұят» сөзінің мағынасы терең әрі ауқымды. Қазақ халқы ежелден-ақ баласын «обал болады, ұят болады, жаман болады» деген үш сөзбен тәрбиелеген. Халық санасындағы ұяттың астарында біреудің ала жібін аттамау, адалдық пен шындықтың жақтаушысы болу және «үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік» көрсету жатады. Контекске көз жүгіртсек, бұл жерде бала ата-анасынан ұялғандықтан басын көтеріп, бетіне қараудан қысылып, өтірік талып қала берген. Халық санасында адами құндылықтар ұлттық тәрбиенің өзегі болып табылады. «Үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпе», «Малым – жанымның садағасы, Жаным – арымның садағасы» деген мақал да осымен үндес.

Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады *деген де сөз бар* [9, 35]. Осы тұста біз тілдің тарихтан да сыр шерте алатынын көре аламыз. Қазақ халқының санасында, тұрмыс-тіршілігінде «шөлмек» деген сөз болған емес. Бұл атау кеңес дәуірінің келуімен тұспа-тұс келеді. Ұлтымыздың таным-түсінігінде шөлмектің орнында теріден иленіп жасалған «торсық» ұғымы қолданылған. Аталмыш мәтелдің ішкі мағынасына көз жүгіртетін болсақ, ұлттық болмысты ашатын сабырлылық қасиетті айтуға болады. Қазақ халқы – ежелден-ақ басынан алуан-алуан кезеңдерді өткізген күрескер халық. Шыдамдылық танытып, әліптің артын бағып үйренген жұртты жуастық деп шатастыруға болмайды. Халықта «Шыдамның да шегі бар» деген де сөз бар. Мәтелдегі халықтық мінезді жанартаумен ауыстырып көрсетуге де болады. Тағы да бұл мәтелді талдаудағы бір байқауға болатын тұс – кеңестік дәуірдің озбыр саясаты қаншалықты қысса да, ұлттық мінез жоғалмағаны. Тұрмыс-тіршіліктің керектілігі өзгерсе де, ұлттық ішкі мінез өзгере қоймаған.

Мені сөйтіп ***қара басыпты*** [9, 27]. Ұлттық мәдениетімізді танытатын тілдегі ерекше қолданыс – табу сөздер. Ағайын арасындағы субмәдениеттің құзар шыңында тұрған – келіндердің тәрбие мектебі. Қазақта келіндер сыйластық, тәрбие мақсатында үлкен адамдардың атын атамай, оларды басқа атауларға ауыстырып айтқан. Мысалы, жаңа түскен келіннің түскен жұртында «қара» деген сөз кездесетін есім болса, келін лексикасындағы «қара» атауын «баран» сөзімен ауыстырып айтқан. Сондай-ақ халқымыз зияны тиетін жаман аурулардың, жұттың, малға тиетін көптеген нәубеттің атын атамаған. Себебі атын атасақ, соны шақырып жатырмыз деген түсінік қалыптасқан. «Жамандық шақырма» деген ырым-тыйым осыдан болса керек. «Қара басты» деген тұрақты тіркестегі айтып отырған қара сөзі жын-шайтан, азғырушы тылсым күштердің атын атамау мақсатында қолданылған. «Мені шайтан азғырды» деген мағына. Жамандық алып келетін құбылыстардың аттарын атамау – қазақтың наным-сенімдерді қатты ұстанғанының көрінісі.

«Ырыс кейде ит болып та келеді» деген мәтел бар. Жалпы қазақ халқы ежелден-ақ ас-суын, күн-көрісін мал бағыу арқылы тауып отырған. Жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп-қонып жүріп өрбіген қазақ халқының мәдениеті дала заңына бағынады. Ешкім айтып, түсіндіре алмайтын өмірдің құбылыстары күн көріс барысында халық санасына сіңіп, ғұмырының жартысына айналды. Халық санасында «құдай қонақ» деген түсінік бар. Танымайтын бөтен адам келсе

де, дана бабаларымыз мал сойып, ет асып, күтіп, үйіне қондырып, жөн сұрасып, жол көрсетіп отырған. Бұның сыры қонақпен бірге құт келеді дегенге телиді. Бұл мәтелдің мағынасына үңіліп қарайтын болсақ, қаңғып келген итті де халқымыз қуып жібермей, асырап баққан. Осыдан біз халқымыздың мейрімділігін, қоршаған ортасына деген қамқорлығын байқай аламыз. Ит қазақ халқында жеті қазынаның бірі болып саналады. Күн көрісін айырып отырған малының қорғаушысы, үйінің қорушысы болып, сол адамға адал қызымет еткен. Халықтық санадағы бұл түсінікті істеген ісі адамға міндетті түрде айналып келеді деген ұғым деп түсінуге де болады.

Біреу бағы жанып студент атанып, енді біреуі **қолорамалын сулап қайтар.** [9, 23] Бұл жерде қолорамалын сулау – жылау, ұнжырғасы түсу деген ұғымды білдіреді. Бұл жерде жылап қайтты немесе тағы да басқа қолданыстарды қолданса сыпайылық білінбей қалар еді. Халқымыз ежелден сыпайы, айтқар сөзін аңдап сөйлейтін. Әрбір адамда бұрынғы кездде жанқалтасында ылғи қолорамал жүрген. Бұл тазалық пен гигиенаның да белгісі.

Бұл талдаулардан біздің көре алатынымыз, қандай да бір шығарма болсын. Оның тіліне тереңірек үңілк арқылы сол ұлттың ерекшелігін, бейнесін аңғаруға болады. Бұл жерде теріліп алынған лингвомідени бірліктер әртүрлі тақырыптағы әңгімелерден жиналып алынған. Соған қарамастан біз ұлттық сипатты ашатын тілдік қолданыстарды көре аламыз. Лингвомәдениеттану саласын зерттеудің өзектілігі – ұлттың бейнесін ашу, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырудың таптырмайтын көзі. Осы жағдай тілді зерттеу мәселесінің ғылыми-әдістанымдық негізін жаңаша құруды қажет етуде. Оның негізгі тетігі – ұлттық тілдің ерекшелігін, өзіне тән болмысы мен табиғатын ашу. Басқаша айтқанда, ол – тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тығыз байланыста қарау.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. –М., 1976. –325 с.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
3. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, 1986. – 207 с.
4. Сепир Э. Язык. Введение в изучение речи. В кн.: Избранные труды по языкознанию. – М., 1993. – С. 404.
5. Хомский Н. Язык и мышление. – М., 1997. С. 7.
6. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
7. Карагулова Б., Кушкенбаева А. Лингвомәденеттану саласының ғылыми және практикалық мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: «Medet Group» ЖСШ, 2021. – 108 б.
8. Малбақов М., Манкеева Ж.А. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі Институтына 50 жыл // Тілтаным, 2011. – №3. – Б. 40.

9. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 160 б.

ЗООМОРФИЗМДЕР – ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ТАНЫТУДЫҢ КӨЗІ (Ә.КЕКІЛБАЕВ ЖӘНЕ Ш.АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Г.Ж. Искакова
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау қаласы

Аңдатпа. Көркем шығармада авторлық модальдылық сюжеттерге негіз болған тақырыптар, образдар, концептілер, мифологемалар, символдар, антропоморфизм, зооморфты метафоралар арқылы беріледі. Аталған зерттеу жұмысында авторлық модальдылық категориясының имплицитті құралдарына жататын зооморфизмдер, олардың көркем мәтінде берілу жолдары, оларды қолданудағы ерекшеліктер қарастырылды. Зерттеу жұмысының мақсаты – көркем мәтінде зооморфизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерді танытудағы рөлін анықтау. Зерттеу материалы ретінде қазақтың заңғар жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыздың әйгілі жазушысы Ш.Айтматовтың шығармалары алынды.

Зооморфизм мағыналық ерекшеліктеріне қарай орнитоморфизм, териоморфизм, ихтиоморфизм, инсектоморфим және герпентоморфизм болып бөлінеді. Мақалада Ә.Кекілбаев және Ш.Айтматов шығармалары негізінде зооморфизмнің түрлеріне мысалдар келтіріліп, автор қолданысындағы ерекшеліктер талданды.

Түйін сөздер: көркем мәтін, антропоцентристік зерттеу, авторлық модальдылық, зооморфизмдер, ұлттық таным.

Abstract. In the literary text, the author's modality is conveyed through themes, images, concepts, mythologems, symbols, anthropomorphism, zoomorphic metaphors that formed the basis of the plots. In this research paper, zoomorphisms related to the implicit means of the category of author's modality, the ways of their transmission in a literary text, and the features of their application are considered. The purpose of the research work is to identify the role of zoomorphisms in the expression of national and cultural characteristics in a literary text. The material of the study was the works of the Kazakh writer A. Kekilbayev and Kyrgyz writer Sh. Aitmatov.

Zoomorphism is divided into ornithomorphism, theriomorphism, ichthyomorphism, insectomorphism and herpentomorphism depending on semantic features. The article provides examples of types of zoomorphism based on the works of A. Kekilbayev and Sh. Aitmatov, analyzes the features of the author's use.

Keywords: literary text, anthropocentric research, author's modality, zoomorphisms, national cognition.

Әрбір жекелеген ұлт түсінігінде әлем бейнесі түрліше көрініс табады. Тілдегі әлем бейнесі адамның әлемді тануының негізі, өйткені адам дүниетанымы кеңістікті танып білуден жинақталады. Әр ұлттың әлем бейнесі олардың дүниені танудағы көзқарастарына байланысты. Адам баласының білімі, көрген-білгені, ақылы, ойы мен оның рухани дүниесін, өмірлік тәжірибесін сөйлейтін тілінен бөлмей, тілдік әлемімен бірге қоса қарастыру, нақтырақ айтсақ, кез келген халықтың тілінде ұлттық-мәдени сипатта қалыптасқан дүние бейнесін

антропоцентристік тұрғыда зерттеу – қазіргі заманғы лингвистиканың ең негізгі мәселелерінің бірі.

Л.А. Новиков: «Мәтін – сөз арқылы ойлау қызметін жүзеге асырудың негізгі компоненті. Оның құрылымындағы аса маңызды құрамдас бөліктерге – автор (мәтін адресанты), оқырман (адресат), бейнеленіп отырған ақиқат болмыс, ол жөніндегі білімдер, сондай-ақ автордың өз түпниетін қажетті формада жеткізу үшін іріктеп, пайдаланатын тілдік құралдардан тұратын тілдік жүйе жатады» – деп тұжырымдайды [1, 10 б.].

Көркем мәтін қашан да кейіпкерлер, автор мен оқырман, кейіпкер мен оқырман арасындағы байланыс арқылы қалыптасатын коммуникациядан құралады. Бұл байланыс үзілген жағдайда туынды көркем шығарма деген қасиетінен айырылады. Көркем шығарманың прагматикалық әлеуетін зерттеген Г.Әзімжанова көркем шығарма мен коммуникация ұғымдары жайында пікірін былайша сабақтайды: «Көркем мәтін – коммуникация формасы, оған байланыс, белгі (код), меңгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи, ұлттық ерекшеліктері, интенцияның (мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті-прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуі жатады. Көркем мәтіннің ақпараттық-мазмұндық және прагматикалық деңгейдегі экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі коммуниканттардың тілдік және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді, ақпараттық дүниетанымына және қатынасушылардың мақсатына сәйкес болады. Сөздің эстетикалық мәні оның сапасы ретінде сипатталады, ол мәтін жүйесінде лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует негізінде, тұтас бүтіннің бейнелі перспективасында, оның басқа элементтермен жан-жақты байланысында қалыптасады» [2, 28 б.]. Ғалымның бұл тұжырымында көркем мәтінді зерттеудің жолдары мен қырлары анық көрсетілген. Яғни көркем шығарманы зерттеуде автордың түсінігі мен танымын, ұлттық болмысы мен мәдениетін, талғамы мен талабын зерттеу арқылы туындының прагматикалық-коммуникативтік сипатын анықтауға мүмкіндік аламыз.

Аталған зерттеу жұмысында көркем мәтіндегі автор модальдылығының зооморфизмдер арқылы берілу жолдарын қарастырамыз. Зерттеу материалы ретінде қазақтың заңғар жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыздың әйгілі жазушысы Ш.Айтматовтың шығармалары алынды.

Автор модалділігі дегеніміз – мәтінде автордың хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасының, оның тұжырымдамасының, көзқарасының, ұстанымының, оның құндылықтар бағдарының, оқырманға хабарлау үшін тұжырымдалған өрнегі [3, 87 б.].

Ә.Кекілбаев және Ш.Айтматов көркем шығармада өз тұжырымын, автор модальдылығын немесе авторлық бағалауды жүзеге асыруда зооморфты метафорларды ұтымды қолданады.

Метафоралар сипаттамалық ақпаратты жеткізу құралы ретінде жиі қолданылады. Адамға образды тұрғыдан баға беруде: оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ақыл-ойы, басқа адамдармен қарым-қатынас ерекшеліктері және т.б. жағдайларда сөйлеуші көбінесе метафоралық модельдерге жүгінеді,

осылайша сөйлеу объектісін әртүрлі бейнелі аналогиялар арқылы сипаттайды. Адамның қасиеттерін бағалауда қолданылатын метафоралардың кең таралған түрі жануарлар әлемінің өкілдеріне, олардың қасиеттері мен қылықтарына ұқсату арқылы қолданылатын метафоралар болып табылады.

Зооморфтық метафора (немесе зооморфизм) деп жануардың «бейнесін» адамның мінездемесіне қолданумен байланысты когнитивтік проекцияның нәтижесі [4].

Профессор Б.Қ.Момынованың жетекшілігімен 2010 жылы жарық көрген "Қазіргі қазақ тілінің функционалды стильдік құрамының эволюциясы" атты ұжымдық ғылыми басылымда Н.О.Зейнолдина зооморфизмнің бес түрін бөліп көрсетеді: орнитоморфизм, териоморфизм, ихтиоморфизм, инсектоморфим және герпентоморфизм [5, 163 б.]. Оның мағыналық жағынан жіктелуін төмендегідей көрсетеді (1-сурет):



1-сурет. Зооморфизмдердің жіктелуі

Н.О.Зейнолдина ұсынған зооморфизмдердің классификациясына сүйене отырып, Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматов шығармаларында зооморфизмдердің қандай түрлері кездесетінін, қайсы түрі жиі кездесетінін талдап көрелік. Аталған зерттеу жұмысының материалы ретінде Ә.Кекілбаевтың "Үркер" романы және Ш.Айтматовтың "Боранды бекет" романы алынды.

Ә.Кекілбаевтың "Үркер" романында ұшырасатын зооморфизмдер:

Орнитоморфизмдер:

1) сыптиған-сыптиған сыптығыр жігіттер *қаздай тізіліп тұр.*
2) Сарбаздардың иықтарына күнте асып, екі шелек суды іліп ап, *балапанын ерткен мама қаздай боп байпаңдап* өзен бойлап келе жатқандарын айтсайшы.
3) *тоты құстың қауырсынындай құлпыру;*
4) *жұмыртқа басқан тауықтай бауырына басып* алу;
5) Бұл неме біз келгенде неғып *тауыққа жем шашқандай* шөпектей қалған.

Териоморфизмдер:

1) Аман болса, *қақпанға түскен қасқырдай* аласұрып бағар;

2) екі аяғынан *қақпанға түскен қасқырдай* боп, тыпыршып отыра алмау;

3) Апырау, *жолбарыстай шұбарды* шұбалтып мінген бұл кім болды екен?

4) Өз қандастарымызды өзіміз танымай, *мінезсіз жылқыдай* тісімізді ала жүгіріп, өз шырқымызды өзіміз қашыратын қырсық шығардық.

5) іш құрғырының *су ішпеген жылқыдай* шұрқырап қоя беретін;

6) *шыбандаған жылқыдай* бір бас изей салғанына қанағат қылмау;

7) *Аюдай ақырған* ақ патша;

8) Кенет *қақпанға түскен аюдай* арсылдаған басқа бір дауыс шықты.

9) *жем жеп үйренген жетім қозыдай телмеңдеп* жетіп келу;

10) *көгендеулі қозыдай* қаз-қатар тұрғызып қойып, қырық қайтара санап, қырық қайтара тексеру;

11) Өктем көп әлжуаз азды зорлықпен ememін деп өңмеңдесе, *тышқақ бұзаудың бауырына басын ала жүгірген бұзақы бұқадай* маңына ешкім жуымай, жұрттың бәрін шығынтып алады.

12) Шіркіннің *сүзетін бұқадай аларған көзі* жаман екен...

13) *сүзетін бұқадай көзін алартып*, сыздап үндемей діңкеңді құртатын бір тоға жігіт;

Инсектоморфизмдер:

1) *кенедей жабысып* жатқан қонтайшы;

2) Қайыптың да жылтыңдаған кішкене *көзі* шимай-шимай суыртпақ әжімдердің арасынан торында жатқан *қара құрттай* боп бағжия қарайды.

3) *қара құрттай қаптаған қара қытай;*

4) Бағзыдан бері ешкімге тізгін ауыстырмай келе жатқан *Жәдік тұқымы* тап бүйтіп тозып, *құрт-құмырсқа, бақа-шаянға айналып* кете қоюы мүмкін бе!.. Жоға тәйірі...

5) Әкесін, әйелін, баласын ойлағанда ғана көкірек тұсы *шаян шағып алғандай* тыз ете қалатын.

6) қайдан шыққаны белгісіз *сары масадай сары жебе* ызыңдап ала жөнелгені;

Герпентоморфизмдер:

1) *жыландай ысқырып отырған* қатыгез Сыбан Раптан;

2) *Сумаңдаған сұр жыландай* басын қылтитып тұрған сай кез оқ;

3) Сайрам базары *жылан жалағандай* қаңырап бос тұратын.

4) астында *су жыландай сумаңдаған* боз арғымақ;

5) Босаған табақтарды да *жылан жалағандай* жалап-сұқтап, аузына ештеңе тигізбейді.

6) суыт шабармандардың қолында да *жыландай ирелеңдеген* қызыл жолақ ұран оты;

7) Сұлтанның өн бойында *бір оқ жыландай ысқырынған* суық ызғар бар.

8) Егер *жылы-жылы сөйлесе, інінен шыққысы кеп басын қылтитып отырған нағыз сұр жылан* сол Сырлыбай. депті.

Ихтиоморфизмдер:

1) Жалына қол апартпай кеткен қиқар топ та *басын сеңге ұрған балықтай* бір мәңгіріп қалар еді.

2) Ала қапшықтың тасасында *судағы балықтай сылаң қағып* бара жатқан сұлу дене көзіне оттай басылды.

3) *Балығы тайдай тулаған*, бақасы қудай шулаған» жерұйық мекен.

4) Жалаңтөстің бұзау тіс дойыры ел шырқын қашырған талай сұрқияның шонданайын *шортандай шоршытқан-ды*.

5) Бас-аяғы жеті мыңдай жау қолы енді, міне, бұның нояндарының көз алдында *торға түскен шортандай бұлқынып* жатыр.

Ш.Айтматовтың қолданысындағы зооморфизмдер "Боранды бекет" романы негізінде сұрыпталып, талданды.

Орнитоморфизмдер:

1) *Суға түскен тауық құсамай*;

2) жағалай қонақтап қалған *аққу құстар сияқты*;

3) *бала қоразша қоқиланғанына* күлімсіреу;

4) *қосағынан айырылған аққудай* жаңа шыққан күнге қараса, күн де қап-қара боп көрінер;

5) Есіл ерді *қарға-құзғын шоқыды-ау, ит-құсқа шіркін жем болды-ау*!

Териоморфизмдер:

1) Едіге буындырып өлтірген фашистің мойны *бұқаның мойнындай жуан*;

2) Едіге одан қарғып түсіп, басын *бұқаша тұқыртты*;

3) *құтырған бұқаша* әлгіні таптады-ай келіп;

4) *Қоңыр қой көздерінде* бір ғажап қасиет бар;

Инсектоморфизмдер:

1) Шүршіттер Сарыөзектің өңіріне сыймай, *құрт-құмырсқадай жыбырлап* кетер еді ғой.

2) *қылқұрт болып іштен жегідей жеген уайымнан* арылу, еңселері көтерілу;

3) Оған ана әзіздің зары да, шөп арасындағы *шегірткенің шырылы да бір сияқты.*

Герпентоморфизмдер:

1) Аяз да қатайып, жаяу борасын жалдана жылжып*, жыландай сумаңдайды*.

2) сым темір *жыланша ирелеңдеп*, өткел бермеу;

3) *Кесіртке екеш кесірткенің өзі жанын қоярға жер таппай*, шақшиған күннен жан сауғалап босағаға тығылған аптап ыстық;

Ихтиоморфизмдер:

1) *Қайраңға соққан балықтай* есеңгіреп қалу;

2) Борандының балалары *жағаға лақтырып тастаған балықтай* мең-зе

Жоғарыда берілген деректерден байқағанымыздай, Ә.Кекілбаев "Үркер" романында және Ш.Айтматов "Боранды бекет" романында зооморфизмнің барлық түрлерін: орнитоморфизм, териоморфизм, ихтиоморфизм, инсектоморфим және герпентоморфизм қолданады. Әсіресе, зооморфизмдерді Ә.Кекілбаев ерекше шеберлікпен қолданғанын аңғардық.

Авторлық модальділік категориясы авторлық бағалаумен тығыз байланысты, екеуі параллель жүретін тілдік құбылыстар екендігін айтқан болатынбыз. Бұл мысалдарды сұрыптау барысында зооморфизмдерді автор белгілі бір оқиғаға баға беруде немесе кейіпкердің бойындағы қасиеттерді, мінезін, сыртқы болмысын танытуда қолданғанын көре аламыз. Автор бірде адамның бойындағы қасиетті тікелей зооморфты бейнеге ұқсатып қолданса, бірде адамның белгілі бір әрекетін, қимылын зооморфты бейненің қасиетіне балап қолданады. Мысалы: *1)* ***Аюдай ақырған ақ патшаның*** ақжолтай елшісі екеніңді кім құлағына қыстырып жатыр! *2) Батыр* ***жем жеп үйренген жетім қозыдай*** *телмеңдеп жетіп келмеп пе еді (Ә.Кекілбаев).*

Бірінші мысалда ақ патшаны тікелей ақырған аюға теңесе, екінші мысалда батырдың әрекетін жетім қозының іс-әрекетіне ұқсатады. Автор жетім қозы сүт беретін қожайынының артынан қалмай жүгіретінін батырдың айтқанға жылдам келе қалған әрекетімен салыстырып, бұл зооморфизмді қолдану арқылы ұнатпау реңкін танытады.

Зооморфизмдерді сұрыптау барысында кейбір мысалдарда зооморфизмді ғана емес, зооморфизм қолданылған сөйлемді толық беруді жөн көрдік. Бұл мысалдардан зооморфизмді қолданудағы автордың мақсаты анықталады, әрі зооморфизмдердің функционалдық қызметі туралы ақпарат ала аламыз.

Талданған мысалдардан байқағанымыз, зооморфизмдер тек теңеу ретінде емес, сонымен бірге метафора, фразема түрінде де кездеседі.

Теңеу – құбылысты басқа бір нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі [6, 323 б.]. Теңеу ретінде танылатын зооморфизмдерге мысал келтірсек: *су ішпеген жылқыдай, қақпанға түскен аюдай, сары масадай сары жебе, құтырған бұқаша, қайраңға соққан балықтай.*

Метафора, қазақ тілінде ауыстыру – екі нәрсені, құбылысты салыстыру арқылы орындарын ауыстырып астарлы мағына туғызу [6, 227 б.]. Зооморфизмдердің метафоралық үлгісіне мысал келтірсек:

1) Егер *жылы-жылы сөйлесе, інінен шыққысы кеп басын қылтитып отырған нағыз* ***сұр жылан*** сол **Сырлыбай** *(Ә.Кекілбаев).*

2) *Бойынан алпыс екі айла табылатын билеуші ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айласыз, әупірім, алаңғасар қайырмалаған халық құрт-құмырсқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағайып заманның да туғаны шығар. Мұндай әрпіл-тәрпіл кезде* ***ел ұстайтын ердің*** *де жол бастары* ***тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес***, ***айлакер түлкі*** *болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой (Ә.Кекілбаев).*

3) Оған ***ана әзіздің зары да,*** шөп арасындағы ***шегірткенің шырылы да бір сияқты (Ш.Айтматов).***

Зооморфтық фраземаларға тіліміздегі жан-жануарлардың адам сипатына қатысты тұрақты тіркестері, яғни фразеологизмдер жатады. Ондай зооморфизмдерге мысал келтірер болсақ: *жылан жалағандай, тауыққа жем шашқандай, аюдай ақыру, ит-құсқа жем болу.*

Талданып отырған шығармаларда негізінен үшеуінің ішінде зооморфтық теңеулер көп қолданыс тапқан.

Әр ұлттың өзіндік дүниетанымы, яғни ақиқат дүниені түсінуі, оны бағалауының принциптері, білімдері мен ақпараттарының негізінде пайда болған көзқарастары мен құндылықтарының әр алуан болатыны белгілі. Сол себепті, ұлт болмысын, мінез-құлқын, олар өмір сүретін табиғи ортасы мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерін тілдік бірліктердің мазмұнынан іздей отырып, тіл этномәдени ұжымның тарихи, саяси дамуымен, салт-дәстүрімен, танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, рухани және заттық мәдениетінің жәдігерлерімен тығыз байланыста зерделенетініне көзіміз жетті.

Зооморфизмдер астарындағы танымдық ақпараттар ұлттың ойлау жүйесімен тығыз байланысты. Өйткені дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық болмыс, төл мәдениет төңірегіндегі ерекшеліктер танымдық ақпараттар мен аялық білімдер мазмұнында эксплицитті не имплицитті түрде көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Новиков Л.А. Художественный текст и его анализ. – М.: Наука, 1988. – 346 с.
2. Әзімжанова Г. Қазақ көркем мәтінінің прагматикалық әлеуеті: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 30 б.
3. Шалабай Б. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арда, 2016. – 488 б.
4. Логико-математический метод множеств для определения содержания зооморфных единиц // Семантика. Функционирование. Текст: Сб. науч.тр. – Киров: Изд-во ВГПУ, 2001. – С.14-15.
5. Қазіргі қазақ тілінің функционалды стильдік құрамының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 262 б.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 383 б.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛГЕ ҚАТЫСТЫ ГЕНДЕРЛІК АТАЛЫМДАР

Н.Қалдыбайқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты

Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Гендерлік лингвистика – гендер мен тілдің өзара байланысын зерттейтін гендер мен лингвистика аралығындағы ғылым саласы. Гендерлік зерттеулердің басты назарға алатын мәселелері – қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген қарым-қатынасты айқындайтын мәдени және әлеуметтік факторларды анықтау, индивидтердің белгілі бір жынысқа жатуына байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін, олардың еркекке және әйелге тән негізгі қасиеттерінің стереотиптік сипаттарын ашу.

Гендер – тек әйел мен еркекке қатысты жалаң ұғым ғана емес, олардың арасындағы қарым-қатынасқа, сол қатынастардың әлеуметтік жағынан қалай құрылғанына байланысты ұғым. Ал гендерлектілер – бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер.

Мақалада автор гендерлік лингвистиканың зерттелуіне шолу жасап, қазақ тілі мен түркі тілдеріндегі гендерлік фразеологизмдер және гендерлік аталымдар мәселелеріне тоқталады. Сонымен бірге түрік, қырғыз, татар, өзбек, қарақалпақ тілдері мен қазақ тіліндегі ортақ гендерлектілер, қыздың портретін білдіретін гендерлік аталымдарды талдап көрсетеді. Гендерлік аталымдарды сол халықтың өз салт-дәстүрінен бөлек ажыратып қарастыра алмаймыз. Сондықтан мақалада салт-дәстүр мен гендерлік аталымдардың байланысына да түсінік берілген.

Түйін сөздер: гендер, гендерлік лигвистика, гендерлект, гендерлік фразеологизмдер, гендерлік аталымдар.

Abstract. Gender linguistics is a branch of science that studies the interrelationship between gender and language.

The focus of gender studies is to identify cultural and social factors that determine the attitude towards men and women in society, to reveal the characteristics of the behavior of individuals associated with belonging to a certain gender, the stereotypical characteristics of their basic masculine and feminine qualities.

Gender is not only a bare concept related to a woman and a man, but also a concept related to the relationship between them, with how these relationships are built socially. Genderlects are linguistic units in the speech of man and woman that are associated with a social gender (female and male) in the same language territory.

In the article, the author gives an overview of the study of gender linguistics and concentrates on the issues of gender phraseological units and gender nominations in the Kazakh and Turkic languages. Moreover, the gender nominations representing the portrait of the girl, the common gender features of the Turkish, Kyrgyz, Tatar, Uzbek, Karakalpak and Kazakh languages are analyzed. Gender nominations are not considered separately from the customs and traditions of those people. Therefore, the article also provides an explanation of the relationship between traditions and gender nominations.

Keywords: gender, gender linguistics, genderlect, gender phraseological units, gender nominations.

Қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап дамып, өркендеп келе жатқан тың сала. Тіл ғылымында гендерлік бағыт бірден пайда болмағаны сияқты қазақтың гендерлік лингвистикасының тырнақалды белгілері қазақ тіл білімі аясында XX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Қазақы гендерлік бағытты қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов ғылыми мұраларын зерттеп-зерделеудің өзіндік орны бар. Қазақ тіл білімінің гендерлік бағыты XX ғасырдың соңғы жылдары, нақты айтқанда, XXI ғасырдың басында жекелеген ғалымдардың қазақ тіліне байланысты зерттеулерінде, қазақ тілінің кейбір гендерлік мәселесі бойынша арнайы жазылған мақалаларында, конференцияларда белгі бере бастады.

Қазақ тіл білімінде гендерлік лингвистика мәселесін қарастырған ғалымдар қатарынан Э.Д.Сүлейменова, Б.Хасанов, Г.Шоқым ерекше орын алады. Э.Д. Сүлейменова гендер лингвистикасын тілді пайдаланушылардың жыныстық айырмашылықтарына байланысты тілдік құбылыстарды зерттейтін айрықша лингвистикалық пән деп танытады. Г.Шоқымның «Гендерлік лингвистика негіздері» еңбегінде «гендер – әйел мен ердің қоғам туғызған әлеуметтік бейнесі» деп беріледі [1, 6 б.].

Лингвистикалық әдебиеттерде «гендер» термині жүйелі қолданылмағандықтан, ғалымдардың еңбектерінде «жыныс» және «гендер» сөздері қатарласа қолданылады. Гендер – әйел мен ердің әлеуметтік қоғам қалыптастырған, жасаған үлгісі. Ол әйел мен ер жынысының әлеуметтік ортадағы, қоғамдық мәдениет ошақтарындағы өзіндік орны мен рөлін айқындайды [2, 105 б].

Қазіргі таңда гендерлік лингвистика негізінен тілдік қатынастағы ерлер мен әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілеріне айрықша назар аударуда. Сол себепті қазіргі кезде әлемдік тіл білімінде әр ел ғалымдары тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесін көтеріп, жан-жақты зерттеулер жүргізуде.

Тіл және гендерлік рөл туралы Б.Хасанұлы айтқандай, «Гендер факторы ең ежелгі заманнан көрініс береді. Алғашқы қауымда әйел мен еркектің, қыздар мен жігіттердің топтық өзіндік тілі болған. Қазақтың «ер адам – түздікі, әйел – үйдікі» деген сөзі ертеде айтылған болса керек. Осыдан келіп, әр жыныс өкілінің айырма сөздігі пайда болған». Бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер) гендерлект болып аталады [3, 39 б].

Г.Шоқым еңбегінде әйел мен ер адам гендерлектілері бөліп көрсетіледі. Соның ішінде гендерлектілердің бір тобы – гендерлік фразеологизмдер. Мұнда қызға байланысты гендерлік фразеологизмдер *(айдай сұлу, күлім көз, бұраң бел),* әйел бейнесіне қатысты *(алтын басты әйел, салпы етек, көкайыл),* ер бейнесіне байланысты *(зіңгіттей жігіт, қияқ мұрт, жалаң төс)* гендерлік фразеологизмдер сияқты түрлерге бөлініп, мысалдармен дәлелдер келтірілген [3, 194-199 бб]. Біз өз зерттеуімізде түркі тілдес халықтардың тіліндегі гендерлік аталымдар мен гендерлектілерге тоқталып өтпекпіз.

Түрік тілінде әйелге қатысты *abla (әпке), aile (жұбай, зайып), ana (балалы болған әйел), bacі (әпке, ana, сіңлі), bakire (пәк, ер көрмеген қыз), dişi (әйел, қатын) el kızı (келін, әйел, жұбай), gelın (келін), hatun (әйел), kadin (әйел), kız (қыз), seyyıbe (жесір, тұл әйел), nene (ана-шеше, әже), nine (әже)* сияқты гендерлік аталымдар бар [4, 2007].

Гендерлік аталымдарды сол халықтың өз салт-дәстүрінен бөлек ажыратып қарастыра алмаймыз. Сол секілді түрік халқы мен қазақ халқында ортақ дәстүрдің бірі – келіннің келін болып түскен жұртының, күйеуінің туыстарының атын атамауы. Түрік халқында келін күйеуінің әке-шешесімен сөйлескенде оның атын атамайды, *sızın oğlunuz* тіркесін, бауырларымен сөйлескенде sizing *ağbeyınız/sızın ağanız* тіркесін қолданады. Сонымен бірге туыстық атаулардан абысынын *eltı,* күйеуінің әпкесін *görümce,* шешесі жағынан туыс әйелді *teyze,* шешесі жағынан туыс ер адамды *dayi* деп атайды. [5, 3-4 бб.].

Қазақ тіліндегі қыздың әртүрлі әлеуметтік статусына байланысты қыз, әйел, келін, әже секілді берілуін Г.Шоқым өз еңбегінде былай көрсетеді:

1.Тілімізде ***қызға*** байланысты гендерлект фразеологизмдер ерекше орын алады: *үріп ауызға салғандай, туған айдай* т.б.

2. Гендерлік фраезеологимздердің келесі бір тобы қызды ***бойжеткен, қалыңдық*** бейнесінде дараландырған: *айттырған қыз, қыз жасауы, оң* жақ т.б.

3. Әйел бейнесіне қатысты гендерлектілік фразеологимдер де жеткілікті. Бұл топтан өз ішінен ***әйел – ана, жұбай, келін, қатын*** лексемаларын жіктеп көрсетуге болады: *көкайыл, келіншек көші, күндес* қатын т.б. [3, 195-197 бб].

Ғалым әйелдің гендерлік портретін дидар жүзі, шашы, мойны, қасы-көзі, кірпігі, ерні, тісі, саусағы, белі, тұлға-тұрпаты, лебізі, күлкісі, қимылы, мінезі секілді жіктеп, қазақ тілінде мысалдар келтіреді.

Түркі тілдес халықтарда кездесетін әйел портретін көрсететін гендерлік аталымдарға келер болсақ, түрік тілінде әйелдің әдемілігін бейнелейтін сөздер: ***ahu*** әдемі, сұлу, көрікті әйел***, albenı, dilber, alım*** тартымды, сүйкімді әйел мағынасында, ***alımlı çalımlı*** ұнамды, сұлу, әдемі, көрікті, ***bıçımlı*** пішінді, келбетті, кескінді, сымбатты, ***canan*** сүйікті, ***zarif*** нәзік, әсем, көркем деген мағыналарда қолданылады.

- *Дидар жүзі* ***akça pakça*** (ақ құба, бидай өңді) *Genç karısı ince, uzun boylu, akça pakça bir kadın. Жас келіншегі жіңішке, ұзын бойлы, ақ құба келген бір әйел.* ***Böşnak güzeli*** алма бетті, дөңгелек жүзді.
- *Белі* ***belli*** белі бар, қыпша белді. *Hani sen benim gibi ince belli sarışınları severdin? Кәні, сенің мен сияқты қыпша бел ақ сары қыздарды ұнататының?*
- *Мінезі* ***gemile*** сыпайы, ізетті, инабатты, ***cadaloz*** ұрысқақ, бетпақ, көк долы
- *Қасы-көзі* ***maviş*** *көк көзді әйел,* ***ahu gözlü*** құралай көз
- *Қасиеттері* ***hamarat*** еңбекқор, еңбек сүйгіш, үй шаруасына пысық, епті, ***alicenap*** жомарт, қолы ашық, ***afife*** адал, намысты әйел
- *Тұлға-тұрпаты* ***atlar anası*** ірі денелі әйел, ***babaçko*** жуан, толық әйел [4, 2007].

Қырғыз тілінде де қазақ тіліндегідей мағына беретін гендерлік аталымдар бар. Олар: *абысын, байбиче, балдыз, катын, келинчек, кыз, жеңкетай, жесир т.б.* Сонымен қатар қыздың (әйелдің) бейнесін, іс-әрекетін білдіретін сөздер қатарында мына сөздер кездеседі: ***боён –*** возвр. от боё **–** *(о женщинах***)** краситься; ***абдан боёнун жүргөн аял*** женщина, которая очень красится; ***бойтой –*** быть скромным, миловидным и миниатюрным (*гл. обр. о девушках****); боёолуу жердин боёосу болсом, бойтойгон кызын күйөөсү болсом*** *фольк.* стать бы мне растением **боёо** 1) стать бы мне мужем скромной миловидной девушки; ***жаянда –*** (о женщинах) быть степенно-приветливой, внешне прятной и учтивой; ***жубан*** *ир.*молодая женщина, молодка; красотка; ***күйгөндөн сөздү курадым, күйгүзбөчү, жубанвым*** *фольк.*от любви я рифмовал слова, не заставляй (меня) страдать, моя красотка; ***атка бергис кунан бар, кызга бергис жубан бар*** погов. бывает третьяк, которого не променяешь на коня, бывает молодуха, которую не применяешь на девицу; ***кылмыңда –*** *(об изящной девушке, женщине)* жеманиться, быть игривой, к***ылжаке, кылжакей*** (о девушках) ломака, кривляка [6, 1985].

Орыс-татар сөздігінде татар тілі мен қазақ тіліне ортақ туыстық атаулар, гендерлектілер көптеп ұшырасады. Олардың қатарында *кыз, хатын, каенана,*

каената, жиңги, жиңгә (й), жәмәгать, каенсеңел, килен, тәтә(й) (сущ 1. старшая сестра 2. тётя, тётка), *килендәш* сущ сноха (жена брата по отношению к жене другого брата), *каенсеңел* сущ золовка (младшая сестра мужа), *каенигәч* (сущ 1. свояченица (старшая сестра мужа) 2. *золовка* (старшая сестра мужа).

Сонымен қатар әйел адамға қатысты ***бичә*** (жена, супруга*),* ***карчык*** – (старуха, жена), ***әни*** – (мама, мать), ***дәү әни, әби*** – (бабушка), ***жефет*** (супруга, супруг), ***кәләш*** сущ (1. невеста, сговорённая девушка 2. молодая жена, молодуха) секілді сөздер бар [7, 2008].

Көптеген әйел адамға байланысты атаулар түркі тілдерінде өте ұқсас болып келетіні жоғарыда айтылды. Сол сияқты өзбек тілінде де *болдиз, келин, сингил, туқол, қайнана, қиз* сөздері басқа түрік тілдеріндегідей бірдей айтылса, ана сөзі *онажон*, келін *қаллиғ*, жеңге *келинойи,* әже *буви* деп аталады. Сонымен қатар өзбек халқында жаңа босанған әйелді 40 күнге дейін ***чиллали*** деп атайды екен [8, 1941].

Кейбір гендерлектілер әр халықтың салт-дәстүріне байланысты өзгешелеу келеді. Бұл туралы Г.М.Исмаилов өзбек, қарақалпақ және қазақ тіліндегі ***бой жету*** тұрақты сөз тіркесін салыстырып көрсетеді:

«В узбекском языке фразеологизм ***балоғатга етмоқ*** (ЎТИЛ, I, 152) — достижение физического совершенства, совершенолетие: ... *йигитлар шу ёшда ҳарбий хизматга борадилар*. Демак, *балоғатга етадилар, жазо ҳам шу ёшда берилади, дегувчилар ҳам мавжуд* (Т. Малик, Длинный путь преступления). А в каракалпакском языке эта особенность реализуется с помощью фразеологизма ***бой жетиў*** (ҚТҚФС, 63) – достижение совершенолетия, достигать возраста вступления в брак. В казахском языке употребляется фразеологизм ***бойға жетті*** (ФС, 154), Бойға жеткен кісі мен баланың арасында ортақтық, бірлік шын аз, мұндай аралары шалғай жатқан екі жанның байланысы берік бола алмақ емес (Меңдігүл). Эти фразеологизмы в представлении носителей языка всех трех социумов характерны для актуализации и мужского, и женского. Следует отметить, что данный вариант казахского и каракалпакского фразеологизмов ***бойға жетті, бой жетиў*** существует также и в узбекском языке, однако употребляется лишь для выражения концепта «женщина»: *Бўйи етган қизнинг ўгай онани кутиб олиши осон эмаслигини ҳис қилишдими, ҳар ҳолда уни ҳоли қўйишди* (Т. Малик, Талваса). Приведенные примеры свидетельствуют о том, что в представлении физического совершенства носителей трех языков имеются как общие, так и отличительные свойства [9, 85-88].

Қорытындылай келе, түркі тілдеріндегі әйелге қатысты гендерлік аталымдар ұқсас келеді және өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес. Оған қазақ, өзбек, түрік, татар, қырғыз тілдеріндегі гендерлік аталымдарды салыстыру арқылы көз жеткіздік. Әйелге қатысты гендерлік аталымдардың әйелдің бет-бейнесіне, сөйлеу тіліне, іс-әрекетіне, әлеуметтік статусына, туыстық байланысына, көптеген ерекшеліктеріне қарай түрліше атауларға ие болатынына шолу жасалды.

Қазақ тіл білімі саласында гендерлік зерттеу әйел мен ердің дәстүрлі қоғамда алатын орнына қатысты тілдік бірліктерге, әйелдің тілдік сөйлеу

қорына, психолингвистикалық ерекшеліктеріне, олардың гендерлік сипатының көркем әдебиеттерде кездесетіндігіне қатысты жүргізіліп келеді. Түркі тілдеріндегі гендерлік аталымдар мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді. Сондықтан осы бағытта әйел және ер адамға қатысты гендерлік аталымдарды зерттеу, талдау жұмыстарын жүргізудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. Оқулық / Г.Шоқым – Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет

2 Қортабаева Г.Қ., Есімбекова Н. Қазақ тіліндегі гендерлік сипатты фразеологизмдер. ҚазҰУ «Хабаршысы». Шығыстану сериясы. №1(62). 2013

3 Шоқым Г.Т. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры. –Алматы, 2007. – 312 бет.

4 Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. (50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі қамтылған) –Алматы, 2007, 808 бет.

5 Сембаева А. Қазақ және түркі тілдеріндегі туыстық атаулардың гендерлік сипаты. Ұлағат. – 2017. - №1

6 Киргизско-русский словарь. 40000 слов/ Сост. К.К.Юдахин. – Ф.: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985.

7 Татарско-русский полный учебный словарь (около15000 слов) /Сост.и ред. Р.А.Сабиров. – М: Толмач СТ; Казань: Татарнамэ, 2008. – 336 с.

8 Узбекско-русский словарь/ Под ред.Т.Н.Карыниязова., А.К.Боровкова. – Ташкент, 1941.

9 Исмаилов Г.М. Лингвокультурологическое исследование гендерного стереотипа втюркской фразеологии (на материале узбекского, казахского и каракалпакского языков). Вестник РУДН. Серия: Вопросы образования: языки и специальность, 2017.

ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Мазибаева Ж.О.
PhD докторант,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қаламгер дүниетанымының қалыптасуына белгілі бір тарихи кезең, қоғамдағы әлеуметтік орта, ұлттық дүние бейнесі өз әсерін тигізеді. Ұлттық дүниетаным мен қаламгердің қиял дүниесі, автор дүниетанымы астасып жатады. Тіл – дүниетанаммен тығыз байланысты ұғым. Әрбір халықтың өзіне ғана тән ұлттық танымдық түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным – қандай да бір ұлттың басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысы, адам және сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы. Осыған байланысты тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қазіргі тіл біліміндегі басты мәселелердің бірі. Осы арқылы көркем шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып біле аламыз. Мақалада ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі Т.Ахметжан шығармалары негізінде талқыланды.

Түйін сөздер. Ұлттық дүниетаным, тілдік бейне, ұлттық болмыс, тілтаным, ғалам бейнесі, діни таным.

Abstract. A certain historical period, the social environment in the society, and the image of the national world have an influence on the formation of the writer's worldview. The national worldview and the imagination of the writer, the worldview of the author are intertwined. Language is a concept closely related to worldview. Each nation has its own national cognitive concepts. National worldview is a way of life of a nation that is different from others, its attitude towards people and their life in that world. In this regard, one of the main problems in modern linguistics is to study worldview features, along with linguistic features of artistic works, on the basis of linguistic research. Through this, we can recognize the language and worldview of the author of the artistic work as the language of the whole nation, a national specialty. The article deals with the language of the national outlook and approach is discussed under T.Ahmetzhana.

Keywords: National world view, linguistic image, national identity, linguistic knowledge, image of the universe, religious knowledge.

Адамзат баласының шындық болмысты танып-білуі барлық халықта бірдей екендігі анық. Яғни таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асады. Ми қызметінің нәтижесінде тілдік бірліктер обьективті дүниемен байланысады. Ми қызметі арқылы адам дүниені таниды. Ал осы адам танымының нәтижелері дыбыстық кешендер арқылы тілден көрініс табады. Ал дыбыстардың тілде белгіленуі тілдік таңба болып табылады. Осыдан барып тілдің мазмұндық және тұрпаттық межелері айқындалады. Олай болса, тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы, яғни ғалам туралы ақпаратты тілдік таңбалар арқылы айқындау – ғаламның тілдік бейнесі деген ұғымды тудырады. Тіл – ғалам бейнесін обьективтендіретін форма. Демек, «ғаламның тілдік бейнесі» дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арғылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі. Салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүниетанымы да көрініс тауып отырады [1].

«Тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал» [2,4].

В.Гумбольд «ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл» деп көрсетеді. Ғалым тілді адамның ойымен, санасымен, оның мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты қарайды. Тіл мен рух – Гумбольдтың пікірінше, біртұтас ұғым. Оның пікірінше, тіл дүниені тікелей, тура бейнелемейді. Тілде адамның дүниені қалай түсінетіні көрініс береді [3,349]. Шешендік сөздердегі дүниетанымды зерттеген Г.Қосымова: «Адамзат, тіршілік, өмір, т.б. туралы адамдардың алған білімдерінің көпшілігі абстрактылы ойлаудың маңызды бір формасы – ойқорытындының көмегімен алған білімдер. Олар тіл арқылы біреуден біреуге жетіп отырады. Біз өзімізді қоршаған дүние туралы білімді ұғым, пайымдау, пікір, ойқорытынды формасында тұжырымдаймыз» [4, 213] дейді.

Көркем шығармалардың ішінде әртүрлі тақырыпқа жазылған шығармалар ұлттық дүниетанымдық лексемаларды молынан қамтиды. Біз Т.Ахметжанның

шығармаларын ұлттық дүниетанымдық түсінікті бере алатын, дүниетанымдық лексеманы молынан қамтыған көркем шығарма деп санаймыз.

Т.Ахметжан шығармаларынан қазақтың ұлттық болмысы мен діни танымын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен қазынасын көруге болады. Суреткер хикаялары мен әңгімелері дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді.

Т.Ахметжан шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін әр қырынан көруге болады. Қаламгер өз туындыларында қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. Мысалы, «Айқасқа» әңгімесінде «Ақай мен Бақайдың әкесі Қапсадық – Алтай өңіріне әйгілі жалаңтөс батыр кісі еді. Жеті атасынан бері сіңірі шыққан кедей болатын. Көре алмаған ағайын: «Әкесі түйе үстінен ит қабатын ынжық еді, тілі сала құлаш көкайыл шешесіне тартқан ғой, қатынға тартқан ұл қаншаға ұзар», – деп күндеп отыратын-ды» [5, 188]. Келтірілген мысалдарда баланың нағашыға ұқсауы, нағашысына тартқанына қуанудың орнына оны қазақтың көре алмауы – қазақтың қанына біткен **ұлттық мінезі** екені айдан-анық. «Қапсадық орта ғана бойы бар, қызылшырайлы, **көзі өңменіңнен өтетін өжет** кісі еді. «Мен кісі ақысын жемеймін», – деп отыратын **тілге шешен, саудаға жүйрік** болатын. **Қаршығадай түйіле қарағанда қарсыласы еріксіз ығып, сөз таба алмай жуасып қалатын»** [5,188]. Автор Қапсадықтың **білегі мен жүрегі бірдей, қайсар мінезін** жалғыз ғана Қапсадыққа тән емес, жалпы қазақ халқының **ұлттық мінез ерекшелігі** ретінде көрсетеді. Қаламгер адамның мінез-құлқы мен оның бойындағы психологиялық иірімдерге толы көзқарасты әсерлі суреттей отырып, **ұлттық психология** жайлы хабар береді. «Қожайынмен бірнеше рет ере келіп, еркелей қонақ боп қайтып жүрген сұлу бойжеткен осындай сый-құрметке әбден еті үйренген сыңайлы; ...Жас бойжеткеннің өзін ұстай білудегі мәдениеттілігі тәрбиелі ортадан шыққандығы мен **тектілігін танытады**» [5,70]. Халқымыздың санасына жазылып қалған, адамаралық қатынаста айқын көрінетін қанмен сіңген қасиетті қазақта тектілік қасиет деп текке атамаған. Тектіден текті туар сараланып деген халқымыз тек деп тегіне қарап сөйлеген. «...Осы бір еліктің лағындай сүп-сүйкімді періштені қожайыннан неге өлердей қызғанатынын өзі де білмейді, ... бұл өзі ғаламат, қызғаныштан да қызулау жұмбақ сезім еді». Бұл мысалдарда қыз баласы үшін әкесі ет-жүрегі езіліп, жанын беретіні сияқты қазақы түсініктер көрініс тапқан.

Әрбір шаңырақтың тағдырына бейжай қарамаған қазақтың тек өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін көрсететін бірліктер жазушы шығармаларында молынан кездеседі. «Әкең марқұм: «**Қара шаңырақтың иесі** Бақайым», – деп отыратын еді...» [5,184]. Қазақ өзге балаларын еншісін беріп, отау етіп шығарады да, кенже баланы қара шаңырақтың иесі деп, қолына ұстап қалатын. «...«**Жесіріне ие бола алмады**» дегізбе елге. Асан ағаңның **шаңырағына енді сен ие боласың**!» [5,126], «...Аталарымыз «**он үште отау иесі**» деген» [5,127], «...Ағасының **орнын жоқтатпайды** енді... Кәне, қолдарыңды жайыңдар, батамды берейін!.. ...» Орнында бар оңалар» деген. Екеулеп Асанжанның **түтеткен түтінінен ие болыңдар**, қарақтарым! **Атадан жалғыз** еді. Ғұмыры қысқа болды. Соңынан

ерген мына жалғызын **бөтеннің бетіне жаутаңдатпайық** деген тілек қой менікі. **Шаңырағын шайқалтпаңдар**, боталарым! Айнашқа әрі аға, әрі әке бола біл, балам! Бір **ошақтың тағдырын** саған сеніп тапсырып отырмын...» [5,128]. Түтеткен түтінге ие болмақ түгілі, сол түтіннің түзу ұшқанын жіті бақылайтын, ұрпақ қамы мен сол ұрпақтың сана тазалығын, қан тазалығын сақтайтын әлемдегі жалғыз ұлт болса, ол – қазақ. Қазақтың ұлттық психологиялық танымын көрсететін мысалдар жазушы шығармаларында көптеп кездеседі.

Суреткер өз шығармаларында ұлттық психологияны кейіпкер сөздері арқылы да көрсете білген. «...Ауылдағы жесір атаулыны адақтап түк қоймағаныңмен тынбай... Енді баланы бұзайын дедің бе? – деп шешем шаңқылдап жатыр екен.

– Оу, не көкіп отырсың өзің? – деді әкем.

– Әй, анау апасымен жасты қатынның қойына апарып жас баланы неге саласың? Ол қатынға бұл ауылда одан өзге еркек ...

– Әй, оттама деймін саған, – Қарлыға – Дарынның **әмеңгері! Сол үйдің ендігі иесі Дарын! Айнаш тұрғанда Қарлығаны қаңғытып жіберуге біздің қақымыз жоқ! Обал болады. Жетім-жесірдің көз жасына қаламыз...**. Оларда енді сенің шаруаң болмасын!

– Шаруам болады! Болғанда қандай**! Әмеңгері несі**? Ол қайдан шыққан заң?!

– **Атам қазақтың заңы**!..»

Жоғарыдағы мәтінде **қазақтың әмеңгерлік салт** Дарынның әке-шешесінің ұрсысуына негізгі себеп болып отыр. Әкесінің шегелеп тұрып айтқан сөзінен бұл салттың қазақтың жазылмаған заңы екендігін анық байқауға болады. Бұл жерде **жесірін қаңғытпаған қазақтың** дүниетанымдық түсінігі, ұлттық психологиясы айқы көрініс тапқан.

Т.Ахметжан шығармаларында жігіттің болашақ жарының адал болуы жайлы ұлттық дүниетанымдық түсініктер де көрініс тапқан. Мысалы, «Бәсе-бәсе, сұлудың төсек рахатына аса ынтызарлығы көңіліне күдік ұялатып кеткен еді, үркек көңіл бекер секемденбепті ғой. Беті ашылмаған қыз болса сөйтер ме еді...» [5,95], «...О, тоба, қарғыс атқыр ақжаймада дақ жоқ! Япыр-ау, бұл қалай болғаны! ...Дақ тимеген қардай аппақ ақжаймаға ұзақ тесілуге дәті жетпеді. ...Ақжаймаға сүзіліп тұрып көз алды бұлдырағанын, жанарынан ытқып жас шыққанын көрді! [5,96]. «Сұлу мен суретші» хикаятындағы суретші өз сұлуын пәк қызға балап, кейіннен ол ойының теріске айналуы басты кейіпкердің өмірін мүлдем басқа арнаға бұрып жібереді. Бұл мысалдардан қазақтың ұлттық психологиясы айқын көрініс тапқанын көруге болады.

Т.Ахметжан шығармаларында уайымсыз тіршілік еткен қазақы тұрмыс пен сол тұрмысқа дағдыланған жайбасар қазақтың басына іс түскен кезіндегі іс-әрекеті де, таным-түсінігі де шынайы беріледі. Мысалы, ««**Жұт жеті ағайынды**» деген тегі рас. Өзіңе көрінгір, **малдың былтыр егізден тууы жаман еді**. Аяулы ана секем алып қалған. Кешегі **қаймағы бұзылмаған жарастық, қымызға бөрткен қызулы күндер** қайда кетті? **Іргесінен ат үзілмеген, төрінен мейман тарқамаған киелі шаңырақтың бір-ақ күнде түндігі жабылғаны ма**?»

[5,190]. Қазақтың адамның дүниеге келген күнін мезгіл не белгілі бір құбылыстармен байланысты анықтайтыны белгілі. Сонымен қатар жазушы шығармаларында қазақ халқының туған күнді өзінше бір өлшеммен бегілейтін, оған соншалықты мән бермейтін дүниетанымы, ұлттық психология көрініс тапқан.

Суреткер шығармаларында ұлттық ерекшелік болып табылатын қазақ өнерінің болмыс-бітімі де кеңінен ашылған. «Иә-иә, ән шырқамаса отыра алмайтын болған соң сахнаға шықты емес пе» [5,59], «Көрші үйде **домбыраның үздіккен үні** күмбірлеп қоя берді. Бойжеткеннің күміс қоңыраудың сыңғырындай жүрек тербер әсем сазды, сан бояулы сырлы дауысы ап-анық естіліп тұр:

Алтын қайық жарасар күймесімен,
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.
Айқарагөз, жүрмісің сау-саламат,
Қызыл гүлім-ай!»

Ұшқынның көзінен ыстық жасы ыршып-ыршып кетті...» [5,60]. Домбыра – ұрпақ арасындағы сабақтастықтыңалтын арқауы, уақытаралық қатынастың басты құралы. Халықтың тарихи тағдырымен тамырлас оның өміршеңдігі уақыт талғамайды. Т.Ахметжанның «Сынық қанат көбелек» хикаятында ән өнері қазақ халқының ұлттық аспабы – домбыра мен өз жолынан жаңылысып, бағытының адасқан бір кездегі атақты әнші Ұшқынның көңіл-күйі арқылы көрініс тапқан.

«Мен танитын адамдардың бәрі сіздің талантыңызға бас ұрып, мақтағанда жер-көкке сыйғызбай аспанға көтеріп, сізге теңдес адам таппай теңселіп отырғандары. Сізді біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың қатарына апарып қойғысы келетіндер де бар. Атыңызды аңыз етеді көпшілік. Бірақ сіз сахнада қанщалықты арқалы, асқақ болғаныңызбен, өмірде соншалықты қарапайым екеніңізді көріп қарным ашып қалды» [5,63].

Жоғарыдағы мәтінде Ұшқынды халықтың сал-серілері – Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайға теңеп, атын аңыз ететінін айтады. Әнсүйер қауым ұлттық-кәсіпқой әншілердің кейінгі буындары Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай бейнелері мен олардың шығармашылығын өздеріне идеал тұтады. Олардың тамаша музыкалық стилін, өзгее вокалдық шеберлігін қазақ әнінің, ән өнерінің қалың бұқараға арналғандығымен берік байланыстырады. Ұшқынды осындай қазақ әніне орасан ықпалын тигізген сал-серілердің қатарына қоюынан қазақтың өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық екенін көруге болады. Жазушы әншінің қаншалықты арқалы, асқақ болғанымен, өмірде соншалықты қарапайым болатынын көрсету арқылы қазақтың нағыз өнер адамының бейнесін дәл бере алған. Ән құдіреті «Дариға-дәурен!.. Көркіне әні сай нағыз жігіттің төресі екен! Ән деп осыны айт! Қазақтың ән жұлдызы; тау бұлағының әсем сыңғырындай» [5,39] тіркестері арқылы ашылған.

«–Не деуші едім? – деді Ұшқын Абзалға оқшырая қарап, – «Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік!» деймін, майор мырза!

– Тағы... тағы да қайталашы! – деді ұзынтұра Абзалдың көзі жарқ етіп. Егер басқа сөз сұраса қиқарланып теріс жауап бермек болып отыр еді, бірақ мына

менттің өлең сұрағанына аздап іші жылып, Ұшқынның жалы күжірейіңкіреп қалды. Жүрек қылын қозғайтын құлаққа жағымды қоңыр даусын көтере түсіп:

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін! – деді де терең күрсініп, түнеріп отырып қалды». Жоғарыдағы мәтінде автор қазақ дүниетанымындағы ән өнері, өлең сөздері қандай жағдайда болмасын жоғары бағаланатынын көрсетіп, өнер құдіретін танытқандай болады.

«...**Сері** жігіт еді, шіркін! **Домбыра,** мандалина шертетін. Баян тартатын. Тойда асаба болатын. Шешем тойға өзін жалғыз жібермейтінін білген соң, үнемі мені қасына ертіп алатын. Әкеме келіншектер де өте үйір еді. Қылмыңдап, бұраңдап, әкемді өздері айналдыратын... Бала босам да бәрін сезетінмін» [5,126]. Жазушы Дарынның ойы арқылы әкесін сал-серілердің бойына тән, сипатына сай, ең жарқын тұстарын шоғырландыратынтұлға ретінде көрсетеді. Бала санасында әке есімі халықтың еркесі, сүйіктісі, артист мағынасындағы – сері сөзінің мәңгілік бекіп қалуы да заңдылық.

Т.Ахметжан шығармаларында ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құрадар мол қолданылған. Солардың бірі – ұлттық салт-дәстүрлердің жазушы шығармаларындағы тілдік көрінісі болып табылады. Т.Ахметжан шығармаларында қазақ өнері – ән-күйі ешқашан ұмытылмайды деген тұжырымдамасымен қатар, «...Қайшаның қызының қоржын тойынан қайтқанда «ұшынып» келді де, айналасы екі-үш күнде ыңқылдап-сыңқылдап үйіне кіріп-шығып жүріп-ақ көз жұмып кетті. Тағдыр деген сол, әне...» [5,187]. Жазушы Биапаның дүниеден өтуінің өзін қыз бергенде жасалатын қоржын тойын сөз ете отырып көрсетеді. Автор ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді шығарма мазмұнына енгізіп, көркем шығармаларының ұлттық нышанын сақтап отырады.

Қазақы тұрмыста үлкен ұлдың тұңғыш баласын кемпір-шалдың бауырына салатын салт бар. Бұл дәстүр кей отбасыларда бүгінге дейін жалғасып келеді. Ата-әжеге бауыр басқан бала өз анасын «жеңеше» деген немесе атын атайды. Жасында анасының атын атаған бала өсе келе өз анасын мойындағанмен «шеше» деуге қиналып жатады. Бұл қазіргі қазақы тәрбиедегі отбасылардың көбіне тән. Бұл ұлттық дүниетанымды «Айқасқа» әңгімесінен көруге болады. Мысалы, «...Нұрқия әжесі өзге балалардан алабөтен осы Бақайын іш тартып, бауырына салып алған... Аяулы да аналық қызғанышын жат көзді қойып өзінен жасыруға тырысатын... ...бірақ омыраудан шығарар-шығармастан бәйбішенің бауырына салып беріп, аналық мейірімін бүркеп келгендіктен де, ет-жүрегі елжіреп, сәбидің тәтті қылықтарына елітіп тұрса да емірене бауырына қыса алмаған... Бақайын құмары қана иіскей алмаған Аяулы ана ұлының кермеде тұрған Айқасқа тайын көп еркелететін» [5,189]. Ұлдың тұңғыш баласын ата-әжесі ғана емес, сонымен қатар ағайындылардың да бір-бірінің баласын бауырына салып алу тек қазаққа ғана тән қасиет. Және ол бала өте ерке, шолжаң болып өсетіні белгілі. «Балшекер бала көтермеген соң, қарындасы Нұржамалдың тұңғышын бауырына салып алған. Шолжаң болып өсті. Таяқ жеген жоқ» [5,187].

Т.Ахметжан шығармаларында қазақтың абысын-ажындары арасындағы тату қарым-қатынас ұлттық салт-дәстүрдің бір көрінісі ретінде көрінеді. Мысалы, «Биғайшаны Балшекер абысыным демейтін, біресе Биапа, біресе тәте дейтін. – Тәт-әй, маңдайының соры бес елі бишара болдым ғой мен. Не қызық көрдім, не қызық көрдім?.. – деп еңірегенде етегі жасқа толушы еді. Биғайша қосылып жылайтын» [3,31]. Талаптан шығармаларында ұлттық тұрыс-тіршілік нышандары да байқалып отырады.

Жазушы хикаяттары мен әңгімелерінде қазақ халқының ұлттық тұрмыстық ерекшелігінен хабар беретін **киіз үй, ошақ, сандық**, т.б. тұрмысқа қажетті заттар үйлесімді көрініс тапқан. Мысалы, «**Киіз үйдің** орнындай ғана жалтыр тастың үстіне келіп жығылғанда тау-тас шайқалып кеткендей көрінді» [5,194], «Бұдан былай өз **ошағы** өзіне пана болмай, тыныштық іздеп Ертістің арғы бетіндегі нағашыларына баратынын қайдан білсін...» [5,197], «**Қап**ты тастай салып, **арқанды** шешіп оңтайлап алды да, **арқан бойы биіктегі** үшкір тасқа **шалма** лақтырды» [5,195], «Аяулы ананың мойнында жүретін гаухар моншақты жары ішкертін жаққа саудамен барып жүргенде әкеліп беріп еді, **сандықтағы шәйі, торғын, жібек, пүліш, барқыт** бұлдардың ең астында тығулы жататын; өзіне қатты ұнайтын қымбат дүниесінері кеткеннен кейін көп есіне ала берген соң сандықтан алып, мойнына тағып алған» [5,191], «**Шақшасын қазандық** басына атып ұрып, ауызғы аядай бөлменің ішіндегі қоқыр-соқырдың арасына **насыбай ұйқалайтын саптыаяғын** қырып-қырып, қолына ілінген **насыбайды** астыңғы ерніне тастап жіберді» [5,183], «Үстіндегі тобылғықызыл торғын көйлегінің өңіріндегі асыл тастардан өрілген қошқар мүйіз оюлары қыздың алма мойнына әр беріп тұрған гауһар моншақпен жарыса жарқырап,.. ғажайып түрге енеді» [5,98]. Қазақтың ұлттқ тәрбиесінің алтын қазығыоның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы екені даусыз. Автор шығармаларында қазақ мәлениеті мен мінезін, тұрмыстық салт ерекшеліктерін даралап көрсетумен қатар, көркемдік-тәрбиелік жағынан ұтымды әрі тартымды бере білген.

Қазақ дүниетанымында өлшем бірліктерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Т.Ахметжан шығармаларында ұлттық өлшем бірліктерден мезгіл, мекен мәнді сөздер кездеседі. Мысалы, «Қала қожайынының ат шаптырым кең кабинетіне ығай мен сығай түгел жиналыпты» [5,20], «Арада етпісірім уақыт өткенде екі бомж көл жағасында жуынып отырды» [5,24], «Оның бәрін несіне тәптіштейін, бақсы етпісірім уақыт мені «жұлмалағаннан» кейін сабасына түсіп, терін басып, тамырымды ұстап қасымда отырды» [5,51].

Жоғарыдағы мысалдарда «атшаптырым», «етпісірім», сөздері қолданылып, уақыт пен мекен өлшемінің ұлттық сипатын ашып тұр. Автор атшаптырым сөзінің орнына кең немесе даладай деп, етпісірім сөзінің орнына жай ғана сағат тілін қолданылуына да болар еді. Мұндай сөздерді ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін сипаттауды көздеген авторлық мақсаттан туған қолданыстар деп есептейміз.

Т.Ахметжан шығармаларында діни дүниетанымның тілдік көрінісі әртүрлі сипатта және молынан қамтылған. Жазушы туындыларында қолданылған діни лексика: *Аллах, Құдайдың жазуы, Біссімілдә, періште, құран, Көк қақпасы, хор*

қыздары, жынын алған бақсыдай, мешіт, Рамазан айы, тарауық намазы, молда, бас имам, әзәзіл, иесі бар, діншіл, ораза, намаз, айт, тәңір жарылқасын, тәубеге келу, садақа, т.б.

Аллаға сыйыну: «Иә, Алла, адасқан пенделеріңді тура жолыңа бастай гөр! Өзіңнің мейірімің түсіп, нығметіңе бөленгендеріңнің жолына бастай гөр!» [5,26], «–Ей, Алла, бізді тура жолыңа бастай гөр! – деп қайталаңдар деді аса бір байыпты үнмен.

– Ей, Алла, бізді тура жолыңа бастай гөр! – деп екеуі жарыса қайталай бастады» [5,26].

«Періште Айғанымның қолтығынан сүйеп:

– Жыла, жылап ал. Бірақ күйінбе! Адамға жалынба, Аллаға жалбарын! – деді» [5,13].

Құран оқу: «...Құранның қазақша түсінігін бастан-аяқ екі қайтара оқып шықтым. Содан бастап бойыма тың қуат құйылғандй болды. Сенесің бе, бауырым, мұз боп қатып жататын оң жақ аяқ-қолыма жылу жүгіргендей сезіндім...» [5,51].

Намаз оқу: «Енді намазға жығылмасаң болмайды. Саған дәрігердің емі қонбайды. Сенің емің – намаз!.. Бақсының осы сөзінен кейін мен намазға жығылдым» [5,51].

Бақсы: «Бақсы мені ортаға, жұмсақ көрпешенің үстіне отырғызып қойған. Селкілдеп, арлы-берлі жүгіріп, ақырып келіп шашымнан жұлқылайды, үстімнен тазыдай созылып секіріп бара жатып жауырынымның ортасынан қамшымен осып өтеді... «Иең бар жігіт екенсің! – деді бақсы тамырымды ұстап отырып, – Иеңді өкпелетіпсің! Сені тастап кеткен екен. **Құранды** қолыңа алғалы алыстан тағы айналсоқтап келіп жүр екен...», «Апа-оу, ертең қара ісекті сойып, Бабақұмар бақсыны шақырсақ қайтеді?.. ...Ата-бабасы түгел бақсы болған жандар екен» [5,192].

Жазушы шығармаларында діни-наным сенім, яғни **Алланы аузынан тастамау, Құдайды ауызға алып отыру, Бісімілдәсін айту, Астафирал**ла деу, кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Мысалы, «Ой, **Алла-ай**, тұншықтым-ау!» [5,191], «**Алла** сәтін салса шипасы да тиіа қалар» [5,192], «**Құдайдың жазуы** да», – дей салар еді [5,183], «... **«Біссімілдә**» деді күбірлеп, деді де алақанына түкіріп, жоғары өрмелей бастады» [5,195], «**Біссімілдә,** бірдеңе гүрс ете қалды ғой...» [5,191], «Мұны ұмыттырған әзәзіл. Сендерді қоқысқа жетелеп жүрген сол... «**Астафирал**лә!» деңдер, – деді **періште** бұйрықты үнмен...» [5,25].

Садақа беру: «Ал ана моншақты таққың келмесе, көрші үйдің бойжетіп отырған Балжанына бере сал**. Садақа** деп бер» [5,192].

Жын-шайтан, жындану: «...Ақ сақалды шал: Әй, **әбілет басқыр,** сен неге ерегесіп қоймайсың! Қанша рет ескерттім саған! Көнбедің! Қал енді осы **жын-шайтанның** ортасында!» – деді де, есіктітарс жауып шықты да кетті. Қайдан көрдім аңтарылып тұрсам, талай рет түсімде көріп ем ғой бұл қарияны. «Қой арағыңды!» деп ұрсатын еді ғой түсімде. Енді, міне, түсімде емес, өңімде көрінді!

Астапыралла, мен **жынданған шығармын**! **Көзіме бірдеңе көрінген** шығар!» [5,50]; «Содан соң **жындарын шақырып** ойнады-ай дерсің» [5,51].

Т.Ахметжан шығармаларында қазақы діни дүниетанымдық түсініктер мол қамтылған және олар шығармада ұлттық ерекшелікер тұрғысынан әртүрлі қырынан көрініс тауып отырады. Автор діни-философиялық дүниетанымды негізгі желі етіп алып, халықтық танымды жаңаша, өзінше жетілдіре білген.

Жазушы ұлттық-рухани құндылықтардың барын бағалап, жоғын жоқтайды, замана көшінің беталысын түзеуге адамдық биігінен көз салады. Адам, қоғам, ғасырдан бастап, өміршең сан алуан тақырыптарды қамтитын ой түйіндерінің ішкі мазмұны терең, салмағы ауыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Досова А.Т. Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006.
2. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық тұжырымдар: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2000. – 146 б.
3. Гумбольд В.фон. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 456 с.
4. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы: Ғылым, 2005, – 296 б.
5. Ахметжан Т. Мұң. – Алматы: Қазақпарат, 2003. – 236 б.

"ҚАСҚЫР" МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Б.Әбдіхамидқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты
Шымкент қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада пұтқа табынушылық мифологиясы мен христиан дінінің объективі арқылы әлем халықтарының (соның ішінде Англо – Саксондардың) жыртқыш қасқырға деген қарама-қайшы көзқарасы түсіндіріледі. Бұл қатынастың негізінде "қасқырдың жартылай құдайы" немесе қасиетті жануар тұжырымдамасының ежелгі архетипі жатыр-концептуалды дуализм, синкретизм және аралық кеңдіктің уақытша кезеңі құбылысында сақталған басым теріс коннотациясы бар тотем.

Түйін сөздер: қасқыр,қасқыр құдайы,пұтқа табынушылық.

Annotation. This article explains the conflicting attitudes of the world's peoples (including the Anglo-Saxons) to the ravenous wolf through the lens of pagan mythology and Christianity. At the heart of this relationship lies the ancient archetype of the "wolf demigod" or sacred animal concept, a totem with a predominantly negative connotation preserved in the phenomenon of inter-conceptual dualism, syncretism, and the temporal period of interstellar space.

Keywords: wolf, wolf god, paganism.

Дүние жүзіндегі халықтар арасында қасқырға деген үлкен қызығушылық ежелгі уақытта ғана емес, салыстырмалы түрде жақында да көрінді. Н. А. Николаева мен В. А. Сафроновтың пікірінше, қасқырдың қай бейнесі (жақсы немесе жаман) бұрын пайда болғаны белгісіз. Олар өз кітабында бүкіл әлем халықтарының қасқырдың Құдай ретінде қалыптасуы мен қабылдауының эволюциясы мен кезеңдерін егжей-тегжейлі қарастырады. Жақсы өнім алуға ықпал етуге арналған еуропа халықтарының аграрлық рәсімдерінде (орыс және славян мифологиясында) астық құнарлылығының рухы ретінде нан қасқыры кездеседі. Тарихи және археологиялық мәліметтер негізінде зерттеушілер үндіеуропалық Қасқыр құдайының жасы IV-V мың жыл және бұл құдай одан да терең ежелгі дәуірден басталады деген қорытындыға келді. Қасқыр шопаны адам кейпінде немесе ақ, сұр немесе көк қасқыр түрінде көрінеді. Ақ түс-жарықтың, шығу тегінің құдайлығының символы. Славян мифологиясындағы Қасқыр құдайы-орман мен аңдардың иесі, Леши, орманшы, Полисун. Коми халқында славян Велесі мен Литва Велсін еске түсіретін және Велес есімін тек үнді – еуропалық қасқырға ғана емес, сонымен бірге Еуразиялық бірлікке, яғни б.з. д. IX мыңжылдыққа дейін салуға мүмкіндік беретін Леш-ворс туралы нанымдар бар. Е. бір қызығы, серб эпосында отрядтың жетекшісі от қасқыр жылан болған. Барлық дерлік құдайлар зооморфты тотемдерден шыққан. Қасқыр-бұл антропоморфты (адам) және зооморфты (аң) көріністе Құдайдың болуы. Христианға дейінгі Ресейдің жоғарғы славян құдайы волос – Велестің Қасқыр құдайынан шыққанын атап өту қызықты. Кейбір зерттеушілер Шаш атауы "Түкті, Шашты"дегенді білдіретін жалпы атау екенін айтады. Басқа лингвистер Волостың "қасқыр"дегенді білдіретін үндіеуропалық *ulk түбір сөзінен шыққан атау екенін көрсетеді. Бұл факт Шаштың Қасқыр құдайының мұрагері болуы керек екенін көрсетеді, өйткені ол есімнен басқа Қасқыр құдайының барлық функцияларын қабылдады. Ежелгі Еуропа халықтарының (балттар, славяндар) мифологиясында Қасқыр құдайына жер асты әлемінің, өлілер әлемінің қожайыны ретінде құрметті рөл беріледі [5, 97-130] .

Еуразия мен Солтүстік Американың көптеген халықтарының мифологиялық көріністерінде қасқырдың бейнесі негізінен жауынгерлік жасақтың (немесе соғыс құдайының) жетекшісі және тайпаның атасына табынумен байланысты болды. Гери мен Фрекидің қасқырлары (Гери мен Фреки) неміс соғыс құдайы Одинді өзінің сүйікті адал "иттері"ретінде ертіп жүрді. "Эддада" әлемнің соңы құбыжық Қасқыр Фенрирдің (Fenrir) тізбектен шығып кетуінен туындайды [3, 10-11]. Қасқырдың бейнесі көптеген мәдениеттер мен халықтардыңскими әскери бауырластығымен тығыз байланысты. Белгілі бір әскери сиқыр болды, онда ол маңызды рөл атқарды. Қасқырдың айқайы мен қасқырдың пайда болуы әскери белгі ретінде түсіндірілді. Қасқыр-қараңғылықпен, жер асты әлемімен байланысты аң. Кельт және Герман мифологиясында өлгендердің иесімен бірге жер асты иттері кездеседі. Христиандық мәдениеттерде бұл қасқырдың пайда болуының қосарланған табиғаты ретінде көрінеді: қасқырды жасайды шайтан, ал Құдай тірілтеді. Сонымен, славяндардан қасқырдың малды ұрлауы және жеуі

Әулие Егорийге, лешке немесе тіпті Мәсіхке заңды құрбандық ретінде қабылданды. Шығыс славяндарда Қасқыр Егорийдің серігі болған (Джордж Победоносца) [1, 2-6].

Осылайша, әлем халықтарына қатысты қасқыр оның жақсы және зұлым, жау немесе дос, адамдардың көмекшісі ретінде қабылдауында айқын бифуркация мен қайшылық бар. Ұқсас синкретизм немесе конъюгация, ұғымдық категориялардың, атап айтқанда – нақты-объективті және дерексіз, жалпы және ерекше, жалпы ежелгі және ортағасырлық адамның ойлауына тән [2, 10]. Пұтқа табынушылық ұғымдардағы "жақсылық" пен "жамандық" ұғымдары біріктірілді, өйткені пұтқа табынушы құдайлар жақсы және жаман, жақсы және жаман болды. Бұл адамдарға жақсы немесе зұлым Қасқырдың шығу тегі туралы алғашқы анықтаудағы үлкен қиындықты түсіндіреді. Біздің ойымызша, жақсы Қасқыр құдайы адамның бастауымен, ал зұлым Қасқыр Құдайы-христианға дейінгі ежелгі адамдардың дүниетанымы мен қабылдауындағы жануарлардың бастауымен байланысты. Христиандықтың қабылдануымен адамның бұрынғы пұтқа табынушы Қасқыр Құдайына – негативизмге деген көзқарасы айтарлықтай өзгерді. Англо - саксондық христиандықтың тазалығы мен тұтастығы туралы, атап айтқанда пұтқа табынушылық элементтердің қоспасынсыз айтудың қажеті жоқ. "VII–VIII ғасырлардағы англо-саксондардағы христиан діні пұтқа табынушылықты жеңе алмады, оны ресми саладан күнделікті өмірге итермеледі. Христиандық идеялар ескі пұтқа табынушылық нанымдарға негізделеді " [6, 12].

Англо-саксондарға арналған "Қасқыр" тұжырымдамасы қандай болды? Кәдімгі жануар – жыртқыш, қасиетті жануар – тотем немесе басқа пұтқа табынушы құдайлармен және құдайлармен бірге табынған пұтқа табынушы Құдай ма? Біздің ойымызша, бұл, бәлкім, жартылай құдай, яғни қасиетті жануар-тотем, әрине, Англо-Саксондардың пұтқа табынушылық сенім жүйесінде ерекше мәртебеге ие. Ежелгі Ирландия ескерткіштерінде А. А. Королев гипотетикалық болып табылатын сақталған бірлік сөз формаларын тіркеді. Мәселен, мысалы, Cunea, Cunia - ku-kwo-дан "ит, қасқыр", яғни *kuno құдайының аты. сөзбе-сөз "Қасқыр құдайы". Королев қасқырға деген ерекше көзқарастың пайдасына тағы бірнеше мысал келтіреді: Кунанетаның "қасқырға ұқсас жауынгер" қосмекенділі композиті, ескі ирландиялық шежіреден шыққан тайпаның атауы дал Медруад, Мехон "менің друидтің тайпасы, менің қасқырым" [4, 53, 140]. Төменде біз ескі ағылшын ескерткіштерінің материалында "Қасқыр жарты құдайы-тотем" архетипінің бар екендігі туралы болжамымыздың пайдасына дәлелдер келтіруге тырысамыз. Мүмкін, оның бұрынғы күші мен скандинавиялық мифологиядағы осы әлемдік қасқырға табынуының ұқсас жаңғырығы концептуалды дуализм мен синкретизм түрінде сақталған, яғни.оған қарама-қайшы, аралас көзқарас, бұл ескі ағылшын сөздерінің кең мағынасының уақытша, аралық сатысында көрініс тапты wulf "қасқыр" және wylf, wylfen "Қасқыр".

Қазірдің өзінде әйгілі "Беовульф" эпосында brim-wylf "Теңіз қасқыры" және grund-wyrgen "тұңғиықтан шыққан Қасқыр, тозақ" (сөзбе - сөз "тұңғиықтан қарғыс атқан, тозақ") - грендельдің анасына қатысты қолданылған эпитеттер (батпақтың түбінде Беовульф өлтірген құбыжық): Hine seo brim – wylf abroten

haefde-Теңіз қасқыры оны (жауынгерді) жойды. Бұл ескі ағылшын сөздері Қасқыр қасқырға деген теріс көзқарасты, сондай-ақ төменде айтылатын Англо-Саксондардың қасқырға деген таңданысы мәжбүрлі болуы мүмкін, бұл қорқыныш пен өзін-өзі сақтау сезімінен туындаған. Біз д.Харпердің пікірімен келісеміз, ол англо-саксондар, көптеген ежелгі еуропалық халықтар сияқты, қасқырларды екіұшты қабылдады деп санайды. X ғасырдағы әйгілі англо-саксондық теолог, Йорк архиепископы Вульфстан ("қасқыр тас") шайтанды werewulf (ескі ағылшын) деп атайды. wer (e) "адам, адам" және қасқыр "қасқыр"), яғни, қасқыр адам немесе қасқыр-ликантроп (ежелгі грек. lykos "қасқыр" және anthropos"адам"). "Ескі ағылшын were - wulf емлесінің екі жағдайы бар: werwulf-Король Альфредке белгілі діни қызметкердің аты және Вульфстанның уағызынан were - wulf. IX ғасырда-жалқы есім, ал XI ғасырда-шайтан сөзінің синонимі. М. Джекоби мен Д. Витенберг бұл жанжал екенін атап өтті. варгрдің "Қасқыр" мағынасы "қылмыскер, қуғын-сүргін" деген мағынамен бірге бар "(цит по: [8, 1-2]). Мағынаның ұқсас ұқсастығын ежелгі ағылшын емес сөз тіркесінен табуға болады wulfes heafod "қасқырдың басы", ол Босворт пен Толлердің беделді ескі ағылшын сөздігінің авторларының пікірінше, заңсыз адамдарға, яғни қылмыскерлерге қатысты қолданылады. Алайда, ескі ағылшын ескерткіштерінде were-wulf сөзін қолдану жағдайлары сирек кездеседі және тек оның христиандық мағынасында - кейінгі прозалық шығармаларда "қасқыр адам, жау, шайтан" мағынасында кездеседі. Мысалы, "Король қамшының шіркеу заңдарында": Thaet se wodfreca werewulf NE slite, ne to Fela abite of godcundre heorde – бұл қатал (ашулы) қасқыр адам жыртпайды, рухани табыннан тым көп (қой) жемейді. Бұл мысалда were-wulf "шайтан, рухани табынның жауы" мағынасында қолданылады, яғни.бүкіл христиандық. Сол сөздікте wulf лексемасының екі негізгі мағынасы жазылған: 1) Қасқыр жануар ретінде; 2) қатыгез адамға қатысты – бұл өте даулы және тіпті қате, өйткені сөздік құрастырушылар бұл мағынаны "Қасқыр"тұжырымдамасының ерекшелігіне байланысты қасқырды шайтанмен салыстыратын мысалмен суреттеді. Біз wulf сөздік мақаласында келесі нақтылаулар қажет деп санаймыз: 1) Қасқыр пұтқа табынушылықты түсінудегі жануар ретінде, яғни жартылай құдай, қасиетті жануар-тотем, жауынгер-батыр және 2) қасқыр христиан мағынасында жануар ретінде, яғни шайтан, құбыжық, қылмыскер.

Бір ерекше сөз тіркесіне ерекше назар аудару керек-бұл wulfhea-fod – treow, сөзбе – сөз "Қасқыр басы-ағаш" - "крест". Бірақ бұл мағына сөздік мақаласындағы сұрақ белгісімен бірге жүреді, яғни Босворт пен Толлер бұл мағынаны түсіндіруге сенімді емес. Салыстыру үшін олар ескі саксондық warag-treo композит "крест", сондай-ақ ескі ағылшын wearg-treow "қарғыс атқан ағаш, ілулі, крест" [7, 1280]. Жоғарыда аталған ескі ағылшын сөздігінде барлық ескі ағылшын ескерткіштерінің арасында осы сөз қолданудың тек екі жағдайы тіркелген, олардың біреуі, өкінішке орай, Босворт пен Толлердің ескі ағылшын поэзиясының "Codex Exoniensis" (немесе "Exeter Book") жинағында табылған жоқ. Ealle naman habbath anne, wulfheafed – treo-барлық атауларда жалғыз (аты) - Қасқыр басы-ағаш бар. Біздің ойымызша, бұл крест немесе асу емес, ескі

ағылшын жазуында сақталған, англо-саксон қоғамындағы Қасқырдың ерекше мәртебесін растайтын реликті жағдай. Мүмкін, бұл қасқыр ағашы деп аталады - құрбандық шалу үшін Қасқыр ілінген салттық тірек. Мұндай пұтқа табынушылық рәсім туралы Г. Б. Бедненко мен В. В. Ивановтың мақалаларында айтылған. "Қасқырлар" Қасқыр ағашына " ілінген жоғарғы құдай Один-Вотанға құрбандық шалды (жанжал. Vargtre). Вальгалланың один сарайларына қарама-қарсы жерде қасқыр ілулі тұр: "Одиннің қайда екенін болжау оңай үй, Қасқыр есіктерден батысқа қарай ілулі, жоғарыдан бүркіт қалықтайды ("аға Эдда")" [1, 5]. "Соғыс құдайлары (атап айтқанда один) қасқырларды, иттерді, сондай-ақ "қасқырға айналған" адамдарды құрбан етті (жалпы үндіеуропалық түсінікке сәйкес, ауыр қылмыс жасаған адам қасқырға айналады); формула Хетт заңдарында, ескі германдық заңды мәтіндерде, сондай-ақ Платонда жалған қылмыскерге қатысты куәландырылған (т. варгр "қасқыр-қасқыр", хетт. гуркилас "ауыр қылмыс адамы") "[3, 12]. Алайда, мұнда біз тағы да қасқырға деген қарама-қайшылықты көзқараспен бетпе-бет келеміз: оның англо-саксондары қорқады, оған таңданады және оны Жоғарғы Құдай Воденге (протогерм) құрбан етеді. Воданаз, жанжал. Othinn, drangle. Woden). Біз ескі ағылшын сөздігінің авторларымен келісеміз, Қасқыр шайқас сахналарында жиі кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бедненко Г.Б. Образ Волка у индоевропейцев. http://nentis.itersuum.ru/mythology/wolf.html
2. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. М., 1972.
3. Иванов В.В. Волк. Мифы народов мира. Т. 1. М., 1991.
4. Королев А.А. Древнейшие памятники ирландского языка. М., 1984.
5. Николаева Н.А., Сафронов В.А. Истоки славянской и евразийской мифологии. М., 1999.
6. Феоктистова Н.В. Формирование семантической структуры отвлеченного имени (на материале древнеанглийского языка). Л., 1984.
7. Bosworth J, Toller T. N. An Anglo-Saxon Dictionary. New York, 1991.
8. Harper D. Wolfand Werewolf. http://www.collasius.org/LITERATUR/04-HTML/wolf-werewolf.htm
9. Wolf Names – meaning, origin, etymology. http://www.20000-names,com/wolf names.htm

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯЛЫҚ АНТРОПОНИМДЕРІ

Маратова М. Т.
магистрант
Ғылыми жетекшісі: **Ж. О. Тектіғұл**
филол.ғ.д., профессор
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Мақалада мифологиялық антропонимдер қарастырылған. Мифологиялық антропонимдер қоршаған орта жайындағы танымтүсініктер жиынтығы мифологема негізінде қалыптасқан. Мифологема үш топқа ажыратылып, мифонимдер, хремотонимдер, уақыт ұғымына қатысты мифтік атаулар деп анықталады. Мифонимдерден мифологиялық антропонимдер, мифозоонимдер, мифофитонимдер, мифотопонимдер деп ажыратылады. Мақалада Тәңір теонимі қарастырылып, А.Тойшанұлының Тәңір ұғымының ғұн дәуірінде пайда болғаны жайында пікірі негізге алынды. Зерттеу мақалада тәңір, алдашы теонимдері, жезтырнақ, албасты деонимдері қарастырылған.Алдашы теонимі халық арасында қалыптасқан Әзірейілдің көне нұқасы. Бұл халық танымының, өлім жайындағы түсініктің бір көрінісі екенін көреміз. Жезтырнақ деонимі қазақ халқында ғана емес, тувалықтарда да кездеседі. Олардың танымында жезтырнақ жақсы, жаман кейіпте бейнеленеді. Албасты жайында Ш.Уәлиханов, В.Радлов еңбектерінде кездеседі. Деонимдер адамға зиянын тигізетіндіктен, адам өмір сүрмейтін ну орман, таулы жерлерде мекен етеді. Бұл атаулардың қалыптасуы, қолданылуы, ел ауызында сақталған деректер арқылы қарастырылды. Сонымен бірге, А.Тойшанұлы, Б.Тілеубердиев, Р.Ускенбаева, Қ.Жұбанов, М.Қашқари еңбектері негізге алынып, теонимдер мен деонимдер атауларының қалыптасуының халық танымымен байланысты анықталды. Халықтың анимистік, тотемдік, діни сенімдері негізінде қалыптасқан танымы негізінде мифологиялық антропонимдер қалыптасқанын анықтаймыз.

Түйін сөздер: мифологема, мифоним, мифологиялық антропоним, тәңір, жезтырнақ, албасты.

Abstract. The article discusses mythological anthroponyms. Mythological anthroponyms are a set of knowledge about the environment formed on the basis of a mythologeme. Mythologems are divided into three groups and are defined as mythonyms, chremonyms, mythological names associated with the concept of time. Mythological anthroponyms, mythozonyms, mythophytonyms, and mythological understandings are distinguished from mythonyms. The article discusses the theonym of God, based on the opinion of A. Toyshanuly that the concept of God appeared in the Hunnic era. The scientific article discusses the theonyms god, deceiver, zheztyrnak, albasti. We see that this is a manifestation of folk knowledge, an understanding of the place of death. The deonym zheztyrnak is found not only among Kazakhs, but also among Tuvinians. In their knowledge, zeztyrnak is depicted in good and bad form. About Albasti can be found in the works of Sh. Ualikhanov, V. Radlov. Since deonyms are harmful to humans, they live in uninhabited forests and mountainous areas. The formation and use of these names were considered using data stored at the mouth of the country. At the same time, based on the works of A. Toyshanuly, B. Tileuberdiev, R. Uskenbayeva, K. Zhubanov, M. Kashkari determined the connection of the formation of theonyms and deonyms with folk knowledge. We determine that mythological anthroponyms were formed on the basis of knowledge formed on the basis of animistic, totemic, religious beliefs of the people.

Keywords: mythology, mythonym, mythological anthroponym, god, eztyrnak, albast.

Мифологиялық антропонимдер мифологиялық адам есімдері мағынасын береді. Зерттеуші Б.Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік

аспектілері» еңбегінде қазақ тіліндегі антропонимдердің тіл мен мәдениеттің бірлігі екенін, антропонимдердің мәдени өмірінен ақпарат беретін атаулар, құбылыстар сан ғасырдан басталған мәдениеттің бір бөлшегі екенін айтады [1, 69]. Солай, тілдегі лексикалық, фразеологиялық деңгейіндегі тілдік бірліктер, лингвомәдени бірліктер халықтың мәдениетін, менталитетін анықтап көрсетеді. Мифологиялық антропонимдер мифологема терминінен бастау алады. Зерттеуші Р.Ускенбаева мифологеманы былайша анықтайды: «Айнала қоршаған ортаның сырын адамзат баласы әлі толық ашып, танымай тұрғандағы өзін қоршаған барлық құбылыстарды қабылдауынан хабардар ететін таным-түсініктің негізінде қалыптасқан лексикалық бірліктер» [2, 70], – деп анықтайды. Осы негізден мифологемалар үш топқа ажыратылады. Бірінші топқа мифонимдер, екінші топқа хремотонимдер, үшінші топқа уақыт ұғымына қатысты мифтік атаулар деп қарастырылады.

Мифонимдер өз кезегінде Мифоантропонимдер, мифотопонимдер, мифозоонимдер, мифофитонимдер деп ажыратылады. Мифологиялық антропонимдер теонимдер және демонимдер деп екіге бөлініп қарастырылады. Теонимдер жаратушы күштер, жаратқан жайында, олардың есімдері жайы қарастырылады. Мәселен, «Қорқыт ата» туындысында Алла, Құдай, Тәңір деген үш атау бірдей қолданылған. Аталған үш бірліктердің бір шығармада өзек болуы түркі даласында ислам дінінің таралу кезеңі болса керек. Ислам діні қазақ жеріне тарамастан бұрын, жаратушы Тәңір деп аталған, халық Тәңірі өзі сақтайды деп сенген. Тәңір Алла мен Құдайдан басты айырмашылығы түркілік кезеңде қалыптасып, қолданыс тапқан. А.Тойшанұлының зерттеулеріне қарағанда, тәңір ұғымы сонау хунну дәуірінде орныққанын көреміз. Ғұндар билеушілерін «Тәңір текті Шаньюй» деп атаған. Елбасшысы «Танг-ли кү-тү» деген Тәңіркұты мағынасын беретін мәртебелі дәрежеде танылған. Тәңір атауын сахалар «тангара», шорлар «тегри», алтайлықтар «тенгри», чуваштар «тура», моңғолдар «тэнгэр», буряттар «тэнгэри» деп өзара ұқсас атаған [3]. Түркі-моңғолдар аспанды көк деп атаса, қазақтағы аспан деген атауы парсының сөзінен қалыптасқан. Солай, Тұран даласын мекендеген тайпалар «Көкте - Тәңір» мекендейді, ал жер үстінде ханның еге екендігі жайында сенімдері қалыптасқан. Қ.Жұбанов күй жайындағы зерттеулерінде күйдің шағатай, анадолы түріктерінде, ұйғыр тілдерінде «көк» деп аталатынын, әу бастағы күйдің негізі «көк» сөзінен басталғанын айтады. Зерттеуші М.Қашқаридің сөздігінде «Ол көкләнәр» деген тіркесі арқылы күйдің о бастағы көк болғанын айтады [4, 276]. Сонда көк сөзінің мағынасы терең болғанын аңғарамыз. Көк сөзі енді бірде, тәңірінің мекені болса, енді бір жерде күй мағынасында берген. Халқымыздың күй өнерін ерекше сыйлауын ескеретін болсақ, күйдің көктен берілген шығарма деген мағынасында қолданылатынын аңғарамыз. Әлемнің вертикальды қабатының жоғарысын басқаратын тәңір жер ортасындағы әлемге өзінің айтарын бәлкім күй арқылы жеткізгенін де түсінуге болады. Солай, бұрынғы ата-бабаларымыз үшін Тәңір сөзінің үлкен мәнге ие болғанын аңғарамыз. Кей ғалымдар тәңіршілдік дін деп атаса, кейбірі тек діни наным-сенім деп анықтайды. Ш.Бира, Жан-Поль Ру сынды түркі-монғол идеологиясын, тарихын,

дінін зерттеген ғалымдар Тәңіршілдік орнына «тэнгэризм» деп атауды да ұсынады [3]. Түркі ескерткіштерінде жеңістерін Көк Тәңірімен байланыстыратын болған екен. «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара жер жаралғанжа, олардың екі арасында кісі ұлы жаралған екен» таным да қалыптасты [5, 97].

Мифологиялық антропонимдердің ішінде жезтырнақ, албасты деонимдері де танылады. М.Қашқаридің сөздігінде ертеде түріктер балаларын қорқыту үшін «албашы келді» деген екен. Бұның мағынасы албасты келді деген мағынаны береді. В.Радлов еңбектерінде албастыны жауыз рух, босану кезінде зиянын тигізетін рух деп таниды. Қазақ тілінен бөлек, башқұрт тілінде «албасты», ноғай тілінде «албаслы», түрік тілінде «албассы» деп аталынады. Г.Потанин еңбегінде әйел адамдар босану үстінде есінен танса, албасты басты деген түсінік қалыптасқанын айтады. Ш.Уәлиханов та албастыны әйелдердің босанған уақытында зиянын тигізетінін айтады және кейде жезтырнақ деп те атайтынын келтірген. Сондай-ақ, албастының биік ағаштарда мекен ететінін де айтады. Бұл мифологиялық антропонимнің этимологиясына үңілер болсақ, түп негізі түркі халықтармен байланысты. Сөзімізге дәлел "ал" түркі тіліндегі "қол" мәніндегі сөзді білдірсе, "басты" түркі тіліндегі қимылды білдіреді, демек "қолымен басты" деген мағынаға келеді. В.А.Гордлевский «ал» сөзін алқызыл түспен байланыстырып, қанға қатысты ма деген болжам айтады [6, 301]. Басқа түсіндірме бойынша, «Ал» – ирандық құдайдың атауы. Сондай-ақ «Ал» сөзі сонау шумер халықтарынан келе жатқан «илу» – «Алла» атауымен байланыстырыла келе, «түбір» фонемасы «рух», «құдай» мағынасын беретін үндіеуропалық термин екеуінің қосындысы деген пікір де кездеседі. О.А.Сухарева өзінің зерттеуінде М.С.Андреевтің пікірін негізге ала отырып, бұл персонаждың шығу тегі – әйелдердің туу (босану) құдайы, тіпті көне азиялық Анахита (Венера) құдайының трансформацияға түскен бейнесі дейді [7, 32]. Бұл персонаж Ислам дінінің таралуына дейін әйел бақытын қорушы, жүкті әйелдерді жебеуші құдайы дәрежесінде суреттелген. Бала туу, оны емізу, аман-есен дүниеге алып келу сияқты анаға тән іс-әрекет оның иығына асып жүретін екі немесе жетпіс сипатынан да көрінеді. Қазақ тілінде албасты сөзінің алты мағынасы кездеседі:

1. Түркі халықтарына тән мифтік бейне, ауыз әдебиет шығармаларында мол ұшырасады. Әйел бейнесіндегі қараниетті, қас күштің иесі. Бөки келді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян (М.Жұмабаев «Педагогика»).

2. Кісі тектес, бүкіл денесін түк басқан мақұлық.

3. Мысы, күші мықты, арқасы ұстайтын, арбап алатын қасиет. Қарманның қара ұрысы, ат десе албастысы бар Аманжолдың ала ұрысы атанғандардың талайы ит көрген ешкі көзденіп қалып еді (Ж.Молдағалиев «Айналайын»).

4. Бірнәрсені үрейлендіріп, қорқытып өзіне бағындырып алған адам. Аруақ! Аруақ! Масақбай! – деп, асаудың албастысы – Масақбай биешіні аруақтай сыйлайтынын көрсетті (М.Әуезов «Абай жолы»)

5. Сүйкімсіз, сұмпайы әрі жеккөрінішті адам. Тайт әрі, албасты, қатын қар! Сенікі не? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумайды деген шығарсың... Қарғамақ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ (Ж.Аймауытов шығ.)

6. Зұлымдық, жауыздықтың көзі. «Торқалы тойы, топырақты өлімі бар үркердей үйірілген ауылдың берекелі тірлігі жаңа ғана басталғанда соғыс деген албасты шықты» (О.Бөкеев. «Өз отыңды өшірме») [8, 32].

Солай, албасты халық танымында жауыз кейіпте қалыптасқан мифтік кейіпкерлердің бірі. Албасты кейіпкеріне ұқсас мифтік кейіпкердің бірі – Жезтырнақ. Бұл жайында А.Тойшанұлы «Қазақ мифологиясының кейіпкерлері» зерттеуінде тереңірек тоқталған. «Жезтырнақ – саяқ жүрген аңшы-мергендерді торып, олармен кешқұрым бейуақта кездесіп, қайкөйлік әрекет жасайтын мифологиялық кейіпкер» [9, 2], - деп анықтайды. Жезтырнақ көбіне-көп ну қамысты, орманды, биік таулы жерлерді мекен етеді. Көбінесе әйел кейпінде бейнеленетін жезтырнақтың да ері, бала-шағасы да бар, тіптен оқшау ел түзеді деген түсініктер де кең таралған. Дегенмен, халық шығармаларында көбіне әйел кейпінде кездеседі. Жезтырнақтың еркегінің аты – Сөрел. Кей түркі халықтарында, оның ішінде бурят халқында орман иесін Сорьел, ал әйелін Орель деп атайды екен. Солай, жезтырнақтың мифологиялық қызметі ну қамысты даланы аралайтын, ну орманның қожайыны, яки рухы, иесі болуы мүмкін екенін А.Тойшанұлы айтады. Жезтырнақ жайында қазақ ауыз әдебиетінде 20 түрлі сюжеттер кездеседі. Мәселен, Мамай батырдың жезтырнақпен кездескені жайлы хикаяға назар аударатын болсақ, әкесінің, атасының да қазасына себеп болған пәлені анықтауға жолға шығады. Бақсылар бармауын айтқанымен, батыр мән бермей, жезтырнақты іздеп шығады. Солай, батыр кездеседі. Батыр жезтырнақтан көзін алса, жанынан айырыларын сезеді. Солай түн болады. Жезтырнақ орманға қайта кетіп қалады. Түннің бір уағы болғанда батыр өз бойындай томарды кесіп әкеліп, сыртынан көйлек-шапанын жауып, өзі ағашқа өрмелеп кетеді. Біраздан соң жезтырнақ қайтып келіп, томарға бас салғанда, батырда мылтықты көздеп атып жібереді. Солай, батыр жезтырнақпен орманда кездесіп, әкесінінің, атасының түбіне жеткен пәленің көзін құртады. Өзге де хикаялардың сюжеттеріне назар аударатын болсақ, жезтырнақтың түн ішінде, орман арасынан шығуы оның орман иесі екенін аңғартса керек. Жезтырнақ халқымыздың ауыз әдебиетінде жаман образда танылатын болса, тува халықтарында қайырымдылық, жақсылық жасаушы ретінде сомдалады. «Чес ыргак» аңызында жезтырнақ құпиялық шартын жеткізіп, орындалмайтын болса, тіл тартпай өмірінен қош айтысатынын жеткізеді. Сонымен бірге, тува халықтарында жезтырнақтың еркек түрі де ұшырасады. Хемчик өзенінің иесі кездескен бір кісіге атын ауыстыруын сұрайды, дегенмен ол кісі келіспей, отбасына болған жайтты айтады. Құпияны сақтамадың деп Хемчик иесі сол жаннан кегін алады. Ғалым А.Тойшанұлы тувалықтарда жезтырнақтың жақсы образда сақталып қалуын былайша түсіндіреді: «Әлемдік діндердің әсеріне салыстырмалы тұрғыдан аз ұшырап, ежелгі танымын сақтап қалған твалықтардың мифологиясында жезтырнақ көбінде жағымды сипатта

суреттеледі» [9, 5], - дейді. Ал қазақ халқында жезтырнақ тек қана жағымсыз түстерден тұрады. Мифтік кейіпкерлер тек аңыздар мен ертегілердің кейіпкері болумен қатар, қазіргі кездегі прозаның де кейіпкері ретінде танылады. Зерттеуші Р.Ускенбаеваның көрсетуінше, А.Мекенбаев шығармасында жезтырнақ – бір үйдің шаңырағын ортасына түсірген әрі кек алу құралы ретінде суреттелген. Сонымен қатар, М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасында да жезтырнақ тілдік бірліктегі мағынасында қолданыс тапқан [2, 137].

Мифологиялық антропонимдер қатарында Алдашы деген кейіпкер кездеседі. А.Тойшанұл,ының анықтауынша, Алдашы – ислам түсінігіндегі Әзірейіл періште [9, 9]. «Алдашы есте жоқ ерте замандда адамдардың көзіне көрініп, ажалы жеткен пендені атына мінгестіріп, о дүниеге апарып тапсыратын болған екен-мыс. Ол заманда адамдар момын, бейуаз, уәдесіне берік болғандықтан маңдайдағы сызығы таусылып, дәм-тұзы біткен соң, ел-жұртыпен бақұлдасып, Тәңірдің құзырына қайта кете беретін болған деседі» [9, 9], - деген пікірін келтіреді. Уақыт өте келе, адамдар бірін-бірі алдап, Алдашыға да көнбей, оны да алдап кететін болған екен. Солай, Алдашы адам көзіне көрінбей келетін болған екен. Сондай-ақ, халық арасында Алдашы жан алғанда адамның қаны керегенің үшінші көгіне дейін шашырайды деген әңгіме таралған. Автордың көрсетуінше, Алдашы бейнесі жайында ең алғаш Н.Мыңжанұлы «Қазақтың мифтік аңыздары» деген кітабында айтылған. Алдашы «Баба түкті Шашты Әзіз әулиенің Алдашыны шапалақтауы» деген хикаяда кездеседі. Аңызға сүйенетін болсақ, бір кемпірдің жалғыз баласының жанын алып жатқан Алдашыға жақындары не істерін білмей, Баба түкті Шашты Әзіз әулиеге шағымданыпты. Мән-жайды анық түсінген әулие Алдашыға тоқтауын айтса да, өлім періштесі көнбепті. Содан не керек, әулие Алдашыны бетке ұрғанда, баланың жаны қайттан өз бойына еніпті. Болған жайтты жаратушыға жеткізгенде, жаратушыда Баба түкті Шашты Әзіздің жердегі адамдардың әулиесі екенін айтып, не істесе де өз еркі екендігін айтқан екен. Осы оқиғадан соң халық арасында Алдашының көзі шапыраш болып қалған деседі. Дегенмен, ислам діні орнаған соң Алдашының қызметін Әзірейіл атқара бастады. Автордың бір аңғарған тұсы – Әзірейілдің жаса жүрген қызметі, іс-әрекеті Алдашымен ұқсас. Бірде Әзірейіл мен Жәбірейіл ел аралап жүр екен. Қатарына үшінші жігіт қосылыпты. Бір ауылға жақындағанда асық ойнаған балалардың қасына келіп, екі баланың жанын алатындарын айтады. Солай, асыққа таласқан екі бала да өледі. Содан екінші бір ауылға жолға шығады. Жолда кездесетін бір жігіттің жанын алатынын айтады. Содан қастарына жолдас боп еріп жүрген жігіт өзінің жанын қашан алатынын сұрайды. Олар үйленген түні жанын алатынын айтады. Содан бастап, жігіттен қуат кетіп, сола бастайды. Үйленуден қашқақтайды. Ата-анасы себебін түсінбей әлек. Содан, қыздың өзі болашақ жарынан мән-жайды анықтайды да, үйлене беруін, бір амалын табарын айтады. Солай межелі күн жетті. Жанын алуға келген періштелерге жары үйреткен сұрақты қояды. «Жолдасақы» деп, періштелерден «жүз жыл бер» деп сұрайды. Солай, періштелер «әумин» десіп, жігіт жүз жыл өмір сүрген деседі [9, 11]. Алдашы бейнесі қазақтың дәстүрлі түсінігіндегі жаналғыш бейне ретінде бейнеленсе, алтай халықтарында да осы

мағынада қолданылады. Сонымен бірге, ажалдың киесі, Әзірейіл деп анықталады. «Алдашының ала арқаны» деген тіркесте халық ауызында қалыптасқан. Бұл дегеніміз Алдашының құтқармас құрығы деп өлімді меңзейтінін көреміз [10, 124].

Солай, мифологиялық антропонимдер теонимдер қатарында жаратушы, пайғамбарлар бейнесі қарастырылса, деонимдер тобында жауыздық пен зұлымдық кейіпкерлері қарастырылады. Мифология лексика деп аталған терминді зерттеуші А.Тұрышев былайша түсіндіреді, яки белгілі бір мифологияны анықтап тану үшін, фантастикалық сыртқы күштердің бейнеленуін білім заңдылығымен анықталу керектігін және лексикадағы көрінісін анықтау маңыздылығын көрсетеді. Солай, зерттеуші М.Ж.Көпейұлының шығармашылығын мифология лексикасын тәңірлік таным, исламдық, тотемдік, кереметтер, демонология деп ажыратады [11, 46]. Демонимдер халық ауыз әдебиетінде қалыптасқан, адамға зиянын тигізуші, ну орман мен кең дала, таулы жерлердің киелі рухы ретінде танылатын жезтырнақ, пері, албасты, жалмауыз кемпір сынды бейнелер.

Қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан мифологиялық антропонимдер халықтың сонау кездегі тотемдік, анимистік сенімдерінің қалдығы ретінде көрінеді. Таудың киесі, судың иесі бар деуі уақыт өте келе адамға зиянын тигізетін жауыз, зұлым күштер иесі ретінде таныла бастады. Әрі адам баласының олармен шайқасуы, өлтіруі әлем жайындағы ойларының қалыптаса бастауына әсер еткен. Қорытындылайтын болсақ, қазақ тіліндегі мифологиялық антропонимдер халықтың ерте кездегі қалыптасқан түсініктерінен жинақталғанын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы: Арыс, 2006. – 280 бет

2. Ускенбаева Р. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі. Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2016. – 146 бет

3. Тойшанұлы А. Тәңір. https://abai.kz/post/7775

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд. 3-басылым. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет

5. Зағыпаров Қ. Философиялық терминдердің сөздігі. – Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 бет

6. Гордлевский В.А. Из османской демонологии, "Избранные сочинения". 3-том. – Москва 1962. – 150 бет

7. Сухарева О.А. Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. Пережитки демонологии и шаманства у равнинных таджиков. – М: ГРВЛ. 1975, 344 бет

8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбекова, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 бет

9. Тойшанұлы А. Қазақ мифологиясының кейіпкерлері. Жұлдыз. №2, 2017. 2-11 беттер

10. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет

11. Тұрышев А. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық лексика. Филол.ғылымд.докт.Дисс. Алматы, 2006. – 243 бет

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МИФТІК СИПАТТАҒЫ АНТРОПОНИМДЕР

Маратова М. Т.
2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада мифологиялық антропонимдер қарастырылған. Мифологиялық антропонимдер қоршаған орта жайындағы танымтүсініктер жиынтығы мифологема негізінде қалыптасқан. Мифологема үш топқа ажыратылып, мифонимдер, хремотонимдер, уақыт ұғымына қатысты мифтік атаулар деп анықталады. Мифонимдерден мифологиялық антропонимдер, мифозоонимдер, мифофитонимдер, мифотопонимдер деп ажыратылады. Мақалада Тәңір теонимі қарастырылып, А.Тойшанұлының Тәңір ұғымының ұғын дәуірінде пайда болғаны жайында пікірі негізге алынды. Зерттеу мақалада тәңір, алдашы теонимдері, жезтырнақ, албасты деонимдері қарастырылған.Алдашы теонимі халық арасында қалыптасқан Әзірейілдің көне нұқасы. Бұл халық танымының, өлім жайындағы түсініктің бір көрінісі екенін көреміз. Жезтырнақ деонимі қазақ халқында ғана емес, тувалықтарда да кездеседі. Олардың танымында жезтырнақ жақсы, жаман кейіпте бейнеленеді. Албасты жайында Ш.Уәлиханов, В.Радлов еңбектерінде кездеседі. Деонимдер адамға зиянын тигізетіндіктен, адам өмір сүрмейтін ну орман, таулы жерлерде мекен етеді. Бұл атаулардың қалыптасуы, қолданылуы, ел ауызында сақталған деректер арқылы қарастырылды. Сонымен бірге, А.Тойшанұлы, Б.Тілеубердиев, Р.Ускенбаева, Қ.Жұбанов, М.Қашқари еңбектері негізге алынып, теонимдер мен деонимдер атауларының қалыптасуының халық танымымен байланысты анықталды. Халықтың анимистік, тотемдік, діни сенімдері негізінде қалыптасқан танымы негізінде мифологиялық антропонимдер қалыптасқанын анықтаймыз.

Түйін сөздер: мифологема, мифоним, мифологиялық антропоним, тәңір, жезтырнақ, албасты.

Abstract. The article discusses mythological anthroponyms. Mythological anthroponyms are a set of knowledge about the environment formed on the basis of a mythologeme. Mythologems are divided into three groups and are defined as mythonyms, chremonyms, mythological names associated with the concept of time. Mythological anthroponyms, mythozonyms, mythophytonyms, and mythological understandings are distinguished from mythonyms. The article discusses the theonym of God, based on the opinion of A. Toyshanuly that the concept of God appeared in the Hunnic era. The scientific article discusses the theonyms god, deceiver, zheztyrnak, albasti. We see that this is a manifestation of folk knowledge, an understanding of the place of death. The deonym zheztyrnak is found not only among Kazakhs, but also among Tuvinians. In their knowledge, zeztyrnak is depicted in good and bad form. About Albasti can be found in the works of Sh. Ualikhanov, V. Radlov. Since deonyms are harmful to humans, they live in uninhabited forests and mountainous areas. The formation and use of these names were considered using data stored at the mouth of the country. At the same time, based on the works of A. Toyshanuly, B. Tileuberdiev, R. Uskenbayeva, K. Zhubanov, M. Kashkari determined the connection of the formation of theonyms and deonyms with folk knowledge. We determine that mythological anthroponyms were formed on the basis of knowledge formed on the basis of animistic, totemic, religious beliefs of the people.

Keywords: mythology, mythonym, mythological anthroponym, god, eztyrnak, albast.

Мифологиялық антропонимдер мифологиялық адам есімдері мағынасын береді. Зерттеуші Б.Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері» еңбегінде қазақ тіліндегі антропонимдердің тіл мен мәдениеттің бірлігі екенін, антропонимдердің мәдени өмірінен ақпарат беретін атаулар, құбылыстар сан ғасырдан басталған мәдениеттің бір бөлшегі екенін айтады [1, 69]. Солай, тілдегі лексикалық, фразеологиялық деңгейіндегі тілдік бірліктер, лингвомәдени бірліктер халықтың мәдениетін, менталитетін анықтап көрсетеді. Мифологиялық антропонимдер мифологема терминінен бастау алады. Зерттеуші Р.Ускенбаева мифологеманы былайша анықтайды: «Айнала қоршаған ортаның сырын адамзат баласы әлі толық ашып, танымай тұрғандағы өзін қоршаған барлық құбылыстарды қабылдауынан хабардар ететін таным-түсініктің негізінде қалыптасқан лексикалық бірліктер» [2, 70], - деп анықтайды. Осы негізден мифологемалар үш топқа ажыратылады. Бірінші топқа мифонимдер, екінші топқа хремотонимдер, үшінші топқа уақыт ұғымына қатысты мифтік атаулар деп қарастырылады. Мифонимдер өз кезегінде Мифоантропонимдер, мифотопонимдер, мифозоонимдер, мифофитонимдер деп ажыратылады. Мифологиялық антропонимдер теонимдер және демонимдер деп екіге бөлініп қарастырылады. Теонимдер жаратушы күштер, жаратқан жайында, олардың есімдері жайы қарастырылады. Мәселен, «Қорқыт ата» туындысында Алла, Құдай, Тәңір деген үш атау бірдей қолданылған. Аталған үш бірліктердің бір шығармада өзек болуы түркі даласында ислам дінінің таралу кезеңі болса керек. Ислам діні қазақ жеріне тарамастан бұрын, жаратушы Тәңір деп аталған, халық Тәңірі өзі сақтайды деп сенген. Тәңір Алла мен Құдайдан басты айырмашылығы түркілік кезеңде қалыптасып, қолданыс тапқан. А.Тойшанұлының зерттеулеріне қарағанда, тәңір ұғымы сонау хунну дәуірінде орныққанын көреміз. Ғұндар билеушілерін «Тәңір текті Шаньюй» деп атаған. Елбасшысы «Танг-ли кү-тү» деген Тәңіркұты мағынасын беретін мәртебелі дәрежеде танылған. Тәңір атауын сахалар «тангара», шорлар «тегри», алтайлықтар «тенгри», чуваштар «тура», моңғолдар «тэнгэр», буряттар «тэнгэри» деп өзара ұқсас атаған [3]. Түркі-моңғолдар аспанды көк деп атаса, қазақтағы аспан деген атауы парсының сөзінен қалыптасқан. Солай, Тұран даласын мекендеген тайпалар «Көкте - Тәңір» мекендейді, ал жер үстінде ханның еге екендігі жайында сенімдері қалыптасқан. Қ.Жұбанов күй жайындағы зерттеулерінде күйдің шағатай, анадолы түріктерінде, ұйғыр тілдерінде «көк» деп аталатынын, әу бастағы күйдің негізі «көк» сөзінен басталғанын айтады. Зерттеуші М.Қашқаридің сөздігінде «Ол көкләнәр» деген тіркесі арқылы күйдің о бастағы көк болғанын айтады [4, 276]. Сонда көк сөзінің мағынасы терең болғанын аңғарамыз. Көк сөзі енді бірде, тәңірінің мекені болса, енді бір жерде күй мағынасында берген. Халқымыздың күй өнерін ерекше сыйлауын ескеретін болсақ, күйдің көктен берілген шығарма деген мағынасында қолданылатынын аңғарамыз. Әлемнің вертикальды қабатының жоғарысын басқаратын тәңір жер ортасындағы әлемге өзінің айтарын бәлкім күй арқылы жеткізгенін де түсінуге болады. Солай, бұрынғы ата-бабаларымыз үшін Тәңір сөзінің үлкен мәнге ие болғанын аңғарамыз. Кей

ғалымдар тәңіршілдік дін деп атаса, кейбірі тек діни наным-сенім деп анықтайды. Ш.Бира, Жан-Поль Ру сынды түркі-монғол идеологиясын, тарихын, дінін зерттеген ғалымдар Тәңіршілдік орнына «тэнгэризм» деп атауды да ұсынады [3]. Түркі ескерткіштерінде жеңістерін Көк Тәңірімен байланыстыратын болған екен. «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара жер жаралғанжа, олардың екі арасында кісі ұлы жаралған екен» таным да қалыптасты [5, 97].

Мифологиялық антропонимдердің ішінде жезтырнақ, албасты деонимдері де танылады. М.Қашқаридің сөздігінде ертеде түріктер балаларын қорқыту үшін «албашы келді» деген екен. Бұның мағынасы албасты келді деген мағынаны береді. В.Радлов еңбектерінде албастыны жауыз рух, босану кезінде зиянын тигізетін рух деп таниды. Қазақ тілінен бөлек, башқұрт тілінде «албасты», ноғай тілінде «албаслы», түрік тілінде «албассы» деп аталынады. Г.Потанин еңбегінде әйел адамдар босану үстінде есінен танса, албасты басты деген түсінік қалыптасқанын айтады. Ш.Уәлиханов та албастыны әйелдердің босанған уақытында зиянын тигізетінін айтады және кейде жезтырнақ деп те атайтынын келтірген. Сондай-ақ, албастының биік ағаштарда мекен ететінін де айтады. Бұл мифологиялық антропонимнің этимологиясына үңілер болсақ, түп негізі түркі халықтармен байланысты. Сөзімізге дәлел "ал" түркі тіліндегі "қол" мәніндегі сөзді білдірсе, "басты" түркі тіліндегі қимылды білдіреді, демек "қолымен басты" деген мағынаға келеді. В.А.Гордлевский «ал» сөзін алқызыл түспен байланыстырып, қанға қатысты ма деген болжам айтады [6, 301]. Басқа түсіндірме бойынша, «Ал» – ирандық құдайдың атауы. Сондай-ақ «Ал» сөзі сонау шумер халықтарынан келе жатқан «илу» – «Алла» атауымен байланыстырыла келе, «түбір» фонемасы «рух», «құдай» мағынасын беретін үндіеуропалық термин екеуінің қосындысы деген пікір де кездеседі. О.А.Сухарева өзінің зерттеуінде М.С.Андреевтің пікірін негізге ала отырып, бұл персонаждың шығу тегі – әйелдердің туу (босану) құдайы, тіпті көне азиялық Анахита (Венера) құдайының трансформацияға түскен бейнесі дейді [7, 32]. Бұл персонаж Ислам дінінің таралуына дейін әйел бақытын қорушы, жүкті әйелдерді жебеуші құдайы дәрежесінде суреттелген. Бала туу, оны емізу, аман-есен дүниеге алып келу сияқты анаға тән іс-әрекет оның иығына асып жүретін екі немесе жетпіс сипатынан да көрінеді. Қазақ тілінде албасты сөзінің алты мағынасы кездеседі:

1. Түркі халықтарына тән мифтік бейне, ауыз әдебиет шығармаларында мол ұшырасады. Әйел бейнесіндегі қараниетті, қас күштің иесі. Бөки келді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян (М.Жұмабаев «Педагогика»).

2. Кісі тектес, бүкіл денесін түк басқан мақұлық.

3. Мысы, күші мықты, арқасы ұстайтын, арбап алатын қасиет. Қарманның қара ұрысы, ат десе албастысы бар Аманжолдың ала ұрысы атанғандардың талайы ит көрген ешкі көзденіп қалып еді (Ж.Молдағалиев «Айналайын»).

4. Бірнәрсені үрейлендіріп, қорқытып өзіне бағындырып алған адам. Аруақ! Аруақ! Масақбай! – деп, асаудың албастысы – Масақбай биешіні аруақтай сыйлайтынын көрсетті (М.Әуезов «Абай жолы»)

5. Сүйкімсіз, сұмпайы әрі жеккөрінішті адам. Тайт әрі, албасты, қатын қар! Сенікі не? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумайды деген шығарсың... Қарғамақ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ (Ж.Аймауытов шығ.)

6. Зұлымдық, жауыздықтың көзі. «Торқалы тойы, топырақты өлімі бар үркердей үйірілген ауылдың берекелі тірлігі жаңа ғана басталғанда соғыс деген албасты шықты» (О.Бөкеев. «Өз отыңды өшірме») [8, 32].

Солай, албасты халық танымында жауыз кейіпте қалыптасқан мифтік кейіпкерлердің бірі. Албасты кейіпкеріне ұқсас мифтік кейіпкердің бірі – Жезтырнақ. Бұл жайында А.Тойшанұлы «Қазақ мифологиясының кейіпкерлері» зерттеуінде тереңірек тоқталған. «Жезтырнақ – саяқ жүрген аңшы-мергендерді торып, олармен кешқұрым бейуақта кездесіп, қайкөйлік әрекет жасайтын мифологиялық кейіпкер» [9, 2], - деп анықтайды. Жезтырнақ көбіне-көп ну қамысты, орманды, биік таулы жерлерді мекен етеді. Көбінесе әйел кейпінде бейнеленетін жезтырнақтың да ері, бала-шағасы да бар, тіптен оқшау ел түзеді деген түсініктер де кең таралған. Дегенмен, халық шығармаларында көбіне әйел кейпінде кездеседі. Жезтырнақтың еркегінің аты – Сөрел. Кей түркі халықтарында, оның ішінде бурят халқында орман иесін Сорьел, ал әйелін Орель деп атайды екен. Солай, жезтырнақтың мифологиялық қызметі ну қамысты даланы аралайтын, ну орманның қожайыны, яки рухы, иесі болуы мүмкін екенін А.Тойшанұлы айтады. Жезтырнақ жайында қазақ ауыз әдебиетінде 20 түрлі сюжеттер кездеседі. Мәселен, Мамай батырдың жезтырнақпен кездескені жайлы хикаяға назар аударатын болсақ, әкесінің, атасының да қазасына себеп болған пәлені анықтауға жолға шығады. Бақсылар бармауын айтқанымен, батыр мән бермей, жезтырнақты іздеп шығады. Солай, батыр кездеседі. Батыр жезтырнақтан көзін алса, жанынан айырыларын сезеді. Солай түн болады. Жезтырнақ орманға қайта кетіп қалады. Түннің бір уағы болғанда батыр өз бойындай томарды кесіп әкеліп, сыртынан көйлек-шапанын жауып, өзі ағашқа өрмелеп кетеді. Біраздан соң жезтырнақ қайтып келіп, томарға бас салғанда, батырда мылтықты көздеп атып жібереді. Солай, батыр жезтырнақпен орманда кездесіп, әкесінінің, атасының түбіне жеткен пәленің көзін құртады. Өзге де хикаялардың сюжеттеріне назар аударатын болсақ, жезтырнақтың түн ішінде, орман арасынан шығуы оның орман иесі екенін аңғартса керек. Жезтырнақ халқымыздың ауыз әдебиетінде жаман образда танылатын болса, тува халықтарында қайырымдылық, жақсылық жасаушы ретінде сомдалады. «Чес ыргак» аңызында жезтырнақ құпиялық шартын жеткізіп, орындалмайтын болса, тіл тартпай өмірінен қош айтысатынын жеткізеді. Сонымен бірге, тува халықтарында жезтырнақтың еркек түрі де ұшырасады. Хемчик өзенінің иесі кездескен бір кісіге атын ауыстыруын сұрайды, дегенмен ол кісі келіспей, отбасына болған жайтты айтады. Құпияны сақтамадың деп Хемчик иесі сол жаннан кегін алады. Ғалым А.Тойшанұлы тувалықтарда жезтырнақтың жақсы

образда сақталып қалуын былайша түсіндіреді: «Әлемдік діндердің әсеріне салыстырмалы тұрғыдан аз ұшырап, ежелгі танымын сақтап қалған твалықтардың мифологиясында жезтырнақ көбінде жағымды сипатта суреттеледі» [9, 5], - дейді. Ал қазақ халқында жезтырнақ тек қана жағымсыз түстерден тұрады. Мифтік кейіпкерлер тек аңыздар мен ертегілердің кейіпкері болумен қатар, қазіргі кездегі прозаның де кейіпкері ретінде танылады. Зерттеуші Р.Ускенбаеваның көрсетуінше, А.Мекенбаев шығармасында жезтырнақ – бір үйдің шаңырағын ортасына түсірген әрі кек алу құралы ретінде суреттелген. Сонымен қатар, М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасында да жезтырнақ тілдік бірліктегі мағынасында қолданыс тапқан [2, 137].

Мифологиялық антропонимдер қатарында Алдашы деген кейіпкер кездеседі. А.Тойшанұлының анықтауынша, Алдашы – ислам түсінігіндегі Әзірейіл періште [9, 9]. «Алдашы есте жоқ ерте замандда адамдардың көзіне көрініп, ажалы жеткен пендені атына мінгестіріп, о дүниеге апарып тапсыратын болған екен-мыс. Ол заманда адамдар момын, бейуаз, уәдесіне берік болғандықтан маңдайдағы сызығы таусылып, дәм-тұзы біткен соң, ел-жұртыпен бақұлдасып, Тәңірдің құзырына қайта кете беретін болған деседі» [9, 9], - деген пікірін келтіреді. Уақыт өте келе, адамдар бірін-бірі алдап, Алдашыға да көнбей, оны да алдап кететін болған екен. Солай, Алдашы адам көзіне көрінбей келетін болған екен. Сондай-ақ, халық арасында Алдашы жан алғанда адамның қаны керегенің үшінші көгіне дейін шашырайды деген әңгіме таралған. Автордың көрсетуінше, Алдашы бейнесі жайында ең алғаш Н.Мыңжанұлы «Қазақтың мифтік аңыздары» деген кітабында айтылған. Алдашы «Баба түкті Шашты Әзіз әулиенің Алдашыны шапалақтауы» деген хикаяда кездеседі. Аңызға сүйенетін болсақ, бір кемпірдің жалғыз баласының жанын алып жатқан Алдашыға жақындары не істерін білмей, Баба түкті Шашты Әзіз әулиеге шағымданыпты. Мән-жайды анық түсінген әулие Алдашыға тоқтауын айтса да, өлім періштесі көнбепті. Содан не керек, әулие Алдашыны бетке ұрғанда, баланың жаны қайттан өз бойына еніпті. Болған жайтты жаратушыға жеткізгенде, жаратушыда Баба түкті Шашты Әзіздің жердегі адамдардың әулиесі екенін айтып, не істесе де өз еркі екендігін айтқан екен. Осы оқиғадан соң халық арасында Алдашының көзі шапыраш болып қалған деседі. Дегенмен, ислам діні орнаған соң Алдашының қызметін Әзірейіл атқара бастады. Автордың бір аңғарған тұсы – Әзірейілдің жаса жүрген қызметі, іс-әрекеті Алдашымен ұқсас. Бірде Әзірейіл мен Жәбірейіл ел аралап жүр екен. Қатарына үшінші жігіт қосылыпты. Бір ауылға жақындағанда асық ойнаған балалардың қасына келіп, екі баланың жанын алатындарын айтады. Солай, асыққа таласқан екі бала да өледі. Содан екінші бір ауылға жолға шығады. Жолда кездесетін бір жігіттің жанын алатынын айтады. Содан қастарына жолдас боп еріп жүрген жігіт өзінің жанын қашан алатынын сұрайды. Олар үйленген түні жанын алатынын айтады. Содан бастап, жігіттен қуат кетіп, сола бастайды. Үйленуден қашқақтайды. Ата-анасы себебін түсінбей әлек. Содан, қыздың өзі болашақ жарынан мән-жайды анықтайды да, үйлене беруін, бір амалын табарын айтады. Солай межелі күн жетті. Жанын алуға келген періштелерге жары үйреткен сұрақты қояды. «Жолдасақы» деп,

періштелерден «жүз жыл бер» деп сұрайды. Солай, періштелер «әумин» десіп, жігіт жүз жыл өмір сүрген деседі [9, 11]. Алдашы бейнесі қазақтың дәстүрлі түсінігіндегі жаналғыш бейне ретінде бейнеленсе, алтай халықтарында да осы мағынада қолданылады. Сонымен бірге, ажалдың киесі, Әзірейіл деп анықталады. «Алдашының ала арқаны» деген тіркесте халық ауызында қалыптасқан. Бұл дегеніміз Алдашының құтқармас құрығы деп өлімді меңзейтінін көреміз [10, 124].

Солай, мифологиялық антропонимдер теонимдер қатарында жаратушы, пайғамбарлар бейнесі қарастырылса, деонимдер тобында жауыздық пен зұлымдық кейіпкерлері қарастырылады. Мифология лексика деп аталған терминді зерттеуші А.Тұрышев былайша түсіндіреді, яки белгілі бір мифологияны анықтап тану үшін, фантастикалық сыртқы күштердің бейнеленуін білім заңдылығымен анықталу керектігін және лексикадағы көрінісін анықтау маңыздылығын көрсетеді. Солай, зерттеуші М.Ж.Көпейұлының шығармашылығын мифология лексикасын тәңірлік таным, исламдық, тотемдік, кереметтер, демонология деп ажыратады [11, 46]. Демонимдер халық ауыз әдебиетінде қалыптасқан, адамға зиянын тигізуші, ну орман мен кең дала, таулы жерлердің киелі рухы ретінде танылатын жезтырнақ, пері, албасты, жалмауыз кемпір сынды бейнелер.

Қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан мифологиялық антропонимдер халықтың сонау кездегі тотемдік, анимистік сенімдерінің қалдығы ретінде көрінеді. Таудың киесі, судың иесі бар деуі уақыт өте келе адамға зиянын тигізетін жауыз, зұлым күштер иесі ретінде таныла бастады. Әрі адам баласының олармен шайқасуы, өлтіруі әлем жайындағы ойларының қалыптаса бастауына әсер еткен. Қорытындылайтын болсақ, қазақ тіліндегі мифологиялық антропонимдер халықтың ерте кездегі қалыптасқан түсініктерінен жинақталғанын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы: Арыс, 2006. – 280 бет

2. Ускенбаева Р. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі. Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2016. – 146 бет

3. Тойшанұлы А. Тәңір. https://abai.kz/post/7775

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд. 3-басылым. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет

5. Зағыпаров Қ. Философиялық терминдердің сөздігі. – Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 бет

6. Гордлевский В.А. Из османской демонологии, "Избранные сочинения". 3-том. – Москва 1962. – 150 бет

7. Сухарева О.А. Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. Пережитки демонологии и шаманства у равнинных таджиков. – М: ГРВЛ. 1975, 344 бет

8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбекова, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 бет
9. Тойшанұлы А. Қазақ мифологиясының кейіпкерлері. Жұлдыз. №2, 2017. 2-11 беттер
10. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет
11. Тұрышев А. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық лексика. Филол.ғылымд.докт.Дисс. Алматы, 2006. – 243 бет

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ «КҮЛУ» БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Имангазина М.А.
«Қазақ филологиясы» мамандығының
2-курс докторанты

Аңдатпа. Коммуникация тілдік және тілдік емес құралдар негізінде жүзеге асады. Мақалада адамның ішкі сезімін білдіретін «күлу» амалының бейвербалды сипаты талданады. Дереккөз ретінде «Абай жолы» романындағы күлкінің түрлерін сипаттайтын мысалдар алынды. Күлкінің коммуникативтік сипаты қарастырылды.

Түйін сөздер: коммуникация, бейвербалды амалдар, «Абай жолы» романы, «күлу», коммуникативтік акті.

Abstract. Communication is carried out on the basis of linguistic and non-linguistic means. The article analyzes the nonverbal nature of the "laugh" action, which expresses a person's inner feelings. Examples describing the types of laughter in the novel "The Way of Abai" were taken as a source. The communicative nature of laughter is considered.

Keywords: communication, nonverbal techniques, novel "The Way of Abai", "laughter", communicative act.

Коммуникация – адамзат қоғамын алға сүйреуші ең негізгі факторлардың бірі. Қазіргі таңдағы ғылыми-технологиялық жетістіктер, әсіресе, байланыс құралдарының шарықтап дамуы коммуникацияға деген қажеттіліктің айқын көрінісі. Коммуникация – тілдік және тілдік емес элементтердің жүйелі қолданысы. Нақтырақ айтқанда, коммуниканттар өзара әрі вербалды, яғни тіл арқылы; әрі бейвербалды, яғни тілдік емес құралдар арқылы қарым-қатынас жасай алады. Сол себепті тілдік және тілдік емес

элементтерді бір-бірінен бөліп қарастыруға келмейді, екеуі – біртұтас жүйе. Мысалы, адам сөйлегенде дауысы түрліше құбылады. Мұндағы сөз тілдік элемент болса, дауыстың құбылуы – тілдік емес элемент. Коммуникация сәтті әрі дұрыс болуы үшін лингвистикалық және экстралингвистикалық бірліктердің қатар қолданылуы маңызды. Коммуниканттар туралы Ф.Ш.Оразбаева былай дейді*: «...ерекше орын алатын тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын – хабарды іс жүзіне асырушылар, хабарға тікелей қатысушылар. Олар мынадай құрамнан тұрады:*

1.Белгілі бір ақпаратты деректі хабарлайтын – Баяншы.

2.Ақпаратты жеткізетін – Тұлғалар.

3.Ақпарат не деректі – Қабылдаушы» [1.11] Жоғарыда аталғандай, коммуникант – кез келген тілдік әрекетті жүзеге асырушы, тілді қолданушы. Ғалым «ақпарат» деп тек қана сөз түріндегі хабарды емес, дене қалыбын, түрлі ым-ишараттарды, дауыс өзгерісін т.б. да атап отыр.

Профессор Бердвистел Рэй адамдар қарым-қатынасында жеткізілетін хабардың 35% сөз, 65% бейвербалды амалдардың көмегімен берілетіндігін тұжырымдайды [2,13]. Ал профессор Альберт Мерабиан қарым-қатынас кезінде үш негізгі фактордың маңызды рөл ойнайтынын атап өтеді. Олар:

- Коммункантың не айтып тұрғаны – 7%
- Коммуникантың ойын қалай жеткізіп тұрғаны – 38%
- Ым-ишараттар – 55%

Қарым-қатынас барысында бейвербалды амалдар бейсаналы түрде коммуникант туралы өте көп ақпарат береді. Ғалымдар адамның сөзіне қарағанда «дене тілі» (body language) арқылы жеткізілетін хабардың ақиқатқа жақынырақ екенін анықтаған. Паралингвистикада бейвербалды амалдарды кинесика, просодика, такесика, проксемика деген негізгі төрт топқа жіктейді.

Кинесика әртүрлі қимыл-қозғалыс, ым-ишарат, бет-жүздегі түрлі өзгерістер, көзқарас т.б. қамтиды. Мысалы, *қадала қарау, басын шайқау, қабақ шыту, ернін жымқыру* т.б.

Просодикаға дауыста болатын түрлі өзгерістер, қарқын, жиілік, кідіріс, дауыс күші, тембр, жылау, күлу, айқайлау, жөтелу т.б. жатады. Мысалы, *тамағын қырнау, бақыру, жан дауысы шығу, міңгірлеу, сықылықтау, зеку* т.б.

Такесика коммуниканттардың өзара жанасуы кезіндегі қимылдар арқылы жүзеге асатын амалдарды қарастырады. Мысалы, *арқасынан қағу, басынан сипау, қытықтау, көтеру, итеру, сүю, сүйреу, құшақтау* т.б.

Проксемика коммуниканттардың кеңістікте орналасу орны, арақашықтығы арқылы берілетін ақпаратты нысанға алады. Мысалы, *жақындау, қашықтау, жабысу, түйісу, қашу*, *қатарласу* т.б.

Тілдік қарым-қатынас секілді бейвербалды қарым-қатынас та кодтау және декодтау негізінде орындалады. Осы орайда әлем халықтарының ұлтаралық, мәдениетаралық коммуникациясы кезінде түрлі түсінбеушіліктер орын алып отыратыны белгілі. Аталған құбылысқа арнайы «коммуникативтік шок» деген атау берілген. Бұл мәдени шоктың бір түрі болып саналады. Мысалы, орыс халқында қонаққа кешігіп келу құрметтің, үй иесіне деген қамқорлықтың белгісі болса, неміс халқы үшін құрметсіздікті білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды әр халықтың өзіне ғана тән қарым-қатынас жасау үлгісі бар, олардың ішінде ым-ишараттардың алатын орны зор. Осы орайда ұлттық бірегейлік басты қазыққа айналған жаһандану заманыныда қазақ халқына ғана тән коммуникациялық ерекшеліктерді, бейвербалды амалдардың ұлттық сипатын анықтау, танымдық, әлеуметтік ерекшеліктерін саралау, сонымен қатар олардың уақыт ағынына қарай өзгеру үдерісін талдау – өзекті мәселе.

Қазақ ғылымында бейвербалды амалдардың коммуникацияның маңызды құралы екенін алғаш атағандардың бірі – Ж.Аймауытов. «Психологія» атты еңбегінде мимикаға «келбет білімі», «беттің ымы» деген атау берді. Шынымен де, сыртқы келбетте болатын түрлі ым-ишараттар жеке «білім», үлкен саланың негізгі нысаны. Ж.Нұрсұлтанқызы өзінің кандидаттық диссертациясында бейвербалды амалдарды *«бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынас түрін айтамыз»* - деп көрсетеді. Автор атап отырған коммуникацияның көмекші құралы қызметі бейвербалды амалдардың бір ғана қыры. Себебі кейде тілдік емес құралдар толық аяқталған ойды да білдіреді.

Бір ұлт, мәдениет өкілдерінің арасындағы ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан коммуникативтік актінің негізінде ұлттық қарым-қатынас үлгісі (автор қолданған термин) қалыптасады. Ұлттық қарым-қатынас – белгілі бір ұлтқа тән қарым-қатынас жасау мәнері. Кез келген халықтың мәдениеті, танымы, түсінігі, салт-дәстүрі адамдардың өзара қарым-қатынасына, ұжымдасқан тіршілігіне негізделген. Ол тілмен қатар халықтың ым-ишаратынан, дене қимылынан, өзін ұстау ерекшелігінен көрінеді. Бұндай амалдар сол ұлтқа қатысты ассоциативті ақпаратты туғызады. Мысалы, *кәрістердің иілуі, арабтардың қол беруі, ағылшындардың қол бұлғауы, үндістердің аяқтары мен құлақтарын ұстауы* т.б. Бұлардың әрқайсысы сол ұлттар туралы таным-түсініктің бөлінбес бөлшегіне айналған. Тілші А.Исламның айтуынша: *«ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінің айқын көрсетер белгілерінің бірі – этно-мәдени белгілер. Олар жалпы ритуалдан туындайды, яғни қандай да болмасын этно-мәдени белгінің негізі ретінде*

ишарат, ритуалдың фрагменті алынған», - дей келе [1, 125 б.], бейвербалды амалдарды ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралаудағы басты нысан екендігін айтып өтеді. Өзбек ғалымы А.Нурмонов әр ұлтқа тән қимыл-қозғалыс мәнерінің ерекшелігі бар екеніне мынандай жақсы мысал келтіреді: *«Г.Вамбери араб, парсы, өзбек тілдерін ғана емес, мәдениетін, салт-дәстүрін жақсы білген, мықты шығыстанушы болған. Халық арасында да білімімен көпке танылған. Бір отырыста әдемі әуенге еліткен зерттеуші әуеннің ырғағына қарай аяғын тербетеді. Осы қимылы оның өзге мәдениет өкілі екенін бірден танытып қояды. Себебі шығыс халықтарында ән аяқты қимылдататын емес, ләззат алатын дүние, оған тек басын шайқап қана елітіп отырады,»* - дейді. Бұдан түйетініміз, бейвербалды бірліктер ұлттық бірегейліктің ғана емес, ұлттық таным бірлігінің де көрсеткіші.

Қазақ халқы ерте заманнан тоқсан ауыздың сөздің тобықтай түйінін айтуды, артық сөзден гөрі ыммен-ақ ойын жеткізуді жөн көрген. «Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді» деген сөз де содан қалса керек. Қазақ тіліндегі вербалданған ым-ишараттар халқымыздың терең психологиялық білімін, дүниетанымын, қоғамдық ұйымдасу ерекшелігін көрсетеді. Сонымен қатар бейвербалды амалдар әрдайым вербалданып тілде сөз, фразеологизм түрінде сақталып отырған. Айталық, *тістену, қабағын түю, қолын қусыру, жер тепкілеу, мұрнын шүйіру, тілін тістеу, тізесін құшақтау, екі езуі екі құлағына жету, санын соғу* т.б.

Халықаралық қатынастардың дамуы, әлем халықтарының бір-бірімен аралас-құралас өмір сүруі тілдің, мәдениеттің, мінез-құлықтың да ықпалдасуына әсер етті. Соның себебінен ұлттық коммуникативтік мінез-құлықтың (ҰКМҚ) орнын стандартталған коммуникативтік мінез-құлық (СКМҚ) басуда. Мысалы, қошеметтің белгісі ретінде *қол шапалақтау*; «жақсы», «керемет» дегенді бас бармақпен көрсету; амандасқанда немесе қоштасқанда *қол бұлғау, беттен сүю*; «жоқ», «келіспеймін» дегенді *қолды қайшылап көрсету; жақсы көруді саусақпен жүрекше жасау арқылы* білдіру т.б. Көбінесе мұндай бейвербалды амалдар жастардың арасында тез тарап, кеңінен қолданылады. Осы орайда қазақ халқының мәдениетінің, ұлттық бірегейлігінің көрсеткіші саналатын ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын көрсететін коммуникатвитік акті кезіндегі тілдік емес құралдардың қызметін және олардың астарындағы танымдық, психологиялық, әлеуметтік білімді айқындау қажет деп есептейміз.

Ұлттық коммуникативтік мінез-құлық туралы сөз қозғағанда қазақ халқының ертеден келе жатқан санасында бекіп, тұрмысында тұрақтанған қарым-қатынас жасау, бір-бірімен араласу реті, ерекшеліктері назарға алынады. Оның нақты көрінісін көбінесе халықтың күнделікті тұрмыс-

тіршілігінен, әсіресе егде жастағы кісілерден, содай-ақ түрлі әдеби шығармалардан табуға болады. Сол себепті зерттеу мақаласында «Абай жолы» роман-эпопеясындағы коммуникатвитік мінез-құлық көрінетін мысалдар алынды. Сондай мысалдардың бірі «күлу» бейвербалды амалының ерекшелігін айқын көрсетеді.

Күлу – адамның ішкі эмоциясын бет-жүзі және дауысы арқылы сыртқа шығаратын ым-ишарат түрі. Әр халықтың мінез-құлқына қарай күлкінің түрі және оған қатысты ұлттық түсінік әртүрлі. Бір ғана ым-ишарат түрі боп көрінгенімен, әр күлкінің өзіндік мәні бар.

Абай тағы бір рет, ай шеті қылдырықтай боп көріне түсіп, сөне қалғанда, *еріксіз күліп жіберді*	*еріксіз күліп жіберді*	Тамсана жылы күлімсіреу
-Абай сен де жүр!.. Атаң ғой, атаңа сәлем бер, - деп *мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді.* (I том, 77 бет)	*мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді.*	Әлдекімді мазақ ету, мысқылдау, кекету мағынасында.
Торғайды айтқанда Майбасар *шыдай алмай күліп жіберді* де, Құнанбайдың ашулы түсіне имене қарап, тәуба қыла қалды. (I том, 81 бет)	*шыдай алмай күліп жіберді*	Қатты күлкісі келгеннен орынсыз күліп жіберу
Күлісіп, дабырласып сөйлеп келе жатқан ылғи жұпыны киімді жатақтар. (I том, 85 б.)	*Күлісіп*	Еркін күлу
Жаңағы даурықтардың бәрін естіп, тоқыраған Шөженің өзі. Ол қатты, ашық дауыспен *қарқылдап, сүйсіне күлді.* (I том, 86 б.)	*қарқылдап, сүйсіне күлді*	Іштегінің бәрін шығарып рахаттана, дауыстап күлу
Жұрт тегіс *ду етіп күліп жіберді*. (I том, 87 б.)	*ду етіп күліп жіберді*.	Көпшіліктің бір уақытта бір нәрсеге күлуі
Абай Майбасардың үп-үлкен басымен балаша қылжақтап отырғанына қызығып *күле бастады*. (I том, 90 б.)	*қызығып күле бастады*	Қызық көріп, таңданып күлу
Күлімсіреп қараған үлкен көздерінде аса бір	*Күлімсіреп*	Ашық күлмей, нәзік жымию, жеңіл ғана күлу

қызулы жалын көрінгендей еді. (1 т, 91 б)		
- Бүйтпеуші еді. Бұл неғып жүр? Әлде, күзеуінің оты тозды ма екен? - дегенде, Бөжей бұған барлай қарады да, *мырс етті.* (1 т, 45 б)	*мырс етті*	Ар жағында бір құпия жоқ па деген мағынада

Кестеден байқалғандай бір күлкінің өзі коммуникативтік жағдаятқа байланысты түрлі мәнге ие болған. Күлкінің семантикасының алуандығы бейвербалды амалдардың күрделі жүйе екенін көрсетеді. Тілдік және тілдік емес құралдар осы жағынан да бір біріне қатты ұқсас. Мысалы, *мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлу* мынандай семантикаларды біріктірген: *күлу + мысқыл + өктемдік + белгісіздік.*

Күлудің әр түрі қазақ қоғамында коммуникативтік жағдаятқа және коммуниканттардың деңгейіне қарай сұрыпталып жүзеге асады. Бұдан просодикалық амалдардың ұлттың коммуникативтік мінез-құлқында «әдеп» ұғымына тікелей байланысты екенін аңғару қиын емес.

Адамдардың өзара қарым-қатынас орнатуы нәтижесінде қоғам қалыптасты. Қоғамдық қатынастың нәтижесінде түрлі салалардағы жаңалықтарға, өркениетке жол ашылды. Себебі адам бір-бірімен араласқанда, ойын жеткізгенде, кері байланыс алғанда ғана дамиды.

Заман дамуы және әлемде болып жатқан түрлі саяси, мәдени, техникалық жаңалықтар тілде әрдайым өз көрінісін тауып, белгілі бір өзгерістер енгізіп отырады. Қазіргі заман интернет заманы деген пікір жиі айтылады. Бұл ойдың ақиқаттығы бейвербалды амалдардың заман талабына сай модернизациялануынан анық сезіледі. Ғылым мен білімнің дамуы адамның коммуникацияға деген қажеттілігін тоқтата алмайды, керісінше сол коммуникацияны жеңілдететін, жылдамдататын, коммункикация жасауға кететін уақыт пен күшті үнемдейтін жолдары пайда болуда. Соның бір түрлі әлеуметтік желілер арқылы адамдармен коммуникацияға түсу, бұл әсіресе жазба коммункиацяның жаңа деңгейге көтерілуіне алып келді. Сол себепті коммункацияның жазбаша түрінде революция орын алды деуге де болады. Мысалы ойды үнемдеп қысқартып жазу, түрлі сиволдар мен таңбаларды, тыныс белгілерін, эможилерді қолданудың өзі жаңаша дами бастады. Мысалы кезіндегі сөйлемдегі ойға, паузаға, түрлі грамматикалық ережелерге байланысты қойылатын тыныс белгілер қазір одан бөлек, қосымша адамның эмоциясын білдіру қызметін де атқарып жүр. Сол секілді смайликтер деп аталатын эможилер де түрлі бейвербалды амалдарды білдіруде. Бұл коммуникативтік акті әрдайым ым-ишараттарды қажет ететінін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынасы: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 207 б.)
2. Момынова Б.Қ. Қазақ ым-иашараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. – 496 б.
3. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматыы: Қазақ университеті, 2001 – 133 б.
4. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. – Москва, 1996.
5. Қ.Жұбанов. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөніндегі лекциялар. – Алматы, 1966.)
6. Әуезов М. Жиырма томд., 5-т.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ БАТЫС ӨҢІРДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

М.О.Миров
ф. ғ. к доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Т.Е.Орынбасарова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенті

Аңдатпа. Бұл мақалада баспасөздің батыс өңірінде қалыптасуы туралы мәселе қарастырылған. Мақала барысында тамыры тереңге жайылған халықтың ұлттық басылымдарына, газеттердің шығуын батыс өңірімен байланыстырып, газет тарихына қалам тартқан қаламгерлер мақалаларын зерттеуге арналған.

Зерттеуде қазақтың батыс аймағындағы баспа беттерінің жарық көруі мен қазақ журналистикасының тарихына талдау жасалынған.

Түйін сөздер: баспасөз, төртінші билік, газет, баспахана, батыс өлке, басылым, жергілікті халық.

Abstract:. This article discusses the issue of the formation of the press in the western region. In the course of the article, it is devoted to the study of articles by writers who have deep roots in national publications of the people, connecting the publication of newspapers with the Western Region, and the history of newspapers.

The study analyzes the publication of printed pages in the western region of Kazakhstan and the history of Kazakh journalism.

Keywords: press, fourth estate, newspaper, printing house, western region, edition, local population.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық құралдардың дөңгеленген дүниенің саяси сахнасында белсенділігі сәт сайын артып отырғаны бұқараға белгілі. Себебі ұлт

ұстазы Ахмет Байтұрсынов : «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»дегендей оның қоғамдағы рөлі қарапайым халыққа жақын болып қызмет жасаумен бағаланады.

XXI ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі арта түскені мәлім. Өйткені баспасөздің рөлін оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенетіндігі белгілі. Баспасөз-сан ғасыр бойы отаршылдық тепкінің астында қалған халқымыздың мүддесіне сай аумалы-текпелі заманда жанында болып, жаңа құрылысты өмірге жөн сілтеді, сол жолда бағыт-бағдар берді. Егеменді еліміз өркениетке көшін қомдап түзеген шақта Қазақстан Республикасысының бірінші президенті Н.Ә. Назарбаев: «Идеологияның басты мұраты-тәуелсіздігімізді баянды ету, мына шырғалаңы мол дағдарыс кезеңінен елді аман-есен алып өту, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру» деп баспасөзге үлкен міндет жүктегенді.

Міне, енді еліміздің экономикалық-мәдени дамуының қарышты өсуімен дүние жүзіндегі дамыған 50 елдің қатарына межесі айқындалды. Осы асқаралы асудан сүрінбей өтіп, қазақ халқы мәртебесінің биіктеуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар қызметі өте салмақты болып отыр.

Баршаға мәлім, Қазақстандағы «төртінші билік» атауына ие болған баспасөздің тарихына көз жіберсек, сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Дәл осы уақытта Ресей империясы қазақ жерін, әсіресе Кіші жүзден басталған отарландыру саясаты толығымен жүзеге асып, енді өз саясатын жүзеге асыру мақсатында газеттер ашқаны белгілі. Біздің ұлттық мәдениетіміздің нәзік жібін үздірмей, кішкентай ғана өрмекшідей, қайта тоқып, кейінгі ұрпаққа жаңаша таныстырған Ү. Сұбханбердина болды. Ол қазақ ұлттық басылымдардың тарихын зерттеп, олардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жасап, мәтіндерін қайта бастыру арқылы бүгінгі оқырмандарға жеткізе білді. Оның анықтауынша, Троицк қаласында 1911 жылы жарық көрген «Айқап» журналы мен Орынбор қаласында 1913 жылы Кәрімов- Хұсайыновтар баспаханасында жарық көрген «Қазақ» газеті беттерінде батыс өлкедегі жағдайларға тұрақты хабарлар басылып тұрды. Олардың әр бетінде Батыс Қазақстан өңірінен Б. Қаратаев, Ғ. Қарашев, Х. Досмұхамедов, Н. Ипмағамбетов, А. Маметов, Ғ. Мұсағалиев, Ж. Сейдалин, А. Кенжин, Қ. Жұбанов сияқты көптеген азаматтар әртүрлі тақырыпта қалам тартқан. Осы тұста академик Ә. Нысанбаев басшылығымен «Қазақ» газеті жинағы жарияланып, ізденушілерге сол замандағы баспасөз беттерімен танысып, тарихи кезеңді тануға мол мүмкіндік жасалды.

Батыс Қазақстанның үлкен бір аймағы саналған Ақтөбеде 1913 - 1914 жылдары қала басқармасы жанынан «Актюбинский городский вестник» журналы екі аптада бір рет шығып тұрған. 1913 жылы 17 қазаны мен 17 желтоқсанға дейін 5 саны жарық көрсе, 1914 жылы 3 қаңтардан 15 желтоқсанға қалған 23 саны шыққан. Санкт-Петербург қаласындағы ГПБ(Государственной публичной библиотеки им. М.Е. Салтыкова-Щедрина) 1913 жылдың №1-5 нөмірлерінін 3 саны, 1914 жылдың №6-23 сандарының 12 нөмірі, БАН

(Библиотека Академии Наук России) – 1913 жылы №1-5; 1914 жылдың №6-23 сандары сақталған. Журнал редакторы әрі шығарушысы В. Мощенский болған. Журнал 13 парақтан тұрған, яғни 26 беттік. «Актюбинский городский вестник» журналы екі аптада бір рет жарық көріп, әдеби-шаруашылық журналы болып табылды.

Батыс Қазақстандағы баспасөз алтын бұлақ бастауын Орда қаласындағы 1911 жылы 16 наурызда жарық көрген «Қазақстан» газетінен алады. Газет тарихына қалам тартқан ғалым М.Ш. Ысмағұловтың Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражай қорында 83 беттен тұратын құнды қолжазбасы сақталған. Тарихшы Орал қаласында жарық көрген газеттің осы санындағы Ғ. Қарашевтің «Бұл қай заман?» деген бас мақаласына тоқталып: «Бұл қай заманның» көлемі шағын болса да, онда проблемалық мәселелерді қозғап: қазақ халқының сол кездегі тарихи тағдырына біраз шолу жасайды», - деп түйіндейді.

XIX ғасырдың II жартысынан бастау алған Қазақстанның өзге өңірлері секілді Жайық өңіріндегі батыс аймақ баспасөзінің бай тарихы бар. Бұл кезде патша өкіметі өз билігін күшейту мақсатында, орыс шаруаларының тыныштығын ұстап тұру үшін оларды қазақ жеріне көшірді. Сонымен қатар, қазақ пен орысты араластырып қазақтың елдігін, ұлттығын айырудың мақсатын көздеді. 1868 жылы патша үкіметі «Дала облыстарын басқарудың уақытша ережесі» атты реформасына сай 1869 жылы Орал облысы құрылып, оның құрамына Оралдық қазақ әскери аумағы мен Орынбор қазақтарының жері біріктірілді. Облыс Орал, Ілбішін, Гурьев және Темір уездіктеріне бөлінді, сондай-ақ оның құрамына Маңғыстау жері де кірді. Жалпы жер көлемі 29 626 234 десятина болған болса, оның ең шұрайлы, құнарлы 6 4645 402 десятина жері қазақтар әскерилерге, ал қалған 23 160 832 десятинасы мемлекеттік меншік ретінде жарияланып, қазақтарға қоғамдық негізде пайдалануға берілді. Орыс отаршылдары егінге жарамды жердің бәрін қазақтардан тартып алып, Ішкі Ресейден шаруаларды әкеп қоныстандырған. Жайық бойындағы жерлерге бір адам аттап кіре алмайтын, қазақтар өз жерінде өгей баланың күйін кешті. Қоныстандыру басқармасының қазақ даласындағы жерге орналастырушы әкімдері мен мамандары өз міндеттерін патша үкіметінің ныңаюына сай орындай білген.

Осылайша, Ресей империясы қазақ жерін толық жаулап алғаннан кейін, бұл аймақта өз саясатын орнықтырып, насихаттау мақсатында газеттер ашты. Батыс Қазақстандағы мерзімді баспасөздің алғашқы пайда болуымен және даму тарихына қысқаша тоқталсақ. Алғаш 1867 жылы Орал қаласының мәдени өміріне елеулі оқиға болған «Уральские войсковые ведомости» атты апталық газет жарық көрді. Оның алғашқы редакторы П. Назаров болған, газет алғашқы нөмірінен Ресей патшасына қызмет етті. Орал казактарының әскери құрамаларын реформалау, олардың үлесіндегі жер-су көлемін өзара реттеу, Жайықтан балық аулау кәсібін жетілдіру және т.б мәселелер туралы жазып, отарлау саясатын ұстанды.

Ішкі Бөкей хандығы Жәңгір хан заманынан бастап Ресейдің Астрахань, Орынбор секілді іргелес жатқан қалаларымен жиі араласуы, Орда мектебінде

ұстаздық еткен өзге ұлт зиялылары арқылы да қазақ даласына келген газет-журналдар біздің халқымыздың ой-санасының дамуына өз септігін тигізді. Сол кездегі қалыптасқан қазақ интеллигенциясы өзімен бірге халықтың қамын жеп, сөзін сөйлейтін нағыз ұлттық газеттің дүниеге келуін тездетті.

Батыс Қазақстандағы ұлттық баспасөздің бастауы 1911 жылы 16 наурызда жарық көрген «Қазақстан» газетінен алады. «Қазақстан»газеті Орда қаласында шықты. Сол жылы 27 мамырда шыққаннан кейін кезекті сандары шықпай, алты айға жуық тоқтап қалады. Бірақ бұл мерзімде газетті шығарушылар редакция мен баспахана жабдықтарын Орал қаласына көшірген екен. Газет материалдарын Ғ. Қараш пен Е. Бұйрин даярлап, кезек-кезек Астрахань қаласына пойызбен апарып, Б. Қаратаевқа тапсыратын болған. Ол өзі қарап большевиктердің баспаханасында газетті бастырады. Газет шығарушылардың бірі Ғ. Қараш – қазақ халқының еркіндігін, елінің тәуелсіздігін армандаған көрнекті ақын, ойшыл-философ, қоғам қайраткері Ғ. Қараштың қоғамдық-саяси қызметі 1911-1913жылдары «Қазақстан», 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газеттері мен «Мұғалім» атты жарық көрген басылымдармен қатар дамыды. Осылайша, қазақ журналистика тарихын- дағы толыққанды басылым болып табылатын, ұлтының бостандығы жолында табанды күрес жүргізген саяси басылым ретінде танылған баспасөз «Қазақстан» газеті болып калды.

Баспасөз – қай заманның да айнасы, жаршысы. Қазақстанның батыс өлкесінде шыққан баспасөз жергілікті халықтың арасында сауатсыздықты жоюға, оқу-білімге шақырған, бұқара халықты жаңа өмірге бастауда, еңбекшілердің мәдени деңгейі мен білімін көтеруде өте үлкен рөл атқарды. Жасыратыны жоқ, жұмысшылардың қалың көпшілігі сауатсыз еді. Сондықтан да газет халыққа білім беру жүйесінің дамуына, оқу сапасын жақсартуға және сауатсыздықты жоюға айрықша мән берумен болды. Жергілікті жерде қазақтар басым бола тұрса да, газеттердің басым көпшілігінің орыс тілінде жарық көруі-Ресейдің Қазақстанда отарлауды одан әрі тереңдете түсудің амалы, яғни олардың ой санасын отарлау аркылы орыстандыру саясатын ұстағаны айқын аңғарылды. Міне, осыған орай қазақ тілінде басылым сұраған халықтың ащы жанайқайы газет беттерінің кейбір сандарында жазылған еді.

Сонымен, тұңғыш Қазақстанның батыс өлкесіндегі тарихының көкжиегіне қалықтап шыққан мерзімді баспасөздері өз кезегінде үлкен маңызды қызметтер аткарды. Азаматтық қарсылық жылдарында халықтың мүддесін көздеп, сол бір аумалы-төкпелі заманда қалың бұқараны соңынан ерте білді. Қашанда қоғамдық ой-пікірдің көш басында өлке баспасөзі қоғам дамуының барысында қанаты қатайып, қаламы ұштала түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елбасы: эсселер, ой-толғамдар, өлең-жырлар, сұхбаттар. -Алматы: «Ана тілі», 1996.

2. Әсіп С. Қазақ қасіреті. -Алматы: Қазақстан, 1994.

3. Қорқытов Б., Досбаев Ә. Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателер. -Алматы, 1951.

4. Бекхожин Х. Қазақ совет баспасөзі. -Алматы, 1961.
5. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. -Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 1999.
6. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. -Алматы: Қазмембас. -1950.
7. Атабаев Қ. Мерзімді басылым-XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: Монография. -Алматы: Қазақ университеті, 1998.

Қ.МЫРЗАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИТОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ БЕЙНЕСІ

Р.Ж.Сисенбаева
Қазақ филологиясы кафедрасының
аға оқытушысы, магистр
М.Өтемісов атындағы БҚУ

Аңдатпа. Мақалада Қ.Мырзалиев поэзиясындағы фитонимдердің қолданысы қарастырылған. Ақын поэзиясын оқу барысында өсімдіктер дүниесінен мол мәлімет алынатыны нақты мысалдармен көрсетілген.
Түйін сөздер: табиғат, өсімдіктер дүниесі, дүниетаным, дала, жусан, қызғалдақ, емен, мықтылық, сұлулық.

Abstract. The article discusses the use of phytonyms in K. Myrzaliev's poetry. Concrete examples show that in the process of reading the poet's poetry, a lot of information is extracted from the plant world.
Keywords: nature, flora, worldview, steppe, wormwood, tulip, oak, strength, beauty.

Саналы адамзат ұрпағы – өзін қоршаған табиғат ананың бір бөлшегі. Сондықтан да адам баласы саналы ғұмыр кешкелі қай өнердің түрінде болмасын табиғатты бейнелемеген, оның сұлулығына тамсанбаған, онымен сыр бөлісуге ұмтылмаған өнер иесі сирек. Қадыр Мырзалиев поэзиясының да көлемді бір бөлегі табиғатты жырлауға арналған. Ақын табиғат сұлулығына құр тамсанып қана қоймай, сол тірі табиғаттың адамзат тіршілігімен байланысына, адам баласының қоршаған ортаға тек материалдық тұрғыда ғана емес, рухани жағынан да тәуелді екеніне ой жібереді.

Ақынның табиғатқа деген көзқарасын міндетті түрде оның өскен ортасы, балалық шағымен тығыз байланыста қарастырғанымыз жөн. Өйткені кез келген өнер иесінің шығармашылық жолда қайта оралып соғар алтын қазығы оның бала кезден санасында сақталған құбылыстар екендігін қазір зерттеушілер жазып та жүр. Сондықтан кейін өзі қалалық болған ақынның жыр жолдарында *«құба жон», «ақ тақыр», «шөлейт дала», «изен»* мен *«жусанның»* сөз болуын заңдылық деп түсінеміз. Бұл әрине тек Қ.Мырзалиевке тән ерекшелік деп бөліп айтып отырғанымыз жоқ, бұл түп-тамыры ауылдан шыққан барша қазақ ақындарына тән қасиет. Қазақ поэзиясында ауылды жырға қоспаған, даланың кеңдігі мен таудың биіктігін сөз етпеген ақын жоқтың қасы.

«Мен өзім, достар, о бастан далалық гүлдің бүршігі ем» немесе «Төркін-далам, мұнша неткен киелі ең» - деп поэзиясында жырлағанындай, Қ.Мырзалиев - жер, табиғат тақырыбын жетік меңгерген дала перзенті. Оның поэзиясында сондықтан да шынайы табиғат суреттерінің тұтас галереясы жасалған. Қадыр шығармаларындағы тұнып тұрған фитонимдер – қазіргі тілімізде пайдаланып жүрген өсімдік атаулары. Мысалы, *қамыс, жусан, селеу, шағыл, сексеуіл, қызғалдақ, жауқазын,* т.б.

Қазақ тілінде танымдық деңгейге көтерілген: *тобылғы, бетеге, жалбыз, қарағай, емен* сынды өсімдік атауларының ішінде, әсіресе *жусанның* алатын орны ерекше. Себебі қазақ үшін жусан – туған жердің, қазақ даласының символы. «Жусан» деген сөзде қазақтың жанын жадыратып, сағыныш, қимастық сезімдеріне бөлейтін ерекше күш бар. Халық үшін жусан – қасиетті өсімдік. Ертеректе ел азаматтары алыс сапарға аттанғанда бір уыс жусанды өзімен ала кетіп, туған жерге деген сағынышын басқан.

Басқаларды білмеймін,
Бас ауырса,
Жусаныңды иіскеп-ақ,
Жазылам мен!
... Сүйгеніммен қалсам сәл ренжісіп,
Сыйлап сенің гүліңді,
Татуласам! [1, 78].
Шеттегі әскерлерге, қару емес,
Гүл беріп, туған жерге қайтарыңдар! [1, 215].

Қадыр ақын танымында жусан өсімдік қана емес, жусан – дәрі, дертіне дауа болса, гүл – нәзіктіктің, достықтың, махаббаттың, бейбітшіліктің символы.

Қайғыдан бір кездері әппақ болған
Даланың ақ шашындай селеуі де [1, 265].

Ал шөл далада өсетін бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп – селеуді өмір талқысын көп көрген бозарған шашпен теңеуінде дала бейнесінің қазақы бояуын тап басып дәл суреттеген, бір-бірімен сәтті үйлесім тауып, өлеңнің бейнелілігін арттырып тұрғанын көреміз. Табиғатпен бір болып, біте қайнасқан халықта мұндай теңеудің болуы заңды да.

Сол сияқты қазақ халқында сексеуілдің шоғындай /қызарып, маздаған; ыстық; көздері сексеуілдің шоғындай жанып тұрды т.б. тіркестерден сексеуіл өсімдігінің жылуы, отын туралы ассоциацияланады. Жанып біткеннен кейін де оның шоғы ұзақ уақыт сақталады. Сексеуілдің бойындағы ерекше қызуы бар қасиетімен қатар түр-түсті суреттегенде де халық тілінде «сексеуілдің шоғындай» тілдік бірлігі қолданылады.

Ақ аюдың жонындай
Айналаның өң-түсі.
Сексеуілдің шоғындай
Сарыарқаның түлкісі [1, 175].

Ақын алай-дүлей бораннан кейінгі айналаны ақ аюдың жонына, сол аппақ қардың үстіндегі түлкінің түсін тұрақты теңеумен (сексеуілдің шоғындай)

айшықтап, өзіне жақсы таныс ағаш атауын қолдану барысында сол ағаш жайлы халықтың таным-түсінігінен хабар берген. Әрі аллитерация (с әрпі қайталанып) өлең өрімін құбылтып, оқырманға әсерін күшейтіп тұр.

Жоғарыдағы аталған қасиеттерімен қатар сексеуіл өте қатты ағаш. Оның қаттылығы тілімізде «сексеуілдей қатты» тілдік бірлігінде көрініс табады.

Бұл далада өседі екен құлпырып
Қызғалдақ пен ақындар.
Бұл далада өседі екен қасқайып
Сексеуіл мен батырлар! [1, 80]

Ақын жазғытұрым кезінде шешек ататын жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген дала гүлі [2, 483] мен ақынды, сол далада қасқайып өсетін сексеуіл мен батырдың өсуін салыстырмалы түрде бейнелеген. Қызғалдақ пен ақынның арасындағы ұқсастықтары қандай? Нәзіктік, пәктік, сұлулық, айнала қоршаған ортадан аялауды, еркелетуді қажет етуі, т.б. Ал діңі мен бұтақтары бұраң-бұраң боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт сынатын жапырақсыз қатты ағаш [3,134] пен батырдың ұқсастығы ше? Тағы да сол - сексеуілдің қаттылығы, төзімділігі, морт сынғыштығын батырдың қасиеттерімен байланыстырады. Яғни Қадыр ақын табиғат құбылыстары мен адам мінездерінің ұқсастықтарын тауып, олардың бір-біріне жақындығын, тамырластығын айтып тұрғаны анық.

«Қызғалдақ» атауының шығу төркініне көз жүгіртсек, көне түркі тілінде гүл атаулы *ғалдақ, шешек* болып аталғаны тарихтан мәлім (қызғалдақ, сарғалдақ, бәйшешек). Б.Қалиұлы мұндағы *ғалдақ* түркі сөзі болса, *шешек* моңғол сөзі дейді. Моңғол тілінде цэцэг «шешек, гүл» сөзі бар екені рас. Ал *гүл* сөзі араб, парсы тілдерінен еніп, *ғалдақ, шешек* жалпы есімдерін ығыстырып шығарған [4, 84-85].

Сексеуіл – түркі сөзі, қазақша «аттың құйрығы» деген мағына береді. Шындығында да, жапырағы түсіп, бұтақтары төмен иілген тұста сексеуіл ат құйрығынан айнымай қалады. Гректер оны «холоксилон», яғни «тұзды ағаш» деп атайды. Ғылымға да сексеуіл осы «Haloxylon» атауымен енген [5].

Міне көріп отырғанымыздай, ақын өлеңдерінде Қазақстанның кең жазиралы жазығында өсетін дала мен шөл өсімдіктерінің атауы басым. Өйткені Қадыр ақынның көп қалам тартқан тақырыбы - қазақтың дархан даласы, оның бүгіні мен өткені. Дала сырын, оның құбылмалы табиғатын жырлауда ақын өзгеше стиль, ажарлы тіл, нақышты бейнелеу құралдарын пайдаланған.

Сонымен бірге Қ.Мырзалиев поэзиясында дала өсімдіктерімен қатар ағаштардың, бау-бақша өсімдіктері, дәнді дақылдардың да атаулары назардан тыс қалмаған: *қарағай, емен, ақ қайың, алма, жүзім, тары, күнбағыс, бидай, т.б.*

Емен атауы да қазақ халқының «қайсарлық», «ерлік», «өрлік», «төзімділік» сияқты ұлттық мінез-құлықтарын ассоциациялайды. «Емендей мықты», «емендей ерегісу», «емендей қату» сияқты тұрақты тіркестермен қатар тілімізде «еменнің иілгені сынғаны, ер жігіттің екі сөйлегені өлгені» деген мақал да кездеседі. Емен ағашына осындай қасиеттерді жинақтап, халық танымында нағыз ер-азаматқа тән мінезге ұқсастырылған [6, 74].

Біздер - емен бабалардың
Қалған шымыр жаңғағымыз.
Әкелер мен ағалардың
Сүйенетін балдағымыз [1, 214]
Күл болмайды
Емен екі жанбаса.
Тұтатып көр,
Егер бұған шанбасаң! [1, 32]
Елеңдеме
Көтереді бәрін де емен-дене /Заман деп.../
Қара тасты қақ жарып
Қаптап өскен қарағай [1, 15].

Ұлттық ұғымға сай Қ.Мырзалиев танымында да ауырлық-салмақтықтың белгісі, кейде “беріктік” пен “мықтылық”, “қайсарлық”, “батырлық” концептісі емен, қарағай ағаштарымен модельденген.

Жаңғақ атауының этимологиясы туралы тоқталсақ, Л.В.Дмитриева да біраз өсімдік атауларының түбірі – етістік сөздер екенін айтып, оларға мысал ретінде жаңғақ, шаттауық, ырғай сөздерін келтіреді. Жаңғақ атауының түбірі – жау (jaγ) деген етістік. Ол көне түркі тілінде «көктен түсу, құлау» деген мағына берген. Оған –ақ аффиксі қосылған [4, 84].

Халықтық білімде тағы бір ерекше бейнеленетін фитоним – ақ қайың. Қайың – орыс халқы үшін ерекше маңызы бар ағаш. Орыстарда қайың (березка) жас қыздың, сұлулықтың, нәзіктіктің, тазалықтың, пәктіктің, жастық шақтың эталондық үлгісі ретінде рәмізделеді. Ал қазақ үшін қайың «жалғыздықты», «ақын жанын», «мұңды», «мықтылықты», «беріктікті» ассоциациялайды. Қазақ поэзиясында қайыңға арнап жыр жазбаған ақын кемде кем. Мағжан, Жұмекен, Мұқағали, Темірхан, Есенғали сынды ақындар қайыңмен сырласа отырып, өздерінің ішкі жан-дүниелерімен, сезімдерімен бөліссе, Қадыр ақын:

Жайқалсын, өртенбесін ақ қайыңдар!
Жерге бұл Тыныштық деп ат қойыңдар! [1, 225]
Жігіт-емен күбірлейді кешқұрым,
Қыз-қайыңды мықынынан құшақтап /Көктем құдіреті/,-

деп жырлайды. «Жігіт-емен» мен «қыз-қайың» қолданыстарының ерекшелігі мұнда тіршілік дүниесіндегі жанды нәрсе мен жанды нәрсені бір-біріне ұқсату байқалады. Жалпы «жігіт-емен» метафорасы арқылы жігіттің бойындағы мықтылықты көрсетсе, Қадыр ақын да орыс ақындарының ізімен «қыз-қайың» тілдік бірлігі арқылы қыз баланың бойындағы нәзіктікті сөз етеді.

Миуа-жеміс піскенде
Қызығын көрмеу обал-ақ.
Алмаңмын сенің,
Түскенде
Алысқа кеткен домалап [1, 89]
Алма ағашы – өзім де,
Сен – көк түйін алмасың /Қырау көміп тал басын/

«Миуа-жеміс», «алма ағашы-өзі», «сен-көк түйін алмасың» метафораларында екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жақындатып-жанастыру негізінде астарлы тың мағына берілген. Қазақ дүниетанымында ұрпағы жайылған ата-ананы «мәуелі бәйтерекке» теңесе, Қадыр ақын «ұрпақ қызығын көру» деген қазақи ұғымды піскен жемістің қызығын көру деп астарлы жеткізеді. Жалпы көркем әдебиетте мақал-мәтелдер көріктеуші бейнелі тәсіл, көркемдік нәр беру, эмоциялық уыттылық таныту үшін алынатыны белгілі. Олардың әрқайсысының астарында жасырын қосымша мағына және прагматикалық бағдар жатады. Қай қаламгер болмасын өз шығармасында мақал-мәтелдерді дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де қолданады. Олардың шығарма тілінде өзгеріске ұшырауы автордың өзіне тән стилі әрі көркем тілдің аясының емін-еркін екендігін көрсетеді. Ақынның «Алма ағашынан алысқа түспейді» мақалын «алысқа кеткен домалап» деп өңдеп құбылтуы арқылы, есейгесін анасының жанынан жырақта болып, қызығымды көрсете алмадым деген өкінішін сеземіз.

Аязға алма беті тыз етіп бір,
Азамат шекараны күзетіп тұр [1, 199]

деген жолдардан тұрақты эпитет (алма бет) арқылы қызыл шырайлы, толтолық, жас, балғын жүзді қазақ сарбазының бейнесін көреміз, демек эпитетте ұлттық бояу-бедер болатыны сөзсіз.

Қол созып күнге, анаға,
Көктейді жырдың терегі [1, 86]
Күзелген шөп – даланың
Төбе шашы тік тұрған [1, 162]
Жұлдыздар өңшең – аспанға
Жабысқан алтын шөңгелер [1, 165].
Көктем сайын біз іздейміз өзіңді
Өмірзая жауқазындар ішінен!.. [1, 295]
Жауқазын жыр, жапырақ ой болып жалғыз қорегім,
Жұрттың маған, менің жұртқа жоқ сияқты ед керегім [1, 114].

Адам өзін қоршаған ортадағы заттарды, құбылыстар мен әрекеттерді, олардың пайда болуы мен дамуын, ішкі-сыртқы заңдылықтарын тығыз қарым-қатынас арқылы танып біледі, санасында белгілейді. Жоғарыдағы «жырдың терегі, күзелген шөп - даланың төбе шашы, алтын шөңгелер, өмірзая жауқазын, жауқазын жыр, жапырақ ой» құбылтуларынан ақынның дүниедегі бір құбылысты, екіншісіне ұқсату арқылы оларға көркемдік көзімен қарағанын көруге болады.

Сыңсып өссе даланда биік егін,
Сабағы боп бидайдың иілемін [1, 76].

«Бидайдың кеудесін көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылының жоқтығы» деген мақалды алып қарайтын болсақ, бидай дақылы толық дәні болмағандықтан басын көтеріп ұстайды, сол сияқты жігіт те ақылының аздығынан кеудесін керіп ұстайды. Яғни академик Ә. Қайдардың пікірінше, өсімдіктердің де, жан-жануарлардың да, адамның да тым биіктеп,

шамадан тыс жоғары көтерілуінің бір сыры мазмұнының кемдігінде деп түсінуге болады [7, 249]. Ал Қадыр ақында иілген бидай сабағы, демек лирикалық кейіпкер кеудесін көтеріп, өзін жұрттан биік ұстамайды. Оны Құшағың боп досыңа ашыламын, Жұдырық боп жауыңа түйілемін,- деп жалғасқан өлең жолдарынан да көруге болады.

«Бидай» атауы – тілімізде ең әріден келе жатқан көне атау. XI ғасырға тән М.Қашқаридың «Диванында» *бидай* (buydaj), XIII-XIY ғасырға тән көне қыпшақ тілінің ескерткіші – Кодекс Куманикуста *боғдай/бодай/буғдай* түрінде ұшырасады [4, 55-56].

Тұяқсыздар – адам емес – томар түп... [1, 219].

Ақын үшін томардың бейнелік жағы – «тұяқсыздық», «ұрпақсыздық», «тұқымсыздық». Күйеуі мен жалғыз ұлын соғыс жалмаған қарт ананы томармен – екі жағы кесілген ағашпен ұқсату – ақынның дүниетанымын көрсетеді. Өйткені томардың төменгі жағында тамыры, жоғары жағында бұтағы да жоқ. Егер тамыры болса, ол ағаш бұтақтарынан бұтақ өніп, жапырақтары жайқалар еді. Осы сияқты қазақ танымында ассоциацияланып, адамның бір тамырдан тарап, ары қарай өсіп-өнуін ұрпақтың жалғасуы дейді.

Жалғыздықтың от қапырық аптабы

Жетім гүлді солдыруға батпады [1, 102].

Бұл жолдарда астарлау бар. Жетім гүл – әкесіз өскен бала. Ақынның қатал тағдыры. Ағайыннан бауырмалдық, мейірімділік көрмесе де, жат жандардың жылуын сезініп өскендігі туралы баяндалады.

Жалпы Қадыр ақын жырларында адамға – табиғат көзімен, табиғатқа - адам көзімен баға беріледі. Бұл жерде ақын шығармашылығына тән тұтастық табиғат пен адам арасындағы ажырамас бірлікті байқатады, «Табиғат пен адам – егіз» дегенді ұқтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мырзалиев Қ. Көш. –А., Жазушы,1973, 306.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст.: Қ.Күдеринова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т.10. – Қ-М. –752 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст.: Қ.Күдеринова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т.13. – С-Т. –752 б.
4. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. –Алматы: Ғылым, 1988. -159 бет.
5. Сексеуіл (turkystan.kz)
6. Шормакова А.Б. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі// филос.докторы (PhD) дәреж.дисс. 6D021300. - Алматы, 2020. –178 б.
7. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. – 560 б.

СКИФ ЭТНОГРАФИЯСЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ

А.Қ. Тұрышев
ф.ғ.д., профессор
«Торайғыров университеті» КЕАҚ., Павлодар қ.

Аңдатпа. Мақаланың тақырыбы сонау алыстағы ғасырлар сілемінен жеткен Скиф этнографиясы – Қазақ тілі грамматикасы деп, тегінен-тегін аталған жоқ. Зерттеліп отырған қазақ тілінің сөздері, тілдік айғағы бізде сақталғанымен заттық материалдық көріністері Скифтерде де сақталғаны байқалады. Аралықты кеңістік, уақыт бөліп тұрғанымен біз өзімізді сөз арқылы табамыз. Ал ол сөздер ұлттық код болып табылады. Ұлттық код этнографиялық суреттерге этнолингвистикалық және грамматикалық зерттеулер жасау арқылы ғана жүзеге асатынын тілшілер жақсы біледі. Әлем болмысы арқылы және бізге жеткен материалды шындықтан өзіміздің орнымызды іздеп табуға тырыстық. Дүниедегі «бар», «болу» мәселесін онтология арқылы іздеуге де ұмтылдық. Әлемдік мәдени кеңістіктегі антропоөзектік көзқарасымызды да айқындадық.

Түйін сөздер: Скифтар, Қазақтар, этнография, грамматика, ыдысаяқ, құдандалы, уақыт, кеңістік, аффикс т.б.

Abstract. The title of the article is Scythian ethnography, which has come from distant centuries - the grammar of the Kazakh language. Although the words and linguistic evidence of the studied Kazakh language have been preserved in us, it can be seen that the material manifestations of the Kazakh language have also been preserved in the Scythians. Space and time separate us, but we find ourselves through words. And those words are the national code. Journalists are well aware that the national code can only be realized by ethnolinguistic and grammatical studies of ethnographic images. We tried to find our place in the material reality that reached us through the universe. We also tried to search for the problem of "existence" and "being" in the world through ontology. We also defined our anthropocentric view of the world cultural space.

Key words: Scythians, Kazakhs, ethnography, grammar, tableware, kudandal, time, space, affix, etc.

Ғылыми мақаланың тақырыбы «Скифтар этнографиясы» – деп бірінші бөлігі аталады. Скифтер мен түркі (қазақ) елінің арасында уақыт пен кеңістік жатса да екеуінің арасын: Скиф *этнографиясы мен түркі (қазақ) сөздері жақындастырып тұрады. Бұдан былай түркі, қазақ-деп, жазатын боламыз, бір-бірімізді сөз арқылы табамыз. *Этногра`фия – *-и,ж*. 1. Наука, изучающая этногенез, материальную и духовную культуру, особенности быта кокого-н. народа (народов). 2. Особенности быта, нравов, культуры какого-н. народа. *Э. Края. II прил. Этнографияческий, -ая, -ое* [1, -913]. Геродот «Страна Скифов» кітабын қолданамыз [2, 166]. Скифтер құрбандыққа жылқы не мүйізді ірі қараны шалған. Малдың алдыңғы екі аяғын байлап, арқанды малдың артқы жағына шығып тартып құлатады да жанына қарай аунатып жатқызады. Мойынына арқанды байлап, арасына ағаш салып «қыл бұғау» салғандай бұрап, тұншықтырып өлтіреді. Одан кейін терісін сыпырып, етін пысырады. Ет пысыратын қазан жоқ болса, қарынына етті салып, астынан от жағып пысырады. **Буындырып** (тұншықтырып) өлтірген. **Бу** > буу > буындыру> бауыздау. Демек, **бу** > буындыру этнографиялық көрінісі скифтарда сақталған. Ал **бу** түбір сөзінен өрбіген грамматикасы бізде сақталған: М. Томанов: Малов: *баг-душить, боғуз-*

горло, боғузлан-быть заколотым, бау < баг; Махмут Қашқари: *боғды* - буындырды, сықты, *боғаз* - тамақ, *боглунды*-буынды, *баг//баг - бау//бу*. Сөйтіп қазақ тілінде *бауызда, буын* етістіктері құрамындағы түбір қазір дербес қолданылмайтын, бірақ тарихи негіздер құрамында екі түрлі вариантта сақталған бір түбір болып шығады. Бұл көрсетілгендерге дербес зат есім түрінде айтылатын *бұғалық* сөзін қосу керек [3,145].

Бау, байла қазақ тілінде мәндес болса да, екі түрлі сөз табына жататын түбірлер. Көне түркі тілінде **ба** – привязывать, связывать – обвязывать, повязывать, *баг*- оковы, узы, повязка, узел, *багла* - привязывать, *баглық* - связанный и чем-л. (ДТС, 76-78). Көне мұралар фактілері қазақ тіліндегі *бау, байла* сөздерінің қайсысы да туынды, көне түбір мен қосымшаның бірігуінен қалыптасқан. Екеуіне де негіз болған түбір - етістік (**ба**-), етістік түбір өз дербестігін жоғалтқаннан кейін, сол түбірдің қимыл есім тұлғасынан (*баг*) актив аффикс -*ла* арқылы туынды етістік жасалған. Қазақ тілінде соңғы екі тұлға сақталған, бірақ екеуі де фонетикалық өзгеріске түскен (*баг>бау, багла>байла*) [3, 148]. В. Радлов: бұғ = бу (паръ), буғ = бұғу, буғ = бу > бұғық `**задушить**`, суға бұғық `затопит` [7, 1803]. Бу > буындыру. Бір түбір тұлғасынан: ба <> бо > бұ > бағ//боғ//бау//бұғ > буу (тұншықтыру) ~ бау > байлау, боғды (буындырды), бұғ >бұғалық, боғ > боғуз-горло `тамақ` т.б. сөздері туындаған сияқты. Яғни, бұлардың алғашқы варианты қайсысы бауыздау ма? Әлде буындыр ма? Біздің ойымызша, Скифтар сияқты буындырып, қыл бұғау салып, тұншықтырып өлтіру негіз болуы мүмкін. Бу ~ буу (тұншықтыру) болған жорамал жасауға болады. Одан кейін бауыздау,`тамақ` (горло) сөздерінің пайда болуына негіз болған деуге болады. Қазіргі *бәтіңкенің бауы* – дегендегі **бау** көнеден жеткен осы **бау**. Скифтар өмір сүрген жерде орман ағаштары мүлдем аз болғандықтан етті пысыру үшін олар малдың сүйегінен еттерін сылып алып, сүйектерін отын қылып жағып соның үстінде ас дайындаған. Сүйектер өте жақсы жанған. **Қазан** жоқ кезде малдың **қарынына** сүйектен сылып алынған ет сыйып кеткен. Сөйтіп, өгіз өзін өзі пысырған. Қазақтар да ертеде осындай әдіспен ас дайындаған. Бұл үрдіс күні-бүгінге дейін жалғасуда.

«*Қазаққа алты санды бірдеймін-деп,*
Бенденің еш ақылын білмеймін»-деп.
Қодығын тыпырлатып бауыздайды.
«Сілікпелеп үйге апарып бір жеймін»,-деп.*
(«Қозы көрпеш-Баян сұлу» жыры).

***Сілікпе**-жас төлдің етін ас қып жеу-деп түсінік берілген. Мына мысалда: *Таң атқан соң қопаның бір түбек, берік жерін тауып алып, қалмақтың бір атын азыққа сойып алып, шақпағы кісесінде, аттың **қарынын қазан қылып**, емін-еркін ыстығын қылып, ішіп жата береді* (Мәшһүр-Жүсіп. 8 т. 142 б.). Еңсегей бойлы ер Есім Көкала атын іздеп шыққанда қалмақтың атын сойып етін **қарынына салып пісіреді**. С. Мұқанов: Қазақ халқы малды міндетті түрде бауыздайды. Корей, монғол сияқты кейбір ел, сойылатын малды бауыздамай, тұншықтырып та өлтіреді. Сондағы дәлелі, малдың ең пайдалысы – қаны. Тұншықтырса қан етке сіңіп, адамға пайдалырақ болады. Бауыздалмаған малдың

еті қазақта – арам саналады. Ертерек кезде ет асатын ыдыстың аз немесе жоқ шағында, көшпелі елдер олардың ішінде қазақ етті сол сойылған **малдың өз қарнына** пісіріп жейтін болған. Қарынды бұзбай алады да, тазалап жуып, ішіне етті сыйғанынша толтырып, оған мөлшерлеп тұз салады. Онымен бірге сорпа қайнағанда бу шығып тұру үшін қарынның ауыз жағына қуыс құрай немесе малдың екі басы шабылған жілігін шығарып байлайды, сонан кейін ет салынған қарынды құмға көмеді де үстіне от жағады. Солай пісірілген, «**сілікпе**» аталатын ет көшпелі елдердің дәмді асының бірі болған. Қазақтың ұғымында, әр малдың еті өз қарынына сияды [4, 109-110].

Л.З. Будагов: **Сілікпе** а. **Сілікпэ**, до того развареный, что мясо отваливается оть кости [5, 633]. В.В. Радлов: Сilкмä 2) мясное блюдо съ картофелемъ и баклажанами [6, 718]. Сіл-сіл кіші: сіл кіші-тағамды аз жейтін адам, тағамды талғап жейтін адам. Сіл ат. Ол жемді аз жейтін ат. Сілік «пәк» сілік ер «пәк ер» (МҚ. 1998 : -191, 448 б.). Сіл түбір тұлғасы семантикалық жағынан сілікпе сөзіне өте жуық мәндес болып келеді. Екі түбірді байланыстырып тұрған «тағам» болады. Сілікпе тоңба - сіңір мен құйқаның қойылжыған сорпасынан жасайтын тағам (ҚТС, 1999 : -604 б.). Сілікпе жасалу моделі жағынан сілік түбір тұлғасына тіпті әріден сіл - деп нөлдік тұлғасын алсақ сіл+ік+пе -**пе** жұрнағы кеспе, бөртпе, көрпе т.б. сөздердің тууына себепші болып тұрғанын байқаймыз. Қазақтар күні-бүгінге дейін қарынның түкті жағын сыртына қаратып, осындай әдіспен «қарын көмбе» дайындайды.

Скифтер құдайына құрбандыққа жылқы, мүйізді қараны шалғанын айттық. Олар әбден құрғап қалған ағаштың діндерінен, талдың т.б. жиып, үлкен қылып үйіп, топырақпен жауып құдай үйін жасаған. Бұл биік қылып үйілген жоталарға көне темір қылыш орнатқан бұл – Арестің пұты болған. Олар Ареске құрбандыққа жылқы, мүйізді ірі қараны шалған. Құрбандыққа шалғанның қанын үйілген жотаға шығарып **қылыштарын қандаған**. Құдай есебінде табынған. Үйіндіні жылда көтеріп отырған. Әрбір үйілген жотада ағаш қылышты тігінен жасап қойған. Қазақтар да осындай әдіспен найзасын, қылыштарын, туларын қандаған. *Ауыр қол Көкшетаудағы қоймасын талап, сиырды сойып,* ***туларын қандасып****, мәре-сәре болып жатты дейді* (М-Ж. «Абылай аспаған сары бел»).

Скифтар үлкен қыш ыдысқа шарап құйып, оған **ант беріп** келісім шартқа отырған екі жағы бізбен, не пышақпен, қолын не саусағын ақырын тіліп қанын ағызып жаңағы шараппен араластырған. Бұл дәстүрден кейін, ұзақ уақыт сиқырлы арбау сөздерін айтып, уәде бериссеннен соң рәсімге қатысып отырғандар ішкен. Одан соң ыдысқа семсерлерін, жебенің ұшын, найзаны, секир деген қаруды малып қандаған. Скифтерде этнографиялық көрінісі қалған. Қазақтар оны **анда** деген. Ғ. Айдаров: *Қадаш – туыс, адаш-жолдас. Қадашым таптым – Тусымды таптым Анта алыг адашымды адырылтым* – Сонда мен көптеген жолдасымнан айрылдым [8, 67].

Ә. Әбіласан: Адас – бауыр. Бұл көне түркіде «адаш», «адас» тұлғасында айтылатын туыс, бауыр мағынасындағы сөзбен сәкес келеді [9, 60]. Қадаш – қандас, *адас//адас* бәрінің түбір тұлғасы *ант ~ анд* (құда+анд+а) скифтерден біздің дәуірімізге жеткен реликт (лат. relictum — қалдық). А. Сейдімбек: **Анда** -

ер адамдардың бір-бірімен қан араластыру арқылы дос болуы, яғни, *андалас* болуы. **Андаға** қатысты айтушының өзін айғақтайтын сәйкес атау – анда. Андаға қатысты анда айтатын өздік атау – **андам**. ... Дәстүр бойынша *анда* болатын адамдар қымызға қандарын араластырып, бөліп ішетін болған немесе бармақтарын тіліп, тілген жерлерін тиістіру арқылы қан араластырған. Сонан соң, бойларындағы бес қарудың бірін айырбастасқан. Тарихи деректерде андалар бірін –бірі әкеден кейінгі жақын адамдармыз деп есептеген. Бірі үшін бірі ойланбастан жанын қиған. Байырғы жазбаларда скифтің екі анда жауынгерінің бірі жау қолына түскенде, екіншісі андасын құтқару үшін екі көзін ойдыртуға келісім бергені айтылады. ...Қазақ тілінде «құда-анда» сөзінде құда болу арқылы қан араластыру деген мағына бар. Монғол тілінде әбден сенген адамын «**анд**» деп атайды. Қазақ тілінде де бір-біріне сенген, серт байласқан адамды «анттас», «андалас» дейді Қазақ тіліндегі «ант» сөзі монғол тілінде «андгай» деп аталады. Бұл мысалдардан «анда» сөзі мен анда болу дәстүрінің байырғы түркі-монғол заманынан бастау алатынын аңғаруға болады [10, 184-185]. Мысалы: ***Ант*** *өзіне ауыр*. «***Ант*** *аумай, ат жүгірмейді*» - деген (Мәшһүр-Жүсіп. 9 т. 16 б.). **Ант** жеке түбір тұлғасы қазақ тілінде сақталған. Құдандалы сөзінің құрамындағы *ант* сөзі тарих көшіне ілесіп, фонтикалық өзгерістерге түсіп біздің дәуірімізге де жеткен. М. Томанов: *Құданда* – қырғыз тілінде болу, яғни етістік мәнінде айтылады. Қазақ тілінде тек есім мәнінде не көмекші етістікпен тіркесіп келеді. Арғы түбірі - **құда** (зат есім) -**н** және -**да** (-ла-ның варианты) аффикстері арқылы етістікке айналса керек. Бір ескертетін жай -**н** - әдетте есім түбірге қосылмайтын аффикс (132-133 б.). ... Жоғарыдағы келтірілген құданда сөзінің құрамындағы **н** әдетте есім түбірге қосылмайтын болса, бұл арада ол заңдылық сақталмағандығын жазады [3, 132-133]. Құдаанда деп алсақ қазақ тілінің заңдылы бойынша бір дауысты -**а** түсіп қалады. Онда бастапқы кіріккен тұлғасы құданда сақталады.

Қазан > Аяқ (ыдыс). *Мәтінің* ***аяғын*** *қирату сепебтері – Әкімбектің өзінің аяқтары бес литрлік* ***шара аяқтар*** *болады, кісі тауысы алмайды. Мәтіннің* ***аяқтары*** *шай кесе сияқтанған сарша тостағандардың алғаш шыққан кезі. Тостаған* ***аяқты*** *бүтіндейміз деп жүргенде, өз аяғымызды сындырып аламыз! – деп бата алмай қала берген* (М-Ж., 13 т. 205-206 б); *Ит ас ішетұғын* ***итаяқ*** *алып кел, мен соған жылы су төгейін* (М-Ж., 11 т-11 б.), *Бұл Нух пайғамбарға күнде бір* ***аяқ*** *қатық ап келіп: -Топан суы қаптағанда, мені кемеңе ала гөр!- дейтұғын* (М-Ж., 11 т. 11 б.). *Анасын көріп қызын ал,* ***аяғын*** *көріп асын іш* (аяғын – ауыспалы мағынасы-А.Қ.) (М-Ж., 13 т. 330 б.). *Кейде* ***некеаяқ, саптыаяқ*** *түрлері де ұшырасады*. Қ. Жұбанов: Чувштар етікті *ад+ы* дейді, тәуелденгенде *адысы* дейді. **Айақ –** кішкене ат деген сөз. Өзінен басқаны біліп келіп, кейін өзін білген адам. Ат пен итті бұрын білген, аяқты кейін білген; *ат-ад; атта- ат бол, ад+ны; ыдыс - ыд-ад. Аяқ: ат (ад, ай); ақ-ыдыс. Аяқ ыдыс* демек. Татарлар *иттік* дейді. Демек **а-е-и** бәрі бір фонема болғандығы байқалады. *Ыдыс*-тың да *ат*-қа байланысы бар. Өйткені ыдыс бұрын малдың (аттың) тұяғынан жасалуы керек. Ол заман ат пен оның тұяғын айырған ба (бүтін мен бөлшек аралас жүрген заман ғой). Осы күнге дейін *қой*-ға оның барлық бөлшектері кіреді. Біздің *құдық* деген сөзімізді татарлардың *құйы* деуі, кейбір елдердің *құйығы* деуі, біздің *аяқ* деген

сөзімізді олардың *азақ* (*сабақ азағында*) деуі (татарлар), якутта *атақ* деуі; *айғыр* сөзін **ай**-ат; **ғыр** – басқа мағынадағы сөз болуы *ел адақта* дегендегі *адақ-аяқ* болуы *ит-ат-ай-ад-аз* түбірлерінің бір болып шығатындығын білдіреді [11, 523]; [13, 121-122]. ...монг. *аяга* - каз. *аяқ* (чаша, тарелка) [12, 60]. М. Томанов: Қазіргі түркі тілдерінің арасындағы фонетикалық, морфологиялық, лексикалық айырмашылықтарды анықтап, оларды сол тілдер құрамындағы диалектілік айырмашылықтармен салыстыра отырып, сол тілдердің көне дәуір ескерткіштеріне қатысын айқындауға мүмкіндік туады. Бұл ретроспективтік тәсіл деп аталады. Тарихи-салыстырмалы әдісті ретроспективтік тәсілмен іске асыру – зерттеудің негізгі бағыттарының бірі. Екінші сөзбен, зерттеу бүгінгі тілдің сипатын айқындаудан басталып көне дәуірге қарай жүреді. Мысалы: *айақ ~ адақ*, шор: *азақ*, якут: *атах*, көне түркі: *адақ*. Сонда **й ~ з < д/т** дыбысы ауысуы келіп шығады. Қазіргі тілдердің ішінде якут тілі ғана көне түркілік сипатқа жақын қолданысы сақтаған. Олай болса, қазақ тіліндегі *ел адақтау* тіркесі де көненің «қалдығы», *айақ* сөзімен түбірлес, бірі ескі күйі, бірі жаңа дәуірді танытады [3, 25-26]. М.Томанов: А.Н. Смайлович түркі тілдерін алты түрлі фонетикалық және морфологиялық айырым белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай алты топқа бөліп қарастырады. Қысқаша былай: Бұлғар, чуваш тобы: *айақ*, ұйғыр, солтүстік шығыс тобы: *адақ/азақ*, қыпшақ, солтүстік батыс тобы: *айақ*, шағатай, оңтүстік-шығыс тобы: *айақ,* қыпшақ-түркімен: *айақ,* түркімен, оңтүстік-батыс тобы: *айақ* т.б. [3, 37-38]. М.Томанов: Айталық, қазіргі қазақ тіліндегі сөз ортасындағы, соңындағы **-й -у**; **адақ** (*адақ>адзақ>азақ>айақ,* яғни, көне түркі (**д**), қазіргі якут тілі (**т**), орта ғасырдың алдыңғы (**дз**), орта ғасырдың соңғы кезеңі (**з**) және шор тілі, қазақ тілі – деп, дәуір кезеңінен өтіп жеткенін көрсетеді [3, 15]. Ғ. Мұсабаев: Махмұт Қашқари: **аяқ** //**адзақ** > «*Бұзағу башы болғанша, өткір адзақы болған иг»*. Мысалындағы **адзақ** сөзін (*бұзаудың басы болғанша, өгіздің **аяғы** болған игі*) **дз** аффрикатымен жазған болса, содан бері қарай бір мың жылға жуық уақыт ішінде аффрикат **д** және **з** кейде **ж** қосындылары әлі күнге дейін ажырап болды дей алмасақ керек. Керек десеңіз, қазақ тілінің өзінде **айақ** (аяқ) деудің орнына *адақ, адағында* (аяғында), *адақталды* (аяқталды) делінетіні бар. Осы салыстыруда ескерте кететін бір жағдай – бұл *аяқ* сөзінің түбірі *адақ* емес, *ада* екен дейтіндер бар. Мұны жете түсіну қажет. Кейібіреулер *айақ* (аяқ) адамның аяғы емес деп теріс түсінетін тәрізді. Әрине, ол-қате.

Қазақ тіліндегі *адақ, адағында, адақтау* дегендердің **ада** (*ада-гүде, ада - жүда)* деген сөзбен тікелей байланысы жоқ. Айырмашылық мағынасында, *ада* деген сөз – *мүлде, мүтте* сөздерінің синонимдік қатарға енетін, арғы тегі арабтан тараған сөз.

Жеке сөздің этимологиясын айтқалы отырғанымыз жоқ, біздің айтатынымыз – монғол, түрік тілдерінің дыбыс жүйесіндегі кейбір үйлестік пен алшақтық мәселесі. Солай болғансын, аффрикат **дз** жаланданған уақытта әрқайсысы өз еншісін алып, біреуі (монғол) *адақ* деп, қарақалпақ, татар, башқұрт *айақ* десе, ойрат тілі монғол тіліндегі *адақ* тұлғасын алған. Әр тілдің өз ерекшелігіне қарай, өзіне қолайлысы бар, ол соны талап етіп, ерекшелігіне сай дыбысын

қабылдайды. Қазақ тілі тұрғысы **й** дыбысына жақын болғансын, **д** дыбысына жоламай, алғашқысы **й**-ді қабылдаған болса, **д** көне түрдің архаизмдік бір фактісі (*адақ, адақта*) тағы да сақталып қалғанын көреміз. Бұл сөздердің барлығы бір түбірге **ад** (*аз, ай*) сөзіне саяды. Әңгіме әр тілде әр түрлі дыбысталуында.

Ойрат (*Ойратско-руский словарь. Под. ред. Н.А.Баскакова, М., 1947, с. 12*), қырғыз (*Одахин К.К. Киргизско-русский словарь. М., 1965, адақ* сөзін қараңыз) қазақ тілдерінде *адақ* болып сақталуы, алғашқы тілде жиірек, соңғы екі тілде айтылуы сирек болса да, азербайжан, түркімен, осман (Түркиядағы түріктер- бұл сөздер кездеспейді) тілдерінде сақталмауы – **дз** аффрикаты түрік халықтарының шығысында болғанына дәдел болса керек.

Өзбек тілінде *адақ* деген түрі бар бұл сөзді XV ғасырда өзбек деген атпен барған Шейбани қол астындағы қыпшақтар апарған болу керек. Ең төтесі Ертіс – Алтайды мекен еткен қарлұқтар VII ғасырда Орта Азияға барғанда, шығыс елдердің тіл ерекшелігін ала барған болар. Сондықтан көп қолданыс таба алмаған сөз, қасындағы көршілес түркімендерге де ауыспаған.

Бұл **дз** аффрикатын қосағынан ағытып, бір тілдер **д** – дыбысын алып, *адақ* кетсе (ойрат, қырғыз, қазақ), енді біреулер **з** дыбысын алып, *азақ* (ұйғыр) деп алған. Шынында аффрикат дыбыс екі бөлініп, дара дыбысқа айналғаны анық.

Оның аффрикат түрі башқыр тілінде *адзақ* болып, Махмұт Қашқари диуанындағы қалыптан ауытқымаған. Аффрикат **дз** дыбысының тарихи зерттеуден төмендегідей бірнеше қорытынды шығады.

1. Бұл дыбыс Алтай, Жетісу, көне Монғолияны мекендеген түркі-монғол халықтарының қарым-қатысы күшейген кезде, яғни біздің заманнан бұрынғы ғасырларда болған.

2. Оғыз тайпалары Монғолиядан ауытқып, батысқа қарай көшкен кезде, бұл аффрикат дыбыс ол тілдердің фонетикасында болмаған. Сондықтан ол тілдердің азербайжан, түркімен, осман түріктерінің ешқайсысында сақталмаған.

3. Аффрикат **дз** бомаса **дж** дыбысының сан түрге құбылуына тілдің туыстығы себепкер болған. Мысалы, монғол мен түркі тілдері екеуінде де **д** дыбысы *адақ* деген сөзде сақталған.

4. Бір тілдің өзі әрбір тайпалық диалекті болып, жүре келе алшақтап, жеке тіл болып кеткен кезде, түбір сөздегі аффрикат **дз** дыбысы өз тілдерінің фонетикасында қолданылған. Соның өзінде 5 түрлі жай-жапсары анықталады:

1) **дз** аффрикаты өзгертпей сақтайды (башқұрт-*адзақ*).

2) тек қана **д**-ні алады (ойрат-*адақ*).

3) тек қана **з**-ні алады (ұйғыр-*азақ*).

4) **д** және **й** дыбыстарын қатар қолданады (қырғыз - *адақ, айғақ*).

5) жалаң **й** дыбысын ғана сақтаған тілдер (татар, азербайжан - *айақ*) [14, 15 17].

Жүкаяқ. *Қалмақтар ерте уақытта **жүкаяқтарын** тастап қашқан* (М-Ж., 1907: 17); **АЛАҚ**, Айақ; аяқ, кесе. Оғыздар мұны білмейді. Олар мұндай нәрсені шапақ – шанақ дейді. **Айақ**: аяқ *азақ – адзақ* деп те айтылады (МҚ. 1 том, 1997: 114). Жүкаяқ (жүк + аяқ) жүк – салмақ, жүк (ЭСТЯ, 262). ІҮК үйік; жүк «Бір үйік бидай» Бұл сөз малға артатын жүк пен соған ұқсас нәрселерге қолданылады (МҚ.

1989. 3 том, 12). Жүкаяқ (Iйкауад) зат. Yüklük , Sandik; Жүк, -й (Jük, -ді) зат 1 Yük. Жүк машинасы. Ауысп: 2. Баланың ауруы үлкен жүк. Аяқ, -ғы (ауад, -ді) зат. 1. Ауак (Қазақша – түрікше сөздік, Тұран, 2003: 38, 162). Жүк – багаж; вьюк; груз; кладь, Обоз; нагрузка (Қ. Бектаев. ҮҚОС, 1999: 704). Аяқ. 1. (Шымк., Қызылқ) атпен басатын қырман. Қырманға бастырылған тары екі аяқ болады (ҚТДС, 1 кітап, 1998:82). Жүкаяқ: жүк астына қоятын төрт аяқты ағаштан жасалған бұйым (ҚТТС, 4 том, 1979: 257). Жүк ~ түк халықтық өлшем. Х. Арғынбаев: жүкаяқ ылғи ағаштан жасалады – деген сөзінің де маңызы бар. Ә. Қайдар: *айақ, айок, айа, айас* сияқты варианттарын жазып, олардың түрлі мағына беретінін жазып көрсеткен: *айақ-адақ-азақ-атах* т.б. (Түркітануға кіріспе: 97, 207). Аяқ > адзақ > адақ: ад – ат // ай – ақ, ад (адын) // ыд (ыдын) түбірлес сөздер деуге болады. *Жүкаяқ > Jükадзақ* пен әбдіре зат сақтайтын киіз үй жабдығы. *Қонақтар қымыз құйған **аяқ** ұстап* (М-Ж., 313); *Дүкеннен жаңа шыққан мысалды боп, Ләззатпен пәк **шыны аяқ** берер шайын* (М-Ж., 157); *Алдына бір **шыны аяқ** шай құйғызып ап, Жамалға шымылдықтағы ұсынды енді* (М-Ж., 313); **Итаяқ**. *Ит ас ішетұғын **итаяқ** алып кел, мен соған жылы су төгейін* (М-Ж., 11 т. 11 б.). Ыдыс – аяқ: екінші сыңары аяқ // жалақ // йалақ (иттің ыдысы). **Йалақ**. 1. Посуда для кормления собак, собачья миска, кормушка, деревянное блюдо, собачье блюдо, т.б. көптеген мағынасы бар (ЭСТЯ: с. 90). Л. З. Будагов предполагал, что *йалағ* является производным от глагола *йаламақ* `лизить` (Будагов: с. 362). *Ajak* – чашка, горшокъ – чайная чашка, шыны ajak, форфоровая чашка – глинная чашка, сапты аяқ, қамыс аяқ, кымыз аяқ; адак, азак, ajақ (В. Радлов, 1 том. Часть 1, 1893: с. 201, 474). Ильм.: *ajак* – каб – круглый короб, сделанный из драничек, сверху и снизу укрепленных обручами; сапт ajак – чашка с рукояткою, зерең – большая чашка, саб` ajак – деревянная подставка, в которую устанавливается саба. КРС: без айак – желтые деревянные чашки для кумыса, бастык – турсук для солн, сўсök – круглая корзина из тальника для соли, тас – табак – тарелки, тас айак – чайные чашки, бал касык – чайная ложка (М. Малбақов. Ескі сөздерді ескерсек. ҚР. ҒА. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 1992, №5. 18-19 б. Тавақ `деревянный поднос`; `лоток, блюдце`; хакасск.: табан. РСл., III, 961. Подгорбунский, 13. таван `пятка`; хакасск.: табан. РСл., III, 966. (Малов. ЯЖУ, с. 109). **Саптыаяқ** – сап шығарып, ағаштан ойып жасаған ыдыстың бір түрі. **Жолдыаяқ** – жолымыз болсын, бар сапар, жорық сәтті аяқталсын деген мағынада (Ш. Уәлиханов, 186) (А.Қ. Тұрышев. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы. 2008 жыл.).

Скифтар дұшпанның ең жауыз, қатыгездің басын кесіп алып қасына дейін аралайды да іші-сыртын әбден тазалайды. Кедейлер бас сүйекті шикі өгіз терісімен қаптап пайдаланған. Байлар бастың ішкі жағын шикі терімен аптап онымен қоймай алтынмен жалатқан да тостаған орнына қолданған. Кейде дәстүр тотемдік рөл атқарған екен.

Омар һәйям:

Пиала жатыр міне бәсі кеткен,
Кім екен жолға тастап, басып өткен?
Енді тек сен баспашы: бұл байғұс та

Бір кезде құйылды ғой ***бас сүйектен*** -дейді.

Қорыта келгенде, аяқ сөзі аттың тұяғын іреп алып, ішін тазалап ыдыс жасаған оны - аяқ деген. Сол аттың аяғы (тұяғы) ыдысаяқ, саптыаяқ, итаяқ т.б. құрамында күні-бүгінге дейін жетіп қолданылуда. Ол кездегі аттар тарпаң, қазанат т.б. үлкен болған, адамдар да ірі болған. Аттың аяғын аяқ деген, ыдысты да аяқ деген былай айтқанда омоним сөздер, сөз ол уақытта аз болған, көп сөздің қажеті болмаған, себебі алғашқы қауымдастықта сөз тудыратын уәжді материалдар аз болған. Аң аулау, мал бағу, егін егу ең алдымен күн көріс тамақ табу болған. Кейін қоғам дамыды технология араласты. Зат көбейді оны атайтын сөздер де көбейді. Ал енді, «қойшының таяғынан, келіннің аяғынан» - дегенде аяқ синтаксистік шарты мағынасы, өзіне дағдылы емес, яғни атауыш (номинативті) емес, аттың аяғы бірінші тура мағынасы да, ыдыс-аяқ бұл да өзінің атауыш емес, ат (тұяқ) ауысып келген ғасырлар бойы тұрақтылып қалған мағынасы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – Москва, 1999. 913 с.
2. Геродот «Мельпомена» Страна Скифов. Издательский Дом «Кочевники» –Алматы, 2013 г. 166 с.
3. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. «Ғылым» Ғылыми баспа орталығы. –Алматы, 2002. 145, 148, 132-133, 25-26 б.
4. Мұқанов С. Халық мұрасы. «Қазақстан» баспасы, –Алматы, 1974. 109-110 б.
5. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. Санкпетербург. Типографія императорской академіи наукъ. 1869. с. 633.
6. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том IV часть 1. С.-Петербургъ. 1911. St. PETERSBOURG. с.718.
7. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том IV часть 2. С.-Петербург. 1911. St. PETERSBOURG. с.1803.
8. Айдаров Ғ. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы «Рауан» 1995. 67 б.
9. Әбіласан Ә. Көне сөздер құпиясы. –Алматы, Ана тілі., 1995. 60 б.
10. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. «Фолиант» баспасы, Астана-2008. -184-185 б.
11. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы, 2013. -523 б.
12. Жұбанов Қ. Қазақ – тілі жөніндегі зерттеулер. Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, Алма-Ата -1966. 60 б.
13. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы «Ғылым» 1999. -121-122 б.
14. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –Алматы, «Мектеп» баспасы, 1988. 15-17 б.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫН

Г.А. Абылкасимова
Әлихан Бөкейханов университетінің докторанты
Семей, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің шығармаларын тек филологиялық қана емес, түркітану саласымен байланыстыра зерттеудің маңыздылығы айқындалады. Ежелгі түркі дәуіріндегі көне сөздер мен таңбалары инновациялық көзқараспен сипатталатын «Аз и Я», «Жазба тілі», «Тоғысқан тараптар» еңбектеріндегі лингвографиялық зерттеулердің сабақтастығы көрсетіледі.

Автор Олжас Сүлейменовтің түркітану саласына қосқан үлесін оның шығармашылығын екі топқа бөле отырып қарастырады. Бірі зерттеушінің түркітану мәселелеріне қатысты зерттеулері болса, екіншісі поэтикалық шығармаларындағы түркілік сарын. Мақалада автор О.Сүлейменовтің түркітану саласындағы еңбектерінің құндылығы түркілік мәселені төл тарихымызбен байланыстыра зерттеуінде деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: Түркітану, түркілік сарын, этимология, символ, геном сөздер, көшпенділер, сөз коды, арғымақ,Орхон, Енисей жазбалары.

Abstract. This article underscores the significance of examining the literary oeuvre of O.Suleimenov, a poet and prominent public figure, not only within the purview of philological inquiry, but also in the context of Turkic studies. The coherence of linguistic investigations in his works «Az I Ya», «Zhazba tili», and «Related parties» which expound upon the lexical and symbolic features of the ancient Turkic epoch from an inventive perspective, is demonstrated.

The present article assesses the scholarly legacy of O.Suleymenov in the field of Turkic studies, which can be categorized into two distinct groups. The first pertains to O.Suleymenov's research endeavors in Turkic studies, while the second concerns the incorporation of Turkic themes into his poetic works. Through a comprehensive analysis of his oeuvre, the author of this study ultimately concludes that the enduring significance of O.Suleymenov's contributions to Turkic studies is predicated upon his ability to establish a vital nexus between the «Turkic problem» and the indigenously-rooted history of his compatriots.

Keywords: Turkic studies, Turkic language, etymology, symbol, genome words, nomads, word code, argymak, Orkhon, Yenisei inscriptions.

Ақын, жазушы, түркітанушы, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің есімі Қазақстанға ғана таныс емес, шетел әліміне де танымал. Белгілі сыншы Л. Аннинский ақын танымалдылығын оның бойындағы қайрат пен энциклопедиялық білімнің және поэтикалық стильдің ассоциативті тоғысуының көрінісі деп есептеді.

О.Сүлейменов мұраларына қатысты зерттеулердің басым бөлігі оның шығармашылығының тілдік аспектілеріне, әдебиеттану мен лингвистикалық талдау әдістерін қамтиды. Бұл тұрғыда отандық және шетелдік зерттеушілер: З. Ахметов, М. Қаратаев, Х. Махмудов, М. Ауэзов, Б. Канапьянов, С. Құттықадам, К. Бұзаубағарова, Р. Утепова, А. Мусаев, Э. Какильбаева, Н. Какишева, У. Калижанов, Т. Алиева, Б. Амалбекова, Н. Джусупов, С. Абдулло, т.б. және Л. Мартынов, А. Вознесенский, С. Марков, Б. Слуцкий, Л. Аннинский, Р. Казакова,

Р. Рождественский, Б. Машкова, У. Бактикереева, Н. Вербовский т.б. сынды ғалымдардың нәтижелі зерттеу еңбектерін айта кеткен жөн.

Ақын шығармаларын тек филологиялық қана емес, түркітану саласымен байланыстыра зерттеудің маңыздылығы артуда. Олжас Сүлейменовтің түркітану саласының дамуына қосқан үлесін оның түркілік еңбектері арқылы саралау – зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Қазақ әдебиетіндегі түркілік сарын түркі тайпаларының ежелгі ата қонысының қазақ жерінде болуымен тығыз байланысты. Бұған түркі халықтарына ортақ көне Тонықөк, Күлтегін ескерткіштері дәлел бола алады. Түбі бір Түркі әлемі әр ұлт әдебиетінде түрліше көрініс тауып, уақыт өте келе, дәстүрлік, георграфиялық ерекшеліктерге қарай бөлініп кетті. Қазақ әдебиетіндегі түркілік сарын халық ауыз әдебиетінде мол көрініс табады. «Алпамыс», «Қобыланды-батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар-батыр» батырлық жырлары және «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан» сынды эпикалық жырлар соның дәлелі.

О.Сүлейменовтің шығармашылығының түркі әлеміне қатыстылығын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, түркі әлеміне қатысты зерттеу еңбектері болса, екіншісі поэтикалық шығармаларындағы түркілік сарын. О. Сүлейменовтің 1975 жылы жарық көрген «Игорь жасағы туралы жыр» кітабы әлемдік резонанс тудырды. Зерттеу кітабы партиялық аппараттың қатаң сынына ұшырады, идеологиялық тұрғыдан зиянды деп танылды, кітапханалардан алынды және іс жүзінде ғылыми және әдеби-сыни процестен шығарылды. Отыз жылдан астам уақыт бойы ғалымдар мен жұртшылықтың басты назары оның тіл білімі саласындағы алғашқы зерттеуіне аударылды, филология шеңберіне сәйкес келмейді деп танылды. Зерттеуді бағалау әр түрлі болғанымен, О. Сүлейменовтің тіл тарихындағы қызметінің маңыздылығы бүгінгі таңда жоғары бағаланады.

О. Сүлейменовтің «Игорь жасағы туралы жыр» еңбегін – түркітану саласына ғана емес, әлемдік өркениетке қосылған теңдессіз үлес деп танимыз. Зерттеуші өз еңбегінде «XII ғасырда Киев Русінде Қыпшақ тілі қолданыста болды» деген батыл пікір айтты. Шумер мәдениетіндегі Түркілік сипаттарды түгендеп, Түркі дүниесінің түп шежіресін бес мың жылға кейін шегіндірді. «Біздің заманымызға дейінгі үшмыңжылдықта Түркілер: қыпшақтар, қарлұқтар, оғыздар біріге өмір сүрген. Оларды *шумер* деп атаған. Кейін оларды ежелгі Семид көшпенділері жаулап алады. Сөйтіп, олар сол жерде Вавилон сынды қалалардың негізін қалады. Күнге сенгендер – Шығысқа қарай кетті, олар Қытай, Майя тайпалары, ал, Қыпшақтар Шолпанға сенді, сондықтан олар Батысқа кетті. Қазақта бұл Шумерлік сенім сақталып қалды. Ай мен Шолпан деген атаудың жиі кездесуі де осыдан» дейді автор. Бүгінгі қазақ тілі мен ежелгі шумер тілінде ұқсастық көп. Оған О.Сүлейменовтің адам тақырыбына сай келер алпыс ұғымды салыстыруы дәлел. Мысалы: *ата, апа, ана, сіз, біз* сияқты сөздер ежелгі Шумерлер лексиконында болғанын дәлелдейді. Ғалым дәлелдеген тағы бір дәлел: ортағасырларда Киев Русінде екі тіл қолданыста болғандығы туралы болжамға Қыпшақтар мен Киев Русінің айқасын суреттеген «Игорь жасағы туралы жырды» зерттеу арқылы келеді. Жырда *«Се уримъ кричать подъ саблями*

половецкыми» деген жолдарда *«Се уримъ»* деген сөз бар. Мұны аудармашылар *«Се у Римъ»* деп оқыған, яғни шаһар аты деп шамалаған. Зерттеуші бұл сөзді түркінің *«өрім» (weaving)* яғни, қыздың бұрымы, шашы деген мағынада қолданған деп көрсетеді. Тарихи түсінікті тарихи факт толықтырады. Қыпшақтар Игорь жорығынан кейін Руське қайта шапқанда жазалаудың бір түрі ретінде әйелдердің шашын кескен. Мұндай дәлелдемелер өте көп, тек өтпелі кезеңдерде өзгеріске ұшыраған. XVI ғасырда бұл мәліметтер пергаменттен қағазға көшіріледі. Сол кезеңде аудармашылар көне түркі сөздерін орысшаға аударған. Олар түркі тілін білген, бірақ мұның астарында саясат жатуы мүмкін. XIX ғасырда көне жазуларды зерттеушілер монотілділер болды сол уақытта көне түркі тілдері түсініксіз болып қалды дегенді айтады. О. Сүлейменовтің бұл тарихи тұжырымын тәуелсіздік заманындағы отандық ғалымдар жоққа шығармайды. С. Ысқақов, М. Саяний, Т. Крупа бастаған ғылыми эскпедициясы «Игорь жасағы туралы жырда» баяндалатын оқиғалар қазіргі Украинаның Харьков облысына қарасты аумаққа зерттеу жүргізеді. Ол жерде XI-XIII ғасырларда Батыс Дешті Қыпшақ пен Киев Русі көршілес өмір сүрген. Харьков қаласының бастауы саналатын Донецк калашығы Киев Русінің, ал Змиёв шаһары – Батыс Дешті Қыпшақтың шекарасы саналған. Осы мекенде Түркілердің салған Шарукан, Сугров қалалары болған. Көне қалалар бұл заманға жетпегенімен, атаулары қалаларды салдырушы Батыс Дешті Қыпшақты XI ғасырда билеген Шару хан мен інісі Сүгірдің есімімен байланысырады. Тек уақыт өте келе Шарукан (Шарухан), Сугров деп орыс тілінің ыңғайына көнген. Бұл қалалардың жырға қатыстылығын тарихи туындыдағы басты кейіпкер Қоншақтың шыққан тегі растайды. Қоншақ – бүгінгі Кавказ елдері тарихында ерекше орыны бар Артық ханның ұлы, Шаруханның немересі.

Көшпелі және заманауи өркениеттердің байланыс қатынастары контекстінде зерттей келе автор Игорь көшпелі түрік болуы мүмкін деген батыл болжам жасады.

Кітап мазмұнының аспектілері ежелгі түркі дәуіріндегі көне сөздердің, ұғымдардың және таңбаларын инновациялық көзқараспен сипаттауымен ерекшеленеді. О. Сүлейменовтің ғылыми тұжырымдамасы географиялық, ұлттық, мәдени және тілдік дифференциацияларға қарамастан әр түрлі графикалық бейнелерімен және әр түрлі жазбаша, ауызша сөз ұғымына негізделген. Сөздің ежелгі бастапқы көзінің (этимон) адам санасында қалыптасуындағы біртұтас психотәртіпті қалыптастырады. Зерттеу еңбегінде тіл білімінің зерттеудің жаңа әдістерін қалыптастыруына ықпал ететін қосарланған теріске шығару (теріске шығаруды теріске шығару) әдісі қолданылады.

О. Сүлейменов түркі халықтарының ортақ тамырын, шынайы тарихын, ғылыми ақиқатын іздеуді қисынды түрде жалғастыратын басқа да еңбектер жазады. *«Жазба тілі» (Язык письма), «Тоғысқан тараптар» (Пересекающиеся параллели)* еңбегі лингвографиялық зерттеулердің сабақтастығын көрсетеді. Адамзат тарихындағы жазудың барлық түрлері негізгі (доминантты) сызба белгілерін қамтитын әр түрлі халықтарға, ұлттарға, тайпаларға ортақ деген тұжырым жасайды.

О.Сүлейменовтің поэтикалық мұраларында түркі дүниесіне ортақ ұғымдар мол кездеседі. Ол шығармаларын орыс тілінде жазатын нағыз қазақ ақыны. Көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Әуез ақынның *«Арғымақ», «Мен көрдім», «Көкбөрілер»* сынды өлеңдерінің өткір жолдарынан «тоталитарлық жүйедегі зорлық-зомбылыққа наразылық» сарыны байқалатынын атап көрсетті. [4] Оның шығармашылығындағы түркілік сарын *«Кочевник», «Песня кумана», «Хромой кулан», «Карагач», «Красный гонец и черный гонец», «Молитва батыра», «Кочевье перед зимой...», «Баллада», «Волчата», «Последнее слово акына Смета»* және тағы басқа өлеңдерінде кездеседі. Жоғарыда атап кеткен түркілік ұғымдармен қатар, ақын шығармашылығында *«көшпенділер»* бейнесі маңызды рөлге ие. Қазақтың зиялы ақыны О. Сүлейменов Хемингуэй сияқты қоғамның гуманистік сипатына әрқашан сенді және өзінің күш-жігерін сыртқы әлемге қазақтың ішкі көшпелі мәдениеті туралы инсайдерлік білім беруге бағыттады. [6] Бұған ақынның *«Арғымақтар», «Бетпақ Дала», «Ақсақ құлан», «Қыс алдындағы көшпенділер», «Құман әні», «Көшпенділер», «Біз – көшпенділерміз»* т.б. сынды өлеңдері мысал бола алады. О. Сүлейменовтің *«Солнечные ночи»* өлеңдер кітабының негізгі тақырыбы да осы – *«дала»*. Мұндағы өлеңдерде ақын даламен көп сырласады, негізгі идея да далаға қаратыла айтылады. Мысалы, жинақтағы «Ақсақ құлан» өлеңінде *дала мектебі туралы: жылқылар үйірі, дала заңдылықтары, үйірге төнген қауіптен қалай құтылуды білетін кәрі үйір басшысы* туралы кеңінен бейнеленеді. Ақынның даланың тағы бір бөлшегін шабыттана суреттейтін бірегей туындысы – *«Бөрілер» (Волчата)* өлеңі. «Бөрілер» – көне түркі және халықтық ұғымның рухтық сыйпатын айқындайды. Түркі халықтары өздерін көкбөрінің ұрпағымыз деп санап, қанына біткен батырлық пен тәкаппарлықты бөрілік тәрбиемен байланыстырады. Бұл өлеңде ақын: *«...Голодные волчата позабыли, / как властно пахнет в зарослях укроп, / они, прижавшись к ранам, / жадно пили/ густую, холодеющую кровь...»* деп тәкаппарлықпен қоса қатігездікті де қатар суреттейді. «Волчата» өлеңімен қатар *«Ұлттық сана», «Ұлттық рух», «Ұлттық бояуды»* танытатын өлеңдері қатарына: *«Аргамак», «Догони», «Бетпак-Дала», «О, Конь», «Расставанье», «Домбра», «Айналайын», «Над пустыней», «Вы меня любите, горы?»* және т.б. өлеңдерін жатқызуға болады. Өлең мәтіндеріндегі: *«шұбат», «ат», «арқан», «әруақ», «арық», «айран», «шапан», «бүркіт» т.б.* сөздердің аудармасыз берілуі, ақын өлеңдерін ұлттық реңкпен ажарландыра түседі.

О. Сүлейменов поэтикасындағы «жалқыдан жалпыға» принципі арқылы жазылған түркілік сарынды шығармаларын әлемдік мәдениет пен өркениетке қосылған зор үлес деп қабылдаған жөн. Оған ақынның мына бір шумақ өлеңі дәлел бола алады. *«По клавишам и закричат! На выручку, быстрее Листа, Из эпоса джигиты мчат, Опаздывая лет на триста...»* [7]. Бұл туралы өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында Сорбондық профессор, ақын Л. Робель былай деп жазды: «Олжас Сүлейменовке мәдениеттер бауырластығы мен халықтардың өзара байытылуы идеясы ежелден етене жақын. Ол көшпенділер мәдениетін декодтау адамзат тарихына жаңаша көзқараспен қарауына

көмектеседі деген пікірде, біз О.Сүлейменовті Гильгамештің мұрагері ретінде танимыз» деген пікір білдірді.

Ақын, лингвист, түркітанушы әлемдік тарихтағы түркі этностарының мәдени-тарихи рөлін айқындап, көне сөздер мен таңбалар жайлы пайымды гипотезалар ұсынды. Бір ғасырдан астам уақыт бойы славян және түркі тілдері бір-бірінен оқшау зерттелінуі этностар арасындағы байланысты алшақтатады деп танып, түркі-славянтану пәні аясында зерттеу қажеттігін ұсынады. Орыс тіліндегі туркизмді деректерді зерттеу М.П. Мелиоранский бастаған болатын. [1] Кеңес ғылымында түркі тілдерінің тарихы айтарлықтай қысқаша баяндалған. Бұны 1970 жылы А.М. Щербак құрастырған геналогиялық үлгіден көруге болады. [3] Тағы бір дәлел ретінде Срезневский, Даль сөздіктерінде түркі сөздерінің өте көп кездесетіндігін көрсетеді. Ресейдің алғашқы түркітанушыларының еңбектері қолданбалы сипатта болды және түркі сөздерінің орыс тілінде лексикалық қолданылуы ықтимал, бірақ олардың саны тым шектеулі болды деп дәлелдейді. Түркі тілдерінен енген сөздер түркизм деп саналғанымен, олардың түркі тілдеріндегі байырғы сөздер болғаны немесе олай емес екені ескерілмегендігін көрсетіп, этимологиялық жағынан дәлелдейді. Мысалы, *мишень* сөзі парсыша *нишан*, түркі сөзі болып кеткен. *Жемчуг* сөзі қытайша *jenchy* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, түркі сөзінен алынуы мүмкін деген болжам айтады. О.Сүлейменов түркі сөзінен енген сөздерді үш топқа бөледі: *1. Нақты кірме сөздер.* Бұл топқа өзге тілден формасын сақтай отырып енген сөздерді жатқызады. Мысалы, киім атаулары: *орьтьма, япончица* және т.б. бұл сөздер бүгінгі күні қолданыста жоқ сөздер қатарына жатады. *2. Тануға болатын сөздер.* Ауызекі сөздер арасынан олардың генезисін этимологиялық әдіс құралдарымен қалпына келтіру қиындық туғызбайтын сөздер. *3. Көрінбейтін сөздер.* Бұндай сөздердің алғашқы формасы мен қосымшалардының қалдықтары ғана қалған. [2] Мысалы, *пшено, пшеница, солома* сөздері. Кірме лексемада славян тілдеріне тән ерекшеліктер айқын байқалады. Олар құрылымы бөтен сөздерді игерген кезде көрінеді. Мысалы, *отава (ottaw), отара (otar), осина (osen), осика (osik)* сөздерін алатын болсақ, соңғы бунын ашатын қыстырма дауысты дыбыс пайда болады. Славян тілін зерттеушілер көне сөздердің атауын ежелгі түркі сөздерімен сәйкес келуін мойындағысы келмейді. Ертеректе пайда болған славян сөздеріне лексикалық сәйкестік жүйесін түркі сөздерінің деректерін ескермейінше түзу мүмкін емес. Бұл пікірге дәлел ретінде *егіншілік, диханшылыққа* қатысты түркілік терминдерді жатқызуға болады. Мысалы, *солма* терминінің тарихы, батыс славяндарда – *слома,* оңтүстік славяндада *слама,* шығыс славяндарда *солома.* Бұл мыңдаған жылдардан кейін түркі тілдеріне араб тілінен оралған *салам* – «*жазуға пайдаланылатын қамыс»* деген ұғыммен сәйкес келеді. Сөздің басталуы қыпшақтың *sol* «солып қал», *solma «солып қалған шөп», «солғын», «кеспе»* сөздерімен сәйкес келеді. Ежелгі түркі тілдеріне семантикалық эволюцияның кезеңдері көрініп тұрады. *Sol* 1) *«сол», «сол жақ»,* 2) *«әлсіз»,* 3) *«солып қал»,* 4) *«кішірей», «әлсіре», «азай», «жоғал», «солу»* дегенді білдереді. Түрік тілінде *sol, solmak – солу, «soluk – «солып қалған»*, қыпшақ тіліндегі *solma*

сөзіне сәйкес келеді. Зерттеуші бұдан әрі түркі сөздерінің славян сөзіндегі заңды өзгерістері зерттегенде буынды қайта құру заңын механизмін меңгеруі шарт деп есептейді. Түркі сөздерінің славян сөздеріне енуін қоныстану ерекшелігі, тарихи жағдайымен байланыстырып, кезең-кезеңге бөліп зерттейді. Әріп грамматикасы, грамматикалық сызық, қосалқы сызық, шығыс сандары, Орхон-Енисей жазбаларындағы шумер сандары мен сан есімдерін Ассирия және Геродот кезеңдерінде болған деген батыл болжам айтып, жазу тарихындағы Кириллицаға дейінгі кезеңге тарихи зерттеу жасайды.

Қорыта келгенде, зерттеуші тіл білімінің дамуындағы жаңа кезең терминологияның және ұғымдық аппараттың жаңаруымен ерекешеленеді деген қорытындыға келеді. Тілдік туыстықтың классикалық анықтамасы, ұғымдардың бірнеше тілдерге ортақтығы лексика мен грамматикасында айқын көрініс табатындығын көрсетті. «Генетикалық тұрғыдан туыстас» деген анықтаманы сөзсіз қолдануға болатын түркі, славян балтық тілдер тобын бір текке жатқызуға болады деген батыл пікір ұсынады. Нақтырақ айтқанда, жүздеген мың жылдар бұрын пайда болған әлемдегі бес мыңнан астам тіл мен диалектілер жақын туыстас тілдер тегінен*: славян, түркі, герман, семит* және т.б. және алыс туыстас шағын топтардан: *үнді-еурола, семит-хамит* тілдер тегінен тұрады. Зерттеушінің пікірінше, *тек* терминін *үлкен топ* терминімен алмастыруды ұсынады. Себебі, алыс туыстық салыстырмалы түрдегі бұрынғы қарым-қатынасты, көбінесе мәдени байланыстарды көрсетеді. Үндіеуропалық үлкен топқа тек мәртебесін беру олар тіпті өмір сүрмеген жерлерде топтастыруға мәжбүрлейді, *үлкен топ* термині ежелгі форма идеясына байыппен қарауға мүмкіндік береді деп көрсетеді. Ақынды қуатты жырлары әлемдік кеңістікке қаншалықты алып шықса, зерттеу еңбектері де оны түкітану әлемінің кеңістігіне де соншалықты биіктікте алып шықты. О. Сүлейменовтің түркітану саласындағы еңбектерінің құндылықтары түркілік мәселені төл тарихымызбен байланысты зерттеуімен ерекшеленеді. Зерттеу еңбектер түркітануға жаңаша көзқараспен қарауға ықпал етті. Ақын бір сұхбатында өзі айтып өткендей, дамушы мемлекеттердің қай-қайсысы үшін тілдің қостілділігі мен үштұғырлылығы қауіпті емес. Керісінше біртілділік – ұлттың біртұтас ерекшелігін өз ішінде ғана танытып, өзге ұлтқа тек аударма арқылы жеткізілуіне тәуелді болып қалмақ. Калифорния университетінің зерттеушісі Наоми Бет Кафе өзінің славян тілдері және әдебиеті бағытындағы диссертациялық еңбегінде: «...көпұлттылық, азұлттылық және қостілділік сынды терминдер кейбір авторларды сыйпаттайды. Өйткені, олар арқылы сол халықты сыйпаттауға мүмкіндік туындайды...» дей келіп, Олжас Сүлейменов шығармашылығын өз зерттеуіне арқау етеді. [5] Бабалар қалдырған ұлы тарих пен ұлан ғайыр даланың туын жықпау – бүгінгі Егемен елдің перзенттеріне мәңгілік парыз. Тәуелсіздік таңына кеңестік кезеңнің қатаң сынынан сүрінбей жеткен О.Сүлейменовтің шығармашылық мұрасын заманауи көзқарастар мен жаңа әдіс-тәсілдер арқылы зерттеп, зерделеудің қажеттілігі мен маңыздылығы қашан да арта бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. П.М. Мелиоранский «Турецкие элементы в языке «Игорь жасағы туралы жыр» тіліндегі түркілік элементтер» ИОРЯС, 1902, VII т., 2-кітап. – 302 б.
2. О.О. Сүлейменов «Шығармалар жинағы 4-том. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер). – Алматы, 2016. – 384 б.
3. А.М. Щербак. «Енисейские рунические надписи. К истории открытия и изучения. Москва, 1970. – 132 стр.
4. «Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы және ұлттық сана мәселелері» көрнекті қазақ ақыны және қоғам қайраткері О. Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. 05-06 мамыр, 2016 жыл.
5. Наоми Бет Чаффи. «Славян тілдері мен әдебиеттері бойынша философия докторы дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылған диссертация» – Лос-Анджелес: Калифорния университеті, 2013. (in English)
6. Дүйсен Қасейінов. «Олжас Сүлейменовтің шығармаларын қайта жаңғырту» - Түрксой, 2013 – 264 б.
7. О.О. Сүлейменов «1001 сөз» Әмбебап этимологиялық сөздікке кіріспе. Қолжазба. Париж, 2013.
8. У. Қ. Қалижанов. «Олжас Сүлейменов: түркілік және мәдени код тарихи және әлеуметтік-білім беру туралы пайымдары» . 9 Том №4/1, 2017.

С.ИСАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ СИНТАКСИСІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНАН

Бекен Сағындықұлы
филология ғылымының докторы, профессор
Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Павлодар, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала ғалым С.Исаевтың синтаксистік көзқарастарын түгендейді. Ең алдымен, ғалымның тілдік тіркес түрлеріне қатысты көзқарастары екшеледі. Мұндай тіркестердің синтаксистік сипатын ашуда аналитикалық формалар деп анықтаған ғалым тұжырымының ақиқаттығы дәлелденеді.

Мақалада ғалымның екі синтаксистік бірлікті ажыратудағы ұстанымы айқындалады. С.Исаевтың бұл бағытта синтаксистік заңдылықтың қатаң сақталуына үндейтіні сипатталады. Нәтижесінде, сөз тіркесі мен жай сөйлемдік құрылым үшін «орайлас байланыс» атты заңдылықтың аса қажетті категория екендігі танытылады.

Үшіншіден, С.Исаев құрмалас сөйлемдік құрылымға да назар аударткан. Бұл бағытта құрмалас сөйлем жасалуындағы жеке сыңарлардың сөйлем мүшелік сипаты мен ерекше лексика-грамматикалық қызметі ғалым ұстанымынан кейін синтаксистік жүйеден барынша орын алды.

Қорыта келгенде, ғалым сөзтұлға синтаксисі, сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем синтаксисіне қатысты барынша ғылыми тұжырымдар тарқата алған. С.Исаевтың грамматист ғалым екендігі сөзсіз. Бұл оның синтаксис саласына қатысты көзқарастары арқылы таратылды.

Түйін сөздер: грамматикалық құрылыс, құрмалас сөйлем, синтаксистік байланыс, синтаксистік қатынас, сөйлем, тілдік тіркес.

Abstract. The article lists the syntactic views of the scientist S. Isaev. First of all, the views of the scientist were divided on the types of language phrases. Revealing the syntactic nature of such phrases proves the veracity of the scientist's conclusion that they are analytical forms.

The article defines the position of the scientist in distinguishing between two syntactic units. It is described that S. Isaev calls for strict observance of the syntactic law in this direction. As a result, it was shown that the phrase and the structure of a simple sentence are a very necessary category of regularity called "close connection".

Thirdly, S. Isaev also drew attention to the structure of the compound sentence. In this direction, the syntactic character and the special lexical and grammatical function of individual sentences in the construction of complex sentences took place in the syntactic system from the standpoint of a scientist.

In conclusion, the scientist was able to disseminate the most scientific conclusions regarding the syntax of the word, the syntax of the phrase and the syntax of the sentence. There is no doubt that S. Isaev is a grammarian. This was spread through his views on the field of syntax.

Keywords: grammatical construction, compound sentence, syntactic connection, syntactic connection, sentence, language phrase.

Ғылым докторы, профессор С.Исаев – қазақ әдеби тілін зерделеуші ғана емес, қазақ тіл білімінің грамматикалық құрылысына барынша еңбек сіңірген тұлға. Ғалымның сөз табы мен сөз құрамына қатысты тұжырымдары әлі күнге дейін мектеп пен жоғары мектеп сатысында соны көзқарас туғызып келе жатқаны

анық. Ал синтаксис іліміне қатысты ой-пікірлерін қашан да болсын үлгі таразыға салып отыратынымыз сөзсіз. Грамматикалық құрылыстың қай-қайсысына да қалам тартып кету екінің біріне біткен қасиет болмаса керек. Ал С.Исаев тұжырымдары бірде сөзжасам жүйесін таразылайды, енді бірде морфологиялық құрылымды жинақтайды. Тағы бірде синтаксистік құрылысты сипаттайды. Тіпті, үшеуін бөле-жармай, бірбүтін күйде білдіретін тұстары да жетерлік. Бүгінгі мақалаға арқау болар тұсы, әрине, ғалымның синтаксистік көзқарастары мен олардың тіл жүйесіндегі алар орны.

Қазақ синтаксисі «сөзтұлға синтаксисі» саласын ғалым С.Исаевтың бастамасымен тұрақтандырып алды десек артық болмайды. 1997 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі сөз тіркесі және оның лексикалану процесі» еңбегі осы мәселенің бастауында тұр. Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов авторлығындағы еңбек сөз және оның формалары мәселесін алдыңғы орынға шығарды. Осыдан бастап «сөз формаларына» басқа қырынан қарай бастадық. Ғалым пікірінше, «Сөз формаларының қазақ тілінде екі түрі бар: 1) сөзге форма тудыратын қосымшалар жалғану арқылы жасалатын синтетикалық формалар немесе сөздің синтетикалық формалары; 2) негізгі сөзге көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалатын аналитикалық формалар немесе сөздің аналитикалық формалары» [1, б.50]. Мұндағы синтетикалық формалар бар нышанымен таныла түссе де, сөздің аналитикалық формалары, тіпті морфосөзжасамның өз ішінде біраз ғылыми таластың нәтижесінен жарақтана алды. Әсіресе сын есім шырайлары мен етістік категорияларының әр ауқымдылығы арқасында шынайы зерделеуге алып келгендігі анық. Нәтижесінде, С.Исаев көрсеткеніндей, «негізгі сөзге тіркескен көмекші сөздің бәрі бірдей сөздің аналитикалық формасын жасай бермейді» деген түсінік орнықты.

Қазіргі уақытта дәйексөздегі аналитикалық формалар анықтамасына тіпті кеңірек сипатта қарағанды жөн санар едік. Тек осы жағдайда ғана тілде орын алып отыратын сөз тіркесімдері барлық қасиетімен көрініс таба түседі. Бұл синтаксистік бірліктерді тану мен танытудың алғашқы жолы бола алады. Бұған салсақ, сөз тұлғасы (сөз формасының қазақша аталымы – С.Б.) екі түрлі мағынада пайдаланымға жарайды: «1) нақтылы бір сөзге байланысты (жатырмын, күледі т.б.); 2) кез келген сөз байланысы және біртекті өзгеріс ретінде танылады (жиналыс туралы, оқығым келеді, алсам ба екен т.б.)» [2, б.363]. Ғалым М.Серғалиевтың тиянақтауындағы сөзтұлғалар сөздер тіркесімі нәтижесінде болатын *түйдекті, салаласқан, тұрақты, түйіспелі* тіркестерді тілдік қолданысқа түсірді. Дұрысы, бұл тіркестердің бірі тіл білімінде бұрыннан болды, мәселен, түйдекті тіркестер. Түйдекті тіркес М.Балақаевтың алғашқы синтаксистік талдауларында-ақ көрініс тапты. Салаласқан тіркестер атауы 1960 жылдар еншісінде жатыр (К.Аханов, Р.Әмір). Түйіспелі тіркесті тек соңғы жылдардың ғылыми жетістігі деп қарауға болады. Ал тұрақты тіркес атауын да, мағынасын да жаңартқан – С.Исаев. Ғалым ойынша, «...фразеологиялық сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі, терминдік (терминологиялық) сөз тіркесі, т.б. сияқты қолданыстар дұрыс емес. Бұлар сөз тіркесінің түрлері емес және сөз тіркесінің шеңберіне енбейді де. Сондықтан олар синтаксистік құбылыс емес, әр түрлі

тілдік құбылыс ретінде «сөз» дегенсіз фразеологиялық тіркес, тұрақты тіркес, терминдік тіркес болып аталуы керек» [3, б. 209]. Ақиқаты осы. Қазіргі синтаксистік ұғымда «тұрақты тіркес» атауының арнасына лексикалық бірлік фразеологизмдер мен атаулық тіркес деп аталатын бірліктер жатады да, жеке-жеке синтаксистік бірлік ретінде жүреді. Бұлар да, жоғарыда айтқанымыздай, сөзтұлға синтаксисінің белді бірліктері сапында, әрі олар басқа синтаксистік бірліктердің, атап айтқанда сөз тіркесі мен сөйлем мүшесінің материалдары қызметін атқарады.

Синтаксис ілімінде синтаксистік байланыстың заңдылық күші басым. Осы заңдылық арқасында сөз тіркесі боларлық бірлік пен сөйлем боларлық бірлік ажыратылады, құрмалас сөйлемнің түр-түрін анықтауға мүмкіндік туады. Күні кешеге дейін салалас және сабақтас байланыс тең дәрежелік пен бағына байланысуға заңдылық есебінде жұмсалды. Осы себептен де жай сөйлем аясындағы бірліктер (салаласқан тіркестер немесе сөйлемнің бірыңғай мүшелері) мен құрмалас сөйлемнің салалас және сабақтас түрлері анықталды. Бірақ сөз тіркесі мен бастауыш-баяндауыш ыңғайындағы жай сөйлемнің аражігін ажырату мүмкіндігі болмаған еді. Осындай қызметтің жоқтығынан «қиыса байланысқан сөз тіркесі» дейтін қисынға келмейтін тұжырымдар тіл жүйесінен орын алып отырды. Мұндай жайтқа да алғашқылардың бірі болып ғалым С.Исаев жауап қатты.

«Сөздердің грамматикалық байланысы ішінде қиысудың (қиыса байланысудың) мәні де, қызметі де, сипаты да ерекше. ...қиысу сөз байланысының бір жолы болып табылады. Осы жағынан қиысу сабақтаса (бір сыңары екіншісіне бағына) байланысудан да, салаласа (бір-біріне бағынбай, тең дәрежеде, бірыңғай) байланысудан да өзгеше. Сондықтан қиыса байланысқан сөздер тобы сөз тіркесі емес, сөйлем құрайды, – деген С.Исаев мынадай түпкілікті, әрі талқылауды қажет етпейтін тұжырым шығарады: Бұл жерде бір сыңары екінші сыңарына бағыну емес, сабақтаса да, салаласа да емес, орайласа қиыса байланысқан. Яғни, бірі екіншісіне семантикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да біржақты бағынышты да емес, бірыңғай да емес. Сөйте тұра, бір-бірінсіз қолданылмай, байланыстың ерекше түрі орайлас қиысу арқылы синтаксистік қатынасқа түсіп, сөз тіркесін емес, субъектілік-предикаттық қатынастағы сөйлем құрайды» [4]. Осылайша, қазақ тіл білімі синтаксисінде салалас байланыс, сабақтас байланыс атауларымен қатар, орайлас байланыс атты синтаксистік заңдылық орнықты. Сөз тіркесі мен сөйлемді ажыратудың моделі жасалды. Біздіңше, аталған заңдылықтардан тұратын қандай да бір қисын шағын қателіктердің өзін болдырмайды.

Салаластық немесе сабақтастық қатынас құрмалас сөйлем түрлерінің ажыратылымында да пайдаланылады. Мұндайда аталған синтаксистік заңдылықтың қызмет арнасы кеңейеді. Ғалымның жоғарыдағыдай түсіндіріміндегі орайлас байланысқа негізделген жай сөйлемдік бірліктер ендігі кезекте олардың өзара байланысуына әкеледі. Тілде құрмалас сөйлем атты синтаксистік бірлік пайда болады. Ал оның салалас құрмалас немесе сабақтас

құрмалас болып тиянақталуы, әрине, синтаксистік байланыстың салаластық немесе сабақтастық қатынасы арқылы шешімін табады.

С.Исаев құрмалас сөйлемге қатысты да ой өрбіте алды. Ғалымның «Жай сөйлемдердің жалғаулықсыз саласуындағы сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметі туралы» мақаласы көптеген мәселелерге соны шешім іздейді. Ең алдымен, құрмалас сөйлемнің салалас түрінде де, сабақтас түрінде де қайталанып келетін мағыналық топтар бар екенін айқындады. Мұндай жағдайда оларды ажыратуға әкелетін мағыналық қатынастың шешімі емес, олардағы баяндауыш қызметіндегі мүшелердің жасалуындағы тұлғалану екендігін ескеруді ескертті. Тіпті, мұндай жайттың бір ғана салалас құрмаластың жалғаулықты немесе жалғаулықсыз болып келетін түрінің өзінде қайталануын қатаң сынға алды. Бұл тұжырымның нәтижесі боды-ау деймін. Егемен елдің алғашқы жылдарында жарияланған құрмалас сөйлемге қатысты еңбектер салаластың мағыналық түрлерін бір сипатта түсіндірді. Т.Қордабаев, Қ.Есенов авторлығымен жоғары мектеп үшін жазылған оқулықтың қай-қайсысында да алдымен мағыналық топ анықталып, содан кейін олардың жалғаулықты, я жалғаулықсыз болып келетіндігі жүйеленді.

Екіншіден, ғалым мақаласы жай сөйлем аясында қарастырылатын сөйлем мүшелері қызметін құрмалас сөйлемдік дәрежеге көтерді. Бұл құрмалас сөйлем сыңарларындағы баяндауыш қызметінің әр тараптылығына, әсіресе жалғаулықсыз салалас сыңарларына мән беруге алып келді. Нәтижесінде, жай сөйлемге тиесілі сөйлем мүшелік қызмет құрмалас сөйлем шеңберіндегі ортақ мағыналық қызметті тудырды. Мақаланың 1964 жылы жазылғанын ескерсек, ортақ мағыналық қызмет туралы айту көптеген ізденістің нәтижесі екендігіне дау болмаса керек. Ғалым дәйексөзін толық бермесек, түсініксіздік болары анық. «Кейде ортақ мүше бір ғана сөз, не сөз тіркесі, бір-ақ сөйлем мүшесі болып келмей, тұтас бір сөйлем болып та айтылады (Ғалым мақаласында жеке сөздің де, сөз тіркесінің де ортақ мүшелік сипаты көрсетілген – С.Б.). Негізгі ортақ сөз сол сөйлемнің ішінде тұрып, соның бір-ақ мүшесі болады да, қалған сөйлемдерде сөйлемнің басқа мүшесі қызметін атқарады, – деген С.Исаев салаластық сұранымға жауап беретін мысал келтіріп, былай дейді. – Бұл құрмаласта бес жай сөйлем бар. Соның алдыңғы компоненті – *күн батысқа қарай жер астын кеулеп кеткен бір қуыс жатыр* – жалпылау мағынасында қолданылған да, одан кейінгі үш жай сөйлем оның мағынасын кеңейтіп, саралап, талдап тұр. Бірінші сөйлемнің *қуыс* деген бастауышын үш сөйлем әр жақтан айқындай түседі: *биіктігі, ұзындығы, қабырғалары*. Сонда, үш сөйлемге ортақ мүше түгел бірінші сөйлем емес, оны бір-ақ мүшесі – бастауыш қызметіндегі *қуыс* деген сөз. Бірақ сөйлем ішінде басқа да мүшелермен қарым-қатынаста тұрғандықтан, ол сөзді жеке жарып алмай, түгел сөйлемді ортақ мүше деп атаған жөн» [3, б.32].

Мақалада мұнан басқа құрмалас сыңарларындағы *сөйлем мүшелерінің алмасуына* қатысты, жеке сыңарлардың лексикалық мағыналану нәтижесінен туындайтыны туралы, мәселен *антоним сөздер*; әдебиеттану іліміндегі *ырғақ, ритм, ұйқас, ассонанстардың* да құрмалас сөйлемді құрастырудағы қызметі алға тартылады. Ал тиянақты тұлғаны тиянақсыздандырудың құралы іспетті

көрсетіліп келген «е» көмекші етістігі мен түрлі демеулік шылаулардың қызметін айқындау кейінгі уақытта салалас пен сабақтас құрмаластың ара жігін ажырататын ұстанымға ауғандығы анық.

Жалпы, құрмаластың салалас түрі барынша зерделенді десек те, назардан тыс қалып, болмаса жете айқындалмаған тұстары кездеседі. С.Исаев уақыты салаластың жалғаулықты және жалғаулықсыз деп сараланатын тұсына сәйкеседі. Бұл уақыт шамасында құрмаластың үшінші түрі ретінде қызмет атқарған «іргелес салалас» құрмалас түрі де шеттетіле бастаған болатын. «Іргелес сөйлемдер» деген пәнсөзді А.Байтұрсынұлы қолданысқа енгізді. «Іргелес құрмалас» Н.Сауранбаев тарапынан қозғалды. Бұл жайт орыс тіл білімінде де көптеген уақыт шешімін таба алмады. Қазіргі орыс тіл білімі «жалғаулықсыз құрмалас сөйлемді» жеке сөйлем түрі ретінде таниды. Ал Н.В.Кирпичниковаңың сөзіне сүйенсек, 1970 жылы жарық көрген «Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасы» бұл мәселеде түпкілікті, әрі тыңғылықты шешім шығара алмаған. Тіпті, жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдерді қарапайым құрылымдағы салалас сөйлемнің түрі ретінде қараушылық орыс тіл білімі ғалымдарының басым көпшілігінде болған екен. Ал шын мәнінде, бұл сөйлем түріне мынадай түсінікпен қарау керек болатын. Ең алдымен, бұл сөйлем жалғаулықсыз салалас деп аталатын сөйлем түрінен мүлдем басқаша ерекшеленетін сөйлем түрі. Оның құрмалас құрылымын ұйымдастыра алатын өзіндік ерекшелігі бар және өзіне тән мағыналық қатынасты айқындайтын ортасы бар сөйлемдік құрылым еді [5, б.200]. Қалай болғанда да, орыс тіл білімі жалғаулықсыз келетін жай сөйлемдік байланыстарды құрмалас түрі ретінде көрсетті. Өз кезегінде бұл жайт жемісін берді. Ал қазақ тіл білімі бастапқыда «іргелес құрмаластық» атауды енгізгенімен, кейіннен ондай құрылымды салалас құрмалас деп аталатын сөйлем түріне байлап қойды.

Қорыта келгенде, ғалым С.Исаев синтаксистің барлық сатысында қалам тербеді. Әрі оның ғылыми тұжырымдары көп жерде өзінің көкейтестілігімен айқындалып отырды. Баяндалған шағын мақаланың өзі ғалымның сөзтұлға синтаксисіне, сөз тіркесі синтаксисіне, сөйлем синтаксисіне, оның ішінде жай сөйлем мен құрмалас сөйлемге қатысты ой-тұжырымдарының шынайылығын байқатты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1998. – 304 бет.

2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 509 бет.

3. Исаев С. Қазақ тілі жайында ойлар. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар пединституты, 1997. – 224 бет.

4. Исаев С. Қисынды қиысу // «Қазақстан мектебі» журналы. №5, 1996. – 165-171 бб.

5. Кирпичникова Н.В. К изучению грамматической природы бессоюзного сложного предложения в современном русском языке // Сборник статей:

«Славянская филология». – Москва: Издательство Московского университета, 1973. – 260 стр.

ҚОС СӨЗДЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Б. Қ. Момынова
филол.ғ.д., профессор
А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан
А. Д. Омарова
магистр
А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Шығу тегі, жасалу жолы жағынан сөз тіркесіне барып тірелетін күрделі сөздердің құрылымдық түрлеріне, сөзжасамдағы рөліне көптен бері ғалымдар ерекше назар аударып келеді. Сондай күрделі сөздердің ерекше бір түрі – қос сөздер. Дегенмен, қос сөздердің жасалуында басқа күрделі сөздерге ұқсас жақтарымен қатар, көптеген айырмашылықтары да бар болғандықтан, оны зерттеушілер әр қырынан, яғни біреулері семантикалық, енді біреулері лексика-грамматикалық тұрғыдан қарастырып келеді. Бірігу, тіркесу нәтижелерінде пайда болған күрделі сөздерді айтпағанда, құрылымдық және жасалу тәсілдері бірдей, бір семантикалық топқа кіретін қос сөздердің өздері де кейде бір-бірінен өзгешеленіп жатады. Сол себептен арасына дефис қоюды қажет етпейтін, қос сөздер қатарына ене алмайтын сөздер көбейіп барады. Соны ескеретін болсақ, қос сөздерге ғана тән ерекшеліктерді ескере отырып, сөздер орфографиясын біріздендіру – алда тұрған басты мәселелердің бірі.

Түйін сөздер: морфология, күрделі сөздер, қос сөздер, дефис, емле.

Abstract. Scientists have long paid special attention to the structural types of complex words, which by origin, method of creation are based on word combinations, their role in word formation. A special kind of such complex words are paired words. However, since there are numerous differences in the composition of paired words along with similar aspects of other complex words, researchers consider them from different sides, that is, some semantic, and others lexico-grammatical. Not to mention the complex words that appear as a result of merging, combinations, methods of structuring and creation are the same, and the paired words themselves, which are part of the same semantic group, sometimes differ from each other. Therefore, more and more often there are words that do not require a hyphen between them, cannot enter the ranks of paired words. Given this, the unification of the spelling of words, taking into account the features inherent only in paired words, is one of the main problems ahead.

Keywords: morphology, compound words, paired words, hyphen, spelling.

Қазақ тіл білімінде күрделі сөздердің түрлерін жалпы топтастыру мәселесі шешілгенмен, ғалымдар олардың кейбір түрлері туралы әлі күнге дейін толық бір шешімге келе алмай жүр. Күрделі сөздер мен сөз тіркестерін ажыратуда, олардың жазылуында әлі де толық бірізділіктің болмауы да ойымызды дәлелдей түседі. Сондай шешімін таппай жүрген күрделі сөздердің бір түрі – қос сөздер. Қос сөздердің жасалуына жан-жақты талдау жасаған еңбектердің бірі ретінде

Ә.Қайдаровтың «Парные слова в современном уйгурском языке» деген еңбегін айрықша атап кеткен жөн. Ол қос сөздердің әр компоненті өзінің алғашқы формасын сақтайтындықтан, біртұтас болып бірігіп кетпейтіндігін ескере отырып, бұл өзгешелікті ол қос сөздерді күрделі сөздердің басқа түрлерінен ажыратып тұратын өзгешеліктердің біріне жатқызады [1,б.12-13].

Көптеген ғалымдар қос сөздердің жасалуында екпіннің де маңызы бар деп санайды. Мысалы, Н.Абдурахманов, С.Н.Муратов, Б.Орузбаевалар қос сөздердің әр компонентіне екпін жеке-жеке түседі десе, Ә.Қайдаров олар бір ғана екпінмен айтылады деген қорытындыға келеді. І.Кеңесбаев қазақ тіліндегі екпіннің түрлеріне тоқтала келіп, «... екі сөз немесе бірнеше сөз бір екпінге бағынып, өзара біркелкі комплекс жасауы мүмкін. Мұндай екпін фразалық немсе ритмикалық екпін болып есептеледі» дейді де, қос сөздерді бір екпінмен айтылатын сөздерге жатқызады. Ал Р.Сыздықова сөздің дұрыс айтылу нормалары туралы жазылған «Сөз сазы» атты еңбегінде: «Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір екпінмен, бір деммен, үндесіп, үйлесіп айтылады» дей келе, мұндай бір ырғақпен айтылатын сөздерге қос сөздерді де жатқызады. Яғни, қос сөздердің дыбыстық құрылымы жағынан күрделі сөздерге ұқсап тұрған себебі олардың бір «ырғақпен», бір «бунақпен» айтылатындығында деп есептеуге болады [2, б.50].

А.Т.Қайдаров, С.Н.Муратов, Р.А.Аганин секілді зерттеушілер алдымен қосарлама қос сөздер пайда болған, ал бір сөзді екі рет қайталап қолдану кейінгі кезеңнің жемісі деп есептейді. Алайда, бұған қарама-қарсы алдымен сөздер жай ғана қайталанған, осы үлгіні басшылыққа алып әртүрлі екі лексема қайталанатын болған, яғни қосарлама қос сөздер жасалған деген де пікір бар [3,б.7].

Көптеген зерттеушілер қос сөздерді күрделі сөздердің салаласа байланысқан түріне жатқызады. Мысалы, удмурт тіліндегі күрделі сөздердің жасалуы туралы жазған еңбегінде В.И.Алатырев: «Сложные слова любого языка по синтаксическому отношению состовных частей могут быть разделены сочинительные и подчинительные, т.е. словосложение может быть построено на основе сочинительной связи (на удмурском анай-атай «мать-отец») и на основе подчинительной связи (пароход) [4, б.25].

Қайдаров та «қос сөздер салаласа байланысқандықтан, олардың компоненттері бірін бірі анықтап та, толықтап та тұрмайды, олардың бір-біріне бағынбай байланысуы компоненттерінің семантикалық жағынан тең дәрежеде болуынан байқалады», – дейді [1, б.39-40].

Яғни, күрделі сөздің басқа түрлеріндегідей қос сөздер бірін бірі анықтап, я болмаса толықтап тұрмайды. Сөздер қосарлануы үшін олар біртектес заттарды, құбылыстарды білдіретін сөздер болуы керек, яғни оларды құрайтын сөздердің семантикасы бірінші орында тұруы тиіс.

Ғалымдардың кейбіреулері қос сөздер салаласа байласқандықтан, арасына жалғаулық шылау қойып айтуға болады (мысалы, ата мен ана, тау мен тас) деп есептесе, академик І. Кеңесбаев та, жоғарыда айтқанымыздай, қос сөздер копуляция (салаласу) және детерминация жолымен жасалған дей отырып,

олардың орын тәртібі өте тұрақты екеніне көңіл бөледі. Ол қос сөздерді құраушы компоненттердің бұлардың біреуін алып тастауға немесе арасына сөз қосып айтуға болмайды деген қорытынды жасайды [5]. Қосарлану арқылы жасалған күрделі сөздердің ішінде грамматикаланған да, лексикаланған да тіркестер болатынын ескерсек [5], бұл жерде екі түрлі жауап айтуға болады. Мысалы, «ата-аналар жиналысы болды» дегенді «ата мен аналар жиналысы болды» деп айтуға болмайтын болса, «тау-тасты араладым» дегенді «тау мен тасты араладым» деп айтуға болады. Мұндай қос сөздердің арасына кейде шылау қойып айтуға болғанымен, септік, көптік, жіктік жалғауларын олардың екі сыңарына бірдей жалғап айтуға болмайды. Тіпті екінші сыңары лексикалық мағынасын жоғалтқан сөз болса да, бұл жалғаулар қос сөздердің тек екінші сыңарына ғана жалғанады. Мысалы, абысын-ажынның, тоқты-торымға, жақын-жорамыз, қыз-қырқындар т.б. Бұларды абысынның-ажынның, тоқтыға-торымға, жақынымыз-жорамыз, қыздар-қырқындар деп айта алмаймыз.

Н. Уәлиев *ұр да жық (ұрда-жық), азар да безер (азарда-безер)* сөздерінің әртүрлі жазылу себебін да шылауының сөз бен сөзді байланыстыру қызметінің әлсіреп, ыңғайластық мағынасының көмескіленуінен, оның сөз байланыстыру қызметін, компенсация ретінде интонация атқаратынан көреді. Ол сондықтан құрамында *да* шылауы бар фразеологиялық тіркес типіндегі сөздерді аста-төк, азарда-безер, ұрда-жық, уда-шу, бірде-бір, сартта-сұрт түрінде жазуды орнықтыруға болады, бұл үлгі үйме-үй, бетпе-бет, қолма-қол тәрізді сөздердің жазылуын еске түсіреді, мұндағы ма, ме, па, пе де әуелде шылаулық қызметте жұмсала келіп, негізгі сөзге телініп кеткен деген қорытынды жасайды [6, б.69-70].

Қос сөздерге салаласа да, сабақтаса да байланысу тән емес, яғни сырт тұлғасы күрделі болса да күрделі сөз бола алмайды деп есептейтін ғалымдардың бірі – Ж.Шәкенов. Ол өз ойын былай дәлелдейді: «Күрделі сөздердің арғы тегі, негізінен, сөз тіркесі: некен-саяқ болмаса күрделі сөздерге негіз болған сөз тіркесін тауып, оны түсіндіруге болады, ал қос сөздерді олай етуге келмейді, өйткені ол сөз тіркесінен ажырамаған [7,б.6].

Анықтауыштық, толықтауыштық қатынаста қолданылу немесе екі сөздің бірігуі нәтижесінде пайда болған, сондай-ақ бірнеше сөз тіркесінен тұрып бір ғана ұғымды беретін тұрақты сөз тіркестерінің арасына басқа бір сөзді немесе қосымшаны қою мүмкін болмаса, қос сөздердің аражігі соншалық берік емес деген де көзқарас бар. Бұл туралы тағы да профессор Ж.Шәкенов былай дейді: «Күрделі сөздер компоненттерінің арасына басқа сөзді сыналап қою мүмкін болмаса, көпшілік қос сөздер сыңарлары арасына үшінші бір сөзді қоюға болады. Мысалы төсек-орын, сөйлей-сөйлей.

Ал С.Н.Муратов керісінше қос сөздердің арасына сөз қойып айтуға болмайды, сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтар қос сөздің тек екінші компонентіне ғана жалғанады, бұл олардың күрделі сөз екенін дәлелдейді деген ойға келеді.

Күрделі сөздің басқа түрлері тұтасып келіп бір ұғымды білдіретіндіктен, әртүрлі қосымшалар олардың соңғы компонентіне жалғанады, ал қос сөздердің

кейбір түрлерінің екі сыңарына да қосымшалар қатар жалғана береді. Қайталама қос сөздердің компоненттері жалаң түбірлердің де, қосымшалы түбірлердің де қайталануы арқылы жасала беретініне, сондай-ақ күрделі сөз бен жалаң сөздің қосарлануынан да бола беретініне тоқтала келіп, Ж.Шәкенов күрделі сөз компоненттері морфологиялық құрамы жағынан жинақы, бірізділеу болып келсе, қос сөздердікі бытыраңқы, алақұла болып келеді деп түйіндейді.

Тілде аяқ астынан, оқыс бола қалатын оқиға болмайды. Әрбір оқыстан пайда болған құбылыстың себебі бар [8,б.13].Ондай құбылыстардың себептерін ашудың кейде сәті түскенмен, кейде тек болжам жасауға ғана тура келеді. Тілге жүйелілік тән болғанымен, оған сыртқы факторлар, сондай-ақ сөйлеу барысында кейде саналы түрде, кейде аналогия жолымен пайда болатын құбылыстар да әсер етуі мүмкін. Осындай жүйеліліктен ауытқу, әсіресе қос сөздердің жасалуында жиі кездеседі.

Зат есімдер ешқандай қосымшасыз да, қосымша арқылы да қосарлана беретін болса, етістіктер тек көсемше, есімше тұлғасы арқылы қосарланады. Ал алдыңғы сыңары ықшамдалып, күшейтпе буын жасау арқылы қосарлану, негізінен сын есімдерге ғана тән болса, қосарлану үстеулердің жасалуында маңызды қызмет атқарады. Зат есімдер қосарланып келіп жинақтау, топтау, нақтылау және мөлшерлеу, кемсіну, қорсыну т.б. сияқты мағыналар береді. Қос сөздердің ішінде қосарлама қос сөздердің жасалуында тәуелдік жалғауы ерекше қызмет атқарады.

Мағынасы бір-біріне жақын зат есімдерді қосарлап қолдану, яғни қосарлама зат есім жасау қазіргі қазақ тілінде кең өріс тапқан. Екі сыңары да толық мағыналы сөздерден тұратын қосарлама зат есімдердің бірінші сыңары олардың жасалуына негіз болады да, екінші сыңары әртүрлі мәндес сөздерден жасалып синонимдік қатар құра алады. А.Н.Кононовтың пікірінше, қосарлама зат есімдердің сыңарлары бүтін мен бөлшекті білдіруіне байланысты орналасады. Яғни, қосарлы зат есімдердің үлкен көлемді білдіретіні не мағынасы басымдауы бірінші айтылады (ауыл-үй,тау-тас, тау-төбе) [6,б.136].

Тілімізде күнделікті қолданылып жүрген кейбір қосарлы сын есімдердің жасалуы да қазақ тілінің сөзжасам нормасынан ауытқып тұрады. Сондай қосарлы сын есімнің бірі – «алба-жұлба» сөзі. Бұл қос сөздің жасалуы туралы екі түрлі пікір бар. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» бұл сөздің түп төркіні монғол тіліндегі «улбо» сөзі деп жазылған. Сыртқы түріне қарағанда ол түрлі-түсті жібектен тігілген, арасына жылқының қылымен аралас мақта салатын, өзі жеп-жеңіл, жылы қамзол сияқты сыртқы киім болған, яғни киімнің түріне байланысты шыққан деген болжам жасалған [9, б.30-32]. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Нұрмағамбетов «Қос сөздердің құпиясы» деген еңбегінде бұл сөздің түбірі алу, жұлу етістігі, қазір өлі жұрнаққа айналған қосымшасы арқылы айтылады, олардың түбірі «ал», «жұл» екенін алым-жұлым қос сөзі дәлелдейді деген тұжырым жасайды [9, б.30-32]. Бұл сөзді біз етістіктен зат есім тудырушы –ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) жұрнағы арқылы жасалып тұр деп ойлаймыз. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша л дыбысынан кейін ма жұрнағы жалғануы арқылы бұл сөз алма-жұлма болып айтылуы тиіс еді. Бұл жерде

диссимилиция құбылысының ізі бар сияқты. Ал енді алым-жұлым сөзіне келетін болсақ, бұл да етістіктен зат есім тудыратын –ым, –ім жұрнағы қосылу арқылы пайда болған. Қазақ тілінде бұл жұрнақ арқылы жасалған білім, сенім, байлам сияқты зат есімдер болғанымен, алым немесе жұлым сияқты зат есімдер жоқ. Бұның өзі сөз тудырушы жұрнақтардың белгілі бір сөз табына талғамай жалғана бермейтінін көрсетеді. Сонымен қатар жеке тұрғанда бұл жұрнақ бұл сөздерге жалғанбағанымен, қос сөздердің құрамында келгенде оларға қосылады. Екі сыңарына да -ма жұрнағы жалғану арқылы жасалған мұндай қайталама қос сөздер жалба-жұлба, далба-дұлба, далба-жұлба болып әртүрлі вариант құрап та айтылады.

Жоғарыда айтылған ма элементі арқылы жасалған қолма-қол, көзбе-көз, бетпе-бет тәрізді зат есімдердің қосарлану үлгісімен қосарланатын сын есімдер де кездеседі. Мысалы, мұндай қос сөздерге жайма-қоңыр (Жолаушының есіне жаңағы жол үстінде туған жайма-қоңыр әуез түсті. «Лен. жас.»), жайма-шуақ (Көктемнің жайнап тұрған жайма-шуақ күні тау белдеуінде өзгере бастады С. Бегалин, Ана.) сияқты қосарлама сын есімдерді де жатқызуға болады. Осы айтылған алба-жұлба, жалба-жұлба, жалба-дұлба алым-жұлым, жайма-шуақ, жайма-қоңыр, жақсылы-жаманды т.б. сияқты қос сөздер сөз тудырушы жұрнақтардың негізгі қызметінен ауытқуы әсерінен жасалса, тура осындай тәсілмен жасалған қосарлама сын есімдердің бірі – ашық-шашық сөзі. Қазақ тілінде етістіктен сын есім тудырушы -ық, -ік жұрнағы арқылы жасалған сынық, тілік, бұзық, шірік сияқты сын есімдер болғанымен шашық деген сын есім жоқ. Бұл сөз де тек қос сөздің құрамында ғана айтылады.

Қайталама зат есімдердің ішінде -ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) қосымшалары арқылы жасалғандары ерекше назар аударуды қажет етеді. Алдымен мұндай жолмен жасалған қайталама қос сөздер туралы айтқан профессор А.Ысқақовтың пікіріне назар аударайық. Ол: «Бұл форма қазақ тілінде аса құнарлы емес және өзге топтар мен оның семантикасы мен қызметі де өзгеше. Мысалы: көзбе-көз кездестім, қолма-қол тапсырдым, сөзбе-сөз түсіндірдім дегендердегі қарамен терілген сөздер, біріншіден, амал мен істің біреу арқылы емес, екі субьектінің (адамның) арасында тікелей болатынын білдіреді, екіншіден, осыған сәйкес бұл сөздер тек етістік сөздермен тіркеседі, үшіншіден, сөйлемде олар тек қана пысықтауыш болып, үнемі адвербиалдық қызмет қана атқарады», –деп жазады [10, б.112].

Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов секілді ғалымдар қос сөздер салаласа байланысқандықтан, арасына жалғаулық шылау қойып айтуға болады деп есептесе, академик І.Кеңесбаев та қос сөздер копуляция (салаласу) және детерминация жолымен жсалған дей келе, олардың орын тәртібі өте тұрақты екеніне көңіл бөледі. Ол қос сөздердің құраушы компоненттердің біреуін алып тастауға немесе арасына сөз қосып айтуға болмайды деген қорытынды жасайды [5, б.253].

Қосарлама зат есімдердің жасалуына қоғамның, ғылымның дамуы, сондай-ақ басқа тілдердің де ықпалы елеулі екенін байқауға болады. Мысалы, қоғамдық-саяси, қоғамдық-әлеуметтік сияқтылар қоғамның дамуы нәтижесінде

пайда болған. Қазақ тіліндегі қос сөздердің жасалуына орыс тілінің ықпалы күшті. Мысалы, тірек-қимыл жүйесі деген опорно-двигательная система т.б.

Н.Абдурахманов ағыздан-ағызға, қулдан-қулға, қолдан-қолға сияқты екі түрлі грамматикалық формадағы сөздерді қос сөз емес, сөз тіркесі деп санайды [3,б.10].

А.Айғабылов:«Фонетикалық заңдар негізінен қай тілде болмасын сөйлеуші ұлттың артикуляциялық мүмкіндігіне байланысты қалыптасады да, басқаша ауытқу болмайды. Ал морфонологиялық құбылыстар артикуляциялық шекке, мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу дағдысында туындаған өзгерістердің бірте-бірте тілдік дәстүрге айналуынан барып қалыптасатын өзгерістер. Морфонологиялық өзгерістер фонетикалық өзгерістер сияқты артикуляцияға қатысты болмағандықтан, бірыңғай қалыпта кездесе бермейді. Көпшілік жағдайда өзгеріс факультативті түрде ғана іске асады да, алғашқы нұсқамен жарыса қолдана береді», – дейді [11, б.4].

Қос сөздерді өзге күрделі сөздерден, айқындауыштардан айыру оңай секілді көрінгенімен, олардың өзіндік ерекшеліктерін, компоненттерінің қарым-қатынасын тани алмау салдарынан болар, орынды-орынсыз қос сөз жасау әрекеті де байқалады. Мәселен, қазіргі баспасөз беттерінде іс-сапар, қарыз-несие, ата-жұрт, ара-қатынас, қайнар-көз, туып-өскен, алып-ұшып секілді сөздерді қос сөз деуге болмайды.

«АҚШ президенті бір штатта іс-сапарда жүріп, шашын алдырыпты» (Ег.Қ)

«Іс-сапар» - орыс тіліндегі «деловая поездка» дегеннің аудармасы. Бірақ неге орыс тіліндегідей анықтауыштық қатынаста алмаймыз? Ал анықтауыштық қатынастағы сөз терминге айналса, бірге жазылып, біріккен сөз болады.

Ата-жұрт – бұл да анықтауыштық қатынаста. Ал, сөздер анықтауыштық, айқындауыштық, пысықтауыштық қатынаста тұрса, қос сөз бола алмайды.

Орыс тілінен тікелей аударылып, қосақталып жүрген: ұшқыш-космонавт, телефон-автомат, мүше-корреспондент, жұмысшы-құрылысшы секілді сөздердің қос сөз бола алмайтындығын профессор С.М.Исаев көрсеткен болатын [12,б.197].Сонымен, тіліміздегі қос сөздер мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан күрделі сөздерден де, сөз тіркестерінен де бөлек, соған сай жазылуы да ерекше, сөз байлығымыздың мол қабатын қамтитын тілдік бірліктер.

Қанша айтылып, ғылыми жағынан қателігі дәлелденіп келсе де, әр кезеңдегі әр автордың оқулықтарынан түспей, бірде екеуі бірдей қатар аталып, бірде кезектесіп жүрген қосалқы және қосарлы айқындауыштар. Қосарлы айқындауыш деп, алынып жүрген телефон-автомат, мектеп-интернат, ұшқыш-ғарышкер, мүше-корреспондент сияқтылар тікелей орыс тілінен приложение деген құбылыстың тұп-тура өте біліксіз көшірмесі. Орыс тілі мұндай құбылысты амал жоқтықтан қабылдады (бірінші сыңары анықталушы да, екінші сыңары пнықтауыш мәнінде). Орыс тілінде түбір тұлғадағы екі зат есім қатар келіп, атрибуттық қатынаста қолданыла алмайды, оның анықтауышы көбіне қосымша арқылы қатыстық сын есім болады. Ал жалпы түркі тілдерінде, соның ішіндегі қазақ тілінде жай мүлде бөлек: екі зат есім атрибуттық (анықтауыштық) қатынаста препозитивтік орын тәртібінде (анықтауыш-анықталушы сөз)

қолданыла береді, ол әдеттегі құбылыс. Жоғарыдағы тіркестер ешбір дефиссіз автомат телефон (автоматный), интернат мектеп (интернаты бар мектеп), ғарышкер ұшқыш (басты мән ұшқыш, бірақ әдеттегі ұшқыштан бөлек, орыс тілінде де солай), корреспондент мүше (толық мүшеден басқа мүше екенін баса көрсету), т.б [12]. Сондықтан тіліміздің табиғатында мүлде жоқ құбылысты орыс тілінің ықпалымен барлап енгіземін деу қиянат болар еді.

Бүгінгі таңда ешқандай ортодологиялық құралға енгізілмеген, қара халық арасында етек жая қолданылмайтын көптеген қос сөздің «жаңа» түрлерін 2000 жылдан бері қарай жазушылыққа ат салысып жүрген авторлардың еңбектерінен көптеп кездестіре аламыз. Мәселен, «Ия, үш жүздің басы қосылуы оңай-оспаққа келмейді»[13, б.21]. Мұндағы «оңай-оспақ» сөзінің екі сыңарының да мағынасы бар. Алайда қосарланып жазылуы бұрын кездеспеген еді. Мұндағы «оспақ» сөзінің мағынасы: «тура айтпай, тұспалдап, астарлап сөйлеген сөз, тұспал».

«Ішіндегі түсі де, киімі де алабөтен біреуі көзімді тартқасын күзетші-сарбаздан «анау кім» деп сұрап едім ол ожар мінезді неме екен, «немене, қызына құда түсейін деп пе ең» деп, өзімді бүктеулі қамшымен маңдайдан ұра жаздады. Бұл сөйлемде «күзетші-сарбаз» деген қос сөз де жаңа қос сөздердің қатарында.

«Торғай даласында жеңіске жетсек қайтеді екен, бір жеңіс көп жеңісті қойдай қоздатады деген алла-тағаламның қағидасы бар ма?» [13,б.376]. Мұндағы «алла-тағалам» деп дефис арқылы, оның үстіне кішкентай әріппен жазылуын бұрын-соңды кездестірген емеспіз.

«Кедір-бұдырлы өлкенің сай-саласын қуалай тараған жүздік, мыңдықтарды шет-пұшпақтай ары-бері кескілеген жүргіншілер көбейді» [13, б.377]. «Пұшпақ – 1.малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі. 2.Белгілі бір кеңістіктің, мекеннің, жердің бір шеті, бөлігі, түкпірі.

«Тек екінші жолғының салмағы басымырақ болғаны жөн ғой, сосын да ол хақында Қабан жырау мен Балпықтың, басқа да естиярлардың бір-бір ауыз ұсыныс-пікірін естігісі келді»[13,б.388].

«Оның үстіне студент-депутатсың»[14,б.170].

«Қазақстан «Эксимбанкінің» төрағасы Берлин Ерешевтің мәлімдегеніндей, ақша-банк саласы бағытында да бірқатар келісімдер жасалды» [14,б.184].

«Әрине, мұндай тиімді экономикалық қатынастың заңдық-құқықтық негізі болуы керек» [14,б.185].

«Нарықты экономиканың бұрылыс-қалтарыстарына әбден қанықкан, оның мың сан сырын игерген араб елі бұл»[14,б.183].

«Екіншіден, нарықты экономика заңдылығы сіздің түр-түсіңізге, иман-ожданыңызға қарап жатпайтын заңдылық» [14,б.183].

«Балаға ауру-сырқау, дерт-дербез жұқтырудан аулақ болу» [15,б.7]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «дерт-дербезе» деген қос сөз кездеседі. Дерт-дербезе - ауру-сырқаудан, індет, көлденеңнен келген ауыртпалық.

«Ертеде перзент көрмей зарығып жүріп, ұлды болса, оның төбесіне бір шоқ шаш қойып, оған маржан-моншақ араластырып, өріп қоятын салт болған [15, 31]. Енді бірде «Зарығып жүріп көрген немесе бір топ ұлдың ішіндегі жалғыз қыз

болса, оның екі шекесіне екі шоқ шаш қойып, оны өріп, түрлі моншақ-маржан тағып, оларды басқа балалардан ерекшелеп қойған» [15,б.33]. Бұл екі сөйлем «қос сөздің компоненттерінің орнын ауыстыруға болмайды» деген ережеге қарсы келеді.

«Әрбір ата-ана ертелі-кеш ұрпақтарына жомарттық, кешірімділік, обал-сауап, ар-ұят, адал-арам, әділет-шапағат, ізгілік пен жауыздық, жақсылық пен жамандық, бұзақылық пен жанашырлық сияқты істердің бәрін...»[15, б.49].

Есейіп-ержеткен соң, бас құрап артынша жақсы ұрпақ, жақсы ат, тамаша хат қалдыру» [15, б.20].

Қорыта айтқанда, қос сөздер – дериватившік үдерістер нәтижесі: қос сөз түріндегі жаңа қолданыстар жиі туындап жатады; жасалу жолдарының өзі жеке зерттеуге лайық; ал жазылу емлесіндегі бүгінгі таңдағы негізгі ұстаным сызықша қойып жазу болып отыр. Тілімізде қосарлау немесе қайталау арқылы сөз жасаудың өзіндік заңдылықтары, қалыптасқан үлгілері бар. Сондықтан тілде кез келген сөздерді қосарлап, қос сөз жасай алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата: Изд.акд.наук.Каз.ССР, 1958. – 160 с.
2. Сыздық Р. С.Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары).–Алматы: Санат, 1995.–120 б.
3. Абдурахманов Н. Парные слова в тюркских языках/АДД. – Алма-Ата: 1975. – 66 с.
4. Алатырев В.И. Парные сложные слова в удмурдском язык// В кн.: Ученые записки карело-финского государственного университета. – Петрозаводск, 1946. Т.1. – 420 с.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы//Кітапта: Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.
6. Кононов А.Н. Парные имена существительные. В книге: Грамматика современного узбекского литературного языка. – М. –Л., 1960. – 485 с.
7. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 119 б.
8. Кенесбаев С.К. К вопросу о системном изучении лексического значения// Кітапта: Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992.–144 б.
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
11. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – 136 б.
12. Исаев С.М. Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы: 1997. 223 б.

13. Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. – Алматы: Томирис, 2016. – 399 б.
14. Кенжалин Ж. Ер Жәуке мінбегеннен алтын таққа. Алматы: ҚАЗақпарат, 2012. – 536 б.
15. Нүсіпоқасұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы: «Өнер, 21-ғасыр» қоғамдық қоры, 2014, –592 б.

ПРОФЕССОР С.М. ИСАЕВТЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАР АЯСЫНДАҒЫ ТІЛТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Ж.К.Отарбекова
филолог..ғыл.канд. проф. м.а.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала көрнекті тілші ғалым С.М. Исаевтың қазақ тіл біліміндегі жаңа жаңа бағыттағы зерттеулеріне арналған. Мақалада ғалымның қазақ тіл білімінде квантативті-статистикалық әдісті алғаш қолданғаны айтылып, зерттеу еңбектеріне талдау жасалады. Сонымен қатар ғалым еңбектеріндегі прагмалингвистика, контраститвтік лингвистика, лингвоэкология, әлеуметтік лингвистика, тіл философиясы, өзге ұлт өкілдеріне тіл үйрету мен мемлекеттік тіл мәселелері қарастырылады. Нәтижесінде профессор С.М. Исаевтың әлемдік тілтанымдағы соны жаңалықтар мен болашағы зор ізденістердің бағыты мен бағдарын дер кезінде танып, оны тілдік зерттеулерде тиімді қолданып, қазақ тіл білімінің жаңа қырынан дамуына үлес қосқан жаңашыл ғалым, ізденімпаз тұлға ретіндегі ролі айқындалады.
Түйін сөздер: квантативті лингвистика, прагмалингвистика, контраститвтік лингвистика, лингвоэкология, әлеуметтік лингвистика, тіл философиясы.

Annotation. The article is devoted to the research of the outstanding scientist S. M. Isaev in a new direction of Kazakh linguistics. The article notes that for the first time the scientist used the quantitative statistical method in Kazakh linguistics, the analysis of research works was carried out. In addition, the scientist's works address the issues of pragmalinguistics, counter-linguistics, linguoecology, sociolinguistics, philosophy of language, teaching languages of representatives of other nationalities and the state language. As a result, the role of Professor Isaev S.M. is determined, as an innovator, an inquisitive person, made a new contribution to the development of Kazakh linguistics, effectively applying it in language research, managed to timely understand the novelty and direction of new discoveries and promising searches in world linguistics.
Keywords: quantitative linguistics, pragmalinguistics, contrast linguistics, linguoecology, sociolinguistics, philosophy of language.

Үлкен ғалым, тіл білімінің білгірі, қадірлі ұстаз, профессор Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевтың мирас етіп қалдырған мол мұрасын зерделеу арқылы қазақ тілінің грамматикалық құрылысы, оның морфологиясы мен синтаксисі, сөзжасам мәселелері, қазақ әдеби тілінің тарихи мәселелері секілді іргелі салалармен қатар қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы, қазақ тілін өзге ұлт аудиторияларында оқыту әдістемесі, мектепке арналған оқулықтар жазу, сөздіктер түзу секілді қолданбалы тіл білімі, құрылымдық грамматика

мәселелерімен қатар қазақ тіл білімі тарихында бірқатар жаңа бағыттардың қалыптасуында еңбегі зор екендігіне көз жеткізуге болады

Ғалым еңбектеріндегі квантативті лингвистика, прагмалингвистика, контрастивтік лингвистика, лингвоэкология, әлеуметтік лингвистика, тіл философиясы мәселелерін қазақ тіл білімінің «адам – қоғам – табиғат» аясындағы жаңа бағыттағы зерттеулерінің қайнар бастаулары, жол сілтеушісі ретінде қарауға толық негіз бар.

С. Исаев қазақ тіл білімінде зерттеудің **квантативті-статистикалық** әдісін алғашқы қолданған көш басшылар қатарында аталады. Мұндай әдісті қолданудың нәтижесінде ғалым сөз тудырушы форма, форма тудырушы тілдік модельдердің өнімділік, құнарлылық мәселелері, сондай-ақ олардың қазақ жазба әдеби тілінің әр түрлі жанрларындағы стильдік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндіктер алды. Алғашқы ғылыми зерттеу жұмысы – 1967 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясы статистикалық зерттеулерге негізделген. Бұл қазақ тіл білімінде сол кезеңде жаңадан қалыптаса бастаған әдіс, лингвостатистика – тіл білімінің жаңа бағыты болатын.

1967 жылы ғалым С.М.Исаев «Тіл білімі және математика тәсілдері» [1], 1974 жылы «Лингвистикалық зерттеулерде математика әдістерін қолдану мәселесі жайында» [2] мақала жариялады. Бұл мақалада ғалым жаңа әдістерді тіл біліміне енгізудің себебі не, оның мақсаты қандай деген орынды сұрақ қояды. Тіл біліміндегі бұндай жаңа бағыт екі түрлі қажеттіліктіктен туып отырғанын көрсетеді. Ең алдымен, бұл проблеманы алға қойып отырған тіл білімінің ішкі факторлары, яғни тіл заңдылықтарын, оның ішкі сырын, даму процесін, тарихын, мәнін, басқа тілдермен қарым-қатынасы сияқты ерекшеліктерін басқа ғылымдар саласында қолданылып жүрген тиімді әдістер арқылы аша түсу болса, екіншіден, тіл тек қана зерттеу объектісі емес, оның қоғамдық қызметі, коммуникативтік ролі, функциональдық мәні бар құбылыс болғандықтан, күнделікті өмір талабынан туып отырған практикалық қажеттілік болып отыр дейді [3, б.303].

Жалпы алғанда, статолингвистикалық талдаулар негізінде ғалым 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде қолданылған сөздер мен сөз тұлғаларының қолданылу жиілігінің көрсеткіштерін шығара отырып, қазақ әдеби тілінің дамуының сол кезеңге тән ерекшеліктерін дәл айқындап көрсетіп берген.

Контрастивтік лингвистика (салғастырмалы тіл білімі) – жалпы тіл білімі саласында 1950 ж. бері қарқынды дамыған бағыт. Контрастивтік лингвистиканың мақсаты екі, кейде бірнеше тілді жалғастыра зерттеп, олардын құрылымдық денгейіндегі жақындығы мен айырмашылығын айкындау. Профессор С.М.Исаевтың орыс тілін жетік білуі оның орыс тілі мен қазақ тілін салғастыра, типологиялық зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік берді. «Сопоставительная типология фонетической системы казахского и русского языков в таблицах» (1991), «Сопоставительная типология казахского и русского языков» (Г. Нуркинамен авторлық бірлестікте) (1996), «Сборник упражнении по сопоставительной типологии русского и казахского языков» (Б.Исмагулова, А. Тажимуратова, С. Баяндинамен авторлық бірлестікте) (1994) деп аталатын

еңбектері ғалымның бұл салада да қомақты зерттеулер қалдырғандығының айғағы. Ал 90-жылдардан беріде казақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйесін, грамматикалық құрылымын салғастырмалы-типологиялық аспектіде зерттеу басталды. Сол кезеңде алғашқылардың бірі болып С.М. Исаев «К вопросу о сопоставительно-типологическом изучении словоизменения имен в казахском и русском языках» [4] атты мақала жариялап, бұл мәселені зерттеудің мемлекеттік тілді игерту, маман кадрлар даярлау қажеттігінен туындап отырғанын көрсетті. Салғастырмалы зерттеулердің өмірге келуіне педагогикалық оқу орындарында «Орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандарын даярлау мен барлық мектептерде «Қазақ тілі» пәнінің міндетті пән ретінде енгізілуі, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы себеп болды. Бұған дейін жарық көрген қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасына қатысты еңбектерде «Ұлт мектебіндегі орыс тілі мен әдебиетіне» арналып, ана тілінің негізінде орыс тілін игерту мақсат етілсе, ендігі мақсаты орыс тілімен салыстыра отырып қазақ тілін игерту болды.

1999 жылы профессор С.М. Исаев А.Р.Көшеновпен бірге «Педагогические аспекты экологического образования и воспитания молодого поколения в свете стратегии «Казахстан – 2030» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда «Социокультурные основы экологии языка в формировании целостного мировозрения будущих педагогических кадров» атты баяндама жасаған [5].

Мақала авторлары қазақстандық педагогикалық ғылымда қоршаған орта мен қоғамдық жүйені қорғау саласында әлеуметтік-дүниетанымдық көзқарас эволюциясы мәселелері терең кешенді зерттеу нысаны болмағанын, отандық ғалымдардың еңбектерінде аталған мәселенің кейбір аспектілері жекелеген пәндер аясында ғана қарастырылып жүргенін, бірақ жаңа дүниетанымдық көзқарасты тіл мен мәдениет экологиясы арқылы қалыптастыруға байланысты жүйелі талдаулар жүргізілмегенін жазады. Қарастырылып отырған мәселенің күрделілігі мен көпқырлылығы, шешілмеген әрі даулы мәселелерінің болуы, зерттеудің практикалық және теориялық көкейкестігі осы мәселені таңдауға себеп болған.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – педагог тұлғасының экологиялық мәдениетінің әлеуметтік-мәдени негіздерін қалыптастыруды жүйелі түрде қарастыру. Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени негіздері оқу орындарында оқу-тәрбие процесін адамзат қоғамының моральдық-этикалық және әлеуметтік-қоғамдық құндылықтарына негіздей отырып қайта құруға бағытталған тәрбие міндеттері мен мақсаттарының жиынтығы арқылы анықталады. Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени негіздері оқу процесінің мазмұнындағы, түрі мен әдісіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты. Сондықтан мақала авторлары болашақ педагогтардың әлеуметтік-мәдени дүниетанымын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін ***тілтанымдық экологиядан*** қарастырады.

«Қазақ мақал-мәтелдерінің, өлеңдері мен басқа да көркем шығармаларының тереңдігіне бойлау үшін қазақ болып туылып, қазақ даласында өмір сүру керек. Бұл ұлтшылдық емес, әр халықтың өзіне тән табиғатты қабылдауы, содан шығатын тіл байлығы. Қазақ халқының өзіндік ерекшелігі, біздіңше, қоршаған шындықты – табиғатты терең тани білгендігінде. Табиғат қазақ үшін қоршаған орта ғана емес, рухани үйлесім мен тұтастық, бірге даму. Осы жағдай қазақ халқының тілін бай етті, табиғат құбылыстары арқылы әлеуметтік өзгерістерді сипаттай алды. Ұлттық байлықтың мұндай тереңдігін барынша сезініп, қабылдау әрбір адамның көркем және ғылыми-практикалық тілінің дамуына ықпал етеді деуге толық негіз бар.

Тілтанымның осындай қажеттігіне негіздей отырып, біз оқу-тәрбие процесін әрбір пәнде педагог өтілген тақырып туралы білімді біртұтас, терең қабылдауға, ой қорытындысын жасауға бағыттайтын бағдар ұстауымыз керек. Бұл өте қиын, бірақ жоғары оқу орны болашақ педагогте осында қасиеттерді қалыптастыруға барынша күш салуы керек», – дейді ғалым [5].

Сонымен, тіл экологиясы тілтаным ғана емес, дүниені тану мен оны рухани тұрғыда сезіну. Сондықтан болашақ мамандарды даярлауда педагогтың дүниетанымын – табиғи ортаның дамуымен біртұтас жеке тұлғалық, өзіндік көзқарасы бар, шындықты қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптастыру қажет. Мақаланың негізі түйіні осындай.

Сөйтіп, тілтаным экологиялық мәдениет факторы ретінде қоғамды гуманитарландыру процесінде үлкен рөл атқарады, экологиялық ғылымның әлеуметтік-табиғи мәні мен мақсатын түсінуге жаңа әдістанымдық негіз болады.

Ғалымның бір мақала аясында келтірілген лингвоэкологияға қатысты ой-тұжырымдары қазіргі тіл біліміндегі бұл бағыттың көтерер жүгі тек тілі тазалығы мәселесі ғана емес, одан әлдеқайда кең екендігін, оны тілтанымдық тұрғыдан қарастыру керектігін көрсетеді. Осы тұжырымдар *ғалымның өзінің тілдік тұлғасын* зерттеуге де өзек боларлықтай.

Прагмалингвистика (лингвистикалық прагматика) айтушы/жазушы мен тыңдаушы/оқушы өзара карым-қатынасқа түсетін белгілі бір коммуникативтік-прагматикалық кеңістікте қолданылатын тіл бірліктерінің арақатынасын нысан етіп алған лингвистикалық зерттеу саласы ретінде қалыптасуда. Бұл мәселені ғалым арнайы сөз етпесе де, зерттеу еңбектерінде осы бағытты әрдайым ұстанып отырғанын байқаймыз.

Профессор Б. Қалиұлы «Профессор С.М. Исаев және прагматикалық тіл білімі» атты мақаласында былай деген: «Рас, С.М.Исаев прагматикалық тіл білімімен тікелей айналысқан жоқ. Соған қарамастан ол өзінің таным түйсігі арқылы тіліміздің грамматикалық қызметін дәл түсініп, өзінің жазғандарын оқырмандарының ұғымына сай, олардың бәрі ұға алатындай етіп жазуды мақсат тұтқан. Ендеше, С.М.Исаев есімінің қатарына «прагматикалық тіл білімі», «ғылыми стиль» тіркесімдерін тіркеп тұрған себебім сіздерге түсінікті шығар деп ойлаймын. Егер ғылыми стиль дегенді ғылыми ойды тыңдаушыларына дәл

жеткізудің әдіс-тәсілдері деп ұғатын болсақ, ғылыми ой ғылыми терминдермен жеткізілетіндігі бешенеден белгілі. ....

Олай болса, ғылыми стиль дегеніміз осы екен деп, жазғандарымызды М.В.Ломоносов құсап, қарапайым халық түсінбесін деп емес, қайта, керісінше, профессор Сейілбек Исаев құсап, қарапайым халық түсінетіндей етіп, жалпы халықтық тілдің негізінде жазғанға не жетсін. Сіздерден де соны күтеміз [6. б.56-60].

Сейілбек Мұхамеджаруұлы тілдің грамматика саласындағы өте күрделі ұғымдарды оқырманға түсінікті етіп жеткізу үшін ғылыми стильге тән емес диалог (сұрақ-жауап) әдісін тиімді қолданады. Атап айтқанда, 1992 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» атты оқу құралы түгелдей сұрақ жауап әдісіне құрылған. Мысалы, «Сөздің ішкі мағыналық жағы мен сыртқы дыбыстық жағы арасында байланыс бар ма? Байланыс болса, оның сипаты қандай? [7. б.9] деген сұрақ қойып, өзі сол сұраққа жан-жақты жауап береді. Жетекші сұрақ арқылы айтайын деген ойының түйінді мәселесіне оқырман назарын аударып алуды мақсат етіп, мәселені бірден сұрақтан бастайтын кездері де жоқ емес. Айталық, «Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен жолдары» атты тақырыпты мынадай сұрақтан бастайды:

Сұрақ. Ең алдымен грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері деген ұғым мен жолдары деген ұғым бір ме, бөлек пе? [7. б.21].

Немесе сұрақ белгілі бір нәрсені нақтылау мақсатында қойылады. Мысалы,

Қазақ тілінде көптік жалғау ешқашан сөз бен сөзді байланыстырмай ма? [7. б.64].

Сөйтіп, ғалымның бұл еңбегінің ерекшелігі – ғылыми баяндау, дәлелдеу әдеттегідей монолог түрінде емес, сұрақ және сұраққа жауап ретінде, яғни диалог түрінде болуы. Бұл – тек оқытушының ғана емес, студенттің де өз бетімен оқып, үйренуіне, әрмен қарай талдауды жалғастыра түсуіне, сөйтіп, ғылыми пікір қалыптастыруына көмек етеді.

Әлеуметтік лингвистика мәселелері ғалым еңбектерінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуымен байланысты кең өріс алды. Профессор С.М. Исаев 1990 жылдары «Республикамызда қостілділік жағдайында қазақ тілін оқып-үйренуді жақсартудың кейбір актуалды мәселелері», «Республикамызда қазақша-орысша қостілділіктің даму барысында орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетінен мамандар даярлау мәселесіне» атты мақалалар жазып, мемлекеттік тіл үшін күрес жолында аянбай еңбек еткен ғалым ғана емес, қоғам қайраткері ретінде де танымал.

Алғашқы мақаласында ғалым Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі «Республикамызда қазақ тілін үйренуді жақсарту туралы» қаулы қабылдағаннан беріде бір жылдан аса уақыт өтіп бара жатқанына қынжылып, Қаулының зәру де қажет мәселеге арналғанын, дер кезінде қабылданғанын жазады.

«Біріншіден, дейді ғалым, Қаулыдан кейін жарық көрген оқу құралдары, программалар, тілашарлар, сөздіктер бірсыдырғы қажеттілікті өтеп

келеді. Бірақ оқу құралдары, тілашарлардың сапасы бүгінгі талапқа толық сай емес. Мерзімді баспасөз беттерінде кемшіліктердің біразы айтылып та жүр. Осылардың бәріне тән ортақ бір кемшілік және әрі ескерусіз келген, әрі оны игермей, табысты нәтижеге жете алмайтын, сондықтан оны болдырмауды бірден мақсат ететін *кемшілік – орыс кластарына, орыс аудиториясына арналған оқулық, оқу құралдарының қазақ мектептеріне, тіпті жоғарғы оқу орындарының «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған оқулықтардың ізімен жазылуы....* Екінші жағынан, шет ел азаматтарына, ұлт аудиторияларына орыс тілін үйретудің де осындай тиянақты тәжірибелері, оқулық, оқу құралдарын құрастырудың ғылыми негіздері, өкінішке орай, жан-жақты, тіректі пайдаланып, ескерілмей жүр. ...

Ең алдымен, қазақ тілі пәні орыс мектептерінде кем дегенде шет тілдері пәнінің статусына жетпейінше, оның оқу жоспары жүйесінде сынақ, емтихандары болмайынша, жеке пән ретінде кәмелеттік аттестатқа кірмейінше, қазақ тілін оқып үйренуде үлкен бір сапалық жетістікке жету қиын-ақ» [8. б.388-389].

Орыс мектептерінде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалім дайындауда пединститутта осы мамандықтардың ашылып, оны мамандар қашан бітіріп шығады деп күтпей-ақ, қазақ және орыс, қазақ педучилищелерінің қысқа мерзімді курстардың мүмкіндіктерін оқу министрлігі толық пайдаланбай отыр. Мамандықты «Ұлт мектептерінде орыс тілі мен әдебиетінен мұғалім» дайындайтын мамандығы бар пединститутардың жанынан ашу керек. Өйткені келешек бұл мамандық иелері орыс тілін жақсы біліп қоймай, орыс тілі мен қазақ тілінің салғастырмалы типологиясын, әдеби байланыстарын, орыс тілі мен қазақ тілін оқытудың методикасын, т.б. жақсы меңгеруі керек [8. б.392-393].

Бұл пікірлер ғалымның мемлекеттік тілді – қазақ тілін оқып-үйрету мәселесіне бей-жай қарамай, оны тиімді етудің бар мүмкіндіктерін ұсынып отырғанын көрсетеді. Өзі университет басшылығында жүріп, осы оқу орнында аталған мәселелердің оң шешім табуына басшылық жасап, бағыт-бағдар беріп отырды.

Сонымен қатар тілдік категориялардың дамуында *семантикалық аспектіні* негіз етіп қарастыруы (мысалы, қосымшаларды жіктеуде, сөздерді таптастыруда, сөз тудыру процесінде, т.б.), тіл дамуын әрдайым философияның даму заңдарымен байланыста алуы (мысалы, изафеттің даму, нөлдік тұлға мәселесі, сөз таптарының шығуы мен даму т.с.с) арнайы зерттеуді, өз бағасын беруді қажет ететін, *тіл мен философия сабақтастығын* гносеологиялық, диалектикалық тұрғыдан зерттеулерге арқау болатын тұжырымдар.

Қорыта келгенде, профессор С.М. Исаев әлемдік тілтанымдағы соны жаңалықтар мен болашағы зор ізденістердің бағыты мен бағдарын дер кезінде бағамдап, оны тілдік зерттеулерде тиімді қолданып, қазақ тіл білімінің жаңа қырынан дамуына үлес қосқан жаңашыл ғалым, ізденімпаз тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Исаев С.М. «Тіл білімі және математика тәсілдері»//Лениншіл жас. 1967. №6. 8 қаңтар.

2. «Лингвистикалық зерттеулерде математика әдістерін қолдану мәселесі жайында» // Қазақ тілі мен әдебиеті. Труды преподавателей вузов МВССО КазССР. 1974. №5. 104-111 стр.

3.Исаев С.М. Ғалым. Ғылым. Ғұмыр. Алматы: КИЕ,2008. 580 бет.

4.К вопросу о сопоставительно-типологическом изучении словоизменении имен в казахском и русском языках//Россия и Восток: Проблемы взаимодействия. Материалы научно-теоретической конференции. – Омск,1997. –25-31 мая. с.80-86.

5. Исаев С.М., Көшенов А.Р. «Социокультурные основы экологии языка в формировании целостного мировозрения будущих педагогических кадров»// «Педагогические аспекты экологического образования и воспитания молодого поколения в свете стратегии «Казахстан – 2030». Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 1999.

6. Қалиұлы Б. Профессор С.М. Исаев және прагматикалық тіл білімі//Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері. «С.М. Исаев оқулары» аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 1-кітап. Қайнар университеті. 30 сәуір 2003 жыл. Алматы, 2003. 56-60-беттер.

7.Исаев С.М. «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар». А.,1992.

8.Исаев С.М. «Республикамызда қостілділік жағдайында қазақ тілін оқып-үйренуді жақсартудың кейбір актуалды мәселелері». Ғалым. Ғылым. Ғұмыр. Мақалалар жинағы. А., 2008. 387-394-б.

С. ИСАЕВ – ТІЛДІК ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ҒАЛЫМ

Ж.Б. Саткенова
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Қазақстан Республикасы әлемнің білім беру кеңістігінде өз мақсат-мұраттарын анықтап алған, бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде танылуы үшін оқыту, білім беру жүйесінде көптеген талап-міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Жаңа сапалық білімді қалыптастыру да оқыту үрдісіндегі ғылыми-әдістемелік жетістіктермен байланысты болмақ. Оқыту үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы білімдік тұрғыдан жан-жақты қаруланған,

өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыра алатын дербес интеллект иесін, әлеуметтік тұлғаны қалыптастыру да келелі мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда тілдік талдау үлгілері, тілдік талдауды жүргізу жолдары – назардан тыс қалып келе жатқан мәселе. Себебі тілдік талдаудың қажеттілігі, маңызы мен оны жетілдіру жолдары, оның технологиялық жақтан әдістемелік жолдарын ұсыну толық өз мәнінде шешімін таппай келеді.

Қазақ тілінің теориясын түсіндірумен шектеліп қана қоймай, оны тәжірибелік негізде алғаш талдап дәлелдеген қазақ халқының рухани көсемі, тілші-ғалым – А.Байтұрсынұлы. Ғалымның 3 бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» [1] атты кітабы қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасынан тұңғыш ғылыми пікір мен тұжырымдарын ұсынған, жаңа терминдік атауларды тіл білімінде қалыптастыруға зор үлес қосқан құнды еңбектердің бірі. Дыбыс, әріп, буыннан бастап, сөз тұлғалары – түбір мен қосымшадан сөз таптарына дейін, синтаксис мәселелерін де қамтып, жіктеп жүйелеп берді. Тілдік талдауға қатысты әдістемелік оқыту жүйесі тіл біліміндегі алғашқы баспалдақ болып, көптеген зерттеуші-ғалымдардың негізгі сүйенетін объектісіне, құралына айналды. «Тіл – құралда» біріншіден, теориялық мәліметті жан-жақты түсіндіріп, оны практикалық жақтан ұғындыруда «дағдыландыру» сатысында мәтінмен, жаттығулармен жұмысты қамтыса, келесі «сынау» сатысында алынған білімді толық бекіту жұмысы қарастырылған. «Сынау» деген атау беруде де өзіндік мән-мағына бар. Себебі үйренуші тілдік фактілерді талдау арқылы өзін-өзі сынауға үйренеді. Эмпирикалық білім мазмұнынан рефлекцияға дейінгі кезеңді қалыптастыру міндеті көзделген. «Рефлекция кезеңі шәкірттердің сезімдері мен ойларының көрініс табуын меңзейді» [2]. Бұл – шәкірттің, үйренушінің өздігінен білім алып, ізденіске деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған бірден-бір шарттарының бірі болып табылады. А.Байтұрсынұлы өз еңбегінде осы мақсатты көздейді.

А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тілдік талдауға қатысты идеяны жалғастырған, тілдік талдауды зерттеу объектісіне айналдырып, оның үлгілері мен жүргізілу ретін барынша толық сипаттайтын, теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырған еңбектер қатарына тілші-ғалым С.Исаевтың еңбектерін жатқызуға болады. Автордың «Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері» еңбегі үйренушілер үшін тілдік талдауды жүргізудің дамытушылық бағытын ұстанған негізді, жүйелі оқу құралына айналды.

Тілдік талдаудың өзіндік ерекшелігі мен маңыздылығына қатысты зерттеуші-ғалым С.Исаевтың: «Мектепте болсын, жоғары оқу орындарында болсын қазақ тілі пәнінен теориялық материалды жақсы ұғынып, алынған білімді тұрақтандырып, оқушының ол туралы практикалық дағдысын қалыптастырудың бірден-бір жолы – *сөйлем талдау*, өйткені ол талдау арқылы өтілген тілдік құбылысқа байланысты материалды оқушының құр ережені ғана жаттап емес, саналы түрде қабылдап, түсіне алғаны, алған білімін өз бетінше практикада қолдана білу дағдысы байқалады. Егер оқушы сөздің морфологиялық құрамын, яғни сөз қандай бөлшектерден тұра алатынын, сөйлем мүшелерінің анықтамалары мен сұрақтарын ағызып айтып тұрғанымен, сөйлемді дұрыс

талдай білмесе, жекелеген сөздердің морфологиялық құрамын (түбірін, қосымшаларын, түрлерін) анық ажырата алмаса, сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс таба алмай, сөйтіп, сөзге сұрақты дұрыс қоя алмай қалса, олардың ережелерін қанша жақсы білгенімен, оқушының білімі жеткілікті дей алмаймыз. Демек, сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс талдай білу тілдік құбылыстардың мәнін оқушының нақты түсінуімен, грамматикалық дағдысының практикалық жағынан қалыптасуымен байланысты» [3, б.115] деген пікірі де орынды айтылған. Себебі үйренушінің бар жинақтаған білімі практика арқылы шыңдалмаса, арадағы байланыс үзіліп, түбегейлі білімді қалыптастыра алмайды, сапасыздыққа жолығады.

С.Исаев орындалу тәсіліне қарай тілдік талдаудың ауызша және жазбаша формасын атап өтеді. «*Ауызша талдау* – көбінесе сыныпта, дәрісханада жүргізіледі, жазбаша талдау негізінен үйге тапсырма ретінде беріледі де, сыныпта ауызша әңгімеленеді. Ауызша талдау көбіне оқушылардың білімі әбден жетілген кезде, дағдысы қалыптасқан кезде жүргізіледі» [3, б.117].

Тілші-ғалым С.Исаев талдаудың дәстүрлі үлгісінен бастап, көптеген сызбаларды ұсынып, барынша тиімді тілдік талдау үлгісін қалыптастыруға бар күш-жігерін жұмсаған. Автордың «Сөйлемдегі грамматикалық талдаудың тәсілдері» деген әдістемелік еңбегінің мазмұндық құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Фонетикалық талдау;
2. Грамматикалық талдау:

а) морфологиялық талдау;

б) синтаксистік талдау.

С.Исаев тілдің ең кіші бөлшегін зерттейтін ғылым саласы фонетикадан бастап грамматикаға дейін қамтып өтеді. Әдістемелік еңбегі грамматикалық талдауға бағытталғандықтан, лексикалық талдауды қоспайды. Тілдік талдауда тізбектеліп, бір-бірімен ұштасып жатқан талдаудың үлгісі мен ретін ұсынады. Мысалы, сөзге ***фонетикалық талдау*** жасаудың тәртібінде *дыбыстық мінездеме* беруді алғашқы баспалдақ ретінде таниды: «Сөздерді фонетикалық жағынан талдау деген – оның (сөздің) құрамындағы дыбыстарды ажыратып, ерекшеліктерді көрсету, дыбыстардың дауыс қатысына қарай, жасалу жолы мен орнына қарай түрлерін айқындау, сондай-ақ кейде сөз құрамында болып отыратын бір дыбыстың әсерінен екінші дыбыстың өзгеруін көрсету» [3, б.120]. Яғни *дыбыс үндестігі* сөзде кездессе ғана талданады. Талдау барысында қатаң сақталған тәртіп жоқ, тек мысалға алынған сөздің бойындағы ерекшеліктерді анықтау оқытушының түрткі, демеу сұрақтары арқылы анықталып тұрады.

С.Исаев фонетикалық талдау жасау барысында ***қарама-қарсы қою әдісін*** қолдануды ұсынады:

К – дауысты емес, дауыссыз;

О – дауыссыз емес, дауысты;

Л – дауысты емес, дауыссыз.

С. Исаев идеясымен жүзеге асқан қарама-қарсы қою әдісі кейінірек М.Достанов еңбектерінде көрініс табады:

а) Ә – механикалық дыбыс емес, тілдік дыбыс;

б) Ә – дыбыстауда кедергіге ұшырамау, әріптік таңбасын оқығанда, қосалқы дыбыс қосылмай айтылу ерекшелігіне қарай дауысты дыбыс [4, б.98]. Бұл әдіс арқылы оқушының білімі тұрақталып, талдауда қателеспеуге дағдыландырады. М.Достанов тілдік фактілерді фонетика-лексикалық және грамматикалық жағынан *қатар талдау* әдістерін ұсынады. Мұндағы ескеретін бір жайт, белгілі бір талдауды фонетикалық талдау, морфологиялық талдау т.б. деп жеке дара жүргізуге болады, ал қатар талдаудың бірден-бір ұтымды тұстарының бірі материалды белгілі бір тұтастықтықтың көлемінде қарастырады әрі тілдік бірліктердің бір-бірімен өзара байланысын көрсетеді. Мұны сабақтастық, өзара жалғастық принципі ретінде қарастырған дұрыс.

Фонетикалық талдаудан кейін екінші кезекте ***морфологиялық талдау*** жүзеге асырылады. С.Исаев морфологиялық талдауды екі ыңғайда жүргізеді. Біріншіден, *сөзді құрамына қарай* талдаса, екіншіден, *сөз таптарына қарай* талдап өтеді. Автор «...сөздің негізгі түбір я туынды сөз және қандай жұрнақ арқылы жасалғанын көрсетіп, қай сөз табына жататынын анықтап, сол сөз табының мағыналық жағынан, тұлғалық түрленуі жағынан түрлерін еске түсіру үшін қай түріне жататынын міндетті түрде айқындай отыру қажет» деп пайымдайды. «Қолындағы» деген сөзді мысалға келтіре отырып, автор мынадай үлгіде талдайды:

«Қолындағы – қатыстық сын есім: *қол* – түбір, *-ы* – тәуелдік жалғауының III жағының грамматикалық көрсеткіші, *-нда* – жатыс септік, *-ғы* – зат есімнен сын есім тудырып тұрған жұрнақ» [5, б.125]. Автор сөз құрамы мен сөз табына қарай ғана талдап кетеді. Жоғарыда мысалға келтірілген «Қолындағы» сөзіндегі *-ы* – тәуелдік жалғауының III жағының грамматикалық көрсеткіші, *-нда* – жатыс септігі жалғауының көрсеткіші ғана емес, категориялық-грамматикалық мағына болатындығы және тәуелдік, септік, көптік категорияларының зат есімге тәндігі, өзге сөз таптары бұл категорияларды субстантивтенгенде ғана қабылдай алатындығы тілдік талдау жасау барысында ғана анықтала түседі. Үйренуші осы жолмен талдау арқылы тілдік фактілерді салыстыруға, айырмашылықтарын, ерекшеліктерін өздігінен табуға дағдыланады. Жоғарыда аталған талдау түрлері негізінен құрылымдық грамматиканы оқытуда қолданылды. Ғалымдар қалыптастырған тілдік талдау жүйесін жаңа технологиялармен ұштастырған, бұл жолда жемісті еңбек етіп, бірқатар жетістіктерге қол жеткізген – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.А.Оразахынова болды. Әдіскер-ғалымның тілдік-кешенді талдауды жетілдірудегі «Сатылай кешенді технологиясының» [2] алатын орны ерекше. Ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінде тіл бірліктерінің теориялық мәселелерін сатылы құрылым арқылы үйретететін тұңғыш төл технологиясын жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Байтұрсынов. «Тіл - құрал». – Алматы., 1991.

2. Оразахынова Н. Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу. Алматы, 1997.
3. Исаева С.М. Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері. – Алматы, 1985.
4. Достанов М.Д. Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері. – Алматы, 1991. – 169 бет.
5. Исаев С.М., Бектұров Ш.К. Сөйлемдегі грамматикалық талдаудың тәсілдері: (әдіст.құрал). – Алматы: Өнер, 2007. – 76 бет.

АСТАРЛЫ СӨЙЛЕУДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Л.Т. Әлімтаева, Ж.Қ. Қадыржанова
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Сөйлеу арқылы айтушының ішкі күйі тысқа шығады. Қарсы тарапқа қатысты барлық ішкі «мені» көрінеді. Мұның бәрі сөйлеген кезде айқын білініп тұрады. Осылайша, сөйлеу арқылы айтушы тыңдаушыға қозғау салуы, ықпал еткісі келуі мүмкін. Лингвистикада бұл құбылысты «прагматика» ұғымымен байланыстыруға болады.

Тіл білімінде батыс, орыс лингвистерінен бастап қазақ ғалымдарының тұжырымды ой-пікірлеріне дейін прагматиканың сыр-сипатын тануға деген ұмтылыс бар. Сөйлеу жанды құбылыс саналғандықтан, онда аяқ асты жаңа өзгерістер болуы мүмкін. Айтушы оны қандай формада жеткізгісі келсе де бастысы – белгілі бір мақсат бойынша тыңдаушымен екі жақты қарым-қатынас орнатуы. Сондықтан мақалада да сөйлеуді нысан ретінде алып, оның прагматикалық әлеуетін қарастыру маңызды саналды.

Астарлы сөйлеу – қазақтың дәстүрлі сөз саптау үлгісінің бірі, ол ұлттық болмысқа тән. Ішкі ой астарлы жеткізілген кезде прагматика, интенция, прессупозиция қатар жүреді. Мақалада да сөйлеудің коммуникативті-прагматикалық әлеуетіне баға беріліп, мысал арқылы дәйектелді.

Түйін сөздер: сөйлеу, прагматика, функция, интенция, пресуппозиция, сөйлеу актісі, локутивтілік, иллокутивтілік, перлокутивтілік.

Abstract. With the help of speech, the inner state of the narrator goes beyond. The whole inner self in relation to the opposite side is visible. All this becomes obvious when you speak. Thus, speaking, the speaker may want to motivate, influence the listener. In linguistics, this phenomenon can be associated with the concept of "pragmatics".

In linguistics there is a desire to recognize the enigma of pragmatics, from Western, Russian linguists to the conceptual reasoning of Kazakh scientists. Since speech is considered a living phenomenon, new changes may occur in it. In whatever form the narrator wants to convey it, the main thing is to establish a bilateral relationship with the listener with a specific purpose. Therefore, even in the article it is important to take speech as an object and consider its pragmatic potential.

The parable is one of the traditional Kazakh models of word formation, characteristic of national identity. Pragmatics, intensification, presupposition go hand in hand when inner thought is conveyed in transference. The article also assessed the communicative and pragmatic potential of speech and argued by example.

Keywords: speech, pragmatics, function, intention, presupposition, speech act, locativity, illocution, perlocution.

Сөйлеу – өте күрделі процесс. Адам сөйлеуде тек бір хабарды жеткізумен ғана шектелмеуі мүмкін, сөйлеуде қат-қабат ой, ақпарат, айтушының мақсаты, діттемі қамтылады. Сөйлеу – әрекет, оған қозғалыс, өзгеріс тән. Сондықтан сөйлеуді бірнеше аспектіден қарастыру кейінгі жылдары лингвистикадағы зерттеу бағыттарының нысанына айналған.

Тіл білімінде ғылыми парадигмалар аясында сөйлеу мәселесіне қатысты түрлі зерттеулер жасалған. Кейінгі жылдары жұмсалымды грамматиканың нысаны ретінде де сөйлеу функция, мағына тұрғысынан қарастырылып жүр. Сөйлеу кезінде айтушы тыңдаушыға қандай да бір мақсатта ықпал етуді көздейді. Бір тараптың екінші тарапқа ықпалы, әсер етуі тіл білімі теориясында батыс ойшылдары Ч.Моррис, Ч.Пирстің идеяларынан бастап, олардан кейінгі Р.Карнап пен К.Бюллердің ойларында, Дж.Серль, П.Грайс, Дж.Остин, Т.В.Булыгина, Н.Д.Арутюнова секілді ғалымдардың еңбектерінде көрінеді. Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, М.Балақаев, Р.Әмір секілді ғалымдардың еңбектерінде де бұл мәселенің түп бастаулары қарастырылған. Ал кейінгі жылдардағы ізденістер қатарына З.Ерназарова, Д.Әлкебаева, Қ.Есенова, Г.Машинбаева, Ф.Жақсыбаева секілді көптеген зерттеушінің еңбектерін қосуға болады.

Ч.Моррис XX ғасырдың 30-жылдары «прагматика» терминін енгізіп, тіл біліміндегі жаңа бағыттың қалыптасуына жол ашты, семиотиканың негізін қалады. Семиотика саласы үш саланың басын біріктіреді: семантика, синтактика, прагматика. Соның ішінде прагматика саласы таңба мен адам арасындағы байланысты ашуды мақсат тұтады. Бұл орайда ол сөйлеушінің тілдегі таңбаларды тізіп қолдануын емес, оған экстралингвистикалық факторлардың әсерін, соның ішінде әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктердің қарым-қатынас барысындағы ықпалын кешенді түрде қарастырады. Прагматика тілдегі ерекше бағыт ретінде 60-жылдардың соңы мен 70-жылдардың басында жандана түсті.

Сөйлеу – адам баласының тілдік амалдарды пайдалана отырып, ой-пікірін білдіру әрекеті. Ойлау мен сөйлеу әрекеттері өзара тығыз байланысты. Адамның ойлаған дүниесі тіл арқылы тысқа шығады, тіл арқылы таңбаланады. Мағжан Жұмабаев мұны «жанның жайын жарыққа шығару жолы» деп ұғындырады. Адам баласы түпкі ойын, ішкі жайын белгілі бір жағдаятқа не мақсатқа сай түрлі формада жариялап отырады. Бұл ой сөйлесімге айналғанда айқын, кейде жасырын беріліп жатады, кейде бір сөйлесімнің астарында түрлі мән жатуы да мүмкін. Сонымен қатар сөйлеу әрекетінде адам айтар дүниесін ойша жоспарлап алады. Бірақ ол тысқа шыққанда түрлі өң, реңк, сипат алып кететіні белгілі. Мұны прагматиканың құрамдас бөлігі стратегиямен байланыстырсақ болады. Ахмет Байтұрсынұлы бұл туралы «…сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен жазатынын мерзімдеп, жоспарлап алады. Әңгіменің жоспарын шығарушы адам я ойында белгілеп алады, я қағазға жазып алады», – дейді [1,б.12]. Ал Құдайберген Жұбановтың пікірінше, сөйлеу – бір оқиғаның жайынан хабар беру. Хабар адамға түрлі әсер етуі мүмкін, кейде қуантады, кейде

ренжітеді. Осылайша, ғалым сөйлеу тек ойды хабарлау емес, белгілі бір ойды, ниетті білдіру екенін айтады. «Көз деген мақсатымызға қарай оқиғаның өзімізге тигізген әсерін білдіре де, білдірмей де сөйлейміз; сұрай, өтіне, бұйыра, тыңдаушыға белгілі бір талап қоя сөйлейтін кездеріміз де болады» [2, б.531]. Осы тұстағы «көздеген мақсат» ұғымы бүгінгі прагматика терминінің әлеуетін бере алып тұрған секілді. Демек жоғарыдағы ой-пікірлерден сөйлеу әрекеті әрқашан адресанттың прагматикасымен астаса жүзеге асатынын түсінуге болады.

Прагматика – сөйлеушілердің жалпы сөйлесім мазмұнына, қатынасы, коммуникативті пиғылы, мақсаты. Айтушы және тыңдаушы факторы тұрғысынан прагматикаға тән бірқатар белгілерді атап өтуге болады. Бұл қатарда айтылымның қандай мақсатта жұмсалғаны, сөйлеудің тактикасы, стратегиясы, ниеті, пресуппозициясы, тұжырымы, әсері, қабылданылуы мен жауап берілуі, т.с.с. бар. Зәуреш Ерназарова сөйлеудің өзіне тән коммуникативті-прагматикалық нормасы бар екенін айтады [3, б.26]. Осы орайда сөйлеуде айтушы, тыңдаушы және нақты сөйлеу жағдаяты маңызды рөл атқаратынын аңғаруға болады. Одан бөлек прессуппозиция, интенция, стратегия, тактика секілді амал-тәсілдер бар. Бұл туралы Дина Әлкебаева «сөйлеу әрекетіндегі коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы коммуникативтік-прагматикалық мақсаттың тиімді шарттарының бірі», – деп түсіндіреді [4, б.27].

Қалбике Есенова дискурстағы прагматикалық ерекшеліктерді ескере отырып, прагмалингвистикалық талдаулар сөйлеу жағдаятына, тілден тыс факторларға тікелей қатысты болатынын айтады [5, б.235-236]. Профессор коммуникативті-прагматикалық зерттеудің нысаны субъектінің тілі екенін айтып, бірқатар мәселені қарастырады. Соның бірі – сөйлесімнің айқын, жасырын мақсаты. Ал сөйлеу актісі локутивтілік, иллокутивтілік, перлокутивтілік секілді үш деңгейден тұратыны белгілі. Сөйлесімнің мақсаты иллокутивті функцияға сәйкес келеді және мұнда пікірді хабарлау, бұйыру, өтіну, кеңес, уәде беру, кешірім сұрау секілді түрлі жағдаяттар қатар жүреді [5, б.26]. Ал локуция тілдік тұрғыдан дыбысталуымен, сөздердің грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстырылуымен түсіндіріледі. Перлокутивтілік – сөйлеу актісінің нәтижесі, адресаттың сөйлеу мазмұнына әсері. Зәуреш Ерназарова «сөйлеу актілерінің түрлерін, оларды қалыптастырушы ережелерді анықтау прагматиканың негізгі мақсаты болып табылады. Сөйлеу актісінің негізінде әрекет ұғымы, оның мақсаты, содан туындайтын ықпал етуші қызметі (иллокуция) жатады», – дейді [3, б.85]. Сөйлеу актісінде ықпал етуші актінің маңызы зор, ол келесі жақты белгілі бір әрекетке бағыттайды. Сондай-ақ, сөйлеу актілері сөйлеушінің ашық, жасырын мақсатына сай тура және жанама деп бөлінеді. Жанама сөйлеу актісінде негізгі мазмұнға қосымша мән үстеледі. Зәуреш Ерназарова бұған «импликация дегеніміз бір хабар арқылы екінші бір ойды жасырып беруді атайды», – деп, «астарлама» деген атауды ұсынады [3, б.177]. Жасырын мән сөйлеу кезінде сөйлем мазмұнының не құрылысының толықтай дерлік берілмеуі негізінде пайда болады.

Г.Гак сөйлеу кезінде сөйлеу актісінің 6 түрлі белгісі пайдаланылатынын айтады. Олар – адресант, адресат, пресуппозиция (айтылымның бастапқы

материалы), хабарлама мақсаты, сөйлеу актісінің ішкі байланысы мен дамуы, мәнмәтін мен қарым-қатынас жағдаяты. Пресуппозиция және оның түрлері сөйлеушілердің тәжірибесімен, білім қорымен, прагматикасымен байланысты анықталады. Ф.З.Жақсыбаеваның анықтамасына сүйенсек, «пресуппозиция – жекелеген тілдік қарым-қатынастар барысында, әсіресе, әлеуметтік мәні бар тілдік қарым-қатынастар кезінде айтылатын ойды жасырын беру оқырманның сөйлеу мазмұнын мақсатқа сай түсіну үшін әдейі қолданылатын құбылыс» [6, б.60].

Прагматиканың түп бастауында «әрекет» ұғымы жататынын ескерсек, сөйлеу де әрекеттің бір түрі, қарым-қатынас екені түсінікті болып шығады. Яғни белгілі бір уақыт аралығындағы сөйлеу жағдаятын, уақытты, кеңістікті, басқа да белгілерді қамтиды. Коммуникация, сөйлеу әрекеті кем дегенде қос тараптың қатысуымен жүреді. Сондықтан сөйлеуге қатысатын адресант пен адресат ұғымдарының да прагматикалық мәні зор. Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагмастилистикасы» атты еңбегінде сөйлеу актілерінің әлеуметтік қатынастарға байланысты жіктелетінін айтады. Ғалымның пікірін негізге ала отырып, сызба түрде көрсетсек, бұл қатынастар мына түрде көрініс табады [7]:



Берілген сызбадағы әлеуметтік категориялар қарым-қатынас барысында сөйлесім прагматикасына тікелей әсер етеді. К.Ф. Седов сөйлеуде адамдардың рөлін екіге бөліп көрсетеді: симметриялық, ассимитриялық. Біріншісінде қарым-қатынас жасаушылардың арасында әлеуметтік жағынан теңдік болады. Екіншісінде адресант пен адресат қоғамдық сатыда түрлі орында тұрады [8, б.2]. В.И. Карасик те сөйлеу әрекетін қасақана және жанама деп бөлген. Ғалымның пікірінше, қасақана сөйлеу әрекеті мына тәсілдер арқылы жүреді: мәртебесі, белгілі бір ортадағы статусы, манипуляция, сендіру, күш (физикалық, психологиялық). Карасик бұл тәсілдер қасақана сөйлеу әрекетінде де жүзеге асатынын айтады. Сөйлеудің құрылымында осындай күрделі бөліктер жатады.

Қазақ ертеден сөйлеуге жіті мән берген, әр сөзін салмақтап айтқан. Халқымыз жеткізейін деген ойының қарсы тарапқа әсер етуіне, ықпал етуіне, түптеп келгенде, мақсатына да байыппен қараған. Қазақтың әр сөзінің (сөйлеуінің) астары, прагматикасы бар. Халқымызға тән дәстүрлі сөз саптау үлгісінің бірі – лебіздің астарлы жеткізілуі. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде де қазақтың осынау сөйлеу ерекшелігіне баға берілген. Ғалымның «бернемен

сөйлеу», «пердемен жасырып сөйлеу», «бүкпелеу» дегенінің бәрінің түпкі мәнінде астарлы мағына, имплицитті мағына жатқан секілді.

Сөз саптаудың астарлы сипатын кез келген жағдаяттан, сөйлесімнен байқауға болады. Астарлап сөйлесімнің астарында белгілі бір прагматика, таным-түсінік, интенция жатады. Бұл ерекшеліктің бәрі шешендік сөз үлгілерінен де байқалады. Мәселен, ел арасында сақталған Сырым шешеннің өзге елге барымталанып кеткен қарындасын табуы туралы оқиғада да сөйлеудің осы қалпы сақталған.

Сөйлеудің коммуникативті-прагматикалық табиғаты	Шешендік сөйлеу үлгісі
Локутивті акт	
	1.Екі жапырақ шүберек – тіркес арқылы берілген жасырын мән. Адресант алғашында екі жапырақ шүберектің астарында қандай мағына барын түсінбейді, бұл әрі қарай сөйлеу жағдаятына сәйкес ашылады. Өйткені Сырым алғашында жұмбақты шеше алмайды (*Сырымға бір жолаушы: «Шекті елінің бір малшысы сізге бар деп еді» – деп екі жапырақ шүберек береді).* **2. Бір малшысы –** тіркес арқылы берілген жасырын мән. Малшының түр-түсін дөп басып айтпау жағдаяттың әрі қарай өрбуіне әсер еткен. Бұл да алғашқы астарлы ойды дамытқан (*Сырымға бір жолаушы: «Шекті елінің бір малшысы сізге бар деп еді» – деп екі жапырақ шүберек береді).* **3. Мынаны шаршылап кесіпті-ау, шаршының шеті екен. «Басым байлаулы, аяғым тұсаулы» дейді ғой шамасы. Мынаны үшкілдеп кесіпті-ау, көйлектің шеті-ау, сірә. Адамның тәніне көйлектен жақын не бар? «Сенің тегің, сенің сүйегіңмін», – дейді ғой. Бұл біздің елдің Шектіде қорлық-кемдікте жүрген бір әйел адамы болар. Сырым, сен барып қайт. Көзіңе шарапшын ки, қарт-жас екеніңді білдірме, айтыса қалса Мөңке бидің өзіне бар», – дейді.** Мәнмәтін арқылы берілген астарлы мағына. Шүберекті шаршылап кесудегі астарлы ой – әйелдің басының бостандығы болмауын білдіру, ал сол шүберекті көйлектің шетінен кесудегі астарлы мағына – «сенің жақыныңмын, тегіңмін» дегенді білдіруі. Осылайша, астарлы мәнмәтін, кодтар арқылы өзге елде жүрген қарындастары барын біледі.
Иллокутивті акт	Тілдік бірліктер арқылы алғашында тілек мәні астарлана берілген – әйелдің малшыдан шүберекті беріп жіберіп, өзінің басына бостандық алып беруді сұрауы; екінші сөйлеу жағдаятында бұйрық мәні айқын, яғни эксплицитті түрде берілген – Тана Қоске бидің Сырымға тапсырма жүктеуі; үшінші жағдаятта өтініш мәні эксплицитті түрде берілген – Мөңке биден Сырымның қарындасын сұрауы; төртінші жағдаятта сенімділік модальды мәні айқын берілген – Сырым мен қарындасының бір-бірін жазбай танып, Мөңке биге дәлелдеуі.

	Мұның бәрі коммуникативті жағдаят арқылы тілдік бірліктер арқылы ашылады.
Перлокутивті акт	Әйелдің діттемі орындалып, басына бостандық алуы.
Пресуппозициясы	Сырымның әйел туралы ақпаратты толық білмеуі, тек даулы жағдайға қанық болуы сөйлеу жағдаятын шиеленістіре түскен. Ал Тана Қоске бидің көрегендігі шүберек арқылы берілген астарлы мәнді шешуге сеп болған.
Прагматикасы	Әйелдің прагматикасы басына теңдік сұрау, Сырымның прагматикасы қарындасын босату.
Интенциясы	Сырым Шектінің билерінен қарындасын сұрарда «еріксіз кеткен» деу арқылы өзінің түпкі ниетін көрсетіп отыр. Бұл тұста ол әйелдің басында теңдік жоғын, басына теңдік алып беру ниеті барын айтады. Осы ойды әрі қарай «алып кетуге келдім» деп нақтылайды.
Стратегия	Айтушы мақсатқа жетуде екі жоспар құрады: Шекті елінің билерінен сұрау, ол болмаса Мөңкенің билігін алу.
Тактикасы	Сырым Мөңке биге қатысты сөйлеу жағдаятында дауды ушықтырмау мақсатында *«разымын»* деген бірлікті қолдануы арқылы оң шешімін тапқан әрі қарындасын босатып алған.

Адам өмірде кез келген жағдаятқа байланысты басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас барысында тәжірибесін, білімін бөліседі. Вербалды қатынастың бірі – сөйлеу. Адам сөйлеген кезде қосымша мақсат қатар жүреді. Ол үшін айтушы белгілі бір сөйлеу тәсілдерін, стратегиясы мен тактикасын таңдайды. Бұл орайда экстралингвистикалық факторлар ретінде әлеуметтік мәртебесі, жасы, жынысы, коммуникативтік жағдаятқа байланысты қарым-қатынас саласы, сөйлеу ортасы, байланыс арнасы, тілдік код та тікелей әсер етеді.

Астарлы сөйлеу арқылы айтушы мен тыңдаушы арасында күрделі процесс орнайды. Өйткені бұл тұста тек берілген ақпарат пен қабылданған ақпарат арасында жұмыс істеп қоймай, тыңдаушы лебіздің астарына үңілуі қажет. Айтушының астарлы сөйлеу әрекеті үнемі прагматикалық нормамен шектесіп жатады. Шешендік сөйлеу үлгісіне талдау жасау арқылы да тілдік кодтарды ашқан кезде айтушының астарлы ойды түрлі амал-тәсілмен беруге ұмтылғаны, яғни прагматикалық нормамен астасқаны аңғарылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Байтұрсынұлы А. Әдбиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

2 Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 б.

3 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. филол. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 2001. – 246 б.

4 *Әлкебаева Д.А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. филол.ғыл.докт. ...дис.* – Алматы, 2006. – 270 б.

5 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). филол. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 2007. – 345 б.

6 *Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы.* – Алматы, 2000. – 153 б.

7 *Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы*. – Алматы: Зият-Персс, 2007. – 244 б.

8 Акишева А.Т. Дискурс – анализ речевых стратегий коммуникантов в гендерной перспективе. дис.канд.фил.наук. – Астана, 2008. – 167 б.

СҰРАУ МӘНДІ СӨЙЛЕУ АКТІСІНДЕГІ ПРОПОЗИЦИЯ, ПРЕСУППОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ПОСТПОЗИЦИЯ

Г.Д. Кошикбаева
8D02310-Филология мамандығының 3-курс PhD докторанты,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан
Б.К. Еликбаев
филол.ғ.д., доцент,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан
Ә.О. Ыбырайым
филол.ғ.к., доцент,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «пресуппозиция», «пропозиция», «постпозиция» ұғымдарына, олардың түрлеріне қысқаша сипаттама берілді. Пропозиция сөйлеу актісіндегі сөйлеу интенциясынан туындайтын негізгі актуалды мағыналы бөлік болғандықтан, сөйлеу актісінде жарыққа шығатын маңызды бөлік тыңдаушының назарын сол ойға аудартады.

Пресуппозиция когнитивтік-прагматикалық, мәдени-семантикалық, логикалық тұрғыдан да бөліп қарастырылып, когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан жағдаяттық және лингвистикалық болып бөлінеді.

Мақалада адресанттың адресатқа бағытталған ақпарат алу мақсатында қойылатын коммуникативтік қатысымын білдіретін сұрау мәнді сөйлеу актісінде қатысатын тілдік құралдар көрсетіліп, олардың пропозициялық қызметі баяндалып, сұрау мәнді сөйлеу актісінде пресуппозициялардың атқаратын рөлі, яғни оның айтылған ойды дұрыс қабылдауға, яғни сұрақты дұрыс түсінуге ықпал етуі дәлелденді, сондай-ақ сұрау мәнді сөйлеу актісінде постпозиция сұрау әсерінен болған сөйлеу актісінің перлокутивтік прагматикасын құрайтындығы, яғни жауап алуға бағытталған сұрау мәнді сөйлеу актісінде постпозиция жауап беру, іс-әрекетке көшу сияқты түрткіжайттармен сипатталатындығы анықталды.

Түйін сөздер: сөйлеу актісі, пропозиция, пресуппозиция, постпозиция, адресант, адресат, түрткіжайт.

Abstract. The article gave a brief description of the concepts of «presupposition», «proposition», «postposition», their types. Since the proposition is the main actual meaningful part in the speech Act, arising from the speech intention, the most important part that comes to light in the speech act draws the listener's attention to that thought.

Presupposition is also divided into cognitive-pragmatic, cultural-semantic, logical, and cognitive-pragmatic into situational and linguistic.

The article shows the language tools involved in the interrogative Speech Act, which express the communicative participation of the addressee in order to obtain information directed to the addressee, their propositional function is outlined, it is proved that the role of presuppositions in the interrogative Speech Act, that is, it contributes to the correct perception of the stated thought, that is, the correct understanding of the question, as well as the fact that the postposition in the interrogative Speech Act forms the perlocutive pragmatics of the speech act under the influence of the request, that is, the postposition in the oral speech Act, which is aimed at obtaining an answer, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, that is, the postposition in the oral speech act, it has been established that the action is characterized by such factors as transition.

Keywords: speech act, proposition, presupposition, postposition, addressant, addressee, factor.

Сөйлеу актілерінде жұмсалатын сөйлемдердің мазмұны лексикалық және грамматикалық ақпаратпен ғана сәйкес келіп қоймайды, әрқашан *коммуникативті-интенциональды* немесе *прагматикалық мазмұны* болады. Сондықтан сөйлемнің семантикалық құрылымына арнаулы прагматикалық компонент енгізіледі. Мұндай жағдайда сөйлемнің семантикалық құрылымы *прагматикалық компоненттен* және *пропозициядан* тұрады. Прагматикалық компонент сөйлемнің коммуникативтік ниетін білдірсе, пропозиция оның когнитивті мазмұнын білдіреді. Сөйлемді қандай да бір прагматикалық типке жатқызудың басты белгісі прагматикалық компоненттің сипатына байланысты болады. Ал коммуникативтік ниеті әртүрлі сөйлемдерде пропозиция бірдей болуы мүмкін [1].

Ғылыми әдебиеттерде берілген анықтамалар бойынша пропозиция – ақпарат беретін негізгі бірлік, сөйлемдегі берілген ойдың өзегі, сөйлем бөлігі, негізгі ақпараттық бөлік және т.б. Пропозицияның бір сөйлеу актісі арқылы да немесе бір ойдың коммуникативтік парадигмасы арқылы да көрсетуге болады. Терминдерді зерттеуші Қ.Алтайбекова пропозицияны сөйлемнің модальдік және коммуникативтік парадигмадағы бүкіл мүшелеріне және сөйлемнен туындайтын құралымдарға ортақ семантикалық инвариант деп көрсетеді [2]. Ал инвариант – тіл бірліктерінің тұрақты өзгермейтін бөлшегі болып табылады.

«Пропозиция» термині латын тілінде «*propositio», орыс тілінде (логикада) «суждение», қазақ тілінде «ойтүйін» деп аударылып жүр. Сөйленімнің өзек бөлігі болып табылатын пропозицияны терминтанушылар «мағынаөзек», «негізқұрылым» сияқты терминдермен атауды ұсынады* [3].

Кейбір зерттеушілер пропозиция құрамына референцияға ыңғайлы модальдік және шақтық мағынаны бере алатын предикаттарды кіргізіп, пропозицияның реляциялық құрылымы предикат пен актанттан құралады деп тұжырымдайды (Ч.Филмор, С.Д.Кацнельсон). Туындатушы синтаксисте бастапқы бірлік ретінде ұғынылады. *Сөйленім пропозициясы, сөйлеу актісі пропозициясы, сөйлем пропозициясы деген ұғымдар да бар.*

Пропозиция – сөйлеу актісіндегі сөйлеу интенциясынан туындайтын негізгі актуалды мағыналы бөлік. Сондықтан сөйлеу актісінде жарыққа шығатын мағыналық бөліктердің ішіндегі маңызды бөлік тыңдаушының назарын сол ойға аудартады. Мысалы, Мысалы, Асқар үйіне кеше келді. Кеше үйіне Асқар келді. Кеше Асқар үйіне келді. Актант – Асқар, предикат – келді. Бұл сөйлемдерде негізгі актуалды бөлік предикат алдында тұрған сөзбен байланысты. Бірінші сөйлемде Асқардың кеше келуі – пропозиция, екінші сөйлемде Үйіне Асқардың келуі – пропозиция, үшінші сөйлемде Асқардың үйіне келуі – пропозиция.

Сұрау мәнді сөйлеу актісі – адресанттың адресатқа бағытталған ақпарат алу мақсатында қойылатын коммуникативтік құрылым.

Сұрау мәнді сөйлеу актісінде пропозияцияға сұрауды білдіретін тілдік құралдар да қатысады. Мысалы, Екінті уақыты тәуліктің қай кезеңіне жатады? дегенде екінті уақытының тәуліктің қай кезеңіне жатуы пропозиция болып тұр. Бұл сөйлеу актісін басқаша да сұрақ мәнді сөйленімдер арқылы түрліше беруге болады. Тәуліктің қай кезеңін екенті уақыты дейміз? Екінті уақыты қай уақыт? т.б. Демек, сұраулы сөйлеу актісінде сұраулық мәнді білдіретін тілдік құралдар пропозиция құрылымын құрайды. Ал пропозиция құрамында сұраулық бірліктер болмаса, жарыққа шығатын ойдың сұрау модальдылығын білдіріп тұрғанын тыңдаушы түсінбеген болар еді. Хабарлы сөйлеу актісіндегі пропозициялардан сұрау және бұйрық мәнді сөйлеу актісіндегі пропозициялық құрылым құрамы жинақы боп келеді. Өйткені сұрау мен бұйыру тікелей адресатқа бағытталып, жауап алу, іс-әрекетке қозғау салу сияқты ***актуалды*** *актіні құрайды.*

Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде сөйлеу актісінің табиғатын анықтаудың әдістемесі және оны құрайтын пресуппозиция компоненттері төмендегіше айқындалған: *сөйлем-сөйленім, интенция, мәнмәтін және сөйлеу*

актісінің жағдаяты, коммуниканттардың жағдаяттық және мәртебелік рөлдері, әлем туралы білімі, қарым-қатынас тақырыбы, қарым-қатынас стилі, ақпарат беру тәсілі, жоспарланған және нақты перлокутивтік әсер. [4].

Сөйлеу әрекетін сипаттаудың құралы жағдаят және прагматикалық пресуппозиция болып табылады. Пресуппозиция сөйлеу жағдаяты қалай өрбитінін анықтауда маңызды қызмет атқарады [5, б.36].

Прагматикалық пресуппозицияның негізін қарым-қатынасқа қатысушылардың білім мен сенімін құрайды. Пресуппозиция сөйлеу жағдаяты қалай өрбитінін анықтауда аса маңызды. Сөйлеу жағдаяты қатысушыларының жалпы прессуппозициясы сөйленімнің коммуникативтік мақсатын тануды және сөйлеудің өзаара әрекеттігінің табысты болуын қамтамасыз етеді [5, б.41-б.].

Сөйлесім мазмұнын пресуппозиция түрлері анықтайды. Пресуппозиция – сөйлеу жағдаятымен байланысты анықталатын сөйлеушілердің білім қорының, тәжірибесінің қажетті бөлігі. «Пресуппозиция» ұғымы тілдік және тілдік емес шарттардың сөйлесім мазмұнын анықтауға қатысын көрсетуде қажетті категория болып табылады. Пресуппозиция тілдің әр деңгей бірліктерінің қолданысқа түсуін, жасырын мәннің қалыптасуын, сөйлесім семантикасында коммуникативтік-прагматикалық салмаққа ие компоненттерді анықтауға, негіздеуге көмектеседі. Прагматикалық пресуппозиция сөйлеу жағдаятымен байланысты шарттарды, ал лексикалық және семантикалық пресуппозициялар сөздер, сөйлемдер арасындағы өзара анықтаушы, шарттасқан байланыстарды белгілейді [6, б.150-154].

Сұрау жағдайының негізгі пресуппозициясы мына жайттарға сүйенеді:

а) A_1 қажетті *p* ақпаратты білмейді;

б) A_1 қажетті *p* ақпаратты білуге ниетті;

в) A_1 (сөйлеуші) A_2 (тыңдаушы) *p* ақпаратты бере алады деп сенеді;

г) A_2 (тыңдаушы) A_1 (сөйлеушіге) *p* ақпаратты бере алады;

д) A_2 (тыңдаушы) *p* ақпаратты A_1 (сөйлеушіге) беруге келіседі [7, б.47-48].

Пресуппозицияның типтерін ғалымдар түрліше бөледі. Мәселен, В.З.Демьянковтың жіктемесінде пропозиция типтері төмендегіше берілген:

1) логикалық пресуппозиция;

2) прагматикалық пресуппозиция;

3) семантикалық пресуппозиция [8].

Пресуппозицияны когнитивтік-прагматикалық, мәдени-семантикалық, логикалық тұрғыдан да бөліп қарастырылады. Кейбір ғалымдар пропозицияның түрлерін анықтауда бұл аспектілердің барлығын тұтас алып жіктейді.

Когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан пресуппозицияны *жағдаяттық* және *лингвистикалық* деп те бөлуге болады.

Жалпы пресуппозиция адамдардың өмір туралы аялық білімдерінен құралса, жеке пресуппозиция нақты сөйлеу жағдаятына қатысатын коммуниканттардың аялық білімінен құралады. Мәселен, жалпы пресуппозицияларға адамдар түсінігіндегі өмір туралы ақиқаттар, қоршаған дүние туралы түсініктер жатады. Құстың ұшатыны, уақыттың бір орнында тұрмайтыны, адам мен хайуанның айырмашылығы және т.б. толып жатқан

когнитивтік танымдар. Ал жеке суппозицияға нақты коммуникативтік жағдаятқа қатысып отырған адамдардың қатынасына қатысты бір-бірі, алдыңғы жағдаяттар (оқиғалар) туралы білімдер жатады.

Лингвистикалық пресуппозиция тілдегі білім болып табылады.

Сұрау мәнді сөйлеу актісінде пресуппозициялардың атқаратын рөлі зор. Өйткені ол пресуппозициялар айтылған ойды дұрыс қабылдауға, яғни сұрақты дұрыс түсінуге ықпал етеді. Нақты сөйлеу жағдаятына қатысты пресуппозиция болмаса, кездейсоқ адамдардың арасындағы диалогта сұрау мәнді сөйлеу актісінде коммуникативтік кедергі пайда болады. Мысалы,

- *Қайсысың барасыңдар?* деген сұрауды пресуппозиция жоқ коммуниканттар ортасына келіп қойсаңыз, олар *қайда*? деп сұраушыға қарсы сұрақ береді. Ал пресуппозициясы айқын, яғни сөйлеу жағдаятын білетін коммуниканттар сұраққа жауап беріп, баратын, бара алмайтынын айта бастайды. Өйткені бұл коммуниканттар алдындағы жағдаяттан, яғни бір жаққа бару туралы ақпараттан хабардар.

Постпозиция – сөйлеу актісі орындалғаннан кейінгі, яғни ой жарыққа шыққаннан кейінгі жағдаяттар. Сұрау мәнді сөйлеу актісінде постпозиция сұрау әсерінен болған сөйлеу актісінің перлокутивтік прагматикасын құрайды. Жауап алуға бағытталған сұрау мәнді сөйлеу актісінде постпозиция жауап беру, іс-әрекетке көшу сияқты түрткіжайттармен сипатталады. Қойылған сұрақ негізінен жауапсыз қалмайды, белгісіз белгіліге айналады, ой тасталады, тапсырма талап етіледі, әрекетке қозғау салынады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Иванова И.П., Бурлакова В.В., Почепцов Г.Г. Теоретическая грамматика современного английского языка: Учебник./ – М.: Высш. школа, 1981. –285 с.

2. Алтайбекова Қ. Терминологиялық бірліктердің лексикографиялық сипаты: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2009. – 124 б.

3. Нұрмышева Ш.А. Терминдерді аудару – екінші деңгейлі дискурс мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2013. – 38-44-бб.

4. Wunderlich, 1980:311 Wunderlich D. Methodological remarks on speech act theory // Speech act theory and pragmatics. Eds. J. Searle, F.Kiefer, M.Bierwisch. – Dordrecht, Boston, London: Reidel, 1980. – p. 291-312.

5. Ошакбаева Ж.Б. Прагматическая составляющая языковой компетенции во втором языке. 10.02.19 – теория языка. Дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2009. – 132 с.

6. Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілінің синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. – Алматы, 2003. – 24-26 бб.

7. Шевченко И.С. Историческая динамика прагматики предложения: английское вопросительное предложение 16-20 вв.: Монография. – Харьков: Константа, 1998. – 168 с.

8. Демьянков В.З. Прагматические основы интерпретации высказывания // Изв. АН СССР. Сер. лит. и яз. 1981. Т.40. № 4. –с. 368-377.

С.ИСАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ МОРФОЛОГИЯСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

А.А. Айтмукашова
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С.Аманжолов атындағы ШҚУ,
Өскемен қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада С.Исаевтың қазақ морфологиясы саласындағы, соның ішінде сөз таптарына, негізгі грамматикалық ұғымдарға, қосымшаларға байланысты теориялық жаңалықтары баяндалады. Ғалымның морфологияға қатысты ғылыми тұжырымдары қазақ тіл білімі тарихындағы соны пікірлер еді. Профессор С.Исаев өзінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде бұл мәселелерді нақты тілдік материалдар, ғылыми дәлелдеулер арқылы талдап, саралап берді.
Түйін сөздер: қазақ тілі, грамматика, морфология, грамматикалық ұғымдар, сөз табы.

Abstract. The article presents the theoretical discoveries of S.Isaev in the field of Kazakh morphology, including related to Word classes, basic grammatical concepts, applications. The scientific conclusions of the scientist regarding morphology were the same in the history of Kazakh linguistics. In his research works, Professor S. Isaev analyzed and differentiated these issues using specific language materials, scientific evidence.
Keywords: kazakh language, grammar, morphology, grammatical concepts, word class.

Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевты қазақ морфологиясына жаңалық әкелген ғалым ретінде танимыз. Профессор С. Исаев тіл ғылымының қай саласында қалам тартса да, ғылымда әбден қалыптасқан, дәстүрлі мәселелерді қайталамай, даулы мәселелерге ерекше назар аударып отырады. Ғалымның жаңашыл ой-пікірлерінің көбі морфология саласына қатысты.

Модаль сөздердің сөз табы болатын қасиеттерін алғаш танығандардың бірі – С.Исаев. «Модаль сөздер айтушының ойға деген әртүрлі көзқарасын білдіреді. Модаль сөздерді морфология тұрғысынан жеке сөз табы деп қарауға негіз болатын тірек, біріншіден сематикалық белгісі – сөздердің грамматикалану сипаты болса, екіншіден, түрлену жүйесінің болмауы, үшіншіден, синтаксистік сипаты, яғни айтушының ойға деген өзіндік көзқарасын білдіре алуы», – дей келе, «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде модаль сөздерді сөз табының бірі ретінде қарастырған [1, б.322].

Модаль сөздер мәселесін қазақ тіл білімінде тұңғыш рет зерттеп, диссертация қорғаған – филология ғылымдарының докторы, профессор Ербол Несіпбайұлы Жанпейісов. Ғалымның модаль сөздер туралы зерттеуі 1967 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасына» тақырып ретінде енген болатын [2]. 2002 жылы шыққан академиялық «Қазақ грамматикасына» енгізілгеннен бері жоғары оқу орындарында модаль сөздер оныншы сөз табы болып оқытыла бастады [3]. Бірақ бұл мәселенің мектеп бағдарламасына әлі енгізілмегенін айта кеткен жөн.

Профессор С.Исаевтың морфология саласындағы тағы бір елеулі еңбегі – қазақ тіліндегі қосымшаларды топтастырудағы жаңалығы. А.Байтұрсынұлы

еңбектерінен бері қосымшаларды жұрнақ, жалғау деп танып келсек, С.Исаев қосымша морфемаларды алдымен форма тудырушы және сөзжасам қосымшалары деп бөліп алу керек дейді. Ғалымның қосымшалар туралы тың ойлары ұстазы Ы.Мамановтың пікірлерімен үндес келеді. Форма тудырушы қосымшаларды жалғау, жұрнақ деп жіктеп, оларды өз ішінен де жаңаша бөліп қарастырған. «Форма тудырушы қосымшалардың сөз байланыстыру қызметін атқаратын түрін жалғау деп, сөз байланыстыру қызметін атқара алмайтын, категориялық грамматикалық мағына тудыратын түрін жұрнақ» (бұрынғы грамматикаларда сөз түрлендіруші жұрнақ деп берілген қосымша) деп бөледі. Жалғаулар жайлы: «сыртқы формалық сипаты жағынан ашық және жасырын, нөлдік болса, мағыналық жағынан заттық, субстантивтік (тәуелдік жалғауы, грамматикалық септіктер) және предикаттық (жіктік жалғау) мәнде қолданылады», – дейді [4, б.147].

С.Исаев көптік жалғауын жұрнақ деп тану туралы айтқан. Себебі көптік жалғауы сөз бен сөзді байланыстырудан гөрі сөзге грамматикалық мағына үстейтіні белгілі. Септік жалғауларын грамматикалық және көлемдік деп бөліп, олардың табиғаты мен мағынасына терең үңіледі [5]. Сөзжасам қосымшаларының ішіне функциялық қосымшаларды қосады [1]. Ғалым «жұрнақтардың бір түрін модификациялық немесе лексика-грамматикалық жұрнақтар, екінші түрін таза грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар» деп бөледі. «Модификациялық жұрнақтар түбірге қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосады» дей отырып, оған зат есімнің рең мәнді жұрнақтары, сын есім шырай жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары, етіс жұрнақтары, болымсыз етістік, күшейтпелі етістік жұрнақтарын жатқызады. «Ал грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар өзі жалғанған сөзге таза грамматикалық мағына үстеп, грамматикалық категория жасайды», – дейді. Оған есімше, көсемше, рай жұрнақтары, шақ жұрнақтары, көптік жалғауын жатқызады [4, б.149].

С.Исаев негізгі грамматикалық ұғымдарға егжей-тегжейлі анықтама береді. «Грамматикалық мағына атаулыны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына», – деп көрсетеді [3, б.417]. Грамматикалық мағыналарды үшке бөлу тәжірибесін қазақ тіл білімінде бұрын кездестірмедік. Ғалым грамматикалық мағыналардың берілу тәсілдері мен жолдарын семантикалық, синтетикалық, аналитикалық деп жіктеп, олардың ішкі түрлеріне де тоқталады.

С.Исаев грамматикалық формаларға жоғарыда айтылған форма тудырушы қосымшаларды жатқыза келіп, «грамматикалық формасыз да грамматикалық мағына беріле ме?» деген сұрақ төңірегінде мәселе қозғап, нөлдік формаға ерекше тоқталады. «Арнайы қосымша көрсеткіші болмай, тұлғасы көрінбей тұрып-ақ белгілі грамматикалық категориялық грамматикалық мағына білдіруді нөлдік форма деп атауға болады, өйткені арнайы көрсеткіш, формалық тұлғасы болмағанмен, онда түбір білдіретін мәннен бөлек арнайы грамматикалық мағына болады. Әр уақытта нөлдік форманы түбір формамен салыстырып отырудың

басты себебі, біріншіден, екеуінің сырт тұлғасы, формасы сәйкес болуында, екіншіден, түбір әртүрлі грамматикалық тұлға жасауға негіз болатын тұлға», – дейді [3, б.426]. Ғалым нөлдік формаға қазақ тіліндегі атау, ілік, барыс, табыс, шығыс септігі, тәуелдік, жіктік жалғауы (3-жақ) мен бұйрық рай (2-жақ жекеше түрі) тұлғаларын жатқызады. Олардың үнемі нөлдік тұлғада және бірде нөлдік тұлғада, бірде грамматикалық формада келу ерекшелігін сипаттайды [6]. С.Исаевты нөлдік форма ұғымын ғылыми айналысқа енгізген ғалым деп есептейміз.

«Грамматикалық категория деген ұғымға грамматикалық мағыналар жиынтығының (жекелеген мағына емес) белгілі грамматикалық формалар жүйесі сияқты арнайы грамматикалық тәсілдер арқылы берілуі жататындығын» айта келіп, грамматикалық категорияларды өз ішінен лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категориялар деп бөледі [3, б.431].

Бұрынғы оқулықтар мен грамматикаларда сын есімнің төрт шырайы, оның бір түрі ретінде жай шырай көрсетіліп жүрді. Бұл мәселеде ғалым: «Тек шырай түрлеріне негіз болатын, ал өзі шырай түрлеріне мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да оппозициялық қатар құрай алмайтын, басқа түрлерімен тепе-тең парадигмалық жүйе жасай алмайтын тұлға ол категорияның ішіне, шеңберіне кіре алмайды», – деп, шырайды күшейтпелі және салыстырмалы дейтін екі түрге бөледі [3, б.467]. Бұлай жіктеу қазіргі мектеп оқулықтарында да бар.

Сонымен, профессор С.Исаевтың морфология саласындағы еңбектері тың ойларымен, жаңашыл көзқарастарымен құнды. Ғалымның зерттеулері тіл білімінің көптеген салаларын қамтиды. Солардың ішінде грамматикаға байланысты еңбектерінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007. – 336 б.

2.Жанпеисов Е.Н. Модальные слова в современном казахском языке: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1958. – 18 с.

3.Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 687 б.

4.Исаев С. Қазақ тілінде қосымшаларды жіктеу мәселесі // Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997. – 140-151 бб.

5.Исаев С. Септік жалғауларын көлемдік және грамматикалық септіктерге бөлудің мәні // Қазақстан мектебі. – 1990. №7. – 69-74 б.

6.Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы, 1992. – 236 б.

ФУНКЦИИ ЯЗЫКОВЫХ КАТЕГОРИЙ: КАТЕГОРИЯ ПАДЕЖА

Баяндина С.Ж.,
Д.ф.н., проф.
КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан,
e-mail:bayandina2004@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена вопросам сущности и функциям языковых категорий. Категория понимается как предельно общее понятие, которое образуется как последний результат абстрагирования от предметов, их особенных признаков. Автор статьи рассматривает точки зрения ученых на категорий, в том числе и языковых категорий в философском, лингвофилософском, лингвокогнитивном, лингвистическом аспектах. В широком смысле, языковая категория, понимается как любая группа языковых элементов, которая выделяется на основании какого-либо общего свойства. В узком смысле, языковая категория есть некоторый признак или параметр, который обнаруживается в основе деления обширной совокупности однородных языковых единиц на ограниченное число непересекающихся классов, которые характеризуются одним и тем же значением данного признака. Среди языковых категорий выделяются понятийные, грамматические и скрытые. Выявлены функциональные особенности категории падежа. Категория падежа является полифункциональной категорией, различаются формальные и содержательные функции.

Ключевые слова: категория, языковая категория, категория падежа, функция, функции языковых категорий, функции категории падежа.

Аңдатпа. Мақала тіл категорияларының мәні мен қызметі мәселелеріне арналған. Категория деп объектілерден, олардың ерекше белгілерінен абстракциялаудың соңғы нәтижесі ретінде қалыптасатын шектен тыс жалпы ұғым түсініледі. Мақала авторы ғалымдардың категорияларға, оның ішінде тілдік категорияларға философиялық, лингвофилософиялық, лингвокогнитивтік, лингвистикалық аспектілердегі көзқарастарын қарастырады. Кең мағынада лингвистикалық категория деп қандай да бір ортақ қасиет негізінде ажыратылатын тілдік элементтердің кез келген тобы түсініледі. Тар мағынада тілдік категориясы – бұл біртекті тіл бірліктерінің ауқымды жиынтығын осы белгінің бірдей мәнімен сипатталатын, бір-біріне сәйкес келмейтін кластардың шектеулі санына бөлу негізінде табылған қандай да бір белгі немесе параметр. Тілдік категориялардың ішінде ұғымдық, грамматикалық және жасырын болып табылады. Септік категориясының функционалдық ерекшеліктері ашылады. Септік категориясы көп функциялы категория, формалды және мазмұндық қызметтері ерекшеленеді.

Түйін сөздер: категория, тіл категориясы, жағдай категориясы (қызмет), тіл категориясының қызметі, септік категориясының қызметі.

Abstract. The article is devoted to the issues of the essence and functions of language categories. The category is understood as an extremely general concept, which is formed as the last result of abstraction from objects, their special features. The author of the article examines the points of view of scientists on categories, including linguistic categories in the philosophical, linguo-philosophical, linguo-cognitive, linguistic aspects. In a broad sense, a linguistic category is understood as any group of linguistic elements that is distinguished on the basis of some common property. n a narrow sense, a language category is some feature or parameter that is found in the basis of dividing a vast set of homogeneous language units into a limited number of non-overlapping classes that are characterized by the same value of this feature. Among the linguistic categories are conceptual, grammatical and hidden. The functional features of the category of case are revealed.

The category of case is a multifunctional category; formal and content functions differ.
Keywords: category, language category, case category, function, language category functions, case category functions.

Категория – (греч. kategoria – высказывание, признак) – предельно общее понятие, образующееся как последний результат абстрагирования от предметов, их особенных признаков. Для понятия категория не существует общего, родового понятия, несмотря на то, что она фиксирует минимум признаков охватываемых предметов и содержание категории достаточно отражает фундаментальные, наиболее существенные связи и отношения объективной действительности и познания.

Понятие «категория» восходит к Аристотелю, который выделил 10 категорий: сущность, количество, качество, отношение, место, время, положение, состояние, действие и претерпевание. Эти категории стали основой для выделения категориального корпуса многих наук, хотя с течением времени претерпели изменения, иногда и существенные. Ср.: в философии известны направления, в которых был очерчен круг используемых, характерных только для них, категорий. Так, к примеру, в диалектическом материализме оперировали категориями материи, сознания, качества, количества, сущности, явления, необходимости, случайности и др.. Для объективного идеализма ценность имели категории идеи, мирового разума, бытия, небытия, противоречия. В экзистенциализме использовались категории экзистенции, трансценденции, в позитивизме – категории протокольного предложения, верификации.

В языкознании аристотелевские категории оказали влияние на выделение частей речи, членов предложения и т.д.

В когнитивной психологии и лингвистике последних десятилетий классические представления о категоризации подверглись весьма радикальному пересмотру. В работах Дж. Лакоффа, Э.Рош, П.Кея, Б.Берлина и др. подчеркивается, что в результате обыденной повседневной категоризации (отраженной, в частности, в языковой картине мира) формируются специфические категории, которые не вполне соответствуют логоцентрическим нормам платоно-аристотелевской категоризации. Специфические отклонения от логоцентрических принципов категоризации были выявлены при исследовании специфики «маргинальных» культур, не имеющей отношения к «западным» способам и нормам мышления, а также языкового сознания носителей западной культуры.

В рамках многих наук исследователями используются мыслительные операции (категоризации), направленные на формирование категорий как понятий, предельно обобщающих и классифицирующих результаты познавательной деятельности человека.

Для лингвистики особую значимость представляют языковые категории, которые в самом широком употреблении понимаются как любые группы языковых элементов, выделяемые на основании какого-либо общего свойства. В узком понимании языковая категория представляет собой некоторый признак

или параметр, находящийся в основе деления обширной совокупности однородных языковых единиц на ограниченное число непересекающихся классов, характеризующихся одним и тем же значением данного признака. Этот термин используется и для обозначения одного из значений признака или параметра. Типы языковых категорий различаются в зависимости от состава категоризуемого множества, характера категоризующего признака и отношения данного признака к классам разбиения.

Среди языковых категорий выделяются понятийные, грамматические и скрытые.

Понятийные категории обычно универсальны и характерны для большинства языков. Понятийные категории языка дифференцированы от грамматических и скрытых категорий тем, что они представляют собой «смысловые компоненты общего характера, присущие не отдельным словам и системам их форм, а обширным классам слов, выражаются в естественном языке разнообразными средствами. Термин «понятийная категория» ввел в 1924 году О. Есперсен. Эти категории в разных науках и направлениях называются философскими или логическими (в рациональных грамматиках), психологическими (Г. Пауль), онтологическими, внеязыковыми, когнитивными, концептуальными, семантическими, мыслительными, речемыслительными [1].

Основным средством выражения понятийных категорий выступают *граммемы* грамматических категорий, словообразовательные и лексические подклассы знаменательных слов, служебные слова, синтаксические конструкции и супрасегментные средства (просодический контур и порядок слов).

Понятийные категории разрабатывались такими учеными как О. Есперсен, И.И. Мещанинов, С.Д. Кацнельсон, В.Н. Ярцева, М.М. Гухман и др..

Грамматическая категория – замкнутая система взаимоисключающих грамматических значений, задающая разбиение обширной совокупности словоформ на непересекающиеся классы. Для грамматической категории характерны модифицирующий тип категоризующего признака, его причастность к синтаксису «обязательность» выбора одного из значений для (слово)форм из категоризуемой совокупности и наличие регулярного способа выражения.

Грамматические категории представляют собой обобщенное значение, последовательно выражаемое в данном языке системой грамматических форм, структура которых зависит от морфологического типа [2, с.5]. Согласно В.Г.Адмони, грамматической категорией является «всякое системное, более или менее фронтально проведенное объединение некоторого множества грамматических явлений, обладающих каким-либо общим, формально-выраженным семантическим или функциональным признаком» [3,с.66]. Скрытые категории – (криптотипы) – семантические и синтаксические признаки слов или словосочетаний. Особенностью этих категорий является то, что они не имеют эксплицитного морфологического выражения. Однако они существенны для построения и понимания высказывания и оказывают влияние на сочетаемость данного слова с другими словами в предложении. Б.Л. Уорф,

исследуя индейские языки, которые резко отличались от европейских языков, предложил в 1936 году термин «криптотипы», а в 1938 он вводит термин «скрытые категории». Концепция скрытой грамматики получила дальнейшее рассмотрение в работах С.Д. Кацнельсона. В русском языке были выявлены такие скрытые категории как определенность/неопределенность, тип референции существительного, актуальность/узуальность (конкретная/ неконкретная временная отнесенность), контролируемость/неконтролируемость, статичность/ динамичность, личность /неличность» [4, с. 457-458].

Морфологическая категория – система противопоставленных друг другу рядов морфологических форм с однородными значениями форм. Морфологические категории бывают словоизменительнымим и несловоизменительными. Первые могут быть представлены формами одного и того же слова, вторые не могут быть представлены формами одного и того слова. К словоизменительным морфологическим категориям в русском языке относятся категории падежа и числа существительного, категория падежа имени числительного, категория рода, числа, падежа и степени сравнения имени прилагательного, категории лица, числа, времени, наклонения и рода (в прошедшем времени) глагола, категория степени сравнения наречия.

К несловоизменительным категориям в русском языке относятся категории рода существительных и категория вида глагола. Категория залога является категорией смешанного типа. Морфологические категории представляют собой серии словоформ, присущих определенным частям речи. Конкретные функции, выполняемые морфологическими категориями, бывают неоднородными. Среди них можно отметить функции как содержательные, так формальные.

Сфера употребления морфологической категории определяется сферой употребления присущих ей функций. Часть функций имеет сравнительно узкую область распространения (функция обстоятельства, места, функция квантитативной актуализации). Широкую сферу употребления имеют некоторые формальные функции (функция согласования), так, в большинстве случаев морфологические категории обнаруживают тенденцию к расширению области своего употребления и к перерастанию в гиперкатегории. Гипертрофированные морфологические категории, которые совмещают в себе е множество формальных и содержательных функций, нередко содержат в себе некоторые гипокатегории [1, с.74-76].

Рассмотрим функции категории падежа. В традиционном понимании категория падежа – словоизменительная категория имени, выражающаяся в системе противопоставленных друг другу рядов формам и обозначающая отношение имени к другому слову (словоформе) в составе словосочетания или предложения. В функциональной грамматике категория падежа определяется как словоизменительная грамматическая категория, выражающая направленные

отношения существительных к словам или синтаксическим конструкциям и тем самым соответствующие отношения обозначаемых предметов..

Дефиниция падежа как грамматической категория имени, выражающей его синтаксические отношения к другим слова высказывания или высказыванию в целом имеет отношение не только к языку, но и речи. Падеж понимается также как всякая отдельная *граммема* этой категории (конкретный падеж). В отличие от назывного, прямого падежа остальные падежи парадигмы квалифицируются как косвенные. В другой терминологии прямыми падежами считаются стандартные способы кодирования агенса и пасиенса (т.е. им. и вин. п.), остальные падежи в этом случае считаются косвенными» [4, с.355].

По С.Д. Кацнельсону, к числу позиционных падежей относятся: падеж субъекта (именительный падеж) и падеж прямого объекта (винительный падеж). Кроме *основной функции* такие падежи выполняют и ряд *вторичных функций*».

В языкознании природе и сущности, семантике и функциям падежа посвящены работы представителей различных школ и направлений. Известны

а) структурно-семантическая классификация падежей и падежных значений Р.О. Якобсона. Им дифференцированы стандартные способы кодирования агенса, пациенса и приименного атрибута. В соответствии с этой дифференциацией выделены полные падежи (им., вин., род. падежи), сигнализирующие о центральной, магистральной позиции существительного в семантико-синтаксической перспективе высказывания. Полным падежам противопоставлены периферийные падежи (дат., твор., предл., падежи), которые сигнализируют о периферийном положении имени относительно содержания высказывания (Якобсон, 1985);.

б) структурно-семантическая классификация Е. Куриловича. В его концепции различение полных и периферийных падежей соответствует различению синтаксических (грамматических, абстрактных) и семантических (смысловых, конкретных) падежей. Он различает первичную функцию синтаксического падежа в выражении дополнения (управляемого члена), первичную функцию семантического падежа в выражении обстоятельства (наречного члена) [6];

в) синтагматико–парадигматическая классификация Ю.С. Степанова [7];

г) актантная теория Ч. Филлмора. В падежной (ролевой) грамматике термином падеж обозначены соответствующие смысловые отношения: семантические роли аргументов. Семантическое понимание падежа противопоставлено принятому традиционному его пониманию. Падеж рассматривается безотносительно к способу его выражения [8];

д) трансляционная теория падежей Ж. Веренка.

В современных грамматиках описание системы падежа опирается на семантические и синтаксические функции падежей. Каждой функции соответствует определенный падеж, который является основным, типовым показателем, стандартным способом выражения данной функции. Но каждый падеж многофункционален, так как многочисленные функции, своеобразно перекрещиваясь в системе падежей, откладываются в каждом отдельном падеже

в виде набора разнородных функций [1]. В словосочетаниях, построенных по образцу подчинительной связи управления, существительное в падежной форме является зависимым его компонентом. Падеж существительного показывает эту его способность. Кроме этого синтаксическая зависимость от управляющего слова указывает на функционирование существительного в роли *актанта,* заполняющего валентность того или иного предиката. Выражение смыслового отношения предмета, обозначаемого данным существительным, к предметам или явлениям, выражаемым, управляющим словом – основная семантическая функция субстантивного падежа. Типы грамматических функций падежа обусловлены такими факторами: синтаксической природой падежа и его конструктивной ролью в построении предложений и словосочетаний. Во-первых, морфологические значения падежей характеризуют предмет по отношению к другим предметам или признакам и действиям: 1) падежные отношения существительных друг с другом, 2) падежные отношения существительных с другими существительными при участии глаголов, 3) падежные отношения существительных с прилагательными. Эти отношения называются направленными и понимаются как отношения, когда предмет приводится в отношение к другому предмету и тем самым устанавливается зависимость второго от первого. В случае, если такая направленность не выражена, то падежи устанавливают равноправные отношения между предметами. Во-вторых, категория падежа выполняет функцию обозначения наиболее общих структурных компонентов предложений и словосочетаний. Это – семантико-синтаксические функции падежных словоформ: функции субъекта, именного предиката, дополнения, объекта, определения и обстоятельства. По мнению М. А. Шелякина, одна из особенностей падежных словоформ заключается в том, что они всегда носят семантически двусторонний характер: с одной стороны, падежные значения выполняют семантико-синтаксические функции, с другой стороны, они конкретизируют их в соответствии со своими морфологическими значениями. В-третьих, категория падежа существительных находится во взаимосвязи со словами других частей речи, выполняя, к примеру, *функцию реализации и разграничения глагольных значений* [9].

Эту мысль находим у С.Д. Кацнельсона, он называет эту функцию падежа смыслоразличительной функцией: образуемая падежами синтаксическая конструкция может быть использована и в *смыслоразграничительной функции,* нейтрализующей полисемию глагола [10, с.55].

А.Ф. Дремов считает, что «падеж является специализированным грамматическим средством, развивающимся в синтетических языках номинативного типа для обеспечения связности (на актуально-предикативном уровне) и компрессии (на формально-грамматическом уровне) текста, состоящего из атомарных сообщений, которые в совокупности своей описывают единое, сложное в структурном отношении событие» (Дремов А.Ф.). В контексте системной лингвистики А.Ф. Дремов характеризует функциональные, синтагматические и парадигматические свойства падежной системы.

По мнению С.Д. Кацнельсона, сложное распределение функционального содержания по отдельным падежам связано с дроблением и взаимным переплетением функций, так как каждый падеж объединяет в себе ряд разнородных функций, связанных между собой синхронно-деривационными связями в одних случаях, а в других – единством их звукового выражения. Кроме того, каждая функция дробится на части, потому что распределена между несколькими изофункциональными («синонимичными») падежами. В результате чего, система падежей усложняется, и необходим кропотливый многоступенчатый анализ при выделении отдельных функций [10, с.57].

Категория падежа – полифункциональная категория. Падежи выполняют как *формальные,* так и *содержательные функции*. К формальным функциям относится *функция согласования*, которая предполагает присутствие падежных форм не только в существительных, но также в согласуемых с ними частях речи (в прилагательных, причастиях, местоимениях)

Содержательные функции падежей имеются во многих падежных языках, обладающих данной категорией, падежи осуществляют 1) *субъектно-объектные функции,* 2) *обстоятельственные функции*, 3) *функции именного предиката и оппозиции,* 4) *функции именного атрибута* 5) *модально-экспрессивные функции,* 6) *звательную функцию,* 7) *предикативную функцию,* 8) *функцию семантико-грамматической перспективы,* 9) *смыслоразличительную функцию* [10, с.54-55].

Имена в падежной форме являются источником образования многих частей речи. Так, например, и в русском, и в казахском языках имеются слова, относящиеся к разным частям речи, представленные той или иной падежной формой имени, но утратившие ранее присущие им грамматические значения.

Литература

1. Кацнельсон С.Д Типология языков и речевое мышление. – Л.: Наука, 1972.
2. Ярцева В.Н. Иерархия грамматических категорий // Типология грамматических категорий. – М., 1975.
3. Адмони В.Г. Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики. – Л.: Наука, 1988.
4. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. – М.: Большая российская энциклопедия. 1998.
5. Якобсон Р. О. К общему учению о падеже // Якобсон Р. О. Избранные работы, пер. с англ. – М. 1985.
6. Курилович Е. Проблемы классификации падежей // Курилович Е. Очерки по лингвистике. –М.: 1962.
7. Степанов Ю.С. Основы языкознания. – М.: Наука, 1996.
8. Филлмор Ч. Дело о падеже, пер. с анг. НЗЛ, вып. 15. – М.: 1985
9. Шелякин М.А. Функциональная грамматика. –М.: Русский язык, 2001.

10. Кацнельсон С.Д. О грамматической категории // Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. –Л. 1986.

11. Дремов А.Ф. Системная теория падежа и предлога в практике преподавания русского языка как иностранного//Мир русского слова, 2001.№

МЕКТЕПТЕ ЖҰМСАЛЫМДЫ ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

А.Абдрахманова
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
1-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада функционалды грамматиканы мектеп оқушыларына құрылымдық грамматикасымен қатыстырып оқыту мәселесін қозғайды. Қазақ тілінде жұмсалымды грамматика тақырыбы біршама зерттеліп, алғашқы ғылыми нәтижелері қолданысқа ене бастады. Ендігі мәселе – бұл зерттеу нәтижелерін қазақ тілін оқытуда қолдану. Мақалада мектеп оқушыларына оны құрылымдық грамматикасымен қосып жұмсалымды грамматиканың да теориялық ілімін меңгерту жайы сөз болады.

Түйін сөздер: функционалды грамматика, жұмсалымды грамматика, оқыту, қазақ тілін оқыту, құрылымдық грамматика

Abstract. The article touches upon the problem of studying functional grammar by schoolchildren with a structure grammar. The topic of grammar in the Kazakh language was studied, and the first scientific results began to be applied. Now the problem is to use the results of this study in teaching the Kazakh language. The article will focus on mastering the theoretical teaching of grammar by schoolchildren, combining it with structural grammar.

Keywords: functional grammar, functional grammar, teaching, teaching the Kazakh language, structural grammar

Қазіргі таңда кез келген тілдік құбылыстарды құрылымдық тіл білімімен қатар, антропоөзектік, яғни, адамдық фактор тұрғысынан қарастыру көптеген жаңа лингвистика пәндерін қалыптастырды. Соның негізінде ғылымда функционалды бағыт пайда болып, тілдік бірліктерді қызметінен мағынасына қарай зерттеу тенденциясы орын алды. Аталмыш бағыт тілдің құрылымын ғана емес, функционалды-қызметтік және функционалды-грамматикалық негіздерін де жақын тануға, соның негізінде құрылымдық тіл білімінде шешілмеген мәселелердің шешу әдіс-тәсілдерін табуға негіз болды.

Адамның алғашқы әлеуметтік бейімделуі мен танымдық ой-өрісін құрар бастапқы институт – бұл білім беру мекемесі. Орта білім беру жүйесінде үш тілді де – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытудың идеологиялық жолға қойылғаны мемлекеттік тілдің өзге ұлт мектептерінде оқытудың тереңдетілуі тиіс дегенді білдіреді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілін ұлтаралық қатынас тіліне айналдыруды тапсырды. Мұндағы мақсат қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» дей отырып, басым міндеттердің бірі ретінде «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектін байыту» деп көрсеткен.

Қазақ тілін оқыту сапасын жақсарту – күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті мәселе. Қазақ тілін қала мектептерінде оқыту, меңгерген тілін күнделікті практикада қолдануды үйрену, қазақ тілінде шорқақ емес, сауатты сөйлеуді үйрету, ана тілін қоғамдық коммуникативті ортада пайдалану мәдениетін бала санасына құю – мұның бәрі қазіргі қазақ тілін оқытудың негізгі проблемалары саналады. Тілді оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен концептуалды бағыттарын қолдану заманауи педагогиканың актуалды аспектісі болмақ.

Қазіргі педагогикада оқушының сыни ойлау, коммуникативті деңгейде тілді қабылдау мен меңгеру тұрғысынан оқыту басты бағытқа айналды. Қазақ тілін коммуникативті жағдаят бойынша оқытуды біршама зерттелді әрі өндірісте қолданылып жатыр. 2016 жылдан бері елімізде Жаңартылған білім беру бағдарламасы енгізіліп, 2018 жылдан бері мектеп оқушылары жаңа концептуалды білім беру негізінде құрастырылған оқулықтармен оқып жатыр. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытуда қолданылып жатқан Қазақ тілі пәнінің оқулықтары қазақ баласына коммуникативті қатынас деңгейінде үйретуді жолға қойғанымен, ана тілінің құрылымдық жақтарын, лингвистикалық білім беру тұстарын қамтымай қалды. Қазақ тілінің құрылымдық грамматикасы назардан тыс қалды.

Дәстүрлі білім беру формасында алдымен тілдің құрылымдық қабаты оқытылатын, кейін оны коммуникативті тұрғыдан игерудің жолдарына көшеді. Бұл – тілдің құрылымдық жүйесін жүйелі білмеуден шыққан кемшіліктер. Ал қазіргі қазақ тілін оқыту жүйесінде оның құрылымдық қырларын оқытуға басымдық берілмейді. Содан бала тілді қолданудағы функционалды міндеттемелерін түсінгенімен, оны қандай жағдайда және не себепті, қандай формада қолдану қажетін түсінбей жатады.

Қазақ тілінің тілдік құрылымын функционалды жақтан алып түсіндіру оқушының ана тілін түсінуі мен қолдану жағдаяттарын тереңірек меңгеруіне мүмкіндік бермек. Құрылымдық грамматиканы (тұлғалық) нормативті-сипаттамалы грамматика деп те атауға болады. Бұл грамматика алдымен тұлғаны бөліп алады да соның мағынасын тереңдеп қарастырады. Құрылымдық грамматиканың негізін салған – Ф.де Соссюр. «Дәстүрлі бағыттың осы тұсы – тұлға мен мағынаға қатар сүйену, таза тілдік, логикалық және психологиялық категориялар мен бірліктерді араластыра қолдану. Сөйлемнің құрылысы бірде тұлғалық, бірде мағыналық, бірде таза психологиялық өлшеулерге сүйенетін сөйлем мүшелері арқылы сипатталады. Дәстүрлі тіл білімінде сөйлем нақты сөйлеу қатынасы жағдайынан тыс қарастырылады. Сөйлесу орны, оның

тыңдаушыға қабылдануы есепке алынбайды. Дәстүрлі грамматикада бір тілдік бірліктің бір-ақ мағынасы бар деп есептелінеді немесе оның негізгі мағынасынан өзге сөйлеудегі жұмсалымдық мағыналары толық сипатталмайды» [1.11].

Жұмсалымды грамматиканың сипаты бұрынғы грамматикаларда да қамтылған. Тек XX ғасырдың ортасынан бастап функционалды грамматика жеке, бөлек грамматикалық зерттеулердің бағыты болып бөлініп шықты. Орыс тіл білімінде жұмсалымды грамматиканы Ф.И.Буслаев, К.С.Аксаков, Н.П.Некрасов, А.А.Потебня, И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.А.Шахматов және А.М.Пешковский сынды ғалымдар зерттеді. Орыс сөздерінің грамматикалық тұлғасын жұмсалымдық тұрғыда қарастыруда В.В.Виноградовтың еңбегі ерекше. Ал жалпы алғанда жұмсалымдық грамматиканың теориялық тірегі Л.В.Щерба, И.И.Мещаников, С.Д.Кацнельсон еңбектерінің негізінде қаланды деуге болады.

Жұмсалымды грамматиканың қалыптасуына үлес косқан батыс ғалымдарының тобына Париж лингвистикалық ұйымы тілшілерінің А.Мартине бастаған француз лингвистикалық мектебі өкілдерінің, сондай-ақ дат тілінің зерттеушісі О.Есперсеннің, неміс зерттеушілері В.Шмидт пен В.Бектің және француз тілшілері Г.Гийома, Ф.Брюно және Ш.Баллидің еңбектерін атауға болады.

Бүгінгі таңда А.В.Бондарко шәкірттері, сондай-ақ Г.А.Золотова, М.В.Всеволодова, М.А.Шелякин, Н.Ю.Шведова, В.Г.Гак және т.б. орыс ғалымдары тілді жұмсалымдық тұрғыдан зерттеумен арнайы, мақсатты түрде айналысуда.

Жұмсалымды грамматиканы бұрын мүлдем болмаған жаңа бағыт деуге болмайды, өйткені ол дәстүрлі зерттеулердің нәтижесін негізге алады. Десек те, оның өзінің арнайы зерттеу нысаны (тіл бірліктері мен тіл жүйесінің сөйлеу кезіндегі жұмсалымы (функциясы) мен жұмсалуын (функционирование) зерттейтін) бар ғылымдағы жаңа бағыт екені анық. Яғни жұмсалымдық грамматика тілді жүйелік-құрылымдық тұрғыдан зерттеудің әрі қарайғы жалғасы дегенмен, оның әдіс-тәсілі бұрын тіл білімінде қолданылмаған, жаңа болып табылады. Бұнда тіл жүйесі бір-бірімен байланысып жатқан элементтердің тұтастығы ретінде ғана сипатталып қоймайды, сонымен қатар сөйлеу кезінде белгілі бір мақсатқа жұмсалатын элементтердің тұтастығы ретінде де танылады [1.17].

Қазақ тіл білімінде функционалдық бағыттағы зерттеулер А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлы өз зерттеулерінде грамматикалық категорияларды мазмұннан формаға қарай бағытталған семасиологиялық аспектілерде қарастырылады. А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде етістік сөздерге тән етістің мынадай түрлерін көрсетеді: *сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс*. Құрылымдық грамматикада етіс категориясының төрт түрі көрсетіледі: *өзгелік етіс, ортақ етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс*. Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов өз зерттеулерінде өткен шақ көрсеткіштерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді.

Мәселен, *келіп еді, келген еді* деген тіркестерде келу қимылының бір реттік мәнін, ал *келетін еді, келуші еді* дегендегікелу қимылының бірнеше рет, дағдылы түрде іске асатынын білдіріп тұр. Қазақ тіл ғылымында функционалды грамматикаға қатысты З.Ахметжанова, Қ.Рысалды, Т.Абдығалиева, Б.Шалабай, А.Салқынбай, Б.Нуртазина, М.Жолшаева, О.Жұбаева, А.Жаңабекова, Б.Қапалбек сынды тілші-ғалымдардың еңбектерінің қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізін қалауда маңызы өте зор. 2011-2012 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» атты екітомдық ұжымдық монографиясын жариялады. Бұл еңбекте белгілілік/белгісіздік, модальділік, шақтың локалдылық функционалды-семантикалық өрісі, мөлшерлік сынды күрделі функционалдық ұғымдарға талдау жасалды.

Жұмсалымды грамматиканың зерттеу нәтижелері шыға бастағаннан кейін оны енді оқыту, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі туындады. Грамматист ғалым Б.Қапалбектің жазуынша, қазақ тіл білімінде функционалды грамматиканы пән ретінде оқытудың нақты шекарасы, ауқымы әлі нақты анықталып болған жоқ. «Мәселен, орыс аудиториясына қандай грамматика оқытылуы керек, қазақ аудиториясына (мектепке, жоғары оқу орындарына, ғылыми ортаға) оқытылатын грамматика қандай болуы керек деген мәселе әлі күн тәртібінде тұр. Оқушыға да, студентке де, аспирантқа да дәстүрлі грамматиканы (бастауыш пен баяндауышты) оқыта беру дұрыс емес. Жоғары мектепке тек жүйені ғана емес, оның жұмсалу ортасын, қолдану заңдылықтарын қоса алып қарастырып, оны адамның ойлау, шығармашылық әрекетімен байланыстыра қарайтын жұмсалымды грамматиканы оқыту қажет. Ол үшін бұл мәселе терең де жүйелі түрде қарастырылуы тиіс» дейді ғалым [1.12].

Сондай-ақ функционалды грамматиканы мектепте оқыту жайлы Ресей лингвисі, әдістемеші Е.Медведева былай дейді: «Заманауи орыс тілі курсының мазмұны мен мақсаты өзгерту керек, өйткені мектеп курсын коммуникативті қағида негізінде құру идеясы көтерілгеннен бері лингвистикалық білімді жаңаша берудің де жолдары қалыптасты» [2]. Оның айтуынша, тілді дәстүрлі әдіс-тәсілдермен үйретуден бас тартпау қажет, бірақ функционалды және коммуникативті грамматика саласында жасалған теориялық зерттеу нәтижелерін мектепте оқыту лингвистикалық білім беру мен тәрбие беруді жақсартып, жағымды импульс бермек.

Оқушылар мен студенттерге орыс тілінің функционалды грамматикасын құрылымдық грамматикамен бірге игертудің жолдарын ұсынған Ресей ғалымы Т.Парменова былай дейді: «Поиск учениками близких по смыслу языковых единиц полезен и увлекателен. Мой опыт проведения подобной работы со старшеклассниками и студентами показал, как заинтересованы бывают ученики, когда они сами могут обнаружить такие смысловые связи слов, сочетаний, форм и конструкций, которых раньше не замечали. Следует только в доступной форме объяснить суть явления, выработать систему работы по новой методике. Начать можно с вопросов, стимулирующих поиск, например: «Какие еще средства, кроме числительных, выражают в языке идею количества? Прилагательные

называют признак (отвечают на вопрос какой?), а какие еще единицы имеют признаковое значение?..» [3].

Сол сияқты ғалым білім алушыларды уақыт пен орынды, сөйлеушінің мақсаты мен шартын, себебі мен салыстыруын, тағы басқа жұмсалымды грамматика категорияларының сөйленісте қалай берілетінін іздеп табуға ынталандыруға болатынын айтады. «Оқушыны тек ұқсас формаларды іздеу тапсырмасымен бірге ұқсас мағыналарды беретін формаларды (сөйлем мен сөз тіркестерін де) салыстыру, оған талдау жасау жаттығуларын беруге болады. Ондай құбылыстарды талдай білген оқушы формалардың арасында айырмашылық пен ұқсастықты тануға мүмкіндік алады. Сонда оқушы тілді қатып қалған ереже мен тәртіптен тұратын қарабайыр, іш пыстырар дүние деп емес, әртүрлі қабат пен деңгейден тұратын тірі құбылыс, тірі ағза ретінде танып, тілді түсінуге деген қызығушылығы басталады» деп түсіндіреді Т.Парменова [3].

Функционалды грамматикада тілдің ішкі құбылыстарын фонетика, морфология, синтаксис, лексикалық қабат түрінде емес (дәстүрлі грамматика мен тіл білімі), функционалды семантикалық өріс түрінде оқытылады. Уақыт, мөлшер, салыстыру, қарсылық, салыстыру, тағы басқа мәнді функционалды семантикалық өрістерді қандай тілдік формаларды бере алады, соны жинастырып оқытуды алға тартады.

Мәселен, шартты мәнді функионалды семантикалық өрістің жасалу жолдарын былай сипаттауға болады:

«Шартты модальдылық сөйлемде баяндалған оқиға, әрекеттердің мағыналық жақтан өзара бір-бірімен шарттаса байланысуы негізінде құрылады. Шартты райлы етістік бар сөйлемде екі етістік болады да, бірі екінші қимылдың шарты болады. Бұл шартты райлы етістіктің шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемде қолданылуын қалыптастырған.

Шартты бағыныңқының баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) етістіктің шартты рай (*-са/-се*) түрінен болады: *Сөз жүйесін тапса, мал иесін табар.*

ә) болымсыз етістік пен *-й* тұлғалы көсемше түрінен: *Жан қиналмай, жұмыс бітпес.*

б) етістіктің болымсыз түрінен *-йынша, -йінше* жалғану арқылы: *Сапалы өнім шығармайынша, кәсіпорын беделі артпайды.*

в) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден: *Пайдалы қазбаларды толық игергенде, оның сапасы толық анықталады*».

Бұл теориялық білім дәстүрлі грамматикада да қамтылған. Бірақ мұны біз шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер тақырыбында қарастырамыз да, оның басқа деңгейлік құрылымдарын синтаксис тұрғысынан қарастырып қана шектелеміз. Ал функционалды грамматикада оның әрдеңгейлес формалары жинақталады.

Функционалды-семантикалық категория – белгілі бір семантикалық функцияны атқаратын әр деңгейлі тілдік құралдардың жүйесі. Семантикалық категориялардың құрылымдық негізін функционалды-семантикалық өріс құрайды. Мәселен, құрылымдық грамматикада етістікке тән шақ

категориясының білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан толық зерттелген. Ал функционалды грамматикада шақ категориясы темпоралды семантикалық категориясын құрайды. Темпоралдық семантикалық категорияға негізделетін функционалды-семантикалық өріс әр деңгейге жататын, біртектес мағына білдіретін немесе біртектес семантикалық функция атқаратын тілдік құралдардың кешенін құрайды.Функционалды-семантикалық өріс. Тіл біліміндегі өріс теориясын қарастырған А.В.Бондарконың түсіндіруі бойынша, дәстүрлі грамматикада бір-біріне байланыссыз қарастырылатын түрлі тіл деңгейі бірліктері семантикалық ортақтығы негізінде бір өріс аясына жинақталады. Белгілі бір ойды не ақпаратты жеткізуде қолданылатын тілдік бірліктер қызметінің ортақтығы негізінде өріс түзіледі. Мұндай өріс түрі тіл білімінде функционалды-семантикалық өріс деп аталады. Тілдік бірліктер өріске семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бірігеді [4].

Мәселен, дәстүрлі грамматикада шақтың түрлерін векторлық ұстаным бойынша өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп бөліп, оның ішінен өткен шақ – жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ; осы шақ – ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ; келер шақ – болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ деп бөлінеді. Бұл – грамматист А.Ысқақовтың түзген бөлінісі. Бірақ осы орайда етістік шақ категориясының түрлері мен аспектуалдық, модальділік ұстанымдары бойынша басқа да формалары бар екенін айтып, оқушыларға таныстыра кеткен артық болмайды. Мәселен, ғалым Ыбырайым Маманов өткен шақты жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, дағдылы өткен шақ, қатысты өткен шақ, ежелгі өткен шақ деп бөлсе, келер шақты ауыспалы келер шақ, болжалды келер шақ, ниет келер шақ деп бөледі [5]. Ғылымда дәстүрлі грамматикадан бөлек ұстанымдар мен көзқарастар барын оқушыға таныстыра кетуге болады. Бұл оқушының емін-еркін ойлауына, рамка шеңберінде қалып қоймай, өзінше ізденуіне мүмкіндік береді.

Функционалды грамматика мектептегі қазақ тілі грамматикасымен қоса оқытудың бір тәсілі өтіліп жатқан тақырыпқа сай оқушының зейінін ашатын тапсырмалар беру. Мәселен, жоғарыда айтқан шартты мәнді құрылымдарға қатысты мынада тапсырма беруге болады.

1-Тапсырма. Сөйлемдерден шартты мәнді құрылымды табыңыз.

1. Пайдалы қазбаларды өндіруді толық игермей, сапасын анықтай алмайды. 2. Мамандардың есептеуінше, пайдалы қазбаларды өндіру қарқынды жүргізіле беретін болса, онда барлық қор таусылады. 3. Кейбір металдар көп пайдаланылатын болса, онда жақын жылдарда-ақ сарқылуы мүмкін. 4. Адам денсаулығын сақтау мен нығайтуға жағдай жасалса, адамның шаруашылық әрекетінің сипаты анықталар. 5. Адам өзі өмір сүретін табиғи ортасының жай күйін білмей, жақсы өмір сүре алмайды. 6. Алғашқы адамдар табиғаттың дайын «сыйын» ғана пайдаланса, қазір еңбек күштерін пайдаланады. 7. Осы пайдалы қазбаларды үнемдесең, тиімді болады. 8. Еліміздің экономикасы өрлесе, халықтың жағдайы жақсарады. 9. Мұнай мен газ улы болса, табиғатқа зиянын тигізеді. 10. Қазақстанның мысы, қорғасыны бағаланса, оған деген сұраныс

үлғая түсер еді. 11. Еліміз мұнайлы аймақ болып табылса, жанармай өнімдері жеткілікті болады.

2-тапсырма. Сөйлемдерді шартты мәнді құрылым бойынша өзгертіңіз.

1. *Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас адамдардың шаруашылық әрекетінен неғұрлым айқын көрінеді. 2. Алғашқы адамдар табиғаттың дайын «сыйын» ғана пайдаланды, яғни жеуге жарамды өсімдіктерді жинады, аң және балық аулаумен күнелтті. 3. Сондықтан олардың тіршілік әрекеті табиғатқа айтарлықтай нұқсан келтірген жоқ. 4. Ормандар кесіліп, мәдени дақылдар егілді, қуаңшылық аудандарда суландыру жүйесі тартылды. 5. Кеме қатынасына жарамды болу үшін өзен арналары тереңдетілді.*

3-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерге сұрақтар қойып, баяндауыштарының жасалу жолдарын кестеге қарап түсіндіріңіз.

1. Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы? (М.Ә.) 2. Мұны қабыл көрсең, сонда сен де түзелерсің (Шәкәрім). 3. Бұл – қазақша күрес, екі жауырынның арасын жерге тигізбейінше, жыққанға есептелмейді. 4. Алдыңа бір қарасаң, артыңа бес қара. 5. Тапсырманың берілуін түсіндіріп алмайынша, сауатты орындау мүмкін емес. 6. Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі бітер ме? (Махамбет).

Т.Парменова функционалды грамматиканы мектепте оқыту бойынша мынандай екі ұсыныс айтады. Оның бірі – жұмсалымды грамматиканы 6-9-сынып оқушыларына там-тұмдап оқыту, дәстүрлі форманы сақтай отырып, қосымша ақпарат беру жолымен оқыту. Ұқсас формаларды көре алуды, оларды бір мағынаға топтастыра алуды үйрету. Екіншісі – жоғарғы сынып оқушыларына (10-11-сыныптарға) функционалды-коммуникативті негізге құрылған арнайы курс ұсынып, әсіресе, гуманитар бағытында білім алып жатқан оқушыларға сабақ беру. Факультативті курс ретінде беруді ұсынады. Бұл сабақта оқушыларға мәтінмен жұмыс істеуді үйретіп, сондағы жасырын мағыналарды таба білуді меңгерту басты назарда болмақ.

Ғалымның айтуынша, функионалды өрістің құрылымымен танысу мектеп оқушылары үшін де өте пайдалы: тілдік формаларды орталық мағына мен перифериялық мағынаға бөліп қарастырғанда тілдік тірі өлшемді құбылыс екенін аңғарады, белгілі бір мағынаны білдіру үшін негізгі және негізгі емес құралдар бар екенін түсінуге көмектеседі. Өрістің ортасында тұрған типтік форма оқушының жадында тез сақталады. Ол типтік, стандартты форма болғандықтан мағынаны ұтымды береді. Ал периферия форма тұрақты емес, қайталама әрі басқа құрылымдармен ауыстыруға оңай. Осы айырмашылықты таныған оқушы сөйлеуде өзіне қажетті ұтымды тілдік форманы тез таңдап, қолдануға дағдыланады.

Төменгі сынып оқушыларына (6-сынып) сын есім сабағында мөлшерліктер, халық танымындағы өлшем бірліктерді оқытып, ана тілінің мол қорын, бай мұрасын тануға болады. *Көш жер, атшаптырым жер* – қашықтық; *бір мая шөп, бірасым ет* – көлем; *бір астау ет, бір саба қымыз* – сыйымдылық; *тоқымдай жер, үй орнындай жер* – аудан; *сүтпісірім уақыт, етасым уақыт* – уақыт

өлшемі; бір түйір дән, бір тұяқ қой – сандық шама; *бір сәрі күміс, бір қадақ ет* – салмақ өлшемі.

Бұдан басқа күрделі мөлшерліктерді таныстыруға болады: *бір киер киім, бір салар тұз, бір жапырақ, бір кесек, бір түстік өмір*, тағы басқа. Осындай сан есімнен мүлде бөлек жатқан сандық белгілерді, сандық өлшем бірліктерді мәтіннен таба білуге немесе соларды қатыстыра отырып сөйлем құруға, ойын жеткізуге дағдыландыруға болады.

Қорыта келгенде, жұмсалымды грамматиканы мектеп оқытудың барлық алғышарттары бар. Алдымен функционалды грамматиканың өзін емес, соған жапсарлас жатқан ұғымдарды, тілдік бірліктерді оқушыға ерте жастан бастап үйрете беруге, ал жоғары сыныптарды күрделі ұғымдар жайлы сөз қозғауға болады. Функционалды грамматиканың ұғымдарын, жалпы болмысын игеру арқылы оқушы дүниеге, тілдік құбылыстарды өзгеше көзқараспен, икемді түсінікпен қарауға мүмкіндік алады. Ал ең бастысы сондай тілдік формаларды сөйлеуде қолдануға, мақсатты қолдануға бейімделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 828 б.

2. Медведева Е.А. Проблемы изучения словообразования в школьном курсе русского языка (5-й класс) // Тенденции развития языкового и литературного образования в школе и в вузе. Материалы международной научно-практической конференции 22–23 апреля 1998 года. СПб., 1998.

3. Парменова Т. Функциональный подход к изучению грамматики в школе// https://rus.1sept.ru/article.php?ID=200202408

4. Бондарко А. Основы функциональной грамматики. СПб: Изд.Спб. ун-та, 1999. 240 с.

5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 483 б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЕСІМДІКТІҢ ЖІКТЕЛУІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ РӨЛІ

Бекмырза Қарлығаш
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология факультеті
2-курс магистранты
Алматы қаласы

Аңдатпа. Қазіргі қазақ тіл білімінде ғылыми тақырыпты когнитивтік лингвистика аясында зерттеу кең етек ала бастады. Ұлттық таным мен тілді біртұтас үрдіс ретінде қарау тілді жаңа қырынан зерттеуге жол ашты. Осы бағыт аясында есімдіктің де болмысты көрсете алу қабілеті сөз болды. Мақалада лингвистикада есімдіктің зерттелу тарихы жөнінде сөз болып, нақты еңбектерден үзінділер келтіріліп, анықтамалар мен мысалдар негізінде

дәйектелді. С.Аманжолов, А.Ысқақов, Н.Сауранбаев, А.Ибатов еңбектерінен тікелей сілтемелер берілді. Есімдікті зерттеу мен жіктеуде А.Байтұрсынұлының пікірі басшылыққа алынды. Ғалымның жіктеу есімдіктерін жекеше және көпше түрге жіктеумен шектеліп қалмай, анайы және сыпайы тұлғалар туралы айтқан құнды пікірлеріне өзіндік талдау жасалды. Қазақ ұлтының бойындағы тыңдаушысын сыйлау, өзгелерді құрметтеу сынды асыл қасиеттердің тілдегі көрінісі қазақ тілінде ғана бар I және III жақ есімдіктерінің сыпайы түрінің болуымен дәлелденді. А.Байтұрсынұлының ұлтының бойындағы мәдениеттіліктің тілдегі белгісін байқап, теориялық мәліметке айналдырғаны құнды дерек. Мақалада қазіргі «Қазақ грамматикасымен» ғалымның жіктеуіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Аталмыш жіктелім оқу бағдарламасына кем дегенде қосымша ақпарат ретінде енгізілсе деген ұсыныс жасалды.

Түйін сөздер: когнитивтік лингвистика, есімдік, есімдік тарихы, есімдік жіктелуі, жіктеу есімдігі, ұлттық болмыс.

Abstract. In modern Kazakh language education, research on a scientific topic has begun to expand within the framework of cognitive linguistics. The consideration of national identity and language as a single process opened the way to the study of the language from a new angle. Within the framework of this direction, the ability of a pronoun to show existence was discussed. The article tells about the history of the study of pronouns in linguistics, provides excerpts from specific works, and the results are based on definitions and examples. Direct references are given from the works of S. Amanzholov, A. Yskakov, N. Sauranbaev, A. Ibatov. The opinion of A. Baitursynuly was the main reference point in the study and classification of the pronoun. Not limited to the classifications of personal pronouns in the singular and plural, the valuable remarks of the scientist about polite and polite faces were analyzed. The expression of the noble qualities of the Kazakh nation, such as respect for the listeners and respect for others, is confirmed by the polite form of the first and third person pronouns, which exist only in the Kazakh language. Valuable is the fact that Baitursynuly noticed a sign of culture in his people and turned it into theoretical information. The article provides a comparative analysis of the scientist's classification with the current "Kazakh grammar". It was suggested that this classification should be included in the curriculum at least as additional information.

Keywords: cognitive linguistics, pronouns, history of pronouns, classification of pronouns, personal pronouns, national identity.

Тіл мен ұлттық танымның арасындағы берік байланыс қай заманда да өзектілігін жойған емес. Тілдің құрылу жолы мен өзгеріс сипаты тікелей не жанама түрде когнитивтік лингвистика қағидаттарымен түсіндіріледі. Тілдің алғашқы қызметі қарым-қатынас құралы болатын болса, осы негізгі функционалды қызметті орындауда сөйлеуші мен тыңдаушы арасында үздіксіз «сөз алмасу» процесі жүреді. Осы үрдіс барысында логикалық тұрғыдан ең қажетті қызметі атқарушы тілдік бірліктер бір топқа топтасып, жұмсалады. Сондай тілдік бірліктер тобының бірі – есімдіктер. Соңғы жылдарда тіл біліміндегі теориялық лингвистика мен типологиялық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде көбіне есімдіктер қарастырылып жүр. Себебі есімдіктер басқа сөз таптарының орнына жұмсалып, атауыштық, сілтеуіштік, мезгілдік, мекендік грамматикалық мағыналарда қолданылады. Ал мұндай мәнді сөздер коммуникативтік актіні іске асыруда, мәтін құрауда, тілдің когнитивті жүйесінде маңызды қызмет атқарады. Сондықтан да есімдіктер ерте кездерден бастап, күні бүгінге дейін зерттеушілердің зерделеу нысанынан қалыс қалып көрген емес.

Есімдіктің когнитивтік сипатқа ие болуы қашан, қай кезде жүзеге асқанын анықтау үшін қазақ тіл біліміндегі есімдіктің зерттелуіне тоқталған жөн.

Қазақ тіл білімінде есімдікті есім сөздерден бөлек алып, өз алдына жеке сөз табы ретінде танытқан Қ. Жұбанов болған. Содан бері жеке сөз табы ретінде қарастырылып келе жатқан есімдіктерге ғалымдар түрлі анықтамалар берген. Мысалы, А. Байтұрсынұлы: «*Есімдік дегеніміз – есімдердің, яғни зат, сын, сан есімнің орнына жүретін сөздер*» [1, б.226] десе, Қ. Жұбанов: «*Орынбасар есім (есімдік) деп түбірдің де, қосалқы шылаулардың орнына жүре беретін түбірлерді айтамыз*» [2, б.155] деген анықтама берген. Бұдан кейінгі жерде қазақ тіл білімінде С. Аманжоловтың еңбектері жарық көрді. Ғалым 1938 жылғы «Грамматика» оқулығында оны жіктеу, тәуелдеу, сілтеу, сұрау және белгісіздік есімдігі деген топтарға бөліп қарастырады, ал 1939 жылғы еңбегінде қайтадан 7 топқа бөледі. Сондай-ақ, есімдіктер түрлі оқулықтарда көптеген ғалымдармен саралауға түседі. Қазақ тілі грамматикасына қалам тартқан авторлардың барлығында дерлік есімдіктер сөз болады.

І. Кеңесбаев пен С. Жиенбаевтың оқулықтарында «өздік» есімдігі «тәуелдеулі» есімдігі деп аталса, 1952 жылғы А. Ысқақов пен К. Ахановтың «Қазақ тілі грамматикасында» «өздік» есімдік деп алғаш аталады. Алғашқы авторлардың «тәуелдеулі есімдіктер» деп айтуы орыс тіл білімінің әсерінен болған болуы керек. Тура осылай есімдіктердің 7 тобына 8-ші топ ретінде «тәуелдеулі» есімдікті қосу Н. Сауранбаевта да кездеседі [3,б.124]. Есімдіктің 7 мағыналық тобы А. Ысқақовтың 1954 жылғы еңбегінен бастап тұрақталды деуге болады [4].

Ш. Сарыбаев елуінші жылдары есімдікке көп көңіл бөліп, бұл сөз табының мәселелеріне бірнеше мақалаларын арнады. «К вопросу о местоимении в казахском языке» деген мақаласында сұрау есімдіктерінің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметтерін саралай келе, оларды қатыстық есімдіктер деп бөліп қарауға да болар еді дейді [5, 142].

Ғ. Мұсабаев 1960 жылғы «Қазақ тілінің лексикасы» атты еңбегінде жіктеу есімдіктерінің құрамындағы «н» дыбысы туралы айта келе, былай деп қорытады: «н – көне заманнан қалған жұрнақ. Онда да көне түрік жазуларының ескерткіші қойылғанға дейін көп ілгері болған құбылыс деу орынды сияқты, өйткені көне түрік ескерткіштерінде V ғасырдан бастап мен, сен, ол, бұл, сол деген есімдіктер бар» [6, б.63].

Қазақ тілінің есімдіктерін ғылыми тұрғыдан баяндап, бір жүйеге түсірген ғалым А. Ысқақов еді. А. Ысқақов өзінің «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында есімдіктердің мағыналық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін саралап, оларды жан-жақты талдайды, олардың жалпы сипатын, жасалуын, негізгі 7 мағыналық топтарын, синтаксистік қызметтерін бір жүйеге келтірген [4].

Қазақ тіліндегі есімдіктерге тоқталған ғалымның бірі – Ә. Төлеуов. Ғалымның 1961 жылғы «Қазақ тіліндегі есімдіктер», 1973 жылғы «Қазақ

тіліндегі есім сөздердің жасалуы», 1982 жылғы «Сөз таптары» деген еңбектері соған дәлел болмақ.

Қазақ тіл білімінің тарихында есімдіктерге арнайы зерттеу еңбегін арнап, оны жеке сөз табы ретінде ғылыми да, практикалық та тұрғыдан терең зерделеген ғалым А. Ибатов екендігі баршамызға аян. Есімдіктердің табиғатын тануда А. Ибатовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан» «Қазақ тіліндегі есімдіктер» атты еңбектерінің құндылығы үлкен екендігін баса айтуымыз жөн [7, б.13]. Ғалым есімдіктердің мағыналарының жалпылығын, олардың әрқашан субъектімен байланыста болуын, субъектілік қатынастармен бірге меңзеу, нұсқау түрінде іске асырылатындығын баса айтып, «қазақ тіліндегі есімдіктер өзге де сөз таптары сияқты сөздерді топтастырудың белгілі жүйеге түсіп қалыптасқан негізгі үш принципіне сай лексика-семантикалық мағынасына, морфологиялық белгілеріне және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы деп бөледі», – дейді [7, б.3].

Ғалымдардың есімдік туралы зерттеулері сан қырлы болғанымен, бір арнаға тоғысып, жүйеге түсуі күрделі даму жолды талап етті. Осы ізденіс барысында негізге алатын, бастама болатын еңбек те жоқ емес. Ол – ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы зерттеуі. Есімдікті зерттеу де, жіктеу де өзіндік сара жолын ұсынған дара тұлғаның тіл тарихынан алар орны орасан. А.Байтұрсынұлының еңбегінде есімдіктер 5 түрлі топқа (жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтық) бөлініп қарастырылады. Мұнда ғалым «жіктеу есімдігі дегеніміз – сөйлеген кезінде сөйлеушінің тыңдаушының һәм бөгделердің жігін ажырататын сөздер» [1,б.88], – деп дұрыс атап көрсетеді.

Ғалым есімдікке төмендегідей анықтама береді: «Есімдік дегеніміз – есімдердің, яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, орнына жүретін сөздер, мәселен, мағлұм дегеннің орнына «мен» деймін, саған сөйлегенде атыңды атаудың орнына «сен» деймін, анау баланың атын атаудың орнына «ол» деймін. «Мен», «сен», «ол» деген сөздер зат есімнің орнына жүрген себептен есімдік болады»[1,89].

Жіктеу есімдіктеріне қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүргендей мен, сен, сіз, ол түрлерін жатқызады. Жіктеу есімдіктерінің септелуін көрсетіп, олардың септелуінде басқа зат есімдердің септелуінен ерекшелік бар екенін айтады. Оларды мысалдармен дәлелдейді. А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде «персоналдылық» деп біз қолданып жүрген атауды «жақтау» деп қолданған. Ғалым жіктік жалғау мен тәуелдік жалғауын біріктіріп, «жақ жалғаулары» деп атаған [1,б.27-32]. Ғалым сөздердің үш жақта түрленуін басқа жалғаулардан бөлек қарастырып, мендік (айтушы жақ), сендік (тыңдаушы жақ) және бөгделік деп бөлген. А.Байтұрсынұлы тұңғыш рет жіктеу есімдіктерінің қолданысындағы танымдық сипатты бағамдай білді. Қазіргі жіктелуден айырмасы сол, Байтұрсынұлы өз еңбегінде жіктелудің жеке және көпше түрін сондай-ақ сыпайы және анайы түрі деп көрсетеді.

Жекеше түрде жіктелу анайы түрі:

І жақ Мен адаммын

ІІ жақ Сен адамсың

ІІІ жақ Ол адам

Жекеше, сыпайы түрде жіктелу:

І жақ Біз адамбыз

ІІ жақ Сіз адамсыз

ІІІ жақ Ол кісі адам

Ғалым «біз» есімдігін біз қарастырып жүрген көптік мағынасында емес, «мен» есімдігінің сыпайы түрі деп көрсетеді. Бұл ойды А.Байтұрсынұлының еңбектерінен кейін Қошке Кеменгерұлының да еңбектерінен кездестіруге болады. «Біз» есімдігінің бұрын көптік мағынада емес, сіз деп сөйлеп тұрғанға сыпайы жауап беру үшін қолданылғанын байқауға болатынын Орынай Жұбай өз мақаласында көрсетеді:

«*Сағыныштан болдық зар,*

Ақ жүзіңе ынтызар,

Біз – жалғызды жылатып,

Қайда жүрсің, ғашық жар?»

«Таһир-Зуһра» дастанында біз есімдігінің көпше тұлғада емес, жекеше тұлғада қолданылғанын байқауға болады» [8, б.314].

Бұл мысалда «біз» көптік мағынада қолданылып тұрғанын жоққа шығаратын «жалғыз» сөзінің қатар келуі. Бір-бірінің бетіне келмей, қазақ жастарына тән ибалық сақтап сөйлеген ғашықтардың «біз» дегені сыпайылықтың белгісі. Сонымен қатар қазаққа тән арлылықтың байыбына бара білген ұлтымыз «ол» деп тура сілтемей, «ол кісі» деп әдептен аспаған. Әлі күнге дейін тілімізде сақталған бұл мәдениеттіліктің тамыры тереңде секілді. Құрметті, өзіміз ардақтайтын және жасы үлкен адам туралы айтқанда «ол кісі» деп сөйлейміз. Салыстыру үшін, «*ол білмей ме екен?» және «ол кісі білмей ме екен?*». Айырмашылығы коммуникативтік тұрғыдан контекст деңгейінде кеңірек ашылады. Бұл да сөз құдыретінің көрінісі. «Әдеп басы – тіл», деп дана халқымыз айтпақшы, ұлтымыздың салт-дәстүрін ұлықтау, қадірлеу тілден басталады. Бұл үрдістің мынадай да себебі болуы мүмкін. Қазақ тілінде «ол» есімдігі адамды да, заттар мен құбылыстарды да, іс-әрекет пен қимылды да, сын-сапа мен қасиеттерді де көрсете алады. Сондықтан да адамды көрсететін кезде «ол» – жіктеу есімдігі, басқа зат, іс-әрекеттерді көрсететін кездерде – сілтеу есімдігі қызметінде жұмсалады.

Мысалы, *Пойыз өтіп кетіп, келесі пойыз келгенше дала құлаққа ұрған танадай тына қалады да, сол өлі тылсым сәтте түлкі бұлдыр дала үстінде ғайыптан талып естілген дыбысты құлағы шалып, секемшіл халге ұшырайды. Ол ауаның көзге шалынбас ағысы, ауа райының кешікпей өзгерер құбылысының хабары еді* (Ш. Айтматов); *Коба Джугашвили ойланбастан теңізге қойып кетті кішкентай сәбиді судан алып шыққан ғой. Сол нәресте өзінің болашақ жары екенін ол сонда білді дейсің бе*? (Ш. Мұртаза). Мұнда алғашқы «ол» есімдігі – «ғайыптан талып естілген дыбыс» дегенді сілтеп көрсетіп тұрса, келесі мысалда Кобо Джугашвили есімді адам атының орнына жұмсалып, ІІІ жақ жіктеу есімдігі қызметінде тұр.

«Біз» және «ол кісі» жіктеу есімдіктерінің жұмсалымдық сипатын ашып көрсеткен ғалым қазақ грамматикасын жазуда күнделікті қолданыстағы сөздерге көңіл бөлгені анық. Қазақ ұлтының бойындағы өзгелерге деген құрмет, сыйластық есімдіктерде де болғанын атайды. Қазір сыпайы түрден бізге жеткені тек «сіз» есімдігі. Басқа тілдерде жоқ айтушы жақ пен бөгде жақта да болған сыпайы түрді теориялық тұрғыда оқулықтарға енгізу игі бастама болар еді.

Ал жіктелудің көпше түрінің де екі тұлғасы бар екенін көрсетеді.

Көпше түр, анайы тұлға

І жақ .....

ІІ жақ *Сендер адамсыңдар*

ІІІ жақ *Олар адамдар*

Көпше түр, сыпайы тұлға

І жақ *Біздер адамбыз*

ІІ жақ *Сіздер адамсыздар*

ІІІ жақ *Ол кісілер адамдар*

Көпше түрде де *біздер, сіздер, ол кісілер* тілдік бірліктерін қолданғанын байқаймыз. Қазіргі таңда Қазақстанның батыс өңірінде жергілікті халық қолданысындағы «біздер» есімдігінің шығу төркініне көз жеткіземіз. «Біз» сыпайы жекеше форма болса, «біздер» сәйкесінше көптік сыпайы форма. Кез келген тілдік бірліктің пайда болуының астарында бір маңызды себеп жататындығының дәлелі. Сондай-ақ ІІІ жақ «олар» түрінде емес, «ол кісілер» формасында келген. Бұл да тілдің ұлттық қасиет құрметтің жарқын үлгісі.

Жіктеу есімдіктері мен жіктік жалғаулардың шығу төркініне байланысты да ғалымдар арасында тұжырымдар көп. Жіктік жалғаулары кезінде жіктеу есімдіктерінен шыққандығы белгілі. Оны А. Ибатов өз еңбегінде «мен, сен, ол жіктеу есімдіктерінен -мын, -мін, -сын, -сін, ал біз, сіз есімдіктерінен -мыз, -міз, -сыз, -сіз сияқты жіктік жалғаулары пайда болған» деп атаса [7, б.25], С. Аманжолов «ІІІ жақ жоқ барлық есімдер ІІІ жақта, онда бұл – олардың әуелгі күйі, ал 1, 2 жақ жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен пайда болған дейді» [9, 25].

«Біз» жіктеу есімдігінің көптік мағынаны беруден басқа біз жоғарыда айтқан мәліметімізге дәлел болатын мынадай қызметтерін көрсетуге болады:

1. «Біз» есімдігі 1-ші жақ жекеше тұлғаның орнын ауыстырады. Мысалы:

- *Сіз өрескелдік жасап тұрсыз ғой.*

- *Иә, өрескелдік бізде жетеді* (Д. Исабеков).

2. ІІ жақтың орнына жұмсалып, сыпайылық қатынасты білдіреді. Мысалы, *Иә, бізде бүгін қуаныш. Біз бүгін шаттықтамыз* (Бір адам тарапынан сөйлеуде).

3. ІІІ жақ жекеше тұлғаның орнына жұмсалады. Мысалы*, Біз енді үш күнге боспыз* (Ол досына қарап, ағасы туралы айтқанда).

Сілтеу есімдіктерінің мағынасына қарай жақындағыны және алыстағыны көрсететін болып бөлінеді дей келіп, мысалдармен дәлелдейді. Автордың есімдіктерді түсіндіруінде қазіргі теориямен салыстырғанда еш өзгешелік жоқ.

Сұрау есімдігіне: «Сұрау есімдігі дегеніміз – біреуден бір нәрсе сұрағанда айтылатын сөздер», – деп анықтама береді [1, б.227]. Оған кім?, не?,

қайсы?, қандай?, нешеу?, қанша?, нешінші?, қашан? деген есімдіктерді жатқызады. Бұның қазіргі теориядан айырмашылығы жоқ.

Шектеу есімдіктеріне мынадай анықтама береді: «*Шектеу есімдігі дегеніміз – нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, бәрі, барша*»[1,230]. Шектеу есімдіктеріне мына есімдіктерді жатқызады: өз (өзім, өзің, өзі), бәрі, барша. Олардың тәуелдік жалғауының 3 жағында септелуін көрсетеді. Ғалым есімдіктің бұл түрінде өздік есімдігін де қарастырған. Қазір бұл есімдік (өздік есімдігі) есімдіктің парадигмалық түрін құрайды. Ал бәрі, барша есімдіктері жалпылау есімдіктері деп аталады. Ғылыми негіздемесі жоқ емес. «Өзім» және «бәріміз» сөздері бір ұғымды береді. Біреуі жекеше түрде де, бірі көпше формада. Екеуі де сөйлемдегі субъектіні берудің амалы. Құрылымдық грамматиканың ережесіне бағынып, көп адамды жалпылап тұрғандықтан, «жалпылау» атауы және «өз» сөзінен басталса болды өздік есімдігі атауы берілген. Қазақ тілінің грамматикасының жасалу барысында орыс грамматикасының негізге алынғаны білінеді.

Есімдіктің бесінші түрі танықтық есімдігіне мынадай түсіндірме береді: «*Танықтық есімдігі дегеніміз – нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, һешкім, һештеме, дәнеме, һешбір. Бұлар жоқтықты көрсетеді; кей, қайсыбір – бұлар түгел еместігін, біреу, әлдекім, әлдене анық белгілі еместігін көрсетеді»* [1, 226]. Қазіргі тілімізде екіге бөлінген болымсыздық және белгісіздік есімдіктері. Бірнәрсе жоқ болғанда болымсызды, анық емес болғанда белгісіздікті қолданамыз. Теориясы мен мысалдарында айтарлықтай өзгешелік жоқ. Атауы ғана танықтық, яғни белгісіздік дегенді меңзеп тұр.

А.Байтұрсынұлы	«Қазақ грамматикасы» (2002)
Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Сұрау
Жіктеу	Жалпылау Өздік
Танықтық	Болымсыздық Белгісіздік

1-кесте.

Есімдіктердін өте ерте заманда пайда болуы, олардың мағыналарының жоғары дәрежеде абстракциялануынан, яғни мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінетін болса, екіншіден, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін көне формалардың сақталып қалуынан көрініс табады.

Тілімізде маңызды рөл атқаратын есімдік сөз табын жіктеуде оның атқаратын қызметінің әртүрлілігі тілді зерттеуде, оның грамматикасын жазуда үлкен ыждағаттылықпен қарау керек екенін көрсетті. Әр ұлттың тілі оның ұлттық болмысын жылдар бойы сақтаған көрінісі. Сөздік қордағы әр сөзде

ұлттық код сақталған. Есімдіктерде де сақталған қазақ ұлтының бойындағы құрмет, ізет қасиеттерін жеткізе алу үлкен еңбекті қажет етеді. Ұлт ұстазы, дана Ахмет Байтұрсынұлы жіктеу есімдіктерін жіктеуде анайы және сыпайы формаларға бөліп зерттеу арқылы қазақ тілінің когнитивтік қырын ашып еді. Өкінішке орай, бұл жіктеу мен бұл қолданыс («біз») пайдаланылмай, назардан тыс қалды. Ұлттық болмысы әр сөзі арқылы танылатын қазақ тілінің грамматикалық оқулықтарына осы жіктелу тым болмағанда қосымша ақпарат ретінде енгізілсе, білім орындары оқыту мен тәрбие мақсатына бірден қол жеткізер еді. Когнитивті тұрғыдан оқытуда А.Байтұрсынұлының есімдікті жіктеуі зор көмек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. – Семей, 1927.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.
3. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілі: Лексика, фонетика, морфология, синтаксис. – Алматы: Қазмемоқупедбас., 1953. – 219б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.Морфология. Алматы: Ана тілі , 1991. – 382б.
5. Сарыбев Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері: оқу құралы. Алматы: Абзал–Ай, 2014. – 639 б.
6. Мұсабав Ғ. Қазақ тіл тарихынан. – Алматы, 1988. 196 б.
7. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы, 1966.
8. Жұбаева О. Персоналдылық категориясының құрамы. ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 5, 2003.
9. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы, I б. (фонетика мен морфология), Алматы, 1940.

С.ИСАЕВ ЖӘНЕ СӨЗ ТАПТАРЫ

С. С. Мұхтаров
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университеті,
Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы
Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ілімінің даму тарихына қысқаша шолу жасалған. Аталмыш теорияға ғалым С.Исаевтың қосқан үлесі жан-жақты талданған. Ғалымның тұжырымдары негізге алына отырып, сөз таптарының табиғатына біршама нақтылық енгізілген.

Түйін сөздер: сөз таптастыру, С.Исаев, грамматикалық мағына, сөз таптары.

Аннотация. В статье представлен краткий обзор истории развития учения о классификации частей речи в казахском языкознании. Подробно проанализирован вклад ученого С. Исаева в данную теорию. Основываясь на выводы ученого, автором в природу частей речи внесена некоторая конкретность.
Ключевые слова: классификация частей речи, С.Исаев, грамматическое значение, части речи.

Abstract. The article presents a brief overview of the history of the development on the doctrine of the classification of speech parts in Kazakh linguistics. The contribution of the scientist S. Isayev to this theory was analyzed in detail. Based on the scientist's conclusions, the author introduced some specificity into the nature of parts of speech.
Keywords: classification of speech parts, S. Isayev, grammatical meaning, parts of speech.

Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру мәселесі өзінің бастауын Н.И.Ильминскийдің 1960 жылы жарық көрген «Материалы к изучению киргизского (казахского – С.М.) наречия» атты еңбегінен бастау алады. Жалпы, XIX ғасырдың II жартысы қазақ тіл білімі тарихындағы ерекше кезең болып саналады. Бұл кезеңде қазақ тілі орыс түркологтары тарапынан жүйелі түрде зерттеліп, өз дәуіріне сай алғашқы ғылыми пікір, тұжырымдар айналымға түсті. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы белгілі дәрежеде қарастырылған бұл еңбектер М.Терентьев, Р.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский (*Терентьев М., 1875, б.75, Мелиоранский П.М., 1875, б.72, Катаринский В.В., 1987, б.196)* секілді т.б.түркітанушылар қаламынан туды. Бұл ғалымдар еңбектерінде қазақ тілі сөздері сол кезде жалпы түркологияда қалыптасқан жағдайға сай негізінен семантикалық принцип тұрғысынан таптастырылып, кей сөз табына қатысты ғана синтаксистік принцип қосымша қолданылды. Бұл еңбектерде синтаксистік белгі зат есім мен сын есімнің, сын есім мен үстеудің арақатынасына қатысты ғана ескерілді. Бұл түркологтар қазақ тілі сөздерін негізінен зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, жалғаулық, септеулік, үстеу, одағай деп тоғыз сөз табына ажыратты. П.М.Мелиоранский ғана зат есім мен сын есімді бір сөз табы ретінде есім деп атап, сегіз сөз табын көрсетеді.

Қазақ тілі сөздерін түрлі тапқа бөлген бұл орыс түркологтары еңбектеріне ортақ жайт – сөз таптарын, олардың санын ғана атау, қысқаша жасалу жолдары, түрленуі, бірқатар мағыналық топ, категорияларын көрсете отырып, сөз таптарына анықтама бермеу, тіл білімі салаларының ара-жігі айқын ажыратылмағандығы, бәрінің орыс тілінде, орыс тіл білімі үлгісінде, орыс тілімен салыстыра жазылғандығы болды. Дегенмен бұл зерттеулердің өз кезеңі үшін айтарлықтай жетістік екендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақ тіл білімінде сөз таптастыру теориясының дамуы барысында орыс түркологтары зерттеулерінен басталған бұл семантикалық бағыт XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы еңбегінде қазақ тілінде жалғасын тапты. Сол тұста қазақ халқының саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене арналасқан А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі еңбегі де айрықша болды. Ғалым қазақ тілі сөздерін мағыналық белгісіне қарай зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай деп тоғыз топқа бөледі (*Байтұрсынұлы А., 1992, б.189).* Қазақ тіл білімінің кейінгі дамуы барысында А.Байтұрсынұлының сөз

таптарын жүйелеуі, негізінен, терминдерімен қоса көп өзгеріссіз сақталып қалды. Бұның өзі сөз таптастыруда ғалым басшылыққа алған семантикалық принциптің түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі үшін қаншалықты маңызды екендігімен қатар, А.Байтұрсынұлының тілші ғалым ретіндегі қайталанбас талантының дәлелі болды.

XX ғасырдың 30-жылдары Қ.Жұбанов бастаған жаңа лектің қазақ тіл біліміне келуі сөз таптастыру мәселесінің теориялық мазмұнын толықтырып, жаңа сатыға көтерді. Бұл тұста алғашқы арнаулы мақалалар жариялана бастады. Қазақ тілі сөздерін түрлі топқа жіктеуде сөздердің мағыналық жағымен қатар құрылымдық (формалық, сөйлемдегі қызметі) жағы да ескеріліп, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптер орныға бастады. Қазақ тіл біліміндегі бұл жаңа бағыттың негізін қалаушы Қ.Жұбанов сөз таптастырудың аталған үш принципін енгізуімен қатар сөздердің семантикалық жағынан бір деңгейде орналаспайтындығы туралы терең теориялық қағиданы да тұңғыш айтқан ғалым болды (*Жұбанов Қ., 1999, б.*231). С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Т.Сауранбаевтар да сол кездегі еңбектерінде (*Жиембаев С., 1936, б.б.36-41, Аманжолов С., 1994, б.320, Сауранбаев Т., 1939, б.б. 67-77)* қазақ тілі сөздердің таптастыруда сөздердің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгісіне сүйенді. Бұл ғалымдарын бәрі сөз таптастыру принциптері жөнінде бір ауыздан семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілерді атай отырып, тек қай принцип жетекші, қай принцип қосымша деген мәселеде ғана аздаған пікір ауытқулар білдірді. Осылайша, бұл жылдары қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ісінде семантикалық-құрылымдық бағыт пайда болды.

Қазақ тіл білімінде 1940 жылдары басталған бір сөз табын жеке зерттеу нысанына айналдыру ісі де сөз таптастыру проблемасын шешу мәселесіне оң ықпалын тигізді. А.Ысқақовтың үстеуді, Ш.Ш.Сарыбаевтың одағайды, Р.Әміровтың жалғаулық, Ф.Кенжебаеваның септеулік және демеулік шылауларды, Ж.Шәкеновтың сын есімді, Ә.Хасеновтың сан есімді, А.Ибатовтың есімдік, Б.Ш.Кәтембаеваның еліктеуіш сөздерді сөз табы ретінде зерттеген еңбектерімен қатар *(Искаков А., 1953, б.84, Сарыбаев Ш.Ш., 1953, б.67, Амиров Р., 1954, б.96, Кенжебаева Ф., 1964, б.36, Шәкенов Ж., 1953, б.124, Хасенов Ә., 1954, б.157, Ибатов Ә., 1964, б.54, Катембаева Б.Ш., 1965, б.75),* әр сөз табының түрлі категориясын жеке зерттеу өзегі еткен ғылыми еңбектерде әрбір сөз табының семантикалық-құрылымдық табиғатын тереңірек тануға, сол арқылы олардың ара-жігін ажыратуға айқындық бере түсті.

1950 жылдар қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының дами түскен кезі болды. Сол кездерде жарық көрген арнаулы мақалалар, ұйымдастырылған пікірталас сөз таптастыру проблемасының сол тұста күн тәртібіне өткір қойылғандығын байқатады. Бұл кезеңде қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру мәселесіне белсене араласқан ғалым А.Ысқақов болды. 1950 жылы «Халық мұғалімі» журналының 9-10 нөмерлерінде ғалымның «Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру туралы» атты көлемді арнаулы мақаласы жарық көрді. Бұл ғалым да семантикалық-құрылымдық бағытты жалғастыра отырып, қазақ тіл біліміне 1930 жылдары енген сөз таптастыру принциптерінің дами түсуіне ішінара үлес қосты.

Ғалым морфологиялық принципті айта отырып, әрбір сөз табының түрлену жүйесіне байланысты қосымша қабылдау қабілеті ішінде сөз тудырушы жұрнақтардың да сөз табын айырудағы қызметін көрсетті. А. Ысқақов, сол сияқты, сөз таптастырудағы синтаксистік принципті айта отырып, әрбір сөз табының сөйлемде негізі және қосымша қызметі болатының ашып айтты. Ғалым кезінде Қ. Жұбанов айтқан идея ізімен сөз таптарын тарихи категория ретінде тани отырып, оларды таптастыруда саралану процесінің әлі жүріп жатқанын, бұл факторды сөздерді жіктеу ісінде мықтап ескеру керек екенін де айтып, дәлелдеп берді. Автордың алғаш рет еліктеуіш сөздерді одағай құрамынын ажыратып, жеке сөз табы ретінде қатарға қосуы да жаңалық болды.

А.Ысқақов сөз таптастыру теориясына қатысты жоғарыда айтылған ой-пікір, тұжырымдарын көп жылдар бойы түрлі еңбектерінде кеңейте түсіп, жариялап отыруы арқылы қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ісін әрдайым назарда ұстап, оның бағыт-бағдарын белгілеп те отырды

XX ғасырдың 90-жылдарында қазақ тілі біліміндегі сөз таптары теориясына елеулі жаңалық еңгізген ғалым С.Исаев болды. Ғалым еңбегі, ең алдымен, қазақ тіл білімінде граматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория секілді негізгі іргелі-іргелі грамматикалық ұғымдарды заманауи лингвистиканың даму дәрежесіне сай нақты анықтап, басын ашып беруімен салмақты екенін айтқан жөн. Тілге қатысты әдебиеттерде бұрын да жиі қолданылғанымен, мән-мағынасы айқын емес бұл грамматикалық ұғымдарды дұрыс түсінбеу салдарының сөз таптастыру проблемасында да бірқатар қателікке әкелгені белгілі болып отыр. Мысалы, бұрынғы зерттеу еңбектерде қазақ тілі сөздерінің алдымен атауыш сөздер, көмекші сөздер, кейде оларға үшінші топ одағайдың да қосылуы арқылы осылайша үш топқа жіктелуін «семантикалық және морфологиялық (формальдық) белгілеріне қарай» – деп түсініп келсек (*Ысқақов А., 1991, б.384),* С.Исаев тілдің лексикалық қабаты жігін нақты ажырату арқылы бұл түсінікті жоққа шығарады. «Бұндай түсініктің қателігі – тілдегі грамматикалық құбылыс пен лексикалық құбылыстың өзара айырмашылығын, олар тілдің бөлек-бөлек деңгейі екенін ажырата алмау болып табылады» – дей отырып (*Исаев С., 1998, б.285*), ғалым алдымен сөздерді жоғарыдағыдай үш топқа бөлуді сөздердің морфологиялық белгілерінің еш қатысы жоқ екендігі айтады, өйткені «атаушы сөздердің де түрленетіндері (зат есім, есімдіктің біразы, етістік) бар, түрленбейтіндері (сын есім, сан есім, есімдіктін кейбірі, үстеу) бар» (*Исаев С., 1998, б.285*), сол сияқты бұл көмекші сөздерге де тән, яғни көмекші есім, көмекші етістік түрленсе, шылау, електеуіш сөздер түрленбейді. Сондықтан, автор дұрыс айтып отырғандай, морфологиялық белгілердің тілдегі сөздерді атаушы, көмекші, одағай деп бөлуде негіз бола алмайтындығы шындық. С.Исаев лексикалық семантика мен грамматикалық семантиканы ажырату арқылы сөз таптарын «сөздердің грамматикалық (лексикалық емес) сипаттарына негізделген ортақ белгілері арқылы біріктірілетін грамматикалық топтары» - деп таныса (*Исаев С., 1998, б.286*), жоғарыдағы үш сөз тобын (атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай) лексика-семантикалық сипаты, белгілері арқылы жіктелгендіктен, оларды тілдің

лексикалық қабаты деңгейіндегі құбылыс деп түсінеді, демек «сөз таптары грамматикалық сипаттағы топ та, бұлар (атаушы, көмекші сөздер, одағай – С.М.) лексикалық сипаттағы сөздер» (*Исаев С., 1998, б.286*) болып табылады. Көмекші есімдердің сөз табы ретіндегі зат есімнің, көмекші етістіктердің лексикалық мағынасы бар-жоғына қарамастан етістік аясында қаралуы да сөз таптарының грамматикалық сипатттағы топ екендігін дәлелдейді.

С.Исаев сөзге грамматикалық негізгі өзек болатын грамматикалық мағынаның лексикалық мағынадан айырмашылығын көрсете отырып, оған (грамматикалық мағынаға) төмендегіше анықтама береді: «..Грамматикалық мағына – сөздің тым жалпы мағынасы, сол сөздің әр түрлі тұлғалар арқылы түрленуі нәтижесінде немесе басқа сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын және сөздердің бір-бірінен бөлмей, керісінше, белгілі бір грамматикалық топтарға ортақ қасиеттер арқылы біріктіретін жалпы мағыналары болып табылады» (*Исаев С., 1998, б.14*). Ғалым грамматикалық мағынаны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалдық сипатын анықтаудағы мәніне қарай *жалпы грамматикалық мағына, категориялық мағына, қатыстық грамматикалық мағына* деп іштей үшке бөлінеді. Автор жалпы грамматикалық мағынаның сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы арқылы, ғалымның өз сөзімен айтсақ, «грамматикалық формасыз-ақ ішкі семантиканың абстракциялануы, жалпылана түсуі арқылы» қалыптасу процесін дәл байқап, сөз таптастырудың семантикалық принципі негізінде осы жалпы грамматикалық мағына жатқанын айтады, яғни осы процесс нәтижесінде:

« 1) сөздердің семантикалық жақындығы;

2) ортақтығы пайда болып;

3) грамматикалық топтар құралады» – дейді. / *Исаев С., 1998, б.14*/.

Ғалым тілдегі грамматикалық формалар (қосымшалар) арқылы берілетін грамматикалық мағынаны *категориялық грамматикалық мағына* деп атайды. Автор категориялық грамматикалық мағынаны беруші формаларды белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің (сөз таптарының) түрлену жүйесі ретінде де танып, сөз таптастырудың морфологиялық принципі негізінде осы категориялық грамматикалық мағына жатқанына назар аударады. Ғалымның айтуынша, мысалы, шақтық мағына белгілі шақ тұлғалары, есімше, көсемше немесе қалып етістіктері, т.б. арқылы беріліп, етістіктің шақ категориясын жасауға негіз болады. Басқаша айтсақ, категориялық грамматикалық мағына әрбір жеке сөз табының түрлену жүйесін, парадигмалық сипатын анықтауы арқылы сөздерді түрлі тапқа жіктеуге морфологиялық принцип ретінде қызмет етеді.

Жоғарыда А.Ысқақовтың сөз тудырушы жұрнақтарды да сөз табын ажыратуда олардың (әр сөз табының) морфологиялық белгісі ретінде танитының айтқанбыз. С.Исаев сөзжасамға қатысты тілдік материалдарды талдау арқылы бұл пікірді жоққа шығарады. «…кез-келген сөзжасам қосымшасы тек бір ғана сөз табының шеңберінде өмір сүрмейді, бір ғана сөз табының грамматикалық көрсеткіші бола алмайды. Айталық, *-шы,-ші* қосымшасы тілімізде қаншама жаңа туынды жасаса да, біріншіден, тек зат есім түбірге ғана жалғанып қоймайды, етістік түбірге де (*жасау-шы, жарату-шы, қанау-шы* тап) жалғану мүмкіндігі

бар. Тіпті бір қосымшаның семантикалық сипатына сыймайтын фактілер де бар:*-ық, -ік, -к* қосымшасы, бір жағынан, есім (зат есім, сын есім т.б.) түбірге жалғанып, соған қатысты нақты қимылды білдіретін сөз тудырады, семантикасының жалпылануы арқылы ол сөз етістік болады: *қыз-ық* (бірдеңеге қызығу), *тар-ық, жол-ық, тоб-ық, бір-ік, көз-ік* т.б. екінші жағынан, қимылды білдіретін (етістік) түбірлерге жалғанып қимылдың атауы, қимылдың нәтижесі мәніндегі сөздер жасайды да, олар я зат, я сын есім болады: *қыз-ық* (қызық іс дегенде), *толы-қ, аш-ық, көл-ік, өл-ік, жасы-қ, сал-ық, бөл-ік* т.б.. Бұндай қосымшалар саны бірқыдыру», – дейді ғалым (*Исаев С., 1998, б.251*). Автор сондай-ақ грамматикаларда *зат есімнен зат есім жасайтын өнімді* жұрнақ деп беріліп жүрген *–шы, - ші*, қосымшасының зат есімнің көптік, септік, тәуелдік жалғаулары секілді барлық зат есімге жалғанып, грамматикалық абстракция жасай алмайтынын да сөзжасам қосымшалары сөз табының грамматикалық сипатын анықтайтын формалық көрсеткіші бола алмайтының көрсетеді. Сонымен қатар, біздіңше, бұл жерде сөз тудырушы жеке жұрнақтардың өнімді, өнімсіз қолданылу сипатының әр сөз табына қатысты әр түрлі екенін де ескеру керек секілді.

С.Исаев, осылайша, сөз таптастырудың негізінде жалпы грамматикалық мағына жатқан семантикалық принципін, негізінде категориялық грамматикалық мағына жатқан морфологиялық принципін, негізінде қатыстық грамматикалық мағына жатқан синтаксистік принципін басшылыққа ала отырып, қазақ тілі сөздерін түрлі топқа жіктейді. Ғалым осы принциптер негізінде өзі анықтаған сөз таптарын, бұрыңғы зерттеулерде айтыла беретіндей грамматикалық категория деп те танымайды, грамматикалық категория ұғымына нақты анықтама беруі арқылы автор сөз таптарын бұл өлшем сыртында қалдырады. Ғалымның сөз таптарына қатысты ой-тұжырымдарын талдау барысында, өзі ашып айтпаса да, оның сөз таптарын грамматикалық сипаттағы семантикалық-құрылымдық (немесе семантикалық-тұлғалық) топтары деп танитыны байқалады.

С.Исаев қорытынды пікірі ретінде қазақ тіліндегі он сөз табын көрсетеді:

1. Зат есім
2. Сын есім
3. Сан есім
4. Есімдік
5. Үстеу
6. Етістік
7. Електеу сөздер
8. Шылаулар
9. Одағай
10. Модаль сөздер *(Исаев С., 1998, б.293*).

Біз ғалымның модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде қатарға қосуын өте орынды деп ойлаймыз, себебі сонау 1958 жылы Е.Жанпейісов «Казіргі қазақ тіліндегі модаль сөздер» атты кандидаттық диссертациясында (бұл зерттеуде де модаль сөздер жеке сөз табы ретінде аталмайды) жан-жақты зерттеп шықса да, күні бүгінгі дейін сөз табының статусын ала алмай келеді. Ал модаль сөздердің Е.Жанпейісов өз зерттеуінде көрсеткен семантикалық-құрылымдық белгілеріне қарағанда, сөз табы деп тануға әбден болатын сияқты.

Модаль сөздер семантикалық белгісі жағынан (сөйлеушінің түрлі көзқарасын, сөйлемге түрліше грамматикалық мән беруі), синтаксистік белгісі жағынан (сөйлем мүшесі қызметін атқармауы) (сөз Е.Жанпейісов «группа вводно-модальных слов» деп бөліп көрсеткен *(Жанпейісова Е.Н., 1958, б.50),* грамматикалану дәрежесі біршама айқын *шамасы, мүмкін, әрине, рас, бәлкім*, секілді, т.б. «таза» модаль сөздер туралы болып отыр –С.М.) одағайға ұқсас жағын ескерсек, одағайдың жеке сөз табы ретінде танылып, модаль сөздердің жеке сөз табы болып танылмауы ешбір қисынға сыймайды. Ал, біз өз тарапымыздан жоғарыда аталған модаль сөздер тобының тұрақты синтаксистік белгісі ретінде *–ау, -ақ*, демеуліктерін тіркестіретінін айтар едік. Мысалы, *рас-ақ, бәсе-ау* т.б.. Сондықтан С.Исаевтың модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде тануы өте дұрыс деп санаймыз.

С.Исаев сөз таптастыруда бірден-бір қажетті ұғым грамматикалық мағына ұғымын да жан-жақты зерделеп, оны айқын қалыпқа түсірді. Грамматикалық мағынаны сөздің негізгі грамматикалық өзегі ретінде анықтай отырып, ғалым оны (грамматикалық мағынаны) жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын анықтаудағы мәніне қарай жалпы грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына деп іштей үшке бөледі. Ғалым және сөз таптастырудың белгілі үш принципі негізінде осы үш грамматикалық мағына (семантикалық принцип негізінде жалпы грамматикалық мағына, морфологиялық принцип негізінде категориялық грамматикалық мағына, синтаксистік принцип негізінде қатыстық грамматикалық мағына) жатқанын айтып дәлелдеді.

С.Исаев аталған принциптер негізінде қазақ тілі сөздердін таптастыра отырып, сөз таптарын бұрынғы зерттеулердегідей грамматикалық категория деп емес, сөздердің грамматикалық сипаттағы семантикалық-құрылымдық топтары ретінде таниды. Ғалымның модаль сөздерді де жеке сөз табы ретінде қатарға қосуы сөз таптастыру мәселесіндегі жаңалық болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. СПб. Тип.имп.АН 1875, Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. СПб.Тип.исп.АН. стр.72., Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка. Оренбург. Тип.к.Бреслина.1987.-196 стр.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, Ғылым, 1999.
4. Жиембаев С. Грамматикалық категориялар туралы. «Халық мұғалімі». 1936. №5-6. 36-41 б.б., Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А-ты. Санат, 1994. -320 б., Сауранбаев Т. Қазақ тіліндегі сөз таптары және олардың таптастырылуы туралы. // «Халық мұғалімі». 1939. №2.67-77 б.б.
5. Искаков А. Наречие в современном казахском языке. Дисс.на соис....канд.фил.наук.А-Ата.1953, Сарыбаев Ш.Ш. Междометие в казахском

языке. Дисс. на соис. ....канд.фил.наук. А-Ата. 1953, Амиров Р. Союзы в казахском языке. Дисс.на соис.канд.фил.наук А-Ата. 1954 ж., Кенжебаева Ф. Послелоги и частицы в современном казахском языке. Автореф.дисс.на соис.уч.ст.к.ф.н. А-Ата. 1964., Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. Фил.ғыл.канд.диссертация. Семей. 1953 ж., Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. Фил.ғыл.канд... диссертация. А-ты. 1954 ж., Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктер. Фил.ғыл.канд... диссертация. А-ты. 1964 ж., Катембаева Б.Ш. Подражательные слова в казахском языке. Дисс.на соис....канд.фил.наук А-Ата. 1965 г.

6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы. Мектеп. 1991 384 б..

7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы. Рауан. 1998. -304 б.

8. Жанпейісов Е.Н. Модальные слова в современном казахском языке. Дисс. ... канд.фил.наук. А. 1958.

ӨТКЕН ШАҚ ТҰЛҒАЛЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Б.Сапарова
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты.
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Шақ категориясының ішінде өткен шақ микроөрісінің мағына мен форма жағынан көпқырлы болуы оларды тануда тіл білімінде әлі күнге дейін мәселе туғызып жүр. Мақалада өткен шақтың морфологиялық көрсеткіштері жеке-жеке талданып, олардың терминдік атауларының дәлдігі контексте шақты дәл бере алуымен түсіндіріледі.

Түйін сөздер: өткен шақ, анықтық-танықтық, айғақты/айғақсыз, морфологиялық көрсеткіштер: -ды/-ді, -ып/-іп, -ған/-ген, -атын/-етін.

Abstract. Within the category of tenses, the multifaceted nature of the microfield of the past tense in terms of meaning and form is still a problem in linguistics. In the article, the morphological indicators of the past tense are analyzed separately, and the accuracy of their term names is explained by the fact that they can accurately give the tense in the context.

Keywords: past tense, definite-identity, evidential/non-evidential, morphological indicators: -ды/-ді, -ып/-іп, -ған/-ген, -атын/-етін.

Жалпы түркі тілдеріндегі өткен шақ күрделі де көп қырлы. Өткен шақтың семантикалық топтары мен мағыналық табиғатын анықтау мәселесіне арналған алғашқы еңбектер – А.Н.Кононовтың және Н.А.Баскаковтың зерттеулері. Қазақ тіл біліміндегі өткен шақ формалары туралы ғылыми көзқарастар А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен басталады.

Қазіргі қазақ тілінде етістіктің өткен шақ формалары басқа шақ түрлеріне қарағанда мағыналық жағынан да, формалық жағынан да бай. Өткен шақты жіктеу кезінде ғалымдардың кейбір топтары өткен шақты модальдық мәндері бойынша топтастырады, ал басқалары векторлық белгіні пайдаланады.

Өткен шақ осы уақытқа дейін болған немесе жасалып біткен әрекетті білдіретін етістік формалары. ***«Қазақ грамматикасы»*** грамматикалық еңбегінде етістіктің өткен шағы істің болып өткен мерзімі мен сөйлеушінің баяндау уақытының алыс-жақындығына қарай: ***а) жедел өткен шақ; ә)бұрынғы өткен шақ; б) ауыспалы өткен шақ*** деп аталатын ішкі үш мағыналық топқа жіктеледі.

Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінде шақтардың модальдық мағынасына ерекше мән беріп, сол мағыналық белгілеріне қарай жіктеген ғалым. Қ.Жұбанов өткен шақтың мағынасын сөйлеп тұрған кезден бұрын болған істі білдіру деп, оны тоғыз топқа бөледі: *айғақ өңді өткен шақ; аулақ өңді өткен шақ; мойындау өңді өткен шақ; күмән өңді өткен шақ; айғақ баяғылық; аулақ баяғылық; әдетше баяғылық; опық баяғылық; арман баяғылық* [1, б.353].

Ғалым Т.Қордабаев қазіргі грамматикаларда жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ деп аталатын түрлерін ***айғақты, айғақсыз өткен шақ*** деп ажыратады. Айғақты өткен шақ деп аталу себебі, баяндаушы немесе жазушы іс-әрекеттің болып-болмай қалғанына көзі әбден жеткендей, өзі басы-қасында көргендей сенімді түрде сөйлейді Оны өз ішінде *айғақты өткен шақтың жедел түрі* (-ды, -ді) және *айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі* (-ған, -ген, -атын, -етін, -ушы,-уші) деп жіктейді. Айғақсыз өткен шаққа күмән мәнді білдіретін формаларды жатқызады. Мысалы: *Қайырбек бұл кітапты кітапханадан алыпты* деген мысалда Қайырбектің кітапты кітапханадан алғанын айтушының өзі көрмеген, ол туралы басқа біреуден не Қайырбектің өзінен кейіннен білген дейді.

А.Ысқақов бірнеше семантикалық сипаттарын ескере отырып, «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында өткен шақ формалары ***анық (айғақты), танық (айғақсыз) және неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ*** болып жіктеледі. ***А.Ысқақов Т.Қордабаевтың*** айғақты және айғақсыз өткен шақ түрін анық және танық өткен шақ деп атайды, сонымен қатар айғақты, айғақсыз деп жақша ішінде көрсетеді. Өткен шақ категориясына неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ түрін қосады. Екі ғалымның да айғақты немесе анық, айғақсыз немесе танық өткен шақ формалары, аттары өзгеше болғаны болмаса, негізінен бірдей [2, б.323].

-ды/-ді қосымшасы барлық деректерде **жедел өткен шақтың** қосымшасы ретінде танылады және жедел өткен шақ түріне іс-әрекеттің жуық арада өткенін көрсетеді деген анықтама беріледі. Бірақ «жедел өткен шақ» терминінің өткен шақтың осы түрінің мәнін толық ашып бере алмайтынын атап өткіміз келеді. Мысалға *сөйледі, күлді* т.с.с. етістіктерді алсақ, мұнда істің жедел, тез өткенін емес, аталған әрекеттердің әлі аяқталмағанын, яғни *әлі сөйлеп тұрғанын, әлі күліп жатқанын* т.с.с. түсінеміз. Сондықтан осы мәндегі етістіктердің шағын атау үшін «жедел өткен шақ» деген атау сәйкес келмейтін секілді. Себебі берілген атау істің тез өтуі, кенеттен өтуі, жай өтуі сияқты реңктерін сипаттауға қарай бағытталып кеткен, бірақ ол реңктерін сипаттау үшін амалдың өту сипаты категориясы барын ескерсек, термин ұғымды дәл ашпай тұр деп айта аламыз.

Аталған аффикс қырғыз тілінде – **айқын өткен шақ**, өзбек, ұйғыр тілдерінде **анық өткен шақ** деп аталатынын ескере отырып, түркі тілдерінде шақтық атаулардың біркелкі болғаны дұрыс деген пікірді қуаттаймыз. Мәселен, өзбек зерттеушісі ***С.М.Муталлибов*** **өткен шақтың анықтық түрі** – іс-әрекеттің болған, болмағандығын айтушы анық, өз көзімен көргендігін білдіріп, етістіктің түбіріне -ди, -ти, -диң, -тиң, -туң; -дим, -тим аффикстері арқылы жасалатынын айтады.

1944 жылы шыққан ***Г.Бегалиев, Н.Сауранбаев*** еңбектерінде [3] **-ып** өткен шақ **«ескі өткен шақ»** деп аталған. Осы зерттеуде ғалымдар өткен шақты ***ескі өткен шақ, жедел өткен шақ, алыс өткен шақ, тиянақсыз өткен шақ*** деп жіктеп берген. Ал Қ.Кемеңгерұлы жіктеуінде **-ып/-іп** қосымшасы әрі айғақсыздық, әрі ежелгілік мағыналарын бірге беруге тырысқандығын төмендегі анықтамаларынан көре аламыз:

«а) действие или состояние, время которого точно неизвестно по давности или неопределенности; б) что известно по слуху».

Аталған қосымшаны **ескі өткен шақ/бұрынғы өткен шақ** деп атау, тек вектордың бойындағы орналасуына үйлесетіндігін, ал мәнмәтінде оның айғақсыздық мағынасын барын ескере отырып, Т.Қордабаев, А.Ысқақовтардың ұсынған анықтық/танықтық тұрғысынан атауларын алуымыз қажет секілді.

-ған/-ген қосымшасы бұрынғы өткен шақ көрсеткіштері ретінде барлық зерттеулерде дерлік көрсетілген. «Қазақ тілінің грамматикасы», Ғ.Әбуханов «Қазақ тілі», М.Сергалиев, А.Айғабылов, О.Құлкенова «Қазіргі қазақ әдеби тілі»[4] сияқты еңбектерде аталған қосымшадан бөлек **-ған еді, -п еді** түрілері көрсетілген. Ы.Маманов көрсетілген осы формаларды бұрынғы өткен шақ құрамында қарастырмай, **қатыстық өткен шақ** деп аталатын микрөріске енгізген [5].

Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастағанға дейінгі зерттеулерде осы **-атын/-етін** қосымшасы шақ көрсеткіші ретінде берілмейді. Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінде **-атын** қосымшасының *еді* көмекші етістігімен тіркесі **(-атын еді)** өткен шақ түрі ретінде қарастырылады. **-атын/-етін** жұрнақтарының жалаң түрін Қ.Жұбанов *кесімді келер шақ* деп түсіндіреді, ал І.Кеңесбаев, С.Аманжолов оқулықтарында бұл қосымша өткен шақтың көрсеткіші ретінде түсіндіріледі. Қ.Кемеңгерұлы **-атын/-етін** қосымшасын контекске қарай бірде келер шақты, бірде өткен шақты, бірде осы шақты білдіруіне байланысты *осы келер шақ есімше* деп атағанымен, шақ көрсеткіші ретінде танымаған.

А.Ысқақов **-атын, -етін, -ушы еді, -уші еді** формаларын *анық өткен шақ* формалары деп есептесе, Ы.Маманов бұл екі форманы *дағдылы өткен шақ* көрсеткіші деп таниды. Өткен шақты берудің бұл екі формасы ***Т.Қордабаев*** *айғақты өткен шақтың бұрынғы түріне* жатқызған. ***Қ.Жұбанов*** оларды өткеннің әдетше баяғылық түрі ретінде ерекшелейді. -атын, -етін тұлғасының дағдылы амал-әрекетті білдіруі оның аспектілік белгісін көрсетсе, оның екінші өткен шақтағы дағдылы әрекетті білдіруі оны шақтық мағына білдіретін грамматикалық көрсеткіш ретінде тануға әкелген.

Қорытынды. Өткен шақтың функционалды-семантикалық өрісінің негізгі ядросын құрайтын грамматикалық көрсеткіштерін жекелей талдау арқылы олардың мәнмәтіндегі мағыналарына терминдік атаулары қаншалықты сәйкес келетінін, қаншалықты дәл ашып, айқындап бере алатындығына немесе керісінше аша алмайтындығын дәлелдеуге тырыстық. Оқытуда да, зерттеуде де біраз қиындық тудыратын шақ түрі – өткен шақ болғандықтан, оның ұғынықты болуы бірінші терминдік атауынан басталу қажет деген қорытынды жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1996. – 362 б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
3. Бегалиев Ғ., Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1944. – 248 б.
4. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 212б7
5. Маманов И.С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640 б.

ПОЗНАВАТЬ СОСЕДЕЙ: К ЭТИМОЛОГИИ ЦИФР (ВВЕДЕНИЕ В ЯЗЫКОВИДЕНЬЕ)

О.О.Сулейменов
Директор Международного Центра сближения культур под эгидой ЮНЕСКО
Казахстан, Алматы

Аңдатпа. Мақалада Қытай, Шумер және Араб материалдарындағы кейбір сандар мен белгілердің этимологиясы мен семиозын зерттеуге тырысады. Қайта құру негізінде біздің дәуірімізге дейінгі 4-3 мыңжылдықтардағы ежелгі Қытай мен Шумер мәдениеттерінің байланысы дәлелденді. және олардың қоныс аударуының ықтимал себептерін анықтады. Күн нышаны сияқты белгінің эволюциясындағы мағынаның қалыптасу процесі де зерттелді, ол кейіннен жер әлемінің моделін білдіретін Орта мемлекет иероглифіне айналды. Мақалада көне тарихтан бастау алатын заманауи идеологиялардың тарихи шежіресін зерделеудің маңыздылығы айтылады.

Түйін сөздер: сандардың этимологиясы, ежелгі Қытай, иероглифтер, мәдениеттердің жақындасуы.

Abstract. The article attempts to study the etymology and semiosis of some numbers and signs on Chinese, Sumerian and Arabic material. Based on the reconstruction, the connection between the ancient Chinese and Sumerian cultures in the 4th-3rd millennium BC was proved. and traced the probable causes of their migrations. The process of meaning formation in the evolution of such a sign as the symbol of the sun, which subsequently evolved into the hieroglyph of the Middle State, denoting the model of the earthly world, was also studied. The article emphasizes the importance of studying the historical genealogy of modern ideologemes originating in ancient history.

Keywords: Etymology of numbers, ancient China, hieroglyphs, rapprochement of cultures.

Месяц назад Международный Центр сближения культур под эгидой ЮНЕСКО посетила Генеральный консул Китая г-жа Цзян Вэй. На этой встрече я рассказывал о том, как наш Центр может помочь китайским историкам объяснить происхождение иероглифа 日 – «солнце». Впрочем, синологи наверняка знают, что этот иероглиф I тысячелетия до н.э. происходит от более древнего ⊙ – «солнце» (II тысячелетие до н.э.)[3], который, в свою очередь, видимо, зависел от древнеегипетского ⊙ **Ra** – «бог-солнце» (III тысячелетие до н.э.).

Но пока неизвестно, почему египетский иероглиф оказался в китайской культуре, почему «солнце» пятнистое. Наш Центр Сближения Культур, где я работаю, уже добрался и до этих вопросов. И других – почему точка превратилась в горизонтальную черту?

Центр уже имеет ответы и на эти вопросы, и такой – почему Точка стала Чертой? Это произошло в I тысячелетии до н.э. Историки письма знают, что в тот период изменился сам характер иероглифического рисунка – плавные округлые линии превратились в прямые, угловатые. Так ⊙ – «солнце», 𓇳 –

[3] Название пока не восстановлено. (О.С.)

«луна» (II тыс. до н.э.). В I тыс. до н.э. – «солнце», – «луна». Толкуя эти изменения, мы можем понять, какое значение реформа письма имела для культуры и политики Китая.

Знак квадратного солнца, прежде чем стать гербом и знаменем нового Китая, вероятно, воспринимался толкователями священных иероглифов и как карта мира. Горизонтальная черта в ней, как они видели, обозначила территорию Китая. Метафора или математическая фигура? Но именно такое понимание, утвержденное государством, помогло возникнуть термину – Срединная Империя.

Другие этимологии этого названия, возможно, и есть, однако наша, определенно, заслуживает обсуждения.

Кроме того, черта эта, думаю, выражала стратегию развивающегося государства. Согласно ей, Срединной Черте предстояло полнеть, набираться массы, поглощая собой все пространства квадрата. Толкователи, работая со знаком, наверное, представляли варианты постепенного разрастания Черты. Предположим такие: .

О чем говорят цифры? О том, что китайская наука, вероятно, сопоставляла свой древний иероглиф «солнце» с древнеегипетским **Ra** – «бог-солнце», говорит немногое. Только то, что в политическом лексиконе появилось утверждение о пятитысячелетней культуре Китая. На чём основано это пятитысячелетие? Археологи пока нашли письменные артефакты четырех тысячелетий на китайской территории. Пятитысячелетние артефакты относятся только к древнеегипетской культуре.

Но как **Ra**, попал в Китай? Великий Шелковый Путь еще не начинался, случайный контакт, возможно, и был, но не в Третьем тысячелетии до новой эры.

…Если конференция о пятнистом солнце состоится, то мы представим там материалы, доказывающие, что в III тысячелетии до н.э. китайский этнос обитал неподалеку от Египта – в Двуречье, на берегах Тигра и Евфрата. Пополним сообщение Википедии о Шумере гипотезой, опирающейся на давно доказанные факты. Мы сказали о том, что в окружности, превращенной в квадрат, знакотворец Первого тысячелетия до н.э. видел уже не солнце, а модель земного мира. Не тогда ли черта стала пониматься и как ось, разделяющая мир восхода и заката. Великий Шелковый Путь соединил обе тогдашние империи – Срединную и Римскую, олицетворявших две половины мира.

Противоречия половин придали черте, делящей и соединяющей половины, новые определения. В том числе и такое – Ось зла. Какое из них особенно проявит свою энергию в нашем веке?

Мир должен знать о причинах вековечных духовных конфликтов, разделяющих народы. Сближение культур – основная задача ЮНЕСКО, а, значит, нам надо понять, почему они расходились. Культуры разошлись, неправильно поняв свои священные знаки. Такие, например: , . А «правильно» это как? Выяснением этого наш Центр и занимается.

…Перебрав еще несколько исписанных листов, я наткнулся на тот, который подсказал, о чем можно говорить на второй встрече с генконсулом.

На листе была написана китайская цифра **liu** – «шесть». Крупно начертана, как призыв вглядеться и увидеть еще что-то. И я понял – да, мне уже многое об этом иероглифе известно.

Пусть генконсул будет первым представителем КНР, кто узнает то, что когда-то открылось мне. Я не знаю трудов китайских ученых о генезисе цифр, в том числе и этой. Но теперь могу подсказать им несколько мыслей на этот счет. Прежде всего, выскажу предположение, что в составе, наверное, многоэтнического населения Шумера в IV и III тысячелетии до н.э. массово были и китайцы, активно проявлявшие себя в письменной культуре.

В Третьем тысячелетии до н.э. в Двуречье вторглись древние семиты. Это событие твердо датировано, и основные последствия его авторитетно описаны. Кроме некоторых подробностей. Например, такой. Нашествие древних семитов вызвало исход значительной части населения Двуречья и Шумера, прежде всего.

Шумеры поклонялись Венере. Но в составе его населения были и солнцепоклонники, чьи священные знаки вошли в письменность Шумера (например, **ud** – «солнце», **udu** – «бог-солнце» созданы не в Шумере).

Солнцепоклонники (а это, скорее всего, были китайцы и тюрки-огузы) пошли на восток, искать страну восходящего солнца.

Исход происходил, я полагаю, длительно. Может быть, десятилетиями. Китайцы и тюрки успели пообщаться и с древними семитами, оставив в их культуре явственные следы своего влияния.

Как и когда рождались арабские цифры? Недавно возникшая традиция заставляет считать, что в VII веке н.э.

Но, сравнивая ряды китайских цифр разных периодов I и II тысячелетий, я увидел явную зависимость арабских цифр от ранних китайских. Китайский знакотворец начал когда-то складывать черты-единицы в значимые фигуры. Первой такой цифрой-фигурой стал квадрат, обозначавший число четыре.

Когда инструментом счета были только пальцы конечностей, в письме использовалась черта-единица (палец руки). В каких-то культурах точка – единица (отпечаток пальца ноги). В шумерских надписях встречаются обе формы единиц. Другой главной цифрой пятиричного счета была ладонь или след ступни ( ). Двумя главными цифрами они были и в прашумерском: черта или точка – **i** – «единица», (или) – **u-** «пятерка».

Произошла первая культурная революция – переход от пятиричного счета на десятиричный. Этот переход очень красиво и грамотно пережили знакотворцы, создавшие латинские (т.е. римские) цифры, сохранив формы и значения первых главных цифр – **i** – «единица», – **u-** «пять», и, создав без напряжения новую главную цифру – просто удвоив старую пятерку (*)[4]. Пралатины, скорее всего, тоже входили в состав сложного населения Двуречья. В шумерском

[4] То, что названия первых главных цифр не стали числительными в латинском, говорит о том, что авторами «римских» цифр были не латиняне.

лексиконе проявляются пралатинизмы (в этимологическом словарике «1001 слово» я их привожу[5]).

В китайских цифрах также возникает «десятка», по-видимому, заимствованная у «соседей» пралатинян: косой крестик превратился в прямой: 十 – «десятка» (кит.). Другое происхождение этой цифры мне пока не видится.

В шумерской культуре переход от пятиричного счета к десятиричному вызвал сокрушительную перестройку цифр.

Шумерские знакотворцы не стали создавать новую главную цифру. Они просто на порядок повысили числовое значение старых главных числительных: 𒁹 – было «один», стало – «пять», 𒐐 **u** – было «пять», стало «десять». И цифровой ряд приобрел примитивно первобытный вид: **I II III IIII IIIII IIIIII** и т.д. до 𒐐 **u** – «десять».

Авторы «римских цифр» при переходе на десятичность сохранили вертикальную единицу, цифру пятерку и создали благодаря им несколько сложных – **IV, VI, VII, VIII**.

С древности до наших дней лишь китайцы сохранили первые шумерские числительные: **i** – «один», **u** – «пять». И цифры почти сохранились: единица стала горизонтальной чертой, а о «пятерке» сейчас поговорим.

…Китайский десятичный ряд создавался в несколько этапов. В одном из первых еще фигурировали самые ранние цифры черта-единица и угол-пятерка (𒌋 𒐐 𒐋), но далее их вытесняют натуралистически-складные: квадрат – «четверка», и *𒐖 – четверка плюс единица[6]. До нашего тысячелетия она дошла уже с прикрепленной единичкой 𒐗 – «пятерка».

Когда появилась эта лишняя черточка, прикрепляющая единицу к квадрату?

Могу допустить, что очень давно, еще в период затянувшегося исхода из Древней Передней Азии. Тогда эту пятерку усвоили те древние семиты, которым суждено было стать арабами и донести все эти и другие наработки до т.н. «арабских цифр». И какие же это были наработки?

Семитский грамматист принял прикрепляющую перемычку за полноценную черту-единицу и включил ее в число основных черт. И утвердил это свое открытие в окончательной форме цифры:

Пятерка превратилась в 𒐗: пересчитав все детали, грамматист выявил новое число – «шесть». (Такой и дошла ошибочная шестерка до арабских цифр.) И уже из нее тогда же пришлось добывать утраченную пятерку. Грамматист убрал одну из «единичек», показавшейся ему лишней, и возникла элегантная, открытая в обе стороны 𒐙.

Так из одной китайской искусственной пятерки возникли две арабские цифры.

Если кто-то предложит другие биографии этих первых арабских цифр, готов выслушать. Но, уверен, их просто нет.

…Вполне допускаю, что в пракитайском был и другой вариант шестерки.

---

[5] _____???

[6] К ранним складным я отношу и шестерку 𒁾 - пять плюс единица. (О.С.)

Мақалада орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты мынадай мәселелер қарастырылды: жекелеген терминдердің баламасы немесе аударылуы; орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы», «-ск- жұрнағы + -ий/-ая/-ое жалғауы», «-ов- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы», «не- приставкасы + түбір + -н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгілерінің аударылуы және т.б. Орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болатындығы, сонымен қатар қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz» электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Түйін сөздер: терминология, терминжасам, тележурналистика, жұрнақ, аударма.

Abstract. The purpose of the article is to identify ways of creating the most frequently used terminological combinations in Kazakh television journalism, the reasons for their non-compliance when translating them from Russian, alternative options, etc. At the same time, the analysis of linguistic problems arising in the process of translating suffixal term elements into Kazakh in the Russian language determines the relevance of the article.
The article considers the following issues concerning the equivalents of Russian terminological combinations in the Kazakh language: the equivalent or translation of individual terms; suffix "-н + endings -ый/-ая/-ое", "-ск - suffix + endings -ий/-ая/-ое", "-о-в- suffix + endings - ый/-ая/-ое", "не - prefix + root + suffix -н-+ endings -ый/-ая/-ое", etc.

When translating terminological combinations into the Kazakh language with different endings, each of them gets its own individual meaning, and the discrepancy between the terminological combinations used in Kazakh TV journalism with equivalents approved by the Republican Terminological Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan, registered in the electronic database, is revealed "Termincom.kz", with translations presented in industry terminology dictionaries.

Keywords: terminology, term formation, TV journalism, suffix, translation.

Кіріспе. XX ғ. 20-30-жылдары қазақ тілінің ұлттық терминшығармашылығының қалыптасу кезеңі саналады. Ұлттық терминологияның іргетасын қалаушы – Ұлт көшбасшысы А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамбетұлы, Т. Шонанұлы, Ж. Аймауытұлы, Ж. Күдерин, С. Қожанұлы, Е. Омарұлы, Қ. Кемеңгерұлы, А. Мамытұлы және т.б. қазақ білімпаздарының

жасаған терминдері мен ғылым салалары бойынша жазған және аударған еңбектері тіліміздің төл терминжасам кеңістігін қалыптастырды. Алайда Кеңес одағы кезеңінде «ортақ терминологиялық қор» қалыптастыру бағытындағы қасаң саяси қағида қазақ тілінің терминжасам жүйесін қасақана дағдарысқа ұшыратты. Бұл ойымызды филология ғылымдарының докторы, академик Ш. Құрманбайұлының мына сөзімен тұжырымдауға болады: «... Егер отызыншы жылдарға дейінгі алаш оқығандары секілді әр саланың терминдерін өз тілімізде жасауға үлкен мән беріп, бұл іске белсене араласып отырғанда қазір терминжасамның үлгілері орнығып, термин шығармашылығындағы төл тәжірибе мен ұлттық дәстүріміз қалыптасқан болар еді» [1,19].

Кез келген мемлекеттің формациялық жүйесі оның саяси өміріне ғана емес, ұлт тілінің әлеуетіне де ұзақ жылдар бойы әсер ететіні белгілі. Сондықтан болар, социалистік-тоталитарлық жүйені бастан кешкен біздің елімізде күні бүгінге дейін ұлттық терминология тиісті деңгейде міндетін атқара алмай келеді. Мысалы, орыс тіліндегі терминдердің тұрпат межесі мен мазмұн межесін сақтап қолдану үшін аударма процесінде, оның ішінде терминжасамда көп жағдайда калька тәсілі (толық/жартылай) жиі пайдаланылып келді. Осы себепті ұлттық терминологиялық қорымызда ұлт тілінде жасалған терминдердің үлес салмағы әліге дейін аз болып отыр.

Қазіргі уақытта «термин» ұғымы таза тілдік тұрғыдан ғана емес, таныммен байланысты, қатысым (коммуникация) теориясы негізінде қарастырылады. Мысалы, тілші-ғалым Б. Шустер «термин» ұғымын «когнитивтік лингвистика, прагматика тұрғысынан зерттеуді, сондай-ақ қазіргі жаңа тәсілдерге, соның ішінде социометрия арқылы анықтауға басымдық берген дұрыс» деп есептесе [2, 168], ғалым Э. Рохлина «термин» ұғымының әртүрлі анықтамаларының болуы, термин типтерінің жіктелуі, жүйелеу, стандарттау, біріздендіру секілді негізгі терминологиялық проблемаларға баса назар аударып, терминнің қолданыс аясындағы циклдік өрісін зерттеудің маңыздылығына тоқталады [3, 174-175].

Тілші-ғалым И. Усманов ғылыми терминологияның негізгі мәселелеріне және оларды шешудің басым тәсілдеріне, соның ішінде қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз ету аясында терминологияны стандарттауға баса назар аударады [4, 20].

Тілші-ғалымдар Б. Жонкешов пен А. Үдербаевтың пікірінше, терминнің жалпы қолданыстағы сөзден семантикалық айырмашылығы – терминнің ұғыммен байланысы, оның ғылым, техника, өндірістің белгілі бір саласына қатыстылығы [5, 31]. Демек, термин болу үшін сөз мағынасы біреу ғана болуға тиіс, ауыспалы мағынасы болмайды, термин нақты заттардың атауын ғана емес, ғылымның тар шеңберіндегі дерексіз ұғымдардың атауын білдіреді.

Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі жаһандану үрдісінің, ғылыми-техникалық прогрестің ықпалына байланысты қазақ телевизиялық журналистика саласы күн өткен сайын кірме сөздермен, жаңа терминдермен толығып отыр. Мемлекеттік тілде хабар тарататын телевизия мамандары жұмыс барысында қолданатын жеке сөздерден тұратын терминдер былайша топтастырылады: а) орыс тіліне еуропа тілдерінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: *митр,*

кран, студия, камера, сценарий, диафрагма, кадр, анонс және т.б.; ә) орыс тілінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: *наезд, отъезд, подача, наушник, , ушка, отводка, подводка* және т.б.; б) орыс тілінен еніп, қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: *шәпкі, плашкі, перебибкі, ушкі* және т.б.; в) қазақ тіліндегі баламасы бола тұра, қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқасы жарыса қолданылып жүрген терминдер: *звук – дыбыс, подводка – кіріспе, отводка – шегініс, клип – бейнебаян, реклама – жарнама, тема – тақырып* және т.б.; г) гибрид терминдер: *бейнематериал, бейнесюжет, видеобайланыс, бейнекамера, лайвтүсірілім, бейнеинженер* және т.б. [6].

Тілші-ғалымдардың зерттеуінше, аналитикалық тәсілмен жасалған терминдер дара терминдерден әлдеқайда басым, мысалы, еуропа тілдері терминологиясының 95%-ын құрайды. Ғалым С. Исакова зерттеу жұмысында мынадай мәліметтер келтіреді: «Ағылшын тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер жалпы терминологияның 70% көлемін құрайтынын дәлелдесе, ал орыс терминологиясындағы тіркесті терминдер терминологиялық қордың 77%-ын құрайды деп көрсетеді. Терминжасамда синтаксистік тәсіл өте белсенді түрде жұмсалады. Термин жасаудың бұл дәстүрлі тәсілі қазір де ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады» [7, 20]. Осы ретте қазақ телевизиялық журналистика саласының терминдік тіркестерінің қолданылу жиілігін, жасалу жолдарын, аудару барысындағы кемшіліктердің себептерін, балама нұсқаларын және т.б. айқындау осы мақаламыздың негізгі мақсаты ретінде алынып отыр.

Зерттеу жұмысында тележурналистика саласындағы тіркеспен келетін терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты жүргізілген анонимді сауалнамаға қатысқандар саны – 105 адам.

Зерттеу тәжірибесінде, алдымен, респонденттердің шығармашылық жұмыс тілі, жынысы, жасы, білімі, аймақ-өңірі сұралды. Сауалнамаға, негізінен, «Қазақ журналистері» (256 адам) және «Түркітілдес журналистер қоры» (175 адам) ресми форум-чатының телевизия мамандары, «100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырған «Ұлттық аударма бюросының» аудармашы-редакторлары, «Хабар», «КТК», «Қазақстан», «Первый канал Евразия» телеарналарының редактор-журналистері, «Ғылым ордасына» қарасты ғылыми институттардың қызметкерлері ерікті түрде қатысты.

Зерттеу жұмысы https://docs.google.com/forms/d/1 онлайн-сервисінде ұйымдастырылып, 2022 жылғы 8 ақпан мен 30 мамыр аралығында өткізілді /16 апта/.

Сауалнамада қойылған «Шығармашылық топтың жұмыс тілі қандай?» деген сауалға былайша жауап берілген: 91,4%-ы – «қазақ тілі», 7,6%-ы – «орыс тілі», 1%-ы – «аралас». Сауалнаманың бұл тармағы осы мақаланың ғана емес, жалпы қоғамның кез келген саласындағы аса маңызды мәселе болып саналады. Өйткені қазақтілді аудиторияға контент-материал әзірлейтін сала мамандарының жұмыс тілі – ең негізгі көрсеткіш. Ұлттық терминология мәселелерін тиімді шешу, ұйымдастыру-үйлестіру жұмыстарын жүйелеуде маңызды категория болып саналады (1-сурет).



Сурет 1. Шығармашылық ұжымның жұмыс тілінің көрсеткіші

Сауалнамадағы респонденттердің жас мөлшері жайлы тармақ Кеңес одағы кезеңінде білім алған мамандар мен Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан ұрпақтың тілдік санасы мен көзқарасындағы айырмашылықты айқындау мақсатында қолданылды. Мысалы, 41% – 26-35 жас аралығы; 28,6% – 36-45 жас аралығы; 22,9% –18-25 жас аралығы; қалғаны 56 жас және одан жоғары екенін байқауға болады (2-сурет).



Сурет 2. Респонденттердің жас мөлшерінің көрсеткіші

Үшінші сауал респонденттердің жынысына қатысты қойылды: 65,7% – әйел адам, ер адамдар үлесі – 34,3% (3-сурет).



Сурет 3. Респонденттердің жынысы бойынша көрсеткіш

Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 94,3%-ы – жоғары білімді болса, орта, орта кәсіптік білімі бар қатысушылардың көрсеткіші аз болды (4-сурет).



Сурет 4. Респонденттердің білімі бойынша көрсеткіш

Сауалнамаға қатысушылардың арасында Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында қызмет етіп жатқан мамандардың саны басымырақ болды. Оның себебі де белгілі: мәдени орта, қоғамдық қызмет және т.с.с. Сондай-ақ Атырау, Қызылорда, Павлодар, Талдықорған, Өскемен қалаларынан қатысушылардың да үлесі жоғары болды (5-сурет).



Сурет 5. Сауалнамаға қатысқан өңірлер көрсеткіші

Талқылау мен бақылау. Сауалнамаға қатысушыларға орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламалары беріліп, «Қай нұсқаны қолданасыз?» деген сауал қойылды. Тіркесті терминдердің бекітілген терминдер тізіміндегі, кәсіби сала мамандары қолданып жүрген нұсқаларын көрсетумен қатар өзіндік ұсыныс-пікірлерін білдіру үшін «Өз таңдауыңыз» тармақшасы берілді. Сауалнамада орыс тіліндегі бір сыңары «түбір + **-н-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» (ішінара «түбір + **-ск-** жұрнағы **+ -ий/-ая/-ое** жалғауы»; «түбір **+ -ов-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы», **«не-** приставкасы + түбір + **-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы») үлгісімен келетін аналитикалық тәсілмен жасалған жиі қолданыстағы тіркесті терминдер мен олардың қазақ тіліндегі баламалары таңдап алынды (1-кесте).

Кесте 1. Сауалнама нәтижелері бойынша қысқаша ақпарат

№	Термин атауы	Қазақ тіліндегі бекітілген нұсқасы	Сауалнама бойынша жиі қолданылатын нұсқа
1	рекламный ролик	Жоқ	жарнама ролигі
2	телевизионная команда	Жоқ	телевизия ұжымы
3	рекламный текст	жарнамалық мәтін	жарнама мәтіні
4	монтажный лист	монтаждау парағы	монтаж парағы

5	сценарный план	Жоқ	сценарий жобасы
6	петличный микрофон	ілгекті микрофон	ілмек микрофон
7	закадровый текст	Жоқ	кадр сыртындағы мәтін
8	эксклюзивный материал	эксклюзивтік атериал	эксклюзивті материал
9	эфирное время	эфир уақыты	эфир уақыты
10	дикторский текст	дикторлық мәтін	диктор мәтіні
11	телевизионный екламный налог	Жоқ	тележарнама салығы
12	призматическая тановка	Жоқ	призматикалық қондырғы
13	негативная пленка	негативтік таспа	негатив таспа
14	радиовещательное борудование	Жоқ	радиохабар тарату ндырғысы
15	видеомонтажный мплекс	Жоқ	бейнемонтаж кешені
16	гибридная сеть	гибридті желі (будандасқан үйе/желі)	гибридті желі
17	эфирные помехи	эфирлік (эфирдегі) әгеуілдер	эфирдегі бөгеуілдер
18	нелинейный монтаж	Жоқ	жүйесіз монтаж
19	линейный монтаж	Жоқ	жүйелі монтаж
20	телевизионный эффект	Жоқ	теледидар әсері

Қандай да бір тілдегі терминді екінші тілге аудару үдерісінде аударатын (шығыс) тілдегі сөзжасамдық (терминжасамдық) тілдік бірліктің баламасы ретінде оның аударылатын (кіріс) тілдегі мағынасын беретін тілдік бірлік қолданылады. Мысалы, орыс тіліндегі «**-н-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісімен келетін терминдер қазақ тіліне **-лық** және **-лы** қосымшасымен аударылып жүр. Төмендегі кестеде орыс тіліндегі аталған үлгімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ретінде қосымшалардың қолданылу шкаласы көрсетілді (2-кесте).

Кесте 2. Орыс тіліндегі «**-н-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне аударылуы

Сауалнама нәтижесінде алынған ақпаратқа (1-кесте) лингвистикалық талдау жасау барысында орыс тіліндегі «**-н-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліне бірнеше нұсқада аударылатыны анықталды. Мысалы, сауалнамадағы «Рекламный текст. Қай нұсқаны қолданасыз?» деген сұраққа респонденттердің 76,2%-ы – «жарнама мәтіні»

нұсқасы деп жауап берсе, «жарнамалық мәтін» нұсқасын таңдағандар саны – 20% болды. «Termincom.kz» сайтындағы (https://termincom.kz, 2019) «Мәдениет және өнер» саласында «жарнамалық мәтін», ал «Экономика және қаржы» бөлімінде «жарнама мәтіні» деп аударылған. Сауалнама қорытындысы көрсеткеніндей, орыс тілінен калька тәсілімен аударылатын сөздерге жалғанатын өнімді жұрнақтардың бірі **-лық/-лік** қосымшасын «түсіріп» қолдану құбылысы жиілей бастаған және осыған байланысты уақыттың өтуімен «жарнама мәтін» нұсқасы басымдық алады деп ойлаймыз.

Осы ретте орыс тіліндегі «рекламный текст» тіркесті терминінің баламасы ретінде қазақ тележурналистикасында кеңінен қолданылып жүрген «жарнамалық мәтін», «жарнама мәтіні» және «жарнама мәтін» деген тіркесті терминдердің анықтамаларына назар аударайық.

«**Рекламный текст (жарнамалық мәтін)** – жарнамалық мәтінді тексеру кезінде көптеген қажетті деталі, фирмалық және тауарлық, кейде жарнамалық ұраны да жасырын ұсталады. Сондықтан да мәтінде қатысушылар жарнама фирмасы мен оның өнімін анықтауы тиіс» [9,261].

«**Текст для рекламы (Рекламный текст)»** – это текст, содержащий рекламную информацию, отличающийся следующими признаками: содержит информацию о физическом или юридическом лице; товарах, идеях и начинаниях; предназначен для определенного круга лиц; это не просто горка эпитетов, приправленных призывами к действию и ограничениями по времени. Хороший рекламный текст сродни гениально написанной картине – будет собирать вокруг себя толпы людей.» (https://scienceforum.ru/2016/).

«**Жарнама мәтіні»** тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі қажет. Ал ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады» (https://massaget.kz/qaarc/qa/13058/, 2015).

Берілген анықтамаларға сүйенсек, мынадай қорытынды жасауға болады:

1) Жарнамалық мәтін – тұтынушы назарына ұсынылмаған, концепция күйінде әзірленген жоба-үлгі. Мұндағы «жарнамалық» сөзі – «жарнама» зат есіміне **-лық** жұрнағын жалғау арқылы жасалған қатыстық сын есім, яғни «жарнамалық мәтін» тіркесті термині «жарнама жасауға арналған мәтін» деген мағына береді.

2) Жарнама мәтіні – концепция түрінде жасалған, барлық талаптар мен өтініштер қарастырылған, жұртшылық назарына ұсынылуға дайын мәтін үлгісі. Мұндағы «жарнама» сөзі, бір қарағанда, түбір тұлғалы зат есім сияқты көрінгенімен, мұндағы **-ның** ілік септігінің жалғауы нөлдік формада қолданылып, яғни «жасырын» қолданылып, тәуелдік тұлғалы «мәтіні» зат есімімен изафеттік тәсіл арқылы тіркескенде меншіктік қатынасты білдіреді, яғни «жарнама(-ның) мәтіні» тіркесті термині «жасалатын немесе жасалған жарнаманың мәтіні» деген мағына береді.

3) Жарнама мәтін – орфографиялық-стилистикалық тексерістен өткен, ел назарына ұсынылған, өнім түріндегі жария мәтін түрі. Мұнда «жарнама» түбір тұлғалы зат есім «мәтін» түбір тұлғалы зат есіммен қабыса байланысып, «жарнама мәтін» тіркесті термині біртұтас атауыштық терминге айналған.

Сөзжасамдық **-лық/-лік** және **-лы/-лі** формантының қатысуымен жасалған терминдік зат және сын атауларына көптеген мысал келтіруге болады: *жарнамалық ролик – жарнама ролигі – жарнама ролик; эксклюзивтік ақпарат – эксклюзивті ақпарат – эксклюзив ақпарат* (4-кесте) және т.б.

Мұндағы орыс тіліндегі «рекламный ролик» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасын талдап көрейік: «жарнамалық ролик» – қандай да бір затты жарнамалауға арналған ролик; «жарнама ролигі» – жасалатын немесе жасалған жарнаманың ролигі; «жарнама ролик» – жарнама ретінде қолданылатын ролик (біртұтас атауға айналған). Сондай-ақ орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасы мынадай: «эксклюзивтік ақпарат» – қандай да бір ерекше әсер тудыруға арналған ақпарат; «эксклюзивті ақпарат» – қандай да бір ерекше, айрықша ақпарат; «эксклюзив ақпарат» – қандай да бір ерекше ақпаратқа берілетін біртұтас атау. Демек, орыс тіліндегі «рекламный ролик» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «жарнамалық ролик», «жарнама ролигі», «жарнама ролик», орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «эксклюзивтік ақпарат», «эксклюзивті ақпарат», «эксклюзив ақпарат» тіркесті терминдерінің өз алдына жеке-жеке мағынасы болады.

Кесте 4. Орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылуы



Жоғарыдағы талдаулардан көріп отырғанымыздай, **-лық/-лік** және **-лы/-лі** қосымшасының термин жасауда өзіндік грамматикалық-семантикалық ерекшеліктері болады. Осы орайда «Қазақ грамматикасы» еңбегінде **-лық/-лік** және **-лы/-лі** форманттарының шығу тегі туралы айтылып, **-лы/-лі** жұрнағы **-лық/-лік** аффиксінің қысқартылған тұрпаты, фонетикалық дамуының нәтижесі

ретінде қарастырылады. [13, 232-347]. Демек, бұл жұрнақтардың күні бүгінге дейін белгілі бір деңгейде бірінің орнына бірі жұмсалып, терминдердің фонетикалық жарыспалы нұсқасының қалыптасуы әрі тарихи, әрі лингвистикалық-эволюциялық түрткіжайттардың (фактор) әсерінен болуы мүмкін деп тұжырымдауға болады.

Сын атауларын жасайтын **-лық/-лік** және **-лы/-лі** сөзжасамдық форманттарының қатысты және сапалық сын есім жасайтын семантикалық сәйкестігімен қатар өзіндік сөзжасамдық және сөз түрлендіруші қызметінде ерекшеліктер болады. Мәселен, а) **-лық/-лік** аффиксі әрі сын есім, әрі зат есім жасауда ерекше белсенді болса, **-лы/-лі** жұрнағы сын есім ғана жасайды; ә) **-лық/-лік** жұрнағы арқылы жасалған қатыстық сын есім өзі анықтайтын зат атауын өзінің «мағыналық құрамына сыйдырып», зат есімге айналады, мысалы, «адамдық» зат есімі «адамдық қасиет» сөз тіркесінің мағынасын білдіреді; б) **-лы/-лі** жұрнағы негізінен қатыстық сын есім тудырып, заттың белгісін, меншіктілігін, белгілі бір нәрсенің білдіреді; в) **-лық/-лік** және **-лы/-лі** жұрнақтары негізінен зат есімдерге жалғанып, сындық мағына тудырса, **-лық/-лік** жұрнағы сан есімге (*жетілік, төрттік*), **-лы/-лі** жұрнағы модаль сөзге жалғанып (*керекті кісі*) сындық мағына тудырады; г) **-лы/-лі** жұрнағы әсіресе тіл білімі терминдерін жасауда белсенді келеді: *хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем, есімді тіркес, етістікті тіркес, тұрақты тіркес, түйдекті тіркес, дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, сабақты етістік, шартты рай, дауысты дыбыстар, үнді дауыссыздар, үйірлі мүше, күрделі сөз, қанатты сөз, нүктелі үтір* және т.б.; ғ) **-лық/-лік** қосымшасы мәнмәтіндік туынды формалар (*кітаптық қағаз, көйлектік мата, үйлік ағаш, көрпелік мата, есіктік ағаш)* туғызады; д) **-лы/-лі** қосымшасы кез келген зат есімге жалғанып, иелік, барлық мәнді сөйлеу формаларын (*үйлі болу, кітапты болу, көйлекті болу, телефонды болу, сөмкелі адам, қызыл көйлекті қыз* және т.б.) жасайды; е) **-лы/-лі** қосымшасы алдымен қатыстық сын есімдер жасайды да, мұндай қатыстық сын есімдер тілдің даму процесінде сапалық сындар қатарына өтеді (*салмақты, тәрбиелі, мейірімді, көргенді, білімді*), ал **-лық/-лік** қосымшасы арқылы жасалған қатыстық сын есімдер сапалық сынға өтпейді. Сонымен қатар **-лық/-лік** формантының бірде зат есім тудыру, бірде сын есім тудыру, тіпті, есімше тұлғаларынан кейін де жалғануы оның әмбебаптығын көрсетеді және **-лық/-лік** қосымшасы үстейтін мағына мәнмәтінге байланысты болады [14, 20-22]. Демек, **-лық/-лік** және **-лы/-лі** қосымшасы көпфункциялы қызмет атқарады: түбір сөз бен сөз формасына жалғанып, сөзжасамдық та, грамматикалық та мағыналар тудырады. Қолданыста бұл қосымшалардың сөз түрлендіруші, форма тудырушы қызметі басым келеді. Аталған **-лық/-лік** және **-лы/-лі** қосымшасының терминжасамдық қызметі осы жинақталып көрсетілген ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «**-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне **-дегі/-дағы** қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ ретінде саналып жүрген қосымшамен аударылу деректері де кездесті. Мысалы,

«эфирные помехи» терминдік тіркесі салалық терминологиялық сөздіктерде қазақ тіліне «эфирлік бөгеуілдер» және «эфирдегі бөгеуілдер» терминдік тіркесімен, сондай-ақ «эфирдің бөгеуілдері», «эфир бөгеуілі» деген нұсқада да аударылады. Біздің ойымызша, «эфирдегі бөгеуілдер» нұсқасы терминдік тіркестің анықтамасына сай келеді деп санаймыз.

Осы жерде **-дегі/-дағы** қосымшасын **-де/-да** жатыс септігінің тұлғасы, ал **-гі/-ғы** функционалды жұрнақ деп бөлетін көзқарасқа [16, 9] қосылатынымызды айта кеткіміз келеді.

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «**-ск-** жұрнағы **+ -ий/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне негізінен **-лық/-лік** қосымшасымен, сондай-ақ **-лы/-лі** жұрнағымен және нөлдік формамен аударылатыны анықталды. Мысалы, орыс тіліндегі «дикторский текст» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «дикторлық мәтін» тіркесі бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «диктор оқитын мәтін», «диктор мәтіні» сөз тіркестері қолданылады. Сондай-ақ «риторический запрос» – «шешендік сұрау», «ритмическая верстка» – «ырғақты верстка», «ромбическая антенна» – «ромбы антенна» және т.б. қолданыстары кездеседі [15].

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «**-ов-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне әртүрлі тәсілдер арқылы аударылатынын байқадық. Мысалы, «закадровый текст» – «кадр сыртындағы мәтін», «внутрикадровый монтаж» – «кадр ішіндегі монтаждау», «кадрішілік монтаждау», «текстовая информация» – «мәтіндік ақпарат», «световая реклама» – «жарықты жарнама» және т.б.

Сауалнамада орыс тілінде **«не-** приставкасы + түбір + **-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліне **-сыз/-сіз** қатыстық сын есім тудырушы жұрнағымен, сөз алдынан келетін **бей-** қосымшасымен, **-лық/-лық** қосымшасынан кейін **емес** болымсыз көмекші етістігінің келуімен аударылатыны анықталды. Мысалы, орыс тіліндегі «нелинейный монтаж» тіркесті термині қазақ тіліне «сызықтық емес монтаж», «бейсызық монтаж», «сызықсыз монтаж», «жүйесіз монтаж» түрінде аударылады.

Сауалнама нәтижесінде орыс тіліндегі тіркесті терминдерді қазақ тіліне аудару үдерісінде олардың құрамындағы жекелеген сөздердің (терминдердің) түрліше аударылатыны анықталды. Мысалы, «гибридная сеть» термині (толық атауы: гибридті талшықты-коаксиалды желі (HFC)) 2019 жылы «гибридті желі» деп бекітілген. «Мәдениет және өнер» саласында «будандасқан жүйе (желі)» деген нұсқасы қолданылады. Дегенмен «гибридті желі» нұсқасы кең қолданыста екені байқалады: 55,2% респондент «гибридті желі» деп қолданады, ал 28,6% қатысушы «гибрид желі» дегенді таңдаған. Сауалнамада сондай-ақ «будандасқан желі», «будан желі», «аралас желі», «гибридтік желі» деген ұсыныстар да кездеседі. Бірақ «гибрид» компонентінің қолданысы басым.

Сауалнамада берілген «негативная пленка» терминіне берілген «жағымсыз таспа» нұсқасын көпшілік қолдаған. Мұның себебі осы терминнің: «инверттелген суретті бейнеге кескіннің реңкі мен түсі түпнұсқадағы реңкі пен

түсіне қарама-қарсы берілетініне» деген анықтамасына байланысты болса керек. Нәтижеге назар салсақ, 36,2% маман «негатив таспа», 33,3% респондент «негативтік таспа», 23,8% қатысушы «негативті пленка» деп қолданған. Және «негатив үлдір» баламасы да қолданыста бар екенін байқауға болады. Бекітілген терминдер сайтында «негативтік таспа» баламасы бекітілген. Сондай-ақ «таспа» термині «лента» және «пленка» терминінің баламасы ретінде қолданылады. Осы ретте телевизиялық журналистика саласында жарыса қолданылып жүрген «пленка» терминін «үлдір», «лента» терминін «таспа» түрінде біріздендіру керек деп ойлаймыз.

Сонымен қатар «сценарный план» терминдік тіркесі «сценарлық жоба», «сценарий жобасы», «сценарийлік жоба», «жоба сценариі» сөз тіркесімен; «петличный микрофон» терминдік тіркесі «ілгекті микрофон», «ілгек микрофон», «ілмек микрофон» сөз тіркесімен; «видеомонтажный комлекс» терминдік тіркесі «бейнемонтаж кешені», «видеомонтаждау кешені», «бейнеқұрастырылым кешені» сөз тіркесімен; «радиовещательное оборудование» терминдік тіркесі «радиохабар таралымы қондырғысы», «радиохабар тарату қондырғысы» сөз тіркесімен; «телевизионный рекламный налог» терминдік тіркесі «тележарнамадан алынатын салық», «тележарнама салығы», «тележарнамалық салық» сөз тіркесімен аударылған.

Сауалнамада берілген орыс тіліндегі «телевизионный эффект» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламаларына былайша дауыс берілген: 50,5% – «теледидар әсері», 20% – «телеәсер», 12,4% – «теледидардың эффектісі». Сондай-ақ орыс тіліндегі «телевизионный эффект» тіркесті терминін қазақ тіліне аудару бойынша мынадай ұсыныс-пікір жазылған: «теледидардың әсерлілігі», «теледидар эффектісі», «теледидардың эффектісі», «телевизиялық эффект», «телевизия әсері», «теледидардың әсері», «телеэффект», «спецэффект».

Termincom.kz сайтында «телефотоэффект», «эффект телевидения» / «телевидениенің әсері» берілгенімен, «телевизионный эффект» нұсқасы көрсетілмеген. Соңғы кездері кірме сөздерді жартылай калькалау тәсілінде (өзге тілдегі сөз үлгісін жартылай игеру) **теле-** қосымшасы «телевизия» терминінің қысқартылған формасында, «телеарна, теледидар, телевизия» сөзімен алмастырылып, қолданылып жүр: *телесабақ, телеұжым, телеэффект* және т.б.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты мынадай мәселелер туындайды: 1) бір сөздің бірнеше нұсқада аударылуы («эффект» – «эффект», «әсерлілік», «әсер»; «нелинейный» – «сызықсыз», «жүйесіз», «гибрид» – «будандасқан», «будан», «аралас», «гибридтік», «пленка» – «таспа», «үлдір»; 2) орыс тіліндегі «**-н-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-лық/-лік** жұрнағымен («рекламный текст» – «жарнамалық мәтін»); ә) **-лы/-лі** жұрнағымен («линейный монтаж» – «сызықты монтаж»); б) **-лау/-леу** қосымшасымен («монтажный лист» – «монтаждау парағы»); в) **-дегі/-дағы** қосымшасымен («эфирные помехи» – «эфирлік бөгеуілдер»); г) **-дың/-дің** ілік септік тұлғасымен («телевизионный эффект» – «теледидардың әсерлілігі»); ғ) ілік септік тұлғасының нөлдік формада қолданылуымен («рекламный ролик» – «жарнама

ролигі»); 3) орыс тіліндегі «**-ск-** жұрнағы **+ -ий/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-лық/-лік** жұрнағымен («дикторский текст» – «дикторлық мәтін»); ә) **-лы/-лі** жұрнағымен («ритмическая верстка» – «ырғақты верстка»); б) нөлдік формамен («ромбическая антенна» – «ромбы антенна»); в) сипаттамалы түрде («дикторский текст» – «диктор оқитын мәтін»); 4) орыс тіліндегі «**-ов-** жұрнағы **+ -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-лық/-лік** жұрнағымен («текстовая информация» – «мәтіндік ақпарат»); ә) **-лы/-лі** жұрнағымен («световая реклама» – «жарықты жарнама»); б) сипаттамалы түрде («закадровый текст» –«кадр сыртындағы мәтін»); 5) орыс тіліндегі **«не-** приставкасы + түбір + **-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-сыз/-сіз** қосымшасымен («нелинейный монтаж» – «сызықсыз монтаж»); ә) сөз алдынан келетін **бей-** қосымшасымен («нелинейный монтаж» – «бейсызық монтаж»); б) **-лық/-лық** жұрнағынан кейін **емес** болымсыз көмекші етістігінің келуімен («нелинейный монтаж» – «сызықтық емес монтаж»); 6) тіркесті терминнің біріккен сөз ретінде аударылуы («монтажный лист» – «монтажпарақ»); 7) кейбір тіркесті терминдердің қысқарған формада қолданылуы («телевизионный эффект» – «телеәсер»); 8) сондай-ақ қазақ тіліндегі бір сөз орыс тіліндегі бірнеше сөздің баламасы ретінде қолданылады («таспа» – «лента», «пленка»); 9) орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болады (жарнамалық мәтін, жарнама мәтіні, жарнама мәтін), бұл қазақ тіліндегі қосымшалардың сөзжасамдық ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. Зерттеулер, оқулық, сөздік. Библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 928 б.

2. Schuster, B.M. (2019). «The contribution of terminology research to the understanding of science communication». Science Communication, Berlin, Boston: De Gruyter Mouton. – P.167-186.

3. Rokhlina, E., Abramova, E. (2019). Problems and prospects of systematization of general scientific terminology. Bulletin of the Cherepovets State University, 2. – P.173-185.

4. Usmonov, Y., Usmonova, Z. (2020). The role and importance of terminology in the study of specialized language. International journal on economics, finance and sustainable development ISSN (Electronic): 2620-6269/ ISSN (printed): 2615-4021. – P.19-23.

5. Жонкешов Б., Үдербаев А. География саласындағы қазақ тілінің баламасыз терминдері / ҚазҰУ Хабаршысы, №4 (180), 2020. – 30-36-бб.

6. Мамбетова М., Таубалдиев М., Құлманов С. Тележурналистика терминдерінің қолданысы: статистикалық талдау және тұжырым // *Абылай хан атындағы* Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №2 (65) – Алматы, 2022.

7. Исакова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері. Канд. диссертация. – Алматы, 2002. – 22 б.
8. https: termincom.kz электрондық базасы (ҚР)
9. Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.
10. https://scienceforum.ru/2016/article, 2016 Ғылым-білім сайты (РФ)
11. https://massaget.kz/qaarc/qa/13058/, 2018 Электрондық портал
12. Фотоника: Словарь терминов /Т.Е. Ковалевская, В.Н. Овсюк, В.М. Белоконев, Е.В. Дегтярев; Под ред. В.Н. Овсюка. – Новосибирск: Издательство СО РАН, 2004. – 342 с.
13. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
14. Жаңабекова А. Функционалды қосымшалар: Монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2016. – 112 б.
15. Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. Казахско-русско-английский справочный словарь терминов. Mass media и телекомуникций. Kazakh-russian-english references glossary. Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ.Тұрсын – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 632 б.
16. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі қызметтік морфемалар сөздігі. – Алматы, 1992. – 44 б.

ENGLISH LANGUAGE HYBRID WORDS IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

Ainur Nessipbay
Doctorate student of Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey

Аңдатпа. XX ғасырдың 90-жылдардың ортасында жалпы жаһанданудың нәтижесінде жаңа терминдер мен ұғымдар тілге қарқынды енгізіле бастады. Кез келген тілді алып қарасақ сөздік құрамы үнемі жаңарып, толығып және жаңаланып отырады. Елімізде соңғы жылдары жүріп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени-әлеуметтік салалардағы өзгерістер, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастық қатарына кіруі, сонымен қатар еліміздегі үш тілдік тұғыр саясаты тілімізге көптеген өзгерістер әкелуіне себеп болды, атап айтқанда тілімізге ағылшын тілінен енген кірме сөздердің саны күрт өсті.

Бүгінгі таңда кірме сөздер ассимиляциясы және оларды қазақ тілінің нормаларына сәйкестендіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ал қазіргі қазақ тіліндегі будан сөздер мәселесіне келетін болсақ, будан терминдер тек отандық ғалымдардың ғана емес сонымен қатар шетел ғалымдарының зерттеу нысаны болып жүр. Соңғы жылдары будан терминдер қазақ тіліне қарқынды әрі үлкен көлемде енгені соншалық, лингвистер оларды ағылшын – қазақ билингвизм құбылысы деп атап жүр. Бұл мәселені біріншіден, қоғамдағы ашық халықаралық қарым-қатынас пен ағылшын тілінің халықаралық тіл ретіндегі мәртебесінің өсуімен байланыстыра қараған жөн. Мақалада қазақ тіліне ағылшын тілінен енген будан сөздердің тарихы, бұл кірме сөздер қазақ тіліне қалай және қандай себеппен енгені туралы

және будан сөздердің жасалу жолдары беріледі. Сонымен қатар мақалада жаңа лексиканың сөзжасам жолдары мен будан атауларға мысалдар беріледі.
Түйін сөздер: будан, кірме сөздер, сөзжасам, шет тілі, терминология.

Abstract. As a result of general globalization new terms and concepts began to be intensively penetrated into the language in the mid-90s of the 20th century. If you take any language, the vocabulary is constantly updated, replenished and updated. Changes in the socio-political, economic, cultural and social spheres that have taken place in our country in recent years and the entry of Kazakhstan into the world community as well as the trilingual policy in our country have led to many changes in our language, in particular the number of foreign words have sharply increased that came into our language from English.

The assimilation of foreign words and their adaptation to the norms of the Kazakh language is one of the most pressing issues nowadays. As for the issue of hybrid words in the modern Kazakh language, these terms are the subject of the research not only for domestic, but also for foreign scientists. The history of hybrid words that came into the Kazakh language from the English language, how and for what reason these foreign words entered the Kazakh language and ways to create hybrid words are presented in this article. In addition, the examples of hybrid terminology are given in the article.
Keywords: hybrids, loan words, word formation, foreign language, terminology.

The development of the word-formation system is one of the indicators of the level of language development and its viability. The vocabulary boom that characterizes the Kazakh language today is caused primarily by the fundamental reformation of Kazakhstan society in connection with gaining state independence and was a kind of response to the social order of the time which required new realities, new concepts, new social relations to be named. All forms of mass media, newspapers, magazines, radio, television and outdoor advertising are literally full of new words and turns of speech. The reason of their appearance in the language is due to the needs of the reforming Kazakh society [1]. The large number of new words appear daily in the modern Kazakh language and we can distinguish lexical innovations created according to internal traditional models of word formation and words from foreign languages among them (borrowings and words created as a result of hybrid formations). The sources of borrowings are the stock of international vocabulary, in particular from Russian and English languages. New words-borrowings appear in the Kazakh language due to the development of information technologies. The new lexical units include a group of hybrid formations formed on the basis of the integration of the lexemes of the Kazakh and foreign languages, especially English.

The speech culture of any nation (Kazakh or Russian) is influenced by other languages. Today, foreign words have entered radio, television and colloquial speech.

The productive way of word formation is compounding in the Kazakh language in contrast to affixation where only one component has an independent meaning while others play a service role, compound words are formed by adding two significant words and represent a lexically unified whole that expresses one concept [2,77].

The Russian language was a model for the Kazakh language in the Soviet period, on the basis of which foreign vocabulary was introduced, semantics, pronunciation and spelling were normalized. Thus, the influence of the Russian language became unlimited. The process of transition of foreign vocabulary into the Kazakh language

took place purposefully through the Russian language. After acquisition of independence of Kazakhstan and gradual integration into the world economic, political, cultural and educational space the Kazakh language has become an active recipient of foreign vocabulary. However, today there is a trend of purposeful avoidance of the use of borrowings (coming mainly from the Russian language or combining features of the Russian language). The terminological resources of the Kazakh language were also subjected to strict regulation, many words of international origin were replaced by equivalents of the Kazakh language.

Nevertheless, there remain areas of public life in which the influence of the Russian language still determines the features of borrowed vocabulary. For example, the lexical layer generated by technogenic waves of the process (the Internet and social networks, information technology and mobile communications), where the word-formation and nominative potential of the Kazakh language is influenced not only by the English language, but to a large extent by the Russian language. On the other hand, foreign language vocabulary, reflecting cross-cultural concepts in the fields of sports, music, art, fashion, youth movements and gastronomic novelties, retains signs of foreign language influence. These factors are prerequisites for the emergence of hybrid formations in the Kazakh language.

The linguistic term «hybrid» is used in the scientific literature in the broadest sense: «Hybrid is a word consisting of different components» [3]. Hybrids are spellings of words that combine different graphic means: «alphanumeric» - 66-year-old or means of two alphabets, for example Web парақша, Internet кафе [4]. The structure of hybrid words in Kazakh language can be represented as follows: a foreign root+native affix(es). For example, *аппаратшы, ксерокстау, монтажшы, кутюрды* or original root + foreign affix*: ультрадыбыс, суперойын, галакөрініс.* «Hybrid words» are words formed from parts that are not related to each other. «Hybrid words» are words that have undergone some kind of evolution in the form of combinations of parts of two words taken from different languages.

A linguistic phenomenon in which word-forming elements (roots and affixes) of different origin can be combined in a derived word is a characteristic feature of the vocabulary of the English language. In the course of numerous language contacts, English has borrowed not only thousands of words of the most diverse origin but also foreign word-formation affixes. As a result of the lexical assimilation of borrowings, namely their participation in the formation of new words, as well as the word-formation activity of borrowed affixes there appeared numerous hybrid formations, especially derived hybrids. Despite the fact that hybrids represent a rather numerous layer of Kazakh lexical system, their study is still one of the little-studied problems of modern Kazakh lexicology. The Kazakh language, like any other language does not stand still and is constantly evolving. The appearance of words in the form of abbreviations, combinations of the roots of two words that came into Kazakh from different languages is one of its constant trends. The formation of such words can be observed in all periods of development of Kazakh language. Hybrid words can refer to different parts of speech, they can be nouns, verbs or an adjective. However, more often they only occur in the category of nouns.

In the works related to hybrids, the term «hybrid» is interpreted ambiguously: «Hybrids - derived words, consisting of elements of two different languages; words formed using English and Romance derivational elements; words consisting of elements that are heterogeneous in etymology, that is from languages of different groups of spoken words. Definitions of hybrids in the studied literature does not fully reveal the essence of the phenomenon of hybridism.

If we talk about foreign words the dictionary-reference book of linguistic terms gives the following definition to foreign words: «Foreign words are words, borrowed from other languages. Borrowing is a natural consequence establishment of economic, political, cultural ties with other peoples, when together with realities and concepts come the words denoting them» [5, p. 147–148]. In the «Linguistic Encyclopedic Dictionary» this concept is defined as follows: «Borrowing is an element of a foreign language (word, morpheme, syntactic construction etc.), transferred from one language to another as a result of linguistic contacts, as well as himself the process of transition of elements of one language into another words» There is another opinion: «Loan words adapt to the system borrowing language and often sothey learn that the foreign origin of such words is not felt by the speakers of this language and is found only with the help of etymological analysis. And foreign words retain traces of their foreign language origin in the form of sound, spelling, grammatical and semantic features that are alien to the original ones [6, p. 158].

There are several ways to borrow English words into Kazakh. It occurs when a word from the source language passes into the recipient language in its original form, for example:

- сәнді лук - from the English «look» is a fashionable image;
- уикэнд - from the English «weekend»;
- спорт - from the English «sport»;
- тинейджер - from the English «teenager»;
- кофе-брейк – from the English «coffee-break»;
- блог – from the English «blog»;
- хобби – from the English «hobby».

Another way of borrowing words from the English language is hybridization. This method is used when a suffix of the recipient language is added to the English word, for example:

- кликтау, клик басу - from the English «click»;
- юзать – from the English «use»;
- луктау - from the English «look»;
- пиарлау - from the English «PR, Public Relations».

In addition, another way of borrowing words from the English language is used - calquing and semi-calquing, for example:

- клуб – from the English «club»;
- диск - from the English «disk».

Nowadays in the speech of native speakers of the Kazakh language the use of exoticisms is often encountered. These are the expressions that have no analogues in culture of the recipient language, for example:

- чизбургер, гамбургер – from the English «cheeseburger», «hamburger»;
- хот-дог – from the English «hot-dog»;
- доллар – from the English «dollar».

When analyzing the practical material, the fact of the use of composites was also noticed - the combination of two words from the English language, for example:

- секонд-хэнд – from the English «secondhand»;
- шоу-бизнес – from the English «show business»;
- хэппи-энд – from the English «happy end».

There were also cases of frequent use of hybrids containing certain morphemes. For example:

1. prefix *over-:* overbooking - from the English «overbooking»; overtime - from the English «overtime» is extra time.

2. suffix er-: which denotes objects or persons engaged in a certain activity: миксер- from the English «mixer», маркер - from the English «marker», компьютер - from the English «computer», байкер - from the English «biker».

3. suffix ing-: шугаринг - from the English «sugaring» is a hair removal with sugar, сноурафтинг- from the English «snowrafting» is skiing in the snow from rock on rubber boats.

Borrowed vocabulary reflects the facts of ethnic contacts between linguistic and socio-economic and cultural ties. There are also external, extralinguistic factors.

appearance, transition and development of borrowed words. Extralinguistic reasons for borrowing are associated with the changes taking place in people's lives, with the need designations of new objects, concepts, phenomena. Main extralinguistic reasons for borrowing are as follows:

- historical contacts of peoples;
- the need to put forward new objects and concepts;
- innovation of the nation in any particular area activities;
- language snobbery, fashion;
- economy of language means;
- authority of the source language;
- historically determined growth of some social strata that have adopted a new word.

Borrowing foreign words is one of the ways to enrich the modern language. The language quickly and flexibly responds to the needs of society which is reflected in the lexical composition of the language. The presence of foreign vocabulary in the Kazakh language is the result of contacts, relationships between peoples and states. According to scientists the main reason for borrowing foreign vocabulary is the lack of a concept in the cognitive base of the recipient language.

Hybrid words are very bright and exceptional. Moreover, hybrid words reflect the society in which they first arose. In other words it’s need for a simpler and more memorable word. A significant increase in the number of hybrid words in Kazakh over the past few years suggests that the modern world with its developed interethnic communication enriches the language with extraordinary connections. At the same time the speed of our life forces us to simplify complex and long combinations as much

as possible turning them into words incomprehensible to many. Foreign lexemes vary in terms of grammar, forming various derivatives. This process is complex and has a step-by-step character and modern hybrid words have a certain way to go and to gain a foothold in Kazakh language.

Words of foreign origin differ in their source of borrowing, according to the method of borrowing. When pretransition from a foreign language to Kazakh are the following language acquisition processes: graphic, phonetic, grammatical, lexical. In any case, the word spelling or pronouncing differently, but value remains. Rarely the word was acquired by the Kazakh language in the form in which it was in the source language.

References

1. Рабиға Сыздық. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-тынымдық зерттеу. –Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 272 бет.
2. Исаев С., Нуркина Г. Сопоставительная типология казахского и русского языков. – Алматы: Санат,1996. – 272 с.
3. АРСЛ: Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике / Под ред. А.Н. Баранова и Д.О. Добровольского. — М., 2001.
4. Феоклистова В.М. Окказиональные иноязычные вкрапления в художественных текстах и языке средств массовой информации // Актуальные проблемы филологии в вузе и школе: Материалы научной конференции. — Тверь, 1999.
5. Розенталь Д. Э., Теленкова М. А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – М.: Астрель; АСТ, 2001. – 624 с.
6. Ярцева В. Н. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 709 с.

АҚТӨБЕ ӨҢІРІ ГИДРОНИМДЕРІНІҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұ.Т. Сейілханова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
1-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада Ақтөбе өңірінің гидронимдернің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылған. Жер-су атауларының қалыптасуы халық өміріндегі болған оқиғалармен, салтымен байланысты. Жер-судың географиялық-физикалық ерекшеліктері Ақтөбе өңіріндегі гидронимдерді қалыптастырған. Топонимиканың ір саласы ретінде гидронимдерді К.Каймулдинова, Ж.Достай, Ғ.Қоңқашбаев, В.Попова, К.Сапаров, А.Омарбекова, А.Мақанова, З.Мырзалиев сынды зерттеушілер қарастырды. Зерттеу жұмыста Ақтөбе өңіріндегі Елек, Ойыл, Ырғыз, Шалқар, Жабасақ, Сарадджын, Өлкейек, Қобда гидронимдерінің қалыптасуы келтірілген. Ж.Телғожа, Ә.Нұрмағамбетұлы, Е.Қойшыбаев сынды зерттеуші-ғалымдардың пікірлері негізге алынды. Зерттеу нәтижесінде Ақтөбе жеріндегі гидронимдердің парсы, түркі жазба ескерткіштері мен түркі тілдері, моңғол, финн-

угор тілдерімен байланысы анықталды. Гидронимдердің қалыптасу ерекшеліктері өте ерте замандардан басталып қана қоймай, физикалық-географиялық ерекшеліктерге сай аталған. Ә.Нұрмағамбетұлы өңірдегі гидронимдердің қалыптасуын парсы, моңғол, финн-угор тілдерімен байланыстырады. Ж.Телғожа гидронимдердің қалыптасудағы жұрнақ пен қосымшалардың маңыздылығын жеткізеді. Е.Қойшыбаев өңірдегі гидронимдердің тарихи негізі барын, су атауларының түркі жазба ескерткіштерімен байланыстыра қарастырады. Мақалада Ырғыз гидронимінің қазақ тілінде қалыптасуының хакас тіліндегі элементтер арқылы анықталады. Шалқар көлі гидронимі якут тіліндегі ұқсас тілдік бірліктер арқылы қарастырылған. Мақаланың құндылығы ретінде Ақтөбе өңіріндегі гидронимдердің барша түркі тіліне ортақ заңдылық негізінде қалыптасу ерекшелігі анықталады.

Түйін сөздер: топоним, гидроним, Ақтөбе өңірі, өзен, көл.

Abstract: The article deals with the features of formation of hydronyms in the Aktobe region. The formation of names of places and water is connected with the events and customs of the people's life. Geographical and physical features of land and water formed hydronyms in the Aktobe region. Researchers such as K. Kaymuldinova, Zh. Dostai, G. Kongashbaev, V. Popova, K. Saparov, A. Omarbekova, A. Makanova, Z. Myrzaliev considered hydronyms as a branch of toponymy. The formation of hydronyms of Elek, Oyil, Yrgyz, Shalkar, Zhabasak, Saraldjin, Ulkeyek, Kobda in the Aktobe region is given in the study. The opinions of researchers and scientists such as Z. Telgozha, A. Nurmagambetuly, E. Koishibaev were taken as a basis. As a result of the research, the connection of hydronyms in Aktobe with Persian, Turkic written monuments and Turkic languages, Mongolian, Finno-Ugric languages was determined. The formation features of hydronyms not only started from very early times, but were named according to physical and geographical features. A. Nurmagambetuly connects the formation of hydronyms in the region with Persian, Mongolian, Finno-Ugric languages. J. Telgozha conveys the importance of suffixes and additions in the formation of hydronyms. E. Koyshibaev examines the historical basis of hydronyms in the region, associating water names with Turkish written monuments. In the article, the formation of the hydronym Yrgyz in the Kazakh language is determined by elements in the Khakas language. The hydronym of Lake Shalkar is provided by similar linguistic units in the Yakut language. The value of the article is determined by the fact that the hydronyms in the Aktobe region are formed on the basis of the law common to all Turkic languages.

Keywords: toponym, hydronym, Aktobe region, river, lake.

Географиялық атаулардың шығу тегімен топонимика саласы қарастырып, лингвистика, география, тарих сынды ғылым салаларымен тығыз байланыста. Халық өміріндегі түрлі оқиғалар жергілікті халықтың тіліне әсер етіп, өңірдегі атауларды қалыптастырады. Қ.Жұбановтың пікірінше, адам өзі таныған, көрген, білген құбылыстарына атау береді [1, 126]. Халық жер-су атаулары себепсіз қалыптаспаған. Көшпелі өмір салтымен байланысты халқымыз жер-су атауларында салт-дәстүрдің, тіптен халық танымы көрініс табады. Солай, топонимиканың бір саласы ретінде өзен, көл, су, құдық атауларын гидронимдер қарастырады. Гидронимдерді К.Каймулдинова, Ж.Достай, Ғ.Қоңқашбаев, В.Попова, К.Сапаров, А.Омарбекова, А.Мақанова, З.Мырзалиев сынды зерттеушілер еңбегінде қарастырылады. Өзендер мен көлдердің географиялық-физикалық ерекшеліктері гидронимдердің қалыптасуымен тығыз байланысты.

М.Әуезов қазақ халқының жер-су атауларын қоюдағы ерекшелігі жайында былай дейді: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде

кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» [2, 29].

Ақтөбе облысы аумағының көп бөлігін шөлейт, шөл зоналары алып жатқандықтан, жер беті сулары тапшы келеді. Ұсақ өзендердің көпшілігі жаз айларында тартылып қалады. Өзендер жүйесінде Каспий және Арал теңіздерінің алаптарына жататын ірі өзендер қатарына Елек, Жем, Ор, Ойыл, Сағыз, Ырғыз, Торғай өзендері кіреді. Өзендердің көпшілігі жаз айларында құмға сіңіп (Шаған, Мәнісай, т.б.) тартылып қалады. Жыра-сайлармен ағатын маусымдық өзендер тек жаңбыр, қар суымен толығып, құмға тез сіңіп кетеді. Оларды арасу (жылым) деп атайды. Қарасу атауымен берілген аумақта 6 өзен атауы анықталды. А су терминімен жасалған өзен атауы 3 рет кездесті. Соның ішінде үлкені ұзындығы 35 км. болатын Мәртөк ауданы аумағы бойынша ағып өтетеін Елек өзенінің сол жақ саласы Ақсу өзені. А су термині Е. Қойшыбаев бойынша «ағынды су» дегенді білдірсе, Ғ. Қоңқашбаев пікірі бойынша «қар суымен қоректенетін өзен» дегенді көрсетеді . Бұл жерде екінші тұжырым Ақсу өзен атауларына сәйкес келеді. Себебі бұл өзендер еріген қар суымен қоректенетін маусымдық кіші өзендер [3, 154].

Ерте замандарда су, өзен мағыналарында, яғни осы сөздер тобына –ас, -аш, -ес, -ыс, -іс, -өс, -өз, -гем, -жем, -кем, -ген, -қан, -жыл (ға), -шел, -ыл, -л т.б. гидроогоафиялық терминдердің кеңінен орын алған. Бұл тектес географиялық атаулар Батыс Сібірден бастап, Қазақстан Республикасының Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Орталық Қазақстан және Жетісу өңірі мен Алатау аумағында кеңінен таралған [4, 65]. Ақтөбе жерінде орналасқан Елек өзенінің гидронимі жайында екі түрлі көзқарас түркілік заманнан бастау алады. Бұл тарихи көне атау сол аймақтың желмен байланыстылығын көрсетсе керек. Көптеген ғалымдар «Елек» атауын әр түрлі топшылайды. Соның бірі Е.Қойшыбаев бұл атауды Түрікше «йел» тұлғасына сын есімдік –ек жұрнағын жалғау арқылы жасалған деген тұжырымын айтады. Бұл атаудың желмен байланысты болғанын, көне түрі ретінде «челек» атауын ұсынады [5, 95]. А.Әбдірахманов болса: «Геродотта Лик деп аталатын осы Елек (Илек) болса керек. Сонымен, атау этимологиясы: И – ылғал, су мағынасын береді, + лек – туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ» деген пікір айтады. Тағы бір ескеретін нәрсе Ойыл, Тобыл, Қиыл, Есіл атаулары құрамындағы –ыл, -іл, -ел нұсқалары бірде –е, кейде –ы, -і түрінде кездесіп, көне түркі тілінде –юл «дымқыл су» болып өзгеріп отырғаны да түркі тілдерінің ерекшелігіне [4,74] байланысты болса керек. Сонымен, Елек өзенінің атауы сулы, суы мол жер деген мағынаны береді.

Ойыл гидронимі жайында Е.Қойшыбаев мынадай құрылымды ұсынады: Ой + ыл түрінде жасалғанын айтады. Десе де, зерттеушінің пікірінше, ой сөзі етістік тұлғалы сөз еместігін, керісінше зат есім тұлғалы екенін айтады. Мәселен, шор тілінде ойғаш, сағай, қойбол, кач тілдерінде оймақ, ұйғыр тілінде ойман, башқұрт тіліндегі уйыл тұлғаларымен байланысты екенін айтады. Сонымен қатар, зерттеуші –ыл жұрнағы жайында А.Ысқақов пікірін басшылыққа алады. Бұл жұрнақ қазақ тіліндегі есім мен етістік тудыратын омонимдес жұрнақтар екенін айтады [5, 196].

Ақтөбе жерінің Қарабұтақ, Ырғыз аудандарында орналасқан Ырғыз өзенінің атауының қалыптасуы назар аударарлықтай. Ә.Нұрмағамбетұлы Ырғыз гидронимінің қалыптасуын хакас тілімен байланыстырады. Қазақ тіліндегі «көне, ескі» сөзінің мағынасы тофа тілінде «ephи», якуттарда «эргэ», ұйғырларда «ерке» мағынасын береді. Хакас тілінде ескі мағынасын «иргі» сөзі береді. Хакас автономиялы облысында Чулым өзені ағады. Сола, Чулым өзенінің бір бөлігі Иргі уус деп аталады. Иргі ескі мағынасын берсе, уус өзен мағынасында қолданылады. Сонымен, хакас тіліндегі «Иргі уус» ескі сөз мағынасын береді. Солай, «уус» сөзі түркі жазбаларында кездесетін «үгүз» тұлғасымен жақын. «Уус» тұлғасы монғолдардағы «ус», тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі «осо» тұлғасында келеді. Ырғыз өзенінің атауы жайында Ә.Нұрмағамбетұлы мынадай қорытындыға келеді: «Ырғыз өзенінің атауы да Алтай төңірегінен ертеде батысқа қарай қоныс аударған ру, тайпалармен ілесе келді, біраз өзгерістерден соң «Ырғыз» тұлғасы қалыптасқан» [6, 63], - дейді



1-кесте. Ырғыз гидронимінің қалыптасуы.

Шалқар көлі жайында зерттеуші якуттар жеріндегі гидронимдер ұқсатады. Мәселен, Якутияда Шалқар атауына ұқсас атау Баянды көлінің бір тармағы саналатын «Чалгарийа», «Чукар» сынды гидронимдер ұшырасады. «Шалқар» сөзі үлкен, кең, байтақ ұғымын білдіреді, десе де бұл сөз көл сөзімен тіркеседі. Шалқар көлі көзжетпес, үлкен көл мағынасын береді. Тунгус тіліндегі «Шилкар» сөзі өзен мағынасын береді. Солай, зерттеуші Ә.Нұрмағамбетұлы Шалқар не Шилкар атауының судың қасиетіне, өимыл-қозғалысына байланысты қалыптасқанын айтады. «Чалыгыр» - су шалпылының даусы деп якут тілінде анықталады. «Чалкый» - щалпылдау мағынасын береді. Тува тілінде «чалгыг» «толқын» мағынасында қолданыс табады. Зерттеуші Шалқар сөзінің монғол тілімен байланыстырады: «Монғол тілінде «цалгиа» - үлкен толқын, толқын мағынасын береді. Екінші мағынасында судың шалпылы, сыбдыры мағыналары бар. «Цалгих» - жарға соғу, толқындау ұғымын береді, ал қалмақ тіліндегі «шалпылдау» орнына «цальгрх» сөзі қолданылады» [6, 61].

Жабасақ гидронимі «жаба» және «сақ» сөздерінің бірігуінен қалыптасқан деп анықталады. Зерттеуші Ә.Нұрмағамбетұлы бұл гидроним жайында былай дейді: «»Жабасақ» атауының тууы өзен-сумен байланысты. Ақтөбе облысына қарайтын Жабасақ елді мекенінің орналасқан жері – Өлкейек өзенінің кішкене ғана саласы – Жабасақтың бас жағы. Солай, гидроним ауыл атымен тығыз байланысты. «Жабасақ» атауының төркініне жол ашатын дерек – унгус-маньчжур тілдерінде қолданылады. Бұл топтағы тілдердің бірқатарында «дзаваса» болып дыбысталатын сөз – «өзен саласы» мағынасында қолданылады» [6, 18], - деп зерттеуші Жабасақ гидронимінің «өзен саласы» мағынасын беретінін айтады.

Қобда гидронимі парсы тіліндегі «су қоймасы» мағынасын беретін «хавза» сөзімен байланысты деген пікірлер де бар. Десе де, Ә.Нұрмағамбетұлы бұл пікірді дұрыс деп санамайды. Бұл гидронимнің шығу тегі түркі жазба ескерткіштерімен байланысты деп анықтайды. Ғалымның пікірінше, жазба ескерткіштерінде кездесетін «қопдақ», «қовдаш», «қовдақ» атауларының «тойымсыз», «сараң», «обыр» мағыналарын беретінін айтады. Моңғол тілдерінде «ховдог», «ховдг» тұлғаларында келіп, «қанағатсыз, тойымсыз, қомағай» сынды мағыналар береді. Солай, Қобда өзенінің табиғатына, географиялық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, үстіртті жазық, әрі бор мен саз балшықты екенін ескере отырып, өзен суының өрістей алмайтынын, жерді сумен қанағаттандыра алмауы, өзен арнасының сулы деңгейі де төмен екенін көреміз. Солай, Қобда өзені географиялық ерекшелігіне байланысты «обыр, тойымсыз» мағынасында түркінің ежелгі сөзі «Қобда» деп аталған [6, 28].

Өлкейек өзені Ақтөбе облысының Ырғыз ауданын ағып өтетін өзендердің бірі. Өлкейек гидронимі жайында екі түрлі көзқарас бар:

- Қазақ тіліндегі «өлік» сөзімен байланыстырылады;
- Финн-угор тілінде «өзен» мағынасын беретін «өйек» сөзімен байланысты қарастырылады.

Зерттеуші Ә.Нұрмағамбетұлының пікірінше, өлік + өйек = өлі өзен мағынасын береді. Сонымен бірге, «жаман өзен» мағынасын білдіреді. Десе де, зерттеуші В.Радловтың сөздігіне жүгіне отырып, «өлге» - тау өзені, «үлгө» - қамысты өзен деген пікірін негізге ала отырып, Өлкейек атауының таумен байланысы барын айтады [6, 45]. Өзеннің бастау арнасы үлкен тау болмаса да, теңіз деңгейінен 300 м биіктікте орналасқан. Солай, Өлкейек тау өзені деп анықталады. Енді бір кезекте, зерттеуші Өлкейек гидронимін моңғолдың «үлхийх» сөзімен байланыстырады. Бұл сөздің мағынасы «орта», «толы емес» мағынасын береді. Моңғол тіліндегі «үлхийх» қазақ тілінде «өлкейек» формасына өзгерген деген пікірін білдіреді. Солай, екінші жағынан «Өлкейек» - «суы орта өзен» мағынасын береді.

Саралджынды өзені Ақтөбе өңіріндегі Байғанин жерінде орналасқан. Топоним ретінде «Саралжын» ауылының атауы түйе мен қой сүйіп жейтін өсімдік атауынан қалыптасқан. Солай, гидроним өсімдік атауымен байланысы барын көреміз. Башқұрт тілінде «саралйын», моңғолдарда «сарааалжын» сынды сөздер «тауқұдірет» деп аталатын құс атауының мағынасын береді. Солай, зерттеуші Ә.Нұрмағамбетұлы Саралджын гидронимінің екі түбірден құралғанын айтады. Сөз түбірі – «сар», «алжын» күрделі қосымша деген болжам айтады. Татар тілінде «ағылжым», «кугелжем» көк түсті білдіреді. Моңғол тілінде «сары» сөзі «шар» қалпында анықталады. «Саарал» қазақ тіліндегі «сұр», «құла» сөздерімен мағыналас. Сонымен қатар, «саарал» сөзінің ендігі бір мағынасы «сұр-ды алып тастап, «жын» жұрнағы қосылса, «саралжын» сөзі сұрғылт мағынасын береді. Солай, Саралджын гидронимінің өзеннің түсіне байланысты қалыптасқанын көреміз.

Кез-келген тілдегі жер-су атаулары – халықтың ерте заманнан бастап мыңдаған жылдар аралығындағы ұжымдық шығармашылығының жемісі [7, 15].

Қандай да болмасын жер-су атаулары халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты, қажеттілігінен, шаруашылығына сай пайда болады, өшеді де, қайта жаңарып отырады. Тілдегі жер-су атаулары тобын ғылыми тұрғыдан *топоним* деген терминмен атайды. Су атаулары гидроним деп бөлек қарастырылады [7,13]. Әр аймақтағы жер-су атаулары бір мезгілде пайда болып қалыптаспаған, олар әр мезгілде әр уақытта пайда болып, пайда болған заманның оқиғасымен байланысты болған. Осы ретте Қ.Жұбановтың мына пікірін ескерсек, «Тіл – адамзат тарихының қоймасы тәрізді. Жердің тарихын білем дегендерге белгілі бір тәртіппен бірінің үстіне бірі орналасқан қатарлар арқылы із қалдырып, жердің геологиялық дамуынының кезеңдерін көрсететін жер қабаттары тәрізді тілдің де әрбір кезеңі даму тәртібіне сай қаланып, қалыптасып сақталады» [1, 254], яғни әр аймаққа тән жер-су атауларының қалыптасуына тілдің даму кезеңіне сәйкес келетінін көрсетеді.

Қорытындылайтын болсақ, Ақтөбе өңіріндегі гидронимдердің қалыптасу ерекшеліктері былай көрінеді:

- Түркі жазба ескерткіштерінен сақталған формалар арқылы;
- Монғол, түркі тілдері, фин-угор тілдерінде кездесетін формалармен байланысы қарастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. өнд. 3-басыл. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979. 13-том. – 456 бет
3. Сапаров К., Абдуллина А. Ақтөбе облысының гидронимдерінің қалыптасу ерекшеліктері. Гидрометеорология и экология. №3, 2018. 152-159 беттер
4. Телғожа Ж. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. – 356 бет
5. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 бет
6. Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. Алматы: Балауса, 1994. – 64 бет
7. Жер-су атауларының анықтамалығы, Алматы: «Арыс» баспасы, 2009 жыл, 3,13, 254-беттер

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Демесинова Гулбану Молдахметқызы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
2-курс докторанты,
Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ақтөбе облысы жер-су атауларының халықтық этимологиялық ерекшеліктері тілдік тұрғыдан талданады.
Түйін сөздер: Жер-су атаулары, топономика, халықтық этимология, Ақтөбе өңірі.

Abstract. The article analyzes the linguistic and etymological features of toponyms in the Aktobe region.
Keywords: Names of lands and waters, toponymy, folk etymology, Aktobe region.

Әлемдегі кез-келген халықтың өзіндік тарихы, тұрмыстық болмысы, жайлаған этникалық территориясы, өмірге, қоршаған ортаға берер өзіндік бағасы, байламы, талғамы болмақ. Олардың бәрі де негізгі тіршілік көзі жер деп ұққан. Топономикалық атаулар белгілі бір оқиғаның туу себебін, өткен жерін, болған мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көздерінің сырын саралап, танып білуге септігін тигізеді. Олай болса топонимдер «жердің тілі, жазылмаған кітабы» ғана емес, соынмен бірге жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өткен өмірінің сыр шертер тарихи шежіресі де. Тарих көшінде әрқилы тауқыметті басынан өткерген халықтардың әдебиетінде, өлең жырында өрімін тауып отыратын географиялық елді мекен, жер атаулары, яғни ұлттық дүниетаным мен болмыс тұрғысынан қойылған топонимдер бойынан көбінесе тарихи жағдайларға, немесе әлеумет өміріндегі белгілі бір оқиғаларға байланысты туындайтын ақпараттық қызмет байқалады.

XX ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап ғалымдарды жалқы есімдердің, соның ішінде топонимдердің тарихи-мәдени аспектісі қызықтыра түсті. Топонимдер халықтың өткен тарихы мен таралу географиясынан, мәдени, сауда орталықтары мен бастан кешкен негізгі тарихи оқиғаларынан хабар береді. Топонимдердің өзіндік ерекшелігі, шынайы құбылыстарды сипаттау мен аталым қабілеттері – оны жақ-жақты, түрлі тәсілдер негізінде зерттеуге ықпал етті.

Әлемнің топонимдік бейнесі заманауи тіл білімінің өзекті мәселесіне айналды. Топонимдердің этномәдени маңыздылығы мен интегративті мәртебесі өзектілікке себеп бола білді. Топонимдер тарихи, әлеуметтік, тілдік, этномәдени аспектіде қарастырыла отырып, шынайылықтың вербалдануын көрсетеді. Топонимдер белгілі бір географиялық нысанды атап қана қоймай, сонымен қатар қоғамның мәдени, тарихи даму сатысын сипаттайды.

Еліміздің әрбір жер-су атауларына негіз болған және ұмыт болып бара жатқан топонимдік аңыздар, жергілікті халықтың топонимдік білімдері негізінде сол атаулардың уәжін анықтау, сонымен қатар осындай аңыздар мен түсінік, болжамдар, интерпретациялар арқылы халықтың қарапайым метатілдік санасын

айшықтау жұмыстың ұлттық рухани, танымдық тұрғыда өзектілігін арттыра түседі.

Республикамыз жаңа тарихи кезеңге аяқ басып, қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алуды міндеттеп, әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатын ұстанған елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз»,– дей келе, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытын ұсынып алты міндет жүктейді. Сол міндеттерінің бірі – «Туған жер» бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзенітарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздармен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс». Осы мақсат біздің жұмысымыздың өзектілігін анықтап қана қоймай, келешегін нақтылай түседі.

Топонимдердің аталу себебін, атауының географиялық нысанмен байланысын анықтауға барлық дерлік метатілдік сана иелері тырысады. Бұл үдеріс көп жағдайда географиялық нысанмен тікелей қатынасқа түскенде, яғни сол аумақта болғанда, атауды бірінші рет естігенде немесе тақтайшадан оқығанда орын алады. Субъектінің топонимдік атау жайында білетін ақпаратын немесе сол географиялық нысанға қатысты өзге де ақпаратты меңгеруін анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік.

Ақтөбе облысынан сауалнамаға алынған атаулар – *Ақтөбе, Қандыағаш, Шалқар, Ембі, Мұғалжар, Ақшатау, Обалыкөл, Жаркөл, Ойыл, Саралжынды.* Жалпы алынған мәліметтерге сәйкес ең жоғары метамәтінге ие топоним *Ақтөбе* болса, ең төменгі көрсеткішке *Ақшатау, Жаркөл* атаулары ие болған.

«Естімедім» деген жауап *Қандыағаш* атауында кездесті. Жауап берушілер ең көпбос қалдырған топонимдердің ішінде *Жаркөл, Саралжынды* атаулары бар.

А: сипаттау. Атауларды сипаттауда қазіргі таңда көп айтылатын әндердің бірінің сөзі қолданылған: *Ақтөбеде жоқ-жоқ* (АВ 22, Ақтөбе), кейбір респондент Шалқар топонимін радио атауымен теңестірген: *Шалқар радиосы* (АВ 22, Шалқар). Сипаттауда топонимдік атауды омонимдес сөздермен берген: *Обал болған көл* (АВ 22, Обалыкөл); (АВ 21, Обалыкөл); *Жарымай қалған көл* (АВ 13, Жаркөл); (АВ 22, Жаркөл), немесе аудармасын, орысша берілу түрін көрсеткен: *Беловатая гора* (АВ 17, Ақшатау); *Мугоджары* (АВ 17, Мұғалжар).

B: деректер келтіру. Атауларға дерек келтірерде респонденттер көп жағдайда құрылу жылдарын, бұрынғы атауларын көрсеткен. Сондай метамәтіндерден ерекшеленген мынадай түсіндірмелерді беру жөн саналды: *Ақтөбе жері негізінен «табын» руынан шыққандар осы аймақта өмір сүрген* (АВ 09); *Ойыл сөзі моңғолдың «Уйл» сөзінен шықты деген дерек бар. «Уйл» сөзі иірім деген сөз. Кейінірек «Ойыл» сөзіне өзгеріп кеткен* (АВ 09);

C: аңыз келтіру. Қарапайым халық арасында географиялық нысан тарихы да, ғажайып адам сенгісіз оқиғалар да аңыз түрінде сақталған, соның дәлелі ретінде келесі түсіндірмелерді беруге болады: *Аңызға байланысты көлді жарып тұратын жарлар бар шығар* (АВ 03, Жаркөл); *Жайықтағы өзен. Аңызға байланысты. Өзен бәлкім ойық шығар* (АВ 03, Ойыл); *Менің ойымша белгілі бір аңызға байланысты қойылған атау. Саралжынды!!!* (АВ 01, Саралжынды); *Аңызға байланысты қойылған Шығыс Каспийдегі өзен* (АВ 03, Саралжынды); *Аңызға байланысты шыққан болар. Бірақ қандай екенін білмеймін* (АВ 03, Ембі).

D: логикалық болжам. Атауды өзінің географиялық нысанымен байланыста талқылау логикалық болжамға әкеледі, мысалы: *Ойылдың жері ойық-ойық, мүмкін содан болар* (АВ 29, Ойыл); немесе өзге атаулармен байланыстыру: *Сарылжын, қорғалжын деген секілді бір шөп түрлері секілді* (АВ 15, Саралжынды). Өмірде орын алған салт-дәстүр, наным-сенім негізінде, адам бойында қалыптасқан менталитет негізінде атауларды сипаттау да логикалық болжамға тиесілі: *Менің ойымша, бұл жерде жиі сәтсіз жағдайлар боп тұрған, соны кетіру ниетімен «Обалы» сөзін қосып айтқан* (АВ 02, Обалыкөл); *Атаудың шығу тарихын, аңызын білмеймін. Бірақ, өз пікірімше, бір кезеңде осы суда көп адам, Жануар батып өлген болар* (АВ 29, Обалыкөл); *Қызыл жапырақты ағаштар немесе тарих бойында өзіне көп қан, соғыс жүктеген талды мекен* (АВ 20, Қандыағаш); *Менің ойымша, өзен бұрын болмаған. Содан кейін жер қыртыстарының арасынан жар пайда болған. Сол жар бойында өзен пайда болған* (АВ 02, Жаркөл).

E: лингвистикалық болжам. Атауды тілдік заңдылықтар тұрғысынан қарап талдау лингвистикалық болжамға әкеледі: *Менің ойымша, грамматикасы дұрыс емес* (АВ 01, Қандыағаш); *Көл атауы, көлге қатысты анықтаушы сын есімдер ретінде «айдын», «шалқар» сөздері көптеп қолданылады айдын көл, шалқар көл, т.б.* (АВ 06, Шалқар); *Бұл фонетикалық өзгеріске ұшыраған ат депойлаймын. «Сары ақ жығылды» деп ойлаймын* (АВ 02, Саралжынды);

F: эпонимдік теңеу. Саралжынды топониміне қатысты эпоним кісі есімі және «жынды» сөзін тіркестіру арқылы берген: *Сарал атты жынды өмір сүрген өзен шығар* (АВ 07); *Сара деген жынды қыз өмір сүрген шығар* (АВ 22). Ал Шалқар топонимінде өмірде болған ақынға теңеген: *Ертеде осы маңда бір атақты ақын шыққан. Аты Шалқар болған. Сондықтан сол елді Шалқар деп атап кеткен* (АВ 05).

G: дыбыстық ұқсату. Дыбыстық ұқсатуда Обалыкөл атауын «обал болу» тіркесімен: *Обал сөзін обал болмасын деп қойған екен деп ойлаймын* (АВ 03); (АВ 04); (АВ 05); (АВ 07); (АВ 13); (АВ 20); (АВ 21); (АВ 22); (АВ 29); «оба» деген аурумен байланыстырады: *Оба деген ауру бар соған байланысты көл*

жанындағы тұрғындар обамен ауырған шығар (АВ 04); (АВ 25); (АВ 28); және аударған: *Светлинские озера* (АВ 17). Жарлы көлін «жарымаған» сөзімен: *Жарымаған көл* (АВ 22); (АВ 07); (АВ 13); (АВ 14); және «жар болу» етістігімен келтірген: *Жар болған көл* (АВ 21). Саралжынды гидронимін *«Сары ақ жығылды»* (АВ 02); *өсімдік атауы* (АВ 04); (АВ 14); (АВ 15); *сарқылған* (АВ 06); *жынды* (АВ 13); (АВ 21); (АВ 07) сөздерімен берген.

Н: этнонимдік теңеу. Этнонимге қатысты бір ғана болжам берілген: *Мұғал жары дегенді білдіретін шығар, мұғал сөзі мағынасы жойылған сөз немесе тайпа не ру атауы болуы мүмкін* (АВ 18, Мұғалжар).

Жалпы алғанда, Ақтөбе облысы атауларына сипаттау мен логикалық болжам жасау әрекеттері тән. Бұл облыс атауларының жалпы халыққа танылуы жайынан хабар беріп қана қоймай, атаулар жайлы ақпараттың қарапайым метатілдік сана бейнесінде қалыптасуын аңғартады. Қазақ тілінің топономика саласы жекелеген аймақтардың жер-су аттарын зерттеу кезеңін аяқтап, терең теориялық немесе жалпы Қазақстандық ауқымды мәселелерді қарастыруды қолға алды. Қазіргі кезеңдегі кешенді зерттеу жұмыстарына топономикалық атлас жасау, жер-су аттарының этимологиялық сөздігін құрастыру, лингвистикалық тұрғыдан талдау, қазақ топонимдерінің типтік ерекшеліктерін анықтау секілді көлемді істер жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. Монография.- Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2018. – 314 бет.
2. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013 – 432 бет.
3. Г.А.Борибаева. Қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия – Алматы: Монография – Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2018 – 323 бет.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингво-концептологиялық негіздері. Алматы: «Арыс», 2007-280 бет.
5. Қойшыбаев Е.Қазақстанның жер-су аттарының сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985 – 256 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ОНОМАСТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Ж.О. Тектіғұл
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Аталған мақалада қазақ тілінің атау жүйесі, соның ішінде жалқы есім мен тегінің(фамилиясы), фитонимдердің жазылу жүйесі қарастырылады. Қазақ ономастикасының негізгі бағыттары: тарихи-этимологиялық (географиялық атаулардың этимологизациясы), лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық қысқаша сипатталып, оның жекелеген бөлімдерінің (жалқы есім, тегі, фитоним) зерттелу дәрежесі нақты тілдік деректер арқылы талданады. Соған сәйкес қазақ ономастикасының теориялық зерттелу деңгейі анықталып, тарихи –салыстырмалы әдіс негізінде қазақ ономастикасының лексикалық қоры түркі тектес сөздерден тұратындығы, кей жағдайда басқа тілдерден енген лексемалар, грамматикалық тұлғалармен берілетіндігі айқындалады.

Түйін сөздер: лексика, ономастика, антропоним, тегі (фамилия), фитоним, тіл тарихы

Abstract. This article discusses the naming system of the Kazakh language, including the system of writing proper names, surnames and phytonyms. The main directions of Kazakh onomastics are briefly described: historical and etymological (etymologization of geographical names), lexico-semantic, structural and word-formation; with the help of specific linguistic data, the degree of study of its individual sections (proper names, surnames, phytonyms) is analyzed.

In accordance with this, the level of theoretical study of Kazakh onomastics is determined; based on the historical and comparative method, it is revealed that the main lexical fund of Kazakh onomastics consists of lexemes of Turkic origin, in some cases from words and grammatical forms borrowed from other languages.

Keywords: lexicon, onomastics, anthroponym, surname, phytonym, history of language.

Ономастикалық лексика тек тіл деректерін ғана емес, сонымен бірге қоғам өмірінің басқа салаларындағы мәдени-тарихи ақпаратты да қамтиды. Сондықтан ономастикалық бірліктер көптеген жылдар бойы лингвистердің де, тарихшылардың да, этнографтардың, географтардың және археологтардың да қызығушылығын туғызып, олардың зерттеу нысаны болуын тоқтатпайды. Мұндай қызығушылық атаулар арқылы тіл мен оның тарихын ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихы мен этномәдени дамуын білуге деген ұмтылысымен түсіндіріледі.

Қазақ ономастикасының бірқатар мәселелері Қ.Жұбанов, І.К.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Е.Жанпейісов, Ғ.Қоңқашбаев, Қ.Рысбергенова, Г.Мадиева, А.Жартыбаев, Б.Бияров т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Бірақ ономастика, барлық ғылым сияқты бір орында тұрмайды, үздіксіз даму үстінде болады. Осындай даму барысында жаңа сұрақтар туындап, соған қатысты шұғыл шешуді қажет ететін өзекті мәселелер пайда болады.

Ономастикалық кеңістікті зерттеудің кешенді тәсілі көптеген сұрақтарға жауап берумен қатар лингвистиканың аталған саласына қатысты негізгі

мәселелерді шешуге, әртүрлі санаттағы ономастикалық бірліктердің жалпы, әрі ерекше белгілерін анықтауға көмектеседі. Соның ішінде антропонимдер (адам есімдері) мен топонимдер (географиялық атаулар) ең көп зерттелген мәселелердің қатарына жатады. Бұл, біріншіден, антропонимдер мен топонимдердің ғылыми және күнделікті, "аңғалдық" білім тұрғысынан үлкен қызығушылық тудыратындығына байланысты болса, екіншіден, антропонимдер көбінесе жеке, жалқы есімдік қасиеттерге ие әрбір адамның жеке саласына қатысты болып келеді. Сондықтан ономастикалық кеңістікте антропонимдер негізгі, өзекті орын алады.

Қазақстандық ономастардың зерттеулері де негізінен антропонимдер мен топонимдерді зерттеуге бағытталған. Бұл үрдіс шет елдердің ономастикасында да ерекше орынға ие.Сонымен қатар ономастардың зерттеу өрісіне этнонимдер, космонимдер, зоонимдер кіреді. Соңғы жылдары қазақстандық ономастиканың зерттеу нысанының кеңеюі байқалады, оған әртүрлі жанрдағы көркем мәтіндердегі жалқы есімдер, мифологиялық нысандардың атаулары, мерзімді басылымдардың атаулары, өндірістік кәсіпорындардың атаулары және т.б. сияқты онимдік топтарын жатқызуға болады. Олар өзіндік ерекшелігімен, құрылымдық түрлерімен, модельдерімен, номинация принциптерімен және белгілі бір жүйелілігімен сипатталады. Соған қатысты Г. Ихсангалиевтің, М. Кәкімованың, С. Иманбердиеваның, С. Керімбаев, Ж. Көшпанова және т. б. еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақстандық ономастиканың жалпы теориялық мәселелері Т.Жанұзақов [1965; 1982], Е. А. Керімбаев [1995], Г. Б. Мәдиеваның зерттеулерінде [2005] қарастырылады. Сондықтан, соңғы жылдары жазылған бірқатар ғылыми мақалаларда Қазақстанның ономастикалық кеңістігінің қазіргі жай-күйіне, оның лексикографиялық сипатына баға беріліп, әдіснамалық және теориялық әлеуетін анықтауға мүмкіндік беретін зерттеулердің қажеттілігі атап өтіледі.Бұл өз кезегінде ономастиканың метадиалектілік құрамдас бөлігін құрайтын ономастикалық терминологияны жүйелеу мен жалпылау қажеттілігін күн тәртібіне қояды. Қазақстандық ономаст ғалымдар жинақтаған тәжірибені талдамалық тұрғыдан зерттеу, қазіргі Қазақстанның ономастикалық кеңістігіндегі инновацияларды, қазіргі теориялық ономастиканың әртүрлі тәсілдерді анықтау, жалқы есімдердің лексикографиялық сөздіктерін параметрлеу мен т. б. өзекті мәселелер Г. Б. Мадиеваның «Имя собственное в контексте познания» атты монографиясында қарастырылған" [1, 2010].

Қазақстанда жалқы есімдерді зерттеудің негізгі бағыттары негізінен тарихи-этимологиялық (географиялық атаулардың этимологизациясы), лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық жүйесінде талдап, жіктеуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеулердің көп бөлігі, атап айтқанда, антропонимика мен топонимиканы этнолингвистикалық, этномәдени тұрғыдан талдауға арналған.

Қазіргі тіл білімінде, соның ішінде қазақ ономастикасының фоно-морфологиялық, сөзжасамдық, құрылымдық деңгейлері мен лексикалық мазмұнын этнолингвистикалық, ұлттық-мәдени тұрғыдан жан-жақты

қарастырып, ұлттық ономастиканы жаңаша көзқарас, тың пайымдаулармен толықтыруға мүмкіндік беретін теориялық енбектер көптеп жазылуда. Сонымен қатар осы зерттеулер шеңберінде қазақ жалқы есімдері мәселесі, олардың қызмет ету аясы мен қолданылу ерекшеліктері ғылыми сипатқа ие болды.Мысалы, Т. Жанұзақов қазақ антропонимдерін қойылу ерекшеліктеріне, сипатына қарай топтап көрсетсе, Ғ.Қоңқашбаев географиялық терминдердің шығу, пайда болу жайы, түсінігі, ерекше жақтары, моңғол, араб тілдерінен енген атаулардың типтері, олардың халықтық, шаруашылық, тұрмыс жағдайларымен байланысты қалыптасуына, А.Әбдірахманов Қазақстандағы ірі объектілік-георафиялық атауларға (800-ден аса қала, ауыл, поселке, аудан және темір жол стансалар) талдау жасайды.

Т.Жанұзақовтың («Очерк казахской ономастики», 1982), В.Махпировтың «Древнетюркская ономастика» (Источники формирования, особенности функционирования, структурные типы и смысловые модели», 1998), А.Әбдірахмановтың «Историко - этимологическое исследование топонимов Казахстана»(1991), О.Сұлтанияевтің («Понятные непонятности»,1973), Е.Қойшыбаевтың («Краткий толковый словарь топонимии Казахстана», 1974) зерттеулерінде қазақ жер-су атаулары халықтың тарихы мен мәдениеті, этнографиясымен байланыста қарастырылады. Бұған қосымша Қазақстанның жер бедерін сипаттайтын географиялық атаулар мен апеллятивтік атауларды типологиялық аяда зерделеген Е.Керімбаевтың «Этнокультурные основы номинация и функционирования казахских собственных имен» атты докторлық диссертациясы (1992), Аймақтық топонимия бойынша Г.Мадиеваның (1990), А.Жартыбаевтың (1991), Қ.Сембиевтің (1992), Қ.Рысбергенованың (1993), Г.Сағидолдагийннің,Ұ.Ержановаың, В.Поповаың, Б.Бектасованың (1998), Ғ.Ермекбаевтың (1999), Б.Биягювтың (2000), Г.Бекеновaның (2002), К.Головина (2000), А.Әлімхан (2001), Б.Көшімованың(2001), Ж.Исмаиловаың (2005), Б.Бияровтың (2002, 2022) зерттеулері ономастика саласына қосылған маңызды еңбектер болып табылады.

Қазақ антропонимдері.Қазақ ономастикасының әртүрлі бағыттары бойынша бірқатар зерттеулердің болуына қарамастан, кейбір мәселелер әлі де терең және жан-жақты зерттеуді қажет етеді. «Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мысалы, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Шындығында бұлай болудың өзіндік сыры бар. Өйткені әрбір кісінің аты оның өзінің шыққан заманы мен дәуіріне, тілдік заңына тікелей байланысты» [2, 22.].

Демек, жалқы есімдер жеке этнос мәдениетінің вербальды таңбалары мен символдары ретінде әрекет етеді. "Жалқы есімдер дәстүрлі халықтық (яғни ұлттық) мәдениеттің вербальды (лингвистикалық) кодының бөлшегі ретінде ономастикалық кодты құрушы болып табылады" [3, 597].

Қазақтардың көп ғасырлық өмір жолындағы «табиғат пен аңға, құсқа сыйынуы, ай мен күнге табынуы, хайуандардан ит, қасқыр, бұқа сияқтыларды – тотем етуы – бәрі кісі аттарының қойылуына әсер етпей қоймады. Тіпті аты арқылы адамдардың тіршілігі мен кәсібі, қоғамдағы алатын орны, кім болғаны, қай жерде өмір сүргені жайлы толық мәлімет алуға болады». Мысалы, Қасқырбай, Бөрібай, Еділбай, Айсұлу, Итбай, Қарлығаш т.б.

Қазақ атауларының екінші тобы - араб, парсы, моңғол, орыс, еврей тілдерінен, сондай-ақ еуропалық тілдерден алынған сөздер. Орта Азияда араб тілі білімді, діндар адамдардың қарым-қатынас тілі ретінде белсенді қолданылған болса, ал парсы тілі әдеби тіл ретінде Селжүқ мемлекетінде қабылданған, әрі Шығыстың көптеген халықтары үшін поэзия мен проза тілі ретінде қызмет ете бастаған. Осы кезеңде араб және парсы тілдерінің түркі тілімен байланысы қалыптасып, нәтижесінде араб және парсы тілдеріндегі сөздер түркі тілдерінің құрамына ене бастайды. Араб атауларының ішінде, талдау көрсеткендей, бірінші кезекте пайғамбарлардың есімдері қолданысқа енген. Мысалы: қаз.Мұхаммед*, Ильяс, Жүсіп (Йософ);* Фатима, Айша, Зейнеп, Әмина (Мұхаммед пайғамбарымыздың қыздарының, әйелдерінің есімдері); Бірақ араб атауларының ену жағдайларын тек исламның ықпалымен түсіндіруге болмайды, көпшілігі ғылым мен білім саласына жатады. Мысалы: қаз.Ғалым, Азамат. Араб атауларының жеке тобы адамның әр түрлі қасиеттерін білдіретін сөздерден бастау алады: қаз. *Рақым, Саға(*сәхи – ‘жомарт*), Жәмила* (‘өте әдемі’). Кейбір араб атаулары қазақ атауларымен синонимдес келеді. Мысалы: қаз. *Арыстан*, араб. *Хәйзәр – Хайдар”арыстан”; қаз. Асадулла,* арабша *Әсәдулла “Алланың арыстаны”;* қаз. *Жолдас,* арабша – *Сәфәр* ‘сапар, жол’сөзінен бастау алады. Парсы кірме сөздері арасында семантикалық бірдей құбылыстар байқалады. Кейбір сөздер парсы және қазақ атауларына синоним бола алады. Мысалы: қаз.Айсұлу, *Күнсұлу, Mahия – Махия ‘ай сияқты’* – парсыша, *араб.Кәмәр – Камар‘ай сияқты’, Шәмсиә – Шамсия ‘күн сияқты’*. Ал көптеген тілдерде кездесетін *Жанна (Иоанна)* есімі көне еврей тілінде *“Құдайдың сыйы (милость Божья)”*мағынасын білдірсе, қазақ тілінде бұл атауға *Құдайберген* есімі синонимдес келеді . *https://kakzovut.ru/names/zhanna.html*

Қазақ антропонимдерінің құрамында моңғол тілінен енген атаулар жиі кездеседі. Л.Н.Гумилев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Қайыржанов,Ә.Қайдаров, М.Оразов түркі және монғол тілдеріне ортақ элементтердің бар екенін, олардың бәрін кірме сөздер ретінде қарастыруға болмайтынын ескертеді. «Қазақ-монғол тілдерінің сөздік қорындағы қырық мыңдай (40000-дай) сөздің — осы екі тілдегі тұлғасы мен мағынасы ортақ үш мыңдайы (3000-дай) бір және екі буынды түбір сөзден жасалған. Осы үш мыңдай түбір сөздің түбір морфемалары мен қосымша морфемаларының дыбыстық жүйесі дәл ұқсап сәйкеседі» (Б.Базылхан) [4, 40]. Мысалы, қаз.аға.моңғ.ақа >ах(аға) Ағабек, Ақатай, Ақажан[5, 45]; қаз.Мөңке, монғ. «күміс ақша»[6, 322]. Т.Х.Қусимова башқұрт тіліндегі Айрат есімі моңғол этнонимінен шыққан деп санайды (Ойрот – тайпа атауы), *Сыңғыз – Чингиз ‘күшті, ұлы’*[7, 2005]. Қазақ тілінде кездесетін еврей сөздері негізінен

теонимдерге қатысты. Мысалы: *Ибраһим – Авраам, Муса – Моисей, Ысқақ – Исаак, Сүлеймен –Соломон*.

Түркі атауларының тілдік байланысын талдау барысында Н. А. Баскаков орыс есімдерінің этимологиясына қатысты *Карамышев* тегі (фамилиясы) түркі сөзінен шыққан деген қорытындыға келеді. Салыстыр: қаз.«қараушы//қарамыш немесе қаз. қартамыш//қартайған, (мұндағы ежелгі –мыш тұлғасы қазіргі есімшенің –ған жұрнағы), ал «*Кочубей* антропонимі түркі сөздерінің тіркесінен тұрады қаз. *кіші би*. «Татариннің тегі түркі этнонимінен бастау алады, Шишкин және Шишков фамилиялары *шеш* «ісік» негізінен қалыптасқан»[8, 1979].

Соңғы жылдары қазақ антропонимдер жүйесінде еуропалық атаулардың сирек қолданылуы байқалды. Бұл топқа келесі атаулар кіреді: *Альберт, Марсель, Марат, Луиза, Диана, София, Ильмира, Элеонора, Клара, Жанна.* Кірме атауларды толық емес тұлғаларында қолдану деректері де кездеседі. Мысалы: Маргарита-Рита, Эдуард-Эдик [9, 2006]. Осылайша, қазақ антропонимиясы өзінің ішкі ресурстары арқылы, сондай-ақ кірме сөздер арқылы дамиды және байып отырады.

Қазақ тегі (фамилиясы).Бәрімізге белгілі кеңестік дәуірде түркі халықтарының көпшілігінде, оның ішінде қазақ және басқа да түркі халықтарында *тегі* (фамилия) қолданылмаған. Қажет болса фамилиялар ретінде лақап немесе бүркеншек есімдер қолданылып, олар мынадай жүйеде жасалған: аты + әкесінің аты + туыстық термин *қызы* немесе *ұлы*. Мысалы, қаз.*Арыстан Бекжанұлы*(Арыстан Бекжанның ұлы), *Айсұлу Сұлтанқызы* (Айсұлу Сұлтанның қызы).

Қазақ онамаст ғалымы Т. Жанұзақов қазіргі қазақ фамилияларының екі түрлі тұлғада кездесетіндігін атай отырып, “оның басым көпшілігі орыс тіліндегі фамилия жасайтын жұрнақтар (-ов,-ев,-ова,-ева,-ин,-ина) арқылы жазылып қалыптасқан. Ал екінші түрі *ұлы* сөзінің қосылуы арқылы жасалған. Бұл –өте өнімсіз тәсіл. Өйткені «ұлы» сөзі арқылы жасалған фамилиялар, біріншіден, өте санаулы, тым сирек кездесетін болса, екіншіден, олар формасы жағынан фамилиядан гөрі әке атына бейім тұрады. Сондықтан бұлар «жартылай» фамилия қызметін атқарады» деген тұжырымға келеді» [10, 97].

Бұған қосымша соңғы уақытта сирек те болса қазақ фамилияларының жасалуының екі нұсқасы қолданылып жүр: а)-ов, -*ова* жұрнақтарын алып тастау (Алпысбай Санжар) немесе ә) *тегі* сөзін тіркестіру арқылы (Мысалы, Аманбай Кеңестегі). Қазақ фамилияларын жазуда осы соңғы үлгіні жаппай енгізуді ұсынатын пікірлер де жоқ емес. Оған Н. Сәдуақасовтың ой-пікірі дәлел бола алады:”Аталған қиындықтардан арылып, қазақилығымыз нығыздалып, ғасырлар бойы жалғасын табатын ата-бабасының тегі (фамилиясы) және әкесінің де атын сақтау үшін мынадай үлгі жөн болар деген ойдамын: мысалы, Асқар Сәрсенұлы Жұмабайтегі”[11, 2020].

Қазақ тілінде адамның тегі (фамилиясы) жалқы есімдерге, оның ішінде ер адамның есімдеріне көп жағдайда орыс тілі жұрнақтары жалғану арқылы жасалады:

1) Мұнда дауыссыз фонемасына немесе *и, ы, ый, ш/с* көрсеткішіне аяқталатын есімдерге –ов,-ев (-ова, -ева) жұрнағы жалғанады: *Сәлім – Сәлімов, Асқар Тайманов, Нәби – Нәбиев, Барыш-Барышев;*

2) дауысты дыбыстармен аяқталатын негізге *-ин (-ина)*: жұрнағы қосылады:

– фамилиялардың жасалуында есімнің соңындағы *а, е, ы* фонемасының түсіп қалуы байқалады: *Сары- Сарин, Қалды-Қалдин, Ғайса – Ғайсин.*

– егер атаудың құрамдас бөлігі -улла компонентімен келсе, онда *а* фонемасы түсіп қалады: қаз.*Абдулла – Абдуллин,Самиғулла-Самиғуллин.*

Аталған мысалдар қазақ фамилияларының жазылуында бірізділіктің жоқтығын, бірнеше нұсқада берілетіндігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде қазақ тіліндегі адам тегін, яғни фамилиялардың жасалу амал- тәсілдерінің үлкен өзгеріске түсіп, түрлі үлгіде қалыптаса бастағанын аңғартады.

*Қазақ фитонимиясы.*Ономастикалық бірліктердің аталған қабатын сөзжасамдық және морфемалық белгілеріне сәйкес келесі топтарға бөлуге болады:

- туынды емес фитонимдер: *жиде, ши, тал, мүк;*

- қарапайым туынды фитонимдер: *сүттіген(сабағынан сүт шығатын өсімдік), серігүл(сирень)*;

- күрделі фитонимдер: *таспашөп, кәріқыз, күнбағыс, меңдуана, мыңбас*;

Күрделі фитонимдердің пайда болуына келесі ономастикалық бірліктер қатысады:

- зоонимдер: *түйежапырақ, арқаршайыр, құлынембес, аюдәрі, бұғымүйіз;*

- топоним: күрілшай// курилшай, таусарымсақ, қытайбұршақ, француз райграсы;

- мифоним: *жусан* (Artemisia)”Артемид құдайы“, *шайтан таяғы(*немесе ошаған- *чертополох)*;

- туыстық терминдер: өгейшөп (*мать-и-мачеха),* келішекшөп;

-космонимдер: ғарышгүл, жұлдызшешек (астра).

Атаудың негізі өсімдіктердің түстері және басқа да сапалық белгілерін білдіруі мүмкін: мысалы, *ақ*: ақсырқын,, ақбасшөп, ақсарыгүл; көк:көкжалбыз, көгілдір (гүл); *қара*: қара бүлдірген, қаражеміс, қарағаш, қарақат; *қызыл*: қызғалдақ, қызылтамыр, балқызыл; *сары*: сарғалдақ, сарышешек; *жасыл*: жасылша; тасқоңырбас, *күрең* от, *бозтікен*, *қаттықүлте*(склеротиария*)*, *жұмсақтүк*, *арамсәбіз*, *бұйрагүл*, *сопақжеміс, дәугүл* т.б.

Кейбір жағдайларда фитонимдер ономастиканың жаңа бірліктерін қалыптастыруға негіз болады. Трансонимизация нәтижесінде олар антропонимдердің құрамына енеді: *Зайтуна*“зәйтүн”, *Раушан*“роза”, *Әниса //Аниса*‘анис’. *Алма, Қызғалдақ, Қарақат*. Тілде сонымен қатар өсімдік атауларының топонимикалық бірліктерге ауысу деректері бар. Мысалы, гидронимдер: *Қамыс, Бидайық* (көл аттары-лимнонимдер); ойконимдер: *Жарқамыс, Қарағанды, Қотанқарағай*. Олай болса, ономастиканың басқа бірліктеріне тән белгілер фитонимдік лексикаға да қатысты болып келеді.

Аталған деректер, яғни бірқатар гуманитарлық пәндер өкілдерінің ономастика құбылыстарына деген зерттеу қызығушылығы олардың лексикалық бірліктер арқылы тіл мен оның тарихын ғана емес, сонымен бірге халықтың тарихын, оның этномәдени дамуын білуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Қазақ ономастикасы оның құрамдас материалдық қоры, семантикалық ұйымы, шығу тегі әр түрлі және көп қырлы. Қазақ ономастикасын зерттеу, халықтың тарихы мен өмірімен тығыз байланысты бола отырып, өмірдің даму динамикасын, сана эволюциясы мен өмір жаңалықтарын бейнелеу тұрғысынан құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мадиева Г.Б.Имя собственное в контексте познания. - Алматы-Москва, 2010. – 239с.

2. Смағұлов А., Қазақ есімдері, — Алматы: Атамұра, 2006.

3. Ражина В. А. Ономастические истины: лингвокультурные и прагматические аспекты. АКД, Краснодар. – 2007. 36

4. Базылхан Б. Алтай төркіндес тілдердің ортақтығы туралы мәселе// ҚР.Ғылым министрлігі.– ҒА Хабарлары. Тіл әдебиет сериясы, 1996 №2. 112-120бб.

5. Бекмұхаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері.– Алматы: Қазақстан, 1977.

6. Махпиров Н.И. Антропонимы в «Дивану лугат ат-тюрк» и «Кутадгу билик» // Советская тюркология. 1979. №4. 23-29 бб.

7. Кусимова Т.Х., Бикҡолова С.Ә. Башҡорт исемдәре.– Өфө: Китап, 2005. – 224 б.

8. Баскаков Н.А. Русские фамилии тюркского происхождения. – М.:Наука,1979.280с.

9. Сөләймәнова Р.Ә. Хәҙерге башҡорт телендәге антропонимдар һәм уларҙың үҫеш тенденциялары. – Уфа, 2006. – 148 б.

10. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы(Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау), «Ғылым» баспасы, Алматы, 1971, 97-бет.

11. Сәдуақасов Н., Егемен Қазақстан, 30 Маусым, 2020).

12. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе.– Алматы, 1982. 70-71 бб.

13. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы.– Алматы, «Ғылым», 1971. – 218 бет.

14. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЗАМАНЫНДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ҮДЕРІСТЕР

ПРОФЕССОР С.М. ИСАЕВ: БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Т.Н. Ермекова
ф.ғ.д., профессор
ҚазМемҚызПУ, Алматы, Қазақстан

Қазақ тіл біліміндегі көрнекті ғалым, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Жаратылыстану ғылым академиясының, сондай-ақ Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевтың еліміздің ғылымы мен білім беру жүйесінде атқарған ауқымды істері мен ғылымға қосқан үлесі жөнінде әлі де аз айтылмасы хақ. ҚР ҰҒА-ның қазіргі А. Байтұрсынұлы атындағы институтынан бастау алған өмір жолы 1968 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында (қазір университетінде) жалғасын тапты. Бұл оқу орнындағы еңбек жолын қатардағы оқытушылықтан бастаған Сейілбек Мұхамеджарұлы кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін абыроймен атқарып, институт ректоры дәрежесіне дейін көтерілді.

Аса сезімтал сирек лингвистикалық түйсік иесі ретінде қазақ тіл ғылымының дамуына айырықша үлес қосқан С.М. Исаевтың зор ұйымдастырушылық қабілеті, еліміздегі білім беру жүйесіндегі, соның ішінде қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде болған оң өзгерістерге ықпал еткенін атап өткен ләзім. Алдымен, профессор С.М. Исаев бұл лауазымға жоғарыдан тағайындалу арқылы емес, ұжымдағы және еліміздің өзге оқу орындарындағы білікті ғалымдардың бәйгеге түскен сайлауынан басым дауыспен жеңіп шығу арқылы тағайындалған еліміздегі санаулы ректорлардың бірі болды. Бүгінгі баяндаманың басым бөлігі профессор С.М. Исаевтың қазіргі Қыздар университетінің дамуына қосқан үлесі турасында болғанымен, оны еліміздің жоғары білім саласын дамытуға қосқан серпінді үлесі деп қабылдаған дұрыс болар.

Профессор С.М. Исаевтың университетті басқарған жылдары Кеңес үкіметінің ыдырап, еліміз Тәуелсіздікке енді қол жеткізген алғашқы он жылдығына тұспа-тұс келді. Одақ құрамынан шығып, дербес мемлекет құруға талпынған өтпелі кезеңдегі экономикалық қиындықтарға тұспа-тұс келді. Жасыратын несі бар, еліміздегі жылу жүйелері шетелдік компаниялар қолына өткен кезде өзге де жоғары оқу орындары сияқты Қыздар институты да өз жұмысын екі айға тоқтатуға мәжбүр болды. Заманның осындай қиын кезеңінде, оның үстіне өзге одақтас республикаларындағы қыздарға арналған институттар жабылып, «бұл институт та өз міндетін толығымен өтеді» деген дақпырт үстемдік құрған кезде білім ордасын басқару ісі оңайға түскен жоқ. Институттың

имиджін көтеріп, келешек даму бағыттарын айқындап, заман талабына сай ілгерілумен бірге, қоғамдағы алып-қашпа пікірлермен толассыз күресуге тура келді. Ғалым басшы тікелей осы тақырыпқа қатысты жиырмаға жуық мақала жазып, сұхбат берген екен.Сондай сұхбаттарының бірінде: «Басты артықшылығымыз да, бұйырған бақытымыз да институттың тек қана қызғалдақтай қыздарымызға арналғандығы және оның мемлекет қамқорлығына алынғандығында. Бойжеткендердің басым көпшілігі – арман арқалап алыстағы ауылдан келгендер. Солардың үкілі үмітін өшіріп алмасақ, мамандығына деген жүрек қалауын, кәусар көңілін шоққа су сепкендей басып алмасақ деп жанталасып жүрген жайымыз бар. «Әттең тонның келтесі-ай» дегізіп, қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан да жайлар кездеседі. Оған себеп – бөлінген қаражаттың уақытында тимеуі», - деп жазады «Қыздарға қамқорлықта шек болмауға тиіс» атты мақаласында [1]. Байқағанымыздай, басты мақсат ретінде «басшылардың үдесінен шығу» емес, «білім қуып келген бойжеткендердің үкілі үмітті өшірмеу» ұстанымының таңдалуы басшының шынайы азаматтық бет-бейнесін айқын көрсетеді.

Немесе «Тіпті қазіргі кезде ең ілгері дамыған ел болып саналатын Жапония мен Америка құрама Штаттарында бірнеше қыздар колледждерінің бар екендіктерін біз де ескеріп жатқан да ешкім жоқ. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметінің қаһарлы жаудың еліміздің басына екіталай күн туғызған сонау Ұлы Отан соғысының кезіндегі мейлінше ауыр қиыншылыққа қарамастан ерекше, тарихи, мәдени, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан мән беріп, дүниеге келтірген Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының өткен 46 жыл ішінде, өзінің алдына қойылған мақсаты мен міндетін қандай дәрежеде орындап келгендігіне және алдағы уақытта да ойдағыдай орындай беретініне сеніміміз кәміл». «Қыздар институтының керегі бар ма, жоқ па?» деуге әуестенушілер де адамгершілік тұрғыдан ойланып, бұдан былай мұндай өрескел пікір таратудан аулақ болар деп ойлаймыз», - деген пікірлер қалай дегенмен де қалыптаса бастаған көзқарастарға лайықты тойтарыс бола алды. Бұл да ғалым азаматтың бір университеттің тағдыршешті мәселесіне қатысты мәселелерге тойтарысы ғана емес, еліміздің түпкір-түпкірінен келген қаракөздерімізге арнап осы институтты ашқан алдыңғы толқын зиялы қауым аманатына адалдығы, қала берді болашақ ұлт тәрбиешісі - қазақ қыздарына жасаған қамқорлығы еді.

С.М. Исаев, ең алдымен, үлкен ғалым ретінде институттың ғылыми, инновациялық, халықаралық, ғылыми-әдістемелік қызметтеріне айырықша серпін берді. Сол кездің өзінде институттың ұстаз ғалымдары 24 тақырыпты қамтитын, ауқымды, түрлі ғылыми көкейкесті мәселелерді шешуге арналған зерттеу жұмыстарын жүргізсе, оның ішінде 13 тақырып Қазақ ССР-нің басқа да ғылыми-зерттеу институттарының бағдарламасына сәйкес жүргізілген. КСРО Ғылым академиясының Қолданбалы физика институты мен Өзбекстан Ғылым академиясы Стародубцев атындағы Физика-техникалық институтының теориялық физика кафедрасымен ынтымақтаса отырып, шаруашылық шарт негізінде де арнаулы тақырыпта бірлесе зерттеу жұмысы жүргізілген, химия,

Важно упомянуть, что педагогический дискурс функционирует также вне классной аудитории. Американский исследователь Бернштейн в своей работе, посвященной вопросам педагогического дискурса [1, с. 155–165] объясняет, как социальное взаимодействие включает в себя знания, социальные особенности и отношения в педагогическом дискурсе. Основными характеристиками педагогического дискурса являются:

1) четкая логика построения высказывания с целью достижения прагматического аспекта, т.е. с целью решения учебных, воспитательных, развивающих и познавательных задач;

2) целостность и связность высказывания с целью достижения прагматического эффекта в процессе педагогического взаимодействия между учеником и учителем;

3) аргументированность высказывания, направленное на решение образовательных задач;

4) завершенность высказывания, свидетельствующее об эффективности использования языковых средств в образовательных целях;

5) преобладание официального стиля общения, которое в определенных ситуациях способствует формированию нужной образовательной атмосферы, адекватной целям образовательного процесса.

Итак, обычная ситуация общения в рамках педагогического дискурса(в русской языковой среде)станет выстраиваться следующим образом:

преподаватель входит в аудиторию; студенты приветствуют преподавателя стоя; преподаватель приглашает студентов присесть; преподаватель озвучивает новую тему и записывает её на доске; преподаватель разъясняет новый материал;

студенты конспектируют главные тезисы, образцы сообразно предоставленной теме; преподаватель вызывает 1-го из студентов к доске для практичного закрепления материала; студенты задают уточняющие вопросы в процессе обсуждения; звенит звонок; - студенты прощаются с преподавателем стоя; преподаватель прощается со студентами .

Важно отметить, что в настоящей жизни взыскательная композиция институционального дискурса нередко нарушается. Итак, во время проведения занятия в аудиторию может зайти иной преподаватель, один из студентов попросит разрешения выйти в коридор или станет нарушать ход занятия своими выкриками либо замечаниями и т. д.

Также можно отметить метаречивые и фатические речевые жанры:

1. шутка;
2. комплимент-благодарность аудитории за старательную работу на уроке;
3. цитирование (завершение или начало обсуждения яркой цитатой или афоризмом);
4. призыв к применению усвоенных знаний на практике;
5. «дразнящий» вопрос и т. д. Термин «управления»- совокупность принципов, методов средств и форм руководства предприятием или учреждением.

В теории управления особое место занимает педагогический менеджмент, включающий,на первый взгляд, полярные группы-обучающих и обучаемых. К.М.Хоруженко и А.В. Курепина дают следующее определение его сути:

Представляет теоретический и практический интерес предложенная В.А. Кан-Каликом структура процесса управления педагогическим общением:

1) конкретизация спланированной системы предстоящего общения;
2) уточнение условий и структуры предстоящего общения;
3) осуществление начальной стадии непосредственного общения;
4) управление инициативой в системе начавшегося общения [2].

К способам управления педагогическим взаимодействием относятся:

- создание ситуации успеха как субъективного переживания удовлетворения от процесса и результата общения;
- помощь ученику в преодолении неуверенности в себе, страха перед предстоящей деятельностью;
- стимулирование групповой деятельности, приемы скрытой помощи в совместной деятельности;
-раскрытие ребенку значимости его усилий для других людей, оценка (обратная связь) и др.[3]

Компетентное педагогическое управление процессом взаимодействия с студентами и технологией межсубъектного общения предполагает наличие у преподавателя высокого уровня коммуникативной культуры,так как по смыслу

профессиональной деятельности учитель совмещает в себе функции генератора культурных задач, носителя культурного образца.

От способности учителя управлять педагогическим взаимодействием и процессом развития общения детей во многом зависит эффективность формирования у школьников основ коммуникативной культуры, являющейся важным условием их социализации. Понятие «формирование как цель психолого-педагогического процесса, – по мысли В.А. Сластенина, – заключается в создании и обеспечении оптимальных условий для приобретения тех или иных качеств.[4]

Обучение в сетевом сообществе (сетевое обучение)-относительно новая форма социокультурной коммуникации, базирующаяся на идее массового сотрудничества ,идеологии открытых образовательных ресурсов,в сочетании с сетевой (совместной) организацией взаимодействия участников.

Определим понятия: «Сеть,» образовательная сеть»,»сетевое взаимодействие».

Сеть-базовая структура социальной системы информационного взаимодействия,выстроенная на принципах распределенной обработки данных.

Образовательная сеть – совокупность субъектов образовательной деятельности,предоставляющих друг другу собственные образовательные ресурсы с целью повышения результативности и качества образования друг друга.

Сетевое взаимодействие- современная высокоэффективная инновационная технология, которая позволяет субъектам образовательного процесса динамично развиваться. При сетевом взаимодействии происходит не только распространение инновационных разработок, а также идет процесс диалога между отражения в них опыта друг друга.[5]

Ключевым характеристиками сетевого взаимодействия являются:

- пространство,позволяющее описать многообразие горизантальных и вертикальных взаимодействий в Сети;
- информация, раскрывающая содержание этих взаимодействий;
- время, показывающее логику развития сетевых отношений;
- форма,представляющая различные варианты деятельности в Сети.

Ресурсное обеспечение сетевого образовательного взаимодействия включает четыре компонента;

- образовательный ресурс (интерактивные мультимедиасетевые базовые профессионально-ориентированные учебные курсы; интерактивный лабораторный практикум удаленного доступа;банк проектных заданий; интерактивные авторские (вариативные) курсы; медиатека;
- кадровый ресурс (кураторый сетевых образовательных проектов (программ);сетевые академические консультанты;сетевые тьюторы);
- функциональный ресурс (электронные журналы; форумы; статистическая база);
- технический ресурс (компьютеры;принтеры;сканеры;проекторы;веб-камеры;экраны;выход в Интернет).

К плюсам дистанционного образования можно отнести:

- обучение в индивидуальном темпе – скорость изучения устанавливается самим учащимся в зависимости от его личных обстоятельств и потребностей;
- свободу и гибкость – учащийся может выбрать любой из многочисленных курсов обучения, а также самостоятельно планировать время, место и продолжительность занятий;
- доступность – независимость от географического и временного положения обучающегося и образовательного учреждения позволяет не ограничивать себя в образовательных потребностях;
- мобильность – эффективная реализация обратной связи между преподавателем и обучаемым является одним из основных требований и оснований успешности процесса обучения;
- технологичность – использование в образовательном процессе новейших достижений информационных и телекоммуникационных технологий;
- социальное равноправие – равные возможности получения образования независимо от места проживания, состояния здоровья, элитарности и материальной обеспеченности обучаемого;
- творчество – комфортные условия для творческого самовыражения обучаемого.

Но существуют и очевидные минусы:

- отсутствие очного общения между обучающимися и преподавателем. То есть все моменты, связанные с индивидуальным подходом и воспитанием, исключаются. А когда рядом нет человека, который мог бы эмоционально окрасить знания, это значительный минус;
- необходимость наличия целого ряда индивидуально-психологических условий. Для дистанционного обучения необходима жесткая самодисциплина, а его результат напрямую зависит от самостоятельности и сознательности студента;
- необходимость постоянного доступа к источникам информации. Нужна хорошая техническая оснащенность, но не все желающие учиться имеют компьютер и выход в Интернет;
- как правило, обучающиеся ощущают недостаток практических занятий;
- отсутствует постоянный контроль над обучающимися, который для человека является мощным побудительным стимулом;
- обучающие программы и курсы могут быть недостаточно хорошо разработаны из-за того, что квалифицированных специалистов, способных создавать подобные учебные пособия, на сегодняшний день не так много;
- в дистанционном образовании основа обучения только письменная. Для некоторых отсутствие возможности изложить свои знания также и в словесной форме может превратиться в камень преткновения.

В системе дистанционного обучения меняется не только форма и содержание взаимоотношений «преподаватель - студент», но и меняются функции каждой из сторон. Из пассивного потребления знаний обучение превращается в активный процесс взаимодействия преподавателя и студента.

Готовность студента к такой самостоятельной учебной деятельности определяется высокой мотивацией обучения, способностью к самоорганизации и самодисциплине, способностью к самостоятельному поиску информации и освоению учебного материала, выполнению промежуточных и итоговых аттестационных работ. Все вышеназванные качества характеризуют высокоразвитую, сформированную личность. Для многих студентов эти качества являются лишь задачей саморазвития, но не реальным человеческим капиталом. Условия ДО ставят их перед необходимостью работать самостоятельно уже сейчас, проявляются еще не сформированные качества. Кроме того, электронное обучение (Интернет и телекоммуникационные технологии) требуют от студентов сформированных навыков владения компьютером. Это требование становится преградой для студентов из малообеспеченных семей, не имеющих в своем распоряжении компьютеров. Для того, чтобы сделать более доступными системы электронного дистанционного обучения более широкому кругу студентов, ВУЗу необходимо умело сочетать различные образовательные технологии, чтобы каждый студент мог максимально эффективно анализировать свой потенциал и получил возможность не только профессионального обучения, но и развития личностного роста. Следовательно, в условиях ДО основной задачей преподавателя является управление самостоятельной работой студентов, что предполагает выполнение ими следующих функций:

-целеполагающей; -диагностической; -мотивационной;

-проектирования и конструирования учебного процесса;

-консультационно-поддерживающей; -информационно-обучающей;

-организационной; -коммуникабельной; -рефлексивной; -контролирующей.

На основании данного перечня функций определен набор требований, которыми должен обладать преподаватель;

- владеть профессиональными знаниями в соответствующих предметных областях и осуществлять все виды учебных занятий реализуемой образовательной программы;

- использовать в учебном процессе современные информационные технологии в объеме продвинутых пользователей;

- готовить и проводить презентации, тьюториалы и другие мероприятия в рамках системы ДО;

-знать и уметь использовать интерактивные учебно-методические материалы;

-владеть техникой индивидуальных учебных консультаций, включая консультации через Интернет;

-обладать специальными знаниями и умениями в области организации учебного процесса, проверки качества знания;

-дополнять стандартные материалы собственными примерами, заданиями и т.п. для облегчения их восприятия студентами;

-уметь анализировать образовательные потребности и поддерживать мотивацию обучающихся;

-поддерживать и поощрять взаимопомощь студентов.

Под виртуальным дискурсом понимаем, особое использование языка в виртуальной коммуникации для выражения особой ментальности и идеологии участвующих в акте коммуникации.

Таким образом, предложенная нами рекомендации организации педагогического взаимодействия преподавателя и студентов в условиях дистанционного обучения, включающая в себя взаимосвязанные и взаимозависимые компоненты (педагогическое и учебное взаимодействия, типы и алгоритмы взаимодействий), может быть реализована в современном вузе при выполнении ряда педагогических условий, важнейшими из которых выступают взаимный обмен опытом проектно-исследователь-ской деятельности, осмысленность и осознанность студентами своих действий, открытость и доверие.

Литература

1. Bernstein, B. Class Codes and Control, V. IV. The Structure of Pedagogic Discourse. - London: Routledge, 1990. - P. 370
2. Кан-Калик, В.А., Учителю о педагогическом общении : кн.для учителя./В.А.Кан-Калик,//М.:- Просвещение,1987 с.190
3. Витвицкая Л.А. Педагогическая взаимодействие. Рабочая программа/ Л.А.Витвицкая . – Оренбург,2008.-21 с.
4. Сластенин, В.А . Педагогика/В.А.Сластенин,//Инновационная деятельность,- М.: 1997. – 253-254 с.
5. Витвицкая,Л.А. Педагогическое взаимодействие в образовательном процессе школы: Монография /Л.А.Витвицкая. – Оренбург :[Б. и.],2002.-138 с.

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Д.С.Жанел

магистрант, ассистент-оқытушы

Сулейман Демирель атындағы университет

Қаскелең қаласы

Аңдатпа. Мақалада тілдік тұлғаның жалпы сөйлеу тілі сонымен қатар сөйлеу тіліне әсер ететін факторлар қарастырылады. Сөйлеу тілінің лингвистикалық негіздері және де осы тақырып аясындағы отандық және шетел ғалымдарының тұжырымдамалары өзара салыстырлып, негізге алынды.

Зерттеу жұмысының маңызды бөлігі ретінде сөйлеу тілі мен ой бірлігінің тұтастығы. Тілдік тұлғаның сөйлеу тілін мен ой бірлігін дамытудың когнитивтік тұжырымдамаларына тоқталып, ауызша және жазбаша тілдің ерекшеліктері баяндалады. Сөйлеу әрекетінің тек тілдік қатынасы жағынан ғана емес психологиялық жағынан да

қарастыруды қажет етеді. Жалпы тіл мен сөйлеуді өзара байланыстыратын, өзара бір қалыпқа негіздейтін сөйлеу әрекеті болып табылады. Мақалада тілдің сөйлеу әрекетінде дұрыс жұмсалуы - тіл мәдениеті немесе сөз мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының мәселелері көтеріледі.
Түйін сөздер: қазақ тілі, ой мен сөз бірлігі, лингвистикалық негізі, когнитивтік тұжырым, сөйлеу тілінің нормалары.

Abstract. The article examines the general colloquial language of the linguistic personality as well as the factors influencing colloquial language. The linguistic foundations of colloquial speech and the concepts of domestic and foreign scholars within this topic have been compared with each other and taken as a basis.

The integrity of speech and unity of thought as an important part of the research work. Emphasis is placed on the cognitive concepts of speech development and unity of thought linguistic personality, the features of oral and written speech are outlined. Requires consideration of the speech act not only from the point of view of the linguistic relationship, but also from the psychological. Speech act, linking common language and speech, justifying mutually the same posture. The article raises questions of the correct use of language in speech activity - the formation and development of language culture or culture of words.
Keywords: Key words: Kazakh language, unity of thought and word, linguistic basis, cognitive utterance, norms of colloquial speech.

Тіл - қоғамдық құбылыс. Қоғам дамып өркендеген сайын тілде бастапқы қалыбынан белгілі бір жүйеге өзгеріп, дамып түрлі қалыпқа түсіп отырады. Тілді кез келген қоғамның қажеттіліктерін өтейтін, сонымен қатар сол қоғамға қызмет ететін әлеуметтік құбылыс ретінде де қарастырамыз. Тіл – адам санасын жетілдіруші, тарихы мен қоршаған ортаны танытушы, үздіксіз даму үстіндегі таптырмас құрал. Тіл арқылы адам баласы айтқысы келген ойын, өзіндік пікірі мен көзқарасын еркін жеткізеді, сол арқылы қоғаммен қарым-қатынасқа түседі. Жалпы тіл адамдардың өзара байланыс жасау құралының негізгісі болса, ал сөз сөйлеу әрекетінің жүзеге асуының негізгі құралы болып табылады.

Сөйлеу әрекеті - тілді қолданудың нәтижесі. Адам санасындағы сан түрлі ой тілдің, сөздің ықпалымен жұмсалып отырады. Жалпы сөйлеу әрекеті орындаушы, жүзеге асырушы қызмет атқарады деуге болады. Себебі сөйлеу әрекеті өзін түсіндіру мен меңгертуді негізгі мақсат деп қарастырмайды. Профессор И.П. Сусов өз еңбектерінде сөйлеу әрекеті үдерісіне: “ Әрекет етудің қарапайым бірлігі ретінде сөйлеу өзін тудырушы сөйлеу жағдаятымен байланысты. Сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы келесі сөйлеу жағдаятын қалыптастырады”, - деген пікір білдіреді. [3,24б] Сөйлеу әрекетінің тек тілдік қатынасы жағынан ғана емес психологиялық жағынан да қарастыруды қажет етеді. Жалпы тіл мен сөйлеуді өзара байланыстыратын, өзара бір қалыпқа негіздейтін сөйлеу әрекеті болып табылады. Ғалым Зәуреш Ерназарова өзінің диссертациялық еңбегінде сөйлеудің негізгі белгілерінің сондай-ақ сөйлеу әрекетінде көрінуін бірнеше жіктемелерге:

- сөйлеуші мен тыңдаушының міндетті қатысы, яғни диалогтік белгі;
- дайындықсыз, еркін түрде жүзенге асуы;
- тақырыптың әр алуандығы;
- сөйлеу жағдаятына тәуелділігі;

- дайын сөйлеу құрылымдарының белгісі;
- әуенді дыбыстық белгілерін бөліп көрсетеді.

Осы тұрғыда сөйлеу тілі, сөйлеу әрекеті, сөйлеу, тіл жәнеде тілдік материал сияқты ұғымдарды ең алғаш ғылымға енгізген ағылшын психолингвисті, ғалым Г.Штейнтальды атап өтуге болды. Адамның сөйлеу тілі табиғаты екі бөлек қатынастардан құралған. Бұл жөнінде ғалым Фердинанд де Соссюр адамның тілдік әрекеті тіл (langue) және сөйлеуден (parole) тұрады. Олар салыстырмалы тұрғыда ұқсас әрі тығыз байланыста болғанымен өздеріне тән ерекшеліктері де бар. Тілде асоциативті қатынас басым болса, сөйлеуде синтагматикалық қатынас орын алады деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырымға тілші И.А.Стернин ғалым В.Г.Адмонидің пікірін мысал етіп көрсетеді: «Тілде жоқ нәрсе, сөйлеуде де жоқ, сөйлеуде жоқ нәрсе, тілде де жоқ. Бар айырмашылығы элементтердің өзара үйлесуінде, ұйымдасуында жатыр. Сөйлеуде олар жүйелі, бірінен кейін бірі сөйлеуді құрап орналасады. Тілде олар нақты сөйлеуге қажетті кез келген форманы алуға болатындай белгілі бір жүйе құрып орналасады».[1,187б]

Тіл білімінде ең өзекті мәселелердің бірі ретінде тіл мен сөйлеудің арақатынасын айқындау болып табылады. Тілді жазу процесі барысында мәтіннен көре аламыз, ал сөйлеу әрекеті барысында тыңдай аламыз. Филология ғылымдарының докторы Зәуреш Ерназарова бұл жөнінде: “ Тіл мен сөйлеудің қарым-қатынасы құбылыс пен оның мәнінің арақатынасы болып табылады”,- дейді. Тіл сөйлем арқылы әрекет етіп, сөйлеу үдерісінің орындалуын қамтамасыз ететін қызмет атқарады десек те болады. Тіл әрі сөйлеу құралы сонымен қатар сөйлеудің нәтижесі болады. Тіл мен сөйлеуге берілетін анықтамаларды прагматикалық аспект тұрғысынан қарастырған Н.А.Слюсараева бірнеше қарама-қарсылықтарды көрсетеді:

- тілге әлеуметтік сипат тән, ал сөйлеуге жекелік тән;
- тіл қарым-қатынас жасау құралы болса, сөйлеу тілі әрекет яғни процесс болып табылыды, сөйлеу тіліне дайындықсыздық еркіндік тән;
- тіл таңба және сол таңбалар жүйесінен тұраса, сөйлеу тілінде хабар беріледі.[5,25б.] Ал профессор Төлеубай Рақымжанұлы Қордабаев өз еңбектерінде жалпы «тіл» мен «сөйлеу терминдерінің ара-жігін ажыратып берген болатын: “ Тіл мен сөйлеу бір-бірімен айырылмастық бірлікте болатындықтарына қарамастан, бұл екеуінің бірлігі – тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар диалектикалық бірлік. Тіл дегеннен оның құрамына енген дыбыстарды, сөздерді, грамматикалық формалар мен үлгілерді түсінеміз. Тіл дегеніміз – сөйлеуге қажетті материалдардың жиынтығы. Ал сөйлеу – сол жансыз материалдардың өзара қарым-қатынасқа келуі, тілдің қимыл үстіндегі күйі. Тілдің жаны, тіршілігі – сөйлеуде. Сөйлеу процесінде тілдік материалдар жанданып өз бойындағы мағыналық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Бірақ сол мүмкіндікті әркім өз шама-шарқына қарай пайдаланады: біреулер оның ішіндегі асылдарын іріктеп алып, оларды өз мақсаттарына лайықты тиісті орындарына қоя білсе, енді біреулерде ондай шеберлік, дарындылық болмайды. Осыдан келеді де, тіл шұбарлығы, тіл

мәдениетсіздігі пайда болады, қоғамдық сипатты тіл жеке адамдардың сөйлеу процесінде даралық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің өзгешелігі осында" [2,123б.]. Ғалымның бұл пікірінен тіл мен сөйлеудің адам болмысының айнасы, тілдік мәдениеті мен табиғатының көрсеткіші деген тұжырым шығаруға болады.

Тілдің сөйлеу әрекетінде дұрыс жұмсалуы - тіл мәдениеті немесе сөз мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының алғы шарттарының бірі. Бұл туралы әдістемеші ғалым Алексей Васильевич Текучевтің пікірін келтіруге болады: «Әрбір жеке адамның сөйлеу тілі – оның жалпы мәдениетінің деңгейлік көрсеткіші». Профессор Рәбиға Сыздық жалпы сөз бен тіл мәдениетіне қатысты дұрыс түсінік пен ұғымды айқындап берген болатын. Ғалым: " Сөз мәдениеті" дегенді "сөйлеу", яғни "тіл жұмсау" (пайдалану) тәртібі, (дұрыстығы, мәдениеті) деп танимыз. Демек, бұл жердегі "сөз" – орысша "речь" дегеннің баламасы. Соңғы термин "тілдің қолданыстағы көрінісі" дегенді білдіретіні мәлім. Бізде ғылымның бұл саласының атауда "тіл мәдениеті" деген тіркес жиірек қолданылып жүр. Бірақ мазмұнға сай дәлірегі, дұрысы – "Сөз мәдениеті" [2,10б.].

"Сөз мәдениеті" тек тіл әсемдігін ғана емес тіл мен сөз түзулігін, жалпы әдеби тілдің нормалары мен тілдің тиімді жұмсалуын, ондағы мазмұндық сипаттың берілуі мен ойдың сөз арқылы көркем етіп жеткізілуін т.б. қарастыратын аясы кең ұғым. Ғалым Нұргелді Уәлиев өзінің Сөз мәдениеті еңбегінде сөз нормаларын сақтап дұрыс сөйлеуді тіл жатықтығы деп көрсетеді де, ал сөйлеушінің өз ойын әсерлі әрі көркем етіп, белгілі бір мақсатқа сай талғампаздықпен жұмсауын сәйкесінше сөз шеберлігі деп көрсетеді. Тіл мен сөздің айырмашылығы мен өзара бірлік, тұтасымдығын ғалым З.Бейсенбайқызы былайша жіктейді:

1) тіл – қарым-қатынас құралы, ал сөз – тілдің қатысымдық қызметін іске асырушы;
2) тіл – абстрактілі құбылыс, ал сөз – тілдің материалдық формасы,тілдің қолданыстағы көрінісі;
3) тіл стилистикалық күйде тұрақты болса, сөз динамикалық күйде болады;
4) тіл – қоғамдық дамудың жемісі, ал сөз жекелеген адамдардың қолданыс тәжірибесін көрсетеді;
5) тіл жағдаяттарға тәуелді емес, ал сөз контекске, жағдаяттарға байланысты туып отырады тікелей байланысты болады.

Тіл мен сөйлеудің осындай айырмашылықтыры мен ерекшеліктеріне қарамастан өзара бір-бірімен тығыз байланыста. Фердинанд де Соссюр тіл мен сөйлеудің арасындағы айырмашылықты көрсете отырып: "Язык не деятельность говорящего. Речь как индивидуальный акт воли и разума говорящих предполагает, с одной стороны, комбинации, в которых говорящий использует код языка с целью выражения своей мысли, с другой стороны, психофизический механизм, позволяющий ему обьектировать эти комбинации", - деген қорытындыға келеді. [4,101б.] Тіл мен сөйлеудің тағы бір

айырмашылығы ретінде олардың объективтілік және субъективті қатынастарын да қарастыруға болады. Яғни, тіл біріншіден адамдардың бірін-бірі өзара түсінісу құралы ретінде қарастырсақ, екіншіден адамның сыртқы дүниені танып білуіне көмектесетін таптырмас құрал. Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, қатысым әрекетінде ғана өзінің бүкіл қызметін айқындап, көрсете алады. Бұл жөнінде ғалым А.А.Потебняның еңбектерін қарастыруға болады. Жалпы алғанда тіл мен сөйлеудің өзара қатынасын зерттеп, тұжырым жасаған ғалымдар көп жәнеде бұл ұғымдарға берілген анықтамаларды толассыз жалғастыруға болады. Филология ғылымдарының докторы Зәуреш Ерназарова тіл мен сөйлеудің арасындағы қатынасты бірнеше байланыс түрлеріне қарай негіздейді:

1) тіл мен сөйлеудің бірін-бірі анықтауы, қалыптастыруы. Қайсысы бірінші кезекте, қайсысы екінші кезекте орналасады.

2) Сөйлеудің субъективті сипаты мен тілдің объективті сипатының арақатынасы. Қолданыстағы нақтылық пен тілдегі абстракциялық сипаттың арақатынасы. Осыған байланысты мақсат пен қызметтің өзара байланысы.

3) Сөйлеудің еркіндік, шексіздік, сипаты мен оны қабылдау түсінумен байланысты норманы қалыптастырудығы тіл бірліктерінің жүйелі сипатынының арқатынасы, сақталуы, бұзылуы. Осымен байланысты тілдік норма және сөйлеу нормасының арақатынасы.

Адамның санасындағы ойы, қоршаған ортаға деген көзқарасын білдіруі оның тілі арқылы жүзеге асады. Ал тыңдаушыға түсінікті әрі, көркем етіп жеткізілуі оның сөйлеу тіліне тікелей байланысты болып келеді. Сөйлеу тілі ол адамның түпкі санасындағы іс-әрекеттің ұйымдастырылған арнайы күрделі сұлбасына құрылады. Қарым-қатынас құрудың негізгі тәсілі ретінде ол екі субъектінің қатысуын ұсынады яғни ойды сөйлеу тілі арқылы шығарады, екіншісі қабылдайды. Тілдік тұлғаның санасындағы ойдың сөзге айналу процесін ең алғаш Л.С. Выготский зерттеген болатын. Оның ізбасарлары ретінде Бодуэн де Куртенэ, Фердинанд де Соссюр және Леонард Блумфилдті айтуға болады. Сонымен қатар аталған ғалымдардың зертеулері негізінде А.А.Леонтьев, Н.Хомский еңбектерін жалғастырған болатын. Адамның ойы сөйлеу арқылы аяқталады деген тұжырым айтқан ғалым Л.С Выготский: “ мысль не выражается в слове, а совершается в нем, значение находиться как бы между мыслью и словам, вот почему значение пересекается коммуникация и мышления.”-дейді. Яғни, адам санасындағы ой сөзде өмір сүрмейді, сәйкесінше сөзді құраушы мағына сөз бен ойдың арасындағы дәнекер болады, ой тұйықталған әрі белгілі бір дәрежеде ықшамдалған әрекет деген қорытынды шығарады. Сөйлеу тілі адамның ақыл-ойының дамуына үлкен әсерін тигізеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша «ой сыртқа шықпайды, бірақ ол сөз арқылы орындалады» деген. Тіл дамыған сайын ойда дамиды. Ғалым өз еңбегінде ойдың тіл арқылы сыртқа шығуының бірнеше сатыларын көрсетеді.

Адам баласының ойы мен тілі, сөйлеуі мен санасы тығыз байланысты құрайтын, үздіксіз қозғалыс үстіндегі үдеріс болып табылады. Кез-келген адамның ойы оның санасы мен тіліне қарағанда жүйрік әрі кең ауқымды

мағұлматтарды қабылдай алады, сүзгіден өткізе алады. Ал сана тіл арқылы жасалып, тілді қолдана отырып дамиды. Осы тұрғыда лингвист ғалым Вильгельм Гумбольдт: “ Сөйлеу оймен байланысты шексіз әрі алуан. Бірақ оны реттейтін, осы шексіздікте тұрақты қалыпқа ие байланыс түрлерін жүйелеп отыратын тіл бірліктері бар ”- деген пікірін мысал ретінде келтіруге болады. Негізінен сөйлем құрылымын адамның ойлау қабілетінің дамуымен байланыстырамыз. Ойлау мен сөйлеудің өзара бірлігі жөнінде зерттеулер мен еңбектер аз емес. М.Монтель өзінің жақсы ұғып тұрған дүниесін тыңдаушыға көркемдеп, нақты етіп жеткізе алмай тұрған адамдар жайлы: “ Басымда ойым көп, бірақ шешен болмағандықтан, оларды айтып бере алмаймын дейтін адам – өзін-өзі түсініп болмаған адам”- дейді. Ой мен тіл бірлігі адам баласының сөйлеу тілін құрайды. Тілдік тұлғаның сөйлеу тілі күделікті тұрмыста екеуара тілдесімге қолданылады, бейресми қалыпта жүзеге асып отырды. Сөйлеу тілінің өзіндік заңдастырылмаған нормалары болады. Бұл жөнінде Зәуреш Ерназарова: “Тілдегі ғылыми түрде анықталған, кодификацияланған нормамен қатар, сөйлеу тілінің қозғалысты, субъективті сипатымен байланысты сөйлеу нормасы болады. Тілдік норма әр деңгейдегі тіл бірліктерінің өзара тіркесім қабілетін белгіліесе, сөйлеу нормасы нақты бір уақыт кесіндісінде сөйлеу жағдаяты, өзге де прагматикалық көрсеткіштердің ықпалымен қалыптасады. Сондықтан біздің пікірімізше, сөйлеу тіліне коммуникативті-прагматикалық нормалар тән. Оған сөйлеу жағдаяаттарына қарай тіл бірліктерін таңдау ережелері жатады. Бұл нормалардың түрі адамдардың қарым-қатынасы үстінде қалыптасады. Сөйлеуші санасында аталған нормалар тәрбие, тәжірибе, білімнің арқасында қалыптасып, қабылданып, сөйлеу жағдаяттарының түріне қарай, сөйлеуші қажеттілігіне қарай қолданысқа түседі”- деген пайымын көрсетеді[3,26б.]. Сонымен қатар Б.Әбілқасымов: “Сөйлеу тілінде де норма бар. Жазба тіл сөйлеу тілі элементтерін батыл кіргізу арқылы жаңа арна дамиды”,- дейді. Әрине, тіл үздіксіз даму үстіндегі құбылыс болғандықтан ондағы заңдылықтар мен тілдегі нормалар да өзгеріске ұшырап отырады. Ғалымдар тілдің нормалануын үш деңгейге жіктеп қарастырады:

1-деңгейдегі норма – қатаң норма – өзгертілмейтін, міндетті түрде сақталу керек норма;

2-деңгейдегі норма – босаң норма – екі нұсқа қатар жүретін, еркін норма;

3-деңгейдегі норма – өзгермелі норма – ауызекі тілдегі, көнерген формаларына шектеу қойылмаған норма түрі. Тілдің нормалануынан бөлек ғалым С.Аташев тілдің ішкі құрылым жүйесіне байланысты негізгі деп тапқан нормаларды көрсетеді:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстардың дұрыс әрі анық айтылуы (фонологиялық-дикциялық);
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірістерді сақтау және дауыс тембрі (интонологиялық-просодиялық);
- екпіннің түсуін және түрлерін сақтау;
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті салып жазу (шрифтологиялық-каллиграфиялық);

- сөйлеу мәдениетіне қатысты нормалардың сақталуы (қатысымдық);
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлдеу, сөздерді іріктеу (образды-эстетикалық);
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтық, дәстүр-салттық ерекшеліктерді сақтау (коммуникативтік-этникалық);
- сөйлегенде ойдың көлемін, мазмұндық құрылымын, хабардың жеткізу жүйесін реттеу (информотивтік-коммуникативтік, контекстік) [8,54-59б.] Сөйлеу тілінің нормалары заңдастырылмаған, біршама еркін болады деп қарастырған Нұргелді Уәлиев сөйлеу тілінің белгілері мен жазба тілінің ерекшеліктері мен стильдік айырмашылықтарын жіктеп көрсетеді.

Жазба тілі мен сөйлеу тілінің сабақтастығы жайында А.С.Пушкин: “Жазба тіл сөйлеу тілімен бірдей болуы мүмкін бе? Жоқ, сөйлеу тілі еш уақытта жазба тілге дәлме-дәл ұқсас болуы мүмкін емес... Жазба тіл минут сайын сөйлеуде туатын тілдік тәсілдермен жанданып отырады. Тек сөйлеу тілінде жазу – тіл білмегендіктің белгісі ”-деп келтіреді [6,42б.] Нұргелді Уәлиев сөйлеу тілінің стилдік сипаттарын төмендегідей бірнеше топқа жинақтап көрсетеді:

1. Тілдесу емін-еркін, бейресми түрде өтеді.
2. Сөйлеуші тілдік амал-тәсілдерді толық пайдаланып, ойын белгілі бір жүйемен беруге аса көңіл бөлмейді.
3. Тіл амалдарын қолдануда “заңдастырлған” фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік нормалары толық сақталмайды.

Сонымен қатар ғалым: “Сөйлеу тілі – әдеби тілдің бейресми жағдаятта қолданылатын, адресант пен адресаттың тікелей қатысуымен жүзеге асатын ауызша түрдегі (спонтанды) машықты сөз. Осы сипатына байланысты сөйлеу тілін бейресми дискурс деп атауға болады. Қарым-қатынастың бейресмилігі, ситуацияға тәуелділігі, машықтылығы (спонтанность) сөйлеушілердің әлеуметтік рөлі, психологиясы, эмоциялық күйі сөйлеу тілінің құрылымдық сипатының күрделі екенін танытады”-деп жазады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. – Алматы, 1987,-123б.

2.Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистик бірліктерінің прагматикалық негіздері. – Алматы:дисс. 2001

3.Уәли Нұргелді. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғыл.докт.дисс...автореферaты. – Алматы: Тіл білімі институты,2007

4. Аташев С. Қазақ тілі қандай тіл немесе тіліміздің қарым-қатынастық заңдылықтары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1996.-

5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496б.

6. Дуйсебекова Ж. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: фил.ғыл. док. ... дис. – Қаскелең, 2019. – 180б

7. Жұбаева О. А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы // «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ МАМАНДАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

М.М.Мелдебек
магистрант, ассистент-оқытушы
Сулейман Демирель атындағы университеті
Қаскелең қаласы

Аңдатпа. Мұғалімнің коммуникативті құзыреттілікті меңгеруі оның әмбебаптығын, көпфункционалдығын қамтамасыз етеді, әлеуметтік кәсіби ұтқырлығын анықтайды. Сонымен қатар болашақ қазақ тілі мамандары үшін кәсіби ортадағы және басқалармен орнатылатын қарым-қатынас жүйесін реттейді, маманның құзыреттілік қызметін жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындықты қамтамасыз етеді. Демек ЖОО қабырғасында білікті мамандарды дайындап шығу үшін коммуникативтік құзыреттілікті меңгерту керек. Бұл үшін педагогика саласында кеңінен қолданылып жүрген түрлі әдіс-тәсілдердің ішінен білім алушының коммуникативтік дағдыларының жақсаруына алып келетін әдістерді топтастыру қажеттілігі туындайды. Оқыту үдерісінде білім алушылардың деңгейін көтеретін, білім алумен қатар әр түрлі дағдыларды меңгеріп шығуына көмектесетін әдістер қорын оқутышалар қолданып келеді, зерттеудің мақсаты Дуйсебекова Ж., Әжіғалиев М. және Е.И.Пассов сынды ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап, болашақ мамандардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін ұсынатын кеңестері мен әдіс-тәсілдерін анықтап, жинақталған әдістерден ең тиімділерін таңдап алу. Оларды анықтау үшін саралау, салыстыру, анализ және басқа да әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде ЖОО-да оқып жатқан болашақ қазақ тілі мамандарының коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытып, оны ары қарай жетілдіріп, мектеп оқушыларына сабақ беру барысында көмектесетін тиімді әдістер анықталады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, білім беру, қарым-қатынас, дағды, құзыреттілік, коммуникация, әдіс.

Abstract. The teacher's mastery of communicative competence ensures his/her versatility, and multifunctionality, which determines social professional mobility. It also regulates the system of communication in the professional environment and with others for future specialists of the Kazakh language, providing theoretical and practical preparation for the implementation of the competence activities of a specialist. Consequently, in order to prepare qualified specialists within the walls of the university, it is necessary to master communicative competencies. For this purpose, from a variety of methods widely used in the field of pedagogy, there is a need to group methods leading to improvement of the communicative skills of the learner. In the process of learning teachers use a fund of methods that improve the level of learners, helping them to master various skills, the purpose of the study - Duisebekova Zh., Azhigaliev M., Passov E. I. review of the works of scientists, the definition of tips and tricks offered by future specialists for the development of communicative fame, the choice of the most effective of the accumulated methods. Differentiation, comparison, analysis, and other methods were used to identify them. As a result of the study, effective methods of development of communicative competence of future specialists of the Kazakh language studying at the university, their further improvement, and assistance to schoolchildren in learning will be identified.

Keywords: kazakh language, education, interaction, skills, competence, communication, method.

Коммуникативті құзыреттілік қазіргі замандағы адам мәдениетінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады, оның құрылымдық элементтері: тілдік құндылық қатынасы, коммуникативті жағдаяттардың әлеуметтік және психологиялық жағын білу және түсіну қажеттілігі, осы жағдаяттардағы сөйлеу мінез-құлқын қоғамдық өмірдің нормалары мен заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыруға дайын болу.

Ғылым саласында коммуникативті құзыреттілікті зерттеу бірнеше бағытта жүреді. Олардың жақсы қамтылған үшеуіне тоқталсақ, әлеуметтік психологиялық, бұл адамның жеке қасиеттері мен қабілеттерінің, оның қажеттіліктері мен құндылықтарының қарым-қатынас процесіне әсерін болжайды; лингвистикалық, ол адамның сөйлеу әрекетіне баса назар аударады; құзыреттілік, мұнда коммуникативті құзыреттілік жалпы және кәсіптік білім берудің мақсаты мен нәтижесі ретінде анықталады және негізгі құзыреттердің бөлігі болып табылады. Бұл бағыттардың әрқайсысы өз бетінше және коммуникативтік құзыреттілікке байланысты өзінің нақты мағынасын береді.

Коммуникативтік құзыреттілік қызметтің барлық салаларында жүзеге асырылады: күнделікті, тұрмыстық және кәсіби, іскерлік-әмбебап, жалпы кәсіби және арнайы коммуникативтік құзыреттердің синтезі.

Оның қалыптасуында динамиканың сипаттамасымен кезеңдер және мазмұнды компоненттер байқалады. Бірінші кезең - әмбебап құзыреттілікті қалыптастыру. Адамның әлеуметтік мәртебесіне, кәсібіне, мүдделеріне қарамастан, әр адам осы құзыреттерге ие болуы керек. Әмбебап коммуникативті құзыреттіліктер бала кезінен, отбасында, оқу кезеңінде және мектеп пен университетте қалыптасады, өмір бойы жетілу үстінде болады. Екінші кезең - игерілген әмбебап құзыреттер негізінде кез келген маманға белгілі бір салада, жұмыс орнында немесе кәсіби дайындық кезінде қызметті сәтті жүзеге асыру үшін қажет болатын жалпы кәсіби коммуникативті құзыреттердің қалыптасуы. Бұл деңгейдің құзыреттілігі негізінен ЖОО-да оқу кезеңінде қалыптасады және практикалық кәсіби қызметте дамиды. Үшінші кезең - мақсатты өзара әрекеттесу үшін қажетті арнайы кәсіби құзыреттерді қалыптастыру. Осы кезеңдегі арнайы кәсіби коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз - адамның (білім алушының) коммуникативті білімді, дағдыларды, іс-әрекет тәсілдерін, сондай-ақ белгілі бір кәсіби саладағы табысты қызмет үшін қарым-қатынас тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдануға теориялық және практикалық дайындығы, қабілеті, табысты (сапалы, өнімді) кәсіби қызметінің көрінісі. Педагогтың арнайы кәсіби коммуникативтілік құзыреттілігі ЖОО-да гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының арнайы мәдени сөйлеу, педагогикалық және психологиялық пәндерін оқу кезінде қалыптасады. Ол білім беру процесінің субъектілерімен педагогикалық өзара әрекеттесу тәжірибесінде жетілдіріледі: университетте оқыту кезеңінде педагогтармен өзара әрекеттесуде, практикалық кәсіби қызмет кезеңінде - студенттермен қарым-қатынаста. Арнайы кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын

білдіреді, өйткені құзыреттілік нақты жағдайға енгізілген іс-әрекетте көрінеді. Осы құзыреттілікті дамыту, біріншіден, студенттердің жеке коммуникативті тәжірибесін өзектендіру арқылы, екіншіден, оны түзету арқылы, үшіншіден, жаттығулар мен тікелей қарым-қатынас процесінде жаңа өнімді модельдермен байыту арқылы жүзеге асырылады. Университетте оқу үдерісінде бұл мәселені шешудің ең жақсы жолы - қарым-қатынас жағдайында түрлі әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру.

Кәсіби коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеріп, күнделікті өмірде де, кәсіби салада да белсенді түрде қолданатын және болашақта маман ретінде басқалардың да осы құзыреттіліктерді меңгеруін қадағалап, оларға ықпал ете алатын мамандардың бірі - болашақ мұғалімдер. Мақалада қамтылған тақырыптың зерттеу объектісі болашақ қазақ тілі мамандары екенін есепке ала отырып, осы білім беру бағдарламасын аяқтағанда коммуникативтік құзыреттілікті жетік меңгеріп, оқушыларының алдында жүйелі түрде сөз саптай алуына, жеткізбек болған ойының тыңдаушыларына түсінікті болуына, білім алушылардың жас ерекшелігіне сай әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді әдіс-тәсілдердің таңдалып алынуы, қолданылуы маңызды.

Заманауи әдебиеттерде «әдіс» түсінігінің көптеген анықтамалары берілген. Дегенмен, аталған түсініктің негізгі үш мәнін ерекшелеп көрсетуге болады:

1) жалпы әдіснамалық әдіс – қоршаған нақтылықты оқып үйрену, таным құралы;

2) жалпы дидактикалық әдіс – оқыту мазмұнын ықпалды меңгеруге бағытталған оқыту объектісі мен субъектісінің өзара шартталған іс-әрекеттерінің жүйесі;

3) жеке дидактикалық (меншікті әдістемелік) әдіс – оқыту субъектісінің кәсіби іс-әрекеті стратегиясын анықтайтын оқытудағы бағыт [1].

Педагогикалық үдеріске қатысты, оқытушы мен білім алушының қатысуымен жүзеге асатын іс-әрекет дидактикалық әдістермен тікелей байланысты. Мақалада Сулейман Демирель атындағы университетінің Педагогика және Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, PhD Ж. Дуйсебековаңың “Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс” монографиясы, алғаш болып Педагогикалық шешендіктану немесе риторика пәнін зерттеп бастаған М. Әжіғалиевтің “Жоғарғы оқу орнында “Педагогикалық шешендіктану” курсын оқытудың әдістемелік жүйесі” атты диссертациялық жұмысы, шет тілін оқытуда қолданылатын коммуникативтік әдістер жайлы зерттеген орыс ғалымы Е.И. Пассовтың “Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению” еңбегіндегі бірнеше дидактикалық әдіске тоқталып, қазіргі таңда өзекті, білім алушылар үшін қызықты, мақсатқа жету барысында тиімді болуы мүмкін дегендеріне анықтама беріліп, мысалдармен дәйектеледі. Енді осы еңбектерге кезегімен тоқталып өтсек.

Оқу процесінің сөйлеу бағыты оқушылардың сөйлеу белсенділігі болған кезде ғана мүмкін болады, бұл негізінен олардың қызметін сипаттайды. Сөйлеу барысындағы ақыл-ой белсенділігі - коммуникативті оқу процесінің өзегі. Бұл,

ең алдымен, дағдыларды қалыптастыруға арналған жаттығуларға қатысты және осы мақсаттарда тілдік емес, шартты сөйлеу жаттығуларын қолдануды, сондай-ақ сөйлеу қабілетін дамыту процесінде барлық жалған сөйлеу жаттығуларын алып тастауды білдіреді. Басқаша айтқанда, барлық жаттығулар сөйлеуде емес, сөйлеушінің белгілі бір сөйлеу міндеті болған кезде және әңгімелесушіге сөйлеу әсері болған кезде болуы керек. Осылайша, мәселе оқу қарым-қатынасында сөйлеу (тек оқу емес) үдерісін ұйымдастыруға байланысты. Сөйлеу үдерісі көбінесе мұғалімнің коммуникативті мінез-құлқына байланысты, бұл, сайып келгенде, оқытудың сөйлеу бағытының аспектісіне енеді және қарым-қатынастың белсенді сипатына байланысты. Осыған орай Е.И. Пассов осыған байланысты әдістер мен тапсырмаларды ұйымдастыруда тұрақты және өзгермелі талаптардың болуы керектігін айтады:

А. Тұрақты талаптар

1) сөйлеушінің сөйлеу уәжінің болуы: "сұраңыз", "егер сіз … келіссеңіз, растаңыз" және т.б., бұл сөйлеу әрекетінің шартты уәждемесін қамтамасыз етеді;

2) жағдаяттық, яғни сөйлесудің әңгімелесушілердің қарым-қатынас жүйесі ретіндегі жағдаймен байланысы;

3) білім алушының ерікті назарының оның нысанына емес, оның мақсаты мен мазмұнына басым бағытталуы;

4) сөйлеудің үш жағының бірігуі;

5) жаттығу элементтерінің әрқайсысында сөйлеу қарым-қатынасын модельдеу: репликалардың тіркесімі жаттығу элементі ретінде шартты жағдайдың өнімі болып табылады;

6) сөйлемдердің коммуникативті құндылығы;

7) уақыт бойынша жаттығудың үнемділігі;

8) бір типті сөз тіркестері мен әрекеттердің жеткілікті саны;

9) білім алушының іс-әрекеттерінің салыстырмалы түрде қатесіздігін қамтамасыз ету;

10) жаттығулардың біртұтастығы.

В. Өзгермелі талаптар

1) оқшауланған игерілген құбылыстарды біріктіру (дағдылардың тұрақтылығы қалыптасатын біріктіру кезеңі);

2) ассимиляцияланатын құбылыстарды саралау;

3) сөз тіркестерінің (жаттығу элементтерінің) тақырыптық, логикалық байланысы;

4) алғашқы репликалардың қарапайымдылығы мен қысқалығы;

5) берілген тілдік материалдың болуы;

6) материалмен ім-әрекетке нұсқаулардың болуы.

Демек, біз бұл заңдылықты принципке айналдыруға және сөйлеу әрекетінің түрі ретінде сөйлеуді оқытудың бірінші принципі сөйлеу белсенділігінің принципі деп санауға құқығымыз бар [2].

Ғалымның ұсынған тапсырмаларының барлығы осы талаптарға сай етіп жасалған және осы талаптарды негізге ала отырып жасалған тапсырмалар мен қолданылған әдістер білім алушылардың сөйлеу жағдаятын қалыптастыратын

тапсырмаларын орындау барысында коммуникативтік дағдыларының қалыптасуы мен коммуникативтік құзыреттілікті меңгеруіне тікелей әсер ететінін айтады.

М. Әжіғалиев ұсынған “Педагогикалық шешендіктану” курсын оқытуда арнайы әдістерге тоқталған. Олар: проблемалық, миға шабуыл, ойын, сұрақ-жауап, ғылыми жобалау, қатысым, жаттықтыру, еркін пікіралмасу, пікірталас, тестілеу, сауалнама, т.б. [3].

Жоғарыда көрсетілгендердің ішіндегі проблемалық, жобалау және тренинг әдістеріне тоқтала кетейік. Проблемалық әдістің дәстүрлі әдістердің жүйесінен ерекшелігі бірінші білім беріліп, кейін соған байланысты мәселе туындаған жағдайда оны ортақ талқыға салу емес, керісінше, бірінші ортаға бір проблема тасталады, соған қарай оқушылар өздерінің осыған дейін алған білімдерін қолдана отырып пікір алмасып, сол проблеманың шешімін анықтау барысында жаңа білімді алады. Сұрақтар қою арқылы жауапты білім алушының өзі табады, ал оқытушы мұнда тек бағыт-бағдар беруші. Келесі жобалау әдісі ЖОО-дағы білім алушыларды сыни ойлауға итермелеу, студенттің бойындағы бар қабілеттері мен білімін іс жүзінде қолданып, шығармашыл болуға ынталандыру, пән барысында алып жатқан теориялық білімді практикада қолданып, құзыреттіліктерін көрсетуіне, танымдық белсенділікке апаратын академиялық білімімен, сол білімді дұрыс қолдануда көмектесетін прагматиканы дамытуда көмегін тигізеді. Ал тренинг жаттығулар білім алушылардың өздерін кез келген жағдайда қалай ұстап, жаңа ортада қалай әрекет етуі керектігін үйретеді. Оны оқытушы студенттердің деңгейіне қарай әр түрлі етіп бере алады. Мысалы әріптестер, ата-аналар, оқушылар, жаңадан келген оқушылар, жаңа сынып, жаңа ұжым және т.с.с. жағдаяттарда болашақ маман өзін қалай ұстауы керек, оларға ақпаратты жеткізу үшін қандай әдістерді пайдаланғаны абзал, жас ерекшелігіне сай қандай позицияны ұстануы керек деген сияқты сауалдардың жауабын алу үшін осындай тренинг жаттығулар жасалып, соңында білім алушылардың қатысуымен анализ жасалады. Олар өздерінің қателіктерін байқап, сол қателікті енді болдырмас үшін не істеуі керек екенін ізденіп, келесі тренингке келгенше жұмыс жасап келеді.

Ж. Дуйсебекова “Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс” монографиясында әр түрлі ғалымдардың жұмыстарына талдау жасай отырып, мына әдістерді студенттердің коммуникативтік дағдыларын жетілдіруде тиімді деп көрсеткен:

- үлгісөздердің негізінде оқыту;
- бейнежазбаларды көрсету әдісі;
- постерлерді қолдану;
- мәтін арқылы дамыту;
- пікірталас әдісі;
- жаттығулар әдісі;
- әңгімелеу;
- АКТ және медиатехнологияларды қолдану әдісі [4].

Осы тізімде тұрған бірінші және соңғысына қатысты толығырақ ақпарат берсек. Бір тапсырманы беру барысында оқытушы не мұғалім ол тапсырманың орындалып болғандағы нәтижесі етіп бір үлгіні береді. Дәл солай білім алушылардың сөйлеуін жүйелеп, дұрыс тілдік компоненттерді қолданып, сөз саптауының нақтылығын қалағанда, оларға сондай үлгісөзді қоса беру керек. Студен алдымен сол үлгімен жқмыс жасасын, автор қандай факторларға назар аударған, қай бөліктерінің арқасында бұл мәтін түсінікті, нақты әрі құлаққа жағымды деген секілді сауалдарға жауап беріп, топ ішінде талқылап, дискурста болуы керек бөлшектер мен жүйені түсініп алғаннан соң ғана, студенттерге сол үлгі негізінде өз сөздерін, мәтіндерін жазып шығу, дайындау әлде қайда жеңілге түседі. Немесе дәл осы әдіс бірақ керісінші қолданылса, яғни сіздің мәтініңіз қандай болмауы керек деген үлгісөзді беріп, оның ішіндегі қателіктерді анықтап, өздігінен түзетулер енгізіп, орындап болғаннан соң топпен бірге ортаға салып талқылау болсын. Сонда білім алушылар өздері тапқан қателіктерді өз мәтіндерінде жібермеуге дағдыланады.

Келесі бір әдіс соңғы жылдары танымалдылыққа ие, өзекті АКТ және медиатехнологияларды қолдану әдісі. Пән барысында өтілуі керек тақырыптардың барлығы кітап пен ауызша түсіндірулер арқылы жүрмей, әр түрлі платформаларды қолдану, сол платформаларға студенттердің өздерінің материалдарын жүктеу секілді тапсырмалармен де толықтырылып отырса, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, болашақта мектепте қызметін бастаған шақта дайын материалдарды қолданып сабақ өтуге қазірден бастап дайындық жасайды.

Тағы бір жас буын арасында танымалдылыққа ие, білім беру үдерісіне дұрыс кіріктіре білгендер үшін өте пайдалы болатын құралдардың бірі - әлеуметтік желілер. Жастардың қазіргі қарым-қатынас орнату, сөйлесу ортағы виртуалды әлем екені мәлім, содан да көпшілігінің коммуникативтік дағдылары нашарлап, мектепті аяқтағандағы деңгейден алысқа кете қойған жоқ. Сол мәселенін шешу үшін мәселені тудырып отырған құралды қолдануға болады. Тәжірибе негізінде жасалған бір-екі мысалды келтірсек. Біріншісі - аудиожазбаларды жіберу. Студенттер сабақ барысында өтілген тақырып бойынша, жалпы сабақ жайлы өздерінің түйгендері мен үсыныстарын 1 минуттық аудио арқылы күніге жіберіп отыруы қажет. Бір минуттық аудио аса қиын емес көрінуі мүмкін, бірақ осы бір минутта студент тек қазақша сөйлеу, айтпақ болған ойын алдын ала жүйелеп алу керектігін ескерген кезде тапсырма күрделене түседі. Нәтижесінде білім алушылар өз ойларын, пікірлерін білдірген кезде қысқа да нұсқа, жылдам әрі жүйелі сөйлеуді меңгереді. Ал оны тыңдап отырған басқа студенттер өз бағаларын беріп, “реакцияларын” қалдырады. Келесі тапсырма кез келген өтілген тақырып бойынша студенттің түйгенін видео арқылы жеткізуі. Олар алдымен видеоны монтаждап, қажетті кадрларды, бейнелерді қосады, одан кейін сол видеода бейнеленгенді түсіндіру үшін өздері аудио жазып, оны сол видеоға кіріктіреді. Бұл тапсырманы жұптық, топтық етіп беруге де болады. Бастысы екі тапсырманы орындау барысында студенттердің тіл мәдениетінің негізгі сапаларын сақтауын қадағалау. Олар:

1.Сөз дәлдігі;
2.Сөздің логикалылығы;
3.Сөздің тазалығы;
4.Сөздің мәнерлігі;
5.Сөздің байлығы;
6.Сөздің қисындылығы [5].

Осы алты сапаға баға беріліп, олардың әрқайсысына тоқталып өткенде ғана білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің жақсарғаны байқалып, оны әрі қарай дамыту оңайға түседі.

В образовательной сфере наиболее широко применяются следующие информационные технологии: электронные учебники, интерактивные обучающие ресурсы (тренажеры), виртуальные среды (виртуальные лаборатории, виртуальные среды проектирования и др.), компьютерные демонстрации, универсальные обучающие среды, электронные базы данных,

справочно- информационные источники (онлайн переводчики, словари), электронные библиотеки, электронные периодические издания, базы данных и архивы, электронные коллекции (коллекции звуко-, фото-, видеофайлов).

Главным функциональным предназначением образовательных ресурсов Интернета служит сетевое взаимодействие между пользователями Интернета и учебным заведением, базой данных и др. Данная функция осуществляется в тестировании on-line, в дистанционном обучении и др. Эти функции представлены специальными сервисами, обеспечивающими интерактивное взаимодействие с пользователем.

Учебные организации на своих сайтах размещают различные образовательные ресурсы. Сегодня на сайтах университетов самыми распространенными ресурсами являются базы данных, справочники, расписания, электронные библиотеки, а также электронные учебники и лекции. Хочется обратить внимание на то, что классификация образовательных ресурсов связана с рядом сложностей:

1) из-за бессистемного расположения образовательных ресурсов в Интернете их поиск и описание представляют определенные проблемы;

2) ресурсы резко отличаются друг от друга по значимости, полноте, глубине описания и уровню представления информации и организации доступа к ней;

3) способы предоставления информации в этих ресурсах характеризуются большим разбросом;

4) наблюдается отсутствие единообразия с точки зрения различных жанров и видов текстов в указанных ресурсах.

Рассмотрим применение образовательных ресурсов в сфере изучения и преподавания русского языка. Практическую значимость имеет использование ресурсов Интернета для методики преподавания иностранному (русскому) языку, так как они дают возможность интерактивного общения на изучаемом языке, также реализуется в учебной деятельности принцип доступности к аутентичным материалам и к разным образовательным ресурсам, которые представлены в текстовом, аудио - и видеоформатах. Это позволяет создать технологичную обучающую языковую среду для формирования совокупности иноязычных компетенций.

Акцентрируют несколько направлений для использования образовательных ресурсов Интернета для преподавания русского языка как иностранного:

- предоставление участникам образовательного процесса, используя режим реального времени, актуальной информации о новостях в Казахстане и за рубежом, о сегодняшней экономике, искусстве;

- доступность информационных серверов казахстанских образовательных учреждений и библиотек;

- обеспечение студентов, авторов учебников аутентичными текстами (газетными, художественными, деловыми) в электронной записи для организации учебного процесса;

- организация взаимодействия между различными группами изучающих язык, проведение совместных проектов, олимпиад, конкурсов, организация телеконференций;

- проведение лекций - путешествий на основе казахстанского сегмента Интернета (например, экскурсия по городу, путешествие по святым местам и др.);

- открытие новых возможностей для дистанционного обучения языку.

Исследователи отмечают, что с помощью сети Интернет можно создать подлинную языковую среду, ставить и решать задачи формирования потребности в изучении иностранного языка на основании интенсивного общения с его носителями, организовывать работу с аутентичной литературой самых разных жанров, обеспечивать аудирование аутентичных текстов.

В последних исследованиях описываются различные проблемы, мешающие эффективному использованию образовательных ресурсов в учебном процессе. Препятствия имеются, в первую очередь, технологические - отсутствие компьютеров, недостаточное программное обеспечение, недостаточная компетенция сотрудников компьютерных центров, оказывающих поддержку преподавателям.

Подводя итоги вышесказанному, можно с уверенностью сказать, что образовательные ресурсы имеют огромные учебные возможности и смогут применяться в преподавании русского языка иностранным студентам.

Литература

1. Богомолов А.Н. Виртуальная среда обучения русскому языку как иностранному. Лингвокультурологический аспект. М. : Макс Пресс, 2008. 320 с.

2. Дунаева Л.А. Средства информационно-коммуникационных технологий в обучении иностранных студентов гуманитарным наукам научной коммуникации. М. : МАКС Пресс, 2006. 149 с.

3. Еримбетова С. Использование интерактивных технологий обучения в процессе творческого саморазвития личности студента / С. Еримбетова, А.Г. Маджуга, Б. Ахметжан // Вестник Высшей школы «Альма-матер». 2003. № 11. С. 48-52

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ: ТЕЗИС ЖАЗУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР

С. Симбаева
филол.ғ.к., Teaching Professor
Maqsut Narikbayev University (KAZGUU)
Астана қаласы

Аңдатпа. Мақалада академиялық жазылым, оған қойылатын негізгі талаптар, оның алғашқы және екінші дәрежелі түрлеріне сипаттама берілген. Соның ішінде эсседе маңызды

рөлге ие тезис сөйлем мен мақала тезисінің түсініктемесі айтыла отырып, өзара ұқсастық, айырмашылықтары көрсетілген.
Түйін сөздер: академиялық жазылым, академиялық стиль, аргумент, тезис сөйлем, мақала тезисі, ғылыми еңбектер.

Abstract. The article describes the main purposes and analyses the first and second level kinds of academic writing. Particularly, the main focus is on the significance of the thesis sentenc and the article thesis in essays and articles, and their similar and divergent features.
Keywords: academic writing, academic style, argument, thesis sentence, article thesis, research papers.

ҚР білім беру кеңістігінде және ғылыми ортада *академиялық жазылым* ұғымы соңғы жылдары белсенді қолданысқа ие. Оның себебін бірнеше мәселемен тікелей байланыстыруға болады, атап айтатын болсақ, біріншіден, шетелдік білім беру және ғылым саласымен тығыз ынтымақтастық пен жалпы дүниежүзілік қоғамдастыққа кірігуге деген ұмтылыс. Екіншіден, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындарында жүзеге асырылып жатқан академиялық ұтқырлық, үшіншіден, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік оқу орындарында білім алу. Сондай-ақ, ғалымдар мен оқытушылардың шетелдік үздік оқу орындарында тағылымдамадан өтуі менен академиялық ұтқырлық бойынша тәжірибе алмасуы немесе жинақтауын жатқызуға болады. Осындай үздіксіз жүріп жатқан процестер кезінде атқарылатын жұмыстардың көбін академиялық жазылым негізінде реттеуге тура келеді.

Жалпы ағылшын тілді елдердің ғалымдары академиялық жазылымның не екенін жақсы біліп қана қоймай, оның қыр-сырын да терең меңгерген. Бұрынғы кеңестік елдерінде де ғылыми еңбектерді жазу, ресімдеу ісінің өзіндік қағидаттары басшылыққа алынған. Дегенмен қазіргі кезде ғылыми жұмыстарды жазу кезінде ойды қысқаша және түсінікті тұжырымдай жеткізу үшін қолданысқа енген академиялық жазылымнан айтарлықтай айырмашылығы болғаны белгілі.

Академиялық стиль нақты құрылымымен, ойдың айқындылығымен, стильдік, грамматикалық тұрғыдан қатесіз жазылған мәтінімен ерекшеленеді.

Ондай ғылыми мәтіндерде ой неғұрлым қысқа, бірақ соған қарамастан, кез келген оқырманға түсінікті тілде жазылуы тиіс. Сондықтан бұндай стильдің өзіндік белгілері бар:

- мәтін құрылымы мен оның ресімделуіне белгілі қатаң талаптың болуы;
- ойды жеткізуде ғылыми немесе ғылыми-көпшілік болмаса публицистикалық стильдің қолданылуы;
- ойды дәлелді, аргументті түрде жеткізу, перифраз жасай білу;
- сілтемені, әдебиет тізімін дұрыс ресімдеп көрсету [1,7].

Академиялық жазылымның бірі ретінде қарастырылатын эссе жанрында адамның жеке көзқарасы, өз толғанысы беріледі деген қағидаттың басшылыққа алынатыны айқын. Ал академиялық жазылымға эсседен басқа мақала, оған жазылатын тезис, сын-пікір, аннотация, т.б. жатқызамыз. Жазылымның осы түрлерінің барлығына ортақ белгі – ойдың көтеріліп отырған мәселеге шоғырлануы, ауызекі сөйлеу лексикасының, жалпыға ортақ қабылданбаған

қысқартулардың пайдаланылмауы, фразеологизмдерге көп әуестенбеу, стильдің бейтарап түрінің қолданылуы, синонимнің қолданыла бермеуі, керісінше, бір ұғым, түсініктің қайталанып қолданылуына жол берілуі. Көркем және публицистикалық жазбаларда сөз қайталаушылық пен ой қайталаушылық мәтінге нұқсан келтіреді делінсе, академиялық жазылымда қарастырылып отырған мәселе немесе ұғымға ерекше назар аударту мақсатында ондай қатаң талап жоқ деуге болады.

Академиялық жазылым жүйесінде мәтіннің алғашқы және екінші дәрежелі деген түрлері бар екені белгілі. Осының біріншісіне жататындар:

1. *Ғылыми мақала*-ғылыми-техникалық ақпаратты берудің негізгі көзі, мәтінде ғалымның зерттеу нәтижелері, логикалық пайымдаулар, алынған мәліметтердің негіздемелері беріледі.
2. *Сын-пікір* - басқа ғалымдардың ғылыми еңбегіне берілген баға, сыни пайымдау.
3. *Монография*- белгілі бір ғылыми тақырып немесе мәселеге арналған зерттеу жұмысының нәтижесі.
4. *Диссертация* - ғылым кандидаты/докторы, магистрі ғылыми дәрежесін алу үшін қажетті көлемді ғылыми еңбек.

Екінші дәрежелі жанрлар:

1. *Реферат*-мағынасы жағынан бастапқы дереккөзге ұқсас және шынайы ақпаратты жеткізетін, бірақ жаңа мәліметтермен толықтыру мүмкіндігі бар мәтін.
2. *Аннотация*-ғылыми жұмыстың қысқаша мазмұны, оның мәнін көрсететін тұжырым. Тақырып бойынша тезистер тізімі немесе мақаланың, диссертацияның құрылымын сипаттау түрінде болуы мүмкін.
3. Ғылыми пікірталастар-талқылау, қайшылықтарды айту, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан қарау арқылы белгілі бір мәселенің шешімін табу.

Мазмұнындағы, көлеміндегі және басқа жазу ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, академиялық жазудың барлық жанрларының ортақ ерекшелігі бар – материалды ұсынудың дәлдігі, айқындылығы және дәйектілігі.

Академиялық жазылым – студенттерді өз бетімен ізденуге бағыттайтын мәтін коммуникациясының түрі. Ол коммуникацияның ерекше формасы ретінде академиялық мәтін концепциясын жасауға жол ашады [2,123].

Сонымен, академиялық жазылым – бұл ғылыми жұмыстарды жазу үшін басшылыққа алынатын және құрылымы мен ресімделуіне, мазмұнына қатысты негізгі ережелер жиынтығынан тұратын ойды жеткізудің ерекше стилі. Сол себепті де өз зерттеуін халықаралық және отандық ғылым кеңістігінде жариялағысы келетін ізденуші немесе кез келген ғылыммен айналысып жүрген тұлға үшін негізгі дағдыны қалыптастыру зор маңызға ие. Ойды бірізді, логикалық байланыста мазмұндау, грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателерсіз жазу негізгі қағидаттардың бірінен саналады. Ол - ғылыми стиль мен жазылым құрылымын меңгеру, дағдылану.

Осы академиялық жазылымда автордың өзіндік қолтаңбасы ерекше көрінетін және ойлау көкжиегін танытып, оны тұжырымды жеткізетін түрінің бірден бірі – эссе. Жалпы эссеге байланысты түрлі көлемде біршама еңбектер жазылды. Дегенмен, осы эсседе тезис сөйлем негізгі ойды жеткізуде маңызды рөлге ие екендігін ескерсек, оны тұжырымдау біршама күрделі. Тезис сөйлем – бүкіл мәтіннің өзегі, ал қалғандары оны бекітуге, дәлелдеуге жұмыс істейді. Тезистік тұжырым - логикалық немесе эмоциялық пайым негізінде дәлелденуі тиіс негізгі аргумент, бәлкім, көзқарас. Оның негізінде автор белгілі бір мәлімдеме жасай алады да, оны қорғау үшін өз дәлелдерін, фактілерді келтіре бастайды. Алайда тезис пен кіріспе бір емес. Осы тұста көптеген қателіктер кететіні рас. Кіріспе қаралып отырған мәселе туралы жалпы түсінік немесе сол туралы автордың пікірі ретінде оқырманын өзіне қарату болса, тезис өз ойын нақты тұжырыммен жеткізу, бүкіл ойдың өзегін бір немесе екі-үш сөйлеммен бере отырып, пайым көкжиегін аңғарту. Мынадай екі мысалды негізге алып, қарастырып көрейік.

1-мысал. *Әлеуметтік желі - екінші онлайн өмір. Әлеуметтік желіге тіркеліп, оны пайдаланушылар саны күннен күнге көбеюде. Желіге ақпарат таратқан жағдайда оның шынайы екеніне көз жеткізу керек. Бірақ та әлеуметтік желі онлайн орта болғандықтан, оның ішінде жалған ақпарат таратылуы әбден мүмкін. Сондықтан менің өз басым нық сеніммен әлеуметтік желілерде жарияланған ақпараттарды жүз пайыз сенімді деп айта алмаймын. Қазіргі таңда адамдар бір-біріне көп сене бермейді. Неге? Себебі: қазір өтірік пен ақиқат, яғни шындық тең болғандықтан, өтірікті көп қолданады. Турасын айтқанда, ақпарат жүз пайыз дұрыс жеткізілмейді.*

2-мысал. *Ақпараттың шынайы және жалғандығына көз жеткізіп болмайтын қазіргі заманда адамдардың виртуалды өміріне айналған әлеуметтік желі оны тексеруді одан сайын қиындатып отыр* (тезис сөйлем). *Бір ғана РФ азаматтарының еліміздегі саны туралы түрлі ақпарат пен пікірлердің өзі сөзімізге дәлел бола алады. Мысалы, ФБ желісінде 1млн. 700 мың деп берілсе, Телеграмм желісінде 2 млн-нан асады делінген. Осының өзі желі қолданушыларын адасуларға әкеп соқтырып, сенімдерін жоғалтады.*

Бұл екі мысалдың біріншісіне назар аударатын болсақ, тезисті бірнеше сөйлеммен берген және нақты дәлел, фактілер келтірілмеген, ой қайталаушылық орын алған. Ал екінші мысалда автордың айтпақ ойы бір сөйлемге сыйған және нақты фактілер арқылы дәлелденген. Осыдан барып тезис сөйлемді берудегі жиі кездесетін қателіктер деп мыналарды айтуға болады:

- ой қайталаушылықтың болуы;
- сөз қайталаушылық;
- ой қайшылығының кездесуі;
- көпсөзділік, яғни ойды жинақы, ұтымды жеткізу дағдысының болмауы.

Себебі автордың ойынша айтқысы келген пікірдің немесе тұжырымның барлығы құнды немесе маңызды сияқты көрінуі ықтимал. Осы тұста мынадай жаттығу негізгі мәселені таңдауға көмектесері сөзсіз. Ол үшін автор өзі маңызды деп

ойлайтын он құндылық тізімін жазады. Сосын оны екі есе қысқартуға, яғни бесеуін ғана қалдыру ұсынылады. Енді бұл тізім үшке дейін қысқаруы тиіс, осы үшеудің ішінен біреуін ғана қалдыруы керек. Бұдан автор не ұтады? Бірінші кезекте маңызды деп ойлаған ойын бір ғана сөйлеммен ұтымды беруге дағдыланады. Тезис деп жазған 5-6 сөйлемнің ішінен ең маңыздысын, бүкіл пікірге жетекші болып тұрғанын таңдауға көмектеседі. Осы жаттығуды өткізу барысында бастапқы маңызды он мәселені бірге дейін қысқарту өте қиын екеніне көз жетті, бірақ эссе жазушы ең негізгіні таңдап алуға үйренеді және көпсөзділікке жол берілмейді.

Жақсы тезис жазу үшін автор тақырып туралы жан-жақты хабардар болуы керек. Тезис мәлімдемесі автор ойын жүйелеудің және оқырман назарын аудартудың ең жақсы жолы болып табылады. Мақала тезисі мен эсседегі тезис сөйлемнің өзара ұқсастығы мен айырмашылығын білу де маңызды. Ғылыми мақала тезисі:

- жүргізілген зерттеу туралы жеткілікті түсінік беретін дербес жұмыс;
- мақаладағы негізгі ұғым, ережелер бір-бірімен логикалық байланыста беріледі;
- дәлелдемелер негізгі жұмыста көрініс табады;
- мақсаты-ғылыми мақалада келтірілген материалды жалпылау;
- нақты құрылымы болады.

Сондай-ақ, мақала тезисінің құрылымын былай көрсетуге болады:

1. Мақала тақырыбы (жазылған немесе енді жазылатын).
2. Автор/авторлардың ТАӘ (ғылыми жетекші болса, ол бірінші жазылады).
3. Зерттеудің/жұмыстың мақсаты.
4. Зерттеудің/жұмыстың міндеттері.
5. Тақырыптың өзектілігі.
6. Зерттеу әдістері
7. Негізгі мәселелер/ ережелер/ гипотезалар (цитаталар берілмейді)
8. Нәтижесі.
9. Қолданбалы сипаты (болашақта қайда қолданылуы мүмкін)

Эсседегі тезис сөйлем мен мақала тезисінің өзара ұқсастығы және айырмашылығы бар.



1-сурет. Эсседегі тезис сөйлем мен мақала тезисінің өзара ұқсастығы және айырмашылығы

С.А. Оданова, Қ.Е. Молдабаева «Академиялық жазылымның зерттелу деңгейі және электронды контент жасаудың өзекті мәселелері» деген мақалаларында: «Академиялық жазылым түрлерін модельдеу, желілік конструкторлар жасау, тілдік шаблондар жасау, тегін сайттар мен желідегі каналдар тек білім-ғылымға ғана емес, сонымен қоса, қоғамға да пайдалы болмақ, нақтырақ айтсақ ғылыммен айналыспайтын тұлғалардың да ара – тұра ғылыми стильде құжат толтыратын кездері болады, сол кезде олар әрине, ең алдымен интернет көздеріне жүгінеді, егер интернет желісінде академиялық жазылымға байланысты барлық ақпараттың моделі ашық қолданыста тұрса, еңбек адамдары уақыттарын үнемдеп, қажетті құжаттарын дұрыс толтыруға мүмкіндік ала алатын еді» [3,145] – деп, ұтымды пікір айтады. Осы пікірде айтылғандай, академиялық жазылым сауаттылығын арттыру үшін практикалық маңызы бар жан-жақты талдаулар қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Минеева И. Н. Академическое эссе: теория и практика жанра //Филологический класс. – 2015. – №. 2 (40). – С. 7-14.
2. Оразбаева Ф. АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ //Педагогика и психология. – 2022. – Т. 50. – №. 1. – С. 122-129.
3. Odanova S. A., Moldabayeva K. E. Уровень изученности академического письма и актуальные вопросы по созданию электронного контента //Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2022. – Т. 136-145.

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЗАМАНЫНДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ҮДЕРІСТЕР

Роза Кадирова
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты
Алматы қаласы

Аңдатпа. Сандық технология адамзат дамуының үлкен үдерісінің бірі. Ол цифрлық даму бойынша қарқынды жұмыс жасап келе жатқан бағыт. Сандық технологияның мүмкіндіктері мен міндеттірін толық түсінген сайын қоғамның өмір сүруі жеңілдей түседі. Сандық технология барлық сала бойынша бәсекелестікке түсе алады. Тиімді цифрландыру шаралары арқылы Қазақстанның өзге мемлекеттермен теңесе алуына мүмкіндіктер жасалып, жағдай қарастырылып отыр. Сандық технологияның біздің өмірімізде атқаратын қызметтері де тиімді жолға қойылған. Қарым-қатынас тұрғысынан да сандық технологиялық үдерістер оң шешімін тапқан. Ол қоғамның жұмысын ретке келтірумен қатар, шаруаларын жеңілдетеді.

Түйін сөздер: сандық технология, цифрлық технология, коммуникация, қоғам, Цифрлы Қазақстан.

Annotation. Digital technologies are one of the greatest processes of human development. This is a direction that is actively working on digital development. With a full understanding of the possibilities and commitment of digital technologies, society's life becomes easier. Digital technologies can compete in all areas. Thanks to effective digitalization measures, opportunities are being created and conditions are being considered so that Kazakhstan can compare with other states. The functions of digital technologies in our lives are also effectively adjusted. From the point of view of relationships, digital technological processes have found a positive solution. He not only regulates the work of society, but also facilitates the peasantry.

Keywords: digital technologies, digital technologies, communications, society, Digital Kazakhstan.

Сандық технологиялардың негізгі қолданыстағы мақсаты адам өмірін тиімдірек өткізуге негізделген әрі өмір сапасын арттыру қарастырылған. Сол орайда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының түзілгені аян. Сандық технологиялардың біздің өмір сүруімізге тигізер пайдасы орасын зор әрі бұл саланы әрмен қарай дамытудың негізгі қағидаттары қарастырылған. Осы орайда, сандық технологиялардың біршама орайлы тұстарын айта кеткен жөн.

- Сандық технологияларды үкімет органдарының қызметіне енгізсек, олардың қызмет ету деңгейі әлде қайда жоғарылайды және жеңілдейді.

- Ал қарапайым қоғам сандық технологияның өз күш-жігерімен үйренетін болса, меңгеріп, білер болса, қажетті ақпараттарға мемлекет қызметкерінің көмегінсіз қол жеткізетін болады. Үкіметпен байланыс орнатуы да мейлінше жоғарылап, сапасы да арта түсетіні анық.

Ақпарат айдынында ақпарат алмасу мен оларды сақтау бойынша да, алға жылжу тек сандық технологиялардың арқасында жүзеге асады. Интернет жүйесінің жақсы жұмыс жасауы, еларалық байланыстардың орныгып тұруы қоғам өмірінің жеңілдеуіне көп мүмкіндік жасайды.

Мысал келтіретін болсақ, сымсыз телефондар, желілік ақпарат айдындары толықтай әлем бойынша жаңалықтарды бөлісіп отыр. Әрі кез келген адам әлемнің қай жерінде не болып жатқанын толықтай біліп, көріп отыра береді. Ол адамзат өмірінің жеңілдеуіне, ісінің алға басуына алып келеді. Ең алғаш сандық технологиялар елімізде қолданысқа еніп, халыққа жолданғанда небәрі 6300 ғана қолданушы болған. Ол бүкіл елге шаққанда, өте аз көрсеткішті көрсеткен. Ал уақыт өте келе, сандық технологияның халыққа тиімді екені жарнамаланып, тәжірибеде көрсетілгеннен кейін, оның қолданушылар саны күрт өсті.

Еліміз Президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев «Маңызды әрі кешенді міндеттердің бірі сандық технологияны қолдану. Сол арқылы жаңа индустрияларды өркендеуге мол мүмкіндік аламыз әрі оны іске асыруға тиіспіз. Бұл көзделген индурстриялар арқылы қазірде көптеген елдер экономикалық жағдайын жақсартып, бұрыннан келе жатқан дәстүрі салаларға тың өзгеріс алып келді»- деп сандық технологияның әлемде орын алып жатқан қызметін баяндайды. Әрі сол мүддеде қызмет етуге шақырады.

Сандық технологиялар заманы қанатын құлаш жайып еліміздің бүкіл саласына кең тарап келеді. Сол орайда, сандық технологиялардың заманындағы коммуникативтік үдерістерге де ерекше назар аударған жөн. Сандық

технологиялардың нәтижесінде ортақ қарым-қатынас байланысы құрыла алады. Қоғам мен үкімет арасында, қарапайым халықпен билік өкілінің ортасында ортақ диалогтар да жүріп тұрады. Сол арқылы, коммуникативтік үдерістер қалыптасады. Сандық технологияның негізі саналған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы коммуникативті үдерістердің негізі саналмақ. Мысалы, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы төрт бағыт бойынша жұмыс жасайды.

1. Еліміздің ауыл аймақтарындағы халықпен тікелей байланыс орната отырып, оларды кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету арқылы, еліміздің түкпір-түкпіріндегі халықты коммуникативтік мәмілеге келтіру негізгі шара саналады.

2. Көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру салалары бойынша, ауылшаруашылығы және сауда бағыты бойынша сандық технологияны енгізу арқылы халықтың жағдайын жақсарту, олардың білімін жетілдіру арқылы, өзге елдермен теңесіп, еліміздің экономикасын көтеруі негізге алынған. IT саласының мүддесін көтеру де басты назарға алынып, кеңінен талқылануы керектігі көзделген.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жұмыс сапасын жақсарту, қоғаммен коммуникативті қарым-қатынасқа түсуін қадағалау да басты шара. Бүкіл жағдайды, мемлекеттік қызметтерді Республикамыздың бүкіл азаматтарына тиімді ету де міндетті саналмақ.

4. Сандық технология бойынша білікті мамандарды даярлай отырып, оның халықпен тікелей байланысына мүмкіндіктер жасау.

Қазақстан Республикасының ақпараттық технологияларды, цифрлық жүйелерді мемлекеттік қызметке енгізуі, сәйкестендіруі тиімді екенін кез келген бағыттан аңғаруға болады. Сандық технологияға көшу ең алдымен еліміздің түкпір түкпірінде, алыс, шалғай аймақтарда орналасқан азамат пен азаматшалардың интернетке қолжетімділігін реттеумен тікелей байланысты. Сонымен қатар, сандық технология негізінде Қазақстан Республикасы бойынша орта білім беру мекемелерінде интерактивті тақта орнату, интернет жүйесін реттеу, компьютермен жабдықтау да үлкен нәтижелі жұмыстарға алып келеді.

Бүгінде Қазақстан халқының басым бөлігі цифрлы сауатты. Үйден немесе кеңседен шықпай-ақ түрлі жұмыстарды атқару кең мүмкіндік жасалып қойған. Сонымен қатар, Қазақстанда онлайн сауда нарығы да дамып келеді. Ал ол саудаға негіз болып отырған, әрине, халық. Әрі цифрлы сауатты болудың тиімді тұсы уақыт үнемдеуге де мол мүмкіндік жасап келеді. Кезек күту, уақытты сарп ету, арнайы мекемелердің алдындағы ұзын сонар адамдар тізбегі бүгінде әлде қайда азайған. Бұның бәріне халықтың цифрлы сауатты болуының арқасы деп толықтай айтала аламыз. Сонымен Қазақстан халқы айыппұл төлемдерін, жер, су төлемдерін, салық, коммуналды қызметтердің де қаражатын төлеуде мол жеңілдіктерге ие болған. Бастысы, сол бағытты меңгере алған.

Осы сандық технологиялар дамыған заманда коммуникацияның айтарлықтай орыны ерекше. Коммуникация терминінің кең қолданыстағы түрі адамға ақпарат беруді, қарым-қатынасты айтады. Дамушы елдерде коммуникация компанияның,

фирманың басшылығы қажетті ақпаратты дер кезінде, дәл уақытында беруін айтады. Коммуникативтік үдеріс арқылы кез келген сұраушы өз ақпаратын ала алады, сұраған нәтижесіне қол жеткізе алуы керек. Коммуникативтік үдеріс өзара қарым-қатынас дегенді білдіреді. Ал қарым-қатынас дегеніміз өзара іс- әрекет дегенді білдіреді. Осы ықпал арқылы адамның өзара қарым-қатынасы түзеледі әрі ақпараттық алмасу сияқты әлеуметтік үдерістер жүзеге асып отырады. Коммуникативтік үдеріс қоғамдық өмірдің күрделі механизмін құрайтын феномен.

Әрі коммуникативтік үдеріс бұл, байланыс арнасы. Коммуникацияның өзара жұмыс жасауы үшін арнайы агенттер керек. Ол ақпарат беруші және ақпарат қабылдаушы. Сандық технология заманында коммуникативті үдерістер кеңінен дамыған әрі қолданысқа ие деп айтсақ болады. Себебі, мемлекет тарапынан берілетін ақпарат болсын, қоғам ішіндегі ақпарат болсын, бастысы ақпарат беруші бар, ал ақпаратты қабылдаушы ол-қоғам. Кез келген ақпаратқа өз көзқарасын білдіретін де қоғам болып саналады. Сандық технологиялар заманы коммуникацияның алдын жауып қоя алмайтыны тағы бар. Адамдардың бір-бірімін араласуы ешқашан тоқтайтын үдеріс емес. Себебі, қоғам бар жерде, коммуникацияда өзара жақсы қолданыста болады. Ақпараттық технологиялар арқылы барлық мәселелер телефон, гаджеттер арқылы шешілуі мүмкін, алайда, ол толықтай адамның бүкіл мүмкіндіктерін қарастырмайды. Түптеп келгенде, кез келген адам байланысу арқылы жұмыс өнімін жақсартады.

Сандық технологиялар қазіргі кезде әлемге кеңінен таралуда. Сандық технологияларды өмірге дендеп енгізу оның әлеуметтік топтар сатысындағы халықтың өміріне елеулі түрде тигізетін әсері ерекше. Елімізде елбасының тапсырмасы бойынша экономикамен әлеуметтік салаларда сандық жүйені жетілдірудің күрделі жұмыстары қаралу үстінде. Оның негізгі міндетіне, негізгі жұмысына кең жолақты интернет желісінің бүкіл ел бойынша тарауы, заңдық құжаттарды қайта қарау, мамандарды қайта даярлау секілді жұмыстарды жатқыза аламыз. Цифрлы Қазақстанның қалыптасуының негізгі шарттары да осы болып есептеледі. Сонымен қатар, сандық технология қолжетімділікті жақсартады. Бұл сандық технологияның даму үдерісі төртінші өнеркәсіптік ревалюция негізі деп те аталады.

Біздің күнделікті қолданатын ұялы телефон байланысының өзі сандық технологияның тиімді көрсеткішінің бірі. Сол арқылы, адамдар бір-бірімен ортақ байланысқа келіп, қарым-қатынас мәселелері шешіледі. Яғни, коммуникативтік үдерістер сандық технологияның кез-келген тармағында қолданысқа ие бола алатынын аңғарамыз. Сол үшін де, сандық технологияның біздің қоғамымызда алатын орны ерекше екендігін атап өткен жөн. Оның артықшылықтары орасан көп. Сол себепті, Қазақстанның цифрлы мемлекетке көшу үдерісі қай кезеңде де өз дұрыс шешімін тапқан.

Коммуникативтік үдерістер төмендегі бағыттармен өз жұмысын қалыпты атқарады:

1. Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен, партиялармен, қозғалыстармен қажетті байланыс жасау;

2. Ақпараттық стратегиялардың өзара жұмыс жасауы және оған коммуникативтік байланыстың болуы;

3. Қоғамдық коммуникациялар саласындағы өзгерістерге шолу жасап, жағдайын, міндеті мен қызметіне деген өзара талдаудың, шешімнің жасалуы;

4. Әлеуметтік және маркетингтік зерттеу жұмыстарының жүргізілуі мен міндеттелуі;

5. Сандық технологияларды қолдануда қажеттілікті көрсететін немесе артықшылығын беретін коммуникативтік қарым-қатынас құру мәселесі;

6. Экономика, бизнес, өндіріс, сауда салалары бойынша кәсіби міндеттік қарапайым тілде, қарым-қатынас ретінде адамдарға, қоғамға жеткізілуі;

Сандық технологиялардың дамыған, өркендеген заманында, коммуникативтік үдерістің жұмыс жасау реті мен талаптары өзгеріп отырады. Қарым-қатынас қоғамды құрайды. Қоғам болмаса ешқандай коммуникация құрылмайды. Сол себепті, сандық технологиялар қоғам барда өз дамуын жоғалтпайды. Негізінен, цифрлы Қазақстан тек қоғамның алға даму үдерісін ғана көрсетеді. Қоғамның ішкі айнасы, ортақ келісім, ортақ мүдделері жолында қызмет етеді. Сандық технологияның елімізге енгізілуінің өзі Қазақстан азаматтарының кең көлемде жұмыс өтілін жақсартуы мен өмір сүруін жеңілдету негізінде жасалынып отыр. Сол себепті, сандық технология коммуникативтік үдеріске ешқашан кері әсерін тигізіп, адамдардың мүмкіндіктерін шектемейді деп толықтай айтуға болады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БІРІККЕН ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЖАРНАМА ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақсат Айдана
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2 курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі жарнаманың бүгінгі таңда сауатты аударылуын, қазақ тілді жарнамада қолданыста жүрген басқа тілден енген кірме сөздер мен біріккен сөздер талқыланады. Сонымен қатар жарнама кезінде жіберілетін грамматикалық қателіктермен қазақ тіліне сіңісіп кеткен, басқа тілден енген сөздердің жарнама барысындағы әлеуетіне тоқталып, баға беретін боламыз. Күнделікті өмірде көшемен әлеуметтік желілерде қазақ тілді жарнаманың тура мағынада аударылғандығын, сонымен қатар тура солай қолданысқа енгеніне куә болып жүрміз. Аударма кезінде жіберілген қателік бүгінгі таңда қолданыстағы сөзге айналуда. Тек жіберілген қателіктер емес, қазақ тілімен астасып кеткен кірме мен біріккен сөздер, қазақ тілді жарнамаға леп беруде. Әлеуметтік желіде немесе күнделікті өмірде жиі кездестірген сөзді адам миы тезірек қабылдайды. Тақырып аясында жарнамада жіберілген тек грамматикалық қателіктерді емес, кірме мен біріккен сөздердің қазақ тілді жарнамаға әсерімен зиянын талқылайтын боламыз. Тақырыптың өзектілігі қазақ тілді жарнамада қолданылатын тура және қате аударылған сөздердің қоғам мүшелерінің арасында қолданысқа кіруі. Қазақ тілді жарнамада сөз қаншалықты дөрекі немесе қате аударылса да, адамның бұл сөзбен

күнделікті өмірде жиі қатынасқа түсуі, сөздің қолданылу аясын кеңейтіп, тез сіңісіп кетуіне жол бастайды.
Кілт сөздер: қазақ тілі, кірме сөздер, біріккен сөздер, жарнама, жарнама мәтіні

Abstract: This article discusses the competent translation of advertising in the Kazakh language today, introductory words and Combined words from another language that is used in advertising in the Kazakh language. At the same time, we will stop and evaluate the potential in the process of advertising words from other languages learned by the Kazakh language with grammatical errors made during advertising. In everyday life, we are witnessing how Kazakh-language advertising on social networks is literally translated, as well as literally used. The mistake made in translation is becoming an increasingly used word today. Not only the mistakes made, but also words intertwined with the Kazakh language, exclamations in the Kazakh language. A word that you often encounter on social networks or in everyday life is perceived by the human brain faster. Within the framework of the topic, we will discuss not only grammatical errors made in advertising, but also the damage caused by entering and connecting with Kazakh-language advertising. The relevance of the topic lies in the fact that literal and incorrectly translated words used in advertising in the Kazakh language are used among members of society. No matter how roughly or incorrectly a word is translated in Kazakh-language advertising, a person often comes into contact with this word in everyday life, expands the scope of the word and quickly assimilates it.
Keywords: Kazakh language, introductory words, combined words, advertising, advertising text

Қазіргі таңда қазақ тілді жарнама саласы қарқынды дамып, тіпті әлеуметтік желідегі жарнамалық сипатқа сәйкес келуде. Жарнама мәтіні неғұрлым қысқа әрі оқуға жеңіл болса, соғұрлым өтімдірек болады. Жарнама мәтінің нақты әрі қысқа болуы заман талабы. Жарнама мәтіні оқуға жеңіл, назар аудартатын және есте тез сақталатын форматта болуы шарт [1]. Жарнама мәтіні қай тілде болса да, мазмұны мен мақсатына қарай сол тілге икемделіп жасалуы керек.

Жалпы алғанда, қазақ тілінің әлеуеті мен байлығы жарнама мәтіндерінде қолданылуға жеткілікті. Бүгінгі тақырып аясында қазақ тілді көше мен әлеуметтік желідегі жарнама мәтіндерінде қолданыста жүрген біріккен және кірме сөздерді талдаймыз.

Күнделікті өмірде қолданыс аясында жүрген біріккен сөздер, жарнама мәтіндерінде қолданысты. Себебі Біріккен сөз арқылы берілген сөздер арқылы балама сөздердің көпшілігі орнығып, жалпыға таныс түрде қолданылып жүр. Сая+жай сөзі дача сөзінің орнына, гостиница немесе отель сөздерінің орнына қонақ үй сөзі қолданыста [2].

Біріккен сөздер қолданылған жарнамаларға мысал келтірейік.

1. Аэропорт/әуежай - Fltarystan әуе компаниясы: ұшаққа әуежайға келмей, сайттан тіркел;
2. Отель/қонақ үй - Kaztour: 10% жеңілдікпен Анталия қонақ үйлеріне алдын-ала брон жасауға болады.
3. Семья/жанұя - Көкшетау қаласы, РИО: жанұялық дүкен
4. Дәріхана/аптека, дәмхана/кафе,
5. Ұлттық рәміздерді дәріптейік баннерлік жарнамасы: елтаңда/герб;
6. Сайлау науқанында Республика партиясы: көшбасшы/лидер;

7. Қожа Ахмет Йасауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті: дәрісхана/аудитория

8. Тұңғыш Президент саябағы: саябақ/парк

9. Алтын емел ұлттық саябағы

10. Кенжехан базары, Алматы қаласы: Көтерме сауда/оптом, бөлшек сауда/в розницу

Келесі кезекте қазақ тілді жарнамадағы кірме сөздерге тоқталайық. Қазақ тілді жарнама мәтініндегі кірме сөздерді сипаттарына қарай классификация жасауға болады. Кірме сөздерді қолданыс аясына, енген уақытына байланысты топтарға жіктейік (1-кесте).

Кірме сөздер	
Орыс тілінен енген	Жәшік, тәрелке, сөмке, кәмпит, әтеңке, самауыр, зауыт, кереует, әрмеңке, үстел
Араб-парсы тілінен енген	Адам, қоғам, ғалым, білім, ғылым, ектеп, кітап, әлем, әдебиет, әдениет, әліпби
Моңғол тілінен	Тарбағатай, Зайсан, Баянауыл, лтай

1-кесте. Шет тілдерден енген кірме сөздер

2-кестеде Күнделікті өмірде халыққа түсінікті әрі есте тез сақталатын, қазақ тіліне әбден сіңісіп кеткен сөздер көрсетілген. Бұл кестедегі сөздерді кез келген жерде орналасқан жарнама мәтінінен кездестіруге болады. Діни терминдерді қазіргі таңда мешіт ауласындағы діни тауар сататын дүкеннің жарнамасымен әлеуметтік желіде діни курстар сататын имамдардың жарнамасынан кездестіруге болады [4]. Түсінікті болу үшін, мысал ретінде, Құран оқып үйренейік немесе рамазан күнделігі. Бұл кестедегі сөздер қазақ тілімен сіңісіп, күнделікті қолданыстағы қарапайым сөздер болып кеткен.

Сипаты	Мысалдар
1. Ғылым-білім, мәдениетке айланысты	тарих, әдебиет, мәдениет, хакім, әрбие, тәржіме, емтихан, емле, ылым, пән, сәлем, сапар, қазына, дет, әлем, қабілет, қанағат, мағлұмат, азар, мәжіліс, мекеме, мектеп, емлекет
2. Тұрмыс-тіршілік, саудамен қаруашылыққа қатысты	жиһаз, парақ, қаражат, кіре, шерік, ұқат, қасап, несие, шарап, бағбан, алва, дәм, дүкен, дарбаза, дихан
3. Діни құндылықтарға айланысты	құран, имам, мешіт, мүфти, ұдірет, құрбан, ораза, дұға, азан,

	әһәннам, жаннат, рамазан, жаназа, үлие, қажы, намаз

2-кесте. Сипаттарына қарай жіктелген кірме сөздер

Бүгінгі таңда жарнама мәтіндерінде орын алған кірме сөздер. Қазіргі таңда кассета, ксерокс сөздерінің орнына компания, дистрибьютер, бизнесмен, валюта, инвестор, фирма, аудио-видео, лицензия, виза, маркетинг, менеджмент, арбитраж, акция, коммерсант, биржа т.б. сияқты терминдер мен атаулар қолданысқа енді [5]. Бірақ бұл сөздердің мағынасы түсінікті әрі есте тез сақталатындықтан қолданыс аясына тез енді.

Мысалы:

1. Алматы қаласы, Достық плазада орналасқан Барбершоп “JIGIT SULTANI”. Барбершоп сөзі шаштараз сөзінен жарнамада жиірек қолданылады;
2. Технодом, Мечта тұрмыстық техника сататын дүкендерде: “Fortebank картасымен төлеп, кэшбэк ал” жарнамасындағы кэшбэк сөзі;
3. Түрік тілінен енген донер, шаурма сөздерінің жарнамасы: “Қаладағы ең дәмді донер” BIG DONER жарнамасы, “100донер тегін” Salam bro жарнамасы.
4. Араб тілінен енген математика сөзі: OZAT оқу орталығы: математикадан қосымша дайындаққа жаңа топ ашылғандығын хабарлайды [3];
5. Отандық өнім Қазалы кәмпиті сөзінде кәмпит сөзі кірме сөз;
6. Облыстық сот басқармасы;
7. Ұялы телефон;

Әлеуметтік желідегі кірме сөздер қолданылған жарнама мәтіндері төмендегідей:

1. Тайм-менеджмент: уақытыңды басқарып үйрен
2. Қаржылық сауаттылық: қаржыны басқару мен үнемдеу техникасы
3. 2023 жылы кемінде 1000$ табыс әкелетін МАРКЕТИНГ ҚҰРАЛДАРЫ
4. Компания табысын арттырудың 5 құпиясы
5. Виза оңай алуға болатын елдер немесе АҚШ-қа қалай 10 жылға виза алуға болады?
6. Инвестиция жасаудың алғашқы қадамдары
7. Бәсекелеске анализ жасау құпиясы
8. Компания стратегиясын құру жолдары
9. Сату бөлімі: маркетинг, стратегия
10. Туркияның 3қаласына авторлық тур

Жарнама мәтіндерінің ешқайсы дөрекі естіліп, күдік туғызбайды. Қазақ тіліне сіңісіп, қолданыстағы сөздердің қатарын толықтырды.

1. Бұл сөздер күнделікті қолданыста болғандықтан құлаққа тұрпайы естілмейді. Әлеуметтік желідегі маркетинг, акция, биржа, инвестиция, трейдер сөздерінің мағынасын төрт аяқтаған баладан, еңкейген қартқа дейін біледі. Себебі әлеуметтік желі қолданушысы күніне кем дегенде 5-6 рет бұл сөздерді кездестіреді. Барлық адамдар әлеуметтік желінің тұтынушылары.

2. Бұл сөздер заман ағысына тез бейімделеді. Мысалы, “балкон” сөзін “қылтима” деген аудармадан, “анализ” деген сөз жиі қолданылады. Аударманың сапасыз болуы және құлаққа тұрпайы естілуі. “Велосипед” сөзін “Шайтанарба” деген аударған, енді жарнаманы елестетіңіз, “шайтанарба тиімді бағамен”, біріншіден адамдар жарнаманы түсінбейді, екіншіден адамды қашырады. Себебі жарнама назар аудартатын, тез есте сақталатын болуы керек. Бұл заман талабы.

3. Заман талабы. Қазіргі таңда жастар үшін негізгі ақпарат көзі ағылшын және орыс тілі. Жоғары көрсетілген сөздер кірме сөз болып енуі, жастар үшін жаңалық емес, қалыпты жағдай ретінде есептелінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. “Егемен Қазақстан” газеті. Мақала авторы: Айнұр СЕЙІТБЕКОВА. [Электронды ресурс]. 01.11.2018ж. https://egemen.kz/article/177155-kirme-sozderdi-menhgerip-dgazudy-eskeruimiz-qadget

2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры дис.: – Алматы, 2017. – 330 б.

3. Абдулханова М. «Қазақ тіліндегі жарнамалардың берілуі» // «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2018, №6.

4. Арғынғазина Ш.Б. «Жарнаманың қоғамдағы қызметі» // «Тіл – мәдениет – коммуникация: зерттеудің жаңа жолдары, мәселелері мен аспектілері». Республикалық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары, Алматы - 2019.

5. “BAQ.KZ” Мақала авторы: Мәрлен Әділов. [Электронды ресурс] https://baq.kz/qazaq-tilinin-kirme-sozder-sozdigi_213087/

ГҮЛ АТАУЛАРЫ УӘЖДЕЛУІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ж.М. Жампейсова
филол.ғ.к., доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қаласы
Ж.К.Тажимова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
6В01700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша 4 курс студенті

Аңдатпа: Мақалада өсімдік атауларының, оның ішінде гүл атауларының жасалу жолдары қарастырылған. Гүл атаулары уәжделуінің лингвистикалық сипаты анықталды: түр-түс негіз болған гүл атаулары, гүл атауларының шығу тегіне олардың өсу ерекшеліктері негіз болады, гүлдердің иістеріне қатысты гүл атаулары қалыптасқан, гүлдеу мезгілі гүл атауларының қалыптасуына негіз болады, сандық көрсеткіштер гүл атауларының қалыптасуына негіз

болады, кейде гүлге атау ретінде оған жер-су аты қойылатын жағдайлар да кездеседі, гүл атаулары жер-су атаулары ретінде ғана емес, кісі атаулары ретінде де кеңінен қолданылады.
Түйін сөздер: лингвистика, этимология, семантика, сема, сөзжасам.

Abstract: The article discusses the ways in which plant names are formed, including flower names. The linguistic nature of the motivation of flower names is determined: flower names, which are the basis of species and color, the origin of flower names is based on the peculiarities of their growth, Flower names related to the smells of flowers are formed, the flowering period is the basis for the formation of flower names, quantitative indicators are the basis for the formation of flower names, sometimes there are cases when a flower is given a place-water name, flower names are widely used not only as place-water names, but also as human names.
Keywords: linguistics, etymology, semantics, sema, word formation.

Өсімдік атауларының лингвистикалық тұрғыдан этимологиясын ашып, талдау жасау тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті мақаламызда өсімдік атауларының жасалу ерекшеліктеріне тоқталып өтуді мақсат етіп отырмыз. Өсімдік атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеуші ғалымдардың бірі ретінде филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиевтің сіңірген еңбегі айрықша. Ол өзінің бұл тақырыпқа қатысты жүргізген зерттеулерінде қазақ тіліндегі 3000-дай өсімдік атауларын жинастырып, оларды қалың жұртшылыққа таныстырған. Ғылыми еңбектерінде автор өсімдік атауларын жинастыру мәселесінен бастап, оларды морфологиялық құрылымы жағынан әр түрлі топтарға бөлу (түбір тұлғалы өсімдік атаулары, туынды тұлғалы өсімдік атаулары, біріккен тұлғалы өсімдік атаулары, т.б.), әрқайсысына лексика-грамматикалық сипаттама беру, өсімдік атауларының ішіндегі әдеби, ғылыми, халықтық, жергілікті, диалектілік сыңарлары (дублеттері) мен фонетикалық варианттарының басын ашып, олардың ара жігін айқындау деген сияқты жалпы мәселелерге және өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі, оларға анықтама беру жолдары, өсімдік атауларының орфографиялық сөздіктегі жазылуы деген сияқты жеке мәселелерге дейін тоқталып өткен. Сондай-ақ, ол мақалаларда «мотив», «мотивация» терминдерін қолданбаса да, өсімдік атауларын жасауда өсімдіктердің ішкі-сыртқы белгілеріне, атап айтқанда: олардың түріне (формасына), түсіне, үлкен-кішілігіне, өсетін жеріне, органдарының санына, дәмі мен иісіне және қажетті-қажетсіздігіне (пайдалылығына), ерекше қасиеттері мен түрлі ерекшеліктеріне байланысты сан түрлі сөздер мен сөз тіркестерінің үлкен роль атқаратындығы атап көрсетіп, нақты мысалдармен дәлелдеген. Әсіресе, төрт түлік мал мен түрлі жан-жануарлардың (ит, мысық, маймыл, балық, бақа, тышқан, шайтан, т. б.) атаулары, аң, құс, құрт-құмырсқа атаулары және олардың дене мүшелерінің атаулары қазақша өсімдік атауларын жасауда тым актив қолданылатындығына баса назар аударған. Ғалым бір ғана өсімдік түрінің халық арасында әр түрлі атаулармен аталатындығына, сондықтан да, өсімдік атауларына байланысты неше түрлі синонимдер мен омонимдердің вариантар мен дублеттердың мол екендігі жайында сөз етеді. Тіпті бір ғана өсімдік жас кезінде бір түрлі атаумен, өсіп-жетілгеннен кейін екінші түрлі атаумен аталатындығы, болмаса, өсімдіктің өзі

бір түрлі, оның жеміс-жидегі екінші түрлі атаумен аталатындығы да Б.Қалиевтің зерттеулерінен тыс қалмаған [1].

М.Бимағамбетов 1958 жылы «Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері» деген мақала жариялады. Онда автор өсімдік атаулары «тіліміздің сөз байлығының аса бір көрнекті тобы» екендігін және олардың «сөздік құрамнан белгілі орын алатындығын» айта келіп, ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан халық тілінде әбден қалыптасқан бір топ шөп атауларына (олардың жалпы саны - 37 сөз) тоқталады. Оларды ең алдымен: 1) екі түбірден біріккен шөп атаулары; 2) қосымшалы (жұрнақты) шөп атаулары, 3) жалаң түбірден тұратын атаулар деп үшке бөліп алады да, екі түбірден біріккен шөп атауларын: а) екі зат есімнің бірігуінен жасалған (балықкөз, қоянсүйек, текесақал) және ә) сын есімдер мен зат есімдердің бірігуінен жасалған (ақтікен, қарабарақ, қоңырбас) шөп атаулары деп тағы да екіге бөледі. Зерттеуші шөп атауларының ішінде, әсіресе, төрт түлік мал (атқұлақ, тайтұяқ, козыошаған, сиыркүйрық, түйеқарын, түйетабан, т. б.) мен сол малды ұрыдан, қасқырдан аман сақтайтын итке байланысты жасалған атаулардың (итмұрын, итсигек, иттабан) көбірек кездесетіндігін айтады. Сондай-ақ, автор шөп атаулары өсімдіктердің ең негізгі қасиеттеріне байланысты немесе олардың жұмсалу, пайдалану ерекшеліктеріне байланысты да қойылатындығын ескертеді [2].

Наркес гүл атауы орыс тіліндегі Наркисс атауынан алынған. Қазақ тілінде бұл гүл атауы жағымды коннотацияға ие. Сол себепті, халқымыз қыздарын осы гүлдей әдемі, нәзік болсын деген мақсатта есімдерін Наркез, Наргиз деп қоятын болған.

Орыс тіліндегі нарцисс атауы гректің anarkao етістігінен шыққан немістің Narzisse сөзінен енген. Ол есеңгірету, ақылынан адастыру деген мағынаны білдіреді. Орыс тілінде бұл атаудан жасалған деривациялық қатар тек екі сөзбен ғана шектеледі: нарцисс, нарциссизм. Биологияда термин ретінде нарцисс түрлік тектің атауы ретінде қолданылады.

Нарцисс зат есімі латынның Narcissus сөзінен шыққан. Бұл зат есімнің денотаттық мағынасы амараллис тұқымына жататын көпжылдық, көктемде гүлдейтін, күшті иісті бір ғана ақ түсті, сары немесе малина түсті реңкпен көмкерілген гүлі бар өсімдік. Ауыспалы мағынада нарцисс гүлінің атауы, негізінен, өз-өзін жақсы көретін адам ретінде анықталады.

Нарцисс гүлінің символикалық негізі классикалық мифологияда жатыр. Нарцисс - өз-өзінің бейнесін судан көргеннен кейін, өз-өзіне ғашық болып өліп, содан кейін гүлге айналған жас жігіттің аты. Сол себепті, нарцисс, бір жағынан, өз-өзін сүю, эгоизм, өлімді символдаса, екінші жағынан, көктемді, үмітті, жаңаруды білдіреді. Қазіргі кезде Нарцисс деген ер адам есімі ағылшын тілінде екі нұсқада беріледі: Narciss, Narcissus, ал орыс тілінде үш нұсқада беріледі: Наркисс, Нарсисс, Нарцисс.

Нарцисс, сонымен қатар еуропа елдері және АҚШ штаттары халықтары үшін үмітті, үміттенуді символдайтындықтан, АҚШ-та, Жаңа Зеландияда және Австралияда рак ауруымен күресу қоғамының эмблемасы болып табылады.

Бұдан нарцисс гүлінің басқа халықтар танымында үміт тұжырымын тудыратынын көруге болады.

Сонымен қатар нарцисс басқа халықтар танымында көктемнің белгісі ретінде танылады. АҚШ-та Вашингтон штатында жыл сайын сәуірде оқушылар арасында нарцисс фестивалі өткізіледі, мұнда көктем ханшайымы таңдалынып алынады. Ол 1926 жылы бақ мерекесі ретінде қалыптасқан болатын.

XX ғасырдың басынан нарцисс Уэльстің мемлекеттік эмблемасына айналды. Әулие Давид күнінде (бірінші наурызда) барлық тұрғындар киімдеріне нарцисс тағып жүреді.

Бұл лексеманың толық символдық мағынасына сонымен қатар махаббат, көктем және бақытты неке, өз-өзін жақсы көру, өз-өзін сүю, эгоизм, өлім ұғымдары енеді.

Ағылшын тілінде бұл гүлдің әртүрлі кезеңде голланд, латын және француз тілдерінен алынған атауларының үш нұсқасы бар: daffodil, narcissus, jonquil. Narcissus лексемасы жалпыға ортақ қолданылады, ал jonquil Солтүстік Америкада жапырақ үсті дөрекі болып келетін Narcissus jonquilla сортын анықтау үшін қолданылады. Нарцисті ағылшын тілінде Lent lily деп атайды. Дәл аудармасы – ұлы пост лилиясы. Daffodil атауы өлең мен әндерде айтылатын әйгілі атау болып табылады.

Шегіргүл (фиалка) ертеден бері әйгілі гүлдер қатарына жатады. Бұл гүл Көне Грек, Римнің көптеген аңыздарымен байланысты. Афина қаласының the city Violets, яғни шегіргүлдер қаласы атағына ие болуы кездейсоқ емес, осы гүлдің құрметіне байланысты. Шегіргүл қайғы мен өлімнің, пәктіктің, жаңадан туылудың, тәубеге келушіліктің белгісі. Шегіргүлдің әртүрлі түстері де әртүрлі белгіні таңбалайды: ағы пәктіктің белгісі, көгі мәңгілік махаббаттың белгісі, күлгіні шынайы махаббаттың белгісі.

Орыс тіліндегі фиалка атауы француздың violete/violette сөзінен шыққан.

Лалагүл – дара жарнақты көп жылдық қызыл гүл. Лилия – су ішінде өсетін ақ гүлді, ірі, жалпақ жапырақты өсімдік.

Лилия латынның Lilium сөзінен енген. Ол – лалагүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық, жуашықты өсімдік. Көбінесе таулы аймақтарда өседі. Жапырақтары таспа не қандауыр пішінді. Лилия орыс, ағылшын тілдері үшін тазалық пен пәктіктің белгісі.

Маргаритка гүлін қазақ тілінде дәстүргүл және әсел гүлі деп атайды. Бұл гүл атауының бірінші нұсқасы дәстүр және гүл атауларының тіркесуі арқылы жасалса, екінші нұсқасының жасалуына бал деген мағынаны білдіретін әсел сөзі негіз болған.

Шотланд өлеңдерінде бұл гүл жерге періште қолымен әкелінген деп жырланады. Маргаритка деген орыс тіліндегі гүл атауы маргарит, яғни інжу-маржан (жемчуг) деген сөзден, көне орыс тіліндегі маргарить етістігінен немесе латынның margarita інжу деген сөзінен шығуы мүмкін. Бұл лексеманың шығу тегінің басқа нұсқасы margaron деген грек сөзі болып табылады, ол да маржан деген мағынаны білдіреді. Бұл атаудың денотаттық мағынасы – ұсақ ал қызыл, ақ

және қызыл гүлдері бар, күрделігүлділер тұқымдасына жататын, шөптесін сәндік өсімдік.

Қазақ тілінде, негізінен, бұл гүл атауы ботаникалық терминологияда қолданылады. Тілдік қолданыста әсел гүлі әдемілікті, тәттілікті білдіреді.

Орыс тілінде де маргаритка атауы ботаникалық терминологияда қолданылады. Бұл атауға қатысты тілдік бірліктер құрамында екі мағынасы қалыптасқан: біріншісі, әйелдің жанып тұрған сыртқы келбетіне қатысты, екіншісі, өлім, солу деген мағынада жұмсалады. Бұл тілдік бірліктің өлім, солу мағынасы қабір басына маргаритка гүлін отырғызу ғұрпына байланысты қалыптасқан.

Ағылшын тілінде маргаритка гүл атауының мынандай мағыналары қалыптасқан:

А) Әдемілік; барлық жағынан күшті адам немесе зат, әдемі қыз.

Ә) Әлсіздік, әйелге тән нәзіктік, қорқақтық (негізінен, ер адамдарға қатысты).

Б) жеңілтектік, тұрақсыздық (негізінен, әйел адамдарға қатысты).

Сонымен маргаритка гүлінің атауы үш тілде де ботаникалық термин тұрғысынан әмбебаптылық сипатқа ие болғанымен, тілдік қолданыста халық танымына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты әртүрлі мағынаға ие болған. Мұны қазақ тілінде бұл гүл атауы жағымды мағынада жұмсалса, орыс, ағылшын тілдерінде жағымды мағынасымен қатар жағымсыз мәнде жұмсалатынына жоғарыда көз жеткіздік.

Цель является осознанным образом предвосхищаемого результата. Целью вербального экстремизма может быть, к примеру, дискредитация Республики Беларусь, реабилитация нацизма или разжигание вражды или розни в отношении какой-либо социальной группы.

Средство представляет собой инструмент, с помощью которого достигается та или иная цель. Средством вербального экстремизма является текст. Экстремистский дискурс является многокодовым, т.е. включает различные знаковые системы, соответственно и тексты могут быть как вербальными, так и креолизованными (состоящими из вербальных и невербальных – визуальных, аудиальных – элементов).

Вербальный экстремизм выражается в *речевых актах*, повлёкших или способных повлечь в будущем общественно опасные последствия. Подобные акты могут быть представлены, к примеру, в форме публичных выступлений на митингах или посредством размещения экстремистских материалов в средствах массовой информации или сети Интернет.

Из выше указанного следует, что основное отличие вербального экстремизма заключается в том, что это не конкретное действие, а процесс, который может иметь отложенную цель и длительную реализацию.

Вербальный экстремизм можно классифицировать по различным основаниям:

1. *Сегментонаправленный* и *полинаправленный* (в зависимости от широты потенциальной аудитории).

В первом случае охватывается не все слои общества, а только его определенная категория, следовательно, круг потенциальных реципиентов является достаточно ограниченным. Примером может являться возбуждение вражды футбольных болельщиков по отношению к сотрудникам правоохранительных органов. Автор текста использует соответствующие лексические маркеры, характерные для конкретной группы.

Во втором случае формируется негативный образ общего для всех врага. Этим «врагом» может быть, как социальная группа (к примеру, мигранты), так и государственная власть. Автор экстремистского текста привлекает широкий круг «единомышленников» и «сочувствующих»: от маргиналов до представителей высших слоев. Для этого используются общеупотребительные слова и выражения, понятные абсолютно всем.

2. *Пропагандистский* и *агитационный* (в зависимости от преследуемой цели).

Пропаганда как разновидность вербального экстремизма содействует распространению «обоснованной» информации, направленной на формирование у определенной группы лиц тех или иных идеологических установок. Цель в данном случае имеет, как правило, отложенный характер.

Агитация в обязательном порядке будет содержать призыв к действиям экстремистского характера. Соответственно и цель в данном случае будет завершенной: отсутствие немедленного результата будет свидетельствовать о недоработке автора. При этом агитационные тексты обычно не содержат логического обоснования той или иной позиции, а аргументы зачастую подменяются психологическим манипулированием.

3. *Политический* и *социальный* (в зависимости от объекта правонарушения).

Политический экстремизм опирается на тексты, связанные с призывами к насильственному изменению основ конституционного строя, нарушению целостности государства, воспрепятствованию законной деятельности государственных органов.

Социальный вид вербального экстремизма строится на текстах, выделяющих определенные группы людей, объединенных по признакам расы, национальности, языка, религии, происхождения, принадлежности к социальной группе и указывающих на их доминирование.

4. *Эксплицитный* и *имплицитный* (в зависимости от выражения адресованности).

Эксплицитная речевая агрессия в экстремистском тексте понимается как резкая форма агрессии. К языковым средствам, которые употребляются при выражении данного типа агрессии, относят экспрессивно окрашенную лексику, инвективы, грубо-просторечные слова и словосочетания, жаргонную лексику, а также высказывания, демонстрирующие открытую враждебность к реципиенту: угрозу или оскорбление.

Имплицитная речевая агрессия в экстремистском тексте предполагает её более мягкое проявление. К средствам выражения данного типа речевой агрессии относят: намеки, «искажение фактов», «неправомерное обобщение», «иронические замечания», «скрытые угрозы», а также пассивные формы коммуникации – «перебивание» или «лишение слова».

Каждый из видов вербального экстремизма имеет не только свои отличительные черты, но и общие признаки:

Во-первых, типичной характеристикой вербального экстремизма является *абстрактность конечной цели*. Это достигается тем, что авторами экстремистских текстов практически не применяются средства прямой агитации, редко используются открытые призывы к совершению экстремистских действий. Наиболее частотными и «действенными», с точки зрения идеологов экстремизма, являются имплицитные формы пропаганды. Именно пропаганда имеет такую специфическую черту, как невыявленность ее конечной цели, а, следовательно, абстрактность возможных последствий, что затрудняет противодействие ей с правовой точки зрения.

Во-вторых, типичной характеристикой вербального экстремизма является *повышенный эмоциональный фон* передаваемой информации. При осуществлении пропаганды экстремистских идей применяются, как методы нейролингвистического программирования и речевого зомбирования, так и обычного эмоционального воздействия. Отсутствие рациональных доводов заменяется эмоциональностью способов и средств ретрансляции информации, что приводит к более ускоренному процессу принятия сообщения, поскольку не нужно тратить время на осознание логических посылов.

В-третьих, типичной характеристикой вербального экстремизма является *отложенность действия*. К примеру, даже если автор экстремистского текста провел определенную работу со своими адресатами, но никаких общественных

потрясений не случилось, то адресаты продолжают быть законопослушными гражданами. Это происходит до того момента, пока они не усмотрят ущемления прав своей группы. Следовательно, носители экстремистской информации могут быть либо её ретрансляторами либо исполнителями.

Таким образом, вербальный экстремизм – это речевое правонарушение, совершаемое против государства, общества или индивида как представителя социальной группы по политическому, идеологическому, расовому, национальному, религиозному либо иному социальному признаку.

Вербальный экстремизм можно классифицировать по различным основаниям: сегментонаправленный и полинаправленный (в зависимости от широты потенциальной аудитории); пропагандистский и агитационный (в зависимости от преследуемой цели); политический и социальный (в зависимости от объекта правонарушения); эксплицитный и имплицитный (в зависимости от выражения адресованности).

Каждый из видов вербального экстремизма имеет общие признаки: абстрактность конечной цели, повышенный эмоциональный фон передаваемой информации и отложенность действия.

Формы существования экстремизма различны, но последствия одинаково губительны как для государства, так и для общества. При этом если от невербальных действий последствия наступают строго определенные и, как правило, достаточно быстро, то результаты вербальной экстремистской деятельности могут быть не очевидны. Речь предшествует поступкам, поэтому при правильной организации профилактики экстремистской деятельности первичной должна стать борьба именно с вербальным экстремизмом, что позволит не допустить распространения экстремистской идеологии и избежать разрушительных последствий.

Литература

1. Громова, Н. С. Вербальный экстремизм: к вопросу о границах термина / Н. С. Громова // Вестник Костромского государственного университета. – 2017. – № 3. – С. 211–214.

2. Власов, М. С. Экспериментальное исследование восприятия и интерпретации потенциально экстремистского речевого произведения / М. С. Власов // Мир науки, культуры, образования. – 2012. – № 3 (34). – С. 370–372.

3. Аблин, М. В. Экстремизм и экстремистские материалы в юрислингвистике / М. В. Аблин // Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – № 36 (290). – Филология. Искусствоведение. – Вып. 72. – С. 5–8.

4. Артемьева, О. В. Языковые и речевые средства реализации словесного экстремизма (по материалам региональных СМИ) / О. В. Артемьева // Вестник Чувашского государственного педагогического университета имени И. Я. Яковлева. – 2010. – № 3 (67). – Т. 1. – С. 8–14.

5. Линкер, Г. Р. Лингвистическая экспертиза материалов экстремистского характера: основные понятия / Г. Р. Линкер, Ю. А. Никулина // Культура, духовность, общество. – 2015. – № 17. – С. 73–77.

6. Романова, Т. В. Манипулятивные речевые технологии экстремистских текстов / Т. В. Романова // Журналистика и культура русской речи. – 2012. – Т. 62. – № 2. – С. 56–68.

7. Ильченко, С. Н. Вербальный экстремизм как дискурс развлекательного отечественного телевидения / С. Н. Ильченко // Экстремизм и средства массовой информации : материалы Всерос. науч.-практ. конф., 23–24 ноября 2006 г. – СПб. : Астерион. – 2006. – С. 105–109.

ГЕНДЕРЛІК ТІЛДІК ОППОЗИЦИЯНЫҢ ОТБАСЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Г.Т. Шоқым
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
К.Б. Жумашева
8D02304 – «Филология» мамандығының докторанты
Қ. Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Гендер – әйел мен ердің. Бұл тұрғыда осы ұғым әйел мен ер жынысының әлеуметтік ортадағы, қоғамдық- әлеуметтік қоғам қалыптастырған моделі мәдениет ошақтарындағы өзіндік орны мен рөлін айқындайды. Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін жеке тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Қазақ фольклорында баяндалатын белгілі бір дәрежеде тұжырымдалған «еркек» және «әйел» бейнелеріне талдау жасағанда олардың қалыптасуында халықтық таным мен менталитеттің рөлі айқын көрінеді.

Қазіргі гендерлік лингвистикада әлі де зерттеле қоймаған аспектілірдің бірі – жалпы фольклордағы гендерлік тілдік ерекшеліктер. «Ер» және «әйел» концептілері барша адамзат баласына ортақ әмбебап құбылыс болғанымен, әр ұлттың маскулиндік («еркектік») пен фемининдікті («әйелдікті») анықтайтын өзіндік өлшемдері, оларға жүктейтін жауапкершіліктері мен міндеттері, мінез-құлық үлгілері болары анық. Отбасы фольклорындағы гендерлік ерекшеліктерді зерттеу бізге рухани, мәдени ерекшеліктерді және аталған концептілерге қатысты қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымы мен ой-пайымдауларын ашуға мүмкіндік береді. Отбасы фольклорының гендерлік қырын сөз еткенде «әйел» және «ер» бинарлық жұбының қоғамдағы орны, қызметі, әлеуметтік статусын, ана-бала және ата-бала, әке-ұл, ана-қыз арасындағы қатынастарды айқындап, талдау жасау өте маңызды болып табылады. Осы баяндалғандар зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысында отбасы фольклорындағы, оның ішінде, әлпештеу фольклорындағы гендерлік тілдік оппозициялардың ерекшеліктері талданған. Жалпы қазақ фольклоры тілдік ерекшелік тұрғысынан зерттелгенімен, гендерлік тұрғыдан толық зерттелмеген және отбасы фольклорындағы гендерлік оппозициялардың тілдік ерекшеліктері терең зерттеуді қажет ететіндігін ескере отырып, отбасы фольклорындағы «ер-әйел», «ата-әже», «әке-ана», «ұл-қыз» гендерлік оппозицияларын өзіне тән тілдік қолданыстар арқылы сипаттаған.

Зерттеу жұмысының мақсаты - әлпештеу фольклорындағы гендерлік көріністерді зерделеу, м**індеті -** әлпештеу фольклорындағы гендерлік тілдік ерекшеліктерді айқындау.
Түйін сөздер: гендер, гендерлік лингвистика, гендерлік оппозиция, фольклор.

Abstract. Gender is like a pattern of women and men created by social society. In this context, this concept defines a special place and role of women and men in the social environment, social and cultural centers. Gender is one of the main characteristics of personality, which underlies the psychological and social development of a person. When analyzing the images of “man” and “woman”, in one way or another represented in Kazakh folklore, the role of folk knowledge and mentality in their formation becomes clear.

One hitherto unexplored aspect of modern gender linguistics is the gender specificity of language in folklore in general. Although the concepts of "man" and "woman" are universal phenomena common to all human beings, it is clear that each nation has its own criteria for defining “masculinity” and “femininity”, the duties and responsibilities assigned to them, and the patterns of behavior. The study of gender differences in family folklore allows revealing spiritual, cultural differences and traditional worldviews and thoughts related to these concepts. Speaking about gender aspect of family folklore, it is very important to define and analyze the position, function, social status of the binary pair “woman” and “man” in society, relations of mother-child and grandfather-child, father-son, mother-daughter. These statements show the relevance of the research topic.

Based on the monograph “Kazakh Family Folklore” by Kenjehan Islamzhanuly, the poems related to family rituals are grouped into “Cherishing” (kaz. “Alpeshteu”), “Marriage” (kaz. “Uylenu”), “Grief” (kaz. “Azalau”) and gender-language features in their content are considered. At the same time, the peculiarities of gender and linguistic oppositions in family folklore are analyzed. Although Kazakh folklore as a whole has been studied in terms of linguistic features, it has not been fully studied from a gender point of view, and considering that linguistic features of gender oppositions in family folklore requires much research, “man” and “woman”, “grandfather” and “grandmother”, “father” and “mother”, “son” and “daughter” in family folklore described gender opposition through characteristic linguistic turnings.

The article focuses on general gender research and linguistic issues. Among them, the relationship between gender and linguistics, which studies the interrelationship between gender and language, is considered in the theoretical direction, the importance of works of oral literature in discussing gender issues is considered, and folklore is considered as an object of linguistic research. A detailed analysis of various ways of studying the text in family folklore as a linguistic object is given.

At the same time, focusing on the theoretical foundations given to the concept of gender opposition, he studied the beginning of systematic study of folklore of family rituals. Gender contrasts can be seen in all spheres of life, he studied songs in family folklore and language oppositions related to male and female opposition.

The purpose of the research work is to study the gender manifestations in family folklore; **the task** is to clarify the gender language features in family folklore.
Keywords: gender, gender linguistics, gender opposition, folklore.

Гендерология - еркек және әйел концептілерінің мәдени құрылымдық жүйесін айқындайтын ғылым. XX ғасырдың соңғы жылдары, XXI ғасырдың басынан бері тіл білімінде гендер мәселелері лингвисткалық зерттеулердің нысанына айналды. Түрлі ұлт тілдерінде кездесетін гендерлік мәселелер тілдік деректерді талдау арқылы этномәдени ерекшеліктерді көрсетеді. «Гендерлік оппозиция дегеніміз тілдегі (ұлттың тілдік тәжірибесіндегі) әлеуметтік-жыныстық қарама-қарсылықтың түсінігі. Бұл түсінік тілдің барлық деңгейлерінде көрініс береді» [1, б. 272] және де «гендерлік қарама-қарсылықтар

өмірдің барлық саласында көріне алады» [2, б. 94]. Осы орайда қазақ тіл біліміндегі гендерлік зерттеулерге жол салған Б.Хасанұлы гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейлерінде зерттелуі шарт екендігін айтады [3, б. 285].

Тіл ғылымында гендерлік бағытты қалыптастыру ауызша, жазбаша тараған мұралар негізінде іске асары хақ. т.б. Соның ішінде көркем мәтіндердегі гендер көрінісін стильдік қырынан зерттеудің де өзіндік мәні бар. Әйел мен ер адам тілінің ұлттық-этникалық деңгейдегі гендерлік айырмасы кез келген дәуір ақындарына (жазушыларына) тән. Халық ауыз әдебиетінде гендерлік сипат анық бейнеленген [4, 91 б.].

Қазіргі таңда фольклордағы гендерлік тілдік ерекшеліктерді зерттеуге аса назар аударылуда. Қазақ фольклорында баяндалатын белгілі бір дәрежеде тұжырымдалған «еркек» және «әйел» бейнелеріне талдау жасағанда олардың қалыптасуында халықтық таным мен менталитеттің рөлі айқын көрінеді. Сонымен қатар «ер» мен «әйелдің» әмбебап және жеке-дара тұлғалық, тілдік қолданыстарындағы ерекшеліктер байқалады.

Бұл зерттеуімізде отбасы фольклорындағы, оның ішінде әлпештеу фольклорындағы, гендерлік оппозициялық сипаттың тілдік санадағы ерекшеліктері сөз етіледі.

Гендер - қоғамда дүниеге келіп, ұлттық тілдік тұлғаға әсер ететін әлеуметтік, психологиялық және мәдени үдерістерінің жиынтығы. Мұндай үдерістер тіл білімінде гендерлік лингвистиканы тудырды. Қай фольклорды алсақ та ол ер не әйел адамның жас ерекшеліктеріне, мінез-құлқына және іс-әрекеттеріне байланысты келеді. Отбасы фольклорындағы гендерлік қырын қарастыру барысында олардың ұлттық-мәдени астарын, рухани мәдениетінің қайнар көздерін де ашу маңызды, өйткені әр фольклордың астарынан халықтық дүниетаным, ұлттық философия, белгілі бір мәдени ақпаратты көре аламыз.

Отбасы фольклорында ұлтттық, қоғамдық сананың барлық әрекеттері тілде көрінісін табады. Ал адам баласының ойлау жүйесінің өресі тілдің поэтикалық оралымдылығымен, бейнелілігімен жарыққа шығады. Отбасы фольклорындағы жырларда, ер адам мен әйел адамға тән тілдік ерекшеліктер әр түрлі сипаттармен көрініс табады.

Қазақ тілінде ерлер мен әйелдерге қатысты гендерлік сипатты білдіретін тілдік бірліктер - этномәдени таным тұрғысынан алғанда шығыстық, мұсылмандық үлгіде қалыптасқан факторлар. Фольклорлық жырлардың тақырыптық аумағы кең және түрлері көп. Отбасы фольклорындағы гендерлік ерекшеліктерді қарастыру барысында олардың ұлттық мәдени астарын, рухани мәдениеттің қайнар көздерін де ашу маңызды, өйткені әр фольклорлық жырдың астарынан халықтық дүниетаным, ұлттық философия, белгілі бір тілдік қолданыстарды байқай аламыз.

Жалпы қазақ фольклоры тілдік ерекшелік тұрғысынан зерттелгенімен, гендерлік тұрғыдан толық зерттелмеген және отбасы фольклорындағы гендерлік оппозициялардың тілдік ерекшеліктері көптеген зерттеуді қажет етеді. Отбасы

фольклорындағы «ер-әйел», «ата-әже», «әке-ана», «ұл-қыз» гендерлік оппозициялары өзіне тән тілдік қолданыстар арқылы сипатталады.

Әлпештеу фольклорының бір түрі - *бесік жыры* ананың ішкі сезімін жырлайтын, өз алдына ғұрыпсыз да орындалатын лирикалық шығармаға айналған, ал гендерлік тілдік тұрғыдан қарастырсақ, бесік жырын тек баланың анасы ғана орындаған.

Жалпы фольклордағы гендерлік тілдік ерекшеліктерді қарастыратын болсақ, көптеген зерттеулерде негізінен, әйел адам бейнесі кең ауқымда қарастырылады. Жалпы табиғатқа, оның мызғымас құбылыстарына етене жақын, өзінің тұйықталған аясында өте баяу өзгеретін үй шаруашылығы еніп жататын жаңалықтар мен құбылыстарға қатысты қарағанда *әйел* тұлғасы ерлерден гөрі өзгергіш, құбылмалы мәнге ие. Ал *әйел* – отбасында бағзы заманнан қалыптасқан, қазір түсініксіз болып бара жатқан көне наным – сенімдер мен әдет–ғұрыптардың басты сақтаушысы. Сондықтан да отбасындағы әдет – ғұрып, салт – сананың барлығы *әйелсіз* атқарылмайды. Және ол – жай ғана қатысушы емес, оны ұйымдастырып, атқаратын басты тұлға. Фольклорлық шығармаларды дәстүрге лайықтап шығарушылар мен орындаушылар да, негізінен, солар. Сондықтан да отбасылық ғұрып фольклорының ішкі рухында қазақ әйелінің еркін де, нәзік жан дүниесі көрініс береді. Бесік тербетіп отырған әйел балаға деген мейірім шуағын ғана төгіп қоймайды, өз басының мұңын, тіпті, әлеуметтік теңсіздікті де өлеңге қосып айта береді. Отбасылық ғұрып фольклоры – осындай ішкі иірімдері мол, ғұрыптық та, лирикалық та астары қосқабат, көп қыртысты жанр.

Нәрестенің шыр етіп дүниеге келгенінен бастап халық жыры мен әнін құлағына сіңіріп өсетіні анық. Ата-ананың сәбиді жүрегі елжірей сүюі, әлпештеп, аялап, бағып-қағуы барлығы да тілдегі ерекшеліктермен өрнектеліп, музыка әуенімен сүйемелденіп отырады. Халықтың тұрмыстық тәжірибесінде сәбидің әрбір өмірлік қадамы назардан тыс қалмай дәстүрлі түрде әрқилы ырымдармен аталып, өнер тілімен өрнектеліп келеді. Яғни, ата – ана баланың ауру-сырқаудан аман, денсаулығының мықты болып өсуін ғана ойластырмайды, бөбектің рухани жан дүниесінің де үйлесімді дамуын, өз қоғамына лайық тәрбиелі азамат болып ер жетуін де алғашқы сәттен басты назарда ұстайды.

Нәрестенің дені сау, ауру – сырқаудан аман, шыныққан, ел армандаған мықты азамат болып өсуі үшін туған сағаттан бастап-ақ қам жейтін ата–ана халық тәжірибесінде әбден қалыптасқан дәстүрлі әрекеттерді бұлжытпай орындайды: суға шомылдырады, майлап, сылайды, денесін жазып, түрлі жаттығулар жасатады, кеудесіне отырғызып, мойнына, тізесіне мінгізіп ойнатып жүріп буынын бекітеді.

Бұл дәстүрлерді орындауда да гендерлік ерекшеліктер байқалады, яғни баланы шомылдыру тек қана әйел адам ған тән ғұрып. Бала тәрбиесіндегі осы әрекеттердің барлығын орындау анасы немесе әжесіне жүктелген және нәрестені шомылдыруда тілдік ерекшеліктер негізге алына отырып, барлығы әнмен, жырмен, сөзбен сүйемелдене отырып жасалған [4, 147].

Шомылдыру рәсімін орындау барысында айтылатын өлең жолдарының өзіндік тілдік ерекшеліктеріне тоқталсақ, мәселен әжесі немересін шомылдырғанда, дінмен ұштастырып, бәле-жаланың жоламауын және немеренің қаншалықты тәтті екенін, ол үшін жан қиярлығын өлең арқылы жеткізген. Мысалы:

Сыламақ менен,
Қатып қалмақ сенен.
Менің қолым емес,
Бибі Фатима, бибі Зухра қолы,
Ұмай ана қолы, Қамбар ана қолы!
Тастай қыл,
Темірдей қыл,
Сүттей ақ қыл! [5, 147] - деген сияқты ырым өлеңдер айтылады. Бұл өлеңнің мазмұнынан түп-тамыры тым әріге, арбау өлеңдеріне қарай кететін әлпештеу жырының көне сипатын байқауға болады. Әлпештеу жырларында халықтың әр кезеңдегі ұғым-түсініктері, діни сенімдері тілдік бірліктер анық байқалады және шомылдырып болғаннан соң әжесінің жаттығу жасап, немересінің денесін созу кезінде қолданған тілдік ерекшеліктерін байқауға болады. Мысалы:

Екі қолын екі жаққа жая созып: Қаздың қанатын берсін,
Екі аяғын төмен қарай созып: Тырнаның аяғын берсін!
Өс,өс...
Аяқ қолын сілкілеп: Серпінің сұңқардай болсын,
Тебінің тұлпардай болсын,
Өс, өс... деген сияқты теңеулерді қолданады [5, 150].

Ал анасы шомылдырғанда бала құлағына жағымды сөзбен жаттығу әрекеттерін сүйемелдей өлеңдетеді. Мысалы:

Өс, өс, балам, өсе бер,
Батыр бол балуан білекті.
Батыл бол таймас жүректі!
Аяғыңды созайық
Саусағыңды жазайық
Етті болсын балтырың,
Епті боп өс, жарқыным!
Өс,өс,өс... немесе
Шылдыр, шылдыр, шылдырақ,
Су ағады сылдырап,
Қызым менің сұп-сұлу,
Шыға келді жалтырап... [5, 153] деген сияқты балаға жақсы тілектер тілеу сипатында болып келеді. Бұл жерде тілдік ерекшеліктерге тоқталатын болсақ, әже жоғарыда атап өткеніміздей, немересін айналып толғанып, оны көктегі сұңқардай, жердегі тұлпардай болуын қалап, еркелетіп, бар махаббатын жеткізеді. *Жалпы* «*еркелету*» ата-әжелер үшін қалыпты жағдай, ал тәрбиенің рөлі ата-аналарға жүктелетіндіктен, ана да өз бойындағы балаға деген

махаббатын әуендете жеткізеді, алайда оның белгілі бір тұлға болып өсуі үшін нақты теңеулер қолданады. Егер нәресте «ұл» болса оның ел қорғайтын батыр болуын, ер жүрек болуын қалап, ал «қыз» болса, нәзіктікке баулып, қыз баланың сұлулығы мен сылдыр күлкісін арқау еткен. Бұл жерде гендерлік оппозиялық бірліктерді байқауға болады, яғни «ұл», «қыз» тілдік оппоззициясының сипаты көрініс тауып, оның тілдегі ерекшеліктері айқындалады.

Бесік жырына айрықша мән беріп, оны алғаш зерттеу объектісіне айналдырған зерттеушілердің бірі С.Сейфуллин 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінде бесік жырына арнайы орын беріліп, жанрлық ерекшеліктері, эстетикалық мұраты мен тәрбиелік қызметі, кейбір көркемдік қырлары сөз болады [6, 29 б.]. Мәселен, бесіктің арқалығын қару, оған үкі, қасқырдың азуы сияқты заттарды іліп қою, баланың басына пышақ, қанжар, т.б. заттар жастап қою Орта Азия халықтарының көпшілігіне ортақ. Ал, бос бесікті тербетпеу салты барлық халықта бар. Жалпы гендерлік тілдік ерекшелік тұрғысында қарасақ, бесік жырын айту тек қана «әйел» адамға тән деп айтуға толық негіз бар, баланы бесікке салуда «әйел» адам басты рөл атқарады. Яғни «ер» адам баланы бесікке салмаған. Бесікке салу – нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтап, әр рәсімге сай әуендетіп, өлең арнаған. Бесікке бөлерден бұрын тыштырма ырымы жасалады, бұл рәсім де «әйел» адамға тән. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсақ, кәмпит және басқа тәтті дәмдер жапа тармағай астына тосылған алақандарға тасталады. Басқарушы әйел «тышты ма» деп сұрағанда, қасындағы әйелдер іле-шала «тышты-тышты» деп шу ете түседі. Әрбір жақсылықты үнемі шашумен қарсы алатын халқымыздың бұл дәстүрі «балаға бесік құт дарытсын» деген ниетпен туған рәсім. Осыдан кейін баланы бесікке салғалы жатқан әйел бесікті отпен аластап:

Алас, алас, пәледен қалас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас
Отыз омыртқасынан алас! – дегендей ырым өлеңдер айтылады [7, 145]. Бесікке салуда ер адамға қатысты ешқандай рәсім атқарылмайтынын аңғаруға болады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді және әйелдер қауымы тарапынан бесік жырын айтылады. Егер «ұл» баланы бесіке салса:

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,

Шешен болар ма екенсің? – деп ер балаға тән тілдік бірліктерді қосып,бесік

жырын айтқан, яғни «ұл» ержеткенде түздің адамы болатынын, елінің тыныштығын күзететін жан екенін осы жыр арқылы бала санасына құя білген [7, 314]. Қыз баланы бесікке салып, әлдейін айқанда:

Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің? – деп қыз баланың табиғатына сай, анасына қолқабыс болатындай қасиеттерін жіктеп, «ұл» балаға қарама-қарсы жаратылыс екенін гендерлік оппозициялық тұрғыдан көрсете білген [7, 314].

Нәрестенің дүниеге келуі-қай халықтың салтында болмасын үлкен шаттық, зор қуаныш. Бұл күнді әр отбасы ұлан-асыр той жасап, атап өтеді, оны қазақ «шілдехана» деп атайды. Шілдеханада ән мен күй жырланып, нәрестеге бата, ақ тілек айтылады. Баланың ата-анасы да, өзінің баласына деген тілегін жыр шумақтарымен баяндайды. Мысалы:

Қуанып қан жүрегім қақ жарылып,
Қасірет басымдағы қалды арылып.
Ұл көріп, ұлы дүбір той жасаймын,
Атқан соң маңдайымнан таң жарылып [8, 169] - деп өз қуанышын жыр шашулармен білдіреді.

Баланың шілдехана тойында барша келген қонақтарға да жұғысты болсын ниетпен шашу шашылады. Гендерлік тұрғыдан қарастырсақ шашуды тек әйел адам орындайтын рәсім, яғни әжесі шашу шашып, қуанышын көпшілікпен бөліседі. Мысалы:

Той бастаңдар, көпшілік, той бастаңдар,
Той бастаған көпшілік, көп жасаңдар.
Сәтті күні сәрсенбі той жасадық,
Құтты болсын тойыңыз деп бастаңдар... деп әжесі жыр шумақтарын арнайды [9, 19]. Мұндағы басты тілдік қолданыстарға назар аударсақ, әжесі немересіне жақсы тілектерді айтып, тойды ән-жырмен өткізуді жеткізгенін көруге болады.

Шілдехана дастарханы жайылып, ауыл үлкендері қайтар сәтте ақсақалдан бата сұралады. Қазақта ер адам отырған жерде, әйел адам бата бермеген, яғни ауыл ақсақалдарынан бата сұралған. Мысалы:

Әмин десең міне, бата,
Қолдасын Қыдыр ата.
Қызырың қияласын,
Періштең ұяласын.
Балаға бақ берсін,
Бас берсін, өмірі ұзақ жас берсін,
Кетпес ырыс, кең пейіл берсін. – деп ауыл ақсақалы бата берген [10, 149], бұл батадағы тілдік ерекшеліктер ұлға да, қызға да ортақ қолданылған, себебі бұл жерге тек ұлға немесе қызға арналған гендерлік тілдік сипаттар берілмеген, яғни бұл жалпылама бата деуге негіз бар. Кейбір баталарда гендерлік оппозициялық ерекшеліктерді байқауға болады, мәселен «ұл» баланың шілдеханасы болса, оған ер балаға тән тілдік бірліктер қолданылады. Мысалы:

Ақылшы бол, дана бол,

Адасқанға пана бол.
Өркенің өссін, өрісің кеңейсін,
Ат жалын тартып мініп,
Халқыңның қамын жегейсің.
Құдай тілеуіңді беріп, бағыңды ашсын,
Талабың көкке өрлей берсін.

Әумин! – деп батаны қалың көпшілікпен бөліседі [10, 130]. Ұл балаға арналған батадағы тілдік ерекшеліктерге тоқталсақ, халқы үшін қызмет етуін, ел басына күн туса, атқа қона білуін бата арқылы бала бойына дарытқанын аңғаруға болады. Келесі «ұл» балаға қарама-қарсылық бірлік «қыз» бала. Егер «қыз» баланың шілдеханасы болса, батада жалпы «қыз» жолының жіңішкелігі, сонымен қатар қыз балаға тән негізгі қасиеттер, қыз баланың бойында болуға тиіс нәзіктікті түрлі теңеулермен жеткізе білген. Мысалы:

Талдай бой берсін,
Сұңғыла ой берсін,
Жаздай жамал берсін,
Қарадай жанар берсін!
Анаға қуат болсын,
Ағаға шуақ болсын,
Нәзік жаны болсын,
Елінің ары болсын,
Басына өнердің бағы қонсын,
Ақ орданың шамы болсын,

Ата-анасының сәні болсын! – деп қыз балаға тән негізгі атрибуттарды қолданып бата берілген [11, 114]. Мысалда көрсетілген баталардан «ұл» мен «қыз» гендерлік оппозициясы әрқашанда тілдік ерекшеліктер арқылы өзіндік сипатын тауып отырғанын байқауға болады.

Жалпы «тұсау кесер» рәсімі қазақ фольклорында гендерлік ерекшелік бойынша әйел адамдардың қатысуымен болған. Ауылдың қыз-келіншектері, әжелер шақырылып, ет асылып той өткізілген. Баланың тұсауын сүріншек, жайбасар адамға кестірмей, жолы ашық болсын, болшақта тұлға болсын деген ниетпен оны жүріс-тұрысы ширақ, ел арасында сыйлы, беделді әйелге қидырған. Кейін әйел адамдар әуендетіп, баланы екі қолынан жетектеп, «жолың ашық болсын», «қадамыңнан айналдым» деген секілді тілдік бірліктерді жыр шумақтарына қосып орындаған. Мысалы:

Тәй, тәй, балам, тәй, балам,
Жүре қойшы, жәй, балам,
Қарыс, сүйем қаз бастың,
Қадамыңнан айналдым... – деп әйелдер қауымы бірге әндетсе, әжелер де немересіне:

Күрмеуіңді шешейік,
Тұсауыңды кесейік...
...Ала жіпті алайық,
Әжеңе алып барайық,

Ер жетті деп айтайық,

Шашуын жеп қайтайық, - деп немересін айналып-толғанатын сөз орамдарын қолдана білген [12, 94].

Дегенмен кейін тұсау кесер рәсіміне енген көптеген өзгерістерді байқауға болады, мәселен жоғарыда атап өткеніміздей ертеде бұл рәсім әйел адамдардың қатысуымен және өте ширақ, ақылды әйелге тұсау кестірілген десек, қазір халықтың ортасында атақ-даңқы жоғары, беделді, оқыған ер азаматтарға тұсау кестіру жиі кездеседі және ұлан асыр той жасалады. Бұл орайда тұсау кесу рәсімі ер адамға да, әйел адамға да ортақ рәсім деуге болады. Ер адамдар да тұсау кесер жырын немесе бата беріп баланың тұсауын ала жіппен немесе тоқ ішекпен кескен. Мысалы:

Құтты болсын қадамың!

Өмірге аяқ баса бер,

Асулардан аса бер.

Жүгіре қойшы, құлыным,

Желбіресін тұлымың.

Елгезек бол, ерінбе,

Ілгері бас, шегінбе. – деп рәсімді атқарады [12, 97]. Жырдың негізгі мазмұнындағы тілдік қолданыстарға тоқталсақ, соңғы кезеңде алғашқы ырымдық қасиетінен ажырап, «Елгезек бол ерінбе, ілгері бас, шегінбе...» сияқты заманауи ақылгөй тілектермен байытылған.

Сонымен қатар, қазіргі таңда тұсау кесу рәсімнің басты ерекшелігі - баланың болашақта кім болатынына болжау жасау. Яғни тұсауын кесіп, баланы жолы ақ болсын деген ниетпен ақ матаның үстінен жүргізеді және баланың гендерлік ерекшелігі ескеріліп алдына үш түрлі зат қойылады. Егер «ұл» баланың тұсауы кесілсе, алдына болашақта шаңырақтың иесі болсын деп қамшы, жыршы болсын деп домбыра, ғалым болсын деп кітап қойса, қыз балаға тұрмыстық заттар қойылады. Алайда қазір ұлға да, қызға да ортақ заттарды көреміз, заманына сай бай болсын деп, ақша, көліктің, үйдің кілті сияқты дүние мүліке көп назар аударылуда. Зерттеушілердің айтуынша, ертеде бұл үрдіс қазақ тұсау кесерінде болмаған, бұл корей ұлтынан енген қосымша рәсім дейді.

Тұтастай алғанда отбасылық ғұрып жырлары адамның әр жас кезеңіне қатысты халық дүниетанымының тұрмыстық ерекшелігіне, салт–дәстүрі мен пәлсапалық ұстамдарына суарылған шежіресі. Ал «ер» және «әйел» концептілері барша адамзат баласына ортақ әмбебап құбылыс болғанымен, әр ұлттың «еркектік» және «әйелдікті» анықтайтын өзіндік өлшемдері, оларға жүктейтін жауапкершіліктері мен міндеттері, мінез-құлық үлгілері болары анық. Отбасы фольклорындағы гендерлік ерекшеліктерді зерттеу бізге рухани, мәдени өзіндік ерекшеліктерді және аталған концептілерге қатысты қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымы мен ой-пайымдауларды ашуға мүмкіндік береді. Отбасы фольклорының гендерлік қырын сөз еткенде «әйел» және «ер» бинарлық жұбының қоғамдағы орны, қызметі, әлеуметтік статусын, ана-бала және ата-бала, әке-ұл, ана-қыз арасындағы қатынастарды айқындап, талдау жасау өте маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Shokym G.T., Zhumasheva K.B. and et. all. Images of Man and Women in the mirror of gender metaphors // «Eurasian Journal of Applide Linguistics» no. 8(2) / 2022. P. 272-282.
2. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
3. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. 284-288 бб.
4. Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері. – Алматы: Бастау, 2009. – 120 б.
5. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004ж. – 560 б.
6. Ісләмжанұлы К. Тал бесіктен жер бесікке дейін (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). Алматы, 1996.- 272 б.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.- Алматы: 1998, 214 б.
8. Абылқасымов Б. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры: ф.ғ.д. дисс. автореферaты.: 10.01.09.– Алматы, 1994. – 42 б.
9. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: ф.ғ.к.дисс.: 10.02.20. – Алматы, 2004.- 242 б.
10. Негматова Р. Қазақтың отбасы фольклоры. –Алматы, 2007, 332 б.
11. Қасиманов С. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: 2000, 325 б.
12. К. Ісләмжанұлы. Қуырмаш. – Алматы, 1988. – 53 б.

КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА «ACTIVE LEARNER» БЕЛСЕНДІ ОҚУШЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Қабдғалиева Нұрайлым Нұрболатқызы
Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Полянина О. Г .
Орал қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында белсенді оқыту және белсенді оқыту әдістерін тиімді қолдану жолдары, ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мәні ашылып, білім беруді жаңғырту жағдайында ағылшын тілін оқытудағы рөлі айқындалып, ағылшын тілін оқытуда

қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер оның ішінде қазіргі оқушылардың замануи, күнделікті өмірде қолданып және пайдаланып жүрген жаңа технология элементтерін тиімді қолдану тәсілдері ұсынылған.

Қазіргі заманғы тілдік дайындық мамандарды даярлаудағы әдіснамалық көзқарасты қайта қарауды, олардың біліктілігін және құзыреттілігін қалыптастыруды талап етеді. Ең алдымен, ағылшын тіліндегі жұмыс мақсаты мен мазмұнын өзгертуге назар аударылады және сабақты ұйымдастыру мен жоспарлаудың тәсілдері, принциптері, әдістері талқыланады. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытудағы жаңартылған мазмұндағы үрдістерді сипаттау әрекеті көрсетілген.

Түйін сөздер: ауызекі сөйлеу, active learner, ауызша әдіс, технология, геймификация, практикалық әдіс.

Abstract: This article discusses the ways and features of the effective use of methods of active learning and active learning in English lessons. In addition, the article reveals the importance of information and communication technologies, defines the role in teaching English in the context of modernization of education, suggests new methods of teaching English, including ways to effectively apply elements of new technologies used and used by modern students in modern, everyday life.

Modern language training requires a revision of the methodological approach to the training of specialists, the formation of their qualifications and competence. First of all, the focus is on changing the purpose and content of the English language work and discussing approaches, principles, methods of organizing and planning the lesson. This article shows an attempt to describe the trends of updated content in English language teaching.

Keywords: spoken language, active leader, oral method, technology, gamification, practical method.

Білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарының бірі мектепте шет тілін оқыту болып табылады. Бүгінде ғылым мен техниканың даму қарқыны білім беру саласында жаңа технологиялық әдістер мен инновациялық құрал-жабдықтарды мейлінше қажет етеді. Білімді ұрпақ болашақ иесі болып табылады. Ал білімді халық- Еліміздің болашағының қалыптасуы болып саналады. Халқымыздың сапалы білім алуы мұғалімдердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Бүгінгі күні білім игеру процесінің ең басты мәселесі мен мақсаты үйренушілердің белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Белсенді әрекеттер арқылы шәкірт білімді өз бетімен меңгереді. Мұғалімдер өз кезегінде өзінің сабақ беруіне емес, тыңдаушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуға тиіс.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

Жоғарғы сынып оқушылары үшін - ауызша әдіс , теория және фактіге негізделген. Және практикалық әдіс — практикалық іскерлікті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.

Орта және бастауыш сыныптарда - көрнекі әдіс — бақылау қабілетін дамыту, оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады. Ойын әдісі — оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып,

белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну — әрине, ынта-зейінді қажет ететін күрделі әрекет. Сондықтан да зейіні тұрақсыз оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өз пікірін өмірдегі жайттармен ұштастыра алмау кемшіліктері жиі кездеседі. Бұл орайда үйретуші мұғалім баланы дағдыландыруға күш салады.

Мәтінмен жұмыс кезінде оқушыға теориялық білімді шыңдауға үшін тірек-сызба сөздері арқылы баяндау немесе мазмұнын түсінуі бойынша сурет салып, суреттеу тапсырмасын ұсынуға болады. Тірек сызба білім алушыға мәтін мазмұнын өз бетінше еркін баяндауға ықпал етеді. Осы орайда «Insert» әдісін атап өтуге болады. 1 қадам – түртіп алу, 2 қадам – кесте толтыру. Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W- білемін; + жаңалық; - білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды. Оқушы көлемді мәтінді оқып қана қоймай, кесте арқылы өз бетімен әңгіме құрайды, аудитория алдында монологты сөйлеу дағдысын қалыптасады.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі — «Brainstroming» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру, оны әңгімелеп айту болып табылады. Практикалық іскерлікті дамыту мақсатында «Джигсо» әдісін пайдалануға да болады. Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту. «Clean the blackboard!» жаттығуының мақсаты –өткен тақырып бойынша білімдерін тексеру. Мысалы, сабақтың басында тақтаға үй тапсырмасына байланысты сұрақтар ілінеді. Осы тақтаны сұрақтарға жауап бере отырып, тазарту керек.

Төменгі сынып оқушыларының жасы мен психологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ барысында геймификация, яғни ойын элементтерін қолдану ең тиімді оқу тәсілі болып табылады. Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Білім алушылардың лексикалық сауаттылығын арттыру мақсатында «The hot seat», «Snake» , «Who is the best», «Catch my snowball» , «Mixed letters» ойындарын қолдануға болады. Бұл ойындар түрлі тақырыпта оқушының лексикалық білімін тексеруге бағытталған. Жаңа сөзді тез қабылдап, жаттап алу үшін мұғалім өз сабағында «Body language» әдісін қолданғаны тиімді. Жаңа сөздердің аудармасын оқушыларға ана тілінде ұсынғаннан көрі, іс-қимыл арқылы, мимика тәсілімен түсіндірген жөн. Бұл тәсілге үйренген оқушы өз айтылымында «Body language» эдементтерін қолдана отырып өз ойын жеткізуге дағдыланады. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

Мектеп пәндерін оқыту процесінде интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, ізденушілігіне байланысты. «Duolingo» – ағылшын тілін жаңадан бастаушыларға арналған тегін сервис. Сайт «жетістік ағашы» формасында жұмыс жасайды. Келесі деңгейге өту үшін ұпай жинауыңыз қажет.

Сабақтың негізгі бөлімінде осы сайт арқылы тақырыпқа сай тапсырманы онлайн орындатуға болады. Жалпы ұпай санымен бала өзін өзі бағалай алады. «Freerice» – сөздік қорды көбейтуге арналған жаттығулар мен тапсырмалардан тұратын жаттықтырушы. Сервис ойын негізінде құрылған. Әрбір дұрыс жауап үшін ұпай беріледі.

Қорытындылай келе, ағылшын тілінің мемлекетіміздің дамуында, оның алдыңғы қатарлардан көрінуіне маызы зор. Сондықтан да, бұл тілді әлемдік деңгейде игерту- тікелей мұғалімдердің салған күштеріне, үйретуде қолданған тиімді әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
2. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2 2003ж
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №5 2007ж
4. Мектепте ағылшын тілін оқытудың мәселелері - әдістемелік нұсқау.

УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

С. А. Алимсаидова

доктор педагогических наук (DSc), доцент

Кокандский государственный педагогический институт имени Мукими

Коканд, Узбекистан

Аннотация: В данной статье раскрываются основные стороны использования языка того или иного языкового сообщества при овладении социолингвистическими правилами речевой коммуникации, характеризующими данное общество, а также осмысливание воздействия социальных факторов на речевое поведение участников общения.

Ключевые слова: взаимоотношения, коммуникативная компетенция, социолингвистическая компетенция, социокультурные условия, эмоционально-эстетическое воздействие, воспитание, своеобразие в языке, социальные факторы, речевое поведение.

Новая социально-экономическая и политическая ситуация требует

реализации в обществе языковой политики в области иноязычного образования, нацеленной на удовлетворение как общественных, так и личных потребностей по отношению к иностранным (неродным) языкам. Именно образование во все времена содействовало сохранению устойчивости общества, модификации форм и типов взаимоотношений людей, и поэтому в последнее время значимость изучения неродного (русского) языка становится все более очевидной.

Русский язык является не просто средством общения, но и выполняет функцию профессиональной коммуникации на мировом рынке труда, что создает дополнительную мотивацию для обучающихся в его изучении. В связи с этим возникла необходимость сопоставления общих европейских стандартов образования с узбекистанскими, что, привело к обновлению содержания образовательного стандарта в области неродного (русского) языка на основе компетентностного подхода. Данный подход подразумевает не только владение определенными знаниями в какой-то области, но и умение их использовать в конкретных ситуациях для решения возникающих задач. Понятие компетентности шире понятия знания. Под компетентностью понимают сложное личностное образование, обеспечивающее процесс развития и саморазвития обучающегося, что способствует формированию у него ценностного отношения к любой деятельности [8].

Начиная с 70-х годов прошлого века стала действенной концепция коммуникативной компетенции, в качестве структурных элементов которой стали вычленяться лингвистическая, социолингвистическая, дискурсивная, социокультурная, стратегическая и социальная компетенции.

В российской лингводидактике термин коммуникативная компетенция ввел М.В.Вятюнев. Он предложил понимать коммуникативную компетенцию «как выбор и реализацию программ речевого поведения в зависимости от способностей человека ориентироваться в той или иной обстановке общения; умение классифицировать ситуации в зависимости от темы, задач, коммуникативных установок, возникающих у учеников до беседы, а также во время беседы в процессе взаимной адаптации» [4].

В.И.Андриянова подчеркивает, что коммуникативный принцип является основой обучения русскому языку как неродному [3].

В связи с этим учёный считает необходимым «создание такой системы обучения, которая бы обеспечивала овладение языком в основных его функциях – как средством общения, сообщения, познания, планирования и организации деятельности (особенно коллективной), эмоционально-эстетического и нравственного воздействия и воспитания – при приоритетности коммуникативной функции» [3, с.54].

Документ Совета Европы «Общеевропейские языковые компетенции: обучение, изучение, оценка» рассматривают социолингвистическую компетенцию как одну из важнейших составляющих межкультурной коммуникативной компетенции, формирование которой является целью обучения неродному языку.

Социолингвистическая компетенция – это вид компетенции, который обозначает «способность выбора и видоизменения языковых форм в зависимости от типа общения. Социолингвистическая компетенция включает обязательные знания умения и навыки для результативного применения языковых средств в социальном контексте. Это выражается в верном выборе языковых форм и речевых конструкций в зависимости от цели высказывания и ситуации общения» [5; с.39]. А в отношении диалекта и акцента включает в себя способность распознавать языковые особенности социальных слоев, места проживания, происхождения, рода занятий.

Профессор Т.М.Балыхина трактует «социолингвистическую компетенцию как систему, в составе которой имеются правила вежливости, штампы общения, этикетные формы, а также идентификация человека с точки зрения происхождения, профессиональной деятельности и т.д.» [5: с.39].

Социолингвистическая компетенция отражает социокультурные условия использования языка (ориентация на социальные нормы общения между разными поколениями, полами, классами и социальными группами, оформление ритуалов). Данная компетенция оказывает влияние на речевое общение между представителями разных культур.

К области социолингвистической компетенции относится, в том числе, умение организовать педагогическое общение и учитывать конкретную педагогическую ситуацию, состоит из умения пользоваться реалиями, особыми оборотами речи, специфическими правилами речевого общения, характерными для страны изучаемого языка, то есть своеобразие в языке, которое свидетельствует о влиянии обычаев, культуры.

В связи с ориентированностью на социальные нормы (правила хорошего тона, нормы общения между представителями разных поколений, полов, общественных групп, языковое закрепление определенных ритуалов, принятых в данном обществе) социолингвистический компонент оказывает большое влияние на языковое оформление общения между представителями разных культур. Таким образом, социолингвистическая компетенция является интегральными компонентами коммуникативной компетенции [9].

Поскольку требования к уровню владения социолингвистической компетенцией являются несколько размытыми, необходимо выделить отдельные компоненты, требования к владению которыми могут быть описаны более точно, и соответственно, могут быть измерены и проконтролированы.

К таким компонентам можно отнести:

- Этикетные формулы приветствия, прощания, обращения, благодарности.
- Выражение вежливой просьбы, пожелания, интереса, обеспокоенности.
- Поздравления, выражение соболезнования, выражение благодарности.
- Выражение сожаления, использование смягчающих формулировок.

- Выражение недовольства, нетерпеливости, жалобы.
- Понимание наиболее часто употребляемых устойчивых выражений.
- Понимание наличия различий в различных вариантах языка.

Развитие социолингвистической компетенций неразрывно связано с основными целями образования: практической, развивающей и воспитательной. И воспитательная задача наиболее значима, поскольку от решения этой задачи зависит формирование в современном молодом человеке чувства патриотизма и чувства интернационализма. Изучая русский язык, мы формируем культуру мира в сознании человека.

Для развития социолингвистической компетенций необходимо использовать следующие шаблоны социальных отношений:

1) галереи и музеи, путеводитель для туристов;
2) вокзал, аэропорт, транспорт;
3) прогноз погоды;
4) новости, спортивные репортажи, интервью, газетный текст;
5) тексты лингвострановедческого содержания;
6) реалии страны изучаемого языка;
7) каноны вежливости/этикет;
8) традиции/обычаи, одежда, особенности национальной кухни,
9) национальные пословицы, поговорки, фразеологизмы и крылатые выражения.

Из этого следует, что для того, чтобы использовать язык того или иного языкового сообщества в полной мере, важно владеть социолингвистическими правилами речевой коммуникации, характеризующими данное общество, то есть полностью осмысливать воздействие социальных факторов на речевое поведение участников общения. Овладение родным языком, как правило, предусматривает приобретение различного рода знаний неосознанно, что благоприятствует использованию родного языка должным образом. Такие знания и можно назвать социолингвистической компетенцией коммуниканта.

Вследствие этого обучение неродному (русскому) языку необходимо рассматривать с учетом социолингвистического аспекта коммуникации.

Таким образом, изучение языка, как родного, так и неродного – личностная потребность, которая проявляется в социальном взаимодействии, общении. Успешность общения зависит не только от желания говорящего вступить в контакт, но и от умения реализовать речевое намерение, которое зависит от степени владения единицами языка и умения употреблять их в конкретных ситуациях общения. Эти условия владения языком и составляют сущность социолингвистической компетенции, которая была выдвинута в число центральных категорий коммуникативной лингвистики и лингводидактики [9].

Литература:

1. Алимсаидова С.А. Место педагогических технологий в обучении в вузе Международный научный журнал «Молодой учёный». – Казань, 2017 - № 1 часть V. С. 430

2. Алимсаидова С.А. Дидактические принципы при обучении неродному языку Международный научный журнал «Молодой учёный». – Казань, 2015. – №23 часть X. С. 1062-1063

3. Андриянова В.И. Теория и практика обучения узбекских школьников устноречевому общению на русском языке: Дис. на. д-ра пед.наук. - Т., 1997. – 350 с.

4. Вятютнев М.Н. Методологические аспекты современного учебника русского языка как иностранного // Русский язык за рубежом. – М., 1988. – № 3. – С. 71-77.

5. Драгунова А.А. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции у студентов факультета иностранных языков через использование учебных интернет-ресурсов на основе технологий веб 2.0 Дисс. …канд. педаг. наук. – Ярославль, 2014. – 331 с.

6. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам.// Иностранные языки в школе. – Москва, 2000. - № 4. – С. 9-15; - № 5. – С. 17-22.

7. Соловова Е.Н. «Методика обучения иностранным языкам» (Базовый курс лекций) Москва «Просвещение», 2002. - 238 с.

8. Структура и содержание образовательного стандарта в области иностранного языка на основе компетентностного подхода. Компетенции и критерии оценки [Электронный ресурс] //index.php

9. Alimsaidova Sayyora Amidyevna Sociolinguistic competence as a purpose of teaching a nongene (russian) language in a secondary school. The American Journal of Social Science and Education Innovations (ISSN – 2689-100x) Published: October 30, 2020 | Pages: 321-327 IMPACT FACTOR 2020: 5. 525. Doi: https://doi.org/10.37547/tajssei/Volume02Issue10-53 P. 321-327

10. Alimsaidova Sayyora Amidyevna Competence-Based Approach In Teaching The Russian Language. (Types Of Sub competencies) Journal of Positive School Psychology http://journalppw.com 2022, Vol. 6, No. 9, 3656-3662

11. Amid`evna S.A. Selection of historical and literary texts for educational purposes. European Journal of Research and Reflection in Educational Sciences Progressive Academic Publishing, UK www.idpublications.org p.577-581

ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУГЕ БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ОҚУЛЫҚТАРДА ҚАМТЫЛУ ЖАЙЫ

Ш.Д. Әлішер
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты
Алматы, Қазақстан
Г.Н. Смағұлова
филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жарық көрген қазақ тілі оқулықтарында оқушыларды көркем сөйлеуге үйретуге берілген тапсырмалар туралы сөз болады. Негізгі сатының алғашқы баспалдағы саналатын 5-сыныптың оқулығындағы жаттығулар жүйесі талданады. Мәтіндердегі негізгі ой мен тақырыптың байланысын тануға, сөздерді қатыстырып диалог құрауға, тапсырманы рөлге кіріп талдауға, сөздердің мағынасына сай сурет салуға, даналық сөздегі ойды ары қарай жалғап, пікірталас жасауға тапсырылатын әрбір жаттығулардың оқушылардың көркем сөйлеуіне әсері ететіні айтылады. Теория мен практиканы ұштастыруға негізделген ұтымды жаттығулар жүйесі сараланады. Кейбір жаттуығуларға қатысты ұсыныстар айтылып, толықтырулар жасалады. Жаңа буын оқулықтарында балалардың сөз мәдениетін, көркем сөйлеуін жетілдіруге бағытталған оқу-танымдық материалдар жеткілікті дәрежеде ұсынылғаны нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Оқушының тілдік қабілетін дамыту міндетін оқулық авторлары әр тақырып ауқымында қаншалықты сақтауға тырысқаны сараланады. Қазіргі қазақ тілі оқулықтарына оқушының сөз мәдениетін жетілдіруге оң ықпал ететін оқу материалдарын жүйелеп берген, танымдық, ізденімдік жұмыстарды қамтыған, жаңа уақыт талабына жауап бере алатын құрал қызмет атқарып шыққан деп баға беріледі.

Кілт сөздер: оқушылар, көркем сөйлеу, сөз мәдениеті, жаңартылған білім беру мазмұны, қазақ тілі оқулығы, жаттығу.

Abstract. The article will focus on the tasks of teaching the artistic speech of students in the published textbooks of the Kazakh language on the updated content of education. The system of exercises in the textbook of the 5th grade, which is the first stage of the main stage, is analyzed. It is emphasized that each exercise, which is assigned to recognize the connection between the main idea and the topic in the texts, build a dialogue with the participation of words, analyze the task by role, draw in accordance with the meaning of words, then connect thoughts in a wise word and reason, affects the artistic speech of students. A system of rational exercises based on a combination of theory and practice is differentiated. Suggestions are made and additions are made with respect to some memorization. Using concrete examples, it is proved that the textbooks of the new generation sufficiently present educational and cognitive material aimed at improving the culture of speech, artistic speech of children. It differentiates how much the textbook authors tried to keep the task of developing the student's language abilities on the scale of each topic. Modern textbooks of the Kazakh language are evaluated as systematized educational materials, including cognitive, search work, capable of meeting the new requirements of the time, which has a positive effect on improving the culture of speech of students.

Keywords: students, artistic speech, speech culture, updated educational content, Kazakh language textbook, exercises.

Жаңартылған білім беру мазмұны 2016-2017 жылдардан бастап енгізілді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуы тиіс», – деп атап көрсеткен болатын [1].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының ерекшеліктерінде басты бағыт – қазақша өзара тіл қатысу арқылы тіл табысуға, түсінісуге үйретететін тыңдау, сөйлеу/сөйлесу, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыратын коммуникативтік әдістері басшылыққа алынады.

Сөйлеу мәдениетінің бірінші сатысы – сөз дұрыстығы меңгертілетін негізгі мектептегі қазақ тілі пәнінде тілдік нормалар жөніндегі тірек ұғымдар қалай берілгені, оқушының сауаттылық мәдениетіне қандай деңгейде көңіл бөлінгені туралы толық талдау жасау үшін осы сатыдағы оқулықтар мен оқу құралдарына шолу жасалды.

Негізгі сатының алғашқы қадамы болып саналатын 5-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығының [2] жалпы бағыты оқушылардың сөз, сөйлеу туралы ұғымдарын кеңейту, сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсатын көздей отырып жасалған. Сондықтан бұл оқулыққа біршама тереңірек талдау жасалды.

Жаңа білім беру бағдарламасына сай жазылған 5-сыныптың қазақ тілі оқулығында кітаптың мақсаты: «Қазақ тілі» - сабағының ең басты мақсаты – ана тілінің сан алуан сыры мен қырын үйретуге, сөйлеу шеберлігіңді дамытуға, өз ойың мен пікіріңді, көзқарасыңды жеткізіп айта білуге, қызмет ету» – деп көрсетілген. Кітап мазмұнындағы тапсырмалар қаншалықты мақсатқа сай екенін білу үшін ондағы жаттығулар жүйесін талдап көрейік. Мәселен, 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» бөлігінің «Сұхбаттасу мәдениеті» деп аталатын 5-6-сабағында тақырыпаралық сабақтастықты сақтай отырып, сөйлеу мәдениетінің этикалық сапалары: амандасу, танысу, сұхбаттасу мәдениеті туралы ойлар кеңейтіле, тереңдетіле түскен. Айтылым бойынша берілген 2-тапсырма құрамында амандасудың түрлерін рөлге бөліп көрсету тапсырылуы оқушының білімін өмірде қолдануына мүмкіндік берері сөзсіз. Оқушы осы тапсырманы орындау барысында амандасудың маңыздылығын, ерлер арасындағы амандасуды, әйелдер арасындағы амандасуды, қыздар мен ұлдардың амандасу әдебін, үлкен мен кіші арасындағы амандасу әдебін саналы түсініп, қалай орындалатынын біледі әрі өмірде соны қайталауға тырысады. Ал 9-тапсырмадағы әрбір тілек сөздің өзі оқушыға сөйлеу мәдениеті туралы қарапайым да нақты түсінік қалыптастыратыны сөзсіз. Мұнда жағдаятқа байланысты тілек сөздерді топтастыру тапсырылса, 5-тапсырмада этикеттік сөздердің қандай жағдаятта айтылатынын рөлге кіріп талдау жүктеледі. Арада ұсынылған бірнеше мәтін оқушылардың сөйлеу этикетіне қандай сөздер жататыны жайлы түсінік береді де, ал 7-тапсырмада

Николас Мюррей Батлердің мәдениетсіз адам туралы ойын негізге алып, осы пікір негізінде пікірталас ұйымдастыру тапсырылады. Келесі кезектегі тапсырма «Осы мәтіннің мазмұнын талдап, өз пікірлеріңді қорытындылап жазыңдар» деп беріледі. Мұндағы оқушының өзіне жасатқан тұжырым-ой келесі сатылардағы сөз мәдениетіне бастайтын жұмыстарға баспалдақ болып тұрады.

Мәтіндердегі негізгі ой мен тақырыптың байланысын тануға, сөздерді қатыстырып диалог құрауға, тапсырманы рөлге кіріп талдауға, сөздердің мағынасына сай сурет салуға, даналық сөздегі ойды ары қарай жалғап, пікірталас жасауға тапсырылатын әрбір жаттығуларды дұрыс орындауға нақты бағыт беріліп отырған жағдайда, әлбетте, осы тараудың соңында берілген сынақ-тапсырманы әрбір оқушы өзіндік ой даралығын таныта отырып жүргізетін өзіндік ізденісі арқылы белгілі бір нәтижеге жете алуы мүмкін екенін көрсетеді. Сондай-ақ, пәннің алғы сөзіндегі мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіндіктердің қамтылғаны байқалады.

«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» тарауының келесі тақырыбы «Тілдік қарым-қатынас талаптары деп аталады. «Үндестік заңын сақтап сөйлеу – бәріміздің міндетіміз» деген тақырыпта сөзталасқа түсіндер деп берілген 2-тапсырма теория мен практиканы ұштастыруға орайластырылған ұтымды тапсырма. 3-тапсырмада берілген Дейл Карнегидің «Адамдарға ұнауға мүмкіндік беретін алты ереже» мәтіні негізінде өз пікіріңді дәлелде деп берілген тапсырма оқушыларға қарым-қатынастың тиімді ұстанымдарымен танысып, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізеді. Осы тақырыптың жақсы тұсы – мәтін ретінде Бөлтірік шешеннің шешендігі мен Дулат Бабатайұлының шешендік толғауынан үзінді берілуі. Мысалы,

«Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса?
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз тіксең баттаса,
Шешеннің аты шешен бе,
Таңдайға дәмі үйіріліп,
Даугердің тауын шақпаса?»

Бұл мәтін бойынша 4-тапсырмада мәтіндегі сөздердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын айту тапсырылған. Бұл тапсырмаға қосымша ретінде мұғалім шешендік толғау үзіндісін жаттатқызса оқушының көркем сөйлеуіне үлес болмақ.

Ал Бөлтірік шешеннің шешендігі жайлы мынадай мәтін берілген: «Бірде баласы:

- Әке, дұрыс сөйлегенде қалай сөйлеу керек? – деп сұрайды. Сонда Бөлтірік шешен:

- Жатқа сөйлеме,
Жаманға сөйлеме.
Асырып сөйлеме,

Батырып сөйлеме.
Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс.
Жаманға айтқан сөзден
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.
Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс.
Ойсызға айтқан сөзден,
Ойлыға айтқан сөз дұрыс
Айтылмай қалған сөзден,
Айтылып қалған сөз дұрыс.
Сөйлемес жерді білсең,
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,
Бәрінен де сол дұрыс.»

Осы мәтін бойынша төмендегідей тапсырмаларды орындау сұралады:

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Жоғарыдағы әңгімеде Бөлтірік шешен сөзге қандай анықтама берді?
2. Дұрыс сөйлеу әдептілігі жөнінде не деді?
3. Шешеннің «ойсызға айтқан сөзден, ойлыға айтқан сөз дұрыс» дегені нені білдіреді?

Бұл сұрақтарға жауап беру нәтижесінде оқушы нендей дағдыларды меңгереді? Біріншіден, мәтіндегі негізгі ойды ажыратады. Екінші, оның сөз әлемі туралы дүниетанымы кеңейеді. Үшіншіден, онда қолданылған терең мағыналы ауыспалы сөздерді өз сөзінде пайдалануға төселеді. Ал бұлардың қай-қайсысы да оқушының сөйлеу мәдениетін дамытудың шарттары болып табылады.

Егер ізденімпаз мұғалімге кез болса, жаңа буын оқулықтарында балалардың сөз мәдениетін жетілдіруге бағытталған оқу-танымдық материалдар жеткілікті дәрежеде ұсынылған. Мәселен, осы 5-сыныптың оқулығында сөз мәдениетін дамытудың бірқатар мәселелері оң шешім тапқан. Атап айтқанда, оқушының сөздік қорын байытуға арнайы бағытталған жаттығулар (9-10-сабақтағы 9-тапсырма; 6-бөлімінің 1-2-сабағындағы 7-тапсырма және 13-тапсырма); оқушының сөйлеуге, ойлауға, ой қорытуға мүдделілігін арттыратын, оларға пайдалы кеңес түрінде берілген жаттығулар (6-бөлімінің 3-4-сабағындағы 1-тапсырма, 7-8-сабақтағы 6-тапсырма); өздік, шығармашылық жұмыстарға бағытталған тапсырмалар мол. Сөз мағыналарына қатысты жұмыстар қызықты әрі сенімді болу үшін олардың этимологиясына қатысты «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін», Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді», Ә.Нұрмағамбетовтың «505 сөз» атты кітаптарын, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» томдарын қоса пайдаланып отыру арқылы да оқушының сөз табиғатын тануға, оларды дұрыс іріктеп қолдануға деген ықыласын арттыруға болатынына көз жеткізілді. Сөздің тура және ауыспалы мағыналарына арналған тақырып оқушының сөз мәдениетін арттыруға тікелей қатысы бар материалдармен байытылған. Мәселен, «Қиял әлемі» тарауының «Қиял – адамға тән қасиет» деп аталатын 1-2-сабақтағы 7-тапсырмада «Суретке қарап, «Тәтті қиял» тақырыбына 80-100 сөзден тұратын

шағын мәтін құрап жаз. Мәтінде көп мағыналы, ауыспалы мағыналы сөздерді қолдан» деп берілген. Бұл тапсырманы оқушылар қызығушылықпен орындап, көркем тілін байытуға себеп болатыны сөзсіз.

Оқулықтағы «Адамның сырт келбеті мен мінезі» деп аталатын 8-бөлімнің «Адамның кейбір кездері» деген 7-8-сабақтарындағы 1-тапсырмада мінез сипаттамаларын білдіретін сөздер келтіріліп, олардың мәні ашылған және оқушыларға ауыспалы мағынадағы сөздерді ажырату тапсырылған. Бұл сөздер тек ауыспалы мағыналы сөздердің қолданысын танытумен шектелмейді. Онда сұлу, ұтымды сөздердің үлгісі ұсынылған. Мұнда да оқушы өзі үшін тың, жаңа тіркестерді тауып, сөздік қорын байытуға мүмкіндік мол. Мәтінді арнайы жаттатудың пайдасы аз болмаса керек. Мұнда терең мазмұнды сөзді өзіне лайық мәнермен айта білуге төселдіруге де жол ашық. Осы тақырып аясындағы жаттығуларды орындатқанда, адамның сезіміне әсер етіп тұрған қандай сөздер екенін тапқызу, сол сөздерді тура мағыналы сөздермен ауыстырып көру керек. Бұл сөздің ауыспалы мағыналарының ойды бейнелі жеткізудегі рөлін оқушының өзіне сезіндіру арқылы ойды ұтымды беруде ауыспалы сөздердің атқаратын қызметін саналы түсініп барып қолдануға деген мүдделілігін арттыруға болады.

Жалпы білім беретін орта мектептің өзге сыныптарына арналған оқулықтарға да талдау жасау барысында бұл бағыттағы жұмыстар жүйесінің сақталғаны байқалды. Мәселен, 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында (авторлары М.Жолшаева, Ғ.Отарбаева, Г.Нұрманова) [3] жалпы саны 289 жаттығу берілген, оның 61%-ында; 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында (авторлары Г.Қосымова, Рахметова Р.) [4] жалпы саны 579 жаттығу берілген, оның 71%-ында; 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында (авторлары Б.Әрінова, Қ.Молдасан, А.Байшағырова) [5] жалпы саны 234 жаттығу берілген, оның 58%-ында тіл дамытуға, тіл ұстартуға өздік және шығармашылық сипаттағы оқушының сөйлеу дағдыларын (бірде ауызша, бірде жазбаша) дамытуға бағытталған тапсырмалар бар.

Жалпы білім беретін орта мектептің қорытындылаушы сыныбы – 9-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығы (авт.:Мамаева М, Мұқашова Ж.) [6] мектеп бағдарламасына толық сай жасалған. Оқулықтың алғысөзінде «Қолдарыңдағы «Қазақ тілі» оқулығы қоғамда болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар, ғылымдағы жаңалықтар мен ізденістер, ғаламдық мәселелер аясында сөйлеу дағдыларыңды арттыруға, өз ойларыңды жазбаша түрде дәл, анық жеткізуге, сауатты жазуға бағытталған», – деген тұжырым жасалған. Мұны жалпы оқулықтың негізгі ұстанымы деуге де болады.

«Мәңгілік ел – мұратым» деп аталатын 1-бөлімде қамтылған «Мәңгілік ел және Тәуелсіз Қазақстан», «Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі», «Тәуелсіздіктің тұғыры болар тұлғалар» деген үш тақырып ауқымында оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған бірнеше қосымша мағлұматтар берілген. Мәселен, бірінші тақырыпта алдымен, Мәңгілік ел ұғымының мазмұны түсіндіріліп, Мәңгілік елдің басты 7 құндылығы таныстырылады, 7 құндылықтың бірі болып табылатын тілдің ортақтығының

мәні айқындалады. Оқушыларға жаттығу ретінде берілген «Бірлік, ынтымақ туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріп, олардың мәнін ашыңдар» және «Мәтіннен ерекшелеп берілген сөз тіркестерін теріп жазып, синонимдер қатарын беріңдер» деген тапсырмалар оқушыларды көркем сөйлеуге төселдірудің теориялық бастамалары деуге болады. Ал берілген мәтіндер, бір жағынан, теориялық мағлұматты одан әрі толықтырады, екінші жағынан, оқушының тіл маңыздылығы туралы дүниетанымын кеңейтеді, үшінші жағынан, оқушының қызығушылығын оятады. Ал бұлардың әрқайсысы оқушының сөз туралы ұғымын тереңдетумен қатар фактілерді есте сақтап, оларды орынды жұмсауға дағдыландырады. Бірінші бөліктегі мәтіндерге ұсынылған тапсырмалардың дені көркем сөйлеуге жаттықтыратын мақал-мәтелдер мен синонимдерге қатысты берілген. Мұндағы оқу материалдары қазақ тілі мәңгілік елдің маңызды құндылығы екенін танытуға көбірек бағытталуы ұтымды болар еді.

«Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі» атты тақырыпта берілген барлық мәтіндер қазақ халқының ерекше қасиеті жайлы, іргелі ел болу үшін қандай мінезден арылу керек, Тәуелсіздіктің тұғыры нық болуының кепілі неде деген секілді сұрақтар негізінде құралады. Әйтсе де, авторлар осы жаттығулар мәтіндері бойынша ұйымдастырылатын жұмыстар аясында оқушылардың өзіндік ой түюіне, дұрыс әрі көркем сөйлеуіне қатысты тапсырмаларды жүйелі қамтыған. Мәселен, 2-жаттығуда үнтаспада мәтін беріп, оған мынадай тапсырма ұсынған: «Мәтіндегі сөз қолданыстарын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер (іргелі ел, емеуріннен тану, сөз төркіні, пәтуа жоқ, еңсесін тіктеу, тізгінге жармасу, ел тізгінін ұстау)». Бұл жердегі бірінші мақсат оқушыларға тілді көркемдікке жеткізетін сөз тіркестерінің мағынасын ұғындыру әрі соны қолданысқа енгізу. Оны «Осы тіркестерді өздерің қандай жағдайда қолданар едіңдер? Сөйлем құраңдар. Тағы қандай тіркестер жасар едіңдер деген?» деген сұрақтардан ұғынуға болады. Ал 3-тапсырмада «Кісілік қасиетке ие бабаларымыздың ерекшеліктерін санамалап көрсетіңдер. «Кісілігі мол адам» деп қандай адамды айтуға болады? Пікір алысыңдар», – деп берілген. Бұл оқушылардың бір-бірінің жауабын тыңдау мәдениетін жетілдіру, әрі бір-бірінің сөйлеуін бағалауға үйрету болып тұр.

9-сыныптың оқулығы, жалпы алғанда, оқушының сөз мәдениетін жетілдіруге оң ықпал ететін оқу материалдарын жүйелеп берген, танымдық, ізденімдік жұмыстарды қамтыған, жаңа уақыт талабына жауап бере алатын құрал қызмет атқарып шыққан.

Қорыта келе, мектепте «қазақ тілі» пәнін оқыту өз алдына оқушыларды дұрыс, сауатты, көркем сөйлеу арқылы өнімді қарым-қатынас жасай білуге үйретуді мақсат етіп қояды. Ал қазақ тілінің жаңартылған білім мазмұны осыған негізделген. Бағдарлама қазақ тілінің грамматикалық ережелерін меңгерте отырып, әлемдік мәселелерден хабардар болу жағына баса назар аударған. Бұл орайда тиісінше оқу мақсаттары мен игерілетін теориялық білімдер оқушылардың дұрыс әрі көркем сөйлеуіне жол салады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 5-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.
3. Жолшаева М. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / М.Жолшаева, Ғ.Отарбаева, Г.Нұрманова. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б., сур.
4. Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. –192 б.
5. Әрінова Б., т.б. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Б.Әрінова, Қ.Молдасан, А.Байшағырова. – Алматы: Атамұра, 2018. -128 б.
6. Мамаева М., Мұқашева Ж. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2019. – 144 б.

ФИЛОЛОГ - СТУДЕНТІНІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

П.А.Байтимбетова
докторант
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада құзырет, құзыреттілік, біліктілік терминдері ғылыми тұрғыда талданып, анықтамалары мен дәйектемелері салыстырылып берілді. Сонымен қатар бұл терминдердің білім беру жүйесіндегі қолданысы да сөз болады. Құзыреттіліктің кейбір түрлеріне талдау жасай отырып, мақалаға өзек болып отырған зерттеу құзыреттілігіне нақты тоқталып, оны қалыптастыру жолдары айтылады. Мақалада филолог-студенттің зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын жүйелеу қажеттігін айта келіп, оларды іске асыру жолдарының кейбір тұстары қарастырылды.

Кілт сөздер – құзырет, құзыреттілік, біліктілік, қабілеттілік, тұлғааралық, жүйелілік, шығармашылық, қабілеттілік, іскелік.

Abstract.. In the article, the terms competence, competence, and qualification were scientifically analyzed, and their definitions and definitions were compared. At the same time, the use of these terms in the educational system was also discussed. Analyzing some types of competence, the article focuses on the research competence, which is the subject of the article, and tells about the ways of its formation. The article mentioned the need to systematize the conditions

for the formation of research competence of a philologist-student, and considered some aspects of their implementation.

Keywords - competence, competence, qualification, ability, interpersonal, consistency, creativity, ability, business.

Кіріспе. Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау. Осыған орай, университеттік білім беру жүйесінде болашақ филолог – маманның зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жаңа идеяда, жаңа тұрғыда қарастыру мәселесі туындап отыр. Зерттеушілік құзыреттілік – игерілген зерттеушілік білімдер мен біліктерді шынайы тәжірибеде қолданудағы тиімділік [2]. Зерттеушілік құзыреттілік теориялық сауаттылыққа, педагогикалық-психологиялық зерттеулердің әдістерін игеруде, эмперикалық мәліметтерді статистикалық өңдеу білігінде, қорытынды жасау, зерттеу нәтижелерін көрсетуде көрініс табады [3]. Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруда кез-келген ғылым аясында сәттілікке жету жолы айдан анық. Әлемде академиялық сауаттылықты дамыту негізінде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі кеңінен қарастырылуда. Бұл – студенттерді зерттеушілік әрекетке икемдеудің жаңа серпіні. Зерттеу құзыреттілігі – жоғары оқу орнында міндетті білім мен іс-әрекет әдістерінің жиынтығы. Оның қалыптасуы сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да қолданылатын бірқатар әдістердің көмегімен жүзеге асырылады. Осыған орай, филолог-маманның зерттеу құзыреттілігін жетілдіру екі жақты байланыс арқылы іске асады. Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас, бірлесіп жұмыс жасауға деген ынта құзыреттілікті қалыптастыруға тікелей ықпал етеді.

Зерттеу бөлімі. Отандық оқулықтарда «құзыреттілік» ұғымы туралы профессор Ш.Т.Таубаева болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелердің бар екендігін айта келіп, «құзыреттілік» термині, әдетте, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебе иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестігі арқылы сипатталады деп тұжырымдайды [1]. Сонымен қатар, Ғ.Әбілқасымова, Д.Е.Әлімбекова «құзыреттілік» деп студенттердің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін айтады [4]. А.Г.Сергеевтің пайымдауынша, құзыреттілік – жеке тұлғаның қалыптасқан қасиеттерінің жиынтығы. Яғни,

құзыретті маман – бұл қажетті білімі, тәжірибесі мен қабілеті бар адам, ал құзыреттілік – осы қасиеттерді бойына дарытқан жеке тұлғаның бір қыры. Құзырет оқу процесінің мақсаты ретінде танылса, құзыреттілік оқу процесінің нәтижесі, маманның жеке қасиеттерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді [5]. Айтылған тұжырымдамаларды қорытындылай келе, құзырет және құзыреттілік бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар екені анық, екеуі де білім беру үдерісінің нәтижесі және жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Осыған орай құзыреттілікті төмендегідей қарастырдық: Сурет- 1,2,3,4.

Сурет – 1. Құзыреттіліктің түрлері

Сурет 2 – Құралдық құзыреттілік



Сурет 3 – Тұлғааралық құзыреттілік



Сурет 4 – Жүйелілік құзыреттілік

Филолог-маманның зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруда сапалы терең білім, кәсіби біліктілік, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру маңызды (Сурет – 5). Ол үшін жұмыстарды ұтымды түрде жүйелеп алу қажет. Жоғары оқу орнындағы кредиттік оқу жүйесі, студенттің өз бетімен ізденуіне көп мүмкіндік тудырады. Жоғары оқу орындарында, өз мамандығын терең меңгерген мамандарды даярлауда, үздіксіз білім беру төңірегінде де студенттің өздік жұмысының атқаратын рөлі зор. Алайда өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру әр түрлі факторларға тәуелді. Алдымен ол студенттен пәнге қызығушылықты, танымдық қажеттілікті, тұрақты ерік-жігерді, жинақылық пен белсенділік және жоғары саналылықты қажет етеді. Бұл жөнінде А.Дистервегтің пайымдауынша, адамның дамуы мен білім алуы оның өз бетінше белсенді әрекет етуі мен күш-жігеріне байланысты екендігі анық. Студенттің өздік жұмысы оқытушының пәннен берген тапсырмалары бойынша, студент өз бетінше ізденіп, кәсіби-теориялық білімін тереңдетуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылған мақсатты әрекеті. Студенттің өздік жұмысы болашақ маманның өз кәсібінің қыр-сырын жан-жақты меңгеруін, күрделі мәселелерді өз бетімен шешуге талпыныс жасауға мүмкідік береді, кәсіби-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Оқытушы сабақ үрдісінде зерттеу құзыреттілікті жетілдіру үшін көптеген жұмыстар атқаруы тиіс. Студентке дәріс, семинар сабақтары мен студенттің өздік жұмыстары, студенттің оқытушымен бірлесен өздік жұмыстары тапсырмаларын орындату барысында олардың өзіндік пікірлерін тыңдауға көбірек мән бергені дұрыс. Айталық, топтық, бірлескен ұжымдық тапсырмаларды да жиі пайдаланған дұрыс. Мысалы, дәріс сабақтарында дәріс мәтінінің кейбір маңызды тақырыптарын топтық жұмыс ретінде беру олардың зерттеу құзыреттілігін жетілдіруге септігін тигізеді. Студенттер дәріс мәтініндегі ең керекті, мазмұнды жақтарын қарастырып, топ ішінде талқылайды. Содан кейін өз ойларын жеткізуге тырысады. Бұл олардың топпен жұмыс істеу, ұйымдастырушылық қабілетін, топтағы студенттерге ойларын бөлісуге талпынады. Нәтижесінде олар өз пікірлерін айтуға жаттығады. Дәрісті жай тыңдап қана қоймай, өзіндік тұжырым шығаруға дағдыланады. Сонымен қатар, студенттерді зерттеуге дайындау барысында студенттің ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру, жан-жақты ақпараттандыру, коммуникативтік бейімдеу, студенттің шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға танылуына көмек көрсету міндеті тұрады. Жұмыс түрлеріне келер болсақ, икемді және ұтқыр оқу жоспарын құру, шығармашылықпен жұмыс жасау, студенттің өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету, қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру. Бүгінгі таңда көрсетіліп жүрген студенттің зерттеу жұмысының түрлері*:* эссе және оның түрлері, шағын эссе және оның құрылымы, эмперикалық немесе ғылыми зерттеу жұмыстары, баяндама, жоба, ғылыми мақала, диссертация, тезистер, аңдатпа, жаңа ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, пікір жазу, түйіндеме және оның

жазылуы, гипотеза және оны құрау, лингвистикалық, педагогикалық мерзімді басылымдардан кәсіби қызметке сәйкес қызықты материалдар жинау, топтық жобалар жасап, қорғау, есеп жазу, кесте толтыру, көрнекіліктер жасау, жүйелік сызбалар даярлау, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, қазақ тілінен топаралық, курсаралық, факультетаралық, университетаралық олимпиада, ғылыми конференция, семинар, лингвистикалық кештер, ғылыми жұмыстар конкурсы, көрме ұйымдастыру және т.б. Ғалымдардың пікірімен түйіндесек, «Педагогикалық тәжірибеде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі міндетін нақтылай отырып, студентке кәсіби педагогикалық дамудың өзіндік траекториясын құруға көмектесу қажет. Қажетті интеллектуалдық ресурстарға ие бола отырып, студент кейіннен педагогикалық тәжірибеде зерттеу мәселелерін өз бетінше шеше алады [6].

Сурет–5. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру

Қорытынды. Филолог-маманның зерттеу құзыреттілігін жетілдіру екі жақты байланыс арқылы іске асады**.** Оқытушы мен студент арасындағы өзара түсінушілік, бірлесіп жұмыс жасауға деген ынта құзыреттілікті қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Зерттеу құзыреттілігі – тиімді оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмысына, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындық, зерттеу әрекеттерін орындаушылықтан шығармашылық және шығармашылық әрекетке көшу керектігін қажет етеді. Сонымен қатар, зерттеу құзыреттілігі белгілі бір құзыреттердің өзара байланысты кешенін білдіреді (білімді, қабілеттерді, іскерлікті, іс-әрекетті, оқу немесе ғылыми зерттеу саласындағы тәжірибені және мәселелерді шешуді үйлестіретін әмбебап сипаттамалар). Бұл білім алушыға оқу процесінде де, тәжірибеде де қажет. Осылайша, студенттің міндетті ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың әдістері, әртүрлі болуы мүмкін және олардың дұрыс үйлесімімен бірқатар әмбебап оқу әрекеттерінің пайда болуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар пәнді тереңдетіп оқуға деген ынтаны да арттырады. Бәсекеге қабілетті маман дайындауда зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру арқылы жетістіктерге жетуге болады. Студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі қоғам талаптарына сай маңызды мәселенің бірі ретінде танылуда. Осыған

орай, оның кәсіби маңызы бар қасиеттерінің біріктірілген көрінісі ретінде берілген. Жоғары оқу орындарында студенттердің әдістемелік даярлығының негізгі компоненттерінің бірі – зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру. Студенттің білімі құзыреттілік тұрғысынан бағамдала бастады. Олардың құзыреттілігін қалыптастыруға айрықша мән берілуде. Құзыреттілік өмір бойы қалыптасады десек артық айтқандық емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 136 б
2.Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога // Педагогика. – 2003. – No10. – С. 51-55.
3.Воронова Т.А. К вопросу о критериях эффективности подготовки педагогов-исследователей в системе университетского многоуровневого педагогического образования // М.Н. Скаткин и современное образование: материалы конф.: В 2 т. / под ред. В.А. Мясникова; сост.: Л.Б. Прокофьев. – М.: Рос. акад. образования; Ин-т теории образования и педагогики, 2000. – Т.2. – 379 с
4.Әбілқасымова Г., Әлімбеков Е.Д. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары//Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2014. https://articlekz.com/kk/article/15930
5. Сергеев А.Г. Компетентность и компетенция в образовании. Монография. http://e.lib.vlsu.ru/bitstream/123456789/2063/3/00711.pdf
6. Дзидзоева С.М. Проблема формирования исследовательской компетенции студентов (Вестник Владикавказского научного центра , том 2. №2, 2000

ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫН СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ҚАРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ

А.Б. Бауыржан
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
e-mail: bauyrzhanova.1998@mail.ru
Алматы қаласы, Қазақстан

ғылыми жетекші **Л.Т. Әлімтаева,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қаласы, Қазақстан

Аннотация. Қазіргі таңда оқыту процестерінде оқыту техникасын ұйымдастыру және оқытудың жалпы мазмұнын анықтау мақсатында нақты дағдылармен жұмыс жасау міндеттілігі тұр. Оқу процесінде оқыту тілінің атқаратын маңыздылығы жоғары және оқыту процесінің алғашқы кезеңінде қарастырылады. Мәселен, қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқыту процесінде графикалық әріптерді тиісті есту – моторлық бейнелермен және белгілі бір мағыналармен тез тану және байланыстыру қабілеті, яғни, әріп-дыбыстық

қатынастарды меңгеру, көрнекі материалды семантикалық топтарға біріктіру мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асыру керек. Оқыту техникасында сөйлеу әрекеттерінің деңгейлеріне байланысты оны дамыту жаттығуларының көмегімен нақты нәтижеге жеткенге дейін тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру керек. Сөздердің айтылуы мен оның оқылуы, интонация мәселесі, сөздерді құрауда әріптер мен дыбыстардың байланысу заңдылығын сақтау сөйлеу әрекеттері үшін жасалатын жаттығулардың негізі болып табылады. Қазақ тілін орыс тілді аудиторияға үйрету мақсатында сөйлеу әрекеттерінің деңгейіне байланысты кезекті жаттығулардың бірі – таныс сөздерден бейтаныс сөздерге өту процесі. Яғни, бейтаныс сөздердің мағынасын зерттеу, оның айтылуы мен жазылуы кезінде атқаратын қызметі жаттығу жұмыстарын толықтырады.

Кілт сөздер: оқыту процесі, оқу техникасы, сөйлеу әрекеттері, тыңдалым, оқылым, тыңдау, жазу, оқу, мәтін, білім, дағды.

Abstract. Currently, in the learning processes, there is a task of working with specific skills in order to organize teaching methods and determine the general content of training. The importance of the language of instruction in the educational process is high and is considered at the early stages of the learning process. Thus, in the process of teaching the Kazakh language in a Russian-speaking audience, it is necessary to exercise the ability to quickly recognize and correlate graphic letters with the corresponding auditory-motor images and certain meanings, i.e. mastering letter-sound relations, taking into account the possibility of integrating visual material into semantic groups. In the teaching technique, depending on the levels of speech activity, with the help of exercises for its development, it is necessary to organize experimental work until a specific result is achieved. Pronunciation of words and their readability, the problem of intonation, compliance with the legality of communication of letters and sounds when composing words are the basis of exercises performed for speech actions. Depending on the level of speech activity in order to teach the Kazakh language to the Russian-speaking audience, one of the following exercises is the process of transition from familiar words to unfamiliar ones. That is, the study of the meaning of unfamiliar words, its functions in pronunciation and spelling complement the training work.

Keywords: learning process, reading techniques, speech actions, listening, reading, listening, writing, reading, text, knowledge, skills.

Сөйлеу әрекеті – белсенді сипатта, мақсатты түрде тілдік жүйе негізімен жүзеге асатын және коммуникация жағдайында байланысты хабарламаларды алу және жіберу процесі болып табылады. Оқыту процесі кезінде тәжірибелік негіз бойынша сөйлеу әрекеті жетекші аспект ретінде қабылданады. Сөйлеу әрекеттерінің деңгейін қалыптастыруда оның негізгі төрт түрлі тип арқылы жүзеге асатындығын анықтаймыз. Олар: сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу. Сөйлеу және жазу бұл сөйлеу әрекетінің материалдық деңгейін, яғни, өнімді түрін сипаттайды. Ал, оқу және жазу бойынша сөйлеу әрекеттері рецептивті түрде қарастырылады. Мәселен, орыс тілді аудиторияларға қазақ тілін оқыту кезінде сөйлеу қызметінің жекелеген түрлері айқындалады. Біріншіден, сөйлеу – ауызша қарым-қатынас құру арқылы жаңа өнімді нәтижеге жету. Тыңдау – екінші немесе үшінші тараптан келген ауызша хабарламаларды қабылдау және оны түсінуге байланысты жүзеге асырылады [1]. Жазбаша мәтіндерді көзбен көріп қабылдау және ол арқылы ой тұжырымдамасын қалыптастыру оқу процесінің міндеттілігін анықтайды. Барлық рецептивті өнімнің түрлері адамның сөйлеу әрекеттерін жүзеге асырғанда дыбыстық сөйлеуді сіңіруде оқу немесе қабылдау арқылы тұжырымдалады. Сөйлеу

әрекеттерінің деңгейіне байланысты жаттығулармен жұмыс жасауда өнімнің түрлерін талдап білу де маңызды. Мәлімдеме, түрлі деңгейдегі мәтін және дискурс сөйлеу әрекетінің нақты мақсатқа жетуіне көмектесетін өнім түрлері. Біз білетіндей, кез келген сөйлеу әрекеттері екі түрлі форма арқылы жүзеге асырылады. Ол: ауызша және жазбаша. Нақты мақсатқа бағытталған қарым-қатынаста сөйлеу әрекеттерінің кейбір ерекшеліктері ескеріліп, олардың өзара байланысы болуы өте маңызды. Егер қарым-қатынас ауызша форматта өрбейтін болса, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында да байланыстың болуын болжау керек. Бұл оқыту процесі шеңберінде ескеріледі және оның орындалуының өзіндік мағынасы бар.

Оқыту процесі кезінде сөйлеу әрекеттерінің түрлі деңгейлеріне байланысты процестің өрбуі де түрлі сипатта болады. Өзара байланысты сипатта оқытудың артықшылықтары мен ерекшеліктерін төмендегідей көрсетуге болады:

- оқыту объектісі анықталғанда, барлық типтегі сөйлеу әрекеттерін қызметтерін назарда ұстау керек;
- сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлері бір уақытта дамуы көзделеді, яғни, біріншісі екіншісіне параллельді әрекет етеді;
- оқыту процесі үлкен реттілік шеңберінде ұйымдастырылуы тиіс, бұл оқыту процесінде де тұрақтылықтың қалыптасуына мүмкіндік береді;
- сөйлеу әрекеттерінің түрлері мен мақсаттары бойынша тілдік материалдар толығымен реттеледі;
- сөйлеу әрекеттерінің түрлі деңгейіне байланысты жаттығуларды ұйымдастырудың арнайы серияларын бекіту керек [2].

Сөйлеу әрекеттерінің тағы бір маңызды компоненттері – білім және дағдылардың қалыптасуы. Білім – адам санасындағы барлық жаңа идеяларды, оқиғаларды пайымдай білуі, сонымен қатар, тұжырымдар мен теорияларды біріктіру арқылы нәтижеге жету. Орыс тілді аудиториялар үшін қазақ тіліндегі білім – оқыту процесіндегі оқу ақпаратының мазмұнды құрамдас бөлігі. Оқыту процесіндегі тіл жүйесі мен ережелер, стандарттар туралы жинақталған жүйелі теория мен тәжірибені қызметте пайдалану керектігін ескеру керек. Мектептегі шет тілдерін оқыту бойынша түрлі заманауи әдістемелер мен тәсілдер қолдану арқылы оқыту процесін тездетеді. Бұл әдістер мен тәсілдер білім алуға және сөйлеу әрекеттерінің нәтижеге жетуіне көмектесетін көмекші құрал ретінде саналады. Көптеген жағдайда, шет тілін меңгеру үшін сөйлеу практикасына көбірек зейін аударуы керек деп табылады. Дағды – адам бойында қалыптасқан дағдылар мен жаңадан меңгерген білімге сүйене отырып, іс-әрекетті орындау қабілеттерін жетілдіру болып табылады. Білім, дағды және шеберлікті қосу арқылы сөйлеу әрекеттерінің нәтижесіне тез жетуге мүмкіндік бар. Шеберлік – оқыту процесіндегі жаңа және өзгеретін мүмкіндіктерге ие болу. Автоматизм деңгейін бағындыру арқылы элементтік тұрғыда сана қалыптасатын болса, дағды мен білімнің бір арнаға тоғысып, сөйлеу әрекетіне сәтті қол жеткізілгендігін білдіреді [3]. Дағдының

қалыптасуының шартты және жүре келе пайда болатын түрлері бар. Сондықтан жаңа тілде сөйлеу әрекеттерін жүргізуде әр тұлғаның нәтижелері әр түрлі деңгейде болады.

Оқу – барлық жазбаша мәтінде көзбен қабылдай отырып, оны тұжырымдауда сөйлеу әрекеттерінің рецептивті түрде болатындығын көрсетеді. Қазіргі таңда оқыту әдістемелерінде оқу түрлерін келесідей критерийлер бойынша анықтайды:

- психологиялық және психоанализдік сипатта, яғни, аналитика мен синтетикалық оқу нәтижесі;
- жаңа тілді меңгеруде аударылмаған және аударылған негізде оқуды жүзеге асыру;
- оқушыға ұсынылған ақпараттың дайын немесе дайын емес болуы және сөздікпен немесе сөздіксіз жұмыс жасауы;
- жеке, фронтальды (аралас), сыныптық және үй тапсырмасы бойынша оқу жұмысын жүргізу;
- оқу ақпаратын өз бетінше қарап іздену, танысу, жеке оқу ерекшеліктері бойынша әрекет жасау.

Сөйлеу әрекеттерінің нәтижеге жету мақсатында ұйымдастырылатын келесі жаттығу түрі – көру арқылы оқуды жүзеге асыру. Көзбен қарап отырып оқудың мақсаты – мәтіннің мазмұнына да толық байланысты. Тақырып және осы тақырыпқа байланысты қалыптасқан сұрақтардың барлығы жалпы түсініктің дұрыс қалыптасуына ықпал жасайды. Мәселен, тақырып бойынша жасалынған сұрақтарға ойланып, оның қажеттілігі туралы түсінік қалыптастырып, осы мәселені немесе жағдаятты шешуге ұмтылады. Мәтін бойынша нақты ақпарат алу үшін түсінікті субтитрлерді, жаңа абзацтар бойынша бірнеше рет оқу арқылы түсінік қалыптастыруға болады. Сөйлеу әрекеттерінің түрлі деңгейіне байланысты ұсынылатын келесі жаттығу түрі – жеке іздену нәтижесі арқылы оқу. Бұл жаттығуды орындаудағы басты мақсат – нақты ақпаратты қабылдау кезінде сөз тіркестерін, қос сөздерді, сандық мәліметтерді, сұраулы сөйлемді және басқа да ерекше ақпаратты іздеу. Ал бұл жаттығуда оқушының мақсаты – мәтінді толығымен оқи отырып, түсінік қалыптастырып, одан әрі оны ұзақ мерзімде ойға сақтау.

Оқушының назары жаңа ақпаратты қабылдауда оның қызығушылығы артып, бастапқы ақпаратты қабылдап қоймай, бүткіл шығарманы бір мезетте танысуы – таныстыру оқылымы деп аталады. Танысу оқылымы – бұл оқушының жеке қызығушылықтары мен назар аудару деңгейінің жоғары сатысын білдіреді. Қазіргі таңда тәжірибе көрсеткендей, жеке қызығушылықтары арқылы білім жинақтайтын тұлғалардың саны өте аз. Шығарма немесе мәтінмен танысу кезінде оқушы тек қызығушылық танытып қоймай, әрі қарай ақпаратты өңдеу үшін де еңбектенеді. Бұл адам баласының дәйекті түрде қолдан жасайтын, жоғары нәтижеге жетелейтін қадамы болып саналады. Оқыту процесі кезінде шығарманың 70%-ын түсінік қалыптастыруға жұмсаса, қалған 30%-ы мәтіннің мазмұнындағы негізгі

ережелер мен жаңа сөздерге назар аударуға жұмсалады екен. Орыс тілді аудитория үшін қазақ тілін меңгеру кезінде де танысу жаттығуы арқылы процесс дәл осы тізбек бойынша қалыптасады. Қысқаша түрде айтқанда, танысу процесі оқушы үшін түсінік қалыптастыру мен жаңа білімді қабылдауға жұмсалатын уақыт болып табылады.

Күнделікті оқыту процесінде жиі кездестіретін мәтінмен жұмыстың бірнеше кезеңнен тұратындығын білеміз. Олар арнайы жаттығулар сериясының топтасқан әдістері негізінде үш сипат бойынша жүзеге асады. Олар:

- мәтінге дейінгі кезең – бастапқы ақпаратты қабылдауға дайындық кезеңі;
- мәтіндік кезең – оқушы жаңа ақпаратты қабылдайды, ондағы ережелер, назар аударуды қажет ететін тұстармен жұмыс жасайды;
- мәтіннен кейінгі кезең – қорытынды ой-тұжырымы қалыптасатын нәтижелік оқу бөлігі [4].

Сөйлеу әрекеттері бойынша жаттығу жұмыстарын жүргізуде мәтін бойынша ескеру қажетті бірнеше элемент бар. Мысалы, мәтіндегі кілт сөздерге назар аудару қажеттілігі бар. Кілт сөздер – алдын ала сұрақтарды, түрлі жоспарларды және иллюстрацияларды біріктіре отырып, мәтіннің мазмұнын жалпылама анықтауға болжам жасайтын сөздер немесе сөз тіркестері. Орыс тілді аудитория үшін қазақ тілін меңгеруде ұсынылатын тағы бір жаттығу әдісі – мәтін тақырыбы бойынша алдын ала әңгіме өткізу [5]. Мәселен, қандай да бір кітапты, шығарманы, тіптен, киноны көрместен бұрын, ол туралы қысқаша мәлімет алып алуы оқушыға артықтық етпейді. Мәтін туралы арнайы аудиоларды тыңдау, шағын сюжеттер мен бейне клиптермен танысу сөйлеу әрекетінің қалыптасуына жақсы әсер береді. Уақыт пен жылдамдықты қоса отырып, шығарманы оқудың өзі жаттығу жұмысының ең қарапайым әрі ең тиімді тәсілі ретінде ұсынылады. Грамматика бойынша лексика және қажетті өрнектерді біріктіре отырып, қайталау үшін тақырыпты алдын ала зерттеп алу жан-жақтылық пен уақытпен жұмыс жасау құндылықтарының оқушы бойына сіңуіне әсер етеді. Бұл оқушы үшін өте пайдалы эффекті болып саналады.

Оқыту процесі кезінде мәтін бойынша таныстыру және шолу арқылы тапсырмалар мысалын түсінудің маңызы зор. Мәселен, мәтін бойынша сұрақтарды мәтін мазмұнымен сәйкестендіре отырып, дұрыс жауапты қалыптастыру. Арнайы қойылған сұрақтарға ауызша және жазбаша түрде жасау беруде, сұрақ жауаптарын мәтіннен іздей білу керек. Іздеу процесі – оқушы тақырыппен немесе мәтінмен танысып жатқан кезде ойында қалуы керек. Оқытылып жатырған шығарма бойынша арнайы мәтін жоспарын құруы қажет. Одан кейін, мәтінде көрсетілген негізгі ойды дұрыс таба білу де өте маңызды. Мәтіндегі бастапқы ойға, негізгі және қорытынды ойға да байланысты мини тақырып қойсаңыз болады. Мәтін бойынша жеке өзініңізге

қажетті болатын ақпараттарды тізімдеу керек боласыз. Оқуды үйренуге арналған тапсырмалардың мысалдары төмендегідей көрсетіледі:

№	Сөйлеу әрекеттері үшін орындалатын жұмыс жаттығулары (оқуды үйрену мысалында).
1.	Мәтіндегі фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай талдау
2.	Сіз үшін ерекше маңызды деп саналатын деректерді атау және шешімдерді негіздеу.
3.	Реферат дайындау
4.	Мәтіннен тақырыптың пайдасына негізгі дәлелді табу.
5.	Аннотацияны қарап шығу арқылы оның мәтін мазмұнына сәйкестігін анықтау.
6.	Жоспардың тармақтарына сәйкес мәтінді бөліктерге бөлу [6].

1-кесте. Сөйлеу әрекеттері үшін орындалатын жұмыс жаттығулары (оқуды үйрену мысалында)

Закладывание готовности к осознанному выбору направления будущей трудовой деятельности, безусловно, следует начинать как можно раньше. В настоящее время в практике работы учителей начальных классов профориентационная работа носит эпизодический характер, обусловленный, в том числе, недостаточным научно-методическим обеспечением. Целью данного исследования является выявление образовательного потенциала справочно-энциклопедических материалов, а именно, регионального учебного словаря, в формировании ранних профессиональных ориентиров детей младшего школьного возраста.

Как известно, профориентационная работа в учреждении образования представляет собой научно-обоснованную систему мер, направленных на профессиональное самоопределение личности, воспитание будущего профессионала, готового реализовать свои склонности и способности с учетом максимальной эффективности для себя и общества [1, с. 436]. Как уже говорилось выше, собственно профессиональное самоопределение, ориентация на профиль будущего учебного заведения приходится на старший школьный возраст, но безусловно целесообразным представляется формирование основы профессиональных ориентиров уже на стадии конкретно-наглядных представлений о существующих профессиях, т.е. задолго до подросткового возраста: «…Основной задачей профориентационной работы в начальных классах является расширение кругозора и осведомленности ребенка о профессиях в процессе общения со взрослым [2, с. 6]. Строиться такая работа должна строго с учетом возрастных особенностей детей младшего школьного возраста. К моменту перехода ребенка на школьную ступень образования у ребенка начинает формироваться словесно-логическое мышление, т.е. ребенок уже может оперировать словами, может выделить логические цепочки рассуждений, способен подобрать и сформулировать аргументы, иллюстрирующие его мнение. Но первоклассники еще очень тесно связаны с дошкольным возрастом со свойственным ему крайне неустойчивым вниманием, опорой на внешние, а не внутренние проявления признаков предметов и действий, неумением устанавливать причинно-следственные отношения и др. Для учащихся же II-IV классов ведущим типом деятельности становится познавательная, восприятие – более дифференцированным, внимание может удерживаться в течение 40-45 минут, переключаться с одного объект на другой, формируется произвольность действий, развивается вербальное мышление (т.е. ребенок способен оперировать понятиями). Поэтому, как нам кажется, более рациональным будет говорить о формировании основ профессионального самоопределения относительно учащихся возрастной группы 8 (7)-10 лет.

Организуя раннюю профориентационную работу в начальной школе, следует опираться на формирование у детей этого возраста такого важнейшего

морального качества, как трудолюбие, учитывать их интерес к профессиям родителей и других важных для них взрослых, к наиболее распространенным профессиям. Этот интерес базируется на практическом участии детей в различных видах познавательной, игровой, общественно-полезной трудовой деятельности. Таким образом, профориентационная работа в этот период направлена на формирование представлений о мире профессий, о понимании роли труда в жизни человека.

Образовательный процесс в начальной школе построен таким образом, что учитель может включать элементы профессиональной ориентации как в канву урока по любому учебному предмету, так и в содержание внеурочной деятельности. Востребованным в данном случае будет методический контент, позволяющий формировать и поддерживать профессиональные интересы и намерения детей в профессиональном определении, направлять выявленные способности учащихся в конкретный вид деятельности, научить аргументировать выбор будущей специальности и уверенно ориентироваться в социальной и экономической действительности. В качестве одного из средств, способных оказать помощь учителю в пропедевтической профориентационной работе в начальной школе можно, на наш взгляд, использовать образовательный потенциал научно-познавательной литературы. В рамках данного исследования мы рассмотрим элементы учебного межпредметного словаря, содержащего сведения о культурных реалиях и примеры практических заданий, что в целом позволит сформировать прочные знаний и умения в определенной области.

Предлагаемый нами учебный словарь является результатом коллективного труда и содержит комплекс национально-культурных сведений, формирующих лексикографическое поле «белорусская культура», структурированное в виде компонентов материальной и духовной культуры. В нашем случае мы ограничимся рассмотрением регионального компонента белорусской культуры, включающего те культурные знаки, содержание и характеристики которых способны, в процессе усвоения, влиять на формирование профессиональной ориентации младших школьников. К ним, в частности, можно отнести основные учебные заведения и промышленные предприятия. Предметом нашего внимания будут реалии, включенные в культурное пространство Витебского региона.

Раздел словаря, содержащий сведения о промышленности области, предваряется краткими сведениями о содержании основных дефиниций.

«Слово *промышленность* появилось совсем недавно и произошло оно от слова *промысел – небольшое производство каких-нибудь товаров.* Промышленность бывает лёгкой и тяжёлой. На Витебщине хорошо развита лёгкая промышленность. Но так называется она совсем не потому, что на этих фабриках и заводах легко работать, а потому что эти товары относительно легкие: их можно быстро перевозить и на их производство затрачивается меньше времени. У каждого предприятия имеет свой фирменный знак – логотип, по нему покупатели узнают понравившийся им товар. Вот

какими предприятиями легкой промышленности славится наша область: **ОАО "Витебские ковры"** – предприятие-старожил, ему более ста лет. Здесь производят разнообразные по расцветке, качеству натуральные ковры, коврики и синтетические покрытия. Это предприятие известно далеко за пределами нашей республики, потому что трудятся здесь талантливые дизайнеры, инженеры сложных машин, красильщики, вязальщицы и другие трудолюбивые люди.

Вы, ребята, конечно, знаете, что предприятие **«Белвест»** производит обувь. Эта обувь удобная и очень стильная. А его конкурентом является предприятие **«Марко»**, которое славится своей обувью для подростков, а также их мам и пап. Производит оно также отличные сумки, кошельки, ремни и многое другое.

Много в нашей области и предприятий пищевой промышленности, например, фабрика **«Витьба»** – настоящая «сладкая» фабрика, ведь здесь создаются очень-очень вкусные вафельные батончики, сладкие палочки, тортики и все то, что вы любите. Главные люди здесь – кондитеры. Они отвечают за вкус и качество продукции и считают её калории».

Знакомство учащихся с основными предприятиями региона сопровождается выполнением ряда заданий, направленных не только на закрепление знаний, но и формирование универсальных учебных действий: познавательных, коммуникативных, рефлексивных. Так, например, учащимся можно предложить следующее задание:

«Задание 1. Внимательно посмотрите на рисунок и скажите, что можно из этих предметов купить? Подумайте, почему не все можно купить и продать? Обсудите это с родителями».

Важной частью профориентационной работы является знакомство с главными учебными заведениями и их профилем.

«После успешного окончания базовой школы (9 классов) вы имеете возможность продолжить обучение в колледже, лицее. Средних специальных учреждений образования на Витебщине около 3 десятков. В них вы можете получить нужную профессию. Так, например, получить среднее специальное образование медицинского работника можно в *учреждении образования* ***«Витебский государственный медицинский колледж»***. Это один из самых престижных медицинских колледжей Беларуси. Ему более 80 лет. Здесь готовят медсестер, акушеров, фельдшеров, лаборантов.

Одно из старейших учебных заведений города Орши ***«Оршанский государственный колледж железнодорожного транспорта Белорусской железной дороги»*** был основан в октябре 1929 года. За почти столетнюю историю он дал путевку в жизнь свыше 20

тысячам выпускников. Здесь готовят специалистов в области организации перевозок и управление на железнодорожном транспорте. Колледж гордится не только теми, кто достиг высоких командных постов, но и рядовыми выпускниками, ведь именно от них – дежурных, проводников, электромехаников, путейцев, водоснабженцев – зависит и безопасность, и комфорт на железной дороге.

После получения среднего специального образования или окончания 11 классов вы можете повысить свои знания, умения и навыки в высших учебных заведениях – университетах и академиях и получить диплом о высшем образовании.

Теперь мы вас познакомим с высшими учебными заведениями нашей области.

Учреждение образования «Витебский государственный университет имени П.М. Машерова» - старейшее учебное заведение Республики Беларусь, в 2020 отпраздновало свой 110-летний юбилей. Подготовка специалистов осуществляется на 10 факультетах более чем по 35 разным специальностям, которые получают студенты не только из нашей республики, но и других стран мира. Ваши многие учителя являются выпускниками университета».

Завершающим этапом будет выполнение таких, например, заданий, как: «А что вы знаете о своих учителях? Кем стали их ученики? Кто в разные годы работал в вашей школе?

Узнайте об этих людях и расскажите о них своим одноклассникам».

Предлагаемые для анализа именно региональные культурные ценности делают профориентационную работу приближенной к интересам школьников, понятной им и ненавязчивой.

Помимо специально организованной деятельности по формированию профессиональных ориентиров учащихся, учитель может использовать особенности учебных предметов. Так, например, на уроках русской литературы (литературного чтения) можно предлагать работу с текстами учебного словаря и предложить творческую работу: составить сказку с персонажами, которые представляют выявленные из текстов профессии, инсценировать ее фрагменты; на уроках русского языка – правильно произнести и написать названия профессий, образовать названия мужского и женского рода; на уроках изобразительного искусства – нарисовать картинку, отражающую особенности трудовой деятельности и многое другое.

Таким образом, межпредметный учебный словарь может стать одним из эффективных средств разностороннего развития личности младшего школьника, его предметных знаний, поможет достичь метапредметных и личностных результатов, в том числе, способствовать осознанному выбору будущей профессии и жизненного пути в целом.

Литература:

1. Болдина М.А., Деева Е.В. Понятие и сущность профориентационной работы в образовательном учреждении // Современные проблемы образования. 2012. No12 (046). С. 431-439.

2. Первые шаги в профориентационной подготовке младших школьников: метод. рекомендации / сост. В.А. Творожникова, Т.В. Ширяева, М.Н. Костромина. Сыктывкар: ГАУ РК «РИЦ ОКО», 2011. 66 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Б. Қадырбай
магистрант
Сулейман Демирель университеті
Алматы, Қаскелең, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: **Ш.Ерхожина**
педагогика ғылымдарының кандидаты, СДУ профессоры
Сулейман Демирель университеті
Алматы, Қаскелең, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда негізгі орта білім беру үдерісінде жаңа оқыту технологияларына басымдық танытылуда. Оқыту – қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, оқушылар тұлғасын, білім, іскерлік және дағдыларды меңгерту, мақсатты қалыптастыру мен дамыту үдерісі. Қоғам ілгері дамыған сайын білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаты білімді ақпараттандыру, пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту өзекті мәселелердің бірі саналады. Осыған сәйкес, инновациялық технологияларды тиімді пайдаланудың әртүрлі жолдары қарастырылып, тәжірибеге енгізілуде.

Компьютерлік технологиялардың ішіндегі оқу үрдісіне қолайлысы – мультимедиалық технологиялар. «Мультимедиа (multimedia) – ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді, мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Мультимедиа элементтерімен еркін интерактивті түрде қатынас құруға, дыбыспен сүйемелденетін бейнекөріністерді компьютер экранында көрсетуге, тыңдауға толық мүмкіндік бар. Мультимедиалық программалар сөйлейтін энциклопедиядан бастап, бейнеклиптік мәліметтер базасын жасау жұмыстарын толық қамти алады» [1].

Мақалада мультимедиалық ресурстарды пайдалану туралы зерттеу әдебиеттеріне шолу жасалды және оның оқушылар белсенділігін арттырудағы тиімділігі қарастырылды. Мультимедиалық ресурстарды пайдалану оқушыларға мотивациялық түрткі беретіні және олардың белсенділігін арттырудағы тиімділігі дәлелденді. Мақалада жасалған анализ, тұжырымдар өскелең ұрпақтың ақпараттық-коммуникациялық құралдарымен жұмыс істей білуіне үлкен үлесін қосады және білімгерлердің білім сапасын арттырып, сабаққа деген қызығушылықтары мен педагогикалық үдерістегі белсенділіктерін арттырары сөзсіз. Сонымен қатар, мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру кезінде түрлі мультимедиалық құралдарды пайдаланып, жан-жақты дамуына, шеберліктерінің шыңдалуына, талапқа сай маман болуына игі ықпал етеді.

Кілт сөздер: мультимедиа, визуал, анимация, вербалды қабылдау, интерактивті тақта, компьютерлік бағдарламалар.

Abstract. Currently, in the process of basic secondary education, the priority is given to new teaching technologies. Training is the process of formation and development of students ' personality, knowledge, business and skills, goals, taking into account the requirements of the modern world. As society develops, the goal set for the education system is to inform knowledge, teaching disciplines on a scientific and technological basis is one of the most pressing problems. In accordance with this, various ways of effective use of innovative technologies are considered and put into practice.

Among computer technologies, multimedia technologies are the most suitable for the educational process. "Multimedia – multimedia) - performs complex representation of information, reproduction of data in text, graphic, video, audio and multi-faceted form. There is a full opportunity to interact with multimedia elements in a free interactive way, Display and listen to video images accompanied by sound on the computer screen. Multimedia programs can fully cover the work on creating video clip databases, starting with a speaking encyclopedia" [1].

The article reviewed the research literature on the use of multimedia resources and considered its effectiveness in increasing student activity. It has been proven that the use of multimedia resources gives students a motivational impetus and is effective in increasing their activity. The analysis and conclusions made in the article will make a great contribution to the ability of the younger generation to work with information and communication tools and will undoubtedly improve the quality of education of students, increase their interest in classes and activity in the pedagogical process. It also contributes to the comprehensive development of teachers, improving their skills, using various multimedia tools in organizing classes.

Keywords: multimedia, visual, animation, verbal perception, interactive whiteboard, computer programs.

Қазіргі таңда оқыту үдерісінде жаңа технологияларды пайдалану жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар білім беру саласында ақпараттық технологиялардың жаңа нұсқаларын қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Инновациялық технологиялар оқушылардың сабақтағы белсенділіктері мен қызығушылықтарының артуына әсер етеді. Компьютерлік технологиялардың ішіндегі оқу үрдісіне қолайлысы – мультимедиалық технологиялар. Бүгінде ауыл мектептерінде де компьютер, интерактивті тақта секілді техникалық оқу құралдарына қолжетімді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында белгіленгендей, білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңызды бір механизмі болып табылады [2.6]. Бүгінде білім беру жүйесінің заманауи технологиялар арқылы дамып келе жатқаны мәлім. Көптеген әдіскерлер мультимедиалық презентация, графика, видео, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен сабақ өтіп, балалардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыратын жаттығуларды құрастыруды жетілдіріп келеді.

Н.Ә. Назарбаев «Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек» деген болатын. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік тілді меңгертуге арналған мультимедиалық технологияларды қолданудың маңыздылығы айқындалды. Қазіргі уақытта қай саланы алып қарасақ та, бәрінде

мультимедиалық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын көтеруді негізге алып отыр.

Мультимедиа – әртүрлі типті ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология [3]. Мультимедиа – графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппаратты-бағдарламалық құрал [4]. Анықтамаларды саралай келе, мультимедиалық технологиялар аудио, бейнежазба, анимация, т.б құралдарын компьютерге негіздей отырып жасалатынын байқаймыз. Жалпы алғанда мультимедиалық технология құралдарына сурет, сызбалар, презентациялар, дауыстық жазбалар, музыка, бейнежазбалар, анимациялар, интербелсенді тақта, т.б жатады [5,б.36]. Мультимедиа ұғымын кеңінен түсіндіру мақсатында зерттеу жүргізген ғалымдардың берген анықтамаларын зерделеп көрейік. Атап айтсақ, Ә.А. Досмаханова «Қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі» атты диссертациясында мультимедиа ұғымының ғылыми мәні ақпаратты жеткізгенге дейінгі үдерістердің әсерінен өзгерістерге ұшырағанын айта келе: «Бұл оқу мәдениетіне, «ақпаратты есептеу» мәдениетіне, ақпараттарды сақтау мен оның орнын таңдауға, ақпараттарды қабылдау тәсілдеріне, ақпараттарды тасымалдағыштарды тұтынушылар мен оларды жасаушылардың өздерінің білімдерінің типтеріне едәуір әсер етті», – деп жазады [6].

Н.С. Қатаев «Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында мультимедиалық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыру» деп аталатын диссертациясында: «Мультимедиалық технологияларды пайдалануда басты мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік алуға болады. Оның бірі, мультимедиа және телекомуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім алу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға бағытталады», – деп көрсетеді [7]. Ғалымдар атап көрсеткендей, мультимедиалық технологиялар сабақтарды түрлендіріп өтуге және сабақта оқушылардың белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Мультимедиялық құралдар білім беруді қазіргі заман талаптарына сай оқушының қажеттіліктері мен оқып-үйрену ерекшеліктерін ескере отырып икемдеп түрлендіруге зор мүмкіндік береді. Сапалы жасалып, дұрыс қолданылған мультимедиялық оқу құралдары оқушының пән мазмұнын игеруін әлдеқайда жеңілдететіні сөзсіз [8, б.479].

Мультимедиалық әдістерді қолдануда қазіргі таңдағы инновациялық-технологиялық білім берудегі түрлі бағдарламалар мұғалімдерге үлкен мүмкіндіктерді сыйлауда. Яғни, түрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдану қазіргі заманауи мұғалімдердің қалыптастырған тенденциясы. Гуманитарлық пәндерді оқытуда, оның ішінде қазақ тілі сабақтарында цифрлық технология мүмкіндіктерін қолдануды төмендегідей ұсынуға болады:

1) тіл білімі салалары бойынша теориялық мәліметті, оқылым, тыңдалым мәтіндерін көрнекілік (инфографика, ақыл-ой картасы, блок-сызба, т.б) түрінде ұсыну;

2) қазақ тілі сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін сөйлесім әрекеттеріне негіздей отырып цифрлық технологиялар арқылы түрлі викториналар, интерактивті тапсырмалар, геймификация, т.б жасап, тапсырмаларды түрлендіріп отыру;

3) берілген білімді бағалау, кері байланыс ұйымдастыру, жауап парақтарын сканерлеу, т.б. [9, б. 28]

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Олар: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары оқушының коммуникативтік дағдылары болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі. Демек, біз қазақ тілі сабағында мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым дағдыларын түрлі бағдарламалар арқылы бейнероликтер мен аудиожазбалар негізінде дамыта алуға мүмкіндік туады.

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, ақпаратты қабылдауға әсер ететін талдамалар көп болған сайын, оны есте сақтау әлдеқайда нәтижелі деп көрсетеді. Мысалы, адам ақпаратты тыңдау арқылы 15%, көру арқылы 25 %, ал ақпаратты тыңдай отырып, көрсе 65% есте сақтай алады екен. Ақпараттың көпшілігін адам көру арқылы қабылдап, есте сақтайды, яғни, қазіргі таңда көптеген оқушылар ақпаратты визуалды және вербалды түрде қабылдайды. Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, мультимедиалық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың ақпаратты қабылдауына үлкен үлес қоса аламыз. Визуалды түрде бейнематериалдар арқылы ақпаратты қабылдау баланың эмоционалды жай-күйіне, оның тақырыпты толығымен сезінуіне ықпал етері сөзсіз. Мәселен, қазақ тілі сабақтарында лексикалық тақырыптарды өткен кезде бұл әдіс өте тиімді. Себебі, лексикалық тақырыптар көбіне функционалды сауаттылықты арттыруға негізделетіндіктен, танымдық мәтіндер болып келеді. Ал, танымдық мәтіндерді бейнематериал немесе аудиожазбалар ретінде беру оқушылардың мәтінді тез түсінуіне ықпал етеді.

Мультимедиалық әдістердің көмегімен оқыту ақпаратты оқушылардың жадында оңай сақтап қалуға көмектесудің және ақпаратты жүйелендіруге және түсінуге ықпал ететіндігі сөзсіз. Маңызды ақпаратты және ақпараттың жүйелі көрінісін визуалды көрсете алу – оқушының сабақтағы белсенді болуына бағытталған әрекет. Жаңа сабақ түсіндіруде графикалық көрнекі құралдарды ұсынып, сыныпта талқылап және баға беру әрекеті оқушылар үшін пайдалы әрі қызықты болады. Мидың ақпаратты қабылдауға қатысты тұжырымдарына сәйкес, бұл әрекеттер сызбаны (жүйелендіру құрылымдарын) белсенді жасауға көмектесіп, презентация барысында жаңа ақпараттың меңгерілуін жеңілдету үшін жаңа сызба құруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді [10, б. 59]. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушының аудиалды және визуалды дағдыларын қатар қалыптастыруға мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар, түрлі тапсырмалар, ойындар құрастырып, интерактивті тақта арқылы оқушыларға ұсынып, олардың белсенділіктерін арттыра аламыз. Сабақ барысында интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қолдана отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- уақыт үнемделеді;
- сабақтың сапасы көтеріледі;
- оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады;
- оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Көрнекілік ретінде пайдалану кезінде интерактивті тақтада берілген презентациялардың жасалуына, инфографикалардың берілуіне, схемалардың дизайнына да аса зор мән берілуі тиіс. Себебі, көрнекілік дизайны ақпаратты қабылдауға, зейінді шоғырландыру кезінде үлкен маңызға ие. Төмендегі кестеде презентациялар мен инфографикалар жасауға арналған бағдарламалар мен олардың мүмкіндіктерінің тізімі көрсетілгент(кесте-1)

Кесте 1- презентациялар мен инфографикалар жасауға арналған бағдарламалар мен олардың мүмкіндіктері

бағдарлама атауы	мүмкіндіктері
Power Point	Көрмелерді әзірлеуге арналған Microsoft Office қолданбалы бағдарламасы. Ол дәріскерлерге дәріс оқығанда немесе баяндама жасағанда және т. б. материалдарды көрнекі материал түрінде жеткізуге мүмкіндік береді. PowerPoint-тың негізгі міндеті — ақпаратты қабылдау және есте сақтаудың тиімділігін арттыру мақсатымен көрмелерді жоспарлау, жасау және өңдеу.
Visme	Visme көмегімен презентация жасау, деректерді визуализациялау, бейнелерді өңдеу, құжаттар және басқа брендтік мазмұнды жасау мүмкіндігі бар
Zoho show	бұл Zoho Docs кеңсе қызметтерінің бұлттық пакетінен презентация жасауға арналған функционалды құрал.
Emaze	Emaze-пайдаланушыға түрлі-түсті және анимациялық презентацияны қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін презентация құралы.
MoShow	MoShow-фотосуреттерден слайд-шоу жасаушы әлеуметтік медиа үшін тамаша қызықты және түрлі-түсті бейнелер жасау құралы.
Canva	графикалық редактор
Prezi	Prezi.com– бұл сызықтық емес құрылымы бар интерактивті мультимедиялық презентациялар жасауға болатын веб-қызмет. Презентациялар жасауға арналған қызмет Prezi.com

	бейнематериалдарды, графиканы және т. б. пайдалану арқылы презентацияларды визуализациялаудың көптеген мүмкіндіктерін ұсынады.
Beautiful.ai	Beautiful.ai – жасанды интеллект технологиялары негізінде жұмыс істейтін презентацияларды безендіруге арналған құрал. Қызмет слайдтардағы мазмұнды таңдалған форматқа дербес бейімдейді, Графиктер мен ауысулардың анимациясын қосуға көмектеседі және қолайлы шаблондарды ұсынады.
Genial.ly	Genial.ly - интерактивті мазмұнды құруға арналған платформа. Дидактикалық ресурстарға, презентацияларға, ойындарға, интерактивті кескіндерге, карталарға, иллюстрациялық процестерге, түйіндемелерге және т. б. арналған бірыңғай құрал.

Анимацияланған мазмұнды тиімді пайдаланса, оқыту үрдісін жақсартуға да мүмкіндік туады. Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелері оқытудың компьютерге негізделген анимацияланған ортада жүзеге асуы тиімділікті арттыратынын көрсетті. Оқушылардың түсінуіне немесе қиялымен елестетуіне қиындық келтіретін ұғымдар немесе ақпараттардың презентациясын жасау кезінде анимацияны пайдалану дұрыс шешім болып саналады. Анимация оқушыға үрдісті немесе қиялда елестетуге қиындық тудыратын басқа да бір динамикалық құбылысты көру арқылы қабылдауға көмектесе алады. Бұл, әсіресе, ажырамас үрдістер болып табылатын (мысалы, қазақ тіліндегі стильдер) мазмұнды түсіндіруде өте маңызды рөл атқарады [11, 60 б.]. Төмендегі кестеде оқушыларға сабақ түсіндіруде қолдануға болатын, анимациялық бейнероликтер жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалар мен олардың мүмкіндіктері көрсетілген (кесте-2)

Кесте 2 - Анимациялық бейнероликтер жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалар мен олардың мүмкіндіктері

бағдарлама	мүмкіндіктері
Renderforest	RenderForest – бұл сіз және сіздің студенттеріңіз бейне және анимациялық презентациялар жасау үшін пайдалана алатын онлайн бейне жасау құралы. Оны презентация бағдарламалары ұсынған оқу материалдарын қайта пішімдеу және оқу жобаларын құрудың стандартты емес тәсілін таңдау үшін пайдалануға болады.
Powtoon	PowToon – бұл қызмет бизнес-презентация құралы. Ол сізге тегін және таңғажайып анимациялық бейнелер жасауға мүмкіндік береді.
Play Posit	PlayPosit – YouTube, Vimeo, Google Drive Video негізінде сұрақтар мен тапсырмалары бар интерактивті бейне жасауға арналған шартты түрде тегін қызмет ететін бағдарлама.
Supa	Supa – әлеуметтік желілерге, жарнамаларға және

	сайттарға арналған қысқа бейне құрастырушы.
Vyond	Vyond онлайн анимациялық бағдарламалық құралы оқыту немесе сату сияқты барлық қызмет салалары үшін кәсіби анимациялық бейнелерді оңай жасауға мүмкіндік беретін бағдарлама.

Қорыта келе, «мультимедиалық әдістерді пайдалану – қазіргі заманғы сабақ өту тенденциясы» деп тұжырым жасауға толық негіз бар. Мультимедиалық әдістерді қазақ тілі сабақтарында қолданудың тиімділігі зор. Осы технологияны қолдану арқылы сабақты қызықты әрі белсенді өткізуге болады. Қазіргі кезде балалар тез жалығатындықтан, балаларды жалықтырмау мақсатында жаңашылдыққа ұмтылу - әрбір қазіргі педагогтің алдындағы парызды іс. Сәйкесінше, жоғарыда аталған әдістерді, бағдарламаларды педагогтер пайдаланса, онда сабақтары да қызықты, оқушылары да белсенді болатынына күмәніміз жоқ. Мультимедиалық технологияның ерекшеліктері төмендегідей:

- ойындар, викториналар сияқты интерактивті мазмұнды жасау үшін мультимедиалық құралдарды пайдалану оқушылардың белсенділігі мен мотивациясын арттырады. Бұл оқыту үдерісінде өте тиімді және студенттердің сабаққа белсене қатысуына ықпал етеді.

- диаграммалар мен бейнелер сияқты көрнекі құралдарды жасау үшін мультимедиалық құралдарды пайдалану оқушыларға күрделі ұғымдарды жақсырақ түсінуге көмектеседі. Көрнекі құралдар абстрактілі немесе күрделі ұғымдарды қол жетімді ете алады, бұл оқушылардың қызығушылығын және тақырыпты оңай түсінуге көмектеседі.

- топта жұмыс жасауды жеңілдету үшін мультимедиалық құралдарды пайдалану оқушылардың белсенді әрекет жасауында өте тиімді. Өйткені топтық оқыту оқушыларға бірлесіп жұмыс істеуге, идеялар мен түсініктермен алмасуға және бір-бірінен үйренуге мүмкіндік береді. Топтық оқытуды қолдау үшін бейнеконференциялар, талқылау тақталары және бірлесіп жұмыс істеу үшін құжат редакторлары сияқты құралдарды пайдалануға болады.

- оқытуды геймификациялау үшін мультимедиалық құралдарды пайдалану оқушылардың белсенділігі мен мотивациясын арттыруы мүмкін. Геймификация ұпайлар, белгішелер және көшбасшылар тақтасы сияқты ойын элементтері арқылы оқытуды қамтиды. Бұл элементтер бәсекелестік пен жетістікке ұмтылысын қалыптастырады.

- аудио және бейне жазбалар: дәрістерді, пікірталастарды немесе презентацияларды жазу үшін мультимедиалық құралдарды пайдалану студенттерді белсенді әрекет етудің өте тиімді құралы. Аудио және бейне жазбалар студенттерге дәстүрлі мәтіндік материалдарға қарағанда динамикалық және қызықты оқу процесін қамтамасыз ете алады.

Осылайша, қазақ тілі сабағында мультимедиалық әдістерді пайдаланып сабақ өту арқылы балалардың сабақтағы белсенділіктерін арттыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D0%B8%D0%BC%D0%B5%D0%B4%D0 %B8%D0%B0
2. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. //Алматы, – 2010. – 75 б.

3. Little D. Interactive video and the control of learning // Educational technology. - 1991. - №1. - P. 7-15.
4. Вернер И. Все о мультимедии: учеб. пособие. - Киев: BHV, 1996. – 157 с.
5. Нурманова Г. Н. Қазақ тілін оқытуда филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы.2022.
6. Досмаханова Ә.А. «Қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі» Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы. 2008.
7. Қатаев Н.С. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында мультимедиалық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы. 2010.
8. Берікбай Сағындықұлы 80 жылдығына арналған «Тарих және таным: көне мұралар тілін зерттеудің парадигмасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.- *Алматы, 24 мамыр 2019 жыл*
9. Нурманова Г. Н. Қазақ тілін оқытуда филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Алматы.2022.
10. Вишнякова, Н.В. Креативная психопедагогика: Монография – Ч.1 [Текст] Н.В.Вишнякова. – Минск, 1995. – 126 с. – ISBN 5-4862-354972-5
11. "Интернет и мультимедийные технологии" (http://www.yastudent.ru/uni/10/faculty/77)

ОҚУЛЫҚ – ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ

А.Ә.Қапарова
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қаз.ҰУ
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімінде жарияланған еңбектер мен алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәжірибелерін жинақтап, психолингвистика мен лингводидактика ғылымдарына сүйеніп, 5-сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасын негіздеу мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысының өзектілігі қазақ мектептері үшін жасалған 5-сынып оқулықтарының тілді оқыту барысында алатын орны

мен құрылымдық-мазмұндық сипатына тоқталып, ондағы басты шешімін табуы керек мәселе деп қазақ тілі оқулықтары жасалуының теориялық және әдістемелік негіздерін жан-жақты тану арқылы жаңа модельдегі құрылымдық-жүйелік болмысын анықтау деп саналады.

Оқулық – ғылыми жұмыстың ерекше түрі. Ол ғылыми идея мен тұжырымның дидактикалық тұжырыммен тоғысуынан жаралады. Белгілі пәнге негіз болған ғылыми заңдылығы мен логикасына құрылып, дидактикалық мәселелерді ескермейінше, жақсы оқулық жасалмаса керек. Сол себепті қазақ тілі оқулығын өз деңгейінде сауатты да барлық талаптарға сай етіп жасау қазақ тілін сапалы меңгертудің бір жолы деген мәселеге басты назар аударылды. Зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: оқулық, оқулық әдістемесі, лингводидактика, психолингвистика, оқыту теориясы.

Abstract. The article summarizes the published works in Kazakh linguistics and the experience of advanced teachers, based on the sciences of psycholinguistics and linguodidactics, considers the problems of substantiating the theory and practice of teaching the Kazakh language in the 5th grade. The relevance of the research work is to identify the structural and systematic nature of the new model by comprehensively recognizing the theoretical and methodological foundations of the development of textbooks of the Kazakh language, focusing on the role and structural-substantive nature of textbooks of the 5th grade created for Kazakh schools in the course of Language Teaching.

The textbook is a special type of scientific work. He was wounded by the intersection of a scientific idea and a statement with a didactic one. It is unlikely that a good textbook will be created without taking into account didactic problems, built on the scientific law and logic that formed the basis of a well-known discipline. Therefore, the main attention was paid to the question of how to make a textbook of the Kazakh language competent and in accordance with all the requirements is one of the ways to master the Kazakh language efficiently. In the course of the study, methods of compilation, systematization, comparison were used.

Keywords: textbook, textbook methodology, linguodidactics, Psycholinguistics, learning theory.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – пәнді оқыту жолдары мен әдістері туралы заңдылықтарды белгілейтін пән. Белгіленген оқыту әдістемелерінің ішінде мектепте қазақ тілін оқытудың құралдары деген арнайы мәселе қарастырылған [1,6]. Нақты айтқанда, қазақ тілі пәнін «ненің көмегімен» оқыту керек деген сұраққа жауап беру алға шығады. Бұл мәселені шешу мектепте білім мен тәрбие берудің жалпы мақсаттарымен сәйкес келеді.

Қазақ халқының ұстазы, реформатор Ахмет Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» атты мақалада: «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы» дей келе, мектептегі білім беру ісінде құзыретті маман және оқыту талаптары мен әдістеріне сай оқулықтың болуы шарт екендігін ерекше атайды [2,9]. Себебі пәнді оқытудың негізгі құралы боп саналатын оқулықтың дұрыс жасалуы – үлкен мәселе. Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Ол негізгі оқу жабдығы, бірінші құрал ретінде саналады. Оқулық – ғылыми жұмыстың ерекше түрі. Ол ғылыми идея мен тұжырымның дидактикалық тұжырыммен тоғысуынан жаралады. Белгілі пәнге негіз болған ғылыми заңдылығы мен

логикасына құрылып, дидактикалық мәселелерді ескермейінше жақсы оқулық жасалмаса керек. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш мектептеріне арналған «Әліпби» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық сияқты өзге де дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын аңғаруға болады [3]. Себебі автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін ерекше ескерген. «Жаңа құрал» еңбегінде жасалатын оқулықтың бірнеше талаптарға сай болуын көре отыра, бүгінгі оқу дағдыларымен байланысын көреміз. Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету. А.Байтұрсынұлы қазақ тілін үйрететін оқулықтардың қазіргі әдістемеге сай білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістерін жан-жақты қамтуы тиіс деген тұжырымға келеміз.

Қазіргі күні бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми жиналыстар мен кездесулерде мектеп оқушыларына қазақ тілі оқулығын жасау мәселесі әлі де күн тәртібінен түспеген. Ол мәселелердің ішінде оқулықтардың арнайы білім министрлігі бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі, бір стандартқа негізделмеуі, құрылымы мен мазмұнының сәйкессіздігі, тапсырмалардың өзге тілден дұрыс аударылмағандығы жатады. Қолданылған ақпарат көздері мен оқу ресурстарына сілтемелер берілмейді. Оқулықтарға қойылған дидактикалық, әдіснамалық және әдістемелік, психологиялық талаптардың орындалмағандығы себепті мектептегі қазақ тілі оқулықтарында бірізділік пен жүйелік жоқ деген қорытындыға келуге болады. Ал И.Лернер оқулыққа енетін элементтерді былайша айқындайды: «...жаңа оқыту жүйесін сипаттайтын әрбір оқулық 4 негізгі элементті қамтуы қажет:

-ақпараттық (вербальды немесе көрнекі құралдары арқылы ұсынылған);
-репродуктивті, яғни білім мен іс-әрекет әдістерін ұйымдастырушы;
-шығармашылық іс-әрекетке ынталандырушы;
-тәжірибені ақиқатқа әлеуметтік тұрғыдан бағытталған эмоционалдық қарым-қатынасты игеруге ықпал етуші» [5]. Зерттеу жұмысында психолингвистика мен лингводидактика ғылымдарына сүйеніп, 5 сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасын негіздеу, оқытудың тиімді әдістемелік жүйесін айқындау, оқыту ұстанымдарын, сапалы білім берудің ұтымды жолдарын ұсыну мақсаты қойылды. Салыстыру тәсілі арқылы қазақ тілі оқулықтары, ондағы тапсырмалар, жаттығулар оқушының бойында білім мен білік дағдыларын игеруге, грамматикалық ұғымдар мен ережелерді түсінуге, оқушының сөздік қорын дамытуға, лексикадан жазбаша және ауызша тапсырмаларды орындауға дағдыландыруға қызмет ету дәрежесін анықтау керек. Оқулық жасаушы мамандар оқулық мазмұны мен безендірілуі жағынан тартымды, онда берілетін оқу материалдары балалар түсінігіне ыңғайлы әрі қарапайым болу қажет деп оқулықтың бала өмірінде аса маңызды

рөл атқаратындығын атайды. Біз мынадай бірнеше талаптардың оқулық түзеудегі артықшылықтарын атап көрсетпекпіз. Оқулықта берілетін материалдардың дұрыс таңдалып, орны-орнына қою, мәтінмен жұмыс жасау, сөздік қорының, тілінің дамуына игі ықпал жасауы керек. Ал материалдарды қалай өту, түсіндіру, қызықты өткізу – мұғалімнің міндеті. Екінші кезекке оқулықты безендіру ісі шығады. Дұрыс безендірілген оқулық балалардың кітапқа деген қызығуын арттырып, түрлі медициналық-гигиеналық талаптарға жауап береді.

Бүгінгі күні мектептегі оқыту тілдерінің әртүрлі болуына байланысты қазақ тілінде және орыс тілінде оқытатын мектептер үшін қазақ тілі оқулығы арнайы әдістемені қажет етеді. Себебі екі тілде екі түрлі оқулық жазуда бөлек әдістемелік талаптар алға шығатыны мәлім. Қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін оқулық жазу XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығында жандана түсті. Нақты айтсақ, қазақ мектептері мен жекеленген ЖОО факультеттеріне арнап жазған аса көрнекті ғалымдар Н. Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Қ. Жұмалиев, С. Аманжолов еңбектері ерекше. «Оқулықтану. Өзекті мәселелер» атты еңбекте А. Құсайынов оқулық туралы келесідей пікір айтады: «Жоғары білікті оқулық – ойлылық пен эмоционалдықты, ғылым мен көркемдікті, материалды бейнелі баяндаумен ұштастыру үлгісі»[4,14]. Демек, қазақ тілін оқытуға арналған оқу кітаптары келесідей педагогикалық талаптарға жауап беруі тиіс: оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы; жоғары идеялылығы, тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі; мазмұнының бағдарлама мазмұнына сәйкес әрі түсінікті болуы; материалдарының жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы; дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалардың баяндалуы, тілдің жатық, әдеби және ықшам болуы. Сонымен бірге оқушылардың ұғымына сәйкес келуі; оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей иллюстрация мен сызулардың болуы; сыртқы пішінінің (қағаз, шрифт, мұқабасының) ретті сәндендірілуі. Негізгі оқу пәндерінің оқулықтарына қосымша, есеп жинақтары, жазбаша жаттығу кітаптары, анықтама, сөздік, оқу кітаптары, тарихи және географиялық карталар т.б. қолданылады. Осы сияқты талаптар қазақ тілі оқулықтарын жасаудағы негізгілері болып табылады.

Соңғы 10-15 жылда қазақ тілі пәні бойынша бірнеше рет оқулықтар жазылғанымен, заман қарқынына ілесе алмай жатқаны айқын көрініп келеді. Оның негізгі себебін қазақ тілі оқулығының теориялық тұрғыдан арнайы қарастырылмағандығынан деп санаймыз. Өйткені ғылыми бастау көздері анықталмаған нысанның болашақ даму өркендерінің де айқын болмайтыны анық. Сондықтан қазақ мектептерінің 5-6-сыныптарында оқылатын қазақ тілі оқулығының ғылыми және әдістемелік бастау көздерін тану арқылы жаңа сападағы оқулық жазу мүмкін болмақ. Зерттеу жұмысымыздың өзектілігі де осы мәселелерді қамтиды. Ғылыми жұмыста қазақ тіл білімінде жарияланған еңбектер мен алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәжірибелерін жинақтап, психолингвистика мен лингводидактика ғылымдарына сүйеніп, 5 сыныпта

қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасын негіздеу, оқыту ұстанымдарын, сапалы білім берудің ұтымды жолдарын, әдістерін анықтау, ғылыми тұрғыда негіздеу, тілбілімдік негіздерін жүйелеу және эксперимент арқылы тиімділігін дәлелдеу сияқты міндеттер орындалуда.

Қазақ мектептері үшін жасалған 5-сынып оқулықтарының тілді оқыту барысында алатын орны мен құрылымдық-мазмұндық сипатына тоқталсақ. Ондағы басты шешімін табуы керек мәселе деп қазақ тілі оқулықтары жасалуының теориялық және әдістемелік негіздерін жан-жақты тану арқылы жаңа модельдегі құрылымдық-жүйелік болмысын анықтау деп санаймыз. 5-сыныптың қазақ тілі оқулықтарының қазіргі жағдайына келсек, жаңа оқулықты жасауда ғалым-әдіскерлердің жинақталған әдістемелік тәжірибелері мен оқулық жасау теориясы негізге алынады. Өйткені, оқулықтану теориясы жаңа оқулықтың негізін жасауға, оқулықтың құрылымы мен мазмұнын ғылыми тұрғыдан құрастыруға дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады. Оқулықтанушы ғалымдар 5-сыныпқа жасалған қазақ тілі оқулықтарындағы жаттығу жұмыстарының мына бір кем тұстарын ерекше көрсетеді. Қазақтілді мектептің 5-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығындағы (Қосымова Г., Дәулетбекова Ж., Атамұра, 2001) «теориялық ұғымдардың тәжірибелік дағды арқылы бекітіліп, игерілуін қамтамасыз ететін жаттығулар мен тапсырмалардың қораштығын» айта келіп, зерттеуші Қ. Шаяхметұлы: «мәтінді оқы», «мәтінді мәнерлеп оқы», «мәтінді оқы, түсінгеніңді айт», «мәтінді оқыңдар», «мәтінді көшір» деген тапсырмаларды қайталай беретінін көрсетіп берді. Біздің ойымызша, кез келген он жолдан тұратын мәтінді негізге ала отырып, жаттығу жұмыстарының ондаған түрін жүргізуге болады. Мысалы, мәтіндегі оқушылар үшін жаңа сөздерді немесе кілттік ұғымдарды іріктеу, оларды қатыстырып, түрлі конструкциялар құру, сөйлемнің құрылымын өзгертіп көру, сөздерге қосымшалардың түрлерін жалғап көру, мәтінді мазмұндық талдау, мәтіндегі ойлардан туындайтын өмірлік ахуалдарды талқылау, мәтін келтірілген шығарма және оның авторы туралы сөз қозғау сияқтылар.

Оқулық – оқушының өз бетімен білім алуына арналған құрал. Ғылым негіздерінің теориялық заңдылықтары мен оларды бекітетін практикалық жолдары оқулықта қатарластырыла беріледі. Қазақ тілін оқытуда, негізінен, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы алдыңғы қатарда болатыны белгілі. Сондықтан оқулықты жаңа заманның оқулықтану теориясы негізінде жасау мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осымен байланысты, қазақ тілі оқулықтарына оқушылардың жеке басы даму ерекшеліктерін ескеруі тұрғысынан дербес талдау жүргізу қажет деп есептейміз. 5-6-сыныптарда оқылатын фонетика, лексика, фразеология, сөзжасам, морфологиядан берілетін білім мазмұнының көлемі мен сипаты бағдарламада беріледі. Қазақ тілі оқулықтарында, бағдарламада көрсетілген білім мазмұны теориялық тұрғыдан сипатталады. Оның соңында оқушы меңгеруі тиіс теориялық білім соны бекітетін практикалық жаттығулар арқылы кең арнада танытыла түседі. Қазақ тілі оқулығы оқушыға тек білім

мазмұнын хабарлап қана қоятын анықтамалық көмекші емес. Оқулық – оқушының ойлауын дамытатын, сөйлеуін қалыптастыратын ерекше құрал. Сондықтан оның оқу үдерісі көздеген нәтижеге жетуге қарай бағытталып жасалуы тиіс. Алға қойылған әрбір дидактикалық мақсат жүзеге асуы үшін, соған лайық әдіс-тәсілдер және құралдар жүйесі болуы керек. Бүгінгі күні қазақ тілі оқулықтары, соның ішінде 5-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулықтары оқушылардың біліміне, қабілетіне және даму деңгейіне сай келетін теориялық білім мен оқу материалдарын қамтуы тиіс. Оқулық материалдарына қойылатын талаптарды ескере отырып, оқу материалының ғылыми-әдістемелік негізін, оның көлемі мен мазмұнын анықтап алған жөн.

Қазақ тілінің оқулықтарын жайлап алған өрескел келеңсіздіктерді мынадай тұрпаттарға бөліп қарастыруға болады:

а) ғылыми дәйексіз ақпараттардың оқулықтардан орын алуы (екінші сөзбен айтқанда, теріс оқыту: лингвистикалық терминдер мен категориялардың мағынасының теріс түсіндірілуі, олардың дефициясының сыртқы сипаттамасына қарап шалағай құрылуы, бір ұғымды әр оқулықта әр түрлі, кереғар түсіндірулердің ұшырасуы;

ә) мәтіннің синтаксистік және морфологиялық тұрғыдан дұрыс құрылмауы: тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері толық емес, болса, өз функцияларын толық атқармайтын, аяқталған ойды білдіре алмайтын, ұзын сонар тіркестердің жиынтығынан тұратын сөйлемдер;

б) түсіндіру мәтіндері мен жаттығуларда тәрбиелік мәні жағынан теріс ақпараттар;

в) әдістемелік тұрғыдан жіберілген қателер: тіл корпусын құру ұстанымдарының ескерілмеуі; оқулықтарда келтірілген мысалдар мен жаттығулардың мәтіндерінің өмірлік практикадан алыс оқиғаларға құрылуы;

г) ақталмаған қайталаулардың шамадан тыс орын алуы.

Орта және жоғары оқу орындарында пайдаланылып жүрген қазақ тілінің оқулықтарының жағдайы осындай. Бұл ескерту оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға қатысы бар мекемелердің ұйымдастыру жұмыстарына, әсіресе авторлар ұжымын тағайындауға мұқият қарауы қажеттігін алға тартады.

